


БАЙҰЗАҚ
ҚОЖАБЕКҰЛЫ
АЛБАНИ

ТАРИХИ ТАҒЫМ





**БАЙҰЗАҚ
ҚОЖАБЕКҰЛЫ
АЛБАНИ**

**ТАРИХИ
ТАҢЫМ**

Ежелгі халықтар, тайпалар, рулар,
жер жұтқан қалалар

"АТАТЕК"



Алматы—1994

Құрастырған һәм түсініктеме жазған — Дария Байұзаққызы Қожабекова,
Қазақстан Республикасы Ұлттық
ғылым академиясының Тарих,
этнология институтының аспиранты

Редакторы — Сағатбек Медеубекұлы,
Филология ғылымының кандидаты
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАМБЫЛ УНИВЕРСИТЕТІ
КІТАПХАНА
БИБЛИОТЕКА
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЖАМБЫЛСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

Қожабекұлы Байұзақ АЛБАНИ
К 56 Тарихи таным: ежелгі халықтар, тайпалар, рулар,
жер жұтқан қалалар. Алматы: Ататек, 1994, 400 б.

"Тарихи таным" — қазақ халқының, түбі бір түрік халықтарының ежелгі заманнан бергі сан ғасырлық тарихынан деректі мәлімет беретін ғылыми мақалалар, эсселер жинағы. Авторы Байұзақ Қожабекұлы жиырма бір жыл Қазақ Совет энциклопедиясының Ғылыми-бақылау және Тарих, археология, этнография редакцияларының меңгерушісі қызметін атқара жүріп, тарихи тақырыпқа 300-ден астам мақала жазған. Кітапқа енген мақалалар негізінен энциклопедиялық басылымда, мерзімді баспасөзде жарық көріп, оқырман қауымның сарабынан өткен.

Кітаптан оқырман соны деректермен танысып, қазақ тарихынан мол мағлұмат алатыны кәміл.

ISBN 5-7667-0446-1

0503020905 — 01

К ----- 94

00(05) 94

ББК 63.3 (2 К)

ISBN-5-7667-0446-1

© "А т а т е к" баспасы-94

"Тарихи таным" — "Ататек" баспасының оқырмандарға ұсынып отырған екінші кітабы. Өткен жылы Заһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың "Бабырнама" кітабын шығарып, жұртты елең еткізді. Дүние жүзінің өзге елдерінде жекеменшік баспаға таңырқауға болмайды, ал біздің елде тәуелсіздік алуға, өзге мемлекеттік жүйеге көшуге байланысты дүниеге келген баспа, әрі өзге жекеменшік баспалардан ерекшелігі-тарихи басылыммен айналысуында.

Тағы бір ескертетін нәрсе-әдебиет, не тарихи шығарманың өзге басылымдарына сай келмейтінінде, очерк деп те, естелік деп те айта алмайсыз. Сондықтан бұл шығарманы "тарихи анықтамалық жазба" деген орынды. Мұны кітапты оқу барысында аңғарарсыздар. Елдің тарихын жазу үшін оның ауыз әдебиетін әдет-ғұрпын, халық шежіресін, жерінің географиялық жағдайын, туыстық, этностық орналасуын жете білу қажет. Біздің тарихшыларымыздың кем соғып жатқан жағдайы да осында.

Кенес заманында тарихты сиырдың бүйрегіндей бөлшектеп алдық. Дәрігер адамды қалай бөлшектеп емдесе, тарихшылар да сондай әдіспен жырымдады, бір дәуірден бірнеше салалар бөлшектелді. Байұзақ Қожабекұлы еңбегінің ерекшелігі-қазақ тарихын көне заманнан бастап белгілі тақырыптармен сыйпаттаған. Олай етпейінше қамту мүмкін емес. Византия тарихшысы К.Багрянородный: "Тарихи жазбалар балапандап, оқып үлгере алмайтындай жағдайға тап болдық. Сондықтан көне жазбаларды жүйеге келтіріп, жеке үзінділерден мазмұндама беретін болдық" деп, бұдан бір мың үш жүз жыл бұрын айтса, бүгінгі тарихшылар не демек? Деректің молдығына байланысты тарихи анықтамалық энциклопедиялар, жеке де тарихи жазбалар жариялануда. Сіздерге ұсынғылып отырылған шығарма осы тәсілге сай келеді.

Дегенмен тарихты қалай жазу мәселесінде белгілі қағида болмайды да. Біз сондай қағиданың салдарынан көп зиян шектік: феодализмді, капитализмді, ұлтты дәріптеді деген асыра сілтеу, әрі адамды құқынан айыру мақсаты- тарихымызға орны толмас кесірін тигізді. Сол кесепаттың орнын толтыруға ұмтылған шығарманың бірі — "Тарихи таным" демекпіз.

Оқырман кітаптың бетін ашқанда-ақ: "Қазақ шежіресі һәм Қазақ энциклопедиясы" деген мақаланы оқиды. Осы мақаладан бастап автормен де, энциклопедиямен де, кітаптың желісімен де таныс боласыз.

Кітаптың авторы — Байұзақ Қожабекұлы тарихқа тосыннан келіп қосылған кәлденең көк атты емес, Қазақ Совет энциклопедиясы құрылған күннен бастап (1968), оның Ғылыми-бақылау, кейіннен Тарих, археология, этнография редакцияларының меңгерушісі қызметін жиырма бір жыл атқарды. Сол жылдары осы жолды жазып отырған адам тарих ғылыми кеңесінің мүшесі болып, барлық басылымдарға тарихи мақалаларды жазу барысында кеңесші болды. Мына кітаптың желісін оқығанда сол жазулар көзіме жылы ұшырайды.

Бұл кітаптың өзге тарихи басылымдардан ерекшелігі-күллі мақалалар оқырманның сынынан өткендігі. Алғашқы тарауы — "Әлем таныған ел едік", пен үшінші тарауы-"Жаңғырық", "Тарихи оқиғалар жылнамасы" соңғы үш жылда "Ана тілі", "Қазақ әдебиеті", "Егемен Қазақстан", "Алматы ақшамы", "Жас қазақ" т. б. мерзімді басылымдарда, ал екінші-энциклопедиялық мақалалар түгелімен, алфавит бойынша "Қазақ Совет энциклопедиясының"-12 томдық әмбебап басылымында, бес томдық "Қазақ ССР-інің қысқаша энциклопедиясында" жарық көрген.

Кітаптағы энциклопедиялық мақалалар-қазақ халқының этнографиялық ұғымына, оны оқитын студенттерге, жалпы ататең білгісі келетін оқырмандарға арналса, алғашқы тараудағы: "Қазақ шежіресі", "Қазақтар", "Ұлы жүз", "Кіші жүз", "Ұйғырлар" т. б. мақалалар ұлтымыздың тарихында анықтамалық, зерттеулік мәні бар туынды. Мұнда автор көптеген тарихи кезеңдердегі жазбаларды жүйелі түрде қарастырып, одан өз тарапынан қорытынды шығарып, сілтеме жасау арқылы анықтамалық тәсілді қолданады. Яғни тарихтың көмескі жерлеріне анықтама беріп, көптеген деректерді синтездейді.

Тағы бір ерекшелігі-пайдасыз айтысқа жол бермейді, "мен білемінге" салып, тарихты бұрмалау, жалған дерек қосу, іш тартып, ұлтын дәріптеп, түйедейді түймедей етіп көрсетуден аулақ. Ал үшінші тарау — "Жаңғырық" ерекше жазба, яғни эссе, сын мақала. Автор әлем таныған елдің бүгінгі ұрпағы қандай екенін айтады. Оның астанасы, жан жарақаты, киелі кітабы, аруақты батырлары, тұран тұрпатты ұлдарының тәуелсіздік жолындағы бас көтеруін де әңгімелейді.

Бидігі төреші — оқырман қауым, сіздерсіздер.

Кеңес Нұрпейісов,
Ұлттық ғылым академиясының
корреспондент-мүшесі, тарих
ғылымының докторы, профессор.

Сталинград шайқасында
1942 жылы қаза тапқан
бауырым Рауымбай
Қожабекұлының рухына
бағыштаймын

А в т о р

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ЕЛ ЕДІК





ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ҺӘМ ҚАЗАҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

Шежіре (арабша шаджарад-бұтақ, тармақ) — халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарихи ғылымның бір тармағы. Шежіренің энциклопедиялық анықтамасы осындай.

Тәуелсіз мемлекет орнап, туымыз желбірегеннен бері екі қазақтың бірі шежірешіл болып алды. Әңгімелесе кетсеңіз шежірені қозғап: "Бәйтерек шежірені көрдіңіз бе?" деген сауалды жиі естимін. Оның себебі газет-журналдарда жарияланған бірді-екілі этнографиялық мақалаларым, Қазақ теледидары мен радиосынан "Бабырнама", "Тарихи-и Рашиди" жайындағы сұхбатқа қатысу тиек болса керек.

Салауатты оқырман қауым, сондықтан да сіздермен шежіре жайындағы құжаттарды ортаға салып, пікір алысып, әрі оны қалай ұғамыз, қайдан оқимыз, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыстау деген сауалға өз пікірімді айтып, ой бөлісуді жөн көріп отырмын.

Күні кешеге дейін ата-текті таратып, руды әңгімелеген, ол жайында ғылыми тұрғыдан зерттеген адамның соңына түсіп, ит жүгіртіп, қуғын салып келгеніміз белгілі, менің де кезінде сондай түртпекке түскен жағдайым бар. Оның себебі, 1968 жылы құрылған Қазақ Совет энциклопедиясының әрбір томына атау сөздердің тізбесі жасалып, елу мың мақала жазылатын болды. Сондағы бір сөзтізбе "Этнография" аталды да, бұған: "...қазақ халқының этникалық, этнографиялық жайларына байланысты іргелі тайпалар мен бірлестіктер, ру мен рулық бірлестіктер, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, және осы бағытта бұрын-соңды қалыптасқан ұлттық дәстүрі мен жаңалықтары туралы

тиісті дерек, мәліметтер кіретін болады"¹. Бұл "Қазақ Совет энциклопедиясының" оқырманына берген уәдесі еді. Уәде орындалды. 1972-79 жылдары он екі том энциклопедия жарық көрді. Алфавиттік тәртіппен орналастырылған мыңдаған мақала жазылды, онда қазақтың, түрік халықтарының, жалпы әлем жұрты, ру-тайпаларының, ұлт-ұлыстардың шығу тегі, жер бетіне орналасуы жайында бағалы деректер баршылық.

Оқырман осы орайда: "Әлгіндегі ит жүгіртіп қуғандар қайда қалды?" деген сауал қоюы орынды болар еді. Оған жауап: ол жылдар, Ғылым академиясына ешкім мін таға қоймайтын кезге тап келгенбіз. Кітабымыздың шекесіндегі: "Қазақ ССР Ғылым академиясы" деген айдарға байланысты, ешкім бізге күдік білдірмеді. Соңғы томдар шығарда Бас редакция Мемлекеттік баспасөз комитетінің қоластына кіріп, Партияның Орталық Комитетіне қарады да тікелей үгіт-насихат бөлімінің назарына іліктік. Көкемізді танытып, тезге түсірген сондағы бір көрініске жүгінейін.

1978 жылы "Қазақ Совет энциклопедиясының" 12-томы жарық көріп, 1979 жылы "Қазақ ССР-і" атты анықтамалық том да шықты, соған байланысты Қазақ теледидарынан бір жарым сағаттық сұхбат ұйымдастырылды (теледидардың қорында сақтаулы болуы да ықтимал), оған Қазақ ССР ҒА-сының вице-президенті, академик Ақай Нүсіпбеков, "Қазақ Совет энциклопедиясының" бас редакторы, академик Мұхамеджан Қаратаев, академиктер Смет Кеңесбаев, Темірбек Дарқанбаев, энциклопедияның жауапты хатшысы Қабдолла Әбілханов, Тарих, археология және этнография редакциясының меңгерушісі, осы мақаланың авторы да қатысты.

Сол әңгімеде бір ғалым: "Ру-тайпа туралы мақалалар академияның шежіре қорынан алып жазылды" деп, мұндай мақаланы жариялаған "к и н э м і з д і" Тарих, археология және этнография институтына аударып салды. Шынында олай емес еді. Ол институттың марқұм Бек Сүлейменов басқарған бөлімінің халықтан хат арқылы жинап жатқан шежіресі топталмаған-ды, әлі де сол қалпында болар, ғылыми түсініктер беріліп, тарихи жазбалармен салыстырылып, зерттеліп, жүйеленбеген еді. Сондықтан теледидар көрермендеріне мынадай ойымды айтқанмын:

"Қазақ энциклопедиясында жазылған мақалаларға Қазақ ССР ҒА-сының Тарих, археология және этнография институты жинастырып жатқан шежіре пайдаланылмады, себебі жалаң аталардың есімін атап, кімнен тарағанын

тізіп шығу жансақтық болар еді. Қандай да болмасын тайпаны, руды жазғанда, олар қай заманда ғұмыр кешкен, қандай мемлекетті құраған, жері, мекені қазіргі қай жер еді, олардан шыққан атакты адамдар, батырлар, ел билеуші, ойшыл адамдар, бүгінгі ұрпағы қандай халықтардың құрамында? Осындай сауалға жауап берсе ғана дүние жүзілік деңгейдегі энциклопедиялық, әрі ғылыми зерттеудің талабын орындай аламыз. Мұндай деректі шежіре түрік тайпалары жайында жазылған ба? Әрине бар! Қазақ Совет энциклопедиясы Қазақ ССР ҒА-сының Тарих, археология және этнография институтының жаңадан жинап бастаған рулық шежіресін пайдаланған жоқ, бірақ институт ғалымдары кітаби шежірелерді пайдаланып қана деректерден мағлұмат беріп мақала жазды. Мұндай мақалаларға біздің жыл санауымыздан бұрынғы қытай шығармаларын, тарихи жазбаларды, Махмұд Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түркиін", Рашид ад-диннің "Жылнамалар жинағын", Қадырғали Қосынулы Жалайырдидың "Жами ат-тауарихын", Заһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың "Бабырнамасын", Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Тарих-и Рашидиін", Н.Аристовтың "Живая старина" журналында өткен ғасырда жазылған түрік халықтарының шежіресі, халық санағының мәліметі, сонымен қатар "Тарих энциклопедиясының" 16 томдық орыс тіліндегі басылымы, "Үлкен Совет энциклопедиясы" да пайдаланылды.

Теледидардағы осы әңгімелер әлде біреулердің, әрине "көсемдердің" шымбайына тиді ме, әйтеуір, жерден жеті қоян тапқандай, сүйікті партиясының саясатына қайшы келетін теріс көзқарасты "байқап" қалған Қазақстан КП Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімі бар білімін, іскерлігін, қырағылығын танытып, ғалымдарға рецензия жазғызып, "Қазақ Совет энциклопедиясының" қызметкерлері қазақ хандарын марапаттап, ру-тайпаларын, феодалдық дәуірді дәріптеп отыр деп "дүрліктірді". Қазақтың хандары мен ежелгі тайпалары "Советская историческая энциклопедия", "Большая Советская энциклопедия" басылымдарында жарияланып отырылғаны, біраз деректерді содан алғанымыз да ескерілмеді.

Осының салдарынан қазақ энциклопедистерінің көп жылғы азапты да қажырлы еңбегі бағаланбай, көзге ілінбей қалды. Барлық Одақтас Республика энциклопедистері лауреат аталғанда, еңбектері лайықты бағаланып жатқанда, тұнғыш энциклопедия шығарып жатқан қазақ энциклопедистері мұндай құрметке ие бола алмады. Ол былай тұрсын, жасы жетпіске таянған бас редакторымыз

¹ "Қазақ Совет энциклопедиясы" 1 т., 1972, 6-б.

Мұхамеджан Қаратаев орнынан алынып, оның жіберген "ұлтшылық" дәріптеулерін жою мақсатымен бас редактор тағайындалып, ол аса сақтық танытып, сол кезде шығаруға әзірлік жүргізіліп жатқан бес томдық басылымның бірінші томына тарихқа, ру мен тайпаларға қатысты қытай, араб, персы тарихшыларының зерттеу шығармалары, жазбалары жөнінде бірде бір мақала жазылмай, топтама мақала берілді. Сонымен этнографиялық мақалалардың құйрық-жалы күзеліп, кемелденген социализм, оның басшылары туралы мақалалар тоғытылды.

Бұған қарап халықтың тарихын зерттеу тоқтап қалды деген ұғым тумаса керек. Энциклопедиялық басылымда, мектеп оқулықтарында жалпы көпшілікке арналған әдебиет жарияланбағанмен, ғылыми басылым, ғылыми зерттеу тоқталып қалды деу-ағаттық, білместік. Халықтың шығу тегін, алмасуын, оның ғасырлар белесіндегі аумалы-төкпелі тарихын зерттеу тоқтаған емес. Әлемдегі 133 миллионнан астам түрік халқының шығу тегі үздіксіз зерттеліп, Америкадағы, Батыс Европадағы, әсіресе Түркиядағы, Шығыстағы ғалымдар бұл салада зерттеу жұмысын жүргізе берді. Мәскеудің, Ленинградтың, түрік танушыларының еңбектері соның айғағы болса керек.

Олай болса шежірені- аталарды тарату деп тар ұғымда ғана түсінуге болмайды. Ғылыми негізде олардың шығу, таралу тегі, тілі, өсіп-өнуі, жер бетіне таралуы, орналасуы, тірлігі, әдет-ғұрпы зерттеледі. Бұл тараптан оқырман қауым: "Оның бәрін қамтып жазылған басылым бар ма екен?" деп сауал қоюы ықтимал. Мұндай басылым бар, оның атауы — "Советская тюркология", ТМД мен Әзербайжан Ғылым академиялары бірігіп, 1970 жылдан бері Баку қаласында жылына алты санын шығарады, орыс тілінде. Кейбір мақалалар әңгіме болып отырған түрік халқының тілінде де басылады. Журналдың атауына қарағанда түрік ғылымын зерттеуге арналғанымен, мұнда тек тіл ғылымына ғана байланысты зерттеулер жарияланады, мысал, ретінде 1990 жылғы төртінші санының мазмұнынан бірер мақаланың атауын тізіп шығайық: К.М.Сейітова (Москва), "Гуманистические традиции культуры Востока и Запада в творчестве Мукағали Макаатаева"; Г.Джаппаров (Баку) "Русь и тюркский мир в "Искендернаме" Низами; В.Терентьев (Москва), "Древнейшие тюркские заимствования в языках Европы"... А.Ибатов, С.Құдасов (Алматы) А.Гарховец, "Кипчакские языки: куманский и армяно-кипчакский" (А., 1987).

Тақырыптарына, авторларына қарап қана қазақ жұртына байланысты қаншама зерттеулер басылғанын, түптей келгенде, журнал түрік тілінің зерттеулерін жариялайтын басылым екенін айтпақпыз. Бірақ бір өкінішті жағы, басылым екінің бірінің қолына тие бермейді, шек қойылғандықтан емес, насихаттау жетіспей жатады, жалпы оқырмандарға арналмағанмен, мектеп пен жоғарғы оқу орындарының ұстаздары, барлық кітапханалар жаздырып алса, түрік тілін зерттеуді былай қойғанда, ұлы ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың дүние жүзілік деңгейге қалай көтеріліп отырғанын білер едік-ау.

Бұл ойымыздың түйіні: еліміздің тарихы, шежіреміз жазылмайды емес, жазылып, зерттеліп жатыр, бірақ насихат нашар, көпшілікке арналған әдебиеттер, әсіресе мектеп оқу құралдары жүйелі жаздырып алынбайды пайдаланылмайды.

Шежіренің негізгі мақсаты — лек-легімен дүниеге келіп жатқан ұрпақтарымыздың: "біз кіміз, қайдан келдік, ата-тегіміз кім, олар қандай жерді мекендеген, қандай ел болған? Қандай мемлекет құрған, немесе қандай мемлекеттің құрамында болған? Бабаларымыз адамзаттың тірлігіне қандай үлес қосқан, дүние жүзіне мәшһүр ғалым, жауынгер-жаһангер, жаһанкез бабаларымыз болды ма? Шежіре осындай сауалға жауап берсе керек. Бұл сауалдарға жауап қайтарар кітап қазақта бар ма? Біз бар дедік. Оның атауы—"Қазақ Совет энциклопедиясының" оң екі томдық әмбебап басылымы және қосымша үш томдығы.

Жоғарыда аталған қазақ шежіресінің мәніне бару үшін ең алдымен "Қазақ Совет энциклопедиясының" анықтамалық томындағы "Тарих" атты тарауында жер бетінде тіршілік пайда болып, адам қолына тас қару ұстап, күнкөре бастағаннан бергі эволюциялық өсу жолын нақты археологиялық һәм жазба деректермен әдемілеп баяндап отырады.

Осы анықтамалық томның орысша басылымының "Тарих" тарауын оқып шыққан "Большая Советская энциклопедияның" Ғылыми-бақылау редакциясының меңгерушісі, әрі бас редакторының орынбасары Г.Гершберг: "Апырмы-ай, бір елде тұрып осындай көне, дарынды халық барына мән бере білмеген екенбіз-ау... Кеңес одағындағы біздің еврей байқұстар мұндай жинақталған дүние шығара алмады ғой," — деген еді.

— Өткен ғасырдағы 16 томдық Еврей энциклопедиясын

¹ КСЭ, Қазақ ССР, энциклопедиялық алықтама, тарих, А., 1980, 141-161 б.

¹ "Советская тюркология", б., 1990 №4.

қайда қоясыз, онда бір еврейдің отбасы бар жер де көрсетілген еді ғой.

— Ол өткен ғасыр ғой, мен бүгінгіні, болашағын айтып отырмын, — деп мұндайған-ды.

"Большая Советская энциклопедияның" елу томдық, отыз томдық басылымына Ғылыми-бақылау жүргізген, редакциялаған энциклопедист осындай баға берген шежіре кітап — "Қазақ Совет энциклопедиясы" оқырман қауымына түгел жетті ме? Әр отбасында бұл кітап бар ма? Әрине жоқ! Мұның тиражы қырық-ақ мың болатын. Бүгінде он миллион 250 мың халқы бар елге қырық мың дана шықты деген аты ғана емес пе! Бұған кім кінәлі? Мен бұған: Өзіміз кінәліміз, ояна қоймадық, оянсақ та, ойлана қоймадық. Ораз ақын Асқар айтқандай:

Ойлан, қазақ! Ойлан, ойлан, көп ойлан,
Кенбайтақ жерді келді деме оңайдан...
Ойлан, қазақ! Ойлан, ойлан, көп ойлан,
Ойсыз қалай бола қойсын қолайлы ән.
Ана тілін білмейтін ұл, қызың көп,
Немерең кім болып туар соны ойлан.

"Кенбайтақ жерді" біздің халыққа ғайыптан біреу бере қоймаған, ежелден жер үшін, тірлік үшін қан төгіскен, шабысқан, атысқан. Шежіре дегеніміз осы! Жердің шежіресі — елдің шежіресі. Енді ойланңыз, жұртым, ойланатын күн туды. Ана тілін білмейтін ұл, қызың көп болса, келер ғасырда үрім-бұтағың тамырын үзбей ме! Олардың тамыры тіл арқылы мыңдаған жылдан бері үзілмей келеді. Шежіре деген осы болса керек. Тілсіз — ел, елсіз — тіл болмақ еместігі барша жұртқа аян болғанымен жете мән бермейміз.

Сонымен тіл мен ел-егіз десек, түрік тілі қашаннан пайда болды, одан бұрынғы ел атауы, немесе тайпа атауы қандай еді? деген шежірелі сауал туындайды. Бұған жауапты ғылымдар анықтамасы болып табылатын Қазақ энциклопедиясынан табамыз дедік емес пе, олай болса тарихи очеркті оқығаннан кейін ондаған ру-тайпаларды қандай авторлар жазды, мұны шежірелік қандай дерекнамаға жазғанын әңгімелейік.

Қар кетісімен қаулап гүлдейтін бәйшешек сияқты соңғы жылдары газет пен журналдарымыз ел тарихын, оның көне жазбаларын, кейбір ру-тайпа шежіресін жариялай бастады. Мұның ішінде "Ана тілі", "Шалқар" газетін ерекше атауға болады. "Ана тілінде" Мұхаметжан Тынышбаевтың 1925 жылы Ташкентте басылған "Материалы к истории киргиз-казахского народа" атты кітабы ықшамдап

аударылды да, әрбір тайпа шежіресі таратылғанда: "Қазақ Совет энциклопедиясында былай делінген" деп қосымша дерек те беріп отырады.

Ал "Шалқарда" Шыңжан өлкесінде жарияланған тарихи басылымның "Қазақтың ежелгі тарихы" тарауын жариялады. Мұндағы ежелгі заманнан күні бүгінге дейінгі тайпалар туралы деректер негізінен "Қазақ Совет энциклопедиясының" он екі томдық басылымынан алынып, кейде ҚСЭ-ға нұсқалып, кейде нұсқалмай әңгімеленді. Басылым тарихи-ғылыми дерекке сүйеніп жазылғаннан кейін, ол зерттеулерді кім жазғандығын, авторы кім екендігін көрсетіп отырса нанымды әрі ғылыми болмақ. Бірақ "Қазақ Совет энциклопедиясының" он екі томдық басылымында мақала соңына автордың аты-жөні жазылмаған, кейбір көлемді, келелі деген мақаланың ғана авторы кітаптың соңғы беттерінде көрсетілген. Оны біреу көріп, біреу аңғармауы мүмкін. Сондықтан ол мақалалардың егесі кімдер екенін айта кеткен жөн болар. Орта жүз құрамындағы ру-тайпаларды негізінен Ә.Марғұлан мен Х.Арғынбаев; Ұлы жүз бен Кіші жүздің (сегізінші томнан бастап) Б.Қожабеков (осы мақаланың авторы); ежелгі түркі тайпаларын, тарихи шығармалар туралы мақалаларды Б.Көмеков, Н.Менғұлов, Ю.Зуев, Б.Қожабеков т.б. жазған. Бұл мақалалардың авторлары ежелгі тайпалар мен рулардың аталарын ғана таратып қоймай, энциклопедиялық-анықтамалық жүйемен жазып, оған байланысты деректерді қандай басылымнан оқуға болатынына да жауап беріп, мүмкін болғанынша әдебиетті де көрсеткен.

Оқырман қауым, дерекнама, әдебиет дегеннен кейін соның қайнар көзі қандай басылымдарда жатқанын айта кеткеніміз де жөн болар. Орта Азияны (Тұран, Мауараннахар) Түркістан, Жетісуды, бүгінгі Қазақстан жерін біздің жыл санауымыздан мың жыл бұрын мекендеген халық сақтар-оның тайпалық одақтары: Тиграһауда сақтар, Массарет сақтар, Хаомоварға сақтар (хаомо-нашақорлар, Б.К.) еді. Тиграһауда сақтар (ұзын бөріктер) Жетісуды; Масагеттерді Европа жағынан қараған ежелгі грек тарихшылары мен саяхатшылары: парадариялар-өзеннің арғы бетіндегілер, ал Геродот, Страбон бұларды найзагерлер деп атаған — Оңтүстік Аралдан Жетісуға дейін; Хаомоварлар — бүгінгі Өзбекстан мен Түркістан жерін, Мурғаб өзенінің бойын жайлаған.

Бұл тайпалар туралы деректер б.з.б. Греция мен Бабыл, кейін армян тарихшыларының жазбаларында сақталған, еліміздегі барлық тарихи шығармалар мен энциклопедия беттерінен орын алған. Сол деректерде сақтардан тараған

тайпалық одақтар: Алан, Токар, Әби, Ауғаси, Әсия, Йатия, Сақарабак, Үйсін, Қаңлы, Дай (Адайлардың арғы тегі) аталса, біз қалайша тек шежірені орта ғасырдағы аталарымыздан бастаймыз. Оның үстіне бұл тайпалардың мәдениетінің жұрнағын археологтарымыз қазбалардан тауып, күні бүгінге дейін ұқсастық бар екенін, ал антропологтар сақтардың бейіттерінен олардың бейнесін жасады. Мұнда былай деп жазылған: Сақбасы. Б.з.б.7-5 ғ. Кеген ауданынан табылған; Қалпына келтірген Г.В.Лебединская; Үйсін басы. Б.з.б.-1. Талдыкорған обл. қалпына келтірген И.Ж.Шаяхметов.

Мұны былай қойғанда, түрік халықтарында сақ аталарымыздың есіміне байланысты: сақа, сақшы, сақпан, сақа адам, сақтан, т.б. атаулар, Қара теңіздің Сасық көлінің қасындағы Сақ қаласы да бекер аталмаса керек.

Жазба, әрі археологиялық деректерге қарағанда б.з.б. 8-7 ғасырларда Орталық Азияны мекендеген тайпалар көне Ассириямен, Мидиямен байланыс жасап, б.з.б. 6-ғасырда парсының Ахаменид мемлекетін құрды. Геродоттың естуі бойынша, парсының Кир патшасы масагеттерден жеңіліп, масагеттің әйел патшасы Т о м и р и с мекке қан құйып, соған Кир патшаның басын салғызып: "Сен қанға құнықтың ғой, жұт сол қанды!" деп жазған. Сол Кирдің арғы бабасы Иштар патша мазарының маңдайшасына мынадай өсиет жазып қоюды тапсырған: "Менен кейін билік құрған патша ақшадан тартыса табытты ашып, дүниені қажетінше алсын, ал өзгедей ойменен табытты ашқан адамның жолы болмайды". Бұл табытты Кир патша да, оның мұрагері Камбиз де ашпапты, бірақ бұлардан дүние байлығы мол Дарий патша шыдамы жетпей табытты ашқызса, ішінде дүние болмай шығыпты, бірақ мынадай жазу бар екен: "Сен дүниеге көзін тоймаған доңыз, азғын болмасаң, табытты ашқызып, аруақты мазаламас едің".

Бұл аңызды келтіріп отырғанымыз, Ақсақ темір де бабаларының әңгімесін екі мың жылдан кейін қайталап: "Мен о дүниеге ештеңе алып кетпедім, кейінгі жұрт құлпытасымды бұзбасын, бір қолымды қабірден шығарып қойындар" деп өсиет қалдырып кеткен емес пе?

Бұдан кейін мемлекет құрған арғы тегіміз: Үйсін, Қаңлы, Хұнн болды. Тарих бетіне үңілсеңіз, Қытай жазбаларын оқысаңыз². Бұл халықтардың саны 2-3 миллионға жетіп, 15 миллион халқы бар (б.з.б.2-1

ғасырда) Қытай мемлекетіне тыныштық бермеген. Бұлардан қорғанған қытайлықтар бес ғасыр бойы Ұлы қытай қорғанын тұрғызған. Ол да бөгет болмай түрік халықтары Солтүстік Қытайда он алты мемлекет құрған.

Бұл да-біздің бабаларымыздың тарихи шежіресі, өйткені күні бүгінге дейін Үйсін, Қаңлының тұқымдары сол замандағы өңірде-Жетісуда, Түркістанда ғұмыр кешіп, бұдан 2200 жыл бұрын тайпалық мемлекеттік бірлестік құрған мекендерінде отыр. Олардың тұқымдары әлі күнгі дейін өздерін Үйсінбіз, Қаңлымыз дейді. Олай болса, бұлар тайпа, ру дәрежесінде емес-халықтар. Егер шежіре таратушылар бұл халықтарды тайпалық атаумен таратса білместік болары даусыз. Сондай-ақ дәл осылайша халық атауына ие болған тайпалар-түріктер, кимақтар, оғыздар мен түрікмендер, қыпшақтар, аландар мен балқарлар, құмық пен қарашайлар, татар мен ноғайлар, қарайымдар, ұйғырларды да атар едік.

Әлбетте, түп атасы Сақтан, Ділдінен, оның тармақтары Үйсін, Қаңлы, Хұнн, Түріктен тараған бүгінгі қазақ атаулы халықтың ұрпағы шежіресін содан таратқаны абзал. Өйткені бар қолжазбаларда, дерекнамада, археологиялық, әрі антропологиялық зерттеулер де осыған саяды. Бүгінгі әдебиетші, тарихшы, зерттеуші озық ойлы азаматтарымыз ныспысына, атасының ныспысына — "тегін" сөзін жалғауы бекер емес. 5-6 ғасырларда Бұмын қаған мен Естемі (Естемес, Иштеми, Б.К.) қағандар Шығыс пен Батыс түрік қағандығын құрған кезден бастап, Тынық Мұхиттан Днепрге дейін мекен тепкен оғыздар, қыпшақтар, кимақтар, т.б. арғы аталарымыз түріктен таралды да, мемлекет құруына байланысты-оғыздар елі, қыпшақ елі, кимақ елі аталды. Мұның бір айғағы-Орхан-Енесей-Талас жазулары. Мұнда ер Күлтегін, Білгі қаған, Тоныкөк сияқты дана батырлар, Иоллық тегін сияқты жыраулар мақтан етіледі. Ата-бабаларымыздың түрік тілінде алғашқы жазылған шежіресі деп осыны айтсақ, "Ана тілі" газетінде қой жылы, наурыз айының 21-і жарияланған бәйтерек бейнесіндегі (орысша ^{ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ} "Төр шежіре" кестесінде жоғарыда әңгімеленген түп аталар да ^{БАЙТЕРЕК БЕЙНЕСІ} өрбітілсе керек еді. Белгілі көне жазбалар зерттеушісі, ^{С.А.СЕМЕНОВ} әдебиетші, ғалым Мырзатай Жолдасбековтың "Асыл арна- ^{АСТАНА} лар" еңбегінде: Күлтегін жазбасынан төмендегідей шежіре дерегі келтіріледі: "Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бұмын қаған, Істемі қаған ^{АСТАНА} отырған. Отырып түрк халқының ел-жұртын қалып- ^{ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ}

¹ КСЭ, Байырғы сақ, ғұн, үйсін өнері, 2 т., А., 1973, 98 б.

² Би ч у р и н Н. Я., Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена, т.1-3, М.-Л., 1950.

тастырған иелік еткен... Жеті жүз ер болып, әлсіреген, қансыраған халықты, күнденген, құлданған халықты, түрік иелігінен айырылған халықты, ата-баба иелігіне қайта орнатты...

Түрік атамыздың қара шаңырағында мекен құрып отырған Монғолстаннан Бақтыбек Бәйішұлы былай деп жазады:

"Болмасын деп байлығы басқаға азық,
Кеткен бабам тарихын тасқа жазып,
Бес-ақ ғасыр жасаған қазекем деп,
Қоймақ біреу өзінше маскаралап.
Хасағ, мейлі қайсақ де, хасағ, қазақ,
Не десең де қан-жаным асыл қазақ.
Кобда, Жайық, Сыр, Тобыл саласында,
диалектісіз сөйлесуім тіпті ғажап".

Шет жайлап жүрген азамат ұлтымыз қазақты осылай дәріптейді. Шежіре жүйесіне желі тарта отырсаңыз — "Қазақ Қасоғ, Қайсақ" атауы Византия тарихшыларының жазбасында-Қасоғ, (К.Вагрянородный) жетінші ғасырда ғана кездеседі. Одан кейін халық Кавказды ұзақ аралап, ақыры бүгінгі Әзербайжандағы Қазақ қаласы мен Орыс ұлысындағы қазақ қауымы, Жетісуда 15-ғасырда орнаған Қазақ хандығына ауысқандығы тарихтан белгілі. Тарихи жазбаларда одан көне бұл мәселеге қатысты өзге дерек қазірге ұшырасқан емес. Сондықтан шежірені қазақ шежіресі емес — түрік шежіресі деп жинаса орынды бола ма? Бұл істе ғалымдардың төрелігіне жүгінейік.

Қилы-қилы тарихи кезеңдерде ел бастаған кемеңгер де көсем адамдар бытырап жатқан түрік халықтарының басын қосып, ел жасап отырған. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы мұндай жұрттар *Үйсін елі, Қаңлы елі, Дулат елі* (Дулу), болса, б.з. 6-ғасырынан *Түрік елі, Түргеш елі, Қарлұқ елі, Қимақ елі, Қыпшақ елі, Оғыз елі*, содан кейін барып *Алтын Орда* ыдырағаннан кейін ұлыстарға бөлініп: *Ноғай ұлысы, Өзбек ұлысы, Татар хандығы, Қазақ хандығы, Маңғыт ұлысы* деп аталды. Тіпті 19-ғасырдағы кейбір орыс зерттеушілері-орыс та ұлыс, қытайлар "Р" әрпін айта алмағандықтан "Р"-дың орнына "У" атап кеткен деген жаңсақ жорамал да жасады. Шежіре дегеніміз осы емес пе?!

Бүгінгі қазақ құрамында да, 92 баулы өзбек құрамында да жоғарыда айтылған елдің бәрі бар. Сондықтан да қырық ру елдің басын қосып, туыстандырып, тумаластырып

отырған ел басшыларын дәріптеген. Соның бір айғағы Қаздауысты Қазыбектің Төле бие берген бағасы:

"Шыққан күндей бұлыттан,
Баршамызды жылытқан.
Ел десе өзін ұмытқан,
Қадірлі кім бар Төледен.
Жүгінді алған иықтан,
Жол тапқан тұман тұйықтан,
Қадірлі кім бар Төледен?
Жау келсе қашып саспаған,
Сауға сұрап қайтпаған,
Үш жүздің қолын бастаған,
Қадірлі кім бар Төледен?"

Сіздерге айтқан әңгімеміздің түйіні-қазір қоғамымыздағы өзгерістерге, қоғам жүйесіне көзқарастың демократиялық, еркіндік бағыт алуына байланысты көпшілік жұрт тегінің кім екенін білгісі келіп әртүрлі жолмен жарық көріп жатқан шежірелерге, тарихи деректерге ден қоя бастады. Жеті атасын ұмыта бастаған қала тұрғындары аталас туыстарын да білмейді, әуелі өзге ұлтпен араласқандар ұлтын да өзгертіп, туыстығын өзгерте бастаған жағдайын өз көзімізбен көріп жүрміз. Сондықтан тайпа, ру, ата деген ұғымдарға аздап ой жүгіртіп, шежіре білу-рушылдық емес, генетикаға да қатысты екенін ескерген жөн болар.

Шежіре әуелі атадан, яғни әкеміздің әкесінен бастап таратылады. Жеті атаға толған соң боз бие шалып, қолдарын қанға малып, рулас болып жүрсейік, жат болып кетпейік деп, таңба бөлісіп, ұранын алысып (ұран-рулық, тайпалық, елдік, ұлыстық, ұлттық болған), ауылының қонысы белгіленіп, қыз алыса бастаған. Ендігі туыстық жегжат-жұраттыққа ауысады. Жерлестігін айтқанда бір тайпа, немесе рулар бірлестігі деп аталады. Мысалы, менің атам-Қожабектен әрі қарай Молдабай-Назарбай-Тасболлат-Құл-Бердікей-Әзет-Сақау. Бұл Сақау інісі Керекұлмен 1928 жылдан бастап қыз алысады. Одан Сақау-Молболдың баласы, ол Қызылбөріктен тарайды. Қызылбөрік (Бөде)-рулар бірлестігі, оның құрамында бірімен бірі қыз алысып Жолболдыдан тараған Сақау мен Керекұл, Молболдыдан тараған: Байназар, Құланаян, Маржа, Шағаман, Сапы, Қонақбай, Алтай, Сүгір, Қожамжар, Мәуке, Бердіқожа, Құдакелді аталары ру дәрежесіне жетіп, кейбіреуі қыз алысқан. Бұл рулар Молболды аталған рулар атасынан тікелей өрбімей, туажаттарынан барып рулар қалыптасады, мәселен: Молболдыда-Есен-Еламан-Найман-

Жолдасбеков М. А., 1986, 43-67 б.

бай-Әжібай. Осы Әжібайдың алты баласынан тараған аталардың ұраны Әжібай болғанымен, бұлардан Бердіқожа, Жалбы, Мәуке ру аталады. Молболдыдан тараған рулардың Албан ішіндегі ұраны — Әжібай, Жолболдыдан тараған рулардың ұраны — Түлкібай. Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Құртқа, Мамай бірге туады, олардың атасы — Шыбыл (ежелгі жазба әдебиеттегі атауы-чигіл). Оның ағасы Сары екеуі Албанның ұлдары. Албан — ежелгі тайпа, Үйсіннің Бәйдібек тармағынан тарайтын Дулат, Суан, Шапырашты, Ошақты, Ысты тайпаларының ағасы болып есептеледі. Елдік ұраны — Бақтияр, тайпалық ұраны — Бәйдібек, Райымбек, рулық ұрандары — Әжібай, Түлкібай.

Қазақ құрамындағы: Қоңырат, Қаңлы, Дулат, Суан, Сіргелі, Шапырашты, Шанышқылы, Найман, Керей, Арғын, Беріш, Шекті, Алшын, Жаппас, Адай сияқты ежелгі халықтардың шежіресін осылайша таратып, оның ел адамы болған асыл ұлдарында атай отыруға болады емес пе! Ойлап қараңыздаршы, бұл халықтарды қалайша ру, тайпа деп атайсыз? Бұлардың көпшілігі біздің жыл санауымыздан бұрынғы заманнан бастап елдік бірлестікті, мемлекет құрған немесе басқа мемлекеттердің құрамында болған. Мәселен, Үйсін тармағы (Тарақ таңбалы Жалайыр Абақ таңбалы Албан, Суан, Дулат, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Сіргелі, Қатаған); Қаңлы тармағы (Қарақанды, Сарықаңлы, Аққаңлы, Қызылқаңлы, Миямқаңлы) біздің жыл санауымыздың 3-ғасырынан бұрын мемлекеттік бірлестікті құрса қалай ру-тайпа деп атаймыз, оларды-тайпа бірлестіктері, халық, ел, жұрт деп атаған жөн.

Осы ретте айтар бір жағдай — қазақта лақап есімдер жиі ұшырасады. Мысалы, Орта жүздегі-Қаракесек, Қызай; Ұлы жүздегі-Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Сақау, Керекұл, Көтен; Кіші жүздегі-Төртқара т.б. Осы соңғы лақап есімге тоқталып өтелік. Әлімнің алты ұлының бірі Қарамашықтан төрт ұл: Ораз, Оразкелді, Жаншүкір, Қараш. Бұл төртеуі Т ө р т қ а р а аталады. Төртқара — тайпа ел. Ораздан тараған үш ұлды (Олжай, Сапай, Құлтаба) — Т ә л - т е к е м, Үш Тәлкем; Жантекеден тараған төрт ұл (Өтеп, Келекей, Қазыбек, Қылибоқшак) — Боқшак, Төртбоқшак аталады. Төртқараның бірі — Оразкелдіден-Ақпан, Тоқпан. Ал осы Тоқпаннан атақты Сейтқұл би, одан Жалаңтас батыр. Сейтқұлдың сегіз ұлы — Сегіз жүйе Сейтқұл аталады. Әйтеке би-Сейтқұлдың шөбересі, Бәймен би-шөпшегі. Бұқар хандығына қараған көшпелі төрт мың түтіннің бегі-Сейтқұл болған.

Жоғарыда бұл тайпа елдердің шежіре-тарихы жазылған

қытай жылнамаларын, түріктің тас жазуларын мысалға келтірдік. Ал біздің жыл санауымыздың жетінші ғасырынан бастап Византия мен Армения тарихшыларымен қатар араб-парсы саяхатшыларының, жиһанкездерінің естелік жазбалары біздің тілімізге аударылған жоқ. Бұл мол қазынаны Европаның түрік ғылымын зерттеушілері (Бартольд, Крачковский, Вампери т.б.) үзіп-жұлқып үзінділер алғаны болмаса түгелдей тарихи нұсқасы түрік тіліне тәржімеленбей отырған мүшкіл хәлдеміз. Араб, қытай, парсы тілін білу ұлтшылдыққа соқтырып отырған 60-70 жылдардың ішінде ол жайында әңгіме етуге де мүмкіндік болмады, әсіресе, араб тілін білген ғалымдарымыздан айырылып та қалғанбыз. Оны былай қойғанда, орта ғасырда араб тілінде шығарма жазып, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз аталған Әбунасыр әл-Фараби, Европа жұртшылығы басын иіп Авицена атап, дәрігерлік, емдік ғылымын жоғары оқу орындарында бес жүз жыл оқытқан Әбуәли ибн-Сина, теңдесі жоқ атақты ғалымдар-Әл-Хорезми, Әл-Бирунилердің еңбектері қазақ қауымына әлі күнге дейін толық аударылып жетпей отыр емес пе! Біздің шежірелеріміздің бір бұтағы сонда жатыр.

Он бірінші ғасырда жасаған теңдесі жоқ ғалым, Алатаудың Саты-Сапы асуының етегіндегі Барсыған қаласында өзі де, әкесі де дүниеге келіп, кейін Қашқарға қоныс аударып, сонда ғұмыр кешкен Махмұд Қашқаридың түрік халқының лұғаты (Лұғат ат-түрки) Ташкентте өзбек тілінде, Шыңжаңда ұйғыр тілінде жарық көрді, біздің баспасөзімізде үзінділер жарияланды. Мұнда жеке атау сөзге түсінік берумен қатар жер-су, халықтар мен тайпалар, рулар туралы, олардың тірлік еткен аймағы жөнінде, қай халықтың құрамында ғұмыр кешкені хақында жазылған заманындағы теңдесі жоқ шығарма. Шығарманың бетінен бір ғана мысал келтірейік: "Чигіл — (Бұл атау "Қазақ Совет энциклопедиясында" ж і к і л, ч і г і л, м о ғ о л ұ ғ ы м ы н д а ж а з ы л ғ а н. Б.К.) түркілердің үш тайпасының атауы. Б і р і н ш і с і — Барсығанның төменгі жағындағы Құяс қаласында тұратын көшпенділер; Е к і н ш і с і — Тараз-Талас шаһарының жанындағы бір қалашықты мекендейтіндер де чигіл деп аталады; Ү ш і н ш і с і — Қашқардағы біраз қыстақтарда тұратын түрік тайпалары да чигіл деп аталады... Құяста жасайтын бір түрік тайпасы Тоҳси чигіл".

Махмұд Қашқаридің үш Чигіл тайпасының ізіне түсіп көрейік, бұлардан қандай ұрпақтар тарады, қазақ

¹Туркий сузлар девони, т. 1-3, Тош., 1960-63.

құрамына енген елдердің қайсысына жатады? Қазақ шежіресіне жүгінсек, бұл чігілдер сол он бірінші ғасырдағыдай бүгінде сол өңірді мекендейді. Бірінші чігіл-Барысханның төменгі жағындағы Құяс қаласын, археологиялық атаулардан, жазбалардан белгілі болып отырған бүгінгі Алматы облысының Кеген ауданындағы Шелек өзенінің басы-Таушелекті Махмұд Қашқари лұғатындағы Сапы-Саты асуын (әрі Сапы деген рудың жұрағаттары күні бүгінге дейін сол жерде) мекендейтін. Албанның Шыбыл тармағы-Қызылбөріктер. Ол жердегі қала орнынан табылған шанақ құмыралар Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Археология институтының музейіне қойылған, картасына белгіленген¹. Ал төменгі жағындағы Құяс белгісіз. Егер Шелек өзенінің төменгі ағысында болса қазіргі Шелек ауданының орталығы Шелек кешенінің терістік-шығыс жағындағы аты белгісіз қираған қаланың орны болуы мүмкін. Чігіл тайпасының атауына келсек, Чыбыл-Шыбыл сол жерді мекендеп отырған Албан елінің бір тармағы. Жергілікті халық ауызекі сөзде, әлі күнге дейін "Ш"-ны "Ч" деп сөйлейді. Албан шежіресі бойынша Албаннан: Сары, Шыбыл деген екі тармақ таратылады. (Сары деген атадан тарайтын ұрпақтардың келіндері, атасы Сарыны-Шикіл деп тергейді).

Екіншісі — Тараз-Талас шаһарының жанындағы бір қалашықты мекендейтіндер де өздерін — Чігіл десе, әлі күнге дейін Шапырашты елінің бір тармағы Шыбыл аталады. Үшіншісі — Шыбыл -Жалайыр, Албан, Шапырашты елінің ежелгі тармағы да чигил, жете аталады. Жетісуды мекендеп, Моғолстан мемлекетін құрған Чете, Жете, Моғол-бір ұғым, Жалайырдың, Албанның, Шапыраштының-Чігіл-Шыбыл тармағы.

Ұлы жүз тайпаларының шежіресін зерттеген Шоқан Уәлиханов, 15-16-ғасырдың аралығында жасап, Моғолстанда, Қашқардағы Моғол мемлекетінде және Үндістанның Кашмир уәлаятында билік жүргізген қазақтың тұңғыш тарихшысы саналатын, "Тарих-и Рашиди" шығармасының авторы Мұхаммед Хайдар Дулати осы айтылған аймақты, Қашқарды, Жетісуды Чігіл, Жігі, Моғол атаулы ел мекендейтінін, бұлар осы аймақтың байырғы тұрғындары (аборигені) екенін жазып қалдырған.

Махмұд Қашқари лұғатындағы түрік пен оғыз елінің жігін білдіретін дерегінен бір мысал келтірейік: "Туркән-Түрікмен. Бұлар оғыздар. Олардың түрікмен деп аталуы

жайында мынадай аңыз бар: Зұлқарнайын Самарқандтан өтіп, түрік шаһарларына жол тартқан уақытта, олардың Шу есімді жас ханы бар екен. (Осы жерді ежелден мекендеп отырған Жалайыр елі-Шуманақ, Сырманақ атты екі атадан тарайды. Б.К.). Ол көп қосынға ие еді. Баласағұнға жақын Шу шаһарын салдырып (Қазіргі Ақтөбе қаласы деп атап жүргеніміз сол қаланың орны емес пе? Б.К.), өзі басқаратын... Зұлқарнайын келгеннен кейін (Шу шаһарына) жұртта қалғандардың ұзын шаштарымен түріктерге ұқсас белгілерін көріп, өздерінен сұрамай-ақ Түрікмананд-түркітерге ұқсайды екен депті. Содан бастап түрік деген сөз олардың есіміне айналып кетті"¹.

Қазақ шежіресінің тікелей дерекнамасы болып табылатын Рашид ад-диннің "Жами ат-тауарихында"² оғыздармен олардың ұрпақтары туралы айтылғанмен оның осы күнге дейін қолына тимеген кейбір тараулары Стамболдың Топқапы сарайында сақталуда. Хафиз Аброй "Жами ат-тауарихты" көркемдеп, өзінше жаңғыртып қайта жазған. Орта ғасырда мұндай пайдалану, көшіру әдетке айналған. Мәселен, Қадырғали Қосынұлы Жалайри да жылнамасының бір тарауын Рашид ад-диннің жазбасынан алып жазбады ма! Сондықтан да тарихшылар Қадырғалидың аты қойылмаған шығармасын Рашид ад-диннің шығармасымен "Жами ат-тауарих" атамады ма.

Рашид ад-диннің "Оғыз" дастанында былай деп жазылған: "Сахарада бір уәлаят жасады. Атын Жәмік (Ямік) деп атаушы еді. Өзі күшті, қуатты ел саналып, бір адамы он адамға қарсы тұрарлық еді. Бұлар оғыз бен қыпшақтар сияқты Сохыра, Сыр бойын ерте заманнан қоныстаған байтақ ұлыс. Ертіс бойындағы жәміктер ортасындағы Құрыш Жабғу таққа отырады. Биі Алыс ұғлы Үйсін еді.

(Үйсін-ежелгі шыққан тегі деп ұққан жөн. Б.К.). Оғыздарды билеген Инал Сыр Жабғу хан еді. Ол жеті жыл патша тағында отырып, өлкесін түзетті, қалалар салдырды. Бұл Мұхаммед пайғамбардың дүниеге келген кезі еді. Бұл әкімге баят тайпасынан Дада Керейжұқ (Орта ғасырда қазақ жерінде Дадам Қорқыт, Дадам қазақ деген атаулардағы дадам — әке, ата деген мағана беретін көне түрік сөзі. Бүгінгі ұйғырлар әкесін "дада" дейді. Б.К.) уәзір болып, оның қызметін басқарып, мұсылман болды. Бұл Қорқыт ата Қарақожа ұлы еді. Ол асқан ақылды

¹ Махмұд Қашқари, сонда.

² Рашид ад-дин, Джами ат-таварих, т.3, Баку, 1957.

¹ Археологическая карта Казахстана, А.-А., 1960.

данышпан, керемет адам еді. Өзі нақыл, сәуегейлік сөз айтқан 295 жыл жасаған қария кісі..." (Р а ш и д а д - д и н, Оғыз дастаны, тәржіма, 1972, 55-57 б.).

Шежіре жазбаларының осы іспеттес мол дүниесін оқып отырсаңыз ата-бабаларыңыздың өмір жолы, оның қиян-кесті жорығы, жақсылығы мен шапағаты, өмір тіршілігі жолындағы үздіксіз айқасымен танысасыз. Түрік тарихын нақты дерекпен, бүге-шігесімен сыпаттап жазған бабаларымыз Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Тарих-и Рашиди", Заһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың "Бабырнама"¹ жазбалары болып табылады.

Шежіре таратып, аталарымызды іздеп отыруымыз-феодализмнен арыла алмауымызды, қоғамдық ғылымның өсу дәрежесінің төмендігін көрсетеді деген пікір осы уақытқа дейін тарихымызды толықтырып жазуға бөгет болып, қырсығын тигізіп келді. Ру-тайпалардың өрбуін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан шежіре мәдениеті кемелденген елдердің бәрінде де кездеседі. Шежіренің көп томдық жинағын Россия, Германия, Ұлы Британия, Франция және басқа да көптеген елдер баспадан шығарған. Бірақ Орта Азия мен Қазақстанның халықтары мұндай көп томдық жинақ шығаруға кіріспеді.

— Қазақ шежіресі, — деп жазылған "Қазақ Совет энциклопедиясының" 12-томындағы "Шежіре" деген мақалада², — Европа елдерінің шежіресі сияқты ең толық жазылған ғылыми зерттеу.

Мұндай шежірелер башқұртта, өзбекте, түрікпен қырғыздарда, қарақалпақта, татарда, қырым татарларында, сібір татарларында да кездеседі. "Қазақ шежірелерінің қайнар көзі-жоғарыда айтылғандай ұзақ заманнан қалыптасып, ғасырдан ғасырға асып, толықтырылып, ұмыт болған дүниелер қайта жазылып, атадан балаға рәсім ретінде қалып келе жатқан теңдесі жоқ мұра болып табылады. Рашид ад-диннің "Жами ат-тауарихымен" қоса бір кезенге Жамал Қаршидың Оғыз-қыпшақ пен қарахан шежіресі, Ұлықбектің "Шаджарад әл-атрақ", "Муниз әл-ансаб фи-шаджарад" және Санатин моғол", "Сұлтанаттар шежіресі — (15 ғ.) Мұхаммед Әли Шабанғарайдың "Маджма әл-ансаб" (Шежіре жинағы), "Мол-да Мырза Рахим Ташкентидың "Ансаб ассалати" ("Сұлтандар шежіресі"), Әбілғазының "Шежіре-и түрік",

¹ Заһир ад-дин Мұхаммед Бабыр, Бабырнама, "Ататек", А., 1993.

² ҚСЭ, 12 т.А., 1978, 231 б.; Қазақ ССР, қысқаша энциклопедия, 1 т.А., 1984. Бұл мақаланың авторлары академик Әлкей Марғұлан мен Байұзақ Қожабекұлы.

"Шежіре-и тарихма" ("Шежіре жазбасы"). Бұл шежірелердің бірсыпырасы ҚСЭ-да жеке мақала немесе автордың есімімен жарық көрді.

Қазақ хандығының тұсында көп қолданылған шежірелердің бірі — "Насабнама Шыңғыс", "Насабнама Қазақ", "Махмұд Сұбыктегиннің шежіресі "Тахаши салатын" ("Оғыз-Салжұқ шежіресі"), Байбарыс пен Халдун жазған (Монғол шапқыншылығы кезінде арабтарға құл ретінде сатылып, кейіннен алты сұлтанды тақтан түсіріп, креспілердің жорығын тоқтатып, үрім-бұтағы Түменбиге дейін 270 жыл Мысырда билік жүргізген, мемлекет тілі қыпшақ (мәмлүк) тілі болған), "Жаһаннама" (Оғыз-Қарахан шежіресі) т.б. шежірелер. Бұларды топтап жинап отыру орта ғасырдағы атақты адамдардың дәстүріне айналған, әрі билеуші адамдар өз аталарын таратып, олардың істерін дәріптеп, шежіресін дамытып отырды.

Осындай шежіренің бірі — Әбілғазының "Түрік шежіресін" филология ғылымының докторы Бабаш Әбілхасымов қазақ тіліне аударып, "Ана тілі" баспасы жарыққа шығарды. Бұл қазақ тілінде шыққан тұңғыш шежіре қолжазбасы.

"...Рашид ад-дин (Иран тарихшысы, 1247-1318, Б.К.) тарихы қазір мен пақырдың алдында жатыр. Кітаптың басында айтқанмын, бұдан басқа да Шыңғыс тарихы жазылған он жеті кітап әзір тұр. Осы кітаптардың керек жерінен көшіріп, осы шежірені жазып отырмын. Рашид ад-диннен бермен қарай үш жүз жетпіс екі жыл бойы көшірмешілер бір кітаптан бір кітапқа ауыстырған сайын жазылған тарихтың үштен бірін немесе жартысын бұзып, бүлдірген. Шежіредегі таулардың, өзен-сулардың, адамдардың аттары монғол не түрік тілінде. Ал көшірмешілер көбінесе парсылық не тәжік болғандықтан не монғол тілін, не түрік тілін білмейді¹. Сондықтан бұған дейінгі шежірешілердің жазбаларының ішінде жібі түзуі — Әбілғазы шежіресі екені хақ. Солай бола тұрса да, тегі монғол болғандықтан монғолды да түріктен таратады.

Қазақтың тегін түріктен таратқандықтан Әбілғазы шежіресі өзгелерге қарағанда, түрік атауларын анықтағаны айқын. Әбілғазы, барлық түрікті зерттеген шежірешілер сияқты Адам (арабша — жер қыртысы) атадан Нұқ пайғамбарға дейін таратып келіп, топансу жүрген заманнан қайта өрбітеді. Екі жүз елу жасқа келгенде құдай тағала Нұқты пайғамбар жасап, сол кездегі халықтың

¹ Әбілғазы, Түрік шежіресі, А., 1992, 30 б. Абулғазы Бахадурхан, Родословное древо тюрков, Казан, 1906.

арасына жібереді. Нұқ халықты жеті жүз жыл мұсылмандыққа үгіттейді, бірақ сексен-ақ адам мұсылмандыққа мойын ұсынады. Бұған қаһарын төккен жаратқан ием жерге топансу жүргізеді. Сонда Нұқ пайғамбардың үш ұлы: Хам, Сам, Иафес қалады. Сол Иафестен сегіз ұл — Түрік, Хазар, Сақлап, Орыс, Мең, Шын, Кеймар, Тарих. Үлкен ұлы Түрік таққа отырады. Түріктен — Түтік, Хакал, Барсажар, Амлак. Түріктен кейін таққа отырғандар — Түтік, Елше, Дебекой, Күйік, Алынша. Алыншаның егіз ұлы болды. Олардың есімі — Татар, Монғол еді. "Монғол сөзі мұң және ол деген сөзден шыққан, жұрттың тілі келмегендіктен мұғыл деп кеткен", деп жазды Әбілғазы. Сол Монғол тайпасынан тоғыз кісі хандық таққа отырды. Ең соңғысы — Ел хан. Монғолдың төрт ұлы бар еді. Үлкені — Қара хан, екіншісі — Өз хан, үшіншісі — Көз хан, төртіншісі — Көр хан.

Түрік халықтарының ұйтқысы болған Оғыз хан-Қара ханның ұлы. Оғызханның алты ұл — Күн хан, Ай хан, Жұлдыз хан, Көк хан, Тау хан, Теңіз хан. Бұл некелі әйелінен туған алты баладан басқа күндерінен туған жиырма төрт баласы болған.

Әбілғазы сол замандағы Қаңлы, Қыпшақ, Ұйғыр, Қарлұқ сияқты халықтарды да тікелей болмағанмен Оғыз санатына қосады. Сонымен бүкіл Оғыз тайпаларын монғол ханының үлкен ұлы Қараханның оның ұлы Оғыздан таратады. Бұл жағдай көне жазбаларға, әсіресе б.з.б. бірінші ғасырдағы қытай деректеріне сәйкес келмейді.

Оғызда соғыста шейіт болған нөкерінің әйелі босанып, қуыс ағаштың ішінде туып, есімін Қыпшақ қояды. Ол кезде қуыс ағашты шыпшақ дейді екен. Орыс хан Қыпшақты өзіне жау болған орыс, олақ, мажар, башқұрт елдеріне жібереді. Қыпшақтар үш жүз жыл Дон мен Еділ атты екі үлкен өзеннің жағасында патшалық етті. Барша қыпшақ елі соның нәсілінен шықты. Оғыз ханның заманынан Шыңғыс ханның заманына дейін Дон, Еділ, Жайық аталатын үш өзеннің жағасында қыпшақтардан өзге ел жоқ еді. Ол жерде қыпшақтар төрт мың жылдай отырды. Сондықтан ол жер Дешті қыпшақ (Қыпшақ даласы) аталады.

Егер бұл дерек жаңсақ болмаса қыпшақтар біздің заманымыздан бұрын қос өзен — Тигр мен Ефрат бойында билік құрған шумерлердің заманымен тұстас болғаны ма? Онда Шумер мен Аккат та түрік сөздерінің пайдаланылуы, сына жазуындағы ұқсастық Оғыз дәуіріне де қатысты болды ғой!

Әрине, Әбілғазы бабамыздың жазбасындағы бұл дерек

шындықтан аулақ, өйткені бұл дерек 4-ғасырдағы Үйсін-Қаңлы мемлекеттерінің аймағындағы оғыз-қыпшақ тілінде геналогиялық көне аңыздарға негізделіп жазылған эпикалық көркем туынды — "Оғызнамадан" алынып отыр.

Енді Әбілғазының жиған — тергенінен бергі заманға ойысайық. Шоқан Уәлихановтың жазуында ескі шежірелер: Есімханның, Тәукенің, Сәмекенің, Әбілмәмбеттің ұрпақтарында сақталып келген. Ондай шежіре Абылайда да, оның балалары Уәлиде, Сұйық төреде, Әбілқайырда, оның балалары — Нұралыда, Айшуақта, ұрпақтары — Жәңгірханда, Дәулеткерейде болған.

"Ана тілінің" 1991 жылдың маусым айының алтыншы жұлдызында және 1993 жылы қазан, қараша айындағы бірнеше сандарында Шыңғыс әулетінің бір ұрпағы Шота Уәлихановтың (Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан) "Абылай" мақаласындағы "Абылайдың ата-тегі, ел-жұрты" деген шежіре деректері жарияланды. Шота бұл мақаласында Абылай Шыңғыс нәсілінен, оның үлкен ұлы Жошының бұтағы, Әбілғазы баһадүрдің таратуы бойынша ("Моғол мен татар тарихы", Қазан, 1825, 173-179 б.) деп бастағанымен бұл дерек толығымен Абылай шежіресінде баяндалады. Оның себебі, Абылай шежіресі ұрпақтары арқылы кейін капитан Т. Андреевтың, Н.Городековтың қолына тиеді. Әрине, толық нұсқасын сақтаған Шоқан Уәлиханов. Оның қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресі сол кезде жазылған. Бұл шежіре бойынша да: Барақ хан-Жәнібек-Уәли сұлтан-Абылай хан. Оның 12 әйелінен 40 қыз, 30 ұл тараған.

Әбілқайырдың шежіресі толығымен М.Тевкелевтің, П.Н.Рычковтың қолына түседі. Ондай шежірені орыс әрпіне түсіріп жинаған кісілер: А.И.Левшин, Г.С.Саблуков, Н.А.Аристов, А.Ягман, Б.С.Броневский, Ф.Г.Старкин, А.С.Андреев, К.Б.Красновский, Л.Мейер, В.В.Григорьев, Н.Н.Веселовский, т.б. Ондай тарихи шежірелерге патша үкіметі саяси мән беріп, жергілікті әкімшіліктер арқылы шежірешілерден жинатып отырған. Мұндай шежірелер архивте өте көп. 1991-92 жылдары "Ана тілі" газеті оқырмандарға хат жолдап, шежіре жинатуы жақсы бастама болды. Мұндай іспен 1970 жылдары Қазақ энциклопедиясы да айналысқан. Сонда редакцияға, Тарих, археология және этнография институтына да хат мол келген. Сол жағдайдан бір аңғарғанымыз: шежірешіл қарттарымыз азайған. 50-60

¹ В а л и х а н о в Ч.Ч., Собрание соч.в пяти томах, т.4, А., 1985, 175 б.

жылдан бері жұрт ата-тегін қууды ұмытқан. Білген күнде де жеті атасын анық тарата алмай, шатастыра береді, ішінара жақсы таратылған шежірелер келіп түсті. Кейінгі ұрпақ Совет заманында көнені ұмыта бастапты, атақты бабаларды, олардың істерін біле бермейді. Ата-қоныс атауларын да ұмытқан.

Жоғарыда аталған орыс этнографиясындағы шежірені ғылыми, әрі әкімшілік, мемлекеттік тұрғыдан жинастырған. Мұндай шежірені мол жинастырған ғалымдар: Н.Аристов, М.Ладыженский, Ш.Уәлиханов, Г.Потанин, А.Диваев, Н.И.Григорьев, И.Шангин. Олар топтаған шежірелер осы күнге дейін архивте сақтаулы. Ғылымға мән беретін болсақ, ескі көздер өткен ғасырда жинап, жазып кеткен дүниелерді баспадан шығару керек емес пе. Бұған жекеменшік иелері емес, мемлекет тарапынан қамқорлық жасалып, қаражат бөлініп, этнографиялық институт ұйымдастырған абзал болар еді.

Қазақ топырағынан жаралған, оның шежіре тарихын тікелей жазған нем қазақтың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Тарих-и Рашиди, Қадырғали Қосынұлы Жалайридың "Жами ат-тауарих", "Жәңгірхан шежіресі" (1836), Ш.Уәлиханов жазып алған "Ұлы жүз шежіресі", Абдолла Ниязовтың "Үш жүздің шежіресі", Ахмет Жантөриннің шежіресі, Г.Н.Потаниннің жазып алған Мұса Шорманұлының шежіресі, Өтей Бөжейұлының "Қазақ жұртының шежіресі", Қорғанбек Біржанұлы жинақтаған "Орта жүз және Кіші жүз шежіресі" (1894). Бұл шежірені көп білетін ғалым, білікті шешен адамдардың Ақмола, Торғай қаласында бір жыл отырып жинаған "Ғажайып шежіре", "Шыңғыснама", "Насап Шыңғыс" (Шыңғыс шежіресі) араб тілінде жазылған өте сирек кездесетін "Тальфик әл-афкар" (Орта Азияда жасаған хандар шежіресі) қазақтарды Аққасадан тарату үшін "Офат әл-ислам", "Халифат тарихы", "Тафсар фи-халиф", "Харахан уа-салжұқ" деген жазбаларды пайдаланған. Бұл жинаққа бірталай жазба мәліметтер, мәселен, Әбілғазы шежіресі, Ибагим Халфиннің "Ахуал Шыңғысхан вә Ақсақтемір", Миржанидің "Мұстфат әл-ақбар" т.б. еңбектері пайдаланылған.

Шежіре кітаптардағы дерегі мол тарихи еңбектер: Шәкәрім Құдайбердіұлының "Қазақ шежіресі" (Орынбор, 1911, "Жұлдыз", №1, 1991; Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий", А., 1990); Халиди Құрбанғалидың "Қазақ шежіресі", "Бұл қазақ қай кезде жүз атанды?"; Нұржан Наушабайұлының "Қазақ пен түрікмен шежіресі" Сыр бойындағы Торғай би жинаған

"Үш жүздің шежіресі" (Н.И.Городеков жазбасында); Жетісудағы Диканбай бидің шежіресі (Н.А.Аристов жазбасында).

Осыншама мол деректі тарихи жазбаларды энциклопедиялық үлгімен тізіп қана беріп отырмыз. Бұған аз да болса түсінік жазғанның өзінде кітап бетінен мол орын алар еді. Мәселен, "Нысапнама Қазаққа" ескі шежіре жазбаларындағы деректер толық енген. Оқиға 13-ғасырдан басталып, 18-ғасырдың бірінші ширегінде тамамдалады. Академик Әлкей Марғұланның зерттеуіне қарағанда "Көшен Қарауыл" шежіресін білетін кісілердің қолынан шыққан жазбада Абылай заманы негізгі ескі жазудан көшірілген.

Өзге басылымдарды былай қойғанда, "Живая старина" журналында 1894, 1897 жылдары басылған Николай Аристовтың түрік халықтарының, әсіресе қазақ, қырғыз халқының шежіресі, оның тарихына арналған: "Опыт выяснения этнического состава...", "Заметки этнического состава тюркских племен и народностей..." атты ғылыми зерттеу еңбегі өткен ғасырдың аяғында орыс тілін жетік білетін адамдарға мол мәлімет берді. Бұл еңбекті ұтымды арқау етіп, қазақтың ауызша шежіресімен толықтырып, қазақ тіліндегі басылымдарға жариялаған Мұхаметжан Тынышбаев пен Шәкәрім Құдайбердіұлы еді. Н.Аристов еңбегі қазақ оқырмандарына осы адамның шығармасы арқылы ғана жетіп, сонда ғана толық жарияланады. Бұл күндері "Ататек" баспасы оның бұдан жүз жыл бұрын "Живая старина" журналында жарық көрген "Ұлы жүз бен қырғыз шежіресінің" тарихын орыс тілінде, шама жетсе қазақ тілінде жариялауды жоспарлап отыр. Сол жағдайда Н.Аристовтың ұзақ жыл зерттеген "Түрік тайпалары мен халықтарының этникалық құрамы жайындағы жазбасымен" халқымызды таныстыруға мүмкіндік туады. Ал қазірге бұл деректер ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп, әркім өзінше қырық саққа жүгіртіп жатыр.

Қазақ халқы 200-ден астам рудан, тайпадан, халықтардан құралған десек, олардың өз шежіресі болған. Мәселен, Сайхали, Әбілғазы, Мәшһүр Жүсіп, Нұржан Наушабаев, Диканбай, Саурық, Ережеп, Алдаберген Нұрбекұлы, Қылышбай, Күзембай, Торғай би т.б. шежірешілер жұртқа мәлім адамдар болған.

"Қазақ Совет энциклопедиясы" — халықаралық

¹ Аристов Н. А., Опыт выяснения этнического состава ... "Живая старина", вып.3-4, СПб, 1894; с о н д а, Заметки об этническом составе, вып.3-4, 1896.

дәрежедегі ғылыми энциклопедиялық басылым. Мұнда бір ғана түрік халықтары емес, адамзаттың елдері жайында да мәліметтер мол. Бір ғана шежіре емес, жан-жақты мәлімет аласыздар. Бұған жұртшылығымыз әлі де мән бермей келеді. Оның тағы бір себебі тиражының 40 мың дана ғана болуы, оның үстіне оқырмандарға мұндай басылым туралы мектеп қабырғасынан бастап тәлім бермей келеміз. Оқулықтарда энциклопедияға сілтеме жасалмайды, оқытушы құрал ретінде пайдаланбайды. "Жұрт айтса болды, көп айтса көнді" әдетімізді әлі қойған жоқпыз. Айтседе, осы көрсетілген шежірелер, оның авторлары туралы мақалалар энциклопедияда баршылық. Мәселен, Әбілғазының "Шаджарад ат-түрік", "Шайбаннама", Ұлықбектің "Шаджарад әл-атраки", "Сұлтаннар шежіресі", "Мұхит ат-тауарих", Тауарих-и Гузида-ий Нұрсатнама", "Тарих-и Әбілхайыр", "Тарих-и қыпшақ" т.б. шығармалар, олардың авторлары туралы жеке энциклопедиялық мақалалар жазылған.

"Қазақ Совет энциклопедиясының" 12 томдық әмбебап басылымы сирек кездесетін кітаптардың санатына қосылғанына көзім жетті. Бельгияға елшілік қызметке тағайындалған інім Нәм көршім Әуезхан Қырбасұлы: "Ағай, Европа елі, әрі өз жеріміз туралы дерек берер кітап Қазақ энциклопедиясының 12 томдық басылымы екен. Кезінде жас едік, мән береміз. Енді уысыма түспеді. Артық дана сізде ғана болар" деп өтінді. Бұған дейін энциклопедияны іздеп келген Қоңыр Мандоки інім еді-ау. Елшіге іштей риза болып қарастыруға кірістім. Марқұм Фазыл Атұшұлының зайыбы Шафиғамен сөйлестім. Ол үйде қазақша оқитын адам жоғын білемін. "Ағаң марқұм көзіңнің қарасындай сақта, немерелеріме қалдырған мұрамы осы. Киім тозады, дүние-жалған, кітап, әсіресе мынандай кітап-мұра" деп қалдырып еді, елші емес, президентке де бермеймін", — деді. Қатты ұялдым. Бұдан кейін ешкімнен сұрай алмадым. Ініме кітапхананың бірінен оқуға алып кетерсің деп ақыл айтқанысыдым. Осылай, ағайын.

"Біз де дикан болғанбыз, қапқа тары салғанбыз" дегендей, әлем таныған, өзге де халықтармен терезесі тең қазақ халқының да тарихтың бір саласы — этностық шежіресі бар. Өзге халықтарды былай қойғанда, біздің нәсілден тараған кей ұрпақ орыс халқының құрамына кіріп, оның мәдениетін, ғылымын дамытуға зор үлес қоспады ма! Мәселен, орыс тарихын жазған Карамзин мен Татищевтың бабалары Алтын Орда бектерінің тұқымы. Орыс мемлекетінің негізін қалаған Иван Грозный — Мамайдың немересі. Халқымызда: "Өлдің, Мамай — өштің,

Мамай" деуші едік, Мамайдың тұқымы өлмейті, басқа халықтың көсегесін көгертуге қатысыпты. Сол Мамайдан өзге де тұқымы бар ма екен? Әлде бәрі бірдей орыс болып кетті ме? Борис Годунов пен Вельямин-Зерновтар түркілік Көтен мырзаның ұрпағы. Қазақтан өзге қай халық баласының атын Көтен қойған,? Сөйтсе де оның аталары Шетеден (чете-жалайыр) тарағанын айтқан орынды. Мұндай этностық зерттеулер Россияда көптен жарық көріп келеді, бірақ Баскаковтың еңбегі соның ішінде толық жинақталған, тілді біліп зерттелген шежіре кітап. Шежіре-ғылыми еңбек, ол тарихи кезеңдерде сол тектен шыққан адамдар қандай еңбек қосқанын, сөйтіп адамзат тарихынан орын алғанын зерттейтінін көптеген оқырман түсінбей, шежірені атадан атаның таралуы ғана деп ұғып келеді. Бұл — қате түсінік. Кітапта түрік ныспысына байланысты кісі аттары-фамилиясы тоғыз түрлі жағдайда алынған деген пікір айтылады. Мысалы, біріншіден — жер-су атауларына байланысты (Сибирский, Татаринов, Казаков, Урсов...). Осындағы Татар, Қазақ, Урыс деген ныспыларды жерге байланысты алу орынсыз болар. Бұлар елдің, халықтың атауы емес пе?!; екіншіден — лауазымға байланысты; үшіншіден — тікелей есімге байланысты (Сабуров, Мансуров, Вильяминов, Уәли-әмин), Алымов); төртіншіден — мамандыққа байланысты (Карауылов, Азанчиев); бесіншіден — жануарларға байланысты; алтыншы — киім атаулары; жетінші — жұлдыз атаулары; сегізінші — ай, жыл атаулары; тоғызыншы — лақап есімдер (Куракин, Мамонов-момын).

Кісі есіміне байланысты бұл тәсіл қазақ шежіресінде де қолданылды. Мәселен, лақап есім — Қаракесек, Алжан, Қыстық, Таз т.б. Бұларды таратқан кезде кеміту, тегіне қарай жатсынуды болдырмаған жөн. Бұл адамдардың туыстығына шек келтіріп, намысына да тиетін кездер болады. Мысалы, КСЭ-ның бірінші томындағы "Арғын" атты мақалада Тарақтың жиен, нокта ағасы дей отырып, "Иттің жаманы барақты, адамның жаманы Тарақты" деген ел аузындағы кесінді сөзді автор жазып жіберіп, кітап баспадан шықпай жатып, оқыған, пікір жазған адамдар реніш білдіруіне байланысты, автор әлгі сөзін алып тастауға мәжбүр болды. Энциклопедиялық мақала үлгісіне байланысты да, ондай сөз тіркестері басылмау керек еді, бірақ автордың академиктік лауазымы басым тұрған-ды. "Әке даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтедінің"

¹ Баскаков Н.А., Русские фамилии тюркского происхождения М., 1979.


кері келген-ді. Сондықтан, қандайда шежірені таратқанда бұл жағдай ескерілгені жөн. Ал жеке адамдар туралы, мысалы Пушкиннің нағашы атасы-араб, Салтыковтың тұқымы-түрік, Ғабиттің, Мұқтардың арғы аталары-түрікпен мен арабтан келіп сіңген деп айтуға болады, айтылып та жүр, өздері де жазып кеткен.

Қазақ-қырғыздан өзге халықтар шежіре жинамайды деген жалған сөз, бұл-ғылыми кітаптарды оқымайтындардың жаңсақ пікірі. Көп елдерде оған ғылыми мән берілетінін жоғарыда айттық. Сонымен қатар, ол ғылым саласы ретінде дамытыла зерттеліп, толықтырылып отырылады. Бұл іспен айналысатын этнографиялық институттар да бар. Соның бір айғағы жуырда ғана "Наука и жизнь" журналында "Российский имперский дом в канун его трехсотлетия" (1613-1913) атты шежіре үлгісі басылды. Әлі де болса тегімізге үрке қарап, құбыжық көріп, тегімен күресіп жүрген "белсенділер" істің артын бағып, үнсіз отырғандары бар. Олар аттан түскен жок. Бірер газет болмаса, бұл істі қолға алып, кірісе бастаған ғылыми институттар да жок. Сондықтан, бүгінде көзге көрінген бірді-екілі талпынысты қолдап, тарихи мұраны жариялап алсақ — болашақ ұрпақ алдында міндетімізді атқарған болар едік. Үрім-бұтақ солай жалғасып, ат тұяғын тай баспай ма?

Оқырман қауым, мақала аты шежіре болған соң, Қазақ энциклопедиясында басылған мақалаларымның негізі болған шежіре үлгісін ұсынайын (33-бетте).

Әбілхайырдан басталатыны қалай? Қайсы Әбілхайыр? Тарихта Әбілхайыр хан екеу: ¹Әбілхайыр (1412-1468) — Дешті қыпшақтың ханы, Жошы ұрпағына жатады, Шайбан әулетінен, Дәулет Шайқының баласы; ²Әбілхайыр (1693-1748) — Кіші жүз ханы. Бұл деректерге қарағанда, қазақ шежіресі аталып жүрген аталар тармағы сол заманда жүйеге келтірілген болды. Мәселен, Алты ата Әлімұлы, он екі ата Байұлы, Жеті ата — Жетіру, Кіші жүзді — Алшын, Орта жүзді — Арғын, Ұлы жүзді — Үйсін атауы да қазақтың басын қосып, туыстық, әкімшілік басқару жүйесіне сай жасалған шежіре екені тарих зерттеушіге айдан анық. Мәселен, ежелгі сақ дайлардан тараған Адай, бүкіл Кавказ халқының құрамына енген Шеркеш (черкес), ат басын Мысырдан тартқан, мәмлүк аталған беріштер мен

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ
(Адаматадан Әбілхайырга дейін 54 тармақ)



¹ "Наука и жизнь", №1, 1991.

² КСЭ, Әбілхайыр, Әбілхайыр, 2т., А., 1973, 14,15 б.

қыпшақтар, біздің жыл санауымыздан бұрын мемлекет құрған Үйсін мен Қаңлылар қалайша орта ғасырмен шектеледі? Бүгін қазақтың қай атасы болсын 25-35 жаспен шамалап таратқанда 400-500 жылдан арыға бармайды. Сонда аталар шежіресі Дешті қыпшақ ханы Әбілхайыр тұсында немесе Қасым ханның (1445-1518, қазақ хандарының негізін қалаушылардың бірі, Жәнібек ханның баласы) тұсында жасалды ма? Көшпелі өзбектің ханы Мұхаммед Шайбани Темір әулетінің иелігі-бүгінгі Өзбек жеріне шабуыл жасағанда Қасым ханмен қақтығыспады ма? Қасым хан қазақтар мен маңғыттардан қалың қол жинап, Ташкентке жорық ашты, сонда жараланды. Васифидің айтуынша, 1516-17 жылы қыста Шайбани сұлтандары өзара күш қосып, қазақ хандығына қарсы жорыққа шықты. Осының бәрі Қасым хан билеген кезге, әрі Жетісуда Моғолстанның ыдыраған кезіне сай келеді. Ел аузында бүгінге дейін сақталған: "Қасым хан салған қасқа жол" осы халық басын құраған шежіре емес пе?

Оқырман қауым, шағын мақалада бәрін қамту мүмкін емес, бірақ тегіміз екі мың жылдан әріден тармақталып келе жатқан, тіліміз бір, түбіміз бір, бір текті халық екеніміз даусыз. "Тегі бір-теппейді, түбі бір-кетпейді" мәтелі де соның тиегі.

Қ А З А Қ Т А Р¹

Қазақ — ұлт. Қазақстан Республикасының байырғы халқы. 1991 жылдың ортасындағы есеп бойынша қазақтың әлемдегі саны 10 млн. адам. Соның ішінде: Қазақстанда — 6.790 мың, Егеменді Республикаларда — 1.665 мың, шет елдерде — 1.535 мың. Қазақ демографтарының зерттеуіне қарағанда, шет елдегі қазақтар атамекеніне қайта оралмаса, 2020 жылы қазақ диаспорасы 5 млн-ға жетпек (қазақтың әлемге орналасуы жайында деректі мақала соңындағы үлгіден байқай аласыз).

Қазақтар Республиканың барлық аймағын мекендейді. Ауыл тұрғындарының 53,5%-і және қала тұрғындарының 20,8%-і қазақтар. Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстанның тың игерген төрт облысынан өзге жерде кешен тұрғындарының құрамынан бірінші орын алады.

Қызылорда мен Атырау облыстарындағы қала тұрғындарының басым көпшілігі қазақтар. Қалған облыстардың қала тұрғындары арасында қазақтар екінші орын, ал Қостанай мен Торғайда үшінші орын (украиндықтардан кейін) алады. Қазақтардың басым көпшілігі Оңтүстік, Батыс және Орталық Қазақстанды мекендейді. Бұл облыстарда олар тұрғын халықтың негізгі құрамы. Атырау, Қызылорда облыстары тұрғындарының 76,0%-і қазақтар, олардың 63%-і қалада, ал 92-93%-і ауылдық-кешендік жерлерге орналасқан. Қазақтардың, әсіресе жастардың басым көпшілігі қалаға ойысты. Кеңес заманында қала тұрғыны 1926 жылы-2,1% болса, 1979 жылы 36,0%-ке, 1989 жылы-39%; 1992 жылы 41,9%-ке өсті.

¹ Мақала энциклопедиялық басылым үлгісімен жазылған.

Қазақстаннан тыс жерлерде-ҚХР-де-1.270 мың (1991), МХР-де-150 мың (1991) қазақ болды. Олар Ауғанстан, Иран, Түркияда да мекендейді.

Қазақтар түрік тілінің солтүстік-батыс қыпшақ тілдері тобына жататын қазақ тілінде сөйлейді. Дін жолын ұстаған қазақтар ислам дінінің суниттік ережелерін қабылдаған. Қазақ халқы түс-реңі жағынан европа нәсілі мен монғол нәсілінің оңтүстік сібір антропологиялық тобына жатады. Қазақтың тұңғыш антропологі Оразақ Смағұловтың зерттеуіне қарағанда қазақтың антропологиялық тұрпаты екі нәсілдік жүйеден құралған. Оның бірі — европеоидтік, екіншісі — монголоидтік. Бірінші жүйе — қазақ даласының байырғы тұрғындарына тән қасиет, ал соңғы жүйе — Орталық Азиядан ауған монғол тектес тайпалармен бірге келген. Қазақтың қола дәуіріндегі тұрғындарының антропологиялық негізі тек европеоидтік нәсілден құралған. Алғашқы тұрғындардың антропологиялық тұрпаты сақ дәуіріндегі оба мәйіттерінен қалпына келтіріліп отыр. Кейінгі антрополог ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, Үйсін дәуіріндегі тайпалардың ықпалы басымрақ. Үйсін тайпаларында жалпы европалық бейне негізінен сақталып қалған.

Қазақстанды (ҚСЭ. бт. 359-б. сурет. Қазақтың антропологиялық тұрпаты) қоныстанған ежелгі тайпалар тас дәуірінен-ақ белгілі. Бұған айғақ болатын ежелгі тас дәуіріндегі адамның тұрақтары-Қаратау, Бетпақдала, Орталық және Шығыс аймақтарда кездеседі. Бірақ Қазақстан жерінен ежелгі адамның қалдығы әзірге табылған жоқ. Алайда, кең байтақ аймақтың оңтүстік аудандарында палеограф жағдайы ежелгі адамның тіршілігіне қолайлы болған. Мұның айғағы — Ақкөл, Сусінген, Тәңірқазған, Бөріқазған, Қызылкіндік, Шарбақты алқаптарынан табылған заттар. Осы жерлерден табылған тас құралдардың түрлері мен жасалу тәсілдері жағынан Африкадан, Үндістаннан, Пакистаннан, Қытайдан табылған ежелгі заманға жататын сондай құралдармен ұқсастығы Оңтүстік Қазақстан жерінде адам шел-ашель дәуірінің өзінде-ақ мекендегенін дәлелдейді. Қазақстанның палеолит дәуіріндегі тұрғындары от тұтата білген әрі оны сөндірмей сақтаған, аң аулап, азықтық өсімдік терумен айналысқан¹. Б.з.б. 9-8 ғ-дан бастап Қазақстан территориясын мекендеген ежелгі тайпалар көшпелі тұрмысқа ауысып, бірнеше

¹ Исмагулов О., Этническая геногеография Казахстана, А., 1977, 126-138; ҚСЭ, Қазақтың антропологиялық типі, 6 т., А., 1975, 359 б.

² Григорьев В.В. О скифском народе саках, СПб, 1871

тайпалық одақтар құрыла бастады. Олар туралы ежелгі парсы, элам және аккау тілдерінде жазылған Дарий мен Ксеркс патшалардың сыналы жазбаларында, ежелгі ирандықтардың зороастрия дінінің топтама кітабы — Авестадағы жазбаларда, Геродоттың тарихында да мол деректер кездеседі. Көне парсының сыналы жазбасында шығыс Иран тайпаларын Зака атағанмен кейінгі сыналы жазбаларында Заканың бірнеше тайпалар тобы баяндалады. S a k a tvaiv paradraya (теңіздің арғы бетіндегі сақтар), S a k a tigradavda (шошақ бөріктілер); S a k a tvaiv para Sqqdam (Соғданың арғы бетіндегі сақтар); Геродот, гректің өзге де ғалымдары сақтарды скифтер немесе "Азия скифтері" деп атаған. Сонымен жазба дерекнамаларға қарағанда б.з.б. 7-4 ғ. Қазақстан жерінің оңтүстігін тиграхауда сақтар, олар грек жазбасында масагеттер, дахтар (дай), батысын — савроматтар (протоорсы), ал орталық аймағын — исседондар, солт.-батыста — ариммастар мекендеген. Б.з.б. 3-1 ғ-да, б.з. 1-5 ғ-да қазіргі Қазақстан жерінің оңтүстігінде, Сырдария, Талас, Шу, Іле өзендерінің бойында, Шығ. және Орт. Қазақстанда ежелгі сақ тайпаларының одағы көріне бастады¹. Олардың ішінде қуатты мемлекетке айналып, тарихта, мәдениетте, өнерде белгілі із қалдырғандары — хунндар, үйсіндер, қаңлылар. Олар біздің заманымызға дейін өмір сүріп, көп елмен қарым-қатынас жасады. Шығыс зерттеушісі Н.Я.Бичуриннің ежелгі қытай тарихшыларының жылнамаларынан аударған деректеріне қарағанда үйсіндердің шығыс жақ шекарасы Шу мен Талас өзендерінің бойымен өтіп, Қаратаудың шығыс бөктеріне дейін, шығысында Тянь-Шаньның шығыс атырауларын, солтүстігінде Балқаш көлінің Ыстықкөлдің оңт. жағалауына дейін алып жатқан².

Үйсіндер жайлаған өңірдің орталығы Іле алқабында болғанымен, ордасы "Қызылалқап" қаласы (Чигу-Чэн, Шығу) Ыстықкөл алқабында орналасқан (қ. Шығу). Үйсін атауының этимологиясы анықталмаған, тек иероглиф жазуы түрінде белгілі, ол қазақ этнонимінің бірімен, тайпаның өз аты — үйсінмен үндес. Үйсіндер туралы деректер б.з.б. 2 ғ-дың аяғында ғана кездеседі. Хань императорының сарайы Хуннумен күресте өзіне одақ іздеу үшін Бат. өлкеге Чжан Цянь бастаған елшілікті жібереді.

¹ Акишев К.А. и Кушаев Г.А., Древняя культура саков и усуней долины реки Или, А., 1963.

² Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, М.-Л., 1950, т.2, 184-198 б.

Ол Жетісуда болып, үйсіндер туралы алғашқы хабар әкеледі. Олардың айтуынша үйсіндердің саны 630 мың адам (120 мың түтін). 188 800 адамнан жасақ құрған. Жазба деректемелерде үйсін билеушілерінің жасағы — 30 мың атты әскер және "шабуыл қимылына үйретілген" бірнеше мың садақшылар жайында айтылады. Қаңлылар туралы мәлімет б.з.б. 2-мың жылдықтың ортасындағы қытай деректемелерінде аталады. Б.з.б. 138 ж. император У-да князь Цзан-Цянь бастаған сауда елшілігін Бат. елдеріне аттандырады. Цзан Цянь 13 жылдан кейін оралады. Оның жазбасында өзге тайпалармен қатар Қаңлы да аталады. Онда қаңлылар Дауанының (Ферғана) астанасы Эрши қаласынан солт.-батыста 2 мың ли жерде орналасқан.

Осы деректерге сүйенген зерттеушілер Қаңлы тайпаларының одағы Сырдарияның орта ағысына орналасқан деп есептейді. Өзге де көне жазбаларға қарағанда Қаңлы тайпалар одағы Талас пен Шудың төменгі ағысының оңтүстігінде, Ташкент ойпатының және солт. Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан болса керек. Қаңлы иелігі Каспийдің солт. жағалауына дейін жеткен. Мұнда оған Сармат, Алан тайпаларының одағы — Яньдай тәуелді болған. Орта Азияда қаңлыға бес шағын иелік: Сусе, Фуму, Юени, Ги, Юегянь бағынған. 120 мың әскер ұстаған. Қаңлы бірлестігінің Хань империясына қарсылық әрекеті тарихи жазбалардан белгілі. Мыс., б.з.б. 46-36 жылдарда ол империяға қарсы көтерілген солт. хунндарға көмек беріп, б.з.б. 85 жылы қытайларға қарсы көтеріліс жасаған Сули (Қашғар) иелігіне әскер жіберді. Қазақстанда ғана емес бүкіл Евразия халықтарының қалыптасуында Орта Азияның көшпелі тайпаларының ықпалы басым болды.

Б.з.б. 4-3. ғ-да Қытайдың солтүстігін мекендеген тайпалардың бірлестігі құрылған. Солардың бірі Сонну (хүнну немесе хунндар) б.з.б. 3 ғ-да күшті ел болды. Кейінгі заманда Сюнну, Хүнну-ғұн аталып кеткен. Жылнамаларға қарағанда, Хунндардың бірігуі б.з.б. 109 ж. "Хүнн шаңырағының мәуелеуі" Мөде-шаньюдің (Хүнн билеушілерінің лауазымы) есіміне байланысты болған. Мөде хунндарды қуатты елге айналдырды. Б.з.б. 200 ж. Хунндар Хань әулетінің негізін қалаушы Лю Банға соққы берді. Бірнеше әскери жорықта жеңіліс тапқаннан кейін 188 ж. Хань империясы хунндарға жыл сайын тарту беруге міндеттенді. Кейін хунндардың бір бөлігі Тянь-Шаньға жылжып, қаңлы тайпалық бірлестігімен жапсарлас қаныстанды.

2-толқын б.з. 1 ғ-нда Орт. Қазақстанға қоныс аударды. Кейінгі дәуірлерде хунндардың атауы әр түрлі тайпаларға тән болып, Аландар мен Асстарды батысқа қарай ығыстырып, Арал мен Каспий теңізі маңына орналасады. Хунндардың қонысы б.з. 4 ғ-нда Шығ. және Орт. Европаның далаларына жетті. Европалықтар бұларды "гундар" деп атады. Халықтардың қоныс аударуы Қазақстанның Орта және Алдыңғы Азияның саяси, этникалық картасына едәуір өзгеріс енгізді. Қазақстан жерін мекендеген ежелгі тайпалардың ішінде қуатты мемлекет құрып, тарихта, мәдениетте, өнерде белгілі із қалдырғандары да — Үйсін, Қаңлы, Хунндар болды. Олар б.з. 5 ғ-на дейін өмір сүріп, көп елмен қарым-қатынас жасады. Чуми 3 ғ-дың орта кезінде Түрік қағандығының құрамына кіріп, Чұмығын, Дай, Ирки, Чуре, Чубан (Шуманак), Дулу (Дулат) деген әр түрлі атпен белгілі болды.

Бат. Қазақстанның кен даласында б.з.б. 1-мың жылдықтың ортасында Сарматтар тұрса, б.з. басында Аландар мекендеді. Қазақстан жерін мекендеген көне тайпалар негізінен көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданды. Үйсін, Қаңлы, Хунндар киіз үйді де, там үйлерді де мекендеп, етпен, қымызбен қоректенетін болған. Сонымен қатар олар кең қазумен шұғылданып, Жетісу төңірегі мен Шу, Талас, Сырдария т.б. өлкелерде отырықшылық жағдайында суармалы егіншілікпен, балық аулау кәсібімен айналысты. Қазақ халқының шығу тегіне ежелгі сактардан кейін ерекше негіз болған, әсіресе үйсіндер, қаңлылар, хунндар. Көп заманғы бұл Этникалық процесс б.з.б. жүз жылдың 1-жартысынан басталып, б.з.б. 5-6 ғ-нда толық қалыптасып үлгерді.

Б.з. 6-8 ғ. феодалдық қатынастардың шыға бастаған Қазақстан өлкесіндегі жоғарыда айтылған түрік тілдес тайпалар, оның ішінде Жетісу тайпалары Чұмығын, Чуне, Чубан, Дулу және Сырдария өлкесін, Орт. Қазақстанды, Ертіс бойын, Алтай тауын мекендеген тайпалар бірігіп, 603 ж. Батыс түрік қағандығын құрды. Бұл феодал мемлекет жылнамашылардың жазбаларына қарағанда, негізінен бұрынғы үйсін жеріне құрылған. Оның іргесін қалаған Бұмын қағанның інісі Естемі (Иштеми, Естемес, қытай жазбаларында Ши Де-ми, грек жазбаларында Стемеис, Византия жылнамасында — Сильзибул, араб жазбасында Санджибу) қаған еді. 558 ж. түріктер Аварларды батысқа

ығыстырып, Еділ, Жайық бойындағы Бұлғар мен өзге де түрік тайпаларын құрамына енгізді. 560 ж. Естеми қаған Орта Азиядағы эфталиттер мемлекетін күйретті. 567 ж. түріктер Сырдария мен Амударияның аралығына толық билік жүргізді. Батыс түрік қағандығының орнына Түргеш қағандығы, одан кейін Карлұқ қағандығы (8-10 ғ.) орнады.

Бұл мемлекеттер дәуірінде отырықшылық бел алып, егін шаруашылығы дамыды, қалалар өркендеп, сауда жұмысы жанданды. Осы кезде Жетісу мен Талас бойында Карлұқтар, Шігілдер, Ямғалар, Адғұлар тіршілік етсе, Орт. Қазақстан мен Сырдария бойында Оғыз бен Қыпшақтар әкімшілік етті. Оғыздардың батысында Еділ мен Жайық өзенінің аралығын Печенегтер (бесенелер) мекендеді. Кейін оғыздар түрікпен халқының, бесенелер — қарақалпақ халқының негізін құраса да, олардың кейбір топтары Қазақ халқының шығу тегіне әсерін тигізді. 8 ғ-дың 2-жартысында Қазақстанның негізгі тұрғындары солт.-шығыста Қырғыз қағандығымен, Шығыста — Ұйғыр қағандығымен, батыста — Хазар қағандығымен шектесті. Бат. Қазақстанның

Бат. Қазақстанның тайпалары Еділ-Кама бұлғарларымен, орыстармен экономик.-саяси қатыста болды, көпестер 9 ғ-да Еділ мен Каспийдің солт.-шығыс, шығ. жағалауларына келе бастады. Қазақ этногенезінде үлкен орын алатын Карлұқ тайпалары әуелде Бат. Алтай мен Тарбағатай аралығын, аздаған тобы Қанғай аймағын мекендеген. Олар жайында алғашқы жазба дерек "Суй әулетінің тарихында" (581-618) орын алған. Онда Карлұқтың Ақтаг (Алтай) беткейін мекендеген басты руы Бұлақ (було) жайы сөз болады. "Таншу" әулетінің (618-907) жылнамасына қарағанда Карлұқтар (гәлплу, гәлу) түріктің бір атасынан тараған қарлұқтардың түріктерден шыққаны мұсылман тарихнамасында да баяндалады. Ибн әл-Факих: "Олар (қарлұқтар) ежелгі түріктер" деп жазған. Ал ежелгі түріктердің руна жазба ескерткіштерінде олардың мекені Орт. Азияның даласы екені көрсетіледі. "Таншудың" дерегіне қарағанда 7 ғ-дың ортасында қарлұқтың құрамына үш ру бірлестігі (моуло, чжиен) енген. Оның алғашқысы бұлақ аталатыны әл-Марвазидің, Махмұд Қашғаридің еңбектерінде жазылған.

"Худуд әл-аламның" авторы Карлұқтарға қараған Чигил (Жікіл) аймағын айтса, Махмұд Қашғари Амурдан Қытайға дейінгі барлық түріктерді Оғыздар Чигил деп атағанын ескертеді. "Худуд әл-аламда" бұған қоса Құлан мен Меркінің аралығында Бистан, Хим, Бариш, Керминкенте Лобан (албан болуы ықтимал), Түзкөл көлінде жеті тайпа

Карлұқтар мекендеген. Бат. Қазақстан далаларында 9-10 ғ-ларда Оғыз тайпаларының әуелгі феод. мемлекеті қалыптасты. Бұл тайпаның құрылуы тарихында түсініксіз жайлар бар. Олардың алғашқы тобының орныға бастауы С.Г. Агаджановтың тұжырымдауы бойынша бат. Жетісумен байланысты. Оғыздардың тарихи аңыздары да,

Оғыздардың тарихи аңыздары да, соңғы жылдардағы археол. зерттеулер де осындай пікірге келтірді. 8 ғ-дың орта шенінде Жетісуда Карлұқ федерациясының құрылуына байланысты оғыз тайпалары Жетісудан қоныс аудара бастады. Олардың неғұрлым тұтас мекендеген жерлері Арал маңы, Каспийдің солтүстігі, Сырдарияның төменгі ағысы. Махмұд Қашғари, Әл-Масуди, Ибн-Хаукальдың, Истахридың шығармалары осыны дәлелдейді. Оғыздар қарлұқтармен өзге де түрік тілдес халықтармен қазақ жерін бірге мекендеп, оның қалыптасуына үлес қосқан. Қазақтың қалыптасуына негізгі үйтқы болған қимақтар мен қыпшақтар 8-11 ғасырларда Қазақстанның солт.-шығыс, оңт.-шығыс, орталық аймақтарын мекендеді. Қимақтар туралы дерек араб жазбаларында 8 ғ-да кездеседі, ал қыпшақтар хұндардың солт. тармағынан өрбіген деген (А.Н. Бернштам) болжам бар. Қыпшақ (қыбшақ) этнонимі 8 ғ-дың орта шеніндегі ұйғыр қағаны Баяшордың руналық жазуының текстерінде бар. Ал "Худуд әл-аламда" қыпшақтар қимақтардан бөлініп шыққаны жазылса, Махмұд Қашғари Имақтар (имақтар) мен қыпшақтардың бір тілде сөйлейтіні, бірақ олар түбі бір екі тайпа ел деп жазады. Қимақ құрамы-Қыпшақ, Ланиказ, Ажлад тайпаларына: Эймур, Имақ, Татар, Баяндүр енген. Гардизидің "Зайн әл-ахбарының" мәліметіне қарағанда қимақтар мен қыпшақтар Ертіс бойын мекендеген.

8 ғ-дың орта шеніне дейін қимақтар оңтүстікте оңт. Алтай, Тарбағатай қарлұқтары, шығысында Енесей қырғыздары болды. 8 ғ-дың 2-жартысында қарлұқтардың жеріне жылжып, 9 ғ-да Жетісудың солт.-шығыс жағын қоныстанады. Бұл кезеңде Жетісу, Шығ. Түркістан, Орта Азия халықтары мен тайпаларының арасында өзара байланыс күшейді. 11-12 ғ-да Қазақстанның далалы аймағын мекендеген түрік тайпаларының өзара бірігіп отырықшылық жағдайда егіншілігі дамыған аудандармен экономик. мәдени қарым-қатынас жасауының жақсаруы Қазақ халқының қалыптасу процесінің елеулі кезеңі

Агаджанов С.Г., Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв., Аш., 1969.

болды. Бірақ 13 ғ-дағы Монғол шапқыншылығы Қазақ халқының қалыптасу процесін баяулатты. Көптеген қалалар, тұрғын-мекендер күйреп, экономик. және мәдени байланыстар үзіліп, жер игеру жүйесі бұзылды. Ірі тайпалар тобы қоныс аударды. Қыпшақтар Солт. Қазақстан мен Бат. Сібірге жылжыды, ал Шығ. пен Солт.-Шығыс Қазақстанға монғолдан ығысқан наймандар мен керейлердің тобы қоныстанды. Монғолдар жаулап алғаннан кейін ежелгі тайпалар қоныстарынан ығысып, кейбір тайпалық одақтары ыдырап, шұрайлы жерінен айырылып күйзеліске ұшырады. Олардың саны жергілікті халықтан әлдеқайда аз болғандықтан солардың тілін, әдет-ғұрпын қабылдады. Н.Аристовтың жазбасында: "Монғолиядан тыс жерлерде монғол мен түріктің араласуы елеулі емес-ті, өйткені Жошы мен Шағатай ұлысына енген монғол саны көп болмаған. Түріктердің тұрпатындағы монғолдық белгі дейініміз олардың түбінің бірлігіне тәң, өйткені Азия халықтарының ішінде олар туыстығы жақын халықтар" делінген¹.

13 ғ-дың ортасында Қазақ жері түгелдей Ақ Орда мемлекетіне қарады, тек Жетісу ғана шағатай ұлысына, ал 14-15 ғ-ларда, Моғолстанға, Ақ Ордаға, Ноғай Ордасына қарады. Бұлардың арасындағы феод. соғыстарға, өзара қақтығыстарға қарамастан Қазақ халқының қалыптасу, бірігу процесі толастамады. Қазақстанның негізгі тарихи-этнографиялық аймағына орнаған Ақ Орда, Моғолстан т.б. мемл. бірлестіктердің негізгі ұйтқысы, құрамы байырғы халық болды. Орта ғасыр тарихшыларының Қазақстан жерінің халықтары: Қарлұқ, Үйсін (Уйшун)², Керейт (керей), Манғыт, Конграт (Қоңырат), Қыпшақ, Найман және олардан ұсақтау: Буркұт, Қият, Отаршы-Жат, Шымтай, Кенгерес, Дурман, Құрлауыт, Таймас, Шатбақылы, Маджар, Ойрат т.б. ру, тайпаларын атауы тегін емес. Жазба деректерде Алтын Орда хандары "Қыпшақ хандары" аталған... Ақ Орданың негізгі тұрғындары қыпшақтар болған.

Қазақ халқының қалыптасуына Қыпшақтар, 14-15 ғ-ларда Түркістан мен Қаратауға қоныстанған қоңыраттар, Ұлытаудан Есілге дейін орналасқан наймандар, 14-15 ғ-ларда Орт. Қазақстанды, батысында Ертіске дейін, кейбір бөліктері Сырдарияға, бат. Жетісуға дейін мекендеген Арғын тайпасы да қалыптасты. Қазақ құрамына керейттер

де қатысты. Олардың орналасуы мекеніне қарай әртүрлі жағдайда өтті. 14-15 ғ-ларда керейттер Жетісуда, Тарбағатайда, Ертіс бойында қоныстанды. Қазақ этногенезінің бір түйіні оңт.-шығыс Қазақстан. Орта ғасыр жылнамаларына қарағанда мұндағы ірі тайпалар: Дулат, Қаңлы, Керейт, Аргинут, Қарлұқ, Барлас, Чорас, Қоншы, Бұлғашы т.б. Жылнамаларға қарағанда Дулаттар Бат. түріктің Дулу тобымен байланыстырылады. Олар 7-8 ғ-ларда өздерінің бірлестігін ("Юебань"-Үрбі) құрып, кейіннен Қарлұқ қағандығымен Қарахандар мемлекетінің құрамына енеді. 14 ғ-дың ортасында Дулаттар Моғолстанға ықпалын жүргізіп, ұзақ уақыт үстемдік етті. 14-15 ғ-ларда Дулаттар Шу, Іле, Талас, Ыстықкөлдің оңтүстік жағын, Оңт. Қазақстанда Отырар ойпатының аймағын мекендеді.

Бат. Жетісудың бұл байырғы тұғындары өздерінің атамекен қоныстарын сақтап қалды. Бұл деректер Мирза Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарих-и Рашидиінде", "Шайбанинамада" жазылған. Ал осы өлкенің ежелгі тұғындары, қаңлылардың батыс тармағы да (Сырдария, Шу, Талас бойы) Керей мен Жәнібек хандарының тұсында-ақ қазақ хандығының құрамында болғаны даусыз. Рашид ад-Диннің дерегіне қарағанда Жетісуда, Қаратау етегінде, Сырдарияның орта ағысында жалайырлар мекендеген. Олардың бұл өңірдің ежелгі тұрғыны екені Н.А.Аристов пен Рашид ад-дин жазбаларынан белгілі. Жалайырдан тараған Сырнамақ, Шуманақ аталары да осы өзеннің атауымен үлес.

Тарихшылар монғол шапқыншылығынан кейін оған дейінгі тайпалардың, тайпалар бірлестігінің атауын, жер атауын, олардың орналасуын, қоныс аударуын, ұлысқа бірігуін, монғол шапқыншылығы олардың экономикасы мен мәдениетіне елеулі нұқсан келтіруіне қарамастан қазақ халқы негізінен байырғы тұрғындар есебінен қалыптасқанын дәлелдеді. Қазақ халқының қалыптасуы осындай ұзақ жылдарға созылып, оған ежелгі түрік тайпалары қатысты.

Қазақ сөзінің дәл атауы мен қазақ жүзінің шығу мерзімі, төркіні ғылымда әлі де анықталмағанымен халық арасында аңыздар мен шежірелерде, кейбір жазба деректерде әр түрлі болжамдар кездеседі. Соның бірінде Пижра 780-790 жылдары (14 ғ-дың ақыры) шамасында түрік тілінде сөйлейтін 32 тайпа елдің бір ханының баласы алапес туыпты да, оның атын Алаша қойыпты. Хан бәйбішесінің азғыруымен Алашаны Сырдың арғы бетіне апарып тастапты. Кейіннен баланың ерлігімен даңқы шығыпты, сонда хан уәзірлері Қотан би, Майқы бидің

¹ "Живая старина", В III-IV, СПб, 1896, 328 б.

² А х и ж а н о в С.М., Кипчаки в истории средневекового Казахстана, А., 1989.

кеңесімен баласын алып келуге қасына жүз жігіт қосып, Қотанның үлкен ұлы Үйсінді жібереді. Ол оралмаған соң Қотанның екінші баласы Болатты, ол да қайтпаған соң кенжесі Алшынды жөнелтеді. Алашаның тобына қосылған үш жүздік жігіт көрші елдердің малын айдап, елін шауып кезептік жасағандықтан "қазақ" аталыпты-мыс деген аңыз бар. (Осы кітаптағы "Бабырнама"-ортақ мұра, "Қосақтар мен һәм Қазақия" мақалаларына көңіл аударыңыз.) Ал 1865 жылғы "Россия империясының географиялық-статистикалық лұғатында" "казахи" деген мақала беріліп, қазақтарды ежелгі косоғ тайпасымен тегі бір деп жазады. Орыс жазбаларында Аландарды Ясаа деп атап, Святослав Дондағы Хан қ-н жаулағанда (936) осы Ясаалармен және қазақтармен (касогтармен) соғысканы айтылады. Страбон жазбасында касогтар Сахадзен аталған. 748 ж. Константин Багрянородный "Закхияның арғы жағында Панагия бар. Панагиядан әрі Казахия, Казахияның сырты Кавказ тауы, одан әрі Аландар мекені", - деп жазды. Бұл деректерге сүйеніп, Клапрота черкестерді де косогтар деген тұжырым жасайды. Бірақ бұл ғылымда әлі зерттеуді қажет ететін деректер.

Қазақ сөзінің дәл атауы, оның шығу мерзімі ғылымда анықталмағанмен 14-15 ғ-ғы жазба деректерде "Өзбек", "Өзбек-қазақ", "Моғол" аталғаны белгілі. Ал 15 ғ-дың 50 жылдарынан былай "қазақ" деген этникалық даму түпкілікті айқындала бастады да бүкіл Қазақ сахарасын мекендеген халық қазақ аталып, ал өзбек атауы Мұхаммед Шайбани бастап, Орта Азия жеріне жылжыған тайпалар одағына ғана тән болып қалды. Моғолстан мен Ноғай Ордасы ыдырағаннан кейін "қазақ" атауы Жетісу мен Шығ. Дешті Қыпшақтың бат. бөлігіне де жайылды. Сөйтіп "Қазақ" этнонимі халықтық атауға айналды. Оның қазақ болып қалыптасуы — Қазақ хандығының құрылуымен тікелей байланысты. Тарихи әдебиеттерде В.В.Вильяминов-Зерновтың зерттеулерінен бастап, қазақ хандығының іргесінің қалануы Жошы тұқымы Керей мен Жәнібектің басшылығымен Шығ. Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларының Талас пен Шу ойпатына орналасуынан басталды делінеді. Мирза Мұхаммед Хайдар Дулати "Тарихи-и Рашиди" деген еңбегінде: "Ол кезде Дишті Қыпшақты Әбілхайыр билейтін еді. Ол Жошыдан тараған сұлтандарға тыныштық бермеді. Жәнібек хан мен Керей хан одан Моғолстанға қашты. Исан-Бұға хан (Есенбұғы) оларды

бауырына тартып, Шу мен Қозыбасыдан жер бөліп берді, бұл Моғолстанның бат. аймағы еді. (Қолжазбаның 237 б.) Бұл деректі Махмұд ибн Уәлидің жазбасы да дәлелдейді.

Сол кездерден бастап Қазақ атауы жазба деректерден орын алды. 15 ғ-дың соңғы отыз жылы — Қазақстан мен Орта Азияның ірі саяси оқиғаға толы жылдары болды. Қазақ хандығы нығайып, Сырдарияның бойындағы қалалар үшін кескілескен ұрыстар жүргізді. Бірақ Қазақ хандығы қаншама кеңейіп, қуаты артқанмен, ондағы феодал топтанушылық жойылған жоқ, қайта 16 ғ-да Қазақ қауымның үш жүзге бөліну процесі аяқталды. Қазақ қауымы негізінен мал өсіруші ел болғандықтан ежелгі көшпелілік дәстүрімен айналысқан. Ұлы жүзге — ежелден Үйсін одағына топтасқан Жалайыр, Албан, Дулат, Суан, Шапырашты, Сарыүйсін, Ысты, Ошақты, Шанышқылы, Сіргелі, Қанлы, Қатаған тайпалары; Орта жүзге — Арғын, Найман, Қыпшақ, Керей, Уақ, Қоңырат тайпалары; Кіші жүзге — (Алшын одағының тобына) Жетіру (Кердері, Керейіт, Табын, Тама, Жағалбайлы, Телеу, Рамадан), Әлімұлы (Қаракесек, Қарасақал, Кете, Төртқара, Шөмекей, Шекті) және Байұлы (Адай, Жаппас, Алаш, Байбақты, Масқар, Беріш, Таз, Есентемір, Тана, Қызылқұрт, Шеркеш, Ысық) сияқты тайпалар бірлестігі кірді. Бұлардың көпшілігі Алтын Орда кезінде ноғайлар, сондай-ақ олармен аталас рулар Еділдің төменгі ағысында, Солтүстік Кавказда, Қырымда кездесіп отырады (Жағалбайлы, Беріш, Шеркеш, Масқар т.б.).

Қасым ханнан кейін Ақназар (1588 ж.ө.), Тәуекел (1582-98), Есім хан (1598-1629), Тәуке (1680-1718) хан үш жүзді біріктірді. Дегенмен қазақ қауымының үш жүзге бөлініп, бір-бірінен оқшаулануы Қазақстанның Россияға қосылуына дейін сақталып келді. Бұл процесс 18-ғасырдың ортасынан 19-ғасырдың екінші жартысында жүзеге асырылды. Бұл оқиға қазақ халқының шаруашылығы мен мәдениетінің өркендеуіне елеулі әсерін тигізді. 19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың басында қазақ халқының буржуазиялық ұлтқа айналу процесі басталды. Негізгі шаруашылығы көшпелі немесе жартылай көшпелі жағдайда мал өсіру, суармалы егіншілік болса, аңшылық пен балық аулау және қол өнер кәсібі де халық өмірінде елеулі із қалдырды. Қоғам өмірінде патриархалдық-феодалдық қатынастар үстем болып келді. Тарихи даму жолында мешеулеп қалған патшалық Россияның отары — Қазақстан 20-ғасырдың сексенінші жылдарына дейін КСРО құрамында еді. Тоқсаныншы жылдардан бастап егеменді, тәуелсіз елге айналды. Бүгінде — Қазақстан жетілген

¹ Географическо-статистический словарь Российской империи. Т. 4. СПб, 1865, 424 б.

индустриялы-аграрлы іргелі Республика. Халықтың материалдық және рухани мәдениеті, тұрмыс-салты жаңа мазмұн тапты. Сауатсыздық мүлдем жойылып, қазақтың ұлттық интеллигенциясы қалыптасты. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы, бірнеше творчестволық одақтар құрылып, көптеген жоғарғы оқу орындары ашылды. Қазіргі қазақ мәдениеті — бүкіл әлемдік мәдениет қорына өз үлесін қосып отыр.

Оқырман қауым, енді мақаланың энциклопедиялық құрылымын өзгертіп, қазақ халқы санының өсуіне бір сәт көз жүгіртейік. Біздің заманымыздан бұрынғы Қытай деректеріне жүгінсек, үйсіндер: 120 000 түтін, 630 000 жан, әскер сапында 188 800 адам; ал қаңлылар: 120 000 түтін, 600 000 жан, әскер саны 120 000¹. Сонда Үйсін-Қаңлыда 240 мың түтін, 1 млн. 230 мың жан жасапты. Сол заманда қытайлар 15 млн. Ал екі мың жылда олар миллиардтан асты, бізші?

Енді қазақтардың өсу кестесіне назар аударыңыздар

Қазақтардың әлемдегі жиынтық саны —
10 миллион адам (1991)

Соның ішінде:

Қазақстанның өзінде	6,790 мың
Егеменді республикаларда	1,665 мың
Шет елдерде	1,535 мың

Егеменді Республикаларда:

	саны		саны
Өзбекстанда	850 мың	Грузияда	3 мың
Россияда	655 мың	Молдовада	2 мың
Түркіменстанда	89 мың	Әзірбайжанда	2 мың
Қырғызстанда	40 мың	Латвияда	1,5 мың
Украинада	14 мың	Арменияда	1 мың
Тәжікстанда	12 мың	Литвада	0,8 мың
Белоруссияда	5 мың	Эстонияда	0,7 мың

Ұлттық автономияларда
(Республикалар ішінде):

	саны		саны
Қаракалпақстанда	315 мың	Дағыстанда	0,9 мың
Таулы Алтайда	11 мың	Шешен-Ингуште	0,6 мың
Қалмақта	6,5 мың	Карелияда	0,5 мың
Башқұртстанда	3,7 мың	Карашай мен	
Комиде	2,0 мың	Малқарда	0,2 мың
Татарстанда	2,2 мың	Тува мен Хакаста	0,1 мың
Сака елінде	1,9 мың		
Бурятияда	1,4 мың	Барлығы;	346,0 мың

Шет елдерде:

	саны
1. Қытайда	1,270 мың
2. Монғолияда	150 мың
3. Ауғанстанда	40 мың
4. Түркияда	25 мың
5. Иранда	15 мың
6. АҚШ-та	10 мың
7. Германияда	7 мың
8. Канадада	5 мың
9. Францияда	4 мың
10. Пакистанда	3 мың
11. Англияда	2 мың
12. Швецияда	1 мың
13. Австралияда	0,9 мың
14. Арабстанда	0,8 мың
15. Австрияда	0,6 мың
16. Аргентинада	0,4 мың
17. Үндістанда	0,3 мың
Барлығы	1,535 мың

¹ Б и ч у р и н Я.Н., Собрание сведений...сонда, 2 т. 184, 190 б.

	Қазақтар саны			Улес салмағы, процентпен				Өсу қарқыны, процентпен			
	1 қантарда			1989 ж. (қазық салмағы бойынша)		1 қантарда		1990 жыл			
	1989 ж. 12 қантарда (қазық салмағы бойынша)	1990 жыл	1991 жыл	1992 жыл	1990 жыл	1991 жыл	1992 жыл	1990 жыл	1991 жыл	1992 жыл	
Республика бойынша	6534616	6700363	6875129	7073072	39,7	40,3	41,1	41,9	102,5	102,6	102,9
Соның ішінде:											
Ақмола	193703	197704	202245	201381	22,2	22,5	22,8	22,8	102,1	102,3	99,6
Ақтөбе	407222	418155	428779	438890	55,6	56,4	57,4	58,3	102,7	102,5	102,4
Алматы	406823	417602	432117	438615	41,6	42,4	43,5	45,5	102,6	103,5	101,5
Атырау	338998	348671	355854	358896	79,8	80,3	81,0	81,3	102,9	102,1	100,9
Батыс Қазақстан	351123	359839	368428	377954	55,8	56,4	57,0	57,4	102,5	102,4	102,6
Жамбыл	507302	520568	540013	563531	48,8	49,8	51,9	53,7	102,6	104,3	103,8
Жезқазған	227402	232453	241287	241287	46,1	46,8	47,9	48,8	102,2	101,8	102,0
Қызылорда	191275	195171	199873	205689	28,9	29,4	30,0	30,5	102,0	102,4	102,9
Қарағанды	231782	237625	243378	256905	17,2	17,7	18,2	19,2	202,5	202,0	105,6
Қостанай	183590	186772	190512	194731	17,5	17,6	17,7	17,9	101,7	102,2	102,2
Қызылорда	511976	525335	536888	546018	79,4	80,5	81,5	81,9	102,6	105,1	101,7
Маңғыстау	165043	169544	178265	189468	51,0	51,9	53,5	54,6	102,7	102,9	106,3
Оңтүстік Қазақстан	1012265	1043034	1073655	1107565	55,7	56,5	57,5	58,3	103,0	102,8	103,2
Павлодар	268512	274535	279923	290599	28,5	28,9	29,3	29,9	192,2	192,8	103,8
Семей	432763	441510	448504	455818	51,9	52,7	53,5	54,1	102,0	101,6	101,6
Солтүстік Қазақстан	111631	113587	115404	118077	18,6	18,8	18,9	19,1	101,7	101,6	102,3
Талдықорған	360453	368414	376032	389835	50,3	51,1	51,8	52,8	102,2	102,1	103,7
Торғай	126975	129955	132884	138048	42,1	42,7	43,2	44,8	102,3	102,3	103,9
Шығыс Қазақстан	253706	258395	262424	271178	27,2	27,5	27,7	28,3	101,9	101,6	103,3
Алматы қаласы	252072	261496	270326	286587	22,5	22,9	23,5	24,2	103,7	103,4	106,8

ҚАСОҚТАР ҺӘМ ҚАЗАҚИЯ

Тарихи танымдылығы бар қазақтың Кавказға таңырқай қарайтыны, ата-бабасының жұрты сияқты алаңдай беретіні неліктен? "Қап, қаз ұшып кетті-ау!" депті ықылым замандағы Каспи есімді адам. Содан тауы Қапқаз аталыпты-мыс. Сұмдық-ай, Қапқазда да кешенін "ауыл" атайтын қарашәй, құмық, балқар, ноғай дейтін ел тұрады екен, — деп таңырқайтын отызыншы жылдардың ақырында, Кавказға барып қайтқан біздің елдің адамдары. Кейін ол халықтар Қазақстанға зорлықпен жер аударылып, қазақпен бауырласып, қыз алып, қыз беріп жекжаттастық. Балқар Наурыздың Зарият есімді қызына үйленген Көшімбайдың Бекбосын деген баласының ұлы Есенақын Есентүкиде тұрады екен. Алғаш ұшырасқанда жиеннің айтқаны: "Ағай, біздің Кавказдың тарихын оқып отырсаңыз, қазақтың да атамекені Кавказ болған сияқты. Мына Есентүкидің тарихы да қызық. Түйеге жүк артқан кіреші осы араға жеткенде түйесі аяғынан мертігіп, жүгін түсіріпті. Арасан суын кешіп түйеқарын жеген түйенің аяғы тез жазылыпты. Содан бері халық арасан суын емге пайдаланады екен. Ал Есеннің түгі қалған соң бұл жерді "Есентүк" атап кетіпті. Анау батыс жақтағы елден бұрыс шыңды көрдіңіз бе?

— Біздің Хантәңірге ұқсайды екен.

— Сол шыңды Елбұрыс атаймыз.

Есенақын ел аңызын айтты, біз болсақ сол аңыз астарынан ақиқат іздейміз. Кавказдағы Қазақ (Газак) қаласының атауы қайран қалдырады. Оның үстіне он екінші ғасырда Қыпшақ ханы Құйыншақтың грузин патшасы Давид IV-нің парсымен соғысына жәрдем ретінде

жөнелткен қырық мың сарбазынан тұқым қалды ма?⁴ Грузин патшасы оларды еліне қайтармай грузин қыздарына үйлендіріп, қалдырып қоймады ма!

Қазақтардың атамзаманнан: "Ұлың-Үрімге, қызың-Қырымға кетсін!" деп қарғайтыны; "Барар жерің-Балқан тау, ол да біздің барған тау" деуі де тегін айтылмаған. Оған қоса Хазар мемлекетін, Алтын Орданы орнатуы, оның бес жағында он бірінші ғасырда Ұзынхасан патшалық еткен Жалайыр мемлекеті, Аққойлы, Қарақойлы тайпаларының билігі, ақыры Темір әскерінің Алтын Орданы қиратуы... Ал Кавказдың үш мың жыл бұрынғы тарихына жүгінсек: Қабала деген астанасы, Қойсу, Иірсу деген өзендері болған, үш мың жыл билік құрған Кавказ Албаниясы мемлекетін атамай өте аламыз ба? Олардың бізбен тілі бір ғой!

Қазақ энциклопедиясын жазу барысында тірнектеп анықтамалық шығарма іздестірмедік пе. Мәскеудің, Ленинградтың кітапханаларынан өткен ғасырда шыққан анықтамаларды қарастырдық. Сондай бір сапарымда "Үлкен Совет энциклопедиясының" кітапханасынан "Географическо-статистический словарь Российской империи" деген алты томдық лұғат қолыма түсті, екі томы қолды болып кетіпті. Жалынып-жалбарынып төрт томын жарты жылға сурап алдым. Бұл кітапты Орыс императоры географиялық қоғамының тапсыруымен оның толық мүшесі, Урусово кешенінде 1827 жылы дүниеге келген, 1906 жылға дейін Семенов, одан кейін ғылымда Семенов-Тянь-Шанский деген есіммен аталып, тарихта өшпестей із қалдырған ұлы ғалым жазып шығыпты. Оған В.Зверинов, И.Филипов, Р.Макк жәрдемдесіпті. Бұл лұғат, негізінен, қазақтың жер-су, оны мекендеген тайпалар тарихына арналған. Мұндай лұғат бұрын-соңды басылған емес.

Осындай құнды шығарманы уәделі мерзімде кітапханаға тапсырмақ болып, Мәскеуге алты жасар ұлым Дастанды ерте жүрдім. Москваны мекендеп қалған Жүніс Бектепов досымның үйіне баламды қалдырып, ертесінде жиналыстан оралсам: — Пап, сен менің балам болсаң, сені портфельіме салып алып, кеңсеге апарар едім де: "Балам, хатшының қасында отыр, сурет сал" деп, қолына шоколад ұстатып, жиналысқа кетер едім" дегені ұлымның. — Ой, айналайын, кеңсеге ертіп барайын, ұзақ күтіп қаласың ғой? — дедім. Айтқанымды орындап, кітапханаға ертіп бардым да, қолына жақсы көретін шоколадын ұстатып, энциклопедия хатшысының қасына отырғызып

кеттім. Жиналыстан қайтқанымша хатшы редакцияларды аралатып, "Үндіске ұқсайтын бала" деп жұртпен таныстырды. Ұлым:

— Пап, біз кітапты тапсырмаймыз, қайтып ала кетеміз, — деді.

— Болмайды, балам кітапхана дүниесін тапсырамыз.

Кітапханадағы тәте: "Москваға қыдырып келдің бе?" деді. "Жо, сіздерге кітап тапсыруға келдім. Папама ол өте қажет, бірақ тапсыру керек" дедім. Тәте айтты: "Папаңа өте қажет болса, соған сол кітапты сыйлайық" деді.

Ұлымның тапқырлығына қуандым. Кітапханашы: "Ұлыңызға сыйладық. Бізде толық бір данасы бар. Алматыға барған соң почта арқылы 21 сом жөнелтерсіз" деп жақсылық жасағаны. Ұлымыз екеуміз алты томдық лұғатты көтеріп, олжालы қайттық. Азияны мекендейтін түрік халықтарының жер-суы мен ру-тайпаларының тарихи деректері энциклопедияға осы лұғаттан алынды. Мысалы, Адай, Айыртау, Ақмола, Ақтоғай (Шарын) т.б. елді-мекен, жер-сулар. Біз ғана емес, "Большая Советская энциклопедия", "Советская историческая энциклопедия" басылымына да авторлар сол лұғатты пайдаланыпты, әуелі қай мақаланы көшіргенін қарындашпен белгілеп те қойыпты. Энциклопедиялық басылымдарда анықтамалық мақалалар бірінен-бірі жанартылып көшірілуі заңды құбылыс. Мұны жұмыс барысында білдік. Анықтамалық басылымға керегі дерек емес пе!

Сол кітаптан, өзге де анықтамалық лұғаттардан тарихтың көмескі кезеңдерінен мағлұмат беретін Қасоқтар туралы мақаланы кездестіріп, соның негізінде энциклопедиялық мақала жаздым:

ҚАСОҚТАР — түрік тайпасы. Өткен ғасырда Орыс Армиясын — Ереван, Тифлис губернияларын мекендеген. 1865 жылғы Ресей империясының географиялық-статистикалық лұғатында Қасоқтар — қазақ-қайсақтармен тегі бір деп жазды. Орыс жазбаларында Аландарды Ясса деп атап, Святослав Дондағы Хан қаласын жаулағанда (936) осы Яссалармен және Қасоқтармен соғысқаны айтылады. Страбон жазбасында Қасоқтар С а х а д з е н аталған. 748 жылы Константин Багрянородный: "Захияның арғы жағында Панагия бар, Панагиядан ары Қазақия, Қазақияның сырты Кавказ тауы, одан ары Аландар мекендейді" деп жазды. Демек бұл кезде Қасоқтар Кубань мен Кавказ жоталарының аралығын мекендеген. Бұл деректерге сүйеніп, Клапрота Шеркештерді де Қасоқтар деген тұжырымға келді. Қасоқтар әулеті өткен

⁴История Грузии, Тбилиси, 1946, 194 б.

ғасырда Тифлис губерниясының Елисаветполь уезіне қарады. Армян облысында 1829 ж. 8,445 түтін Қасоқтар болды. 19 ғасыр тарихшылары бұлардың арасындағы қарақалпақтар Арал қарақалпақтарымен туыс болуы ықтимал деп жазды. Қасоқтар өткен ғасырда Армян облысындағы мұсылман дініндегі халықтармен туыстасып кеткен. Қасоқтардың шығу тарихы, тілі толық зерттелмеген¹.

Бір бет қағазды желпілдетіп бас редакторымыз Мұхамеджан Қоржасбайұлы Қаратаевқа алып жеттім. Мұқа үлкен бөлмеде қазандай басын әрең көтеріп отыр екен, денесі ауыр. Дегенмен бүркітше қомданып:

— Қуаныштысың ғой? — деді.

— Мұқа, энсу күні Мәскеуден алып келген лұғаттан мына тайпаны таптым, — дедім. Энциклопедия жазылып жатқанда қазаққа байланысты дерек табу қуанышты жәйт, әрі ғылымға үлес қосқандай көретінбіз.

Үнсіз отырып, ұзақ оқыды. Терезеге қарады. Қасоқтар терезеден көрінетіндей мен де терезеге қараппын.

— Жақсы дерек екен, Қазақия бұрында естіліп қалатын, бірақ халық жауларымен бірге өшіп еді ғой, — деді.

Қатты қысылдым. Итжеккенге барып қайтқан Мұқанның бітеу жарасына тигендей сезіндім. Бұл 1973 жыл болатын. Демократияны басқаша түсінетін кез. Үн қатпадым. "Әділеттілікті ізде!" деген бір бастықтың әңгімесін есіме алдым. Қарауындағы қызметкері қапаланып кетіп оған:

— Басеке, әділеттік қайда?! — депті.

— Әділеттілік! Әділетшілін. Оны сен білетін шығарсың, жолдама берейін, тауып кел! — депті.

Сол айтпақшы, әділеттілік жолына түсіп, елімнің тарихын іздестіремін деп, абзал ағаларыма зиян келтірмеймін бе? Онсыз да көрген қорлығы аз ба еді? Осылайша іштей тындым. Мұқа сезгіш, зерек жан. Оның пікірін қас-қабағынан аңғаруға төселіп қалғанбыз.

— Қалқам, мақаланы жариялауыңа қарсы емеспін, дерек орыс басылымдарынан алыныпты. Әйтсе де, сақтықта қорлық жоқ, Ақаң оқытып ал, — деді.

Ақаң — Ақай Нүсіпбекұлы Нүсіпбеков, тарих ғылымының докторы, профессор, академик, Тарих, археология және этнография институтының директоры, Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті, энциклопедияға басшылық жасайды. Бір бет мақалаға келісім алу

үшін бара бермейміз. Мына дерек кішкентай жарылғыш сияқты елді дүрліктіруі мүмкін.

Мұқаннан шығып Ақаң келдім. Ол кісі туа большевик адам. Әкесі Нүскең он алтыншы жылы Қарқара көтерілісінде оққа ұшқан. Партия қызметкері болған, соғыста комиссар. Пысылласын коммунистің өсиетінен бастайды.

— Кавказ — ұлттардың шиеленіскен жері. Бірінің аяғын бірі басып кетсе шекелесіп, шахши-бахшиге басады, Байзақ, — деді. — Сендерге үлкен іс жүктеп отырмыз, бірақ тегінді Кавказдан іздей берме!?

— Тегіміз сонда жатыр емес пе?

— Сөзіңнің жаны бар. Мақалаңның дерегі мықты екен, бірақ өртке май құймасын. Сіркесі су көтермей отырған халықтар мекендейді. Кавказдан жер аударылған түрік, қарашай, құмық, балқарлар еліне қайта көшіп жатыр. Соларға қосылып, біз де жер дауымен араласып кетпейік. Дерекке талдау жасамаңыздар, нақты құжатпен сөйлейік, жаныңнан іштеңе қоспа.

— Мақұл, құп болады! — дедім. Мақаланы құптағанын сөзінің төркінінен аңғардым. Ризалығын жылы шырайлы түсінен сездім, өйткені сұсты адам-ды, қуанышын білдірмейтін.

Сонымен Ақаң "талдау жасама" деген соң бұл дерек қысқаша тізбектелді. Бүгін де Ақанның сол айтқаны келіп жатыр. Әзербайжан мен Армения, Грузия мен Осетия арасындағы қақтығыс сол жер дауы емес пе? Соған барып қазақ киліксе не болады? Оның бетін ары қылсын! Қасоқтар кімдер? Қазақия кай жер? деген ойға байланған сауал төңірегінде пікір алысып, тарихқа шолу жасасам деймін. Бұл жер дауы емес!

Жоғарыдағы мақаладағы жұмбақ деректерді тізіп шығайықшы:

— Қасоқтар-қазақ-қайсақтармен тегі бір.

— Қасоқтар Сахадзен аталған.

— Панагиядан әрі Қазақия.

— Черкештер де Қасоқтар.

— Бұлардың арасындағы қарақалпақтар Арал қарақалпақтарымен туыс болуы ықтимал.

Бұл сауалдарға жауап беру үшін бір адамның ғұмыры жете ме? Қаншама тіл білу керек, қаншама қолжазбаларды қарастырып, сол Қасоқтардың мұсылман халқына тұздай сіңіп кеткен ұрпағының тілін, салт-ғұрпын, антропологиялық тұрпатын іздестіру керек. Мұны зерттеу тарихшының ғана үлесі емес, лингвист, антрополог, географтардың да үлесі. Осындай ғылымдар бас қосып, жүйелі зерттесе ғана

¹ КСЭ, Қасоқтар, 6 т. 1975, 536 б.

тарихи шындыққа қол жетпек. Ал біздің қолдан келері дүниеден аты өшуге айналған, әр жерде төбесі қылтиған деректерді "құлағынан" тартып сөйлету, тіл бітіру, жер-судың, ел атауының үйлестігін қарастыру.

Солдай десек те, ғылымға ынтыққан әрбір адам өзінің тамшыдай ойын қағазға түсіргені абзал. Осы ниетпен мен де кірісіп отырмын. Сондықтан жоғарыда пәтуелескендей, халық атауының шығу тәркіне — этимологиясына жүгінейік. Қазақ ғалымы Айтым Әбдірахмановтың этимологияны зерттеген еңбегімен¹ танысқанымызда бұған дейін біраз ғалымдардың әртүрлі зерттеуінде айтылған ойларды бір арнаға түсіріп, жинақтағанына риза боласыз.

Сондағы А.Самойлович пен С.Ибрагимовтың макалаларына жасаған шолуын топтастыру, бұлақтарды бір арнаға түсіру деп білсек керек. Н.Веселовский, А.Чулочников, П.Фалев, олардан кейін 1866 жылы Ценкер, 1878 жылы Вамбери де, 1912 жылы венгр ғалымы Гомбоц та: к а з — кезу, тентіреу деген сөз деп, Темірқазықты айналған Жетіқарақшыдай жүрісінен таңбайды. Солардың ішінде заманындағы жазба деректерге сүйенген А.Самойлович қана. Ол 1245 жылы Мысырда (Египет) қыпшақ тілінде жазылған сөздікті де (1894 ж. Хоустма шығарған): "тентіреген", "қаңғыған" мағынасы айтылады, — дейді. Бұл ғалымдардың бірі де қазаққа көшпенді деген сөзді қимайтын сияқты. Бұлардың бәрі дәл мағанасын білдірген сөз іздейді, әрі түпкі ата сөз — "қасоқтан" емес — "қазақтан" қарастырады.

Қазақ — өзгерген сөз ғой. Өткенді былай қойғанда, мына қарайып тұрған екі ғасырда қазақты-қырғыз, қырғыз-қайсақ деп те орыстар ат қойып келмеді ме? Оған таңғалатын да жағдай емес, бұл адам баласына тән құбылыс. Мәселен, біз де русты — орыс десек, немісті (Deutsche) — немец (макау), біз де соларға қарап — неміс атаймыз. Ол атауларды кемсіткеннің белгісі деп қарауға болмайды. Сондықтан өзге елге қарағанда түрік зерттеулері шындыққа бір табан жақын. Мәселен, Оғыз ханның: Күн хан, Ай хан, Жұлдыз хан, Көк хан, Тау хан, Теңіз хан есімді алты ұлы болған. Оғыз хан соларға мынадай өсиет айтады: "Сіз үш үлкен ұлым, алтын жақ тауып әкелдіңіздер және оны бұзып (сындырып) алдыңыздар, сондықтан бүгіннен бастап, қиямет-қайым болғанша сіздерді "бұзық" десін. Үш оқ тауып әкелген

кіші ұлдарым, сіздерді "Үш оқ" десін. Жақты және оқты тапқандарың адамның ісі емес, тәңірінің ісі. Бізден бұрын өмір сүрген халық жақты патшаға теңеп, өздерін оқып деп түсінген. Керілген жақ пен оқты қалай қарай атса, оқ сол жаққа барар. Мен өлгеннен кейін Күн хан менің тағыма отырсын. Одан соң халық Бұзық нәсілінен кімді қабыл алса, сол патша болсын" (Әбілғазы, Түрік шежіресі, А., 1992, 23 б.). "Бізден бұрынғы халық жақты патшаға теңеп, өздерін оқып деп түсінген". Сол оқып дегеннің бірі К о с — о қ" емес пе? Кім айта алады? Әрине бұл сөз ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. Оқ — көне заманнан бірлікті, одақты білдірген. Л.Лигета Оғыз атауының өзі көне түріктегі "ог-ана" сөзі деп талдайды. Қалай болса да тілші ғалымдар Әбілғазы жазбасындағы Оғыз ханның айтқанынан алыстамайды. А.Кононов, А.Щербак, С.Малов, В.Бартольд та оқтың — одақ екенін құптайды. Сөздің түпкі тәркіні де солай.

Бұл сөз орыс жылнамасында 965 жылы Святославтың Хазарға жасаған жорығында айтылады. Святослав Хазардың Саркел қаласын алып, Донның төменгі ағысында Яссыларды (Бүгінде Яссы атауында Румынияның солтүстік-шығысындағы қала, Түркменстанның бұрынғы атауы) жеңгенде, олармен көрші қасоқтардың мекені орналасқанын жазады. Ал сол Яссы Оғыз ханның немересі Языр емес пе? "Язырдың мағынасы — ел ағасы" (Әбілғазы).

Сол замандағы Қасоқ мағанасы 19-ғасырда Осетинде "к а с а ч ь" ел атауы ретінде сақталған. Яғни осетиндер черкештерін казачь атайды. Олай болса жаратқан ием-ау, Шеркеш қазақ құрамындағы тайпа ғой! Брокгауз бен Эфронның лұғатында: Қасоқтардың мекені Қабарда үстіртімен жалғасады да, осетиндер мұны қасаджы быдыры атайды". (Энциклопедический словарь, 28 т.СПБ, 1895, 666 б.) делінген.

Ал араб географтарының жазбасына қарасақ, кашак, яғни Қасоқтар Аландармен бірге Кавказ үстірті мен Рүм теңізінің (Қара теңіз) аралығын мекендеген. Ондағы деректен де "к а ш а к" атауы шыға келеді. Бұл қазаққа тікелей балама — "Ш" мен "З"-нің ауысуы.

Сөздің орайы келгенде айтпасқа да болмайды, сол "қашаққа" байланысты Үндістанда да атау бар: "Синг өзенінің арғы бетіндегі таулар да Кашмирге қарайды, — деп жазды Заһир ад-дин Мұхаммед Бабыр, — ...Жұрттың айтуынша бұл таудың халқын Қас деп атаған көрінеді. Маған мынандай бір ой келді. Үндістандықтар "шин" әрпін

¹ Әбдірахманов А., Топонимика және этимология, А., 1975 106-117 б.

"син" деп атайды. Үндістандағы ең көрікті қала — К а ш м и р. Жалпы ол таулы өлкеде, біздің естуімізше, Кашмирден өзге қала жоқ. Олай болса, Кашмир аталуының себебі де сол халықтың есіміне байланысты болар, яғни "кас-каш". ("Бабырнама", "Ататек", 1993, 315 б.).

Маған да мынадай бір ой келді: "Кавказдағы қырықсаққа жүгіртіп жүрген Қасоқ пен Үндістандағы Қас бір халық емес пе?" Оның дәлелі — хұндардың Үндістанға төртінші ғасырда жосуы емес пе? Бұл туралы Калхананың "Раджатарангиндер" атты Кашмир тарихында жазылған. Бұл жайында Джавахарлал Неру Орталық Үндістанға хұндар ағылып келгенін, олардың көсемі Торамана патшалық құрып, билігі елу жылға жуық жүріп, содан кейін хұндар жергілікті халықпен араласып кеткенін, тіпті "раджпут аксүйектеріне олардың қаны да араласуы мүмкін" деген¹.

Соған қарағанда біздің жыл санауымыздың басында Еуропаға қарай жортқан Күн (хүнн) бабаларымыздың ұрпағы Қасоқтар Кавказ тауының қойнауында қалып, олардан Шеркеш, Қабарда, Балқар, Құмық тайпалары тарағанын тарих бетінен оқып, айқын көріп отырмыз. Бұрынырақ айтып өткеніміздей Тмутарахан княздығы оларға әжептеуір ықпал жүргізіп отырған. Тмутарахан — Аз теңізінің (Азов) шығыс жағалауында ежелгі Хазар жерінде, біз әңгімелеп отырған заманда орыс аймағына орнаған әкімшілік. Ол кезде онда хазар, угар, гот халықтары мекендеді. Святослав билік жүргізген шақта орыстар араласа бастады. 11-ғасырда әкелі-балалы орыс князьдарының арасындағы қақтығыста оларға Бешенектер мен Қасоқтар т.б. тайпалар жәрдемдеседі. Ал он екінші ғасырдың басында біржолата Бешенектің қоластына көшіп, орыс тарихынан аулақтайды. Бірақ Татищев: "Қасоқтар, Ясылар, Қазорлар Болгария жасақтарына қосылып, Святославқа қарсы шықты" дейді, ал Карамзин мұндай деректі кездестіре алмайды².

Содан Қасоқ есімі орыс тарихында 1223 жылы моғол жорығында қайта пайда болды. "Слово о полку Игореведе" қайта кездеседі: "Иже зарева Редюю пред пылки касожьскими" демей ме? Бұл шығарма түрік жазбагерінің қолынан шыққан дүние болып жатыр. Сірә, көп дерекке

¹ Д ж. Н Е Р У, Взгляд на всемирную историю, т. 1, М., 1977, 164-166 б.

² Карамзин Н. М., История государства Российского, 1 т., М., 1989, 127, 274б.

басқаша көзбен қаралған зерттеулер жазылар.. Н.Карамзин орыс жылнамаларына сүйеніп: "...Святослав победил еще Ясов и Касогов: первое вероятно, нынешние Оссы или оссетинцы — будучи Аланского племени, обитатели среди гор Кавказских, в Дагестане и близ устья Волги; вторые суть черкесы, коих страна в X веке именовалась Касахией: оссетинцы и теперь называют их касахами" (сонда, 127 б.)

Орыстың ұлы тарихшысы Карамзин, заманындағы арғы-бергі жазбаларды зерттеп, Қасоқтарды — Шеркештер десе, олардың жері 10-ғасырда Қазакия аталса, Оссетиндер оларды 19 ғасырда да касахтар деп атаса да біз Қасоқтар емеспіз дейміз бе? Кезінде Карамзин Батыс Қазақстан жерін, Еділ бойын қазақ тайпасы — Шеркештер мекендейтінін, оларда қазақтың құрамдас бөлігі екенін білмеген болу керек.

Қасоқтар халық атанды, белгілі аймағы болды. Онда ел бастаған батыры, көсемі қайсы? Бұл сауалға жауапты тағы да орыс тарихынан іздейік. "Еділдің сағасынан Қаратеңізге дейін, Днепр мен Окаға дейін жайлап жатқан Қыпшақ, Бешенек, Ұздармен 11-ғасырда Аскольд, Дир, Олег, әкелі-балалы Владимир арасында айқас саябырламады", — деп жазған 1140 жылдары Левит Еврейский, Равви Иегудилер. Сол туралы Н.Карамзин: "... Мстислав об'явил войну Касогам или нынешним Черкесам, восточным соседом его области. Князь их Редедя, сильный великан, хотел следуя обычаю тогдашных времен богатых, решить победу единоборством..." (сонда, 2 т. 16 б.). Жекпе-жекке шығарда Редедя: "Жұртты жазықсыз қырмайық, жекпе-жекке шығайық. Жеңсең елім, қатын-балам сенің олжаң", — дейді. Редедяның жойқын, алып күшіне шыдай алмай буыны босай бастаған Мстислав құдайына сиынғанда денесіне әл бітіп, Қасоқтың батырын жеңеді. Сол сапарда Мстислав Хазар, Шеркеш-Қасоқ елінен қол жинап, Днепр жағасына аттанады. Бауыры Ярослав билеп отырған Киевке шабуыл жасайды. Сол жорыққа Шеркеш-Қасоқтар да қатысқан.

"Мстислав Қасоқтармен соғысында елін, жерін қаратты ма?" деген сауалға Н.Карамзин тарихи жазбаларға сүйене отырып былай дейді: "Святослав победил Касогов, однако он не обладел, кажется, их страной. В родословных книгах сказано, что князь Мстислав Владимирович, сын Монамахов, сражался с Ординским князем Редегою, убил его, взял двух редигинных сыновей, крестил и назвал одного Юрьем, а другого Романом; выдал за последнего свою

дочь. Нет сомнения, что сия сказка основана не Маномаховым, а Владимира Святого" (сонда, 200 б.).

Бұл бір жағынан жазба шежіре, екіншіден, ел аузынан жазылған жыр желісі. Қалайда Қасоқтар жеңіліп, жау еліне тиіспей, екі ұлын шоқындырып, біріне қызын бергені өзге тарих беттерінен де ұшырасады.

Қасоқтардың там-тұм тарихын осымен тамамдап, олардың елі, жері неге Қазақия аталғанына зер салайық. Моғол ханның төрт ұлының бірі — Рашид ад-диннің жазбасында да, Әбілғазы шежіресінде де Қара хан емес пе? Қалған ұлдары — Өз хан, Көз хан, Көр хан. Өз ханнан — алты ұлды Оғыз хан тарайды. Ал, Қара ханның ұлы — Ел хан, оның кіші ұлы — Қиян. Осы Қара мен Қиян елі қосарланып Қарақия елі аталмады ма? Ел ханның інісінің Қиянмен құрдас Нукуз атты ұлы болды.

"Бұл екеуінің бала-шағасы мол болды, — деп жазады Әбілғазы баһадүр, — Әсіресе Қиян әулеті көп болды. Нукуз әулеті одан аз болды. Қиян әулетін Қ и я т дер еді. Нукуз әулетіне екі ат қойылды, бірнешеуін — Нукуздер, бірнешеуін — Дәрліктер деді. Қиянның мағанасы — таудан құлап, күшпен ағатын сел деген сөз. Ел ханның ұлы самдағай, әрі күшті еді. Сондықтан Қиян дер еді. Қият соның көпше түрі." (сонда, 28 б.). Бұған қарағанда, Шеркеш, Ясы, Қасоқтар да түрік текті ел, сол Қара ханның Қиян ұлының аты мен жерін Қара мен Қиян елі — Қарақия, бара-бара Қ а з а қ и я атауы ойға қонымды. Мұны қазаққа жақындата түсетін жәйт — сол атаудың қазақ жерінде көптеп кездесетіні. Мысалы, Теріскей Алатаудағы Қарақия (Жалаңаш тауында), Қызылқия атауы соның айғағы.

Кавказдағы ел атауы, жер атауы — Ұлы даладағы дүрбелең заманда қоныс аударған халықтың ұрпақтарының есімін солардың тұқымы десек, ал "қазақ" атауы он бесінші ғасырда қалай ел атауына айналды? Бұған бірден-бір дәлел — Қазақ хандығының құрылуы. Сол хандықтың құрылуын көзімен көрген, оқиғаларды басынан кешірген бабаларының сөзін естіп, жазбасын оқып, кейінгі ұрпаққа "Тарих-и Рашиди" атты шығармасын қалдырған бабамыз Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбегінің құндылығына баға жетпейді. Бұл шығармада Қазақ хандығы құрылғанға дейін Жетісу өлкесін мекендейтін халықтарда "қазақ" атауы қолданылмаған. Олай болса, сөз төркінін Қасоқтардан іздеу керек. Бүкіл Шығыс Еуропа, араб, парсы, түрік жазбаларында қазақ — көшпелі елдің, еркін көшіп-қонып тұрғын кешкен кезбе халық атауы ретінде ғана айтылады.

В. Юдин де: "Қазақ дерекнамаларда 13-ғасырда пайда болып, қазақ, қазақлық қылмақ, қазаққыламақ деп іс-әрекет тұрғысында айтылады" дейді, біз мысалға келтіріп отырған ел, жер атауы — Қазақия, Қасоқтар, орыстың қашқын тобы — қазақ атауы да ескерілмейді.

Қазақ атауының орнығуы Әбілхайрдан бөлініп, жеке хандық құрған Орысханның тұқымы Жәнібек пен Керей Жетісудағы Моғолстан жерінен иелік алып, хандық құрып, оны — Қазақ хандығы атауына байланысты қалыптасты.

Бұл жайында оқиғалардың басы-қасында жүріп, көзімен көріп, немесе көрген адамдардан естіп жазған Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің "Михман-наме-ий Бұхара" жазбасында былай делінеді: "Осы кезде (1508-09, Б. Қ.) Шыңғысханның әулетінде өзбекке үш тайпа ел қарайды. Билігі жүріп, хандық құрып отырған Шибандар әулеті. Екінші тайпа ел — қазақтар, олар қайратымен, ержүректігімен дүниеге аты жайылған ел; үшінші тайпа — маңғыт, олар Астархан патшалығын құрып отыр..." Бұл үш тайпа елдің қайсында болсын Шыңғыс әулетінің сұлтандары бар. Ең даңқтыларын хан тұтады. Қысқасы қазақтардың бәрі де Шыңғысхан ұлысына қарайды". Солай дей отырса да, Мұхаммед Шайбани жаулап алған Орта Азия әулетінің билігінде еді.

Исфандықтың бұл сөзі көпшілікті бас шұлғытар да, ал шынтауайтында, бүгінгі қазақтың ата-бабасы ықылым заманнан бері Хантәңір, Кавказ, Алтай, Алатаудай ұлы тауларды жайлап, Қаратөңіз, Каспий, Арал сияқты теңіздерді жағалай қоныстап, Сырдария, Амудария, Іледария, Еділдария бойларына үй тігіп, Үйсін, Қаңлы, Найман, Дулат, Керей, Қыпшақ мемлекеттерін құрып, жерін Қазақия, Дешті Қыпшақ, Қазақстан атап келеді. Осындай түпатамыздың бірі — Қасоқ, байырғы жер атауымыз — Қазақия. Осы орайда, жоғарыда аталған Шеркештер мен Осетиндерден өзге Қасоқ пен Қазақия атауына еншілес болғысы келетін ел бар ма? деген сауал туындаса керек. Әрине бар. 1991 жылы "День" газеті (№14) "Государство Казахия" атты сұхбат жариялады. Нью-Йорк қаласының баспагері Валентин Пруссакоттың шетелге қоныс аударған атақты суретші Илья Сергеевич Глазуновпен сұхбатын жариялады. Су-

¹ Утемиш-хаджи, Чингиз-наме, А., 1992, 76 б.

² Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани, Михман-наме-ий Бұхара, М., 1976.

ретшінің саясатқа көзқарасы ой тастарлық. Сұхбатта И.Глазунов былай дейді: "В США в 50-е годы нынешнего столетия был принят закон, гласящий, что Америка в своей политике должна преследовать цель расчленения России. Насколько я знаю, он до сих пор не отменен... Украина должна образоваться государство под названием К а з а к и я-я, правда, не знаю что оно должно обозначать, но там есть это, написано черным по-белому..."

Бұл әңгімеге қалай сенбейсіз? Америкада тұратын адам, АҚШ-тың заңын айтып отыр. АҚШ заңы орындалды — СССР тарайды. Түбіне жетті! Бұл заңмен Америкаға барған адам Конгресс кітапханасынан таныса алады. Украина дербес мемлекет құрды, бірақ Американың заңына құлақасып "Қазақия" аталмады. Қазақ атауында тағы бір мемлекет құрылып жатса, артық бола ма! Украинада қазақ болмағанмен казактар бар ғой дейтін де шығар біреулер.

Тарихты әр ел өз білгенінше өзгерте беру — жақсылыққа апарып соқпаса керек. Украина бізбен шекаралас болмағанмен Қазақстанда 3 миллиондай украиндар тұратынын естен шығармаған жөн. Орыстанған олар бір кездерде: " Сендердің "қазақ" атауың біздің казактан алынбады емес пе деп жүрсе, қалай, олармен де жауласамыз ба? Сондықтан бұл атауларға елді құлақтар ете берген жөн. Сол мақсатпен мақаланың бас жағында сөз болған Қасоқтар жайындағы деректі Россия империясының статистикалық-географиялық лұғатында басылған "Казахи" мақаласын орыс тілінде сөзбе-сөз оқып көрейік: "К а з а х и, древние косоги, племя, обитающее в русской Армении, т.е. Эриванской и Тифлисской г-иях, тождественное с нынешними Кайсаками (казақтар, Б. Қ.). Страна Казах или Казахская дистанция, называемая Страбоном Сахатзене, входит ныне в состав Елисаветпольского у. Тифлисской г-я. О Казахи упоминает Константин Багрянородный в 748 г. В это время Казахи жили между Кубанью и Кавказскими хр. "За Закхией", говорит Константин Багрянородный, "находится Панагия, за Панагиею Казахия, за Казахиею Кавказская горы, а за ними отечество Аланов". Этот цитат сбил Клапрота (Генрих-Юлий von Klapproth) (1783-1835), Б. Қ.), который предположил, что Черкесы тоже что Казахи. Численность Казахов в Армянской обл. в 1829 г. простиралась до 8.445 д. об. п; между ними род Карапахов, вероятно тождественный с Аральскими Каракалпаками. Ныне Казахи сильно

смешались с другими магометанами бывшей Армянской области, (Шопен, ист, пам., стр. 532, страна Казах"¹.

Оқырманды лұғатта жинақталған дерекпен таныстыру мақсатымен аудармай, атауларын да бұзбай, нұқатымен көшіріп ұсынып отырмын. Енді осыдан туар дерекке тағы да көз жүгіртейік. Біріншіден, атаудың бұдан 130 жыл бұрын ғылыми басылымда "қазақ" аталуы; екіншіден, "қазақ елі, қазақ тайпасы Страбонда — "Сахатзена", "Сакасена" аталуы; үшіншіден, Бабыл патшасы, тарихшысы Константин Багрянородныйдың 748 жылы қазақты, Қазақияны, оның жерін, мекенін, Аландармен көрші екенін жазуы; төртіншіден, Клапрот Шеркештерді да казактар деп жазуы қате ме? бесіншіден, 1829 жылы Армян жеріндегі қазақ саны; алтыншыдан, олардың ішінде, бүгінге дейін бір тілде сөйлейтін қарақалпақтың болуы, әрі олар бір тілде сөйлесе қасоқтар да казакша сөйлеген болды ғой?

Жиырма екі жол шағын ғана лұғаттық мақалада қазақтың тарихына үлкен өзгеріс қосатын деректің болуы қайран қалдырады. "Ұлтшыл" болып кетеміз деп деректі ашық пайдаланбай келгенімізге ашынасыз да!

Енді осындағы деректерді анықтай түсетін жазбаларға жүгінейік. Қазақ елі Страбонда "Сахатзена", "Сакасена" аталғаны қалай? "Сақтар Бактрияны жаулап алып, Арменияның шұрайлы жеріне қожалық жүргізіп, ол жерді өз атауымен С а к с е н а атады" деп жазған Страбон (География, М., 1964, 484 б). Содан келіп Қасоқ сөзінің Саққа байланысты екені қаратер болып дәлелдеуді керек етпейді. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы Қытай жылнамаларында Сақ-Сә аталды. Ал Каспий атауын алған Каспий тайпасы да Сақтан өрбіген. Сондықтан Қас-оқ — Қас одағы (оқ-одақ) аталмай ма? Бұл жайында ілкі беттерде Әбілғазыдан мысал келтіргенбіз.

Хош, сақтардың қазақ тірлігіне ұқсайтын, әрі кавказ жерінде мекендегенін дәлелдейтін дерек бар ма? Ондай дерек өте мол. Соның бірі біздің жыл санауымыздан бұрын Эфардың "Ұлы эой" дастанын пайдаланған Страбон: "... көшпелі Скифтердің (Сақ) бір тайпасы қымыз ішеді" десе, Эфор Херил жырына сүйеніп: "Саки, посущие агинцев, Эфор рождением — скифи" деп жазды (сонда, 277 б.).

Жарайды, бұны сусынның атауы дедік, ал тұрағы жайында айтқан ба? "От северных стран и океана —

¹ Географическо-статический словарь Российской империи, Казахи, 2 т, СПб, 1865.

населяют некоторые скифы-кочевники, живущие в киби-ках, а еще далее от них в глубь страны — сарматы (также скифы), аорсы и сираки — простирающиеся на юг до Кавказских гор" (сонда, 468 б.).

Ежелгі жазбаларда бие байлап, қымыз ішіп, киіз үй тігіп көшіп жүрсе, өздерін Қасоқпыз, жеріміз — Қазақия десе, біз қалай ол тегімізден бас тартамыз? Қазақия деп еліміздің атын жаңғыртып, түп атамыз Монғолиядан шықты деудің орнына — сақ екенімізді ұмытпай, бабаларымыз Кавказды да мекендегенін, сонда қалып та қойған ұрпақтарымыз бар екенін, 1829 жылы 8.445 түтін бүгінде қандай күйге түскенін, армян архивіндегі қыпшақ, албан жазбаларын, өткен ғасырдағы Қазақ сайын, Әзербайжандағы қаланың қалайша Қазақ аталғанын да зерттеріміз.



АЛБАНДАР ҺӘМ АЛБАНИЯ

"Тау Мұхаммедке қарсы жүрмейді, Мұхаммед тауға қарсы жүреді," — деп кавказдықтар айтқандай, таулықтар тауын пайғамбарындай сыйлайды. Кавказдықтар сияқты ұлы таудың қойнауында тұратын қазақтар бар. Мұқағали ақын да "Мен — таулықпын," — деген:

Тау дейтін алып жүрек Ана туған,
Мен — таулықпын!
Таудан мен жаратылғам,
Киіктің сүтін ішіп ержеткенмін,
Қуат алып қыранның қанатынан...

Мен — таулықпын!
Таудан мен жаратылғам,
Тау деген Ана туған, дара туғам.
...Тауға барып көкке ұшып кетсем бе екем,
Ұстап алып қыранның қанатынан."

Таулықтар осындай "тәкаппар, албырт, шабытты жұрт болады," — дегенді көп айтамыз. Дүниедегі сондай таулы халықтардың бірі — албандар. "Қайсы албандарды айта-сыз?" — деп сұрарсыз. Дүниеде Албан атауы көп ұшырасады. Бүгінде жер жүзі білетін Балқан тауындағы албандар, оның мемлекеті — Албания, түрік халқы білетін Кавказдағы албандар. Біздің жұмбақтап отырғанымыз — сол Кавказ албандары, оның мемлекеті — *Албания*. Қазақ: "Атың өшсін!" деп қарғайды, "Отың өшпесін!" деп бата береді. Бұл халықтың туған жері — Кавказда аты да, оты да өшкен.

Солай десек те, дүниенің төрт бұрышында жұлдыздай

жарқырап, Албан атауы ұшыраса кетеді. Мұны ешбір халық ескере бермейді, әсіресе, қазақтар пір де тұтпайды. Мұның отын қағаз бетінен сөндірмей екі мың жылдан бері бірінен бірі көшіріп келе жатқан жоқтаушысы — ғалымдар.

Дүниеге танымал, адамзаттың алтын қорынан орын алған Албан атауына назар аударыңыздар: *Албан* — Кавказдағы ежелгі халық; *Албан* — Балқандағы ұлт атауы; *Албан* — қазақ халқының құрамындағы көне тайпалы ел; *Албан* — Кавказдағы ежелгі өзен; *Албана* — Кавказ Албаниясының гәдім шаһары (Птолемей жазбасында айтылады); *Албан Асан* — қазақ ақыны; *Албания* — Кавказдағы көне мемлекет; *Албания* — Балқандағы мемлекет; *Альбани* — Нью-Йорк штатының бас қаласы; *Альбани* — Батыс Австралиядағы қала; *Альбани-Сити* — Америка Құрама штаттарының Орегон штатындағы қала; *Альбани* — Римдегі тұқымы көп тараған әулет; *Альбани* — Боцендік, скрипка жасаудың дүниеге танымал шебері, 1621 жылы туған, Стайнердің шәкірті; *Альбани* (1578-1660) — болондық мектептің суретшісі; *Альбани* (1753-ж. т.) — Ақсүйектер әулетінен шыққан Луиз Мария; *Альбани* — Ұлы Британия королінің мұрагері Леопольдтың лауазымы; *Альбано* — Римдегі қала; *Аламани* — Луидж Аламани (1495-1556), Италия ақыны, атақты Аламани әулетінің ұрпағы; *Аламан* — қазақтың Албан тайпасының рулар бірлестігі.

Осыншама Албан атауы қайдан шыққан, түбі бір атаудан өрбіген бе? Бұл сауалға жауапты ежелгі заман жазбасынан табамыз. Мұның бәрінің тамыры Кавказ албандарында, олардың құрған мемлекеті Албанияда жатыр. Адамзат тарихының алғашқы жазбаларында Албан атауы Кавказдан өрбіген. Енді, оқырман қауым, бүгін де Кавказда аты өшкен, оты сөнген сол халықтың жұртына саяхат жасап, дерегіне көз жүгіртейік. Әңгіменің арқауы — олардың хұнн, түрік халықтарымен араласуы, жер-су атауларының ұқсастығында болмақ. Сол замандағы ойшылдар: "Дүниеде ғажайып екі түрлі құбылыс бар, бірі — көктегі жұлдыз, екіншісі — адамның іштегі сыры" деген. Бұл екі құбылысты да адамзат әлі де жете білмей келеді. Адамзаттың саналы ғұмыры да онша ұзақ емес, жиырма мың жылдың ар жақ, бер жағы ғой. Сол қысқа ғұмырда адамның өзі жасаған тірлігі де жұмбаққа айналып кетпеді ме? Соның бір дәлелі — біз әңгімелеп отырған Албания! Әйтсе де, біздің жыл санауымыздың басында гүлденіп, Кавказдың шығыс аймағындағы ежелгі тайпалардың басын қосып, Каспий жағалауын жұмаққа айнал-

дырған елдің аты қалай өшеді? Құдая тәубе, әйтеуір із қалған ғой. Сол ізді қуалап көрейік.

Кавказ Албаниясы бүгін де тарихшыларға жұмбақ болғанымен, қазақ оқырмандарына жетпей, онымен ата-бабаларымыздың байланысы айтылмай, тарихымызға, оқулықтарға еңбегеннен кейін көкейден орын алмады. "Көңілден кетсе де көкейден кетпейді" демекші, көкейдегі көп сауалдың жауабын тарқатайық. Албания — Кавказ тауының шығыс бөктерінде, бүгінгі Әзербайжан, Дағыстан жерін қоныстанған көне мемлекет. Халқы — негізінен албандар. Бүгінгі Дербент қаласының маңындағы Чола, Чоға қаласын кезінде "екі құрлық арасындағы Кавказ қақпасы" атаған. Бұл бекет-қала қашан тұрғызылды? Мемлекет жайындағы деректерді қай тарихи шығармалардан оқимыз? Археологиялық қазба жұмысы жүргізілді ме? Ежелгі заман тарихшылары Милетский, тарихшылардың бабасы Геродот және Ксенофонт, Плиний, Страбон, Аппиан, армян жылнамашылары Фавст, Хоренац т. б. жазбаларына үнілсек, Әзербайжан жеріндегі Минчегуар, Шұқырқабала, Софулу, Қабала, Топырақала, Хыныслах т. б. да көне қалалардың орнына жүргізілген қазба жұмыстардың нәтижесіне қарағанда Кавказ Албаниясының тұрғындары біздің заманымыздан бұрынғы бір мың жылдықта жер өңдеп, мал өсіріп, қолөнер кәсібімен шұғылданған. Сол дәуірде Орталық Азияны мекендеп, заманында дүркіреп шаһар салып, Қытай сияқты іргелі елмен елшілік қатынас жасаған Үйсінде 630 мың, Қаңлыда 600 мың жан болғанын ескерсек, Кавказ Албаниясында 500-750 мыңдай халық мекендеген. Соған қарағанда, біздің жыл санауымыздан бұрын жасаған бұл мемлекеттердің терезесі тең болды деп айта аламыз. Осыған байланысты жинақталған деректі Қазақ энциклопедиясынан оқып көрейік: "Кавказ Албаниясының халқы б. з. б. 1 ғ-да Армения, Грузия халықтарымен үзеңгілесе отырып римдіктердің Закавказьеге жасаған басқыншылықтарына (Лукулл б. з. б. 69-67, Помпей 66-65) қарсы күрес жүргізді. Б. з. 3-5 ғ-нда феодалдық қатынас орнап, христиандықтың мемл. дін ретінде қалыптасуын жеделдетті.

5 ғ-да Кавказ Албаниясы Сасани әулетіне — қарсы күреске белсене қатысты. 6 ғ-да Сасани әулеті Албан патшаларының ұрпағын жойды, бірақ ұзаққа созылған күрестің нәтижесінде Кавказ Албаниясы 7 ғ-да тәуелсіздігін қалпына келтірді. Сол кездегі оның көрнекті билеушісі Джебашир Гирдыманский (638-670) болды. Оның тұсында албан жазбасы жүйеге келді. "Ағван тарихы" жазылды (авторы армян тарихшысы Мовсеса

Каганкатвази). Эзербайжанның қазіргі Лекинт, Күм кешендерінде Кавказ Албаниясының 5-6 ғ. архит. ескерткіштері сақталған." (КСЭ, 1974, 5 т., 167 б.)

Албанияны ежелгі замандарда сақтар, албандар, мик пен каспийлер мекендеген. Аракс өзенінің бойын жайлаған миктер жайында Геродоттан дерек алған тарихшы-географ Гекатей Милетский (б. з. б. VI-VII ғғ.) жазбасында айтылады. Кіші Азиядағы Милет қаласында дүниеге келген Гекатей Азияға, Мысырға жиһанкездік жасап, "Жер жазбасын" қалдырған. Ал албандар жайында қысқаша ғана дерек Полибийде кездессе, сол замандағы Кавказ мемлекеттері, әсіресе Кавказ Албаниясы, оның тарихы, оның этнографиясы жайындағы бірден-бір құнды еңбек Страбон жазбасында (Страбон, География, М., 1964) кездеседі. Албандардың шығу тегі Рим жазбаларындағы аңыздарға сүйеніп алынды. Эней әкесі Анхиз, баласы Асканимен Тигр жағасындағы Лаврентке келеді де қала салады. Ал сол жердің аборигендерінің патшасы Латин көрші рулармен соғысуға одақтасады да сол айқаста жеңіске жетіп, соған таяу жерден қызының есімімен Лавини қаласын орнатады. Рутулдармен қайта соғысқанда Латин қаза табады, бірақ Егей одақтасының есімімен елінің атын Латин атайды. Әкесі, атасы дүние салғаннан соң Аскания Албан тауының етегіне (Италиядағы тау) Альба қаласын тұрғызады. Асканияның қасқыр емізіп ержеткен жиендері — Ромул мен Рим Рим қаласының іргесін қалаған. Соларға жақын жерде Коллция, Лабин, Фиден кешендерінде албандар ғұмыр кешкен, бірақ олар римдіктерге бағынбай, жеке билік жүргізді. "Албандар әуел баста римдіктермен тату көрші болды. Жеке патшалық құрып, тәуелсіз ел болғанымен қыз алысып, құдандалы болып, Альбаға бірге құрбандық шалып, бір тілде сөйлейтін латындар еді," — дейді Страбон¹ (Сонда, 216 б.). Әрине бұл албандар кавказдық емес, бүгінгі Балқандағы Албания мемлекетінің албандары, олар өздерін скифтар деп атайды.

"Албан" этнонимі 2-ғасырда тайпа атауы ретінде пайда болған. Ал біздің жыл санауымыздан бұрынғы Рим маңындағы елмен туыстығының дәлелі ретінде тілін ғана айтуға болады.

Страбонның 11-кітабында, Танаис аймағы терістігінде Каспий теңізіне дейін мұхитпен шектеседі. Содан арғы жағы (Әрине, Римнен қарағанда) Албания мен Армения. Сол жерде Аракс Армениядан, ал Кир Иберия мен Албаниядан ағып, Каспий теңізіне құйылады. Тау ара-

¹ Страбон, География, М., 1964.

сындағы ойпаттар — шалғын шөпті, малға жайлы қоныс-ты. Таудан бұлқына аққан асау өзендер теңізге барып құйылып, жайындай бұлқынды. Алазан, Сандобан, Ретик пен Хан қайықпен жүзетін өзендер, бәрі де Каспийге құйылыпты. Хан деген өзен Страбон білген заманнан бұрын Кором аталды делінеді. Бұл Қорам деген атау емес пе? Бұл жұмақ жерді мекендеген албандарды Страбон: "Мал бағуға бейім, көшпенділерге жақын, туыстас, бірақ тағы халық емес, сондықтан аса жауынгер ел деп айтуға болмайды" — деп жазды. Көненің тарихшысы тек тағы халықты ғана жауынгер атаса керек. Бірақ сол замандағы жазушылар Атропатена [Атропатена — Оңтүстік Эзербайжан жеріндегі мемлекет, б. з. б. 4 ғ.-б. з. 7 ғ. аралығында өмір сүрген. Астанасы — Газак (Қазақ, Б. Қ.) қаласы] мен Албания тайпаларын жауынгер халық қатарына қосады. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-1 ғасырларда 10 мың атты, 40 мың жаяу әскер, ал Албания 22 мың атты, 60 мың жаяу әскер шығарып, римдіктермен айқасып, елін қорғаған. (Страбон, сонда, 493 б.). Страбон Албания жайындағы деректі өткен замандағы саяхатшылар жазбасынан алғандықтан, кейбір деректері сол кезеңдегі тарих деректеріне қайшы келіп те жатады.

Албандардың кәсібін түрік жұртының тірлігіне жақындататын жағдайы — қару-жарағы һәм кәсібі. Албандар сақпан атып, садақ тартқан, темір сауыт киіп, қалқан ұстаған. "К области албанцев принадлежит и область Каспиана, названия по исчезнувшему теперь племени, именем которого названо и море. Проход из Иберии в Албанию идет через безводную и каменистую область Камбисену к реке Алазонию. Как сами албанцы, так и их собаки чрезвычайно склонны к охоте..." Мұнан екі деректің шеті шығады: біріншіден, Каспий маңы да Албандарға қарайтыны; екінші, сол заманда каспийліктердің дүниеден латындар сияқты жойылып кетуі. Каспийлер — Эзербайжанның шығыс өлкесін мекендеген ежелгі тайпа. Бұл этнос б. з. б. 5-ғасырда Геродот тарихында жазылды, ал б. з. 1-ғасырына дейін Мидиян, Албан т. б. тайпалармен араласып, біртіндеп атауы өшкенмен, жер-су атауы күні бүгінге дейін сақталып қалды. Осылардың мекені Қазақия сияқты Каспия аталды.

Страбон географиясының он бірінші кітабын беттесеңіз Апарындай деген этносты оқып қайран қаласыз. Страбонның айтуынша дайлардың аймағынан қоныс аударған. Меотиданың үстінде мекендейтін ксандияндар немесе париямдар көрінеді, бірақ ондағы сақтардан бөлек дейді.

Сонда бұлар қай сақтар? Сол заманның өзінде Арсақты кейбіреулер сақтардан, кейбіреулер бақтиярлықтардан таратады. Диодоттың үстемдігіне қарсы Парфияда көтеріліс жасағандар да осы арсақтар. Ал түрік сөзінің түбіріне жығылсақ, Ар-сақ атауы Арыс деген сияқты ел ұғымын білдірсе керек. Сонда Сақ елі немесе арғы Сақ елі аталуы ойға қонады. Осы жолдарды оқығанда ұстазым Мұсатай Ақынжановтың қазақтар: қаз-сақ деген тұжырымын еске алып, орыс тарихында қазақтарды — қайсақ атауы иландырады. Бұған біз көзжұмбайлық жасап, "тисе басқа, тимесе тасқа" деп, "Орыстар қазақ деп те атамады, "Қырғыз-қайсақ" деді емес пе", — деп өзереуіп келдік. Алды-артына ой жүгіртсек, кемсіту емес, қайта түп атамыз: қас-сақ, қай-сақ, қас-оқ, ар-сақ екенін еске салыпты ғой!

Бұл орайда дай-сақтарды ғана мысалға алайықшы. Бұл этнос атауы күні бүгінге дейін Кавказда сақталған атаулар қоры сияқты. Брехгауз бен Ефронның энциклопедиялық лұғатының бірінші томында "Адай-гох" атты мақала жазылған. Адай-гох — Ардон өзені бастау тартатын Кавказ жотасындағы шың.

Көне заман тарихшыларының еңбегін жинақтай оқығанда *Апарандай, Арсақ, Каспий, Қасоқ, Алан, Албан* т. б. біздің арғы тегімізді құрайтын Албания мемлекетінің құрамындағы тайпалар болғанына көзіміз жетеді.

Арменияның Аракс өзені Албанияның шекарасымен ағып, Каспийге құяды. Сол Аракс жазығының бір шеті Сакесена, ол да Кир өзені арқылы Албаниямен шектеседі. Сонда Аракс пен Кир өзендерінің Каспийге құяр аралығы албандарға қараған. Ал Газак (Әзербайжандар "к" әрпіні "г" деп оқиды. Мысалы, Кавказды — Гавказ, Қазақты — Газак. Б. К.) қаласы ше? Бұл да сол замандағы Ұлы Мидияның жаздық астанасы, ал бас қаласы — Эббатан. Дарий патша (б. з. б. 522-486 ж. билік жүргізген) кезінде Бабыл мен Кавказ қақпасының аралығында парсы патшасының 50 мың жылқысы жайылыпты. Сол шақта жаздық астанасы Газак қаласы оған таяу болды ма? Қалай дегенмен де Албаниямен шекаралас екенінде күмән жоқ. Армяндар Аракс бойына өсірген арғымақтарын парсы патшасының Митракин тойына жыл сайын 20 мың арғымақ жөнелткені Страбонда жазылды (сонда, 499 б.).

Кавказдағы албандардың, қасоқтардың мекенін, жер-су атауларын білдіретін біраз этнографиялық ұғымға байланысты ежелгі заман жазбаларына, оның ішінде грек тілінде тарихи жазба қалдырған Диодор Сиклийский (Б. з. б. 1 ғ.), Кавказдың бас дерекнамасы саналатын Ксенофонт

жазбасына жүгінейік. Сол Сицилияның Агири қаласында туған Диодор Европа мен Азияға саяхат шеккен жиһанкез адам еді. Соның нәтижесінде "Тарихи кітапхана" атты, ежелгі дүниеден Цезарь соғысына дейінгі дәуірді қамтитын қырық кітап жазып қалдырған. Соның біріншіден бесіншіге дейінгі және он бірінші кітабы мен кейбір үзінділері ғана бізге жетіп отыр. Бұл еңбекте Албания аймағының Каспияны, Каспий қақпасы, Амазонкасы жазылады. Каспиянды айттық, Каспий қақпасы көп жазылып жүр, ал Амазонка не? Мұның атауы қалай өзгергенін Страбонның 12- кітабынан табамыз. "Кейбір жазушылар, — дейді Страбон, — Гомердің сөзін өздеріне өзгертіп, "алазондарды" — "амазонок" деп жазады. Мұның төркіні "Алибиден" шықпай ма? Борисфеннің жоғарғы жағындағы сақтарды "Алопаналар", "Алобтар" деп атаудан шыққан. Қалай дегенмен тарихи атау ретінде қалыптасып кетті."

Страбон еңбегі толық сақталып, әрі өзіне дейінгі Паседон, Эфор, Эратосфен, Гиппах еңбектерін пайдаланып, қорытынды шығарып, салыстырып жазған он бірінші кітабында Албанияның географиялық жағдайын, ауыл шаруашылығын, мал шаруашылығын, әскери құрамын, тілін, дінін, сәулет өнерін де дән қоя жазған.

Страбонға дейін, әсіресе Иосиф Флавий (б. з. 37 ж. ш. т.) "Иудей соғысы" атты кітабында албандар мен абериелер, парфияндар мен скифтерді (сақтарды) Кавказ қақпасынан өткізіп жіберді, аландармен келісімге келді деп солқылдатады. Осы жағдайда албандар, сақтар аландармен бір тілде сөйлейтін туыс тайпалар болғандықтан соғыссыз пәтуаға келді ме дейін десеңіз, одан кейін жасаған Плутарх (б. з. б. 46-120 ж.) Албанның қырық мың әскері римдіктерге қарсы соғысқанын, албандардың көтеріліс жасаған жеріндегі: *Кирн, Аракс, Абант* т. б. жер атаулары, олардың әскери қолбасшысы Кисис есімін атайды. Сол соғыста Албан жеріне енген Помпейге қарсы алпыс мың жаяу әскер, он екі мың атты әскер "соғыс тәсілімен" тойтарыс берген. Осындай дерек барда албандар "момақан болыпты" деп айта аласыз ба? Оған қоса Дионисий (б. з. 2 ғ.) "Жер бетінің жұртын" өлеңмен жырлаған шығармасында Каспий теңізінің айналасындағы сақ тайпаларын — *ун, каспий, албандарды* айта келіп, "албандар — жауынгер халық", — дейді.

Бұдан бұрынғы деректер (б. з. б. 59 ж.- б. з. 17 ж.

Алиев К., К вопросу об источниках Страбона в описании древней Кавказской Албани, "ДАН. Азерб. ССР" 1960, №4.

дейінгі) жинақталып, жүз қырық екі кітаптан құрастырылған Тит Ливидің "Рим тарихында" Помпейдің Кавказ Албаниясына жасаған шабуылы жайында дерек бар. Тарихи әдебиеттерде "Кавказ Албаниясы" атауы Балқан түбегіндегі, әрі Италияның Албан тауындағы аттас халықпен шатастырмас үшін алынған. Олай дейтіміз, сол замандағы кейбір саясаткерлер "Албан түбі Италиядан шықпады ма?" деп күмәнданады, бірақ оған деректі сол заманда-ақ таба алмаған. Мұның субелі бір дәлелі б. з. 23-жылдарының шамасында дүниеге келген Үлкен Плинийдің отыз жеті том "Жаратылыс тану тарихында" Албания мен оның тайпалары, өзен-сулары жайында теңдесі жоқ деректер қалдырды. Сонда: "Кур ойпатын Албан тайпасымен иберлер аралығын Алазан өзені бөліп жатады, басты қаласы — Қабалақ және Птолемейдің Хабаласы — сол" деген ой тастайды. Бұл еңбекте силваларды (армян тарихшылары Чилба атайды) лупенилер мен содаларды, Албанияның — Қас, Албан, Камбис, Кир өзендерін атады. Көне заман тарихшыларында бұра тарту, өздеріне туыстық жақындастыру деген ұшыраспайды.

Бұдан екі мың жыл бұрынғы деректер осы шамада, бірақ атаулардың, мәліметтердің кейбір жазбаларда өзгертілуі, жаңылыста кетуі ықтимал. Ал бұлтартпайтын тарихи дерек-зат, карта саналады. Сондай картаның бірі — 1500 жыл шамасында жасалған Рим картасы. Мұның нұсқасы біздің жыл санауымыздың 2-4 ғасырларында сызылған болу керек. Картаны Аугенбург ғалымы Конрад Пейтингер тапқан. Карта Тевива Pevtidevian аталып кеткен. Конрад Миллер мұны Римнің географы Кастория (4ғ.) жасады ма деген Миллер мұны Римнің географы Кастория (4 ғ.) жасады ма деген ойға келеді. Кім жасаса да бұл карта Албанияның тарихи географиясының аса құнды дерегі. Кавказ Албаниясын түбегейлі зерттейтін адамға таптырмайтын дерекнама болар еді.

Кавказ Албаниясы мен Албандар жайында ежелгі замандағы Рим тарихшыларының дерегі осындай. Албандардың өз жазбасы немесе көрші елдердің жазбасы сақталды ма? Бұл сауалға жауапты Армения тарихшылары мен көнеден қалған құрылыс қалдықтары, оны мекендеген адамдардың тұтыну заттарынан табамыз.

Сондай бір теңдесі жоқ еңбек — Фавстос Бузандтың бесінші ғасырда жазған "Армения тарихы"¹. Мұнда Кавказ Албаниясының кейінгі дәуірдегі мәліметі келтіріліп Чилбо

(Шыбыл, Чибл, Б. Қ.) тайпасы, Маскуттың патшасы Санесанның Албанияға жорығы, Албан патшасы Ұрнайрдың қарсылығы, ел басқарудағы өзінше ерекшелігі, қолөнер мәдениетін дамытудағы тірлігі жазылған. Албанияның іргелес елі Атропатенаның бас қаласы Гандзак аталады.

Албандардың дерегі армян тарихшысы Егиштің "Тарихында", Моисей Хоренскийдің² тарихында да жазылған. Алғашқы тарихшы оның патшасын Ваче десе, соңғысы Албанияның тайпаларының бірі гагарлардың 5-ғасырда өз жазуы барын ескерткен. Бұлардың өткен замандардағы тарихи жазбалардан ерекшелігі — Каспийдің солтүстік жағалауларында Дербентке дейін Масқұт тайпасы мекендейтінін, ол тайпаға бұрынғы деректерде аталмаған Камбечан, Шаке, Шакашен (грек пен римдіктердің жазушыларында Сакесен), Гардман аймағы қарайтынын жазып кеткен.

Біздің заманымыздың 4-7 ғасырларында Кавказ Албаниясының тума туындылары пайда болған. Соның бірі — Моисей Каганкатвацци шығармасы³. Тарихшылардың пікірінше Каланкайтүкте туған албандық еңбегін сол заманда әдеби тіл аталған Албан тілінің бірінде жазуы мүмкін. Сол тұстағы армян жазушыларының шығармасын оқи отырып, кезіндегі діни кітаптардың аударылуына байланысты гагар (Гага, — үйректің үні, гагауыз (оқ-үз) тілімен тамырлас болуы ықтимал) тілімен тектес деп жорамалдайды, бірақ бізге жеткені көшірме данасы. Қалай дегенмен өз тума тарихшысының қолымен жазылғандықтан жер-су, адам атауларында да дәлдік бар деп ұққан жөн. Мәселен, аймақ атаулары: Лпақ, Камбечк, Қапалана (Қабала), Каспк (ежелгі тарихшыларда Каспийна аталған), Жгбац ашхар (Жікбі мен чиболдардың аймағы), Утеацоц ашхар (Уди елі) т. б. Бір сәт албандардың есіміне назар аударыңыздар: Муцик, Шама, Шеро, Вачаган, Хус, Алатан. Әрине, бұл атаулардан түрік сөзін іздеп, жата жармасу ғылымға жат қылық. Дегенмен шығарманы көшірген, зерттеу жүргізген армян ғалымдары болған соң өз тілінің жазылуына, дыбыстық үндестігіне үйлестіру жат іс емес, қай ел болса да сөздің айтылуына қарай жазды. Оның айқын айғағы қытай жазбасы болса керек. Егер, Лпақ — Ылпақ, Камбечк — Көмпеш,

¹ История Егише Вардалета, Тифлис, 1853.

² Хоренский М., история Армении, М., 1893, 323 б.

³ Каганкатвацци М., История армян, СПб, 1861.

¹ История Армении Фавстоса Бузанда, Ереван, 1952.

Капалана — Қапала, Каспк-Қаспак, Каспияна — Қаспақия екенін дәлелдемек болса, ол ғалым армян мен түрік тілін жетік білуі ләзім, сонда ғана дәлелденсе керек. Егер бұл болжам расталса, онда сақтардың тілі — түріктің ата тілі екені де дәлелденіп, тарихқа жана бір көзқарас орнығар еді.

Қалай дегенмен де, таза албан тілінде дерек жетпеген. Кітапты албан жазғанмен, армян тіліне аударылғанын тағы да айта кетейік. Сондықтан Кавказдың шығыс беті парфян, грек тілінде "Ардан", немесе "Албания" аталған.

9-12 ғасырлардағы тарихи жазбаларда Албания мен аландар тарихына (С. В. Юшков пен И. Шопен¹ еңбектерінде) жана бетбұрыс жасалды, жинақталды. Албанияның халқы ежелгі сақ, хұн тайпалары екені айқынырақ байқалды. И. Шопеннің еңбегінде "Авгания, Албания, Чога" атты тарауы Кавказ Албаниясына арналады. Ол армян авторының жазбасына сүйеніп, Албанияның жерін — Авгования, Алпней, Чога немесе Чора деген аймақтарға бөледі. Бұлардың бәрі де Кура өзенінің екі жағасын, Каспий теңізінің жағалауын мекендейді. Ол Албания мен Алпанианы Дағыстан атауымен байланыстырады. Шопен: "Ежелгі заман географы — Птолемей Албанияны Каспимен, Чогамен шатастырады," — дейді. Оның топшылауынша Чога — осы атты адамдар мекені немесе хұндар. Әрине, чоғалар хұндарға жақын болса, онда біздің жорамалдауымызға бір табан жақындай түспей ме?

Ежелгі жер-су атаулары өзгергенмен 19-ғасырда географиялық белдеулер орта ғасырдағыдай тақталанбай, яғни ықлымдық (климаттық) белдеуге түспей жер бедері оның дөңгелектігі, әрі өз кіндігінде қозғалысы да ескерілді. Сондай еңбектің баірі — Б. Дорнның "Каспий" (орыстардың көне заманда Табаристанға жорығы) еңбегінде Кавказ Албаниясының кейбір жұмбақ қырларына тоқталады. Біз ілкіде Птолемей жазбасына сүйеніп, "Албания Сармат тауымен шектеледі, иберилер Алазан өзенінің бойында" десек, Дорн Каспийды Албанияға жатқызып, Албания жеріндегі өзендер Курге емес, Каспий теңізіне құятынын дәлелдейді. Біздің бұған да күмәніміз бар. Себебі, екі мың жылда табиғатта қандай өзгерістер болмады. Бір заманда Каспийге құятын Амударияның құрғаған арнасы ғана жатыр. Сол Амудария мен Сырдария біздің көз алдымызда

¹ Ю ш к о в С. В., К вопросу о границах древней Албани, "Ист. зап.", 1937, №1, 147 б.; Ш о п е н И., Новые заметки на древние истории Кавказа и его обитателей, СПб, 1866.

суы тартылып, Арал теңізін қорғап қаламыз ба деп, дүниежүзінен жәрдем сұрап жатқан жәйіміз бар емес пе? Дегенмен көне жазба мен бүгінгі табиғат құбылысындағы өзгерістерді халыққа ұғындырып отыру — зерттеушілердің адамзат алдындағы асыл міндеті. Сондай еңбектің бірі — М. Бархударяның "Агван тарихы". Оның басты жаңалығы — Кавказ Албаниясының шекарасын осы замандағы жағдаймен белгілейді, яғни: "Кавказ Албаниясының шығыстағы шекарасы — Каспий теңізінің жағалауымен Аракс, солтүстігінде — Дербент дуалының бойы; батысында — Алазани, Хунаракет пен Дзорагет өзенінің бойы, оңтүстігінде — Арцах жотасы мен Гаргар(Каркар) өзенінің Аракске құйылысы". Ол албандардың Дербент дуалындағы жазуын келтіріп Албанияның халқынан қалған жұрт — льпиндер, жигбілер, масқұттар дейді, бірақ ол Албан атауын кездестіре алмайды.

Мұнан кейін өткен заманғы жазба деректерді салыстырып, анықтамалық ұғым берген Паули Виссовтың энциклопедиясының бірінші томындағы "Албания мен Албандар" атты мақаласында Албанияның шығысында шекара Соаннан (Сулак, Қойсу) немесе Казуистен (Самұр) басталатынын, ал Албан, Қас, Герр мен Қойсу Каспийге құятынын, албандардың тілінің негізі — уді, қрыз, хинаулық, агул тілдерінде сақталғанын жалпы Албания елі 26 тілде сөйлегенін жазған..

Түрік әлемінің әйгілі тарихшысы, адамзат тарихында өшпес із қалдырған В. Бартольд ислам энциклопедиясындағы "Арран" атты мақаласында "Арран-Албания" деп дәлелдеді. Кейінірек Ширван мен Әзербайжан аймағы (Кур мен Аракс аралығы) Аран аталып, біздің заманымыздың алтыншы ғасырында Албанияның астанасы Тертер өзенінің бойындағы Партан қаласына көшіріліп еді, оныншы ғасырда Барда қаласының тұрғындары аран тілінде, яғни албанша сөйлеген. Аранды Оспан халиф (644-656) кезінде арабтар жаулап алған.

Кавказдағы Дағыстан, Әзербайжан халықтары түрік тілінде сөйлейді. Олай болса Кавказ Албаниясын мекендеген байырғы халықтар бүгінгі қай халықтың ататегі? Монғолия мен Солтүстік Қытай жерінен Қара теңізге дейін Түрік империясының құрылуы алтыншы ғасыр ғой. В. Бартольдтың ислам энциклопедиясында басылған "Түріктер" мақаласында: "Батыс ғалымдары түріктер скифтермен туыс, жоқ дегенде сол халықтың бір тармағы.

¹ Б а р х у д а р я н М., История агван (армян тілінде), Тбилиси, 1902.

Курцияның Ұлы Александр тарихында скиф патшасының Яксартты мекендейтін бауыры Картазис есімімен аталады¹, — деп скифтерді сақ деп айтуға аузы бармайды. Қытайлар сақты — Сэ атап, түріктерді — сунну (хұндар) тұқымы демей ме! Сондықтан ежелгі тарихшылар да Скиф пен Сақты қоса қабат айтпайтынын ілкідегі ел, жер атауларынан да аңғардык.

Қытай жылнамаларында түріктер хұндардан бөлінген тайпа десе, Кавказға алдымен 4-ғасырда хұндар, 6-ғасырдан бастап түріктер ағылды. Осы орайда ескерте кететін дерек хұндар мен түріктерден бұрын мекендеген скиф-сақтар, олардан өрбіген хазарлар, бешенектер, қыпшақтар, аландар, қасоқтар да түрік тілдес халықтар.

7-ғасырдың басында Албанияға хұндар басып кіреді. Бұл кезде Албанияны (636-670) Михранид әулетінің князі Жеуаншир (Джеваншир) билеп отырған. Ол Сасани әулетінің соғысына жеті жыл қатысып, албандардың атты әскерінің спарпеті деген әскери атақ алған. Мұның ақыры насырға шапты, арабтардан жеңілген Сасани мемлекеті ыдырап, оның әскері Албанияға орнықпақ оймен жорыққа аттанады. Жеуаншир спарпет бастаған албандар сасандықтармен кескілескен ұрыс жүргізіп, мал-мүлкін, адамын қолға түсіреді. Солтүстігінен хазарлар, оңтүстік-шығысынан арабтар көз тіккен албандар Византияның императоры Константин 2 мен Жеуаншир 660 жылы бірнеше рет жолығып, достық қатынас, одақ құрып, хазарлардың жолын кеседі. Бұлардан құтылғанымен даланың тағысындай хұндар көп малын айдап, адамын қорқытып тыныштық бермеді. Ашық соғысса тәуелсіздіктен айырылатын болды. О заманда хұниға қарсы шығар күш те жоқ-ты. Сондықтан Албанның қолбасшысы Жеуаншир хұн патшасының қызына құда түсті. Хұндар албандарға 1 мың 200 тұтқынын, 120 мың ірі қарасын, 7 мың жылқысын, тонаған мүлкін қайырып берді.

Осы ретте "Шығыстың ұлы князі Жеуаншир, — деп жазды Моисей Каганкатвац, — өз елінің болашағын ойлап, қатты күйзелді. Түстіктегі басқыншылар жаулап алса, елімді аяққа таптайды-ау! Ол Түркістанның қарақорым әскерін жәрдемге шақырар да еді, бірақ түстіктің қол астына өтті."² Мұнда Түркістанның әскері деп Естеми қаған бастаған батыс Түрік қағандығының әскерін айтып отыр. Ал түстік деп араб халифатын айтса

¹ Бартольд В. В. сонда, 5 т. 576 б.

² Каганкатвац М., сонда, 154 б;

керек, өйткені заманында арабтарға, римдіктерге, хазарларға сыйлық жөнелтіп отырған Жеуаншир дүниеден қайтқанда (670) ақын Даутақ жырау жоқтау айтқан. Албан тағының алып патшасына арналған жыр түрік халқының жоқтауына ұқсас: "Сенің даңқың дүниенің төрт бұрышын шарлап еді. Бүкіл әлем көрегендігіне, қуатына, тапқырлығына таңырқап таңдай қағып еді..." мақтан, мақтау сарынымен жырланады.

Мұнан кейінгі жылдары Албанияның Гардман мен Баласакан (Балакандар, Байлақандар) аймағының көтерілісін Албан княздары Сахл ибн Сұмбат пен Аласад, Сиуниктің нәменгері Васах басқарған. М. Каганкатвацидің жазбасында, баласақандар он екі жыл бойы Албанияның Уайқұдық, Бердзор, Сисакан, Мивс (Хабанд), Амарас, Пазканк, Мханк, Три аймағында қозғалысқа қатысқан. Жеуаншир өлгеннен кейін тозған елдің басын біріктіру үшін Албанияның астанасына елдің ру ақсақалдары, аймақ нәменгерлері, ақсүйек тұқымдары жиналып, Жеуанширдің бауыры Вазарперождың ұлы Вазар Трдат патриция дәрежесін алып, Албанияны басқарады. Араб халифатының нәменгерлігіне тағайындалады.¹ Ол қаншама бостандық жолында күрескенмен халифатқа тәуелділігінен құтыла алмады.

Қырық саққа жүгіртілген географиялық атауларды 6-8 ғасырлардағы карталармен салыстырғанда Қас өзені бүгінгі — Самур, Албан өзені — Сумгайт, Гельда қаласы (Армян тарихшыларының жазбасында: Челе, Чога, Жора) бүгінгі Дербент. С. Ковалевскийдің бұл зерттеуінде ("Птолемей картасы")² бүгінгі Бакудың орнында — Гетар (Гангар) қаласы болған. Кавказ Албаниясының біздің заманымыздың 1-ғасырындағы астанасы — Қабаланың орны Кутакшен ауданында. Әзербайжан мен Дағыстанның Куткашен, Барташ аудандарының тұрғындары қабалалықтар аталады.

Бұдан екі жарым мың жыл бұрын Мидия мен Мысырға жорыққа аттанған сақтар Шығыс Рим империясына шабуыл жасаған (443, 447-448 ж.). Аттила (Атыл), он бірінші-ғасырдағы оғыздар, селжұқтар, хазарлар, он екінші ғасырдағы қыпшақтар, ақыры 13-ғасырда монғолдың басқыншылығына ұшырап, Алтын Ордаға бағынып, Темірдің жорығынан күйреп бүлінген Кавказ Албаниясының ежелгі тайпаларының жұрнағы сақталғаны ғажайып

¹ Сонда, 268 б.

² Ковалевский С. А. "Карта Птолемея" в свете исторической географии Прикаспия, "Изв. Всесоюз. геогр. о-ва, Л., 1993, т. 85, 31-48 б.

құбылыс! Журнағы сақталғаны дегеніміз — сол басқыншы монғол-татарлармен араласып жаңа этностар пайда болды. Олар бүгінгі эзербайжандықтар мен дағыстандықтар.

Мақаланың алғашқы жолдарында дүние жүзіндегі Албан атауын тізгенде қазақ құрамындағы Албан елін, оның ақыны Албан Асанды атадық. Кавказ Албаниясында бірде-бір халық өзін Албан атамағанда қазақ ішіне бұл тайпа қай заманда араласты? Бұған күдіктене үңіле зерттеуді қажет ететін екі дерек бар: *Біріншісі*, Жетісуды ежелден мекендеген Үйсін, Қаңлы, Дулат, Жалайыр тайпалары мемлекет, одақ құрғанда солармен қатар аталатын Албан, Суан, Шапырашты тайпалары ондай дәрежеге неге жетпеген? Күні кеше Шоқан Уәлиханов: "Большая сотня, или как принято Орда, составляется из четырех главных основных родов: Дулат, Жалайр, Албан (Абдан) и Суан, все они совокупно, в виде нарицательного имени, называются уйсун; название происшедшие от имени сильного племени уйсун, принадлежавших прежде к союзу выше поименованных родов этой орды..."¹

Шоқан Ұлы жүздің негізгі Үйсін аталатын басты тайпалары Дулат, Жалайыр, Албан, Суан деп атағанмен олармен терезесі тең Шапырашты, Ысты, Сарыүйсін, Шанышқылы, Сіргелі сияқты іргелі елдерді де санаттан шығармаған жөн. Бұл еңбегінде Шоқан орыс зерттеушілерінің кейбір қате жазбасына сүйеніп, Албанды Абдан деп жаңсақ атайды. Осы орайда, тайпалардың мемлекет құруына немесе мемлекеттердің құрамына қатысуына байланысты тарихқа үңіліп көрейік. Шежіреде бір атадан — Бәйдібектен таралатын Албан, Дулат, Суан тарихына зер салсаңыз, дулаттар 6-ғасырда Юебань (Үрбі) одағын, 15-ғасырда Моғолстан мемлекетін құруға қатысады. Олардың әскери қолбасшысы Камел ад-дин Дулати Темір әулетімен соғысады. Ұлы перзентіміз, тұңғыш тарихшымыз Мұхаммед Хайдар Дулати "Тарих-и Рашиди" жазбасын қалдырып, Кашмир уәлаятының билеушісі болды. Осы деректің бәрінде де Албан, Суан, Шапырашты аталмайды да. Соған қарағанда "Қазақ халқы қалыптасқан шақта бұл тайпалар өз атауларына ие болған ба?" деген сауал туады.

Екіншісі, қазақ албандарының ішінде Кавказ Албаниясының Албан, Чога, Чибил тайпаларының, сол атаудағы өзендер ше? Гельде қаласы армян тарихшыларында Челе, Чога аталады. Қазақ құрамындағы Албан елі Сары, Шыбыл аталатын екі атадан өрбиді. *Шыбылдан*:

¹ В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр. соч., т.2, 151 б.

Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Құртқа-Мамай. Бұлар рулар бірлестігі. Сарыдан: Сүйерқұл, Сүйменді (Тауасар деп те аталады). Сүйерқұлдан: Досалы, Шоған, Қожбанбет, Жарты рулар бірлестігі қалыптасқан. Бұлар — төрт шам Сегізсары аталады. Сонымен Кавказ Албаниясының құрамында аталатын Чибил, Чога — Қазақ албандарында — Шыбыл, Шоға; Шапырашты да — Шыбыл аталады.

Қазақ тарихына байланысты тарихи шығармаларда бұл атаулардың төркіні нені білдіретінін қарастырайық. Біздің дәуіріміздің басында Үлкен Плинийдің (б. з. 23 ж. ш. т.) жазбасында чилбалардың (Шыбыл) Кавказ Албаниясында орналасуы жазылған. Ал Махмұд Қашқариге¹ түрік шыбылдарының (Чигил) үш тобы мәлім болған. Б і р і — Тараз қаласының қасындағы Чигил қаласында; е к і н ш і с і — Саты асуының етегіндегі, Шелек өзенінің басындағы Барысхан қаласының, сол өзеннің Іле дарияға құяр сағасындағы Құяс қаласының тұрғындары; Ү ш і н ш і с і — Қашқариядағы чигил кешеніне, оның маңына орналасқан. Сол орта ғасырдағы Албан шыбылдары Шелек өзенінің бойында, Шапырашты шыбылдары Іле Алатауының етегін, көне Тараз маңын күні бүгінге дейін мекендейді.

С. Кляшторный, 8-ғасырдың бірінші жартысындағы Ходжо қолжазбасына сүйеніп, Жетісудың *Алтын, Аргу — Талас-Улуш, Чигил-балық, Йаканкент, Ордакент* қалаларының аталатынын ескертеді. Сол арада түрік атауында — *Құлан, Жұл, Бұзық* т. б. қалалар болған².

Қазақ албандары 1889 жылғы дерек бойынша 15 мың 420 түтін. Одан бергі жүз жыл мерзімде албандар едәуір өскен. Мұхтар Әуезовтың "Қилы заман" туындысында қалың Албан дей келіп, 1916 жылғы халық-азаттық көтерілісін патша әскері аяусыз қырып, күшпен басқаннан кейінгі халін былайша суреттейді: "... Албанның елі үдере көшті. Салқар-салқар болып, қайтқан қаздай тізіліп, ауа көшіп тартып берді.

Артында қара түтін болып жәрменке қалды. Албан Албан болғалы қыстың жұтын, жаздың індетін көрсетпеген, жер кіндігі — ата қоныс мекені қалды. Тау толған архар, бұғы, елік, қарақұйрық, таутекедей жабайы, жайын көршілері де қалды. Алдында белгісіздікке толған тұманды күндері құшағын жайды. Артында нәлет айтып, алдына қарай жол тартты".

¹ М а х м ұ д К а ш қ а р и, Диван лугат ат-турк, т 1, 330 б.

² К л я ш т о р н ы й С. Г., Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии, М., 1964, 136 б.

Сол ауа көшкен албандар шекарадан аттап Қытайдың Іле аймағына қоныс тепкен. Одан кейін Совет өкіметі орнағанда жеріне қайта жөнкеріле көшті, біразы қалыпта қойды. Қазір сонда 200 мыңнан астам албандар мекен етеді.

Қазақстандағы албандардың біртұтас отырған жерлері Алматы облысының Кеген, Нарынқол, Ұйғыр, Шелек аудандары, бытырай қоныстанған тобы — Қырғызстанның Түп, Қарақол аймағын, Ташкент облысын, Жоғарғы Шыршықты, Шымкент облысының Төле би ауданын, Қазықұрт етегін, Жезқазған облысының Ақадыр ауданын мекендейді. Албандар этнос ретінде толық зерттелмеген. Олардың елін-жұртын, тағдырын жазған ақын-жазушылар, ғалымдар — Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Бердібек Соқпақбаев, Мұқағали Мақатаев, Әбдікәрім Ыдырысов, Ғабдол Сланов, Жолдасбай Тұрлыбаев, Тұрлыбек Мәмесейітов, Еркін Ібітанов; Ілгерідегі ақын-жазушылар — Құланаян Құлмамбет, Көдек, Бөлтірік, Қожеке, Албан Асан, Жүсіпбек Шайқысламұлы, Карбоз Қаңтарұлы т. б. қазақтың асыл перзенттері Албан елінің тарихын, ел бірлігін, тірлігін, жанатты жерін, асқар таулы өлкесін шығармаларына арқау етті.

Кавказ Албандарымен қазақ албандарының тумалық тамырын жоққа шығаруға болмайды, бірақ ғылыми тұрғыдан дәлелдеуді керек ететін жағдай. Оған негіз армян тарихшыларының қолжазбалары, сондағы қыпшақ жазбалары болмақ. Каганкатвацидің "Агван тарихының" түпнұсқасын түбегейлі зерттеген адам тарихымызға соны бір жаңалық енгізуі ықтимал...Зерделі жұрт күдіктенбей, зиялылық танытар деген ойдамын.

ҰЛЫ ЖҮЗ

Ұлы жүздің энциклопедиялық анықтамасы — қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси, экономикалық және мәдени бірлестігі. Алайда бірлестік дегеннен гөрі әкімшілік аймақ деген де орынды болар, өйткені Жетісудағы Моғолстан мемлекеті (15-ғасырдың орта шені мен 16 ғасырдың бас кезі) Шағатай мемлекетінен бөлініп шығып, Жетісуға билік жүргізді. Оның алғашқы хандары Тоғлұқ Темір (1329/30-1362/69) мен Ілияс Қожадан бастап соңғы билік жүргізген Жүніс хан мен оның ұлдары Ахмет хан (Алаша хан) мен Махмұд сұлтандар жаңа ғана ат төбеліндей жер алып, Қазақ хандығын құра бастаған Барақ ханның тұқымдарымен араласып, ақыры бүгінгі Жетісуда Қазақ хандығы құрылды. Жүзге бөлу де сол кезден пайда болғаны хақ.

Сол заманды көзкөргендердің аузынан естіп сипаттаған Низами ад-дин Шами, Шараф ад-дин Әли Иезди, Му'ин ад-дин Натанзи Шыңғыс хан тұқымының билік үшін өзара қырқысында бірнеше тәуелсіз мемлекет қалыптасты деп жазған. Сол мемлекеттер Моғолстан, Қазақ хандығы, ал кейбір кезде билік төре тұқымына емес, байырғы тұқымдардың (аборигендердің) қолына да тиді. Мысалы, Мауараннахрда (Орта Азия) Барластан тараған Ақсақ Темір әулеті, Жетісуда Дулаттардың әулетінен Камал ад-дин Дулати мен Құдайдад Дулати, Мұхаммед Хайдар Дулати де билік жүргізген.

Жетісуды мекендеген ежелгі елдердің, тайпалардың, рулардың мемлекет болып қалыптасуы жүздеген жылдарға созылды. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы Ұлы Жүздің

көне тарихи дерегін Қытай жазбаларынан, ал ежелгі тарихын гректің, Үрімнің тарихи жазбаларынан тамтұмдап оқи аламыз. Ал нақты деректерде б. з. б. 2-ғасырдың аяғында ғана қытайлар Үйсін және Қаңлы мемлекеттік бірлестіктерімен дипломатиялық қатынастар орнатып, қыз алысты делінеді. Бұл Н.Бичуриннің дерекнама жинағында егжей-тегжейлі құжатпен негізделген. Үйсіннің Қызыл алаңдағы Шығу қаласы болса, оның 120 мың түтінінде 630 мың жан тіршілік етіп, жау тиіскенде 188 мың 800 атты әскер шығарған. Дерек б. з. б. 105 ж. үйсіндерге келген Чжан Цянь деген елшінің жазбасымен дәлелденеді.

Соңғы жылдары Жетісуды зерттеген археологтар (К.Ақышев, К.Байпақов т.б.) бұл жазбаның кейбір деректерін, олардың кәсібін, қару-жарағын, әлеуметтік тірлігін, мәдени қазынасын заттық айғақтармен анықтап отыр. Іле Алатауының қойнауындағы Есік обасы, Қарғалы қазынасы, Кеген обасы, Кетпентөбе, Жалпақтөбе (Қырғызстанда) сол мәдениет қазыналарының айқын дәлелі. Біздің заманымыздан бұрынғы 3-ғасыр мен біздің жыл санауымыздың 5-ғасырының аралығындағы бабаларымыздың бұл қазынасы ғылымда "Үйсін-Қаңлы" өнері деген атқа ие болды. Ол жайында "Қазақ Совет энциклопедиясының" 12 томдық басылымында "Байырғы сақ, еуң, үйсін өнері" деген мақаласында академик Әлкей Марғұлан іргелі ойларын жазып қалдырды. "Үйсіндердің тайпалық ерекшелігін сипаттайтын өнер белгілері, — деп жазды Ә.Марғұлан мақаласында, — Алматы тауларының іргесінде Есік, Түрген, Іле өзендерінің бойында, Кеген, Қарқара, Асы, Ыстықкөл төңірегінде жиі кездесіп отырады. Есік төңірегінде, Қарғалыдан, Тасмоладан табылған өнер түрлері — бір ғана алтыннан, кейде қоладан құйылған бейнелер. Бұл — бақташы тайпалардың тамаша өнер үлгісін жасай білгендігін және ол өнер олардың өз ортасында туып қалыптасқанын сипаттайтын аса бағалы белгілер. Үйсіндер өнер түрлерін әралуан сюжетке жасаған. Мәселен, жыртқыш аңның бөрінің, жолбарыстың, малға, хайуанға шабуылы, олармен айқасудағы ерлік, онымен байланысты халықтың ойында аңыз болған ғажайып бейнелер, діни наным, табыну (магия) түрлі сан алуан бұйымдарды әсемдеудің арқауы болғаны". Академик ғалымымыздың бұл тұжырымы Ұлы жүздің құрамындағы көне замандардағы тайпалардың дүниежүзілік адамзат мәдениетіне қосқан үлесін дәлелдей түседі.

Ұлы жүз жеріндегі алғашқы Үйсін мемлекеттік бірлестігінің астанасы, жібек жолының төрт тарабына орналасқан Шығу қаласы — Қызыл қорған еді. Ол — Ыстықкөлдің терістік шығысындағы жүз он парсақ жерде болған. Үйсін елі Қытай, Хүнн, Қаңлы, Алан елдерімен жиі қарым-қатынаста, сауда-саттықта тіршілік еткені қытай-араб жазбаларынан, археологиялық қазбалардан да дәлелденіп отыр. Үйсін елі жартылай көшпелі ел болып, мал бағу, жер өңдеуді кәсіп еткен. Археологиялық қазбалардан табылған заттарға қарағанда жер өңдейтін тас тырма, қол орақ пайда болған. Тастан жасалған қол диірменнің табылуы — сол замандағы тұрғындардың дәнді дақылдармен қоректенгенінің дәлелі бола алады. Іле, Шу, Талас алабынан суландыру жүйесінің іздері табылды. Ежелгі үйсіндер — Ұлы жүздің байырғы тұрғындары б. з. б. 1-ғасырда, әсіресе б. з. 3-5 ғасырларында егіншілікпен, бау-бақшамен, жеміс-жидек өсірумен шұғылданып, отырықшылыққа үйрене бастады. Шу, Іле бойындағы елді-мекендердің орнынан күйдірілген кірпіштен қаланып, таға тәрізді жасалған жерошақтар, тік бұрышты тұрғын үйлер табылды.

Үйсін бірлестігінде малға жеке меншік болды. Қазіргі кезде меншікке колхоз-совхоз малын алуға мойнымыз жар бермей, ортақ қазанға көз салып, сансырап қалдық емес пе! Ол заманда жетісулық ру-тайпалардың мал жайылымдықтары иелікке бөлініп, байлық тайпа кесемдерінің қолына жинақталды; тайпа аралық қарым-қатынас өсті. Жеке меншіктің болғаны Қытай жылнамасынан, әрі қыш ыдыстарға, сүйектен, металдан жасалған әртүрлі заттардан түсірілген таңбалардан байқаймыз. Темір мен қоладан еңбек құралдары, алтын мен күмістен сәнді бұйымдар жасалса, ол елді мәдениетті, озық ел демей не дейсіз! Соңғы жылдары сондай гүлденген заманның куәсі — "Алтын адам" аталған жетісулық сақ шаһзадасының салтанатты алтын бұйымдары, қару-жарағы дүние жүзін таңғалдырды. Біздің археологтарымыз Камал Ақышев пен Карл Байпақовтар Күншығыс, Күнбатыс елдерін аралап ғажайып өнермен оларды таныстырды, әрі бұл дүние жүзіне қазақ атын танытты.

Ұлы жүз жұртының байырғы тамыры осылай жайылған, ал оның жазира даласына қалалар салынып, мәдениеті гүлдене бастағанда моғол шапқыншылығына ұшырап, күні кешеге дейін Шыңғысхан әулетінің билігінен құтыла алмады. Жүзді де құрған сол әулеттің ұрпақтары. 14-15-ғасырдың екінші жартысында Жетісу тайпалары бірте-бірте егіншілік кәсіпті қалпына келтіріп, қамалды

қалалар мен керуен сарайлар салуға ұмтылды, бірақ Жетісу өңіріндегі қалалар баяғыдай еңсесін көтере алмады. Ұлы жүз тайпаларының Моғолстан мемлекетінің құрамына енген бөлігі Мауараннаһар мен Шығыс Түркістанның отырықшы, егінші аймақтарымен сауда байланыстарын қайта қалпына келтіре бастады. Бірақ Ақсақтемір әулеті мен Жетісуды билеген Шағатай әулетінің ханзадаларының арасындағы билік үшін бақталастық — Жетісуды жойқын шапқыншылық алаңына айналдырды. Осы кезеңдегі Темір мен оның ханзадаларының Жетісуға жасаған он бір жорығын, оған қарсы Камал ад-дин Дулатидің ұзақ жылға созылған қақтығысын, ақыры Жетісу ханы Жүніс пен оның ханзадасы Ахмет ханның (Алаша хан) биліктен айырылуы — бұл әулетті құлатып, Орта Азияны Мұхаммед Шайбани жаулап, Жетісуға Барақ ханның тұқымдары қазақ хандығын құруымен тынды. Осыдан кейін барып Жетісу тайпалары Қазақ хандығының құрамына енуі, Ұлы Жүздің құрылуы біздің тарихшыларымыздың тұжырымында 15-ғасырдың аяғы мен 16-ғасырдың басында аяқталды делінген, бірақ "Тарих-и Рашидидің" жазбасына қарағанда 1553 жылға дейін Ұлы Жүз деген атау ұшыраспайды, әңгіме жалпы Қазақ хандығының билігі, олардың Әбілқайыр, Шайбани тұқымымен қақтығысы, қалмақтармен соғысы сөз болады. Ұлы жүздің қалыптасуы — 16-ғасырдың ақыры деген жөн.

Осы кезеңде, біз әңгіме жасамақ Ұлы жүз құрамында Жалайыр (тарақ танбалы), Қаңлы, Албан, Суан, Дулат, Шапырашты, Сіргелі, Шанышқылы, Ысты, Ошақты, Сарыүйсін, Қатаған тайпалары бар еді. Қасым ханның тұсында (1511-21) Қазақ хандығының шекарасы шығысында Қаратал өзеніне дейін жетсе, Таһир хан билеген кезеңде Қас және Күнгес өзендеріне дейінгі аймақтарды қамтыды. 17-ғасырда Ұлы жүз өзге қазақ жүздері сияқты жеке хандық болып саналды. Тұрғындары егіншілікпен айналысып, көрші елдермен сауда қатысын жандандырды. 1643 жылы Жоңғар хонтайшасы Батыр Ұлы жүздің шығыс аймағының біраз жерін өзіне қаратты. 1681-88 жылы жоңғарлар Ұлы жүздің оңтүстік Қазақстандағы жеріне бірнеше қайтара шабуыл жасады. 18-ғасырда көп жері жоңғар басқыншыларының қолында қалып қойды. Үш жүз бірлестігінің арасында саяси және экономикалық берік байланыс орнамады. Феодалдық өзара тартыс қазақ халқының біртұтас ел болуына кедергі жасады. Осы кезде Ұлы жүз тайпалары мекен еткен Іле, Сыр, Талас, Шу бойына көрші елдер шабуылын тоқтатпады, соның салдарынан 1723 жылы жоңғарлар жойқын шабуылға аттанып

Ұлы жүздің ханы Жолбарыс (1720-40) өзі билік жүргізген қазақ қауымдарымен Ташкент тұрғындарының атынан Жоңғар хандығына тәуелділігін мойындады. 1733 жылы Ұлы жүз елшілері Аралбай мен Оразкелді патша Анна Ивановнаға Ұлы жүздің Төле би, Қодар би, Сатай, Ханкелді, Белек батырлардың атынан жазылған хатын тапсырды. 1734 жылы 23-көкекте Анна Ивановна Жолбарыс ханның атына арнайы грамота жолдады, бірақ Ресей мен Ұлы жүздің арасында дипломатиялық әрі сауда-саттық қатынас дамымағандықтан Жолбарыстың саясаты жүзеге аспады. Ұлы жүз бен Орта жүздің адамдары "Алқакөл сұлама" (1723-24) деп атаған қырғыннан босқан қазақ Бұқара мен Самарқанға, біразы Сауран айналып Хиуаға, Шыршықтың арғы бетіне өтті. Халық сол заманды "Ақтабан шұбырынды" атап, "Елім-айлап" мұнды ән қалдырды, бірақ ежелден ата жауымен жағаласқан ел тез ес жыйып, жауға жолбарыстай атылды. Төле би үш жүздің басын қосып, хандары мен қараларымен жауға қарсы тұрды. Жолбарыс хан Ұлы жүз қазақтарын бастап Абылаймен бірге 1739 жылы жоңғарларға қарсы шабуыл жасады.

Дербес хандық дәрежесіндегі Ұлы жүздің жоңғар шапқыншылығы кезіндегі тарихын көрші елдер болмаса өз елінде жазылмаған. Сондықтан бұл кезеңнің оқиғаларын қытай, парсы, орыс елдерінің жазба деректерінен қарастыруға болады. Жоққа жүйрік жетпейді. Жадымызда сақталған деп жыр айтып, ата-бабамызды мадақтап өзеурегенмен ой жүгірткен адамға ол бос дақпырт екені аян. Адам баласының тарихындағы соқырға таяқ ұстатқандай айқын мағлұмат-жазба дерек. Сол жазба дерек бар ма?

Орыс дерегіне жүгінейік. 18-ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ даласындағы жағдай туралы Орынбор экспедициясы басшысы И.Кирилов император Анна Ивановнаға былай деп жазған: "Киргиз-кайсацкая орда никому не подвластная, многонародная и военная" деп халқының көптігін, ешкімге тәуелсіз жауынгер ел деген мінездеме беріп, бірақ Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның ұлан-байтақ жерінен, Сайрам, Түркістан, Ташкент қалаларынан айырды деп айта келіп: "С той обиды все те киргиз-кайсацкие Орды с зонгорскими калмыками в не посредственной войне и могли б тех калмык одолеть, ежели б обще согласились, а у них один хан с войною войдет, а другой оставляет и так свое владение у калмык теряют", — дейді.

Казахско-русское отношения в XVI-XVIII веках. Сборник документов и материалов. А., 1961, 189-бет.

Сырттай бақылап отырған көрші елде қазақтың бөлшектеніп, үш жүзге бөлініп, соры қайнап, қалмақтың қырғынына ұшырағанын, әр хандық өз қамын ойлап, бірі орыс шекарасына, бірі өзбек жеріне ойысқанын жазба деректе де, аңыз әңгімеден де көріп отырмыз. Ұлы жүзге біріккен жетісулық көне тайпаларды ағайындарынан бөліп жазуға қолыңыз да бармайды, бірақ амал жоқ, тарих қой. Тарихы кезенге бөлінген, Ұлы жүз тарихы болған соң оны жазуға міндеттіміз. Бұл — кейінгі ұрпақ алдындағы азаматтық парыз. Енді сол хандықтың төбе биі Төле (Қарлығаш би) жоңғарлар жаулап алғанда Ташкенттегі мекенінен кетпей қалып қояды. Қалмақтың қолбасшысы адам жіберіп жағдайын білгенде, егде тартқан қарт: "Шаңырағым қарлығаш ұя салып, жұмыртқа басып жатыр еді, соның ұясын бұзбайын деп қалып қойдым, жұртымнан", — депті-міс. Содан Қарлығаш би аталып, Төленің даналығына бас иген қалмақтың қолбасшысы Ташкент билігін өз қолына беріпті. Бұл деректі И. Кириловтың 1734 жылы патша үкіметіне жолдаған мына хаты дәлелдей түседі: "Джунгари отняв у казахов Туркестан, где была их старинная столица и славный купеческий город Ташкент, Сайрам и другие пригороды и местечках по причине, имеющейся между китайскими ими, зонгорскими калмыками, воины сами оставили, ныне городами не владеют". Мұнда жоңғарлар қазақтардың көне қалаларын өздеріне тастап кеткенін, билік жүргізбейтінін жазған, бірақ жоңғарлар Ұлы жүз жерінен кетпеген, билігін жүргізіп отырған. Бұл деректі Жолбарыс ханның 1735 жылы орыс патшасына жіберген елшілігі де дәлелдейді.

1755-57 жылдары манчжурлар Жоңғар мемлекетіне үш дүркін шабуыл жасап, тас-талқан етті, бір миллиондай адамын қырып тастады. Оларға қарсы Амурсана бастаған көтеріліс жойқын күшпен жойылды да, жоңғарлар бас көтеруден қалды. Сол жағдай қазақтың азат болуына ықпалын тигізді. Енді Жетісуға манчжурлар көз тікті. Ең далада торға түскен жолбарыстай болған қазақ жұрты жан-жағынан қыспаққа алынды, көшпелі ел арлы-берлі толқып, кескілескен күрес жүргізіп, ғұмыр кешті.

Жоңғарлардан кейін Ұлы жүзге қараған түстік аймақты Қоқан хандығы (1710-1876) басып алды. 19 ғасырдың басында қағаз жүзінде Ресейдің қол астына қарадық, дегенмен шынтуайтында, өз алдына тіршілік жасап жатқан Жетісу қазақтары енді Қоқанның қармағына ілінді. Қоқан

ханы Әлімнің (1801-09) бектері Сайрам мен Шымкентті Ұлы жүздің Ұзынағашқа дейінгі батыс жағын жаулап алды. Одан кейінгі хан Омар (1809-22) басқыншылық саясатын үдете түсіп, Түркістанды да қаратты, бірнеше кезектер сала бастады. Бұған төзе алмаған Ұлы жүз қазақтарының атамекенінен де жер ауған кездері болды. Мысалы, 1831 жылы Ұлы жүздің 7.500 түтіні орыс бекіністерін сағалай көшті. Соның салдарынан Әулиеата, Сайрам, Шымкент, Түркістанды мекендеген қазақ шаруалары Қоқан үстемдігіне қарсы көтерілді. Олар Шымкент пен Сайрамды алғанмен күші басым Қоқан әулетіне төтеп бере алмады. Сонымен Ұлы жүздің жұлдызы жанбады. Ол құрылғаннан бастап екі жүз жыл жоңғарлармен жағаласты, ендігі жау өзінің жұрағаты қоқандықтар болды. Оның үстіне қысық көз манчжурлықтардың кеңбайтақ өлкеге, әлі мемлекет болып жарытпаған қазақ еліне, әсіресе шұрайлы Жетісуға көз аларта бастағанынан қаймығып Ұлы жүз қазақтары 19-ғасырдың басында Ресейдің қарамағына қарауға бел байлады, бұл кезде Кіші жүз бен Орта жүздің бүтіндей Россия қоластына алынғанына жарты ғасырдың жүзі болған-ды.

Кеңес Одағы тарағаннан кейін, әсіресе соңғы кездерде тарихшылар бел шешіп кіріспегенмен, әдебиетші, журналист қауымының біреу өкілдері Ресей мен Кеңес кезеңіндегі жағдайға бір жақты баға беріп, бәрін жоққа шығару сыңайын танытып та жатқандай. Мұны әділетсіздік, батыра айтқанда ата-бабаларымыздың аруағын аттағандық деп білемін. Қызбалыққа, даурықпаға, әдетке айналған науқаншылыққа салмай ойланар болсақ орыс халқынан, оның жерін мекендеген көптеген халықтан көрген жақсылығымыз қаншама!? Тарих түбінде өзінің жолын табады. Қазақстанның картасына қараңызшы!? Жүз елу жылда қаншама өзгеріс болды? Біз болашақ ұрпақтан, бүгінгі жас буыннан оны қалай жасыра аламыз!

Сонымен 1849 жылы Іле мен Қаратал аралығын, Балқаш көлінің жағалауына қоныстанған елу тоғыз мың Ұлы жүз қазақтары Ресей империясының қол астына өз еркімен өтті, ал Қоқан әскерінің билігі жүріп тұрған Шымкент, Әулиеата аймағында, Ұзынағаштың маңында әскери қақтығыс болды. 19 ғасырдың 60-жылдары Ұлы жүз қазақтары Ресей империясына қарап, сонымен Қазақстанның Ресейге қосылуы жүз отыз жылға созылды.

Енді оқырман қауымға Жетісу хандығы — Ұлы жүзді Ресей қалай басқарғанын аздап айтып кетейік. 1884 жылы 10 қаңтарда патша үкіметі Ұлы жүз қазақтарын басқару үшін Үлкен Орданың приставы (ұлыны қалай қисын,

Казахско-русское отношения... А., 1961, 119-бет.

Великорусс бар емес пе!) деген әкімшілік белгіленді. Пристав Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына бағынды. Ал Ұлы жүздің қазақтары Ресей қарауына толық көшкеннен кейін Түркістан генерал-губернаторлығына бағынды да, Сырдария облысы, Жетісу облысын мекендеді. Бұл бүгінгі Шымкент, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстарының, Ташкент қаласының аймағы, Бостандық ауданы. Сол кездегі Жетісу мен Сырдария облысының шекарасы Құрақатты, Шу өзендерінің бойымен өтеді. Ұлы жүздің Жетісу облысы 1882 жылы Ақмола, Семей облыстарымен бірге жаңадан ұйымдасқан Дала генерал-губернаторлығының құрамына кірді. 1897 жылдан қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығына еніп, 1917 жылға дейін 1891 жылғы Дала ережесі бойынша басқарылды.

Кейінгі жас ұрпақтар еліміздің тарихын зерттегенде бұл әкімшіліктерді мұқият ескергені абзал, өйткені заманындағы басылымдар, ғылыми-зерттеу жұмыстар, жер мәселесі, санақ, этнографиялық зерттеулер әкімшілікке байланысты зерттелмеген. Ұлы жүз тайпаларының тарихын Н.А.Аристовтың, В.В.Бартольдтың, Ш. Ш. Уәли-хановтың, А.Левшиннің, П.И.Рычковтың еңбектерінде кездеседі.

Ұлы жүз қазақтары сауданы Қытай шекарасында Құлжа мен Жаркентте, Қоқан мен Қашқар қалаларында жүргізді. Жетісулықтар негізінен Жоңғар мен Хантәңір тауларының етегіндегі Жаркент, Текес, Құлжа, Қарақол арқылы, жаз айында Қарқара жәрмеңкесінде, ал Сыр бойын жайлаған Сіргелі, Шанышқылы, Қаңлы, Жалайыр, Дулаттардың біраз бөлігі Қашқар, Қоқан қалаларында, Талаша, Ангрен, Шыршық өзендерінің бойында Шыңғысшаған тауының бөктерінде сауда-саттық жүргізген. Бұхара мен Ташкентте Сіргелінің бес руының жиырма мың түтіні (әкімі Ералы Бөкейұлы) сауда жүргізіп, жаз жайлауға Түркістаннан Ақмешітке дейін, Сырдың жоғарғы ағысына дейін көшкен. Осы жерлерде Сарыүйсін мен Жалайырдың екі руы елі — жеті мың түтін сауда жасады, оларды Сырым батыр билеген. Олармен қонысы бір Қаңлының төрт руы, Шанышқылының екі руы сауда жүргізген. Сыр мен Ташкент төңірегін мекендеген Шанышқылының екі руындағы үш мың түтінге Әшіммәмбет батыр билік жүргізді¹.

Жетісу облысының қазақтарына Европа мен Ресейден тауар Алматы, Тоқпақ, Бішкек қалаларына жеткізіліп, төрт жәрмеңкеге таратылған. Ал Қарқара жәрмеңкесіне Текес, Сартасу, Ыстықкөл арқылы Шығыс елдерінің

саудагерлері үзбей қатынаған. 1896 жылы Жетісуға 386 мың сомның тауары келтіріліп, одан 81 мың 903 сомның салығы жиналған.

1889 жылғы губернатор "Обзорындағы" дерекке қарағанда Жетісу облысының Қапал уезінде 16.098 түтін, Жаркент уезінде 13.442 түтін, Верный уезінде — 30.504 түтін; Сырдария облысының Әулиеата уезінде — 14.000 түтін, барлығы екі облыста 109.380 түтін деп есептелген. Әр түтінде бес жан бар деп есептегенде — 546 мың 900 адам мекен еткен. Бұл әрине мөлшер шамасы, ал санаққа ілінбей, салықтан бой тасалап, тау-тасты, құмды жағалап қоныстанған жұрт қаншама? Сондықтан болу керек жалпы қазақ саны түрлі деректерде құбылып отырады. Мәселен, Империя халқының 1885 жылғы санағында Ресейдегі қазақтар 3 млн 91 мың 397 адам, Бұхар хандығында 4 мың (өте аз), Қытайда 101 мың, барлығы 3 млн 236 мың 394 адам¹.

Содан төрт жылдан кейінгі есепте қазақ 3 млн 468 мың². Осы санақта Ұлы жүз тайпаларының түтін саны төмендегідей: Албан — 15.500, Жалайыр — 17.000, Қаңлы-Шанышқылы — 10.000, Сіргелі — 7.000, Дулат — 40.000, Суан — 4.000, Шапырашты — 7.000, Ысты — 6.000, Ошақты — 2.000, Сарыүйсін — 1.500. Әрине бұл да салық жиналған түтін саны екені даусыз. Сондықтан қазақ халқының 19-ғасырдағы саны шамамен алынғаны дау тудырмаса керек.

Сонымен жоғарыда келтірілген тарихи деректерді түйіндегенде "Жүздер қашан, қай кезде құрылған?" деген сауал туындайды. Бұл сауалға тарих ғылымының тас түйін жауабы: қашан құрылғаны дүдәмал, нақты дерек ұшыраспайды. Қазақтың белгілі тіл маманы С. Аманжолов: "Қазақтың үш жүзге бөлінуі Түрік мемлекетінің кезеңінен басталып, X-XII ғасыр аралығында аяқталды,"³ — десе, түрік халықтарының тарихын зерттеуші, өткен ғасырда жетісулық тарихшымыз Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарих-и Рашидинен" үзінді аударып зерттеу жүргізген, түп атасы түркі В.В.Вельяминов-Зернов: "Қазақтың үш жүзі жеке-дара ұлыстар еді, X-XVI ғасырлардың ара-

¹ "Живая старина", Итоги статических сведений о торках, СПб, 1896, 443б.

² Опыт медицинской географии и статистики Туркестана, ч 1, СПб, 1889, 320-349 б.

³ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка, А., 1959, 112-113б.

лығында Қазақ хандығының құрылуына негіз болды,¹ — деуінде де нақты дерек жоқ. Ондай дерек "Тарих-и-Рашидиден" ұшыраспайды. 1616 жылғы бір орыс құжатында былай жазылыпты: "И будучи проведали, что в калмацкой земле ныне в подданстве и в их послушанье Казачья Большая Орда да Киргизская Орда и тем обеим ордам колмаки сильны". Орыс жылнамасына қарағанда жүздің құрылуы ХҮІ ғасырдың ақырына саяды.

Соңғы жылдардағы зерттеулер қытай, парсы, көне түркі тіліндегі жазба шығармаларының жариялануы С.Аманжолов пен Вельяминов-Зерновтың уәжді болжамдарына пікірталасын тудырды. С.Аманжолов айтқандай қазақтың үш жүзге бөлінуі Түрік қағандығының құрылуында басталып, X-XII ғасырда аяқталған жоқ, керісінше жүздің қалыптасуы Жошының тоқалынан туған ханзадalarının бірнеше орда құрып, билікке таласуынан басталып, Қазақ хандығының құрылып, оның ыдырауына дейінгі аралықта үш жүздің қалыптасуы жүріп жатты деп айтуға нақты дәлел бар. Біріншіден, қазақстандық Шығыс зерттеушісі В.Юдиннің деректері дәлел бола алады, онда былай делінген: "Алтын Ордадан өзге, Ақ Орда, Көк Орда, Боз Орда, Ала Орда, Мамай, Мұрат, Ахмат, Еділ, Жайық сырты, Қырым, Белгород, Зеленск, Городец, Үлкен, Кіші, Жүз Ордалары, Ноғай, Қазақ, Қарақалпақ, Қалмақ т.б. ордалар болған".²

Қазақ хандығы осы тізбектегі Жүз Орда (Оңтүстікте), Ноғай Ордасы (Батыс Қазақстанда), Ақ Орда (Орталық Қазақстанда) жерінде орнамады ма! Олай болса Қазақ хандығы осы үш орданы үш жүз атауы дау тудырмайды. Екіншіден мұны анықтай түсетін дәлел, "Алаш мыңы" атауы. Күні кешеге дейін бұл атауға талас тудырып, нақ басып айта алмай келсек, енді көпшілік оқырман Заһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың "Бабырнамасын" ана тілімізде оқи бастағаннан бері күмәніміз сейілген сияқты. Онда мынандай дерек бар: "...Сұлтан Махмұд ханнан кішісі Ахмет еді (Жетісудағы Моғолстан мемлекетінің ханы Жүністің ұлдары. Б.Қ.). Ол жұртқа Алаша хан деген есіммен мәшһүр болды, оның Алаша хан аталуының себебі, қалмақтар мен моғолдар (жетісулық жалайырлар. Б.Қ.) кісі өлтірген адамды "Алаш" деп атайды-мыс. Сұлтан

Ахмет болса қалмақтарды талай рет жеңіп, адамды көп қырған, сондықтан ол "алаш" атанып, жүре келе Алаш оның есіміне айналған".

Осыдан артық қандай дәлел, сөзге қандай тиек болуы мүмкін. Әлбетте, Алаш атауы тарихта бұрын да ұшырасады, бірақ қазақ жерінде емес, мұңғыл елінде. Ал қазақтың қауымдасуы — Қазақ хандығының құрылуы осы кезеңге сайып та отыр. Осы орайда, "Жетісуға қазақ атауы қалай келіп қалды? Қазақ хандығының құрылуына жетісулық Есенбұға қалай келісті?" деген сауалдардың тууы заңды. Жер бөліп берудің басты себебі хандық құрмақ Жәнібек пен Керей хандар Шыңғыс ханның ұлы Жошының жеке отау-орда ала алмаған, тоқалдан туған балаларының үрім-бұтағы емес пе. Есенбұға да Шыңғыстың ұлы Шағатайдың тұқымы ғой. Ал қазақ этнонимінің төркіні әріде жатқаны көп айтылып, байламын таппай келеді. Қазақ атауы Әбілқасым Фердоуси шығармасында қазарлармен шайқасқан Святослав Игоревич жорығындағы Қасогтар емес пе! (қ. Қасогтар һәм Казакия) Орыс зерттеушілерінің пікірін А.Левшин былайша топшылады:

"Большая часть русских писателей полагает, что первые казаки произошли или составились у татар, что у них же родилось название к а з а к, и от них пришло по всем отраслям прежде бывших и ныне существующих казаков. Мысль сию, к которой мы уже привыкли, опровергают восточные источники, и утверждая, что казаки составляли самостоятельный и независимый народ в отдаленнейших веках нашего летоисчисления. Некоторые даже относят их существование далее Р.Х. Достоверно то, что Фердеви, или Фирдуси, живший около 1020 г., т.е. за два столетия до появления моголо-татар (монгол-түрік деп оқыған жөн. Б.Қ.), на западе, в истории Рустема упоминает о народе казахов и ханах казахских. Из сочинений его и древнейших летописей персидских, которыми он пользовался, известно, что казаки древние, подовно позднейшим, прославили имя свое грабжами и набегами".²

Ұлы жүз жерінде құрылған Қазақ хандығының ол қазақтарға қандай қатысы бар, Кавказды мекендеген қасогтар кімдер, олар жерін неге Қазақия атады? деген сауалдар оқырмандардан туындауы мүмкін. Ол өз алдына жеке әңгіме дүкені болмақ. Қазірге Ұлы жүзді жалғас-

¹ Вельяминов-Зернов В.В., Исследование ...сонда, 382-383 б.

² Материалы по истории русско-монгольских отношений 1607-1636, Сборник документов, М., 1959, 53 б.

³ Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. А.-А., 1983, 106 б.

¹ "Бабырнама", "Ататек", А., 1993, 32 б.

² Левшин А., Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей, СПб, 1832, ч 2, 39-40 б.

тырайық. Оның құрамындағы көне тайпалардың тарихын, оның шежіресін тарату үшін, олардың түп атасы Үйсін мен Қаңлыдан бастаған жөн. Бұл көне этностардың сөз төркінінің тарихын зерттеу көптен бері-ақ қолға алына басталды.

Үйсін, усун¹ — түрік халықтарының қалыптасуына негіз болған ежелгі сақ-түрік тайпасы. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 1-ғасырдан бастап Шығыс Түркістан (бүгінгі СУАР), Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерін, Іле, Сыр, Шу, Талас бойын, Ыстықкөл маңын мекендеген көне халық². Мұның мемлекеттік құрамын жоғарыда айтып өткенбіз.

Қазақ халқының дербестік алуына байланысты баспасөзге де сөз бостандығы тиіп, қазір тарихшы, әдебиетші ме, тіпті мүлдем басқа мамандықтағы адамдар да қазақ шежіресі жайында жаза бастады. Соған байланысты мен де 1991 ж. "Ана тілінің" 29 санында "Қазақ шежіресі" атты мақала жазып, бұл ойымды өздеріңізбен бөліскенмін. "Ана тілінің" қызметкерлері көптен бері шежіре жинап, оқырмандардан, тарихшылардан деректер алуда. Осы орайда маған да Ұлы жүз шежіресін жазып беру тапсырылған. Мұндай "күрделі" тапсырмамен мен бүгін емес жиырма жылдан бері айналысудамын, бірақ "жетпіс жеті атаңды тізіп шығудың не қажеттігі бар, бәрі алуан түрлі шатасып жатса" деген де ой келеді. Одан да бабаларымыздың таралуын көне қолжазбалардан, тарихи шығармалардан ғана тарата отырып, ол аталардың тарихи оқиғаларға, ұлт болып қалыптасуымызға, жалпы адамзаттың ой-санасына, дүниетанымына, ғылымына қосқан үлесін жазып қалдырған жөн бе деймін.

Қытай жылнамасындағы Рашид ад-дин мен Әбілғазы, Қадырғали Жалайырдың, Заһир ад-дин Мұхаммед Бабыр мен Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармаларындағы тарихи деректер, Ұлы жүз қазақтармен қырғыздардың, жалпы түркі халықтарының шежіре-тарихынан ғылыми кітап жазып қалдырған Н.Аристовтың еңбектерін өте құнды деп санаймын. Соңғы еңбек жоғарыда жазылған шығармалар дерегін, басқа да шет елдерде жазылған шежірелерді, патша заманындағы ғылыми еңбектерді, жер-су, санақ деректерін толық қамтиды.

Сол Н.Аристовтың Ұлы жүз бен Қырғыз тарихында³

¹ *А в т о р "Қазақ Совет энциклопедиясында" жазған мақаласын негізге алған.

² Б и ч у р и н Н. Я. Собрание сведений... Сонда т. 2, 190 б.

³ А р и с т о в Н., "Живая старина", сонда 1894, 391 б.

өзіне дейінгі халық шежірелерінің жазба деректерін салыстырады. Соның нәтижесінде дулат елінің бні Диканбай батырдың (1876) шежіресін құптайды, себебі, ол аса беделді, дарынды, алғыр адам болыпты. Диканбай би шежіресін Адаматадан бастап: Шиш, Нуш, Жаспін, Мағданыл, Жарық, Уаху, Ыдырыс, Ағынұқ, Ошакана... деп Әбілқайырға жеткізіп, одан: Байшора (Ұлы жүздің атасы), Жаншора (Орта жүздің атасы), Қарашора (Кіші жүздің атасы) таратылады. Байшорадан — Жұмай — Киікбай — Төбей. Төбейден төрт ұл: Майқы, Қоғам, Қойылдыр, Меклейіл, Майқыдан төрт ұл: Бақтияр, Қаңлы, Қырықжүз, Мыңжүз. Бақтиярдан: Үйсін, Сіргелі. Үйсіннен: Ақсақал (абақ таңбалы), Жансақал (тарақ таңбалы). Ал Ақсақалдан Қараша би, одан Бәйдібек.

Н.И. Городековтың Сыр бойынан жинаған шежіресінде қазақтың атасы Алаштың: Байшора, Жаншора, Қарашора атты үш ұлы болыпты, — дейді. Г.Н.Потанин Солтүстік Қазақстанның қазағы атақты Мұса Шорманұлының жазбасына сүйеніп, қазақтың арғы атасы Қотаннан (13 ғасырдағы Қотан би ме?): Ақжол (Орта жүз), Алшын (Кіші жүз), Үйсінді (Ұлы жүз) таратқан.

Қазаққа көп тараған шежіреде Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз). Қазаққа бауыр басқан Потанин осы шежірені жақтайды. Осы орайда қазақтың жүзін құрған кеменгер аталарымыз заманында Евро-Азия құрлығында кенінен тараған тайпаларға орыс жұртының Великоросс, Молоросс, Белоросс деген атауларына еліктеді ме, әлде орыстар қазаққа еліктеді ме? Бұл кейінгі зерттеуші ұрпақтың есінде болатын жағдай. Орыс — арыс па? Немесе арыс — орыс па? Орыстар өз атауының шығу тегін неше саққа жүгіртіп келеді, 19-ғасырдағы кейбір ғалымдар — біз түріктің ұлыс деген сөзінен аталамыз. Қытайлар "р"-ға тілі келмегендіктен русты — ұлыс, орыс атап кеткен деген бұлдыр ойлары да болған.

Соңғы келтірілген екі шежіреде қазақ хандығы құрылғаннан кейін 16-ғасырда жасалып, қазақтың үш жүзге бөлінуіне байланысты туындағаны байқалады. Егер осы шежірелермен ататекті іздестірсек бұдан екі мың жыл бұрын мемлекет құрған Үйсін, Қаңлы аталарымыздан, бір мың төрт жыл бұрын мемлекет құрған түрік, дулат халықтарынан қол үземіз! Сондықтан ауыз-

Г р о д е к о в Н. И. "Киргизи и Кара-киргизи Сырдаринской области, Ташкент, 1889, 2 б.

² П о т а н и н Н. Г. Очерки Северо-Западной Монголии, вып. 4 Спб., 1883 ж. 14 б.

екі шежіре емес, жазба дерекке — Махмұд Қашқари, Рашид ад-дин, Әбілғазы баһадүр, Қадырғали Жалайыр, Бабыр, Хайдар Дулати жазбаларын Қытай, араб, парсы жылнамаларына сүйенген абзал.

Сонымен жетісулық елдердің түп атасы — Үйсін мен Қаңлы. Олар қытай жазбаларында мемлекет ретінде танылғаны, олардың патшаларына қыз ұзатып, елші алмасып, соғыста одақ құрып отырғаны тарихи шындық. Үйсін атауы б. з. б. 2-ғасырдың ақырында әңгіме болады. Хұндтардың атаулары, лауазымы қытай үндестігімен жазылған. Мәселен, тарихшы Шы-ғу жазбасы бойынша: Гуньмо — әкімнің лауазымы, ал мұны "Гун" — ге тілі келмегендіктен Лейгяоми деп айтып, Гуньми деп жазған. Кейінгі түрік сөзінің мәнінде: Гун — Күн, ми-би. Содан барып Күнби лауазым атауына ие болады, — деп жазады, — олар қазіргі ұрпақтары түріктер сияқты көк көз, сары сақалды, маймыл тәріздес". Жылнамашының маймылға теңегені сол заманда қытайлардың жақсы көретін мақұлығы болса керек. Біздің қазақта да қыздарын мақтағанда "боташым, қой көздім, қошақаным" дегені сияқты. Сол сарылардың тұқымы Жетісудағы Сарыүйсіндер, Алтайдағы сарылар екені дау тудырмайды. Әлі күнге дейін жетісулықтардың ішінде сары сақалды, көк көзді адамдар жиі ұшырасады, тіпті кейбір рулар "Сары" аталады, оның адамдарында өңі сарылар басымырақ келеді.

19-ғасырдағы орыс этнографтары Ұлы жүз тайпаларының ата-тегінде Үйсін атауын таба алмағандықтан Сарыүйсінді қырықсаққа жүгіртеді: оның таңбасының бөлектігін, қырғыз ішінде де Сарыүйсіннің барын біраз әңгімелеп, осылар ежелгі ділділер емес пе деп қайран қалысады. Ол ділділер де Сарыүйсіннен бөлек емес, дулаттардың түп атасы емес пе! Сол сарыүйсіндер 1865 жылы Алатау округі басқармасының санағы бойынша Құлманбет, Жанай, Жолсай-Танай, Жан-Досай, Күлке, Қырық деген болысқа бөлініп, 700 түтін болған-ды. Сондағы Қырықтардың атасы қырғыздарда да, өзбектерде де Жүз, Қырық аталады. Моғолстан, Мауараннахр мемлекеттерінің тұсында Жетісу тайпалары Ауғанстан, Үндістан жеріне дейін тарамдады ма! Сондықтан орыс зерттеушілерінің аса зер салып зерттеуінің ғылыми құндылығы бар. 19-ғасырда Сарыүйсіндер Жетісу облысының Верный уезінің Сарықұм болысын, Іленің сол жағын мекен еткен.

Сарыүйсінге көбірек тоқталып отырғанымыз көптеген зерттеушілер оларды ежелгі түріктердің монғол мен Оңтүстік Сібір жерін мекендеген сары шашты, көк көзді ділділер тайпасы осы Сарыүйсіннен емес пе деген

дүдәмалдығы бар. Түріктер оларды а л а, қытайлар пома атаған. Қазақтардың ала, шұбар кейіннен Алаша, Алача, Алаш атауы осы көне ала-шұбар жандардан, шұбардан таралуы шындықтың ауылынан онша алыс емес. Қазақ та, қырғыз да "ханның нақ сүйері алапес бала тауыпты, оны өлтіруге қимай, қасына қырық қыз қосып қоныс аударыпты, содан тараған адамдар алаш аталыпты" десе, қырғыз шежіресінде: "көлге шомылған қырық қыз көбіктен құрсақ көтеріп, одан туған тұқымдар қырыққыз, қырғыз аталыныпты" деп те айтады. Дүниенің қандай халқы болмасын ата тегіне келгенде осылай аңызға айналдыратыны тарих бетінде жаңалық емес. Әбілғазы баһадүрдың ала атты ділділер Алақчин елінде Енесейдің Мұран аңғарында тұратын жұрттың бар жылқысы ала, ошағы алтын болатынын жазған. Америка құрлығындағы инкілерде де солай емес пе!? Бұл деректі Бичурин жазбасында қытайша — "Тань-шу" — "Ала халық" атауы тегін емес. Сол ділділер атауымен Сібірдегі, Жетісудағы таудың Алатау аталуы да тегін деуге болмайды.

Қытайлар ділділердің екі иелігін атайды. Оның бірі-Сарыүйсін болғанда, екіншісі- Кіші жүз қарамағындағы Алаша емес пе!(Бұлардың көк көз, сары шашты тұқымдары қазір де кездеседі) Қазекем өзі айтқанынан гөрі өзгенің айтқанына ұйғыш мінзеді халықтың тобына жатады. Сондықтан тағы бір шет ел жазбасына жүгінейік, зерттеушілерге қажеті болып қалар.

(Бретшнейдер, Notikos of the Modiaval Ceocraplia and History of Condral and western Asia ete London, 1876, p 174)

Керейлердің шежіресін зерттеген Г.Н.Потанин де керейді Сарыүйсіннен таратып, ділділердің шығыс тармағымен туыстастырады. Абақтың немересі Қара бидің ұлы Абақ керейдің он екі атасын таратады да, қазақ шежіресін жете білмегендіктен басқа балама іздестіреді: "Сары-усунь по монгольски летучая мышь, а сары юсунь, тоже по монгольский, десять рыжих".

Қазақ зерттеушілерінде Абақкерейді Сарыүйсіннен емес, оның бабасы Үйсіннің Абақ тармағынан таратады. Мысалы, Монғолиядағы қазақ зерттеушісі Ислам Қабышұлының "Керейлер керуені" атты шежіре еңбегінде: "...Абақ Қара би деген кісінің қызы екен. Бұл қызға Ұлы жүз үйсіннің Абақ деген руынан Қарамойын деген нағашысы керей ішіне келіп үйленеді де, сонда тұрып қалады.

¹ Очерки Северо-Западной Монголии, вып. 2, 1881 ж. 3 б, 1883 ж, 670 б.

Абақ — аппақ қыз, ақылды, көрікті кісі болған екен. Сол Абақтан 12 ата тарайды. Одан: Жәдік, Жантекей, Шеруші, Қарақас, Молқы, Көнсадық, Ителі, Жастабан, Шимойын Сарбас, Меркіт, Шұбарайғырлар өсіп-өнген".

Қазақ шежірелері ру-тайпаларды туыстастыруға, туп аталарын жақындастыруға өте шебер. Бұл да біздің бабаларымыздың түбін ойлағаны деп білу абзал. Сонымен Сарыүйсіннің Кереймен туыстығын осы тұрғыдан да қарастырған жөн. Ғылыми еңбектерге, деректерге жүгінгенде Үйсіннің Абақ атасының таңбасы а б а қ, [] Сарыүйсіннің таңбасы да а б а қ, [] Абақкерей таңбасы да а б а қ, [] жапондардағы у с у н есімі де абақ таңбалы. Бұл есім айна халқынан тарады ма, әлде Американың байырғы халқы (аборигендері) ділдіндерден қалған емес пе!? Бұл болашақта зерттелер жұмбақ сыр.

Сонымен, оқырман қауым, Ұлы жүз халқының ежелгі тегі Үйсінге жататын елдің тарихына тоқталсақ әрқайсысы ұзақ шежіре, сондықтан ірі тайпа халықтарды таратқан жөн болар. Үйсін шежіресі ел арасына көп таратылғанмен, кітапқа еніп, әржақты зерттелген Дулаттың Ботпай тегінен шыққан Диканбай бидің шежіресі. Мұны Н.Аристов этнографиялық жазбасына ("Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды... сонда) пайдаланды. Одан кейінгі зерттеушілер де осы еңбекті дерекке алады. Бұл шежіре бойынша Адаматадан Әбілқайырма дейін 54 ата одан кейін: Әбілқайыр-Байшора-Жұмабай-Киікбай, Төбей-Майқы, Қоғам, Қойылдыр, Мекірейіл. Майқыдан: Бақтияр, Қаңлы, Қырықжүз, Мыңжүз. Бақтиярдан: Үйсін, Сіргелі. Үйсіннен: Ақсақал (Абақ таңбалы), Жансақал (тарақ таңбалы). Ақсақалдан — Қараша би, одан: Б ә й д і б е к, Б а й т у л ы. Бәйдібектен: Албан, Дулат, Суан, Шапырашты, Сарыүйсін, Ошақты, Ысты.


Шоқан Уәлиханов жазбасында Үйсін бұл тайпалардың ғана емес, Ұлы жүздің барлық тайпасының түп атасы. Онда: Төбейден: Үйсін, одан Қойылдыр (Қатаған, Шанышқылы), Мекірейіл (Жалайыр), Майқы (Абақ), Қоғам (Қаңлы). Жазба дерекке, шежіреге жүгінгенде Ұлы жүз құрамындағы елдер: Қаңлы, Албан, Суан, Дулат, Шапырашты, Сіргелі, Жалайыр, Сарыүйсін, Ысты, Ошақты, Қатаған, Шанышқылы. Он екі арыс ел аталады.

Бұл тайпалы ел жайында өткен ғасырда ғұмыр кешкен ақиық ақын Сүйінбай Аронұлы қырғыз ақыны Қатағанмен айтысқанда қазақ атаулы елдің көптігін, жерінің кеңбайтақтығын мақтан ете келіп, Жетісуды жайлаған тайпаларға сипаттама береді:

Былай барсам Албаным,
Албанымды қозғасам,
Саған түсер салмағым.
Онан былай Суаным,
Аз да болса жуаным.
Халықтың атын былғама,
Бүтін дүние жүзінде
Шөгіп жатқан мұнармын...
Іле бойын жерлеген,
Сыр суындай өрлеген,
Дұшпанға намыс бермеген,
Бак дәулеті кернеген,
Он екі ата Жалайыр,
Аршыңға қолын сермеген,
Маңына дұшпан келмеген...
Онан бері Ыстым бар,
Алатаудай күштім бар,
Батырлық, байлық сол ел де...
Онан бері Ошақты,
Атамыз қойған осы атты.
Батырлар десен онда көп,
Жасаған жауға қосатты.
Онымен жалғас, қатарлас,
Шапырашты елім бар,
Асқар таудай белім бар,
Шапырашты еліме,
Байтақ жұрттан сенім бар..
Сұраншы, Саурық аттанса,
Сыртқы жауға елім бар,
Қарасайлап аттансам,
Дұшпанға қазған көрім бар.
Былай барсаң Ботбайым,
Ботбайымды қозғасаң,
Кетерсің жанып оттайың...
Былай барсаң Шымырым,
Шымырымды қозғасам,
Шығып кетер шыбының.
Кең жатқан елімді,
Кесегінен кертейін...
Таусылмайды айтқанмен,
Жалпақ жатқан Ұлы жүз,
Басқа жүзге кетейін...¹

Енді сіздердің назарларыңызға Үйсіннен тараған тармақтардың шежіресін ұсынайық.

¹ Сүйінбай Аронұлы, Ақиық, А., 1975.



Ескерту: Бесшам Шапырашты Малдыстық, Қылдыстық, Желдіныстықтан тарайды.

Ал енді тарихи көне жазбаларға, екі мың жыл бұрынғы Қытай деректеріне, орта ғасырдағы араб, парсы жазбаларына, өз тарихшыларымыз Махмұд Қашқари, Қадырғали Жалайри, Мұхаммед Хайдар Дулати, Заһир ад-дин Бабырдың жазбаларына жүгінесек, бұл тайпалардың түп атасы — Үйсін мен Қаңлы. Олардан кейінгі көне халықтар: Жалайыр, Дулат, Албан, Суан, Сарыүйсін, Қатаған, Шапырашты.

Жетісулық ежелгі Үйсін-Қаңлы халықтарынан тараған елдердің тарихы бір ғана қазақ халқы емес, бүкіл түрік тектес ұлттардың тарихын құрап отыр. Жерорта теңізінің жағалауын мекендеген түріктер, Үндістанның терістігін мекендеген хұндар мен моғолдар, Мысыр еліндегі қыпшақтар, Еуропадағы қыпшақтар, мажарлар мен үйсіндер, арғы тегін сақ пен үйсін, хұнн, қаңлылардан қарастырады.

Ежелгі Үйсін-Қаңлы тілі, жазуы деген дерек жетпегенмен олардың әдет-ғұрпы, түрі-түсі, кәсібі, шаруашылығы, мемлекеттік құрылымы Қытай жылнамаларында айтылған. Үйсін тұрпаты Қытай тарихшысы (Шы-фу) Үйсіндерді көк көз, жирен сақалды деп жазса, біздің заманымыздағы антропологтар: "Бас сүйектері томпақтау, маңдайы сәл тіктеу, көз ұялары биіктеу, қыр мұрынды, жақ сүйектері ірі, әрі шығыңқы" деп сипаттады. (Б.з. б. 3-1-ғасырдағы Үйсін антропологиялық тұрпаты Н.Ж.Шаяхметов қалпына келтірген. Қазақ Республикасының Ғылым академиясының Археология институтының музейінде сақтаулы). Антропологтарымыз: "Үйсін тұрпатының морфологиялық құрылысы нәзіктік жағынан сақ дәуірінде өмір сүрген тайпаларға өте жақын", — дейді. Қазақтың тұңғыш антропологі Оразақ Смағұлов тағы бір еңбегінде: "Осы күнгі қазақ антропологиялық құрамының негізін қалауға Үйсін антропологиялық тұрпатының үлкен әсері болған", — деп жазды.

Қазақстан тарихшылары үйсіндердің тарихын жазған көне шығармаларға талдау жасап қана қойған жоқ, сонымен қатар археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, көшпелі үйсіндердің алғашқы даму кезеңі б. з. б. 4-ғасырда биік сатыға көтерілгенін дәлелдеді. Б. з. б. 105 жылы Үйсін Күнбиіне ұзатылған Қытай патшасының қызы киізбен оралған дөңгелек үйде тұратынын, етпен, сүтпен қоректенетінін айтқан. Бұл деректер Н.Бичурин шығармасында да, Шыңжан өлкесінде Байдәулет пен Гу

уынчи аударып, Акия Раданұлы өңдеген "Батыс өңір және Үйсін мемлекеті" (Үрімжі, 1987 ж.) деген еңбекте де келтіріледі.

Бұл зерттеулерде Үйсін, Қанлы, ондаған басқа да Ордалар туралы он ғасырлық дерек жазылған. Н.Бичурин бұл халықтар жайында мынадай ой қорытады: "... на всей полосе Средней Азии от Восточного океана на Запад до Каспийского моря искони обитали те же самые народы, которые и ныне населяют сию страну (1820 жылы осылай жазып отыр!) Вел тот же самый образ жизни, какой ведут потомки их по прошествии 2000 лет, находились в тех же пределах, в которых последние и ныне живут с небольшим изменением в пространстве. Здесь важно заметить что Китай со времени открытия монголов, тунгусов и тюрков, донныне всегда находился в политических связях с помннутыми народами, и всегда отличал один народ от другого". Бұл дерек біздің жерімізге көз алартып отырған мырзалардың аузына құм құяр дерек болса керек.

Үйсіндер біздің заманымыздың 2-ғасырында Қытайдың Солтүстік батысындағы иеліктерінен айырылып, Жетісудағы ежелгі мекеніне топтасты, осы кезде Қытай тарихшылары үйсіндерді көзден таса етіп, олар Орта Азияға, Ауғанстанға ауды деп жалған дерек қалдырған. Ал Үйсіннің Сарыүйсін тармағын Шығыстан ұшыраттық дегенмен шығыстан көтеріле көшкен халық емес екенін С.Е.Малов Тоныкөк ескерткішіндегі Үйсін есімінің жазылуымен дәлелдейді. Жетісу үйсіндерінің шығу тегін анықтау жолында А.Н.Бернштам, К.А.Ақышев, К.М.Байпаков, Г.А.Кушаевтар қазба жұмыстарын жүргізді. Шығыстағы Орхон-Енесей жазба ескерткіштеріндегі дерек бұлтартпас қорытынды жасауға мүмкіндік туғызды. Бұл деректерге зерттеу жүргізген орыс ғалымдары Үйсіннің исседондармен туыс екенін дәлелдеп, оларды Тянь-Шань және Шығыс Түркістан тармағы деп бөлді.

Ежелгі Үйсін елінен тараған Албан, Дулат, Суан, Жалайыр (жігіл), Шапырашты (чигіл) халықтары Батыс Түрік қағандығы (6 ғ) кезінде мемлекет құрамында болып, олардан шыққан көсемдер мемлекет те құрады. В.В.Бартольдтың зерттеуіне қарағанда Батыс түрік халқы он тайпа ел болған. Бұлар Шудың екі жағын мекендеді. Сол жағасын — наушабилер, оң жағасын — дулаттар биледі. Дулатпен қатар Суан (чубань) да билік етті. Содан кейін бес ғасыр (700-1200) Үйсін жазба деректерде ұшыраспайды

Бернштам А. Н., Бичурин Н. Я и его труды... "Бичурин Н. Я. Собрание, сонда 1 т, 12 б.

да, 13-ғасырда Рашид ад-дин жылнамасында Шағатай кол астындағы үйсіндер сөз болады.

Үйсін халқының тайпаларын тарихшыларымыз жоғалтып алып жүргенде, олар бүгінгі Әзірбайжан жерінде Жалайыр мемлекетін құрып, Ұзынхасан билік жүргізіп, Орта Азияда, Иранда, Ирак жерінде саяси істермен айналысып, олардан атақты қолбасшылар, дипломаттар шықты. Соның бірі — Шағатай ұлысының мындаған қолын басқарған Мұқа ноян, Сартақ Жалайыр, оның баласы Сыба Жалайырлар хан сарайында бек атанып, Шағатай ұлысына, Моғолстанға, Мауараннахрға билік жүргізуге араласқан. Олардың есімі, тарихи қызметтері "Бабырнамда", Қадырғалидің жылнамасында жазылған.

Үйсін елінің шоқтығы биік көрінген халқы — дулаттар. Олардың бір бөлігі Хүнн тайпалар одағының (434-453) көсемі Моншак ханның баласы Атилланың (Атыл, 1453 ж. өлген) басқаруымен Азияны басып өтіп, Европаның біраз жерін басып алуға қатысты. Атилла әскерінің дені дулаттар мен қыпшақтар болған. Дулаттар Жетісуда Шағатай әулетінің билігіне араласып, Бауыршы, Болатшы, Құдайдат, Камаладдин, Әмірәуіт, Әбубәкір Моғолстанға үстемдік жүргізді. Бұлардың тарихын Мұхаммед Хайдар Дулати "Тарих-и Рашиди" шығармасында жазып қалдырды. 15-16-ғасырда дулаттардан Махмұд Шорас, Әмір Уәли сияқты оқымысты ғалымдар шыққан. Болатшының баласы Құдайдат, немересі Мір Мұхаммед ұлыс бегі аталды. Сейіт Әлі Дулати (1440) Жетісуда, Ыстықкөл маңында, Шығыс Түркістанда билік құрды.

Үйсін Қырғыз халқының да құрамында бар. Солты тайпасының бір тармағы У с е н, Қаракесек тармағы Сарыүйсін, Бағыштағы Қалша да Үйсін аталады. Сол сияқты Үйсін Қарақалпақ, ноғай, Мажарстанның Қарсақ аймағындағы мадиярлардың да құрамында ұшырасады.

Үйсін туралы тарихи-генеологиялық зерттеулерде талас туғызар пікірлер көп. Оның құрамындағы он екі тайпа ел туралы (Қанлыдан өзге) "Қазақ Совет энциклопедиясына" анықтамалық мақала жазу барысында көбірек қолданылған еңбек Н.Аристов, Қадырғали Жалайри, Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармалары, В.Бартольдтың зерттеулері. Ал халық аузынан жиналған шежірелерде аталардың есімі ғана атала береді, оның өзінде біреуден біреу естіп жазғандықтан ата есімдерінің ауысқаны, жаңылыс айтылғаны көп. Өзге халықтарда аталы жұрттың шежіресі жазылуда. Сондықтан болар, шежірешілер аталарын Орта ғасырдан бері қарай таратады да, есімдерін

К І Ш І Ж Ү З

айтып кетеді. Мысалы, Сыр мен Іленің аралығын, Ыстықкөлдің жағалауын, Шыңжанның Іле-Құлжа өлкесін мекендеп отырған Бәйдібек атадан тараған Албан, Суан, Дулат анасы Домалақ енесі (Нұрила) түркістандық Мақтым Ағзам қожаның немересі, 14-ғасырда ғұмыр кешті," — деп жазып жатырмыз. Сол Домалақ ананың баласы Дулаттың бес тайпасы жайындағы 6-8-ғасырдағы Қытай дерегіне зер салыңыздар: Т ү р к е ш-Алаш-Чор ұлысы; Қойлау-Күлуг-Чор ұлысы; Чимойын (Чигуми) — Л ү й; Чор ұлысы; Ысты-Тон-Шор ұлысы, Ж а н ы с-Шопан-Чор ұлысы.

"Қытайдың тарихи сөздігінің түрік тарауында жазылуынша осы Түркеш, Қойлау, Чимойын (Шимойын), Ысты, Жаныс — тайпа аттары. Алаш, Күлуг, Лүй, Тон, Шопан — тайпа басшыларының аттары, ал Чор (Шор) олардың лауазымы" (Ежелгі қазақ тарихы, Шыңжан, Үрімжі). Бұл деректерге мән бермеуге құқымыз жоқ, өйткені бұл мағлұматтың дерегі заманындағы Қытай жазбасынан алынған, ауызекі сөз емес. Сондықтан жазба деректерге, археологиялық жазба дерегіне сүйеніп Үйсін-Қаңлыдан тараған халықтардың тарихын ғылыми жүйеге келтірер кезең келді ме деймін.

Кіші жүз — энциклопедиялық анықтама бойынша қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалардың, ежелгі халықтардың бірлескен одағы, әкімшілік аймақ.

Бұл одақтың тарихи кезеңдері мен оның құрамындағы тайпалар тарихына жасаған шолу барысында түйіндеген ойымызды ортаға салмас бұрын бүгінгі тәуелсіздік алған шақта "жүз" ұғымы туралы кейбір адамдардың жалпы халық атынан сөйлеп, жалғыз-жарым емес, теледидардан, баспасөз бетінен сөз алып: "Жүзшілдік, рушылық етек алып барады, мұның ақыры тәуелсіздігімізге зиян келтірмей ме?" — дегенді айтқыштап жүргеніне назар аударғымыз келеді. Тарихи таным тұрғысынан талдау жасап, ой таразасынан өткізген адамға бұл-әншейін алып қашпа сөз, орынсыз уәж. Жүзге бөліну — мансапқа қолын жеткізу үшін топ құруға бейім жылпостар туындатып жүген әрекет немесе олардың сөзіне ерушілердің сылтауы ғана.

Анау бір жылдары Еміл деген ғалым жігіт Ыстамболдың базарында егделеу қазаққа жолығып қалыпты:

— Қай туған боласыз, бауырым? — деп сұрапты түркийалық қазақ.

— Ұлы жүзбін. Сіз ше?

— Соның кішісімін. Аға баласы екенсіз ғой, — деп қонақ етіп, күтіп алыпты. Қандай жарасымды!

Рулы елдердің ағайын-туыс, жекжат-жұрат, құда-құдағи, нағашы-жиен ретімен тонның ішкі бауындай жалғасып жатқаны қандай абзал қатынас! Бүгін де кейбір пысықайлар: "Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін!" деп Төлеби

айтқан дегенді жанынан шығарып алыпты. Ол заманда жүз — хандардың ел басқару жүйесі. Мыңдаған шақырым қашықта жаз жайлап, қыс қыстаған, бірінен бірі шалғайда тірлік етіп жатқан жұртты атпен аралап басқару мүмкін емес-ті. Ол түгіл бүгінгі ұшағы мен машинасы, поезі зуылдаған Қазақстанда елді облысқа, ауданға, ауылға бөліп басқару жүйесі экономикалық-әлеуметтік даму тұрғысынан тиімді екенін тарих дәлеледеп отыр. Сондықтан, ағайын, жүзге бөлініп бара жатқан ел жоқ, бөлушілер бар. Ұлтты жүзге, руға бөлшектеу-тәуелсіздік алып отырған еліміздің шырқын бұзатынын жұртшылық түсінеді. "Бір құмалақ-бір қарын майды шірітеді" деп, бабаларымыз бекер айтпаған. Жел сөз-өртпен тең!

Елдің бірлігін уағыздайтын ұлығатты сөзді бабаларымыз әменде еске салып отырған. Соның бір мысалы — Төле бидің шідер ұрлап қолға түскен адамға шығарған үкімі: "Осы шідерді үш аттың аяғына сал да, үш атты үш жаққа айда, егер аттар шідерін үзіп, босанып кетсе айыптан азатсың. Ал шідер үзілмесе, үшеуін біріктіріп ұстаса, онда ол үш тармақты шідер емес, үш елдің қызметін атқарғаны. Онда бір тармағы үшін бір бесті айып төлейсің!" — депті. Әлгіндей, "Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін!" демей, "Үш жүз ынтымақты болсын" деген ұлы тілекті астарлы ақылмен айтқаны болар. Жүздік әкімшіліктің мәні жойылғалы қашан! Сол ұмыт болған жүздік одақты жаңғырта сөйлеу-айтқан адамның ой өрісінің тар немесе зымиян пиғылда екенінің дәлелі болса керек.

Шыңғысхан әулеті түрік халықтарын жеке-жеке әулеттерге бөлді, олардың тілі бір, тегі бір елдер, ұлыстар қалыптасты. Соған қарамастан қарға тамырлы ел туыстық жігін ажыратпаған. Оған дәлел ретінде Сүйінбайдың Қатағанмен айтысынан мына шумаққа назар аударыңыздар:

"Орал тауға бір қонып,
Төмендей қанат сермейін...
Кіші жүзге жетейін,
Елімнің қандай екенін,
Түсінген шығар көкейің.
Өлерің ақыр өлген соң,
Құлақты салып тыңдап тұр,
Төбесінен тесіп өтейін!
Төніп жатқан көк тұман,
Кіші жүздің баласы.
Соған барып қосылған.
Еділ-Жайық екі су,
Сырдарияның саласы.

Ноғайлы, Тама былайғы,
Арасында сол жердің,
Кіші жүздің баласы.
Сұлтан-Сыық, Бақ-Сыық,
Хан қызы екен анасы
Бәрі батыр баласы,
Қанына кеуіп көрген жоқ.
Найзасының сағасы.
Он екі ата Байұлы,
Жеті аталы Жеті ру,
Әлім менен Шөмекей,
Халқымның екі жағасы.

Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз қай кезде, қандай жағдайда, құралғаны жайында деректер нақты емес, Біріне бірі қайшы. Қазақтың тарихы мен тілін зерттейтін кейбір ғалымдар "жүз" деген ұғым — бөлік, тармақты білдіреді, енді "жүз"-жүздік дейді. Көне тарихи деректерді зерттеумен шұғылданатын тарихшылар қытай жылнамасындағы "юз" деген халықты — "жүз" деп айтпақ болады. Қалай дегенмен де жүз ұғымы-Орда, бірлестікті білдіреді. Өйткені, мұның алдында бізбен екі мың жыл шамасында араласып жатқан көршіміз — Русь те орта ғасырда — Великорусь, Белорусь, Малорусь болып үшке бөлінгенін қаперге алайық. Он тоғызыншы ғасырдағы орыс этнографтары: "Русь — ұлыс, қытайлықтар "р"-ға тілі келмегендіктен русьты — ұлыс атап кеткен", — деп те жазды. Бірақ бұл дәйексіз дыбыс үндестігін қуалаушылық. Әйтсе де, бабаларымыз сол орыстың Великорусь, Малорусь, Белорусь деп бөлінуіне еліктеп, Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген одақ құрды ма? Алтын Орда құлағаннан кейін Қырым түріктерінен топтасқан Ноғай Ордасының Үлкен ноғайлы, Кіші ноғайлы болып бөлінуі осындай еліктеуден туса керек. Кіші ноғайлы-Еділдің батысындағы, Үлкен ноғайлы-Еділдің шығысындағы халықтар бірлестігі аталғаны орыстың жазба деректерінде айтылады. Үлкен ноғалы біздің Кіші жүздің жерінде — Каспий жағалауын, Еділдің төменгі бойын, оның сол жағалауынан Жайыққа дейінгі жерді мекендеген.

Алтын Орда тарағаннан кейін, 14-ғасырдың аяқ кезінде Батыс Қазақстанда Ноғай Ордасы пайда болды. Орданың астанасы Жайық саласындағы Сарайшық қаласы еді. Орданың ғұмыры ұзаққа бармады. 16-ғасырдың екінші жартысында бірнеше мемлекеттерге ыдырап кетті. Ембі өзенінің жағасында Алтын ұлыс ордасы құрылды. Сол кезде бұрынғы Орда-Ежен мен Шайбан ұлыстарының

жерін бөліп алған Өзбек хандығы күшейді. Мұны тарихта Әбілхайыр хандығы деп те атайды. Оның жері Ноғай Ордасының шығысында, яғни Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал теңізінен бастап, терістігінде Тобыл мен Ертіс өзендерінің орта ағысын, Жайық өзенін, шығыста Балқаш көліне дейінгі аймақты алып жатты. Тарихи деректерге жүгінсек Кіші жүз қазақтары Ноғай Ордасы мен Өзбек хандығының қоластында қалған. Ал оңтүстік Қазақстанның шығыс жағы мен Жетісуда Моғолстан, яғни Шағатай ұлысы ірге тепті. Сондықтан Қазақ хандығының, оның жүздерінің қалыптасуы 15-16-ғасыр деген В.В.Вельяминов пен М.Красновскийдің тұжырымы шындыққа жанасады, әрі қазақ тарихшылары "Қазақ хандығының қалыптасуы үш ғасырға — 15-18-ғасырлар аралығында өтті", — деп түйіндеуі көптеген тарихи жазбаларды екшеп, жүйеге келтіруден туындады.

16-ғасырдың 80-жылдары Орысхан ұрпағы Жәдік ханның ұлы Шығай Мұхаммед Шайбани әулетінің соңғы ханы Абдолламен тіл табысып, соның қоластында бола отырып, Қазақ хандығын күшейту жолында біраз әрекеттер жасады. 1582 жылы Шығай хан қайтыс болғанда әкесінің орнына таққа отырған Тәуекел "Түркістандағы төрт қаласын беремін" деген уәдесінде тұрмаған Абдоллаға ерегесіп 1586 жылы Ташкентке шабуыл жасайды. Тайталастың ақыры сол бойы оңалмады. Шайбан әулеті 1599 жылы жойылып, Мауараннаһардағы билік Аштархан әулетінің қолына көшті. Қазақ хандығы бүгінгі қазақ жеріне өз билігін күшейте бастады¹.

Жоғарыда келтірілген деректердегі Ноғай Ордасын, Ақ Орданы, Өзбек Ордасын құрған хандар — Шыңғысханның ұрпағы. Қазақ Ордасының іргесін көтерген Қасым мен Керей де сол бұтақтан. Олай болса, шығысында Сырдариядан Тарбағатайға дейін, терістігінде Балқаш көлінен Қашқарға дейінгі аймақты алып жатқан Моғолстан мемлекетіне енетін Жетісу жерінде Қазақ хандығын құрған, соған байланысты қалмаққа қарсы соғыста Моғолстан хандарына жәрдемдеспекке серт берген бабаларымыздың әскері-біртекті халықтар-бүгінгі қазақ пен өзбектің түп аталары екені даусыз. Оның бір айғағы — Мұхаммед Шайбани бастаған көшпелі өзбектердің бүгінгі

¹ А б у с е й т о в а М.Х., Казахское ханство во второй половине XVI века, А., 1985; Х а ф и з Т а н ы ш, Шараф-наме-и Шахи, жинақ: Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков, А., 1969, 237-318 б.

Қазақстан жерінен шығып, Орта Азиядағы Темір әулетін құлатып, билікті қолына алып, Шайбани әулетін құруы еді. Сол заманда Хиуа мен Хорезм, Самарқан жерін Кіші жүз құрамындағы тайпалардың ұрпақтары мекендеген. Мұхаммед Шайбаниден ығысқан Заһир ад-дин Бабыр Ауғанстанға ауып, Солтүстік Үндістанға өтіп, сол аймақта Ұлы Моғол мемлекетін құрды.

Қазақстан жеріндегі осындай қилы-қилы кезеңдерде, "Халық айныса хан түзейді, май айныса түз түзейді" демекші, бытыраған халықты кімдер біріктірді, жүздер қашан пайда бола бастаған, деген сауалдарымызға жауапты қазақ тарихына қатысты шығармалардан таба алмаймыз, бір жорамал шетін жоғарыда айтып кеттік. Мұны зерттеген ғалым болмады деуден аулақпыз, бірақ ол мәселге қатысты нақты дерек, құжат табуға қол жетпеді. "Қазақ жерінің үш жүзге бөлінуі көне түрік дәуірінде басталып, 10-12-ғасырларда аяқталды" (Аманжолов С.А.); "Қазақ жүздері 15-16-ғасырларда Қазақ хандығының негізін қалаған үш дербес ұлыс болған" (Вельяминов-Зернов В.В.) деген ғалымдардың пікірлері болғанмен, нақты құжатқа сүйене алмайды.

Сондықтан, 16-ғасырдың ақырымен 17-ғасырдың бас жағындағы қазақ тарихының деректерінен қарастыру керек болды. Тәуке хан Моғолстан мен Бұхардан тәуелсіз болу мақсатымен тынымсыз күрес жүргізді, Ташкент пен Самарқанды басып алды. Ол Самарқанда 20 мың әскер қалдырып, өзі 70—80 мың әскермен Бұхарды қоршады. 1594 жылы қаңтарда патша өкіметі Тәуекелге әскери жәрдем жасады, ол Москваға өзінің ұлы Құсанды аманатқа жіберуге келісті. 1598 жылы Тәуекелдің Шайбани әулетіне қарсы Орта Азияға жорығы сәтсіз аяқталып, Қазақ хандығы ол өңірден үміт үзді. Бірақ ұзақ жылға созылған күрестің нәтижесінде Түркістан мен оның қалаларын және Ташкентті Қазақ хандығына қосу аяқталды. Тарихшылар жүздің түбегейлі құрылуы осы тұсқа дәп келе ме деп те жорамалдайды. Өйткені азда болса жанама дерек сол шамаға сай келеді. Қалмақ жеріне елшілікке барған Т.Петров пен И.Куницын былай деп жазған: "И будучи проведали, что Колматцкой (калмак, Б.К.) земле ныне в подданстве и в их послушанье казачья Большая Орда

¹ А м а н ж о л о в С.А., Вопросы диалектологии и истории казахского языка, А., 1959. 112-113 б.; А д и л г е р е е в Х.М., К истории образования казахского народа, А., 1965, 85-86 б.; Вельяминов-Зернов В.В., Исследование о касымовских царях и царевичах, СПб, 1864, ч. 2, 382-383 б.

(Ұлы жүз, Б.Қ.) да Киргизская Орда ...¹. Сонда, Қалмақ жеріндегі Ұлы жүз бен Қырғыз Ордасы да оларға тәуелді екеніне қарағанда, Ұлы жүз болған соң кішісінің де болғаны дәлелдеп жатуды қажет етпес.

Осы кездегі тарихты жазған Хафиз Таныштың "Шараф-наме-и шахи" (72) шығармасына түсінік жазған тарихшы В.Юдин былай дейді: "События казахской истории, зафиксированные в "Шараф-наме шахи" могут служить косвенным подтверждением этого. Так, в хронике упоминаются имена нескольких независимых ханов у казахов, например, Шигаи-хана и Хакк-Назар-хана. Называются ханами иногда и некоторые другие лица. Очевидно, каждый из этих ханов правил особым улусом, который и мог быть жузом". Бұл әрине даулы мәселе. Аталып отырған хандар иеліктері басқа болғанымен, әкелі-балалы хандар емес пе? Бұдан да нақтылау айғақ — сол кезеңдегі сызба деректерде (карталарда) қазақ ордалары белгіленген. Бұл шындыққа бір табан жақын².

Қазақ хандығының 16-17-ғасырдағы тарихы түгелдей айқын емес, бірақ жылнама жазушылар 14-ғасырдың екінші жартысы мен 15-ғасырда Еділ мен Арал теңізіне дейінгі аймақты "Өзбек ұлысы" деп атады. Бұған дейінгі жылнамаларда Өзбек атауы ұшыраспайды. 14-ғасырдағы араб жазбагерлері Насыр ад-дин ибн әл-Фурат, Әл-Асади, Әл-Хорезми т.б. Алтын Орданың билеушілерін "Дәшті патшасы", "қыпшақ патшасы" десе, Низами ад-дин Шәми, Муйн ад-дин Натанзи 60-жылдары Ақ Орданың жерін "Өзбек жері" (Дийар-и өзбек), "Өзбек даласы" (Сахара-и өзбек), ал Орыс ханды — өзбек ханы (патшаһ-и өзбеки) деп атады.

Шығыс зерттеушілері Н.А.Аристов, А.Ю.Якубовский, П.П.Ивановтар "өзбек" атауын Алтын Орданың ханы Өзбектің (1312-1334) есімімен байланыстырса, А.А.Семенов, басқа да Шығыс зерттеушілері тайпа атауына қолданылған есім деп дәлелдейді. Бұл тұжырымды Б.Г.Гафуров, Б.А.Ахмедовтар да қолдады.

Қазақ жүздері туралы жазылған деректерде көбінесе қазақ феодалдарының өзбек, ноғай, моғол, ойрат шонжарларымен болған қақтығыстары әңгімеленеді. Ноғай Ордасындағы ақсүйек топтардың өзара қақтығысын, билік үшін тартысын пайдаланып Ақназар (Хакназар), ноғайдың біраз

¹ Материалы по истории русско-монгольских отношений, 1607-1636. Сборник документов, М., 1959, 53 б.

² Хафиз Таныш, Шараф-наме-ий Шахи, үзінді, жинақ: материалы по истории... сонда, 243 б.

мырзаларын өз жағына қаратып, Жайықтың сол жағалауына дейінгі жерді қосып алды. Бұл жайында 1557 жылы ноғай мырзасы Смаил (Исмаил) Иван IV-ге: "Інілерім менен бөлініп, Жайықтың арғы бетінде қалды. Қазақ хандарына қосылды", -деп жазды. Қазақ хандығына енген Кіші жүз жұрты 17-ғасырдың аяғы мен 18-ғасырда қазіргі Батыс Қазақстанның жерін мекендеседі. Жазғы жайлаулары Үстірт жазығында, Ор, Жайық, Елек, Жем, Темір өзендерінің сағаларында, Мұғаджар тауына орналасса, қыстауы Ырғыз өзені мен Сырдарияның төменгі ағысында, Арал теңізінен батысқа қарай Маңқыстау түбегінде, Атырау ойпатында, Нарын құмында болды. Қазақ хандарының 18-ғасырдың алғашқы жылдарындағы ішкі саяси өміріне тән нәрсе-ортақ мәселелерді шешу үшін үш жүздің басын қосатын құрылтай еді. Үш жүз өкілдері жыл сайын мәслихат құру үшін Сайрам маңындағы Мәртөбе жотасына жиналып отырған. Мұнда қай жерді қыстап, қай алқапқа жайлауға шығатыны анықталып, тыныштықты қалай сақтау, сыртқы жаулардан қалай қорғану керектігі талқыланған.

Ресеймен шекаралас Батыс Қазақстан жері-ежелден-ақ орыс патшасының көз тіккен аймағы еді. Алтын Орда ыдырағаннан кейін Қырым хандығы, Қазан хандығы, Ноғай Ордасы құрылды. Өзбек хандығының бөлінуін пайдаланған орыс патшасы Қырымды, Қазан хандығын ыдыратып, Қиыр шығысқа бөгетсіз жорық жасағанымен өкпе тұсында отырған, әлі де мемлекет құра қоймаған түрік халықтарына сескене қарады. "Бұзау күнінде таяқ жеген өгіз жалтақ келеді" дегендей, қанша күшейсе де жаңа қалыптаса бастаған Кіші жүз хандығы оңтүстік-батыстан Жайық казактары қолдаған Еділ қалмақтары, солтүстіктен Сібір казактары, Жайық сыртындағы жерлерге башқұрттар жиі-жиі шабуыл жасады. Орыс мемлекеті мен Кіші жүз хандығының сауда, әрі дипломатиялық қатынастары Ресейге Қазан хандығы (1552) және Аштархан хандығы (1556) қарағаннан кейін және Жайық пен Еділ аралығындағы Ноғай Ордасымен саяси протекторат орнаған соң кеңінен жүргізіле бастады. І Петр Қазақстан мен Орта Азияны Ресейге қосып алудың пайдалылығын, бұл аймақ Үндістан, Қытай, Парсы елдерімен экономикалық және саяси байланысты нығайту үшін тікелей іргелес өңір екенін ұқты.

1717 жылы қазақ хандары Тәуке, Қайып, Әбілхайырдың Ресейге қосылуға жасаған әрекеті ескерусіз қалды. 1723 жылы жоңғарлықтардың шабуылы қазақ даласын үлкен апатқа ұшыратты. Бұл кезең тарихта

"Ақтабан шұбырынды, Алқакөл-Сұлама" аталды. Басқыншылардың тегеуірінен Кіші жүздің рулары Сауранды айналып өтіп, Хиуа мен Бұқарға көшті. "Дүние бұзылса Бұхарға сияды, Бұхар бұзылса дүниеге сыймайды" деген сөз содан қалса керек. Бірақ олар мұнда да тұрақтай алмай Жайыққа қарай жөнкіді. Осы аласапыран кезде Кіші жүз бен Орта жүз жеке-жеке иеліктерге бөлініп кетті. Ықпалды хан деп саналған Әбілқайырдың билігі Кіші жүзге түгел жүрмеді. Мұнда оған қоса Қайыптың (Хиуа ханы) баласы Батыр сұлтан, Әбілқайырдың баласы Нұралы сұлтан өз алдына ел биледі. 1731 жылы ақпанның 19 жұлдызында императрица Анна Ивановна қазақтарды Ресей қоластына қабылғандығы туралы грамотаға қол қойды. 18-19-ғасырларда Кіші жүз қазақтарының билеуші топтары арасында қиян-кесті қақтығыстар, билік үшін шайқастар өтті. Кіші жүз қазақтарының Ресей қоластына қарағанына жарты ғасыр өткенде халық-азаттық қозғалысы басталды. Мұны тарих ғылымында Кіші жүз қазақтарының халық-азаттық қозғалысы (1783-97) деп жазып жүрміз. Сырым Датов бастаған бұл көтерілістің шығу себебі — жер мәселесінің шиеленісуі, патша үкіметінің "ішкі жаққа" — Жайық сыртына өтуге тиым салуы, ру басшыларының құқына қысым жасалуы, Жайық казак әскерінің және патша әкімшілігінің халықты ашықтан-ашық тонап, озбырлық жасауы болды. Кіші жүз қазақтарының оң төрт жылға созылған көтерілісі сәтсіздікке ұшырады. Бұл күрес қазақ халқының тарихында маңызды оқиға болды. Қазақтардың бір сыпырасы Еділ мен Жайық аралығының төменгі саласына қарай көшіп, 1801 жылы Бөкей ордасын құрды. Бұл жайында орыс құжатында былай деп жазылған: "Только 1801 году султану Букеею с частью Малой Орды разрешено было занять часть пустовавших после бегства торгоутов (1771) степей между Уралом и Волгою, где вследствие этого образовалась внутренняя или Букеевская Орда"¹.

1812 жылы Ішкі Бөкей Ордасында 7500 түтін, ал И.Казанцевтың дерегі бойынша 1820 жылы 10.234 түтін, яғни 102 350 адам мекен еткен. 1889 жылғы санақ бойынша онда 236 937 адам, ал Орал облысында 412 601 адам тұрды. Қос өзеннің аралығына орнаған Орда бүкіл Кіші жүз қазақтарының ұйтқысы болды.

Бөкей Ордасы қазақтарының 1836-37 жылдардағы халық-азаттық көтерілісі-Кіші жүз қазақтарының ғана емес бүкіл қазақтың жігерін жанып, санасын оятты,

бостандық жолындағы күреске аттануға бағыт сілтеді. Көтеріліс Орда халқының үштен бір бөлігін қамтыды. Халықты ашындырған феодалдық һәм отаршылдық қанауға қарсы тұрды. 1837 жылдың көктемінде Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтың басшылығымен қимылдаған топ ең ірі күшке айналды. Көтерілісшілер бай-шонжарлардың үйлерін өртеп, ханды жақтаушы ауылдардың қонысын шапты. Сөйтіп көтерілісшілер Нарын құмынан бастап, хан Ордасын алу үшін терістікке қарай аттанып, патшаның тұрақты әскерімен қақтығысады, ақыры империяның қарулы күшіне төзе алмаған Исатай мен Махамбет 1837 жылдың қаңтар айының 13-нен 14-не қараған түні Жаманқала бекінісінің тұсынан Жайық даласына өтті. Көтеріліс жеңіліске ұшырағанмен кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалды.

1868 жылы Кіші жүз әкімшілігі Орынбор ген.-губернаторлығына бағынатын Орал облысына қарады. Облыс — Орал, Ілбішін, Гурьев, Темір уездері болып төрт әкімшілікке бөлінді. 1874 жылы бұған Маңғыстау приставы қосылды. Сол жылдары оның 227 болысында 165 мың 700 түтін тіршілік етті.

Енді бұл әкімшілік аймақты мекендеген ежелгі халықтардың, тайпалардың Кіші жүз құрамына ену тарихына, олардың топтасуының тарихына тоқталайық. Қазақ шежіресіне, жазба деректерге қарағанда Кіші жүз құрамындағы тайпалар одағы: Байұлы (Адай, Алаша, Байбақты, Беріш, Алтын-Жаппас, Масқар, Таз, Есентемір, Шеркеш (Серкеш), Тана, Қызылқұрт, Ысық), Әлімұлы: (Қарасақал, Қаракесек, Кете, Шөмекей (Қазақтың ауызша шежіресінде Шөмекей Әлімнен бөлек таралады), Шекті, Төртқара, Жетіру (Кердері, Керейіт, Табын, Тама, Жағалбайлы, Төле, Рамадан). Бұл тайпалардың тарихы, мекені жайында "Қазақ Совет энциклопедиясының" он екі томдық басылымында мол дерек келтірілген. Бұл тайпалардың құрылуы-көшпелі халықтың мал жайылымына, ішкі ру тартыстарына да байланысты болған. Мәселен, Жетіру Тәуке ханның кенесімен біріккен. Кіші жүздің құрамындағы ру-тайпалар туралы алғашқы дерек 1748 жылы А.И.Тевкелевтің (Құтлу Мұхаммед Мамашев) жазбасында айтылады.

Шежіре деректерінде Кіші жүздің ежелгі атауы Алшын. Бұл Ұлы жүз тайпаларының — Ұлы жүз-үйсін аталатыны сияқты тайпалардың жалпы атауына айналған. Қазақ шежіресінде Бекарыстан-Мөңке би, одан Арғымақ пен Алау, Арғымақтан Жетіру өрбиді. Алау батырдан-Алшын. Одан: Қыдырқожа мен Қадырқожа. Қыдырқожадан он екі ата Байұлының тайпалары тарайды. Ал Қадыр-

¹ А р и с т о в Н.А., Заметки об этнич. составе... с о н д а, 320 б.

кожадан (Каракесек), Басары, Әлім, Шөмекей таратылады да, алты ата Әлімұлы іріктеледі.

Шығыс зерттеушісі Н.А.Аристовтың жазбаларына қарағанда Кіші жүздің Алшын т.б. тайпалары түріктің батыс Ділдин (Дулу, Дулат) тайпаларымен араласуы нәтижесінде қалыптасқан. Бұл пікірді Г.Е.Грум-Гржимайло, В.В.Бартольд та құптайды, яғни көне қолжазбаларға, таңбаларға, атау сөздерге сүйене отырып туындаған тұжырым. Мәселен, кердері тайпасының атауы Хорезм аймағындағы түріктермен шектес Кедері деген жер атауымен үндес. Мұны П.Т.Лерх, Н.И.Веселовский, С.П.Толстовтар да Келдері-хүндіндердің мекені болғанын дәлелдейді. 10-ғасырда Арал теңізі де Кедері аталған.

Кіші жүздің құрамындағы ежелгі тайпалардың бірі — Адай. Геродот пен Страбонның жазбасына қарағанда б.з.б. 2-ғасырда Каспий теңізінің жағалауында дайлар мекендеген, ал олардың есімі оғыздардың "ада" (арал)-"адай" (аралдар) деген сөзінен шыққан. Дайлар туралы алғашқы деректі Дарий патшаның "Накши Рустам" жазбасынан ұшыратамыз. Онда б.з.б. 6-4-ғасырда Яқсарттың (Сырдария) төменгі ағысында тарадари немесе парадари сақтар мекендегені, олардың одағына дахтар енгені жазылды. Бір замандағы сақтардың жауынгер Дай тайпасынан тарихи із, жазба деректеме қалмады дегенде, заманымыздың озық ойлы тарихшысының мына бір болжамының жаны бар ма деп қаламыз: "Далалық аймақтың ғасырға созылған қуаңшылығы үшінші және оныншы ғасырларда болған... 9-13-ғасырлар арасындағы дәуірдің "күнгірт ғасыр" аталу себебі-табиғат құбылыстарының бақылаусыз, байқаусыз есепке ілінбей қалғанынан емес пе? Оларды орта ғасырдағы авторлар байқамай, хатқа алмай қалғанынан емес пе, сол сияқты әлгі түпнұсқалар Ұлы даланың со кездегі көшпелілер жөнінде ешбір мәлімет бере алмағанынан емес пе?". Лев Гумилевтің бұл пікірі ғалымдарға ой сала жатар дейміз.

Дегенмен арабтың тоғызыншы ғасырдағы жиһанкезі Якуби мен Қудама ибн Жафар (10 ғ.) жазбалары, қазақ даласының түріктері жайында тарихи-этнографиялық кең аумақты дерек тарихшы-географ Әл-Якубидің (11 ғ.) "Елдер кітабы" ("Китаб әл-бұлдан") деген географиялық шығармалары бар. Оның, әсіресе Оғыз, Қарлұқ, Қимақ, Қырғыз, Тоғызғыз мемлекеттік бірлестіктері туралы мәліметі де аса маңызды. Далада қуаңшылық, жұт сан ғасыр қайталанып келеді емес пе! Соның ізі де, түрік халқы да жойылған жоқ. Сақ дәуірінен 13-ғасырға дейін

бүгінгі Батыс Қазақстан жерін мекендеп келе жатқан Адай, Беріш, Шеркеш, Кедерілер ұрпағы күні бүгінге дейін сол атамекенінде отыр.

Жоғарыда аталған тайпалардың қайсысын алмасаңыз да түрік халықтарының түп аталарынан тарайды. Мәселен, Шеркештер мен Беріштер Кавказдағы бірнеше халықтардың ғана емес Кіші Азия елдеріндегі мәмлуктердің негізін қалаған, олар мысырдағы Байбарыс сұлтанның ұлдары еді. Шеркештер Кавказдағы Касоктар құрамында болып, жері *Казахия* аталды.

Кіші жүз құрамындағы үш тайпалық бірлестіктердің көші-қоныс тұрағына тоқтай кетейік. 19-ғасырда Әлімұлдары Құбандария мен Жанадария, Қарабұрсақ, құм даласын, Ембінің (Жем) сағасын, ал Адайлар Маңқыстау түбегін, Жағалбайлылар Жоғарғы Ор мен Жоғарғы Орал станцияларының маңын, Кедері мен Тама — Орынбор мен Орал төңірегін, Табындардың біразы сол маңды, қалғандары Тобыл мен Ембіні, керейттер — Сырдың бойын, ал Тілеу мен Рамадан Керейтпен бірге қыстап, жаз Табынмен бір қонысты жайлайтын.

Ататегінді, олардың ежелгі қоныстарын, қандай халықтармен туыстық қатыста болғанын, дүниеде қандай мемлекеттер құрып, адамзаттың күдіретті тірлігіне нендей үлес қосқанын ғылыми негізде зерттеп жүрген ғалымдарымыз жоқтың қасы, бар болса, 19-ғасырдағы орыс ғалымдарының ой-пікірін қайталаумен тынады. Олар тайпа атауларын қазақтың көне жер-су, халық атауларымен байланыстырып, Орхон-Енисей таңбалы жазуы болып табылатын әріптен таңба ұқсастығын да зерттеді. Мәселен, Илья Казанцевтің қазақ жазбасында Алшын-Әлім Шуманактан тарайды десе, А.Левшин¹ түріктердің Шыңғысханға қарсы шыққан Шөмекей ханының есіміне байланысты деп дәлелдемек болды. Біздіңше, ежелгі Үйсін дәуірінде Жетісуды мекендеген Жалайыр елі Сырманақ, Шуманақ аталды. Бұлар Сырдың бойын, Шудың бойын мекендейтін манақтар. Қытайдың жазба деректерінде 7-ғасырда Барлық пен Хантәңірінің аралығындағы Чумигун еліне-Чуми, Чуюе, Чубан немесе Чуман (Суан) халықтары қараған. Бұл атаулар "Шу елі" немесе "су елі" дегенге саяды. Сонда Алшынға кейінгі дәуірде Шу елі де қосылуы мүмкін. Бұл хандардың Батысқа жасаған жорығы тұсында қалған жұрт деп айта алмаймыз.

Сол сияқты Кете тегі де б.з.б. мыңжылдықта терістік

¹ К а з а н ц е в И., Описание киргиз-кайсаков, СПб, 1867; Левшин А. Н., Описание киргиз-кайсаких Орд и степей, СПб, 1832, 30 б.

¹ Г у м и л е в Л., Киял патшалығын іздеу, А., 1992, 31-32 б.

Сирияға жорытқан хити немесе қытайдың солтүстігінде ұзақ билік құрған қидандардан ауысқан ұрпақ болуы ықтимал. Мұның бір айғағы ашамай (крест) таңбасы. Таңбасына қараған да тамалар Қаңлыға, табындар тарақ таңбалы Жалайырға, дөңгелек таңбалы Кедерінің Албан-Дулаттарға туыстығы байқалады. Бұл тайпалардың ұрпақтары күні бүгінге дейін Батыс Қазақстан аймағын мекендейді. Әйтсе де, бүгінгі Ресейдің Астрахань облысындағы 140 мың, Түркменстандағы 89 мың, Тәжікстандағы 12 мың, Қарақалпақстандағы 315 мың, Ресейдің көрші облыстарындағы қазақтар негізінен Кіші жүз елінен. Өзбекстанның оңтүстік аймақтарының этникалық тарихын зерттеген Б.Х.Кармышева¹ 1875 жылы Шығыс Бұқарға, Бахша мен Пяджаға, Куяб пен Қорғантөбе аралығындағы тау қойнауына қазақтардың көп орналасқанын жазған. Оның зерттеуіне қарағанда бұл аймақтарға қазақтар Қызылқұм мен Зарапшан даласы арқылы жайылымдық қуа отырып өткен көрінеді. Олардың саны 20-ғасырда көбеймесе азая қоймаған болар. Мұны зерттеп жүрген қазақ ғалымдарын әзірге ұшырастыра алмадық.

Сонымен 1868 жылдан бастап Кіші жүз әкімшілігі жойылып, Орал ұлысына қарап, бірнеше уезге бөлінді. Ел тарихындағы жүз атауының бүгінгі баламасы-Батыс Қазақстан экономикалық аймағы. Жер көлемі — 729,6 шаршы мың км. Бұл аймақ Каспий ойпатының мол бөлігін, Сырт пен Орал тауының оңтүстік сілемін, Мұғаджар тауын, Маңқыстау түбегін, Үстірттің батыс бөлігін қамтиды.

¹ Кармышева Б.Х., Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана, М., 1976, 257 б.



ТАҢБА

Таңба — Қиыр Шығыстан Жерорта теңізіне дейінгі ұлан-ғайыр өлкені жайлаған, Европаға жойқын шабуыл жасап, Рейннен атын суарған түрік тайпаларының ерекше бір белгісі, мөрі, әрі жазу үлгісі болып табылады. Орхоннан бастап Ертіс, Іле, Сырдария, Әмудария, Еділ, Жайық, Дон мен Днепр өзендерінің жағалауында, Алтай, Жоңғар, Хантәңірі, Памир, Балқан тауларының жартастарында түрік халықтарының таңбасы қашалған. Олар Үндістан мен Мысырдың ғимараттарында да ұшырасады. Бұл таңбалардың көзі Орхон-Енисей, Талас тас жазуларында жатқаны ғылымнан белгілі.

Орхон-Енисей таңбалы жазуын В. Томсон, О.Донер, С.Толстов, В.Радлов, М.Мелиоранскийлер батыстан арамей жазуынан алмасқан болуы керек деп солқылдаған да, ал түрік этнографиясының білгір зерттеушісі Н.Аристов Орхон-Енисей жазба ескерткіші нұсқасы түрік халықтарының негізінде жасалғанын, оның алфавиттік 38 белгісінің 29-ы түрік тайпаларының таңбасы екенін анықтады.

Этнография ғылымындағы ойсырап жатқан жағымыз — оның негізгі зерттеушілері түрік халықтарының әдет-ғұрпын, тірлігін шала білетін өзге елдің адамдары болғандығында ғой деймін. Мәселен, түрік таңбаларының көсеу, жебе, бөрі, сірге, өгіз сияқты атаулары бар. Олар осы затқа немесе жануар, жыртқыштарға ұқсас болғандықтан солай таңбаланған. Таңба — әріп жазу, малға басылатын тамға, мөр ретінде қолданумен қатар лауазым орнына де жүрген. Мәселен, біздің заманымыздың 304-439 жылдары Қытайдың тарихында солтүстік бес тайпаның (сюнну, цзе, сянби, ди, цян) он алты мемлекеті үстемдік құрған кезде

Суын әулетінде (түрік тайпаларының атауы қытай үндестігімен аталған) тоғаш атауы лауазым ретінде қолданылады ("Материалы по истории кочевых народов в Китае 3-5 в.в.", М., 1989). Мұны Махмұд Қашқари "Диуани лұғат ат-түрік" шығармасында "Шын-Машын (Сан мен Масин) атауындағы Машин-Тавғаш, яғни Орталық Қытай, Шын-Қашғария аталғанын айта келіп, қарахандар көсемдерін тавғаш хан (ұлы хан, төбе хан) лауазымымен атағанын жазады. Соған қарағанда Қытай еліне билік жүргізген түрік хандарының рәсімін сақтау ниетімен қарахандар дәуіріндегі шақаны да тавғаш, яғни таңбалы атаған.

Ежелгі түріктердің таңбасы Шыңғысхан тұсында жылқыға соғылатын белгі, мөр ретінде пайдаланылды, ал мөр сақшысын — тамғашы атады. Найман елін жаулап алған кезде сол елден таңбашы ұйғырды тауып, оған мөр ұстатып, қызметке алып, одан ұйғыр жазуын үйренді.

Әуелде таңба халықтың табынатын күдіретті иесіне — күнге (дөңгелек таңба), зеңгі бабаға (өгіз таңба), түрлі құбылыстарға еліктеуден шығуы мүмкін, өйткені дүние жүзінің ежелгі халықтарында құсқа, жәндікке, жануарларға ұқсатып бейнелеген таңбалы жазу бар емес пе?¹

Таңбалы жазудың түрлеріне қарай зерттей отырып, ғалымдар тайпалардың туыстық қатысын қарастырған. Мәселен, 1868-81 жылдары Жетісудың облыстық мекемесінде түрлі әкімшілік қызмет атқарған, 1881-89 жылы Жетісу облыстық соғыс губернаторының көмекшісі болған Николай Александрович Аристов түрік халықтарының, негізінен, қазақ пен қырғыз халқының ру-тайпаларының тарихынан баға жетпес құнды ғылыми еңбек жазып қалдырған ("Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды и кара-киргизов...")².

Бұл шығармаларда Н.А.Аристов өзіне дейінгі этнограф-тарихшылар Махмұд Қашқаридың "Диуани лұғат ат-гүрігін", Рашид ад-диннің жылнамаларын, Қадырғали Қосынұлы Жалаиридің "Жами ат-тауарихын", Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Тарих-и Рашидин", Заһир ад-дин Бабырдың "Бабырнамасын" (А., 1990, 1993) және орыс зерттеушілері В.Радлов, Г.Потаниннің, Н.Гродековтың, Д.Южаковтың, т.б. ғалымдардың еңбектерін пайдаланып, әрі түсінік беріп толықтырып, шет ел зерттеушілерінің сирек ұшырасатын шығармаларына да назар аударады.

Н.Аристов ежелгі түрік тайпаларының Америка

¹ Иоганес Фридрих, История письма, М., 1979.

² Аристов Н. А., "Живая старина", сонда.: (Мило-слав Стингл Индейцы без томагавков, М., 1984)

құрылығындағы тайпалармен таңба ұқсастығы барлығын американдық ғалым Гари Мэлеридің "Таңбалы жазу — американдық үндістердің құжаты" деген еңбегін салыстыру арқылы анықтайды. Бұл кітапта үндіс тайпаларының 54 таңба кестесі, 1290 суреті берілген. Зерттеуші Солтүстік Американың батыс жағындағы, Калифорния мен Оңтүстік Америкадағы жартастарда Сібірдегі түрік тайпаларының таңбаларына ұқсастық мол дей келіп: "Меніңше, американдық үндістер ежелгі Азия нәсілінің шығыс тармағы ділдіндерден тарауы мүмкін" ("Живая старина", СПб, 1894, 419-бет; Смитсон институтының жылнамасы (1888-89), 10-саны, Вашингтон, 1893 жыл) — деген тұжырым жасайды.

Өткен ғасырдағы болжам бүгінде шындыққа айналып келеді. Үндістер Американы қашаннан мекендейді? Ықылым заманда Азия мен Америка бір құрлық болмады ма? Үндістердің жаңа туған сәбилерінің құйымшағында неге көкшіл дақ болады? Бұл монғол нәсіліне тән емес пе? Үндістің көптеген тайпаларының таңбасы түрік тайпаларының таңбасына қалай ұқсайды, кездейсоқ жағдай емес пе? Осыншама сауалдың жауабын ғалымдар этнографиялық ұқсастықтан байқап, археологиялық ғылымға жүгінді. Үндістердің Америкаға қашан келгенін осы ғылым анықтады. Бұл тараптан американдық ғалымға қолқабыс тигізген — физика ғылымы, анығырақ айтқанда, оның ядролық физика саласы. Бұл арқылы археологтар теңдесі жоқ археологиялық хронометрді сыйға тартты.

Ядролық физикамен айналысатын доктор Уиллард Лебби 1933 жылы космосты сәулелендіру арқасында атмосфераның жоғары қабатында радиоактивтік заттар пайда болатынын анықтаған. Сондай заттардың бірі — ауыр салмақты радиоактивті көміртегі С 14. Бұл радиоактивті көмір қышқылын айналадағы бар тірі организм: адам, жан-жануар, өсімдік дүниесі қабылдайды. Ал организм өмір сүруді тоқтатқанда әлгі радиоактивті көмір қышқылын қабылдауды тоқтатады да, организм қабылдаған көмір қышқылы аздап ыдырай бастайды. Физиктердің зерттеуі бойынша, радиоактивті көмір қышқылының жартылай ыдырауы 5568 жылға тең екен. Осы әдісті қолдану арқылы алғашқы палеолит кезінде Американы мекендеген алғашқы адамның қаңқасының жасы анықталып, үндістердің Азиядан Америкаға ауып барғанына шамамен 20-30 мың жыл өткені анықталды. Америка құрылығында одан бұрынғы адамның ізі табылмады.

Кіндік кескен мекеніміздің тоз-тоз болған тарихының

бас-аяғын жинай алмай, таңба жазуымызды әрсен танып жатқанымызда байырғы азиялықтардың Америкаға осыдан 20 мың жыл бұрын қоныс аударғаны тазша баланың қырық өтірігінің бірі сияқты көрінуі мүмкін, бірақ ғылым дәлелдеп отырған соң амал бар ма, сенеміз де!

Алматы облыстық "Қазақ тілі" қоғамының "Ақиқат" газетінің бірінші санында Алматы шет тілдер институты ағылшын тілі факультетінің деканы Әділ Ахметовтің студенттермен Американың Аризон университетіне бес айлық тәжірибе алмасу сапарымен барып қайтқаны жайында газет тілшісімен сұхбаты жарияланды. Онда Ә.Ахметов былай деді: "...Үндістердің өмірге жаңа келген нәрестелерінің құйымшағында азиялықтарға тән көкшіл дақ бар екен. Папағ, Яки деген үнді сөздігін ақтарғанда... біздегі тау оларда — д у а ғ, төбе — д ө ң, мақта — т о қ ы, сиыр — х а й у а н, ата — б а б а, же — қ а қ, дәрі-дәрмек — қ ұ л а н (қазақта да құлан-таза айығып кеттің бе демейміз бе!)... Оларда Сүйектау деген тау бар, оны өздері Отан дейді. Қазақта сынықшыны оташы деп атаймай ма?"

Қытайда тұратын Солтан Жанболат деген ғалым үндістерге барып 200-ден астам сөзінің қазақ сөзімен кіндіктес екенін тапқан ("Алматы ақшамы", 24.10.89).

Бұл деректерге қарағанда Американың ежелгі тұрғындары үндістердің түріктермен тайпалық-рулық таңбаларының ұқсастығында туыстық белгі бары талас туғызбаса керек. Жоғарыда көрсетілген М.Стингльдің шығармасында кездесетін *т о м а ғ а п, а т а б а с қ а, т о т а н а қ, ө л м е* атаулары еліктіре түседі. Сөз ұқсастығы демекші, О. Сүлейменовтың "Аз и Я" шығармасындағы академик В.В-ның әңгімесі еске түседі: "Сөз уақыттың сынағына төзе алмай тоз-тоз болатыны ғылымда бұлжытылмай дәлелденген. Сөз бұрынғы үнін жоғалтып, жаңа үнге ие болып, мәнін өзгертіп дамып отырады... Бұған келіссіз бе? Шумер тілі шамамен біздің заманымыздан бұрынғы төртінші мыңжылдықта пайда болды. Ал Шумер-Вавилон сына жазуының соңғы ескерткіші біздің заманымыздан бұрынғы алтыншы ғасырда жазылмады ма?... Сонда сіздің Сөзіңіз ежелгі Алдыңғы Азия мәдениетінің үйірінде болды деп ойлайсыз ба? Жо-жок, түрік сөзі Шумер дәуірінде өмір сүрген деп болжайсыз ба?" Олжас болжап қана қойған жок, дәлелденіп те шықты!

Біз жоғарыда көрсеткен үнді сөздері сияқты Шумерлер

атаны — ада, апа, ананы — ама, туу, туды — ту, қарманы — қар, құс, көшті — гаш деп атаса, ежелгі Шумердің сына таңбасы — ⇒ (өгіз) түрік тайпасы Оғыздың таңбасына ұқсаса, мұны кездейсоқ деп қалай айтасыз? Бұдан төрт мың жыл бұрынғы Шумер таңбасына күмән келтірген академик В.В. мықтап сүрінді. Өйткені бұдан жиырма мың жыл бұрын Америка құрлығына қоныс аударған Шығыс Азия тұрғыны діндіндердің үрім-бұтағы бүгінге дейін таңбасын, тілін сақтап отыр. В.В. мұны естісе, тірі болса құты қашып жерге қарар; ал дүние салса, қара жер хабар берер.

Рашид ад-диннің "Жами ат-тауарихында" (жылнамалар жинағы) Өгіз ханның баласы Күн хан тұсында екі ел арасында, ру мен ру арасында жылқы дауы болмас үшін әр руға лайықты таңба үлестіргені жазылады. Таңба барлық түрік жұртында жылқы мен түйеге басылған.

Шыңғысхан билік жүргізген кезде таңба кеңінен қолданылып, оның әулетінің ат тұяғы басқан жердің бәріне таратылады. Сонымен қатар Орта Азияда, Кавказда және Орта Шығыс елдерінде саудадан, қолөнерден, әр түрлі кәсіптен жиналатын ақша салығы да таңба аталды. Бұл жағдай XVI ғасырдың 70-жылдарына дейін сақталды. Ал бүгінгі монғол тілінде таңба мөр, картаның (ойын) тұзы ретінде әлі аталады.

Таңба Россияда XIII-XV ғасырда сауда-саттықтан алынған салық ретінде қолданылған. Оның себебі Россия елі XIV ғасырға дейін Алтын Орда мемлекетіне боданды ел болып, алым-салық төлеп тұрмады ма? Қазан хандығы, Қырым хандығы, Ноғай ұлыстары кезінде олар бір-бірімен сауда-саттық жүргізіп, араласып жатқан ел болған соң бұл атаудың қолданылуы орынды.

Одан кейінгі кезеңдерде, яғни Әбілхайыр хандығы, Өзбек хандығы, Қазақ хандығы кезеңдерінде, әсіресе XVIII-XIX ғасырдағы орыс-қазақ құжаттарында таңба мөр ретінде қолданылды. Қазақстан тарихына байланысты құжаттар жинағында. Кіші жүз хандары мен сұлтандарының, батырларының орыс әкімшілігіне жазған хаттарында қойылған таңба мөрлерінің кестесі берілді. Осы кітаптың 500-бетінде Кіші жүздің Төртқара, Алтын, Қаракесек, Шекті, Табын, Ожырай, Алаша, Байбақты, Серкеш, Беріш, Таз, Төленгіт, Адай, Масқар, Қызылқұрт, Ысық тайпаларының кестесі, ұрандары жарияланған. Ал бүкіл қазақ ру-тайпалары таңбаларының мүмкіндігінше толық жиналған кестесі жуырда ғана ақталып отырған

¹ Материалы по истории Казахской ССР (1785-1926), М.Л., 1940.




¹ Сүлейменов О.О., "Азия", А., 1975, 193-б.






казак этнограф ғалымы һәм тұңғыш темір жол инженері, қоғам қайраткері Мұхаметжан Тынышбаевтың шағын еңбегінде ("Материалы по истории киргизского народа", Ташкент, 1925) және осы жолдардың авторының жинақтауымен казак тілінде тұңғыш рет "Қазақ Совет энциклопедиясының" 12 томдық әмбебап басылымының 10-томының 549-бетінде; Қазақ ССР-інің қысқаша энциклопедиялық бес томдық басылымының 1-томында ("Қазақ ССР", 1-том, А., 1984, 478-б; "Казахская ССР, Краткая энциклопедия" т.1, А., с.494) жарық көрді.



Бұл басылымдардың қай-қайсысында да, негізінен, орыс этнографтарының еңбектері, түрік ғалымдарының жазбалары пайдаланылған. Мысалы, Хальфиннің 1822 жылы Қазан қаласында татар тілінде басылған "Шыңғысхан мен Ақсақ Темірдің өмірі" деген жылнамасында: "Шыңғысхан әрбір бекке арнайы таңба, құс, ағаш, ұран үлестірген. Ол Қонырат би оғылы Сенкелеге: "Әй, Сенкеле, сенің ағашың — алма ағаш, құсың — сұңқар, ұраның — Қонырат, таңбаң — ай болсын", — депті. Сол сияқты үйсін Майқы биге де: "Таңбаң сырық болсын", — депті. Ал қазақ арасында таңбаны Тәуке хан (1680-1718) үлестірген. Ол бас билермен кенесе отырып "Жеті жарғы" әдет-заңдарын шығарған. Тәуке осы заңдары арқылы барлық тайпа мен рудың ұранын атап, таңбасын белгілеген. Бұған қарап түрік таңбаларын Шыңғыс, Темір, Тәуке үлестірді деген ұғым тумаса керек. Кейбір руларды туыстандыру мақсатымен ежелгі тайпа таңбасын пайдалануға ғана құқық беруі мүмкін.







Қазақтың туыстық деген сөзі бірлестікті, туысуды білдірмей ме? Туысканда қыз алып, қыз беріп, құдандалы болып, кейде бала асырап алып, жартастарға таңба басып түйістіріп түсіріп одақ құрған. Сондай таңбалы тастар Ұлытауда, Қаратауда, Жетісудың Қапшағайында, Қарқара тауында, Жоңғар тауының сілеміндегі Сүмбе өзенінің бойындағы жартастарда ұшырасады. Этнограф ғалымдардың зерттеуі бойынша таңба тайпаның кәсібіне, қоғамдағы алатын орнына, туыстығына қарай белгіленген.

Таңба дүние жүзінің барша халқына тән. Мәселен, рулық қатысы ұмытылғанына көп заман өткен шығыс фин тайпасында семьядан отауланып шыққан жастарға бұрынғы семьясының тайпалық таңбасына қосымша сызық-белгі соққан. Қазақ руларының таңбасында да осы әдетке сай келетін белгі баршылық. Мәселен, казак шежіресінде үйсіннен тараған Абақты Қара биінің қызы Керейге ұзатылған, керейлер оны Абақ деп атап кеткен. Абақ ана ерте жесір қалып отырғанда Керей ішіне келген


Абақтың Қарамойын деген жігітіне тиіп, одан он екі Абаккерей тарайды. (Ислам Қабышұлы "Керейлер керуені", Өлгей, 1978, 97-б.) Содан да шығар Үйсіннің таңбасы мен Абаккерейдің таңбасы да бірдей:  (Абак). Енді шығыс зерттеушілерінің еңбегін еркін пайдаланған Н.Аристов, — Г.Н.Потанин мен Рашид ад-диннің ("Очерки северо-западной Монголии" вып. 2, 1881, 3-б; "История монголов", СПб, 95-б.) зерттеуіне сүйеніп — ежелгі ділдің тармағы саналатын енесей қырғыздарының Сарыүйсін тармағы (таңбасы — ) мен Абаккерейді (таңбасы — ) туыстырады. Бірақ қырғыз ішіндегі Сарыүйсін де үйсін тайпасынан сінгенін айтсақ, қазақтың шежіресі дұрыс болып шығады. "Атақты зерттеуші жазып кеткен" деп табына беруіміздің бір олқы жағы да бар. Қанша дегенмен әр халық өз тегін, әдет-ғұрпын, салт-санасын бөгде көзден гөрі жақсы біледі ғой.

Жапанның (жапондар өздерін осылай атайды — Б.К.) Айна тайпасы түрік тектес халық екенін зерттеген ғалым, Латвияда тұратын М.Әзербәев көптеген түрік сөздерінің төркінін қарастырған. Сол сөздердің жапондар иероглифімен таңба ұқсастығы ерекше елестетеді. Осы елдің этнограф ғалымы Мураяма (А) ) жапондарды түріктің Най-ман (сегіз адам) деген тайпасынан тараған деген тұжырым жасаған. Мұның бір айғағы таңбада жатқан тәрізді. Мәселен, Америка үндістеріндегі т о м а ғ а п есім сөзі — бұларда тамаки, таңбасы —   біздегі ү й с і н есім сөзі — бұларда усун, жазылуы —  , адам аты Кунай —

Абақ сөзінің, таңбасының шығу тегі тым ерте уақытта жатыр. Түрік жұрты есептеу тақтасын кезінде Абақ (грекше абактон, латынша-абактус) атап, ол санның белгісі осы тақтаға түсіріліп, құмалақ таспен есептеп шығарылған. Мұны қытайлар — С у а и-п а и деп атаған, ал суан — қазақ тайпасы. Соған қарағанда жапонның үйсін (көне қытай жазбасында — усун) есімінің таңбасы —   болуы, оның таңбасының Абақ екенін, үйсіннің ағаштан шаншылатынын танытса керек. Қытайда қылмыс жасаған адамның кеудесіне, арқасына абақ, яғни тақта байлап көше аралатып жазалаған, содан шығарып қазақтардың түрмені — абақты атауы ешбір дәлелді қажет етпесе керек.

Қазақ таңбаларын бір жүйеге келтіріп қарасақ, әлгіндей туыстықтарды өте көп табамыз; әрі дөңгелек белгісінен (күн) — , оның қосарлануынан — , жартылануынан — , түзу сызықтан —  (көсеу, жебе) — , оның қосарлануынан —  ; дөңгелектің,

жарты дөңгелектің бір, екі, үш сызықпен белгіленуінен:



бұрыш құрайтын екі түзу сызықтан: — \wedge \vee \lrcorner \llcorner \times

үш түзу сызықты бұрыштан қиятын: \sphericalangle \supseteq \supsetneq \triangleleft

төрт және одан да көп түзу сызықпен: \square \square M

құрастырылған таңбаларды байқаймыз.

Рашид ад-диннің, Н.Аристовтың келтірген таңбалары ұқсас; сәйкес рулардың түбі бір деген пікір осыдан туған. Мысалы, Ұлы жүздің Дулат тайпасының таңбасы — О (дөңгелек), шежіре бойынша онымен туыс Албан тайпасының таңбасына бір сызық — О, Суанға екі сызық — О қосылған; ал Дулаттан тараған Ботбай, Шымыр, Сиқым, Жаныс тайпалары да осы тақылеттес. Ал Арғын таңбасына келсек, қос дөңгелек (көз таңба) — О О Жалайыр тайпасының т а р а қ т а ң б а с ы — M M M . Кіші жүздің Таз, Табын, Орта жүздің Тарақты, Ашамайлыкерей таңбасына ұқсас.

Ежелгі заманнан бері адам баласы, қоғам дамуының куәсі, оның ішінде қазақ халқының тікелей таңғажайып тарихы болып келе жатқан таңбалар әлі де бір ғылыми жүйеге келтіріліп, толық зерттелмеген. Көшпелі тіршілік етіп, мал өсірумен айналысқан қырғыз, қарақалпақ, түрікмен, өзбек, т.б. түрік халықтарында таңба жиырма-сыншы ғасырдың бірінші ширегіне дейін қолданылып келді.

Дегенмен де таңба жұмбақ сырға толы. Соның бір айғағы — астрономиялық таңбаларды¹ қазақ тайпаларының таңбасымен салыстырып қарасаңыздар қайран қаласыздар. Бұл таңбалар атам заманнан қолданылып келеді. Мысалы, күн таңбалы — Албан, Арғын, Дулат, Суан, Ойық, Кедері, Табын, Рамадан тайпаларында жекедара болса, Садыр, Адай, Байбақты, Алаша, Ысық, Шеркеш тайпаларында араласып қолданылады. Ал аспан шырақтары мен аптадағы күн аттарының белгілерінде — Күн, Марс, Меркурий, Шолпан, Жер, Комета да осы дөңгелек таңба, яғни күн таңбасы әр түрлі сызықтармен ажыратылып таңбаланады. Зодиак шоқ жұлдызындағы балықтар-Сіргелі, Сарыжомарт таңбасына , Сарыша-

ян-тарақ таңбалы Жалайыр, Тарақ, Табын, Төрелердің таңбасына ұқсас болуында да заңдылық бар.

Осыдан келіп заңды сауал туындайды: Аспан денелері мен әлемнің құрылымын зерттейтін астрология ғылымында түрік халықтарының өкілдері болды ма? Әрине! Түрік сөздерінің негізі болып қаланған Бабыл елінде Шумер халқы біздің жыл санауымыздан бұрын 6-ғасырда негізгі уақыт белгілерін таңбалаған, әрі оларды сыналы жазу жүйесіне келтірген. Сол заманда көршіміз Қытайда жұлдыз каталогын жасаған. Қазақтың түп атасына жақындай түссек, Аристотельден кейін дүние жүзілік білім мәдениетінің екінші ұстазы атанған Әбунасыр әл-Фарабидің (Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлаг Тархан, 870-950) Қазақстанның Ұлттық ғылым академиясының кітапханасында сақталып жатқан, әлі жария болмаған еңбегінің бірі — "Астрология", оның "Птолемейдің 13 кітаптан тұратын астрономиялық кітабы "Альмагестке" түсініктеме (Шарх әл-Маджисти) кітабында¹ астрономия мен география мәселелерін математикалық жолмен шешудің ең жеңіл әдістерін ұсынды. Сол сияқты II-ғасырда хорезмдік Бируни астрономиялық еңбек жазып, жердің қозғалуы мүмкін дегенді айтқан, ал Әзербайжанда обсерватория салдырған, 13-ғасырда ғұмыр кешкен Ат-Туси планета қозғалысының жаңа кестесін жасаса, 15-ғасырда бабамыз Ұлықбек (1394-1449) Самарканда обсерватория салып, үлкен сектантпен жабдықтап, 1018 жұлдыздың каталогын, планеталар қозғалысының кестесін жасаған. Сол туралы Ян Гевелий атласында² зор баға берілгені соншалық ол дүниенің әйгілігі алты астрономының суретінде солардың ортасында, аспан құдайы Уранның оң жағында отыр.

Біз әңгімелеп отырған астрономиялық таңбаларда түрік таңбаларының белгіленуі — дүние жүзілік астрономия ғылымына теңдесі жоқ үлес қосқан бабаларымыздың араласуына байланысты қолданылғанына күмән болмаса керек. Әрине, бұл тараптан кейінгі ұрпақ зерттеу жүргізер. Оның бір ұшқыны осы күндері де байқала бастады. Жас ғалым Әбілхан Әбіласан "Таңба, ұғым, әріп" атты мақала жазып ("Ана тілі", №51, 1992), біз жоғарыда келтірген таңбаларды көне түрік әріптерімен оқып көрген, әрі кестесін жасаған. Мысалы, күн таңбалы Албан тайпасын

¹ Аль-Фараби, комментарии к "Альмагесту Птолемея", А., 1976;

² Ян Гевелий, Атлас звездного неба, Таш., 1968.

¹ КСЭ, II т, 549 б; Астрономиялық таңбалар, КСЭ, I т, 531 б.

— Алп-ан, Ұм-от; Арғынды-Баш-іл, Ұмай деп оқыған. Шумер заманындағы Ұмай ана есімімен байланыстырады. Сонымен Шумерлер (Сумир)-Ус-ум-иір (Ұмай ана ұрпақтары), ал Акад қаласының билеушісі Саргонды-Саргун, яғни Ус-ар-гун-ума жұрты деп оқу ғылымдағы батыл қадам. Бұл да дәйексіз қиял емес, қисынды болжам.

Әбунасыр әл-Фараби бабамыз айтқандай: пікірдің нанымдылығын-қарсылықтың аз болғанынан, ал пікірдің әлсіздігін-қарсылықтың көптігінен байқармыз.

Таңба кестесі.¹

ТАҢПА, РҰ БІРЛІСТІК	ТАҢБАСЫ		ТАҢПА, РҰ БІРЛІСТІК	ТАҢБАСЫ	
	БЕЛГІСІ	АТАУЫ		БЕЛГІСІ	АТАУЫ
ШАЛЫҒЫР	л л л л	ТАРАҚ	САҢҚОНАҒАТ	н ж	ЕРГЕН
АШАН	о о	ДӘУЛЕК ТАҢБА	ТІКІСТІНДІЛІМ	о	ШӘНІШ
СУАН	о о о о	---	КОҢЫРАТ	л	СОСАҒА
ДУАҒАТ	о о о о	АБАҚ	ҚАШПАҚ	н	КОС АНІП
БОТБАЙ	о о о о	ДӘУЛЕК ТАҢБА	АДА	н	САДАҚ ОҚ
ШӘНІШ	о о о о	АШАН		о	
СІКІМ	о о о о	ДӘУЛЕК ТАҢБА	БІРІ	з д о у л	
ЖАНЫС	о о о о	---	АЛТАН	л н	
САҢҚЫСЫҚ	о о о о	ІАМЕК	ЖАНАС	л ж	ТҮМЕ МОЙН
ШАЛЫҒАТЫ	о о о о	АҚ	ТА	л ж	
БІСТЫ	о о о о	ТҮМАР	ЕСТЕҒЫР	у	ӘНІ
	о о о о	КӨСЕУ	ТАМ	л	КӨСЕУ
ОЙЫҚ	о о о о	ШЫЛЫҒЫР		л	
ТІНІ	о о о о	КӨСЕУ	БАЙБАҚТЫ	л о	
ОШАҚТЫ	о о о о	ҚАЗ	НАСҚАР	у ж	БАҚАН
СІГІСІ	о о о о	ТІЛІК	АЛАША	у ж	
	о о о о	ТҮМАР		у ж	
	о о о о	СІРГЕ	СІРГЕ (ШЕРГЕ)	у ж	БАҚАН
	о о о о			о	
ҚАҚАН	о о о о	ҚУРА	МСК	у о	
	о о о о	ШЫЛЫҒЫР	ҚАНАСЕК	л ж	
ШӘНІШДІЛІМ	о о о о	КӨСЕУ	ҚАНАЕТ	л ж	
ТАҢҚАТЫ	о о о о	ҚОНТАҢБА	ШЕКТІ	л ж	
АРҒЫН	о о о о	ТАРАҚ	ТОҒҚАРА	л ж	
	о о о о	ТӨСТАҢБА	ҚАРАСАЛА	л ж	
	о о о о	ЖАҒАРЫ ШЕКТІ	ШӘНІШ	л ж	
	о о о о	ТӘНІКІ ШЕКТІ	КӨСЕРІ	л ж	ШЫЛЫҒЫР
КӨСЕРІ	о о о о	АШАНА	ТАБЫН	л ж	ТӨСТАҒАН
АБАҚ КӨСЕРІ	о о о о	АБАҚ		л ж	ӘНІ
АШАНАНЫҢ КӨСЕРІ	о о о о	АШАНА		л ж	ТӨСТАҒАН
НАЙМАН	о о о о	БАҚАН	ТАМА	л ж	---
	о о о о	СОСАҒА		л ж	КӨСЕУ
БАҚТАМ	о о о о	ШӘНІШ	ЖОҒЫ	л ж	ШЫЛЫҒЫР
БАҒАНАЛЫ	о о о о	БАҚА	ТӨМЕУ	л ж	
	о о о о	БАҚАНА		л ж	БАҚА
ҰАҚ	о о о о	БАҚАН	ЖАҒАРЫШ	л ж	---
	о о о о	---	НАМАДАН	л ж	ШӘНІШ
ЕРГЕНКІ ША	о о о о	АШАНА		л ж	АРҒАР
НАМ КӨСЕРІ	о о о о	ЕРГЕН	ТӨС	л ж	ТАРАҚ
МАТАЙ	о о о о	БЕРІ	ҚОВА	л ж	ӘНІ
САҒЫР	о о о о			л ж	
ШОҒА, САҒМА	о о о о	АШАНА	ТӨБЕНГІТ	л ж	НАЙА

¹ КСЭ, II т. 549 б.

Астрономиялық таңбалар¹

Астрономиялық таңбалар

Аспан шырақтары мен аптадағы күн аттарының белгілері

☉ — Күн (жексенбі)	♃ — Уран
♁ — Ай (дүйсенбі)	♆ — Нептун
♂ — Марс (сәрсенбі)	♇ — Плутон
☿ — Меркурий (сәрсенбі)	♁ — Мер
♃ — Юпитер (бейсенбі)	♄ — комета
♁ — Шолпан (жұма)	★ — жұлдыз
♄ — Сатурн (сенбі)	

Зодиак шоқжұлдыздары мен ай белгілері

♈ не ♉ — Сушы (январь)
♊ не ♋ — Балықтар (февраль)
♈ не ♉ — Тоқты (март), ноктенгі күн мен түн теңелу, нүктесі
♈ не ♉ — Торпақ (апрель)
♈ не ♉ — Егіздер (май)
♈ не ♉ — Шаян (июнь)
♈ не ♉ — Арыстан (июль)

♄ не ♅ — Бикеш (август)

♄ не ♅ — Мизам (сентябрь), нүзгі күн мен түн теңелу нүктесі

♄ не ♅ — Сарышаян (октябрь)

♄ не ♅ — Мерген (ноябрь)

♄ не ♅ — Ешкімүйіз (декабрь)

Ай фазаларының белгілері

● не ● — жаңа ай
☾ не ☽ — бірінші ширек
○ не ☽ — толаған ай
☾ не ☽ — соңғы ширек

Аспан шырақтарының өзара орналасу белгілері

♁ — қосылыс	♁ — қарсы тұрыс
♁ не ♁ — врлеме түйін, оның орбитадағы бойлығы	

Ұ Й Ғ Ы Р Л А Р

Энциклопедиялық басылымдарда ұйғырларға берілген анықтама: "Орталық Азияны мекендейтін көне түрік халықтарының бірі". Сол Орталық Азияны мекендейтін байырғы халықтардың бірі — қазақтар. Олай болса ұйғырлармен ықылым заманнан қошынамыз, андаспыз, құда-жегжатпыз, шекаралас, қандас, туыс халықпыз. Тандыр нанды бірге үзіп жеп, еткен шайды бір кеседен ұрттап, кетпенді кезектесе ұстап, тамды бірге жегенбіз, бір табақтан ет асап, лағманды да бірге жегенбіз. Солай дегенмен қошына дауы, жер дауы деген адам баласында қашаннан бықсып жатқан шала емес пе?! Тіпті өкпе құрты сияқты жағдайың нашарласа, қыбырлап қозып шыға келеді...

Бабаларымыз: "Ірігеннің аузынан шіріген сөз шығады" деп осындайды айтса керек. Сол іріген ауыздан шыққан жер дауынан өрт шығуы да ықтимал. Бірақ сол өртке айналар сөз шаласына су құйып өшіріп тастамаса, өрт басылмай қаулап, адам да мерт болуы ықтимал. Өрт екі жақтың да қора-жайын шарпады. Арырақ тұрған жұрт қаныпезер болса, қай жеңгенің менікі деп бақылап, "ұрит соқ!" жасамасына кім кепіл.

Мұны әңгіме етіп отырған себебіміз, "желсіз шөп басы қимылдамайды" демекші, соңғы жылдары Қазақстандағы ұйғыр тіліндегі басылымдарда, ара-тұра орыс тіліндегі басылымдарда: "Жетісу-ұйғырлардың атамекені" деген жалған қауесет етек алып, ұлт арасына қаяу түсірген кейіп біліне бастады. Мұндай жәдігөйлікке немқұрайды қарауға болмайды. Ұйғыр-қазақпен түбі бір халық. "Түбі бір теппейді" деп кемеңгер бабаларымыз ұлағатты сөз

қалдырған. Сондықтан осы бір келенсіз жағдайды тарих беттерін ақтара отырып, жұртшылығымыздың назарын шындыққа аударсақ деген оймен қолыма қалам алдым. Енді ұйғырлар жайында қилы-қилы замандарда жазылған деректерге сілтеме жасап, оқып көрейікші. Мұның зәредей жалғандығы жоқтығына бетін көрсеткен жазба деректер айғақ болады.

Ұйғыр ағайындар қазақ халқы дербес мемлекет болғаннан бері жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбек етіп жатыр. Әр адам өз қадірінше үлес қосуда. "Мынау Азияның кіндігіндегі ұшы-қиырсыз жерге мемлекет құрып жатқан қандай ел?" деп дүние жүзі көз тігуде. Орыстың Солженицин сияқты сәуегейлері "ол елдің түстігі өзіне жетеді, терістігін Ресей алу керек" деп аузы-мұрыны қисаймай-ақ сандалды. Осы шақта терістіктегі орыс көршілеріміз, тіпті Орал мен Өскемен казак-орыстары қауымдастығын құрып, атамандарын сайлады. Алматының казак-орыстары "Жетісу біздің жеріміз" десе, Ұлы Қытай да қарап қалмай "Балқаш көліне дейін біздің мекен" деп, өзінің шекарасын үш ғасыр тұрғызған Ұлы Қытай қорғанын да естен шығарып алды. Сонда ұзындығы үш мың шақырым, биіктігі он екі құлаш, ені алты кадам қорғанды кімнен қорғанып қалады? Әрине, қытайдың өз ата-бабалары жазып қалдырған жазба дерекке сүйенсек Үйсін, Қаңлы, Хүнн тұқымдарынан қорғанып салған. Олар Қытайдың терістік өлкесінен он алты мемлекет құрмады ма!? Бәрін былай қойғанда, біздің жыл санауымыздан бұрынғы тарихи жазбалардағы карталарға көз салмай ма?¹

Сол замандағы Шан-юэ жазбасына сүйенсек бұл көшпелілердің саны біздің жыл санауымыздан бұрынғы 198 жылдары 200 мың түтін, яғни I миллион 400 мың адам болған². Сөз реті келген соң айтып отырмыз, әйтпесе бұл теңдесі жоқ тарих.

"Көп қорқытады, терең батырады", — деген сөздің жаны бар. Бірақ қазіргі заманда, мәселе көптікте емес, техникада болып отыр ғой. Оның мысалы, Жерорта теңізінің жиегіне жабысып отырған Израил, Тынық Мұхиттағы аралдарда ғұмыр кешіп, жанын шүберекке түйіп отырған Жапония емес пе! Аюдай ақырған Ресейге Жапония дауысын әрең шығарып: "Курил аралдарын қайтармайсыздар ма?" десе, Ресей: "Ойланамыз" деп гүж етеді. Солай ағайын! Ал Қазақстан болса бостандыққа

қолы жаңа ғана жетіп, қалыптасу жолында, тұсауын жаңа ғана кескен сәби шағында. Осындай жағдайда ұлы халықтарға еліктеп, іргеде отырған қошына ұйғырлардың кейбір білімпаздары бүйректен сирақ шығарғаны — пендешілік. Жетпісінші жылдары Бердібек Соқпақбаев пен Ғабит Мүсірепов үшеуміздің Албансайдағы құжырамыз іргелес еді. Ғабен үйді орыс шалынан сатып алған, біз өз қолымызбен салғанбыз. Сол орыс шалы үйінің іргесін тура шекараның үстінен жүргізген, ал тәртіп бойынша шекарадан үш кадам кейін шегіну керек екен. Қош, шекараға үйінің іргесі қаланған соң үйінің сыртына таңқурай екті, екі кадам жылжыды. Енді бір айналып келсем жалғызаяқ жол түсіпті. Келер жылы көктемде үш-төрт түп бес жылдық шабдал ағашым жоқ. Жер жұтып кетті ме деймін. Байқасам шабдал ағашты жермен жексен етіп қиып тастапты: "Ақсақал, мынау қалай болғаны?" деймін. Шал қазақша судай. "Қилы замандағы" Жәмеңке болысты білесіздер ғой, Қарқарада соның тілмәші-хатшысы болған ку екен.

— Менікі жер жоқ, сондықтан жерден шынжыр тартып жоғарыға су құятын бак сүйредім, мырза. Әйтпесе, өрге қайтіп шығарамын, — деп қарап тұр.

— Мәссаған безгелдек! — дедім де сөзден жығылдым. Сексеннен асқан қартқа не дейсіз. "Аттың сыры иесіне мәлім" дегендей, қазақтың жерге құнты жоғын білетін қарт, сонымен бес-алты кадам жерімді шекара жасап жіберді.

Басқыншылық деген осындай түймедей істен басталады, ағайын! Олар жыламсырап келіп, мүсәпірсіп орнығып алған соң мұрнын шүйіреді, әуелі күш те көрсетеді. Қазақта: "Ақырзаман болғанда қара қытай қаптайды" деген сөз бар. Бабаларымыз көрегендікпен қытайдың өсімшілдігін білген. Қазір де дүниедегі бес адамның бірі-қытайлар емес пе? Соңғы екі-үш жылдың ішінде базар нарқының енуіне байланысты шекараны босаңсытып қоюымыздың салдарынан қытайлар сауда-саттық жасап қаптап келіп жатыр. Дүкен жалдап, біреудің атына ұй сатып алып, некелесе қалып, орныққан қытай қаншама! Солардың саны үш жүз мыңнан асып кетті деген де сөз шығып қалды. Енді ширек ғасыр өткенде: "Мен де осында туғанмын, кіндік кескен жерім" дейтіндер де шығады. "Ал жүз жыл өткен соң ата-бабамның жері" демесіне кім кепіл? Ол емес, елін өзге жұрттан қызғыштай қорғаған немістерде де қазір алты миллион өзге халық тұрады екен. Сондықтан көрші ағайынмен тату боламыз десек тарихымызды жақсылап оқып, балаларымызды бесіктен бауыр-

¹ Б и ч у р и н Н.Я., Собрание сведений...с о н д а, 3 т.

² Материалы по истории кочевых народов в Китае III-V в.в., М., 1989, 20 б.

малдыққа тәрбиелеп, ол келімсектерге де тілімізді үйретіп, әрі өз тілін ұмытпауға жағдай жасап, кімнің жерін жайлап, суын ішіп отырғанын ұмыттырмағанымыз дәзім. Айтпақшы "л э з і м" ұйғыр сөзі. Сондықтан ұйғыр ағайындардың тарихын ықылым заманнан бастап індеткен дәзім болар. Оқырман қауым, "ықылым" сөзінің мәніне тоқтала кеткен жөн, өйткені, бұл сөз ешбір дәуірді, заманды немесе басқа да жыл санауды білдірмейді, бірақ бұдан екі мың жыл бұрында Тұран елінің ғұламалары жерді жазықтық деп ұғып, оның картасын сызғанда тақта-тақтаға бөліп тастаған. Сол бөліктер ықылым аталған. Бұл тәсіл біздің заманымыздың он алтыншы ғасырында жазылған Мұхаммед Хайдар Дулати мен Заһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың жазбаларында да келтіріледі.

Түбі-түрік, тегі-хуннан таралған халықтардың бірі-ұйғырлар. Қытай халық Республикасының Шинжаң (қытайша: чин ян-жаңа жер) Ұйғыр автономиялық ауданының негізгі халқы. 1991 жылдың ортасында жасалған есеп бойынша ұйғырлардың дүние жүзіндегі жалпы саны 7 миллион, 900 мың. Соның жеті миллионға жуығы Шығыс Түркістанды, Іле алқабын мекендейді, қалғандары Орталық Азия мемлекеттері мен Үндістанда. Сол мезгілде дүние жүзіндегі түрік тілдес халықтардың жиынтық саны-133 миллион 482 мың. Халқының сан жағынан ұйғырлар бесінші орында. Бұлардың алдында 55 миллион түріктер, 19,8 миллион өзбектер, 16,2 миллион әзірбайжандар, 10,3 миллион қазақтар бар.

Енді осы халықтың ықылым замандағы тегі, мекені, олардың қоныс аударған дерегіне назарларыңызды аударалық. Ұйғыр атауы жазба деректерде біздің жыл санауымыздың төртінші ғасырынан белгілі.

Түрік жұртының қағазға қатталған ең көне жазбасы — "Монғолдың құпия шежіресі" (Өлгей, 1979) мен Әбілғазының "Түрік шежіресі" (А,1992). Бұлардың ақиқаты қайсы, жалғаны қайсы екенін білу үшін қытай, араб жазбаларымен салыстырып, ой түйген абзал. Мәселен, Әбілғазы: "Ұйғырдың мағанасы-жабысқыр дегенге келеді, яғни сүт ұйыды дегенде, бір-бірімен ұйысып, айрылмастай болады дегені". Әбілғазы солай дегенмен, кейбір тарихшылар: "ұйғыр-ойғыр, уйғар" деп те атады. Олай болса: ойда, қырда тұратын ел деген сөз бір табан жақын емес пе? Жетісулық тараншылар: "ойғырмыз" деп сөйлейді. Осы ойымыз дәлелді болу үшін ежелгі ұйғыр жұртының мекеніне көз жүгіртейік. Мұңғыл жерінде ендікке көлбей жатқан екі тауды — Тоқырау буалық, Ұсқынлық текрем атаған. Сол таулардың батысындағы тау-Құттағ (Құт

тауы, Б.Қ.). Осы таудан аққан бұлақтар тоғыз өзен, он өзенге тарамдалады. Бұл өзендердің бойындағы халық — он ұйғыр, тоғыз ұйғыр аталған. Сол жерді мекендеген жұрт жүз жиырма рулы ел болған. Он ұйғыр Меңлітай деген кісіні төре көтеріп, оған Елтір деген лақап ат қояды. Тоғыз ұйғыр өздеріне бір кісіні төре көтеріп, оған Келелтір деген лақап ат қояды. (Әбілғазы). Олардан кейінгі төре қойылғандар Идікүт деп аталған. Түрік халқы жанды-қ ұ т деген. "Құсың құтты болсын!" "Киімің құтты болсын!" деген сөз күні бүгінге дейін айтылады. Сонда Идікүт-жан иілді деген мағана береді.

Идікүт атауы Шыңғысхан заманына дейін сақталған. Оның бірден-бір дәлелі "Монғолдың құпия шежіресіндегі" мынандай дерек: "Уиғардың Идууд ханы Чингис хағанға Адхират пен Дарбайды елші етіп: — Бұлт кетіп, жарық күн шыққандай, мұз еріп ару өзен аққандай Чингис хағанға айтарым: алтын белбеуінің тіліне ілініп, асыл ішігінің түгіне жабысып, бесінші ұлың болып қолғабыс етемін" деп өтінеді. Бұл сөзді естіді де, Чингис хаған ұйғарып: "қызымды берейін, бесінші ұлым болсын. Алтын-алқа, жібек-қамқа, күміс-маржан сияқтыларды алып келсін" деп айтқызғанда Идууд ұйғарған екен ғой" дейді (123 б.).

Шыңғысхан Идікүт ханға Алатун бәхи деген қызын қосады. Бұл әңгімені Әбілғазы да жазады, бірақ қызын өзі қоспайды, Идікүт бесінші ұлың болайын дегенде қызымды сұрап отыр екен деп қалды дейді. Қалай дегенмен де Шыңғысханның Батыс жорығына қатысып, Бағдатқа дейін тараған ұйғыр хандарының тұқымы болуы керек.

"Монғолдың құпия шежіресінде", Әбілғазының "Түрік шежіресінде" де Идікүт — хан лауазымы. Онда, "Ұйғырдан Идікүтты Бауыршық дейтін кісі болған" деген деректі қалай түсінеміз? Шыңғысхан қызын берген Идікүт сол емес пе? Қалай дегенмен де Шыңғысхан Мауараннахарға аттанғанда Бауыршық Идікүт әскерімен оған қосылады. Сол заманда ұйғыр елі сауатты жұрт екені жайында дерек мол. Әуелі Үкідай қаған тұсында Мазендаран, Хорасан, Геленды билеуді Көргөз деген ұйғырға тапсырған.

Қытай жазбаларына қарағанда ұйғырлар хунндардың тайпалық одағында болған. Бұл дерек Орхон-Енесей жазба ескерткіштеріндегі ұйғыр атауынан белгілі. Олар алғаш Жужань, кейін Түрік қағандығының құрамында Керей, Найман тайпаларымен қатар өмір сүрді. Сегізінші ғасырдың орта шенінде Тола, Орхан, Селеңгі өзендерінің бойында *Ұйғыр қағандығы құрылды (745-840)*. Бұл жай-

ында Орта Азия халықтарының тарихы жөніндегі он екі дәрісінде академик В.В.Бартольд былай деген: "Сами киргизи уже тогда имели некоторое политическое значение, во главе их стоял особый каган, и надписи посвящают им гораздо больше внимания, чем тем народностям, *уйгурам на востоке и карлукам на западе*, которым было суждено через очень короткое время занять место *турок-огуз*. Возвышение этих народностей, по-видимому, произошло очень быстро. Уйгуры упоминается в надписях только в одном месте; однако, это место совершенно ясно и нет никаких оснований сомневаться в чтении этого слова и в существовании в то время особого народного названия уйгур, не имевшего ничего общего с названием огуз". (ерекшелеген. Б.Қ.).

Бұл жазбадан үш деректі: біріншіден, ұйғырлардың Орхон жазуында аталатыны; екіншіден, карлұқ-батысында, ұйғыр-шығысында тұрғаны, әрі жеке ел болғаны; үшіншіден, оғыз басқа ел екені анықталады. Жетінші ғасырдың басында Түрік қағандығының құрамында Тоғыз-оғыз одағы пайда болды. Орхон тас жазуында оғыздар Шығыс Түрік қағандығының құрамына кірген. Дегенмен, Жетісудағы, Сыр бойындағы оғыздардың олармен этникалық туыстығы әлі анықталған жоқ, бірақ сол Орхон жеріндегі оғыздардың Керей, Найман, Жалайыр т.б. түрік тайпаларымен туыстығы дау туғызбайды.

Ұйғырлар көшпелі түрік тайпалары сияқты өмір кешіп, Шығыс Түрік қағандығының құрамында болған кезде Яглақ руының бастауымен тәуелсіздік жолындағы көтеріліске шығып, 745 жылы тұңғыш рет дербес қағандық құрды. Орхон өзенінің бойындағы Қарабаласағұн қаласын астана жасап, 95 жыл мемлекеттік билік жүргізді. Алғашқы қағаны Пейло (746), оның ұлы Мойыншор (746-759) еді. Заманында озық елдер қатарына қосылып, Орталық Азиядағы мемлекеттермен де, Қытай мемлекетімен де қарым-қатынас жасап, мықты әскер ұстады.

Ұйғырлар құлатқан Шығыс Түрік қағандығы әуелде Түрік қағанаты (552-745) аталды да, жетінші ғасырдың басында екіге бөлінді: Батыс Түрік қағандығы-Жетісуда, Шығыс Түркістанда, Орта Азияда жеке мемлекет құрды (603). Бұл дерек Қытай жазбасының арқасында ғана анықталып отыр.

Селенгі өзенінің бойындағы осы ұйғыр қағаны Мойыншорға орнатылған ескерткішке: "Түрік қыпшақтар біздің үстімізден елу жыл үстемдік етті" деп жазылған. Бірақ

¹ Бартольд В.В., Соч., У, с. 43.

тарихи жазбаларда ол аймақта қыпшақ мекендемейді. Өзге жазба деректердің бәрінде де Қыпшақ Ертістен Донға дейінгі аймақты бірнеше ғасыр бойы алып жатқан, әрі бұл өлке Дешті-қыпшақ (Қыпшақ даласы) аталған. Соған қарағанда тас жазуды оқыған ғалымдар түріктің көне қытай атауындағы "кинча", хибиса" сөздерін Қыпшақ деп оқыған, өйткені ол өлкеден батысқа қарай, Ертіс бойын мекен еткен қимақтар 9-11-ғасырларда Қимақ мемлекетін құрған, ал әңгіме болып отырған сегізінші ғасырда қимақтар Ертістің орта ағысын мекендегені парсы тілінде жазылған "Худуд әл-Әлемде" айтылады¹. Сондықтан ұйғырларды елу жыл бағындырған қыпшақтар емес, қимақтар деген тарихи шындық. Әрине, Қыпшақ та, Қимақ та түрік тайпасы. Оныншы ғасырдан кейін Қыпшақ аталып кете барады.

Ұйғырлардың күшті мемлекет құрғанына мына бір дерек дәлел бола алады. 757 жылы Қытайдағы соғдылық Ань лу-шань бастаған көтерілісшілер қозғалысын басуға Қытай императоры ұйғыр қағаны Мойыншордан жәрдем сұрайды.

Диірменнің тасындай зыр айналған дүние кімнің басында тұрып қалған. Қағандықтың түбіне ұйғыр ақсүйектерінің бақталастығы жетті. Ұйғыр жазуын шығарған, колөнерін дамытқан қағандық сегізінші ғасырдың аяғында әлсіреп, 840 жылы Енесей қырғыздарынан жеңіліп, торғайдай тозды. Ұйғыр екіге бөлінді: бірі Алтай мен Тарбағатай аралығындағы қарлұқтарға, көп бөлігі Шығыс Түркістандағы (Кашқария) және Гансуга (Сары ұйғырлар) қоныс аударды. Ендігі мемлекет құрылымы Шығыс Түркістан жеріне ауды. Бұл аймақ туралы Брокгауз бен Ефронның лұғатында былай деп жазылған: "За два столетия до Р. Хр. китайская история застаёт здесь (Іле өлкесі айтылып отыр. Б.Қ.) у с у н е й, народ кочевой, голубоглазый и белокурый. В VI в. их вытеснил народ юебань (үрбі, Б.Қ.), остатки сев. хуннов; затем Илийской долиной (Қытай жеріндегі Іле аймағы. Б.Қ.) обладали гаогюцы, которых вскоре сменили тукиесцы. Когда тукиесцы признали над собой власть Китая... В IX в. здесь утвердили свою власть уйгурцы; 1125 г. сюда вторгся кара-киданцы Елюи-Даша, и Илийский Край стал ядром Каракиданского государства"²

¹ Кумекоев Б.Е., Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам, А., 1972.

² Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона, Илийский край, т.24, СПб, 1892.

Осындай бірер сөйлемнің ішіне бірнеше халықтың тарихи кезеңдерінен деректер қамтып, оны түсіндіру үшін зерттеушілер қанша қолжазбалардың, қаншама тарихи еңбектердің бетін ақтарды десенізі! Осы ойымызды дәлелдеу мақсатымен мына бір дерекке іздеу салайықшы: әлгі көк көзді, сары шашты үйсіндер қайда жоғалып кетті, әлде ығысты ма? Қайда жоғалсын, Қытай деректерінде олар батысқа жылжыды дегенмен сол үйсіндердің Албан, Суан, Дулат тайпалары XV ғ-да қазақтың құрамына еніп, күні бүгінге дейін сол Іле бойын мекендеп отыр! Жоғарыда келтірілген Юебань одағын құрған да сол дулаттар. Қазақ хандығы құрылар алдында, одан кейін де Жетісуда Моғолстан мемлекетін құрып отырған негізгі халық та солар.

Сөзіміз дәлелді болу үшін Қытайдың жазба деректеріндегі түрік тайпалары жайындағы жазбаға жүгінейік. Батыс өлкенің тарихын баяндаған Бейши жазбасының 97-тарауында Хань әулетінің Вынь-чин патшалық еткен заманында (б.з. 453-465 ж.) Қашқар аймағы қытайша-Сулэ немесе Қашқар (Кяша, Каша) деп аталады. Аймақ Үйсін патшалығының батысына орналасады. Бұл жайында Н.Я.Бичурин еңбегінде былай деп жазылған: "Кашгарское владение лежит от Гумо на Западе не с большим в стах ли от Белых гор (Алатау, Б.К.) на юг. Это древнее владение, существовавшие при Старшей династи Хань... Во всем владении находится двенадцать больших и несколько десятков малых городов. На юге протекает Желтая река" (қытайша Хуанке, монғолша Қарамөрэн. Б.К.)

Бұл деректерге қарағанда ол тайпалар XX ғасырда да сол жерден қоныс аудармаған. Ұйғырлар қоныс аударып келгенге дейін де мұндағы отырықшы халықтың үлкенді-кішілі қалалары болған. Сібірдің көшпелі ұйғырлары қоныс аударған жерін қалаландырып, егіс егіп гүлдендіріп жіберді деп айту тарихи деректен алшақтағандық болар еді. Осы Бейши жазбасында қашқарлықтардың (эринө түрік халқы) қолы алты саусақты, аяғы алты башпайлы, олай тумаған баланы өсірмеген. Халқы бойшан, көздері көкшіл, билерін Пэй деп атаған. Бұлар үйсіндер ме? Әлде қаңлылардың тұқымы ма? Ол жағы белгісіз. Қытай дерегіндегі үйсіндер батысқа қарай ығысты деген дерек соған сая ма? Қалай дегенмен де ұйғырлар келгенге дейін де Қашқарияны түрік халқы мекендеген.

Археологиялық қазба деректерге сүйеніп, "Шығыс Түркістанда бұрын түрік халқы мекендемеген" деген дерек теріс, оны жүздеген тарихи жазбалар жоққа шығарып

отыр. Біздің жыл санауымыздың 2-4-ғасырларында солай жылжыған хұндар мен үйсіндерді жер жұтып кетті ме? Олар түрік тектес халықтар емес пе! Ғалымдардың бұл болжамының терістігі-европалық ғалымдар түрік тайпаларын бұрынғыдай көшпелі болды деген түсінігінен арылмағаны болар. Б.з.б. бірінші ғасырда Шығу, Ақтөбе сияқты қалалары болған Үйсін-Қаңлы бүтіндей көшпелі болды деп айтуға ешкімнің аузы бармаса керек. Тарихты жете оқымаған немесе қасақана көзжұмбайға салған басқыншы пиғылдағы адамдар ғана айтса керек.

Ұйғырлардың Шығыс Түркістанға қоныс аударуына В.В.Бартольд мынандай тұжырым жасады: "...Восточный Туркестан получил большой приток турецкого населения после падения В Монголии государств сначала турок-огузов, (бешенек, төрік немесе торы т.б. түрік халықтары Б.К.), потом уйгуров; уже надписях встречается слова балык в значении город и название Бесбалык — пять городов, для города, находившегося на крайнем востоке нынешнего Китайского Туркестана".

Оғыздан кейін ұйғырлар келді дегеніне қарағанда бұл 9 ғасырдан көп бұрын болды. Сонымен қатар 11-ғасырдағы бабамыз Махмұд Қашқари: "Балық-түрік тілінде топырақ деген сөз" деп жазды. Соған қарағанда, Бесбалық-Бестопырақ қала деген ұғымды білдіреді. Ұйғырдың топырақ үйін қазақ "там үй" атайды, ал шатыры жоғы-"тоқал там" аталады.

Біздің індетіп отырғанымыз ұйғырлар емес пе, олай болса тағыда ғылыми жазба дерекке жүгінейік: "Во второй половине 9 в. в., местность с городом Бешбалыком пришли уйгуры, вытесненные из Монголии киргизами; это произошло в 860 г. здесь образовалось уйгурское княжество, существовавшее до монгольского периода, до 14 в; другое княжество (Ганьчжоу Б.К.) было основано уйгурами в пределах собственного Китая...".

В.Бартольд бұл деректі Қытай, парсы қолжазбаларына сүйеніп жазып отыр. Олай болса ұйғырлардың Қытай мен Шығыс Түркістанға ауғаны дау туғызбаса керек. Ендігі әңгіме, 10-11-ғасырларда ұйғырлар қандай мемлекеттердің құрамында болды, өздері мемлекет құра алды ма деген сауал тууы орынды. Сол дәуірдегі парсы қолжазбасына (егесі белгісіз болғандықтан тапқан адамның есімімен "Туманский қолжазбасы" аталып кеткен, Б.К.), Гардизи

¹ Бичурин Н.Я., сонда, 44 б.

² Бичурин Н.Я., сонда, 51 б.

мен Махмұд Қашқаридың шығармаларына сүйенсек, мұнда түбі жетісулық яғни алғашқы Қарахан мемлекетін орнатты. Олардың құралуына қарлұқтар, ұйғырлар, Жетісудың байырғы тұрғындары — қаңлылар, шігілдер, т.б. түрік жұрты қатысты. Махмұд Қашқаридың өзі де Ыстық көлдің Теріскей Алатау етегіндегі Барысқан қаласында Саты-Сапы асу етегінде туған.

Қарахан әулеті Шығыс Түркістанда билік құрып тұрғанда оның халқы өздерін ұйғырмыз деп атамаған. Мұның айқын бір дәлелі Махмұд Қашқаридың еңбегі болмақ: "...для Юсуфа Баласагунского язык, на котором он писал, не было уйгурским".

Ұйғырлар Қарахан әулетінің қоластында тұрған шақта, яғни 10-ғасырдың бірінші ширегінде, Солтүстік Қытайды толық қаратқан Ляо әулетінің императоры Шығыс Түркістанға, Қытай жеріне бауыр басып қалған, диханшылықпен айналысқан, қала тұрғызған ұйғырларға: "Атақоныстарыңа ауысасыздар ма?" деп ұсыныс жасаған, бірақ ұйғырлар бұл қайырымдылықтан бас тартқан. Қотан, Қашқар, Жаркент (Қытай жеріндегі, Б.К.), Алмалық сияқты қалаларға орналасқан халық "таз қалпына" қайта келіп, көшпелі тірлік етер ме!?

Сонымен ұйғырлар Тұрпан ойпатында (847-1369), Гансуда (847-1036) дербес мемлекет орнатты, бірақ бұл билік те баянды болмады. Гансуды таңғұттар жойды, Шығыс Түркістандағы (Қашқария) мемлекет Шағатай ұлысына, Жетісуда құрылған Моғолстанға қарады, кейін мұнда жеке Моғол мемлекеті орнады. Ұзақ жылдар Шағатай ұрпағы мен Темір әулетінің тепкісінде болған ұйғырлар өзінің ұлттық атауынан айрылып, Шығыс Түркістанда: қашқарлық, қокандық, тұрпандық, ақсулық; Қытайдың Іле аймағында — тараншы аталды. 19-ғасыр мен 20-ғасырдың басында орыстың тарихи жазбаларында да тараншы (диқаншы) аталады, тек 1921 жылы Ташкентте өткен ұйғыр өкілдерінің құрылтайында ұйғыр жалпы халықтық атауға ие болды.

Осы заманда ұйғырлар мекен етіп отырған Шығыс Түркістан (Шинжаң) өлкесі 1 600 мың шаршы километр. Мұнда негізінен ұйғырлар, қазақтар (1 млн. 270 мың, 1992 ж) монғолдар, қытайлар, сібелер тұрады. Бұл өлке европалықтар үшін он тоғызыншы ғасырға дейін жұмбақ қазыналы аймақ көрінді. Оның себебі, Шыңғысхан әулеті Қытайдың терістік аймағын қаратып, Хулағу хан (1217-65) Ауғанстан, Иран, Ирак жерінде билік құрып, Жошы әулеті

Бартольд В. В., сонда, т. V, 114 б.

Донға дейінгі аймақта Алтын Орданы нығайтып, Түркістанда Шағатай әулеті, кейін Ақсақ Темір қуатты мемлекет құруына байланысты Шығыс Түркістан, оның аборигеніне (байырғы халқы) айналған ұйғырлар еуропа елінен тасада, жұмбақ ел болып қала берді.

Орталық Азия әлсіреп, ірі мемлекеттер ыдырап, Темір әулетін Мұхаммед Шайбани күйретіп, Жетісуда Моғолстан әлсіреп, оның орнына Қазақ хандығы құрылып, оның батысы мен терістігінен орыстар қысып, шығысы мен түстігінен жоңғарлар тиісіп, қанды қырғынға айналған, екі ғасырдан астам уақытқа созылған соғыс аяқталып, Қытай бір миллионнан астам жоңғарлықтарды жойғаннан кейін барып, орыс та, европалықтар да Шығыс Түркістанға көз тіге бастады.

Осы орайда тарихи әдебиеттегі атауларға тоқталған жөн болар. 18-19-ғасырдың бірінші жартысында Еуропа тарихи әдебиетінде Орта Азияны — Үлкен Бұқара, ал оған жапсарлас, шығысындағы бұрынғы Қашқарияны-Кіші Бұқара немесе Бұқара Түркістаны атады. Жергілікті халық елін қалай атауында олардың шаруасыда болмады. Мұндай атауларға сол елдің тарихшылары (мыс., Е.К.Мейендорф) қарсы шықты. 18-ғасырдың орта шенінде Қытай Шығыс Түркістанды өзіне қаратқаннан кейін ол аймақты-Синьцзян ("Жаңа шекара" немесе "Жаңа жер") деп атады. Заманының озық ойлы ғалымы, шығыс зерттеушісі Н.Я.Бичурин 1829 ж. алғаш жарық көрген ірі шығармасында: "Здесь приличнее были бы назвать Бухарский Туркестан Западным, а Китайский Восточным... применяемое у нас название Китайского Туркестана подлежит изменению..." — деп жазды. Бұдан кейін орыстың талантты шығыс зерттеушісі В.В.Григорьевтың еңбектерінде "Батыс Түркістан", "Шығыс Түркістан" атаулары орнықты да, дүние жүзілік тарихи әдебиетте, қазақ тарихында да бұл атау дағдылы терминге айналды.

Шығыс Түркістанға европалықтардан алғаш аяқ басқан Қашқария мен Қытайға саяхат шеккен, монғол ханы Құбылай ордасында бірнеше жыл қызмет атқарған Марко Поло (1254-1324), екінші адам-португалдық саяхатшы Гюйс Бенедикт (1607 ж.ө.), ол Үндістандағы Ұлы моғол (Европалық әдебиетте Ұлы моғол мемлекеті осылай аталады Б.К.) сарайында Ақбар шаһтың мейманы болған. Ол Қашқария саяхатында қолға түсіп, шыбықпен дүре

Бичурин Н.Я., Иакиф, Описание Чжунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем его состоянии, ч I, СПб., 1829.

соғылып, қуылған. Үшіншісі — неміс ғалымы Адольф Шлангинтвейттің басы алынған.

Осылардан соң жолы болған саяхатшы ғалым Шоқан Уәлиханов. Ол Қашқария тарихынан ғылымдық тұрғыда зерттеу жүргізіп, бұл елді бүкіл дүние жүзіне танытты. Оның бес томдық толық жинағының үшінші томы¹ түгелдей Қашқария тарихына арналған. Оның географиялық шолуы, тарихи очеркі, халықтың орналасуы, өнеркәсібі мен саудасы, Қоқан хандығы, Жонғария очеркі атты сала-сала зерттеулерінде Шығыс Түркістан елінің тарихы жазылған.

Қырғыздыр күйреткеннен кейін шаруашылығы күйзеліп, бірнеше хандыққа бөлініп, негізінен Шығыс Түркістанға қоныс аударған ұйғырлар 9-ғасырда Қытайдың Гань-чжоу (Бұрынғы Хэ-си) әкімшілігі аймағына орналасып, жергілікті халықпен араласып, егін шарушылығын дамытып, күшті мемлекет құрды да, бірде Қытаймен, бірде тибеттіктермен ұзақ жыл бостандық жолында күресті. Сол кезден бастап арабтардың да шапқыншылығы күшейді. Мауараннахардағы арабтың бірінші билеушісі Шамар Қытаймен соғыста қаза тапты. Ислам дінін таратушы Хасан Басри мен Самани әмірі Әбунасыр Самани (864-892) көшпелі халықтың хандарын мұсылман тіліне тартты, Самани әулеті қирады да, мұсылман дінін қабылдаған түрік тектес халықтар өзге діндегі халықты ысыра бастады. Соның ықпалымен мұнда қажылық дамыды. Шығыс Түркістандағы қожалардың тұпатасы саналатын Әли халифтың ұрпағы Шиттің сегізінші имамы Ризаның (Әли ар-Риза ибн Мұса ибн Жаппар) (765-818) жолын ұстаушы Махтұм Азиям (Махдум-и Азам) дүние салғаннан кейін оның балалары Имам Калям мен Қожа Ысқақ Уәлилер діни жолдың пірлері болды. Европалық ғалымдар Шығыс Түркістандағы ұйғырлардың мемлекетіне бас сұға алмауының басты себебі осы діни жолдың қатал тәртіп орнатуына байланысты еді. Мұсылманданған ұйғырлар Шыңғысхан билігіне мойын ұсынды, бұл жол-көтеріліссіз өтті. Ендігі билік Шағатай әулетінің қолына, яғни оның хандарын тағайындап отырған Дулат әулетінің билігіне, ең алдымен Моғолстанға, кейін Моғол мемлекетіне қарады.

Осы кездегі Шығыс Түркістан тарихын жазған адамның бірі — Мұхаммед Хайдар Дулати (Аяз) өзінің "Тарих-и Рашиди" кітабында былай деген: "Эмир Буладжи (Әмір Полатшы, Пулатчи дулат Б.К.) был в Аксу. Когда Джагатай хан разделил свое государство, он дал Урту-бор

(N1430 нөмірлі колжазбада Ұртубор) деду эмира Буладжи, Манкалай Суба (Манғалай Субе. Б.К.), что означает "Солнцеликий "афгаб-ру". Восточная граница этой (области)-Кусан и Тарбукур; Западная граница (Манкалай Суба)-Шам, Газ-и Джа кишлак", из которых последний расположен в климате Фергана; северная граница- Иссык-куль (Исиг-куль), а южная Джержан и Сары-уйгур. Всю ограниченную (этим пунктами) территорию называют "Манкалай-Суба". Этой территорией владел эмир Буладжи. В те времена в этой области (худух) было несколько городов. Самые большие из них: Кашкар, Хотан, Иаркент, Котан, Ахсикент, Андижан, Аксу, Ат-баши и Кусан. Из число этих городов эмир Буладжи выбрал в качестве своей резиденции Аксу¹.

Үзіндіні орыс тілінде келтіріп отырғанымыз Мұхаммед Хайдар Дулатидың бұл шығармасы әлі қазақ тілінде де, орыс тілінде де жарық көрген жоқ. Жоғарыдағы үзіндіге қарағанда Әмір Болатшыға Шағатай тұқымы осыншама кең алқапты: терістігін Ыстықкөлге дейін, түстігінде Сары ұйғыр иелігіне дейін созылатын аймақты қалай бере салған? Оның себебі, Дулат тайпасынан шыққан әмірлер Шағатай әулетінде ұлысбегі, тархан қызметін атқара отырып, ханды такка отырғызуға да ықпал жасады. Мәселен, Мұхаммед Хайдар Дулатидың бір атасы — әмір Хұдайдат Дулат ұлысбегі болып тұрғанда Моғолстан тағына алты хан отырғызды. Ал Мұхаммед Хайдар Дулатидың атасы Мұхаммед Хайдар мырза Дулати 1464-1480 жылдары Қашқарияны биледі (Аталы-балалы екеуінің де есімі тарихта бірдей аталады, бірақ жазба әдебиетте тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати-Хайдар мырза, Аяз, Мырза Хайдар деген есіммен белгілі, ал толық есімі-Мырза Мұхаммед Хайдар бен Мұхаммед Хусейн Курехан дұғлат), әкесі Мұхаммед Хусейн 15-ғасырдың ақырымен 16-ғасырдың басында Моғолстанның батыс бөлігін билеген Султан Мұхаммед ханның жақын адамдарының бірі болды².

Мұхаммед Хайдар Дулати, оның балалары Шығыс Түркістан тарихында көрнекті орын алған кемеңгер адамдар. Әкесі әмір Саид Әли өлгеннен кейін (1457-58) Қашқарияда оның үлкен ұлы Сансыз мырза Жаркент қаласын астана етіп, Қашқар мен Жаңа Хисарды інісі Мұхаммед Хайдарға берді. Сонымен, байқап отырсыздар,

¹ Мұхаммед Хайдар Дулати "Тарих-и Рашиди", колжазба, 8,9 б. К.Пищулинаның аудармасы.

² Қазақ Совет энциклопедиясы, Мұхаммед Хайдар, Мұхаммед Хайдар Дулати, 2 т. 224 б.

¹ В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр... сонда, 3 т.

бүгінгі қазақтың ата-бабалары Шығыс Түркістанда да билік жүргізген. Соған қарап, Қашқар біздің жеріміз деп жер дауын шығарсақ ұйғыр ағайындар не дейді?! Оның бетін ары қылсын! Кімнің бабасы қай жердің суын ішпеді, қай жерде билік жүргізбеді!

Одан да үзілген әңгімемізді жалғастырайық. Жоғарыда келтірілген үзіндіде, "Сарыұйғырлар мекені" деген дерек айтылып кетті. Сонда Сарыұйғырлар дегеніміз кімдер? Соған бір назар аударайық. Сарыұйғырлар өздерінше-сарыг югур — ұлт. Қытай Халық Республикасындағы халықтардың бірі. Қазір де Ганьсу провинциясында, Чжанье (Ганьчжау) қаласынан Цзю-цюань (Сучжоу) қаласына дейінгі Үлкен жолдың оңтүстігіндегі даланы, оның арғы жағындағы тау етегін мекендейді. Сарыұйғырлар өздерін ойлық (ойлығ), таулық (тағлық) деп екіге бөледі. Халқының жалпы саны он мың адамға жуық (1956). Діндар адамдар буддизм мен шаман дінін ұстаған. Түрік халықтарының ішінде Сарыұйғырлар ғана мұсылман дінін қабылдамаған. С.Е.Малов басқарған орыс экспедициясы (1909-11, 1913-15) олардың әдет-ғұрпын, тілін, аңыз ертегілерін жинап қайтқан. Сарыұйғырлар бірінші мыңжылдықтан бұрын Моңғолияның Орхон, Селенгі өзендерінің бойынан, Шығыс Түркістаннан қоныс аударылған¹.

Бұл дерекке қарағанда Ұйғыр қағандығы ыдырағаннан кейін қоныс аударған ел екеніне өзгедей дерек іздеп қажеті болмас. Бір таңғалатын нәрсе, азғантай топ ел миллиардтан асып жығылып жатқан қытайлықтардың ортасында өмір кеше отырып, тілін, әдет-ғұрпын сақтап келе жатқаны. Тарихшыларға ой салатын, арнаулы зерттеуді керек ететін жәйт олардың тілі. С.Маловтың "Сарыұйғырлардың тілі" "Язык желтых уйгуров", М., 1967 деген еңбегін жай аударыстырған адамның өзі олардың тілі бүгінгі қырғыз, қазақ тіліне ұқсас екенін аңғарады. Соған қарап Орхон бойынан көшкенге дейін ұйғырлар мен қырғыз, олардың құрамындағы халықтардың тілінде айырмашылық болмаған ғой деген пікір туады, әрине, бұл тіл мамандарының зерттеулерінен орын алатынына ешбір күмән келмесе керек. Дегенмен, ұйғырлардың бұл тармағын қызықтыратын адамдарға С.Малов пен Э.Тенищевтің кітаптарын² ұсыну орынды деп ойладымыз.

¹ Қазақ Совет энциклопедиясы, Сарыұйғырлар, 10 т, 1977.

² Малов С.Е., Отчет путешествия к уйгурам и саларам, "Изв. Русского Комитета для изучения Средней и Восточной Азии", СПб, 1912, №11; Тенищев Э.Р., Строй сарыг-югурского языка, М., 1976.

Осыдан қырық жыл бұрын Сарыұйғырдың саны он мың ғана болса, енді қанша екен? Аз халық көп халықтың ішінде тілін сақтай алды ма? Әлі күнге дейін: "Пәр йырма (бір жиырма), пеш йырма (бес жиырма), ішкі он (екі он), піс он пәр (бес он бір) деп санап жүр ме екен? Бұлар 18-ғасырдың басына дейін ұйғыр әдеби тілін пайдаланып келген.

Енді, оқырман қауым, Шығыс Түркістандағы негізгі ұйғыр отанына оралайық. Біз жоғарыда мысал келтіріп отырған жетісулық Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Тарих-и Рашиди" жазбасында өзіне дейінгі Әмин Ахмет Рази Махмұд бен Уәли, Махмұд Азам т.б. озық ойлы адамдардың шығармасын пайдалана білген. Шығыс Түркістанның көне жазба қорын, жер астындағы, жер бетіндегі архитектуралық ғимараттарды, колөнерлерін еуропалық ғалымдар мұқият зерттеді. Біздің кейінгі кезде "демократтанып" отырған шағымызда кейбір жазушы, журналистеріміз, ішінара тарихшылар да Еуропа ғалымдарының еңбектеріне сынаржақ қарап, олар біздің тіршілігімізді кемсітіп жазды, отаршылдық көзқараспен зерттеді деп шолақ ой түйіндейді. Байыбына барған адам олай айтпас болар. Олар ермек үшін емес, басын қатерге тігіп, ғылым қуып, адамзат тарихына үлес қоспақ ниетпен қарекет еткен.

Шығыс Түркістанды дүниеге танытуға Ресейдің ғалымдары Н.Я.Бичурин, В.В.Григорьев, В.В.Бартольд, В.В.Радлов, С.Ф.Олденбург, К.Г.Зальсман, ерекше еңбектенген Ш.Уәлиханов, Н.А.Пржевальский, М.В.Певцов, В.И.Роборовский т.б. шығыс зерттеушілерін ерекше атауға болады. Шығыс Түркістанда археологиялық жұмыс жүргізген тұңғыш экспедицияны да Ресей жөнелткен. Мұны ұйымдастыруға себеп болған жағдай бар-ды. 1894-95 жылдары Тұрпан ойпатынан көненің көзін іздеген В.И.Роборовский мен П.К.Козлов экспедициясы санскрит, ұйғыр, қытай жазбаларын орыс географиялық қоғамына жеткізді. Оны реттеуге қатысқан академик В.В.Радлов бұл жазбалар туралы Ғылым академиясына баяндады. Соның нәтижесінде Тұрпанға арнаулы экспедиция ұйымдастырылды. Төрт айға созылған ғылыми-зерттеу ісінің бәрісында Жардағы (Жар-хото) көне қаланың орны, оның төңірегіндегі көне ескерткіштер; Идиқұт-шари, Сингам-Ағыз, Безекілік (Мұртүк), Тұйық мазар т.б. көне жұрттар зерттелді. Қала орындарын қазбағанмен, жұрт қолындағы дүниені жинап, көрген дүниені суретке түсіріп, заттардағы жазуларды көшірді. Мұнда табылған қолжазбалар тізімге алынып, реттелді.

1899 жылы ориенталистердің Римде өткен 12-халықаралық конгресінде Тұрпанның көне мәдениеттің көзі екеніне дәлелдер келтіріп, ұйтқы болды да, Орта Азия мен Шығыс Азияны зерттеуге ғалымдарды жұмылдырды. Бұдан кейін қатарынан төрт рет сапарға аттанған неміс экспедициясы (1902, 1905, 1906, 1913-14) 430 жәшік түрлі қолжазба, қыш, темір заттар тапты. Бұлардан бұрын 1900 жылдан бастап 1915 жылға дейін төрт экспедиция ұйымдастырған венгр ғалымы А.Стейн,¹ он бестен астам кітап жазып, әлемге насихаттады. Сөйтіп Шығыс Түркістанның жұмбағы-көне мәдениет орталығы екені айқындала түсті. Мұндай жұмбақ жерді мекен етіп отырған ұйғыр халқы қалай мақтан тұтпайды. Шама келсе ұйғыр халқы, бүкіл түрік халықтары бұл қазынаны ана тілдерінде жариялайтын уақыт жеткен сияқты. Бірлесіп көтерген жүк жеңіл болар, әрі бұл бір ғана ұйғыр халқының емес, сол өлкені ықылым заманнан мекен етіп келе жатқан түрік тектес арғы Сақ, Үйсін, Қаңлы жұртының да еншісі болар.

Осыншама ғалымдар зерттеу жұмысын жүргізгенмен "бұл неғылған батпан құйрық" деп айтқан саяси мініскерлер де болды. Олар ғылыми экспедициялармен қатар әскери адамдарды да жөнелтіп, барлау жасамады ма?! Он алтыншы ғасырдың ақырында моңғолдардың үстемдігі әлсіреп, билік ойраттардың қолына көше бастады. 1775 жылы Қытай жоңғарларды күйрете жеңді. Жығылғанның үстіне жұдырық дегендей, екі жүз жыл итжығыс соғыс жүргізген қалмақтар Қазақтардан да жеңілді.

Биліктен айрылған Жоңғардың ханы Әмірсана қашқаннан кейін билік біржолата Қытай қолына көшті. Бұл жайында Ф.Брокгауз бен И.Ефронның энциклопедиялық лұғатындағы "Илийский край" (қытайша: Или-хо) мақаласында былай деп жазылған: "В 1775 г. долиной Или овладели китайцы и неизменно господствовали в ней до 1864 г., когда дунгане и таранчи (ұйғырлар.Б.К.) восстали и основали Таранчинские султанатство. 1871 г. Кульджу временно заняли русские войска под начальством генерала Г.А.Колпаковского, а через 10 лет сюда уже снова выступили лянзы китайских солдат".

Мұндағы деректе Цинь үкіметінің 18-ғасырдың екінші жартысындағы ұйғыр халқы тәуелсіздік жолындағы күресте қалай басып-жаншылғаны, оған орыс үкіметінің

¹ Кочергина Н. П., Аурел Стейн и его исследования Восточного Туркестана, Восточный Туркестан и Средняя Азия, М., 1984, 188 б.

араласқаны әңгіме болып отыр. Сол кезде Қытай үкіметі Шығыс Түркістанның Қашқар, Куча, Ақсу, Жаркент (Қашқариядағы, Б.К.), Қотан т.б. қалаларынан сегіз мыңға жуық отбасын Іле өлкесіне көшірген. 1864 жылы Іле өлкесін мекендеген халықтар ұлттық езгіге қарсы көтеріліп Іле сұлтанаттығы құрылды. Дәл осы жылдары Ресей Жетісуды да толық қаратып үлгерген еді. Сондықтан Жетісудың қауіпсіздігін қорғаймыз деген сылтаумен көмексі патша өкіметі Іле өлкесін 1871 жылы басып алды.

Бұған тағы бір желеу-1851 жылы жасалған Құлжа шарты бойынша орыс саудагерлері Құлжа мен Шәуешек қалаларына тауар алып барып сауда-саттық жүргізуге жасалған келісім болды. Осындай құйтырқы шарттардың ақыры екі елдің қатысын шиеленістіріп; 1881 жылы Петербор трактатына сәйкес Іле өлкесі Қытайға қаратылды. Көтеріліске қатысқан ұйғырлар Ресейге қоныс аударуға тілек білдіріп, 1881-94 жылдары Жетісуға 45 мың 373 адам көшіп келді. Бүгінгі Қазақстандағы ұйғырлар сол қоныс аударушылардың ұрпағы. Кеңес заманында таяқ тастам шекарадағы ұйғырлар Қытай жеріне де, қазақ жеріне де алма кезек өтіп жатты. Қазіргі Шинжаң өлкесі, Іле аймағы қазақтың Қызай, Албан, Суан тайпаларының атақонысы. Әсіресе 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісі жылдары, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі азамат соғысы, жаппай коллективтендіру, ашаршылық жылдары қазақтар ауыл-ауылымен көтеріле көшті.

Шығыс Түркістанды мекен етіп отырған ұйғыр, қазақ, қырғыз, татар, өзбек халықтары 1940-45 жылдары реакциялық саясатқа қарсы демократиялық қозғалысқа қатысты. Сонымен қатар 1945 жылы күзде Шинжаңның Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтары гоминьданға қарсы күресте жеңіске жетті, әрине Кеңес әскерлерінің де жәрдемі болды.

Ұйғырлар жайындағы жазба деректерді тізбектеп көз жүгіртіп отырғанда Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының кеше ғана баспадан шыққан, әлі баспа бояуының исі кебе қоймаған "Түп-тұқианнан өзіме шейін" деген жазбасы қолыма тиді. Бабамыз "Қадырғали Жалайри, Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты ғұлама болмасам да" деп өзінше аталарының тарихын баяндап былай деп жазады: "Хижраның жыл санауымен 123-жылы ұйғырлар қазаққа қарай лап қойды.(?) Тұрпан төңірегінде жатқан қазақтар жау қолында бауар болып қала берді. Шымбастан Тұрпанға дейінгі жерді ол кезде Баймен хан билейтін. Баймен қонысы Торайғыр тауының (Алматы облысындағы тау ма? Б.К.) оңтүстік жағында болатын.

Айранын ұрттап, қойын құрттап, егінін қорттап бейбіт жатқан қазақ елі бір-ақ күнде шала бүлінді де қалды. Осы үзіндіні жазба деректермен салыстырып көрейік. Бабамыз өзі айтқандай, хижра жылына 622 жылды қосайық, сонда 745 жыл, хош, сол жылдары ұйғырлар қай жерді мекен етіп отыр еді? Жоғарыда келтірілген жазба деректерге сүйенсек бұл жылдары ұйғырлар Селенгі мен Орхон, Тола өзендерінің бойында жаңадан Ұйғыр қағандығын құрып (745-840), Шығыс Түрік қағандығының орнын басқан¹. Олай болса Тұрпанның қалай шабуыл жасайды. Оның үстіне 8-ғасырда қазақ деген атау ешбір жазба деректе, тіпті ауыз әдебиетінде де ұшыраспайды!

Қазыбек бек жазып отырған 745 жылы Жетісу аймағында — Батыс түрік қағандығы құлап, оның орнына Түркеш қағандығы (704-766) құрылды. Оның астанасы Шу бойындағы Сұяб қаласына көшіріліп, әр қайсында жеті мың тұрағы бар 20 әкімшілік құрылған. Түркештердің Сүлік қаған, Күли-Чор, Ілетеріс Құлұғ, Білгі қаған, Тенгірі Ілміш қаған (753-756), Ата Бұйла қағандары (756-766) билікті жалғастырып отырған. Олай болса ұйғырлар жоқ қазақты қалай жайратып тастап жүр. Әлде тарихтың қойнауынан жаңа дерек табылды ма екен? Онда дерегі қайсы?

Ал ұйғырлар құрған Ұйғыр қағандығы 840 жылы бұл деректен жүз жыл кейін қырғыздардан жеңіліп, Алтайдағы қарлұқтарға, негізгі легі Шығыс Түркістанның Гансу аймағына қоныс аударды².

Қазыбек бек жазып отырған Шігіл (Шапырашты, Б.К.) тайпасының Махмұд Қашқариге үш тобы мәлім болды. Бұлардың біреуі Таразға жақын жердегі Шігіл қаласын, ал басқа екеуі-Барысқаннан батысқа қарай Қиясты және Қашқариядағы Шігіл қаласын мекендеген³.

Ендеше, Қазыбек бектен 700 жыл бұрын ғұмыр кешкен, әрі дүние таныған, жазба шығарма қалдырған Махмұд Қашқарига жүрген абзал. Осы орайда ұйғыр туралы тағы бір дерек келтірген жөн болар. "...қытай есебі бөлек-ті. Олар ұсақ жұртты: "Үйсіндер сендерді шапқалы жатырмыз", — деп үнемі біздің жерге жіберген жансыздары арқылы алған мағлұматтарын үнемі дабырайтып,

¹ Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы, "Түп-түкманнан өзіме шейін", А., 1993, 81 б; Қазақ Совет энциклопедиясы, 11 т. 1977.

² Позднесов Д., Исторический очерк уйгуров, СПб., 1899.

³ Махмұд Қашқари, Диуани ат-түрік, Таш., 1т. 330 б.

кампайтып көрсетіп, оларды біріктіріп отырды. "Желкенде Үйсін-Шығыл деген ұлы ел отыр айдаһардай ауызын ашып, сендерді жұтқалы тұр.., — деген қытай нояндарының ықпалы Табғашты, ұйғырларды, Машынды тыныш таптырмады". Сонда бұл қай ұйғыр? Үйсіндермен көрші тұрған ұйғырлар шығыста, әлде тоғызыншы ғасырдағы Қашқарияға ауып барған ұйғырлар ма? Онда Қазыбек бек бабамыз екі ғасыр қателесіп отыр ғой! Әлде қолжазбаны көшірген мырзалар өзінше домбайлап жіберді ме? Тарихи кезеңдерге жанаспайтын, қисынсыз дерек жаңсақ кетсе ол томпайып білініп тұрады. Егер бұл деректі екі ғасыр кейінге жылжытсақ, онда ұйғырлар тоғызыншы ғасырда Шығылдармен (шыбылдар) Тұран жерінде соғысуы мүмкін. Бұл мысалды Махмұд Қашқариден келтірдік емес пе?

Ата-баба шежіресін жариялаған кезде ғылыми түсінікпен, дұрыс-бұрысын анықтап, дүдәмел жерін кейінгі ұрпақтың зерттеуіне қалдырған жөн. Олай болмаған күнде, орыстың "Қаламмен жазғанды-балталап шауып тастай алмайсыңның" кері келеді. Сондықтан, ғылыми түсінік берудің мәні мынада: Қазыбек бек бабамыз Қарлұқ пен ұйғыр қағандықтарының айқастарын айтқан сияқты, Алтайдағы түрік тайпаларының одағы қарлұқтар Жетісудағы түркештердің қағандығын құлатып, "Қарлұқ қағандығын (766-940) құрып, Жетісу мен Қашқар, Ферғана мен Сырдарияның орта ағысына дейінгі жерге иелік жүргізді". Сол қарлұқтардың бір тармағы 766-775 ж. Қашқарияда, кейінірек Ферғанада билік құрды. Құлашын алысқа сермеген қағандық Алтайдан Ферғанаға созылғандықтан 791 жылы Бесбалық қаласының түбінен ұйғырлар қарлұқтарды Ферғанаға дейін қуды. Олар қарлұқтарды індетеміз деп ұзақ сапар шеккенде қағандығын қырғыздар құлатты. "Екі кеменің құлағын ұстаған суға кетедінің" кебін киген ұйғырлар өз басымен қайғы болып, тоз-тозы шықты. Орхон, Селенгі, Тола өзендерінің бойындағы атақонысынан айырылып, ауып Гансу мен Шығыс Түркістанға қоныс аударды.

Осыдан кейінгі тірлігінде ұйғырлар үйсін-қаңлы халықтарының ежелгі мекенімен бір мың бір жүз жыл көрші ел болып, ғұмыр кешіп келеді. Бұлар "өзара қырқысыпты" деген тарих бетінде де, ауыз әдебиетінде де әңгіме ұшыраспайды. Қазақ хандық аталып, қазақ атауына ие

¹ Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы, сонда, 80-б.

² Қазақ ССР, энциклопедиялық анықтама, А., 1980, 156 б.

болғаннан, қазақ халқы аталғанға дейін бүгінгі Қазақстан жерінде Қарлұқ қағандығы (766-940), Оғыз мемлекеті (9-11 ғ), Қарақан мемлекеті (940-1212) құрылып, ұзақ жылдар қалыптасты. Одан кейінгі *Моғолстан*, *Қазақ хандығы* оқырман қауымға белгілі мәлімет. Сол заманда (8-9 ғ) Талас алқабында Атлах, Хамукент, Шелжі, Сұс, Күл, Табанкент, ал Іле алқабында Тартүк, Күнгут, Талһир (Талғар), Аспара, Құлан қалалары болды¹.

Ұйғыр қағандығына байланысты 8-12-ғасырдың аралығында Балқаш көлінің терістігіндегі бүгінгі Қазақстан жерін Ертістен Еділге дейін Қимақ-Қыпшақ тайпаларының одақтары билеп отырды. "Монғол шапқыншылығының алдында,-деп жазды белгілі тарихшы Болат Көмеков, — қыпшақтар Ертістен Донайға дейінгі кең алқапты алып жатты. Бұл жер бес топқа: Қазақстан, Еділ бойы, Оңтүстік орыс даласы (Дон), Днепр бойы, Донай өлкесіне бөлінді. Европада-құмандар, Россияда-половшылар аталатын қыпшақтар қазақ халқының қалыптасуына маңызды роль атқарған қазақтардың арғы аталарының бірі"².

Мұның түйіні: қазақ деген халық қалыптаспай, құралмай тұрғанда бүгінгі жерімізді мекендеген тайпалар жоғарыда көрсетілген қуатты мемлекеттерді орнатып отырғанда ұйғыр халқы сияқты жеке-дара халықтардың билік жүргізуі мүмкін емес, оған ешқандай жазба дерек жоқ. Осындай қателікке ұрынудың себебі-ұйғыр халқының тарихын зерттеген ғалымдардың еңбегін, басқаны былай қойғанда Мұхаммед Хайдар Дулатидың (Аяз) "Тарих-и Рашиди" Ш.Уәлихановтың еңбектері, Шығыс Түркістанның европалықтар жәшіктеп тасыған қолжазбаларын ана тілімізде сөйлете алмай отырмыз. Сондықтан да орыс тіліндегі біз үшін тарихи құнды шығармаларды тамсана оқып, сіздерге шама келгенше әңгімелеп айтудан өзге іс атқаруға дәрменсізбіз. Қазақ елі енді ғана еркіндік алып, дербес мемлекет құрып отыр. Ержетіп, есеюіміз, ес жинауымыз керек. Оған дейінгі ұйғыр халқының қазаққа байланысты тарихын орыс тіліндегі, ағылшын, қытай тіліндегі әдеби кітаптардан, қолжазбалардан, сол Шығыс Түркістандағы ұйғыр тілінде шыққан басылымдардан оқумен қанағаттана тұрамыз да.

Осыған орай, жоғарыдағы деректермен танысқан оқырман ойында: "Сонда ұйғырлар Орхон бойындағы

¹ Байпақов К.М. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан, А., 1992.

² Каз. ССР, энциклопедиялық анықтама, Қимақтар мен қыпшақтар, А., 1980, 159 б.

атақонысынан көтеріле көшкен бе?" деген сауал қалып барады.Оған төте жауап: көтеріле көшкен, бірақ ондай халық дүниеде аз ба? Біздің жыл санауымыздың екінші ғасырында ғана Орал тауын мекендеген аңғылдар Европаға қоныс аударып бриттармен қосылып, Ұлы Британия мемлекетін құрып, ағылшын аталып отыр емес пе! Оның бер жағында Орталық Азиядан, Сыр бойынан көтеріле көшкен түріктер Қынық тайпасының қолбасшысы Салжұқтың соғынан еріп, оғыз-түрік болып одақтасып, тарихында теңдесі жоқ орын алатын Хет патшалығының, Мидия, Ахемен әулеті билеген мемлекеттің, Александр Македонский державасының, Селевк әулеті билеген мемлекеттің, Понтий патшалығының, Пергамның, Римнің (ежелгі), Византияның т.б. әулеттердің мекені болған Кіші Азияда 14-ғасырда Түрік мемлекеті орнамады ма!

Күні кеше дүниеден қайтар алдында Орталық Азияда сапарда болған Түркіа президенті Озал Түркістанды атажұртым демеді ме! Бұл тарихи оқиғалар қазақ жеріне көз алартқан көрші елдерді ойландыратынына күдік болмаса керек. Солардың бірі-ұйғырлардың кейбір "білімпаздары". Соңғы жылдары олар: "Жетісу — ұйғыр жері" деп баспасөз беттеріне оқта-текте мақала да жариялап қалады. Бұларға қарсы жазып жатқан да ұйғыр азаматтары баршылық. Сол кезде қазақ газеттерінде де пісіп-күйінген мақалалар басылып қалады. Осы мінезіміз, марқұм Лев Гумиловтың теледидардағы тарихи танымдық әңгімесінде айтқан ойына сай келіп қалады. Ол: "Менің қазақ достарым болған, олар бала мінезді адамдар еді, өкпешіл болатын" дейді. Бұл сөзді қазақ-орыстардың: "Орал, Жетісу — қазақтар орналасқан аймақ. Онда біздің де үлесіміз бар, біздің де атамекеніміз" деген сөзіне қазақтар өкпе айтады немесе шала бүлінеді. "Керуен көшеді, ит үреді". Ірі жұрт ұсақ-түйек сөздерге мән бермеуі керек қой" — деген ойы еді. Ұлы ғалымның сөзінің жаны бар. Қазақта өзіне-өзі сенген мықты қолды батырлар, ел билеушілер: "Оттамасын! Артына қарасын!" деп ұсақ-түйек қаңқу сөзге мән бермеген ғой. Бірақ мұндай мінез-бүкіл бір халыққа, олардың географиялық орналасуына, табиғат жағдайына байланысты болу керек.

Мәселен, Маңқыстаудың байырғы халқы адайларда: "Танысаң — адайыңмын, танымасаң құдайыңмын!" деген сөз бар. Расында да олардың бұл сөзіне қарай тұрғындар сондай өркөкіректікке, тіке сөйлеуге дағдыланған. Әрине, бұл туа біткен мінез деуге болмайды, жүре біткен мінез. Маңқыстаудың табиғаты қатал, құмдауыт, шөлді болса, оның үстіне, не заманнан көрші елдермен жер дауы

бітпесе. Анау бір жылы маңқыстаулықтар сол мінезін көрсетіп, мұнай қалашықтарын жайлап алған келімсек кавказдықтарды жерінен қуып шықпады ма! Сол сияқты ұйғырлар да Орхон бойындағы көшпелі тірлігінен айырылып, қырғыздардан жеңіліп, қағандығы құлағаннан кейін Қытайдың терістік батысына — Шығыс Түркістанға (Қашқарияға) қоныс аударды. Бұған бір мың бір жүз жыл өтіпті! Б.з. 8-ғасырынан бастап арабтардың ықпалында болған Кәша немесе Каша (Қашқария, Кашмир) елінің әдет-ғұрпын тез игеріп, отырықшы, егінші елге айналып, әуелі тараншы (диханшы), қашқарлық, тұрпандық аталып, бір кезде ат құлағында ойнаған ел арабтар, парсыларша есек мініп, "қыт-қыттап" ғұмыр кеше бастады. Жоғарыда айтқанымыздай әлейім жұрт таныған елге айналды. Отаны-Шығыс Түрістан! "Бағы бір заманда дадаларымыз көшіп жүріпті" деп ұйғырлар көшпенді, бақташылық тірлік жасай алмады.

БАБЫР ҺӘМ ОНЫҢ "БАБЫРНАМАСЫ"

Ұлы бабамыз — шығыстың талантты жазушысы, ақын, заманының озық ойлы адамы, һәм мемлекет қайраткері, ержүрек қолбасшы, Үндістанда Ұлы моғол мемлекетін құрған Заһир ад-дин Мұхаммед Бабыр 1993 жылы 510 жасқа толды. 1990 жылы қазан айында оның "Бабырнама" тарихи жазбасы дүниеге келуінің 460 жылдығы ЮНЕСКО-ның ұйғарымы бойынша Ташкентте бір апта тойланып, ғылыми-теориялық симпозиум өткізілгенде 1993 жылы Бабырдың 510 жылдық мүшел тойын атап өту туралы шешім қабылданған болатын. Адамзаттың озық ойлы ғұламаларының гибадат етуі неліктен? Бұл сауалға ұлы бабамыз өз шығармаларымен қайраткерлік, қолбасшылық қарекеттерімен жауап беріп кеткен. "Қайыры жоқ көлден без, қайырымы жоқ елден без" дегендей дүниеге жар салып, адамзат ұрпағына салауатты өсиетін айтып, тарихын жазып қалдырған.

Қазақ оқырмандары Бабырдың әскери іс жөніндегі жазбасы — "Рисолан харбияны", музыка жөніндегі — "Рисолан мусикасын" арзу (ғарүз) үлгісіндегі өлең жазу теориясы — "Муфассалын", заң ғылымына, тәлім-тәрбиеге арналған — "Мубайниін", "Хатта бабури" атты ерекше алфавитін әлі күнге дейін ана тілімізде оқи алмай отырмыз. "Біреуді ызаландырмақ — шаригатқа харам, шаруаға залал, ақылға теріс" деген уағызды тұтып, барымызды айтқанымыз жөн. Сондықтан да бірегей болса да, Бабырдың ең келелі туындысы — "Бабырнамамен" (1990 ж. "Жалын", 1993 ж. "Ататек") оқырман қауым таныс. Сіздерге айтпак әңгімеміз сол "Бабырнама" хақында болмақ.

Алдымен оның авторы Заһир ад-дин Мұхаммед Бабыр-

дың ғұмырына азырақ тоқталып өтейік. Ол 1483 жылы ақпанның 14 күні Ферғананың билеушісі, Әмір Темірдің шөбересі — Омар Шейхтың шаңырағында дүниеге келді. 1494 жылы әкесі кенеттен қаза тауып, 12 жастағы Бабыр Ферғананың әмірі аталды. Буыны қатпаған жас бала әкесінің үзірлерінің жәрдемімен бабасы Темірден қалған иеліктерді бөлісе алмай, билік үшін кескеліскен ұрыс жүргізді. Бір жағынан Жетісудағы Моғолстан хандары, бір жағынан Қазақстанның Солтүстік, Орталық аймақтарында билік жүргізіп отырған көшпелі өзбектердің ханы Мұхаммед Шайбанидың жорығына төтеп бере алмай, 1504 жылы Әндіжанның айрылып, Ферғанадан қуылып, Кабул мен Бадахшанға ауысады. Үндістанға елденеше қайтара шабуыл жасап, ақыры Делидің терістігінде Панипат түбіндегі айқаста Ибраһим Лоди сұлтанды жеңіп, Үндістанда Ұлы моғол мемлекетінің негізін қалады. Агра қаласын салдырып, төңірегіне талантты жазушыларды, ғалымдарды, өнер адамдарын топтастырды.

Жарғақ құлағы жастыққа тимей жортқан, ал жорықтан тыныстай қалса, қалам ұстаған асқан талант иесі 1530 жылы желтоқсанның 26-сы күні Агра қаласында дүниеден қайтты. Сүйегі Кабул қаласына жерленген. Ауғанстандық профессор Замир Сафи "Бабырнаманың" 460 жылдығына арналған халықаралық симпозиумда: "Сіздер Бабырды елінен қудыңыздар. Біз оны патша етіп таққа отырғыздық, үйлендірдік. Сүйегі біздің жерде, Кабулда жатыр" деген еді.

Бабырдың ғұмыры мен жорықтары жөнінде оқырман қауым оның "Бабырнамасынан" зерделеп, біле жатар. Сондықтан да біз шамамыз келгенінше, ойымыз жеткенінше "Бабырнаманың" қазақ тарихына қандай қатысы бар, тереңдеген тарихымыздың дерекнамасы бола алатындығы тұрғысында әңгіме өрбіткеніміз жөн шығар.

Кітаптың бірінші бетін ашқанда-ақ: "Ферғана — бесінші ықылымда... оның солтүстігінде Алмалық, Алматы (Алматы — Б.К.), сондай-ақ, кітаптарда Отырар деп аталып жүрген Янги секілді қалалар болғанымен, моғол мен өзбектің шапқыншылығынан кейін бұл қалалар жермен-жексен болып, тіпті жұртында елді мекен де қалмаған" ("Бабырнама", А., 1990, 13-б.; әрі қарай осы кітапқа сілтеме жасалса, тек беті ғана көрсетіледі) деген қазақ жеріндегі көне қала аттары еріксіз елең еткізеді. Осы бір сөйлемнің ішінде қазақтың бірнеше ғасырға созылған тарихы жатыр емес пе?! Алмалық Шағатайдың астанасы болған, Ленің Жаркент қаласы тұсындағы қала ма, әлде Ташкент уәлаятындағы қала ма? "Моғол мен өзбектің шапқыншылығы" деген не?

Бұл сауалдарымызға жауап беру — тарих бетін ақтару, қазақ жерінде жермен-жексен болған жүз жиырма қалаға іздеу салып, оның жұртына зерттеу жұмысын жүргізу емес пе! "Бабырнаманың" бірінші бетінен-ақ, XVI ғасырдың басында атышулы қалаларымыз құрып кеткені айтылады. Дерек дегеніміз осы болар.

Оқырман қауым, бүгінде дербестікке қолы жетіп, екі мың жылдан бұрын-ақ ата-бабалары мемлекет құрған Орталық Азияның — Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан еліне "Бабырнама" — ортақ мұра. Өйткені бұл шығармада бабамыз сол мемлекетті құрып, халықтардың тарихын жазып қалдырған.

Мәселен, ірі қалаларының бірінің негізгі халқы туралы: "Әндіжанның тұрғындарының бәрі түріктер. Қалада да, базарда да түрікше сөйлемейтін адам ұшыраспайды. Халықтың ауызекі сөзі әдеби тілінен айырғысыз. Мір Әлішер Науаи Гератта өсіп, сонда тәрбиеленгенмен, шығармалары түрік тілінде жазылған" дейді. Осы сөйлемнен және Әндіжанды түріктің моғол, барлас, арғын, дулат, қатаған, қоңырат, маңғыт т.б. тайпаларының өкілдері мекен еткенін кітаптың кез келген бетінде жазылған адамдардың есімінен, жер-су аттарынан немесе тарихына байланысты жазылған деректерінен байқап отырасыз.

Қазақ тарихына дерек болар қала, адам, жер-су аттары ғана емес, тарихи оқиғалар, Мауараннахр әмірлерінің бүгінгі Қазақстан жеріне, яғни Әбілқайыр хандығының аймағына, Түркістанға, Жетісудағы Моғолстанның елді-мекендеріне жасаған жорықтарынан да мол мағлұмат аласыз. Бұл аймақтарға дүркін-дүркін шабуыл жасап, Тоқтамысты күйретіп, Жетісуға он бір рет жорыққа аттанған да сол Бабырдың бабасы Ақсақ Темір емес пе еді?! Оның кейінгі ұрпақтары иелікті, билікті қалай бөлді? Одан кейінгі жүз жылдай уақытта нендей өзгерістер болды? Кімдер билік жүргізді? Міне, осының бәрін Бабыр ешбір бүкпесіз, қарапайым тілмен баяндайды; өз тумаларының іс-қаракетін жасырмай жазады. Әрине, пенде болған соң жеке басында да бүгінгі тұрғыдан қарағанда, кемшілік жетерлік. Енді Бабырдың өз сөзіне жүгінейік: "Ұшпу сөзді шағым жасайын немесе қайырымдылығымды білдірейін деп мақтан үшін жазбадым, шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазуда алға қойған мақсатым — ақиқатты, қандай да болмасын істі сол қалпында баяндап жазу. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның жақсы-жаман істерін, алыс-жақын адамдардың кемшілігін

де, артықшылығын да бүкпесіз айтып отырмын. Жарандар, жамағаттар, меймандар кешірім етер деймін" (222-б).

"Бүкпесіз айтып отырмын" деген сөздің анық-қанығын оқырман қауым кітапты парақтағанда біледі. Сол бүкпесіз айтылған ақиқат қазақ тарихының да еншілі үлесіне тиеді. Соңғы жылдары тарихты тізгіндегісін жандай шашпатар пайда болып, "жылтырағанның бәрін алтын" көріп, барды-жоқ, жоқты-бар" деп жазып жатқанын оқып-біліп отырсыздар. Сол "тарихшыларымыз" моғол мен монғол атауына мән бермей, моғолды-монғол деп жазып келеді. Бұл атаудың қазақ тарихына қатысы мол, сол себепті де "Бабырнама-ның" басынан аяғына дейін бұл сөз жиі ұшырасады.

Шығыстың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов: "Моғол мен монғолды айыра білген жөн. Моғол — жете, чете, жалайыр тайпасының тармағы" дегенді тектен-текке айтпаса керек. Жетісу мен Қашқарияда 1346 жылы құрылған мемлекет Моғолстан аталды. Оның халқы сол заманда қыпшақ, қазақ, өзбек деген сияқты моғол деп аталғаны "Бабырнамада", Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Тарих-и Рашидинде" егжей-тегжейлі баяндалады.

А.И.Левшиннің зерттеуінде XVI ғасырда Қыпшақ пен Жете даласын Дадан хан билеген моғол және қазақтар мәкендейді деп жазғанына қарағанда сол дәуірде қазақ даласы емес, қыпшақ, чете (жете, жалайыр) даласы аталған. Шағатай ұлысы, яғни оның мұрагерлері билік жүргізген Моғолстан Бабыр жазып отырған кезеңде күйреп, жауласқан екі топқа бөлінеді. Моғолдарды шағатай нәсілі — жете, ал моғолдар шағатайлықтарды — караунас деп атайды. Жете — түрік, Қаңғыбас, кезбе бұзақылар, ал караунас — араб нәсілімен араласқан будандар саналады. Соған қарағанда Шағатай нәсілдері араб, парсы елімен құдандалы жұртқа айналса керек. Бұл дерек "Бабырнамада" да айтылып отырылады.

Шараф ад-дин Әли Йезди Моғолстанды қауым-и жете атайды (Зафар-наме, 22, 24-б), соған сүйенген Мұхаммед Хайдар Дулати да "Тарих-и Рашидинде" жете атауына түсінік беріп: "Жете дегеніміз — Моғолстан" деп жазған. Сондықтан да болар "Бабырнама", "ел", "ұлыс", "мардан" (қауым-и жете, мардан-и жетею) елдікті, жұрттықты білдіретін атаулар ретінде қатар қолданылған. Бұл да түбіміздің, тірлігіміздің бірлігін танытса керек. Шараф ад-дин Әли Йезди құсап, Бабыр да кейде Моғолстанның орнына ұлыс атауын қолдана береді. Әрине, бұл атау Шыңғысхан нәсілінде: Жошы ұлысы, Бати ұлысы, Берке

ұлысы, Өзбек ұлысы деп Дешті қыпшақта айтылды емес пе. Сол атау XVI ғасырда да арқауын үзбей: "ел-и моғол, ел-ва ұлыс моғол" деп қолданылды. Әйтсе де аудармада оқырманға ұғынықты болу мақсатымен ұлыс, ел деп алынды. Ал, Бабыр әңгімелейтін кезеңдегі "Мауараннахр мен Моғолстанды, Қашқарды мекендейтін қай халық еді?" деген сауалға жауапты "Бабырнамадағы" тарихи деректерден табамыз. Ежелгі тарихи-этнографиялық аймақта — Үйсін мен Қыпшақ тайпаларының одағы, Ақ Орда мен Моғолстанда XIV-XV ғасырларда негізінен байырғы (автохтонды) Қазақстан тайпаларының нәсілдері мекен еткен.

Шоқан жазып кеткен чете, жете — жалайырлар жайында тарихшылар Рашид-ад-диннің жазбасына сүйенді. Шағатайға бөлінген төрт мыңдықтың (хазара) құрамында арлат, барлас, аушындармен қатар жалайырлар да айтылады. Сол жалайырлар Мауараннахрдың терістік-шығыс жағында отырып Моғолстан тайпаларымен араласты. Жетісудан тамырын үзбей, көбінесе Әмір Темірге қарсы күресіп, Орысханмен, Ақ Орда хандарымен байланыс жасады, Жетісудағы атақты қолбасшы Камар ад-дин Дулатимен одақтасты. "Бабырнамада" осы Дулат тайпасынан шыққан нояндар да айтылады.

Олай болса, қазақ халқының негізін қалаған тайпалардың бірі моғол — жалайырлар. Сондықтан Үндістанда құрылған Ұлы Моғол мемлекеті, Жетісу мен Қашқарияда құрылған Моғолстан, Моғол мемлекетінің атауы бір тамырлы, бір мағыналы атау екеніне дау болмаса керек. Оған қоса Бабырдың әжесі Дулаттың, шешесі Жүніс ханның қызы.

Бабыр жазбасында анасы Құтлық Нигер ханым туралы былай дейді: "Ол Жүніс ханның екінші қызы, Сұлтан Махмұд хан (Ханеке) мен Сұлтан Ахмет ханның (Алаша-хан — Б.К.) әпкесі. Жүніс хан — Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ханның ұрпағы — Уәйіс хан — Шерәлі Оғланның, ол — Мұхаммед ханның, ол — Қызыр Қожа ханның, ол — Тұғлық Темір ханның, ол — Дува ханның, ол — Барак ханның, ол — Есу Туванның, ол — Мұтугеннің, ол — Шағатай ханның, ол — Шыңғысханның ұлы.

Сөз ііні келіп қалған соң хандардың тегіне тоқталып өтелік. Жүніс хан мен Есенбұға Уәйіс ханның ұлдары, Жүніс ханның шешесі — Темірдің рахымы түскен түркістандық қыпшақ бегі Шейх Нұр ад-диннің із қызы, із немересі".

Осы жолдардың әрбір дерегіне үніле қарасаңыз

¹ Левшин А.И., Московский вестник, №16, 1827

барлас, қыпшақ, жалайыр, дулат елдерінің қаны араласқанына көзі жетіп, әрі сол заманда жаңа ғана Жетісудағы Уәйіс ханның иелігінен пана тауып құрыла бастаған Қазақ хандығы осы тайпалардың ұрпағынан қалыптаспады ма!

Сондықтан Бабыр жазбасының бірінші тарауында баяндалатын XV ғасырдың соңындағы Мауараннахр оқиғалары, ондағы қалалар, өзінің шыққан тегі, билік үшін жүргізген жанталас соғысы, нағашы атасы — Моғолстанның билеушісі Жүніс хан мен оның Ташкентті билеген үлкен ұлы Сұлтан Махмұд ханның қарекеті дәлел болады. Қазақтар оны Жәнке хан атаған. "Бабырнамадағы" Темір тұқымдары — әмір, сұлтан, ал Шағатай нәсілінен тарағандар — Жүніс, оның ұлдары Сұлтан Махмұд, Ахмет хан аталады. Соңғы екі хан иелігінен айрылып қалған жиеніне аттанады. Бірақ өз билігін жүргізуді бір сәт те естерінен шығарған емес. Сондықтан жеңіске жетсе Ферғана аймағын кіші хан — Ахметке, ал Ахсикенттен бастап Ходженттің солтүстігін Бабырдың иелігіне бермек болды. Осы оқиғаны Бабыр былайша баяндайды: "Үлкен ханнан шығып, кіші ханға бара жатқанымда, Саллақ деген есіммен мәлім болған Қамбар Әли қатарласа келіп былай деді: "Аңғардыңыз ба, тақсыр, олар табан астында бар жеріңізді алып қойды ғой. Сіз нағашыларыңызбен мәмілеге келе алмайсыз. Қазірге Ош, Марғилан, Үзкент аймағы сізге қарап тұр. Оның тайпалары да, халқы да Сіздің айтқаныңыздан шықпайды. Сондықтан Ошқа қайтыңыз да камалды мықтап бекітіп, Сұлтан Ахмет Таңбалға адам салып, татуласыңыздар, ағайыншылықпен, Таңбалмен бөлісіп алыңыздар".

Мен оған: "Әділетсіздік болмай ма? Хандар менің туған нағашы ағаларым ғой. Таңбалдың патшасы болғаннан гөрі, солардың қызметшісі болғаным артық емес пе?!" деп қайырып тастадым".

Қандай жазушы болмасын шығармасында оның өз ойы, парасаты, көзқарасы танылады деген осы шығар. Нағашы жұртым деп іш тартқанмен, билік жолында ешкімді аяп, есіркеп көрмеген Шыңғыс тұқымы бөрілігін танытпай қоймады. Бабыр солардың әділетсіздігінен жапа шекті.

"Бабырнамада" қазақ еліне тікелей қатысы бар ақын Хасан Әли Жалайри мен Бабырдың бөлесі Мұхаммед Хайдар Дулати Үндістанда әкімшілік жүргізгендігі айтылады. Олар жалғыз емес-ті. Жетісудан, Түркістаннан ондаған түрік тайпаларының сарбаздары Бабыр жасағында сап түзеді. "Жылан жылы — жылыс, жылқы жылы — ұрыс болды, қой жылы — зеңгір тоғыс болды" дегеннің

во кейпі келеді. Ұзақ жылға созылған соғыс Үндістанда Ұлы моғол мемлекетінің салтанат құруымен аяқталды. Осы тұста оқырман: "Сол ұрысты жүргізген қай халық?" деп сұрауы орынды болар еді. Бұл сауалға академик В.В. Бартольд: "Өзбек хандығы" деген мақаласында: "Бухара и Самарханд снова перешли в руки одного из потомков Тимур султана Бабура... записки которого являются одним из лучших произведений турецкой прозы... Султан Бабур ушел в Индию, где им было основано одно из самых блестящих мусульманских царств, по традиции также считавшейся "чагатайским", хотя никаких потомков в нем не было" деп жазды¹. Бұл — тарихи шындық. Жалпы Шыңғысханның жорығында да, оның кейінгі әулетінің жорығында да әскердің басым көпшілігі — түрік халқы. Ал "Бабырнамада" монғол туралы сөз де болмайды. Өйткені Моғолстанның еліне қосылып жатқан лек-лек жасақтар Шағатай нәсілінен емес, Жетісу мен Қашқардың, Түркістанның байырғы тайпаларынан тараған еді. Олардың "Бабырнамадағы" есіміне назар аударып көріңіздер: Молда Мұхаммед Түркістани, Мұхаммед Хайдар Дулати, Әбді әл-Қадүс Дулати, Сұлтан Ахмет Дулати; Әбді әл-Уахатта моғол, Әли Сейіт Сихыма моғол, Сұлтан Ахмет Моғол; Әбу Жүсіп, Әмин Мұхаммед Тархан; Мұхаммед Сейіт Арғын. Бұлар бүгінгі Орталық Азияның ежелгі тайпаларынан дараланған тарланбоздары. "Алып ел — дүрліккенде көрінеді. Данышпан — жай тірлік күнде көрінеді" деп ұлы бабамыз Махмұд Қашқари айтқандай, олар дүрбелен заманда көрінген бабаларымыз.

Сол тоқсан екі баулы түрік халқы билеуші қолбасшыларының соңынан ерді. Көшпелі өзбектер — Мұхаммед Шайбанидің, ал Орталық Азияның жартылай көшпелі түріктері Бабырдың соңынан ілесті. "Көпте — ақыл жоқ, ебін тап та жөнге сал" деп Абай айтқандай көпті шайқаған, қоныс аудартқан қолбасшы көсемдері еді.

Сол түрік халқы "Бабырнамада" жазылғанда XVI ғасырдан бұрынғы Үндістанда, Ауғанстанда мекен құрған ба? Әрине, бұған дәлелді әуелі Бабырдың Бхираның жер иеленушілеріне айтқан мына сөзінен аңғарасыздар: "Бұл жер — атам заманнан бері түріктердің иелігі. Байқаныздар, жүректеріңіз қобалжып, үрей ұялап, халықты тоздырып алмаңыздар. Біз бұл халыққа, оның жеріне іргелес тұрамыз, өрісте малымыз, төсекте басымыз қосылған бір елміз. Сондықтан шапқыншылыққа, тонаушылыққа жол бермейміз" (250-б).

¹ Бартольд В.В. М., т. 2, 1-бөлім, 165 б

Бабырдың сөзінің жаны бар. Түрік халқы Үндістанға б.з. IV ғасырында аяқ басқанын, Үндістан мен Орталық Азияның тарихынан, әсіресе, Махмұд Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түрік" және "Түрік сөздерінің жинағында" жазылған деректерден анық білеміз. Осы ретте бұлтартпайтын бір дәлел — әйгілі ғалым Әмір Нәжіптің "XI-XV ғасырлардағы түрік тілінің тарихы туралы зерттеуінде" бұрын ғылым дүниесіне белгісіз, ұмыт болып келген шығарманы оқырманға ұсынған. XIV ғасырдың басында терістік Үндістанда — Дели сұлтанында Бадыр ад-дин Ыбырайымның бірнеше тілдің түп-тамырын талдайтын парсы тілінің лұғаты жасалған. Мұнда түрік тілі де қамтылады. Шығарма — "Ауызекі лұғат, зерттелетін дүние" деп аталады. Бұл шығарманың қолжазбасы ТашМУ-дің қолжазбасы қорынан табылған. Сол сияқты "Бадам әл-лұғат", "Санлак", "Кітаби лұғат-и атракияда" да түрік сөздеріне талдау жасалады. Бұл шығармалар ұлы моғол мемлекеті орнағанға дейін Үндістанда түрік тілдес тайпалар мекендеп, олардың мемлекеттік тілге ие болғанын дәлелдейді.

Бадыр ад-дин Ыбырайымның 238 беттен тұратын бұл лұғатындағы түрік, сөздерінің көпшілігі бүгінгі қазақ сөзінен айырғысыз. Мысалы, іні, келін, ене, балдыз т.б. сөздер молшылық. Демек, Бабыр барғанға дейін де Үндістанда түрік — тілі халықтар арасындағы қарым-қатынас тілі болған.

Барын ұмытып, содан кейін қайта оқыған кезде таңырқап отыру адамзатқа жат әдет емес. Сондықтан да болар, "Бабырнаманы" жерден жеті қоян тапқандай қуана ақтарып, бұрын бабаларымыз білмегендей әлде кімдерді кінәлап, таңырқап, "кім еді?" деп сауал қойып мерзімді баспасөзде жазылған мақала да болды. Шынтауайтына жүгінсек, "Бабырнама" — қазақ халқының мақтаныш еткен тағылымды дүниесі. Оның ойшыл ұлдары оқтын-оқтын есіне алып отырған. Солардың бірі — Абай да, екіншісі — Шоқан.

Абай қазақтың қайдан шыққаны туралы сөз қозғағанда: "Әмір Темір нәсілінен Құмар Шейх (Омар Шейх — Б.К.) баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесімен бірге туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентте хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Юнис ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығарып, үш жүз басыға бөліпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың "үш жүздің баласы" дейтуғыны сол" деп жазған.

Абайдың бұл айтқанына зер салсаңыз, ол "Бабырнаманы" түпнұсқадан немесе А.Ильминскийдің араласуымен Қазан қаласында жарық көрген орысша басылымынан оқыған тәрізді. Өйткені "Бабырнамада" Абай айтып отырған деректер келтіреді.

"Жүніс ханның... бір әйелі Шаһ бике, — деп жазылған "Бабырнамада", "Бадахшанның шаһы Сұлтан Мұхаммедтің қызы еді. Жұрттың айтуынша Бадахшанның шаһтары арғы тегін Файлакустың баласы Ескендірден (Александр Македонский — б.з. 356-323 ж. — Б.К.) таратады. Шаһ бикеден... Сұлтан Махмұд хан еді, оны Самарқан мен оның төңірегіндегі жұрт "Ханике" деп атады. Сұлтан Махмұд ханнан кішісі Сұлтан Ахмет еді, ол жұртқа Алаша хан деген есіммен мәшһүр болды. Оның Алаша хан аталуының себебі қалмақтар мен моғолдар кісі өлтірген адамды "алаш" атайды-мыс. Сұлтан Ахмет хан болса қалмақтарды талай рет жеңіп, көп адамды қырғынға ұшыратқан, сондықтан да ол "алаш" аталып, келе-келе "Алаш" оның есіміне айналған" (25-б).

Бұдан бес жүз жыл шамасы бұрын алаш туралы айтылған осыдан артық нақты дерек әзірге жоқ. Осы күндері әдебиетшілеріміз әр түрлі жорамалдар ұсынып жатыр. Бірақ Бабырдың жазбасындағыдан дәйекті дерек қазірге табылмады десек, қателеспеспіз деп ойлаймын.

Абай "Бабырнама" деректеріне көргендікпен жөн сілтеп: "Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы" дегені, — бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз. Бұланай деп Гималайды айтқаны ма, Үндүкеш тауы ма? Әйтеуір бір тауды айтқан сөз екені: "Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас", деген мақалынан мағлұм" деп, бұл қазаққа жат шығарма еместігін еске салып кеткен.

Бабырдан бұрын оның бабасы Әмір Темір де жорық жасаған, бірақ оның қиындығын Бабырдай көп көрген қолбасшы жоқ шығар.

"Бабырнамадағы" қазақ тарихының алтын қазығындай қазыналы дерегі — халқымыздың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидың ғұмыры жайындағы әңгімелері. Бабыр туған бөлесі жайында былай деп жазған: "Хұб Нигер ханымның ұлы Хайдар мырза (Мұхаммед Хайдар Дулати — Б.К.) еді. Әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін ол үш-төрт жыл менің қасымда болды. Содан кейін рұқсат сұрап, Қашқарияға, ханға кетті.

Алтын; күміс, көргасым,
Неңдей асыл болмасын
тартады өз тегіне.

Енді ол орнықты, байсалды азамат болып, жақсы жолға түсіпті деп естідім. Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақ шыбығын июге қолының ебі бар еді. Ол менен кешірім сұрап хат жазыпты, сөз саптауы тәуір".

Мұхаммед Хайдар (Аяз) Дулати бөлесі Бабырдың сенімін ақтады. Ол "Жаһаннама" атты дастан, "Тарих-и Рашиди" атты тарихи жылнама жазып қалдырды. 1499 жылы Ташкентте дүниеге келген Мұхаммед Хайдар 1551 жылы Үндістанның Кашмир уәлаятында қайтыс болды. Ол ата-анасының мекені Жетісуға жете алмай жат жерде қалды, әйтсе де еңбегін бәріміз білеміз.

Тағы бір айта кететін жайт — "Бабырнаманың" орысша басылымында жиі ұшырасатын "казачество" сөзі туралы: біз оны қазақ тіліне мағынасына қарай аударғанбыз. Оның себебі, 1857 жылы А.Ильминский бастырған "Бабырнамада" "қазақлық" сөзі мынандай оқиғаларда келтіріледі: "Через четыре-пять лет, времена казачества, когда мы направлялись из Масчи к Хану, Касымбек по этой причине отделился от нас и ушел в Хисар (Бабур-наме", Таш., 1958, 53-б). Орысшасына жығылған өзбек тіліндегі басылымында: "Турт-беш йилдин сунгра қазақлиқларда Масиходин хон кошига мутаважих бұлғонда, Косимбек ушбу жихатдин биздин айрилиб Хосорға барди" ("Бобурнома", Таш., 1989, 39-б).

Енді Шоқан Уәлихановтың деректеріне сүйенейік: "В древности слово казак встречается в смысле вольной и вольница; я не смею (в этом) сомневаться. Глагол казаклық очень часто попадает в "Бабур-наме" — записках Бабура, В Шайбаниаде, что значение слово казак в смысле бродяга, скитальца было достаточно известно и употреблялось в древней Руси..."

Бұл сөз біздің қазақ атауымыз емес, казак-орыс, монғол үстемдігі — жазалаушы жасак. Сол сөзді казакқа теліп, казактық жасадық, ұры-қары, қаңғыбас болып жүргенімізде деп Бабырдың аузынан айттырып, тарихты бұрмалауға бола ма? Мұны ғылыми жұртшылық дұрыс түсінді. Мәселен, "Қазақ әдебиеті" газетінің 1991 жылғы қаңтардағы санында жарияланған филология ғылымының докторы Сапарғали Омарбеков "Бабырнама" — ортақ мұра" атты сын мақаласында: "Орысша тексте, соның әрпіне басыбайлы болып қалмай, көп жағдайда аудармашы қаламын еркінірек ұстап, тіркестердің, фразалардың қазақ ұғымына етене жақын, түсінікке жеңіл келу жағын

қарастырған. "Во времена казачества и безвластия" дегенді: "Кугын-сүргін түсіп, биліктен айрылып, ұшарымды жел, қонарымды сай біліп" деген сияқты түйдектермен аудару, немесе: "Онсызда талай жырымдалып, қаңырап қалған жердің тоқымын қайта қаққаннан не түседі" деп келетін сөйлемдер аудармашының тәржімелеу принципін дұрыс түсініп, еркін игере білгендігінің айқын бір көрінісі іспетті" деп жазды.

Абай бабамыз "Бабырнаманы" оқығанын "Бабырнамада" солай жазылған" деп кесіп айтқанынан аңғарсақ, ал орыс тіліндегі басылымымен таныс деуіміздің сыры кейбір атауды қолданысына келіп тіреледі. Мысалы, Абай: "Шыңғыс аламандыққа аттанып, әскер тартып шыққанда, әскерінің көбі татар екен дейді. Осы сөйлемдегі "аламандыққа" сөзін орыс басылымындағы — "казакowanie, казачничать" етістіктерінің баламасына қолданған.

"Бабырнамада" ауғанстан жеріндегі хазарлар әңгіме болады. Абай хазарлар туралы мынандай дерек жазған: "Қалмақтың төрт атасының бірі — хазар. Сол хазардан үш атаның ұлы парсы жұртында қалып еді. Қажар, Афшар, Үшташлы деген. Сол қызылбас, дүниедегі бір ескі патшалардың сарқыты — кәсірей ғажам жұрты сол. Біздің қазақтың Амудариясынан қорқып, қашып келіп Сырдарияның аяғында қалмақтан жеңіліп, Ақтабан шұбырынды көретұғын, Амудариядан қашамын деп болған. Сол Надыр Афшардан еді. Осы күнгі Насіридин шаһ Қожасардан шыққан кісі". Сол "Бабырнамада" әңгіме болатын хазарлардың ұрпағы бүгінде Ауғанстан мен Иранды мекендейтін түрік тілдес халық (1975 жылғы есеп бойынша 1,8 млн). Хазарлар VII-X ғасыр аралығында Солтүстік Кавказда, Қырым жағалауында қағанат құрған ел.

Қадірменді оқырман, "Бабырнамада" түрік халқына тән, біздің тарихымыздан хабар берер дерек мол. Оның бәрін індетіп зерттей білген кісі келешекте зерделі кітап та жазар. Бұл еңбекпен жұртшылық кез келген уақытта оқып таныса жатар. Сондықтан енді айтар сөзімізді шығарманың арқауына, кейбір халықтар тіліне тәржімеленуіне бұрайық.

"Бабырнама" үш бөлімнен құралған. *Б і р і н ш і б ө л і м і н д е* — XV ғасырдың ақырындағы Мауараннахрдағы саяси оқиғалар, өзінің шыққан тегін, ондағы қалалар, қамалдар, билік үшін жүргізген жанталас соғысты, нағашы атасы Моғолстанның билеушісі Жүніс хан мен Ташкентті билеген үлкен ұлы Сұлтан Махмұдтың билігі баяндалады. *Е к і н ш і б ө л і м і* — Ауғанстан жеріндегі оқиға. Бабыр заманында бұл аймақ — "Кабул

иелігі" деп аталған. *Үшінші бөлімінде* Солтүстік Үндістандағы саяси оқиға, елдің географиялық жағдайы, табиғатының ерекшелігі, бұл елді мекен еткен халықтардың тұрмысы, әдет-ғұрпы жайында өте қызықты деректер келтіріледі.

Бабыр бұл жазбасында Темір әулеті әмірзадаларының арасындағы жүгенсіздікті, билікке таласқан үздіксіз тартыстың салдарынан гүлденген егістік жердің жырымдалып, иесіз далаға айналып, аяусыз тонау мен алым-салықтан халықтың сансырағанын ашына жазады. Бірақ өзі де үстем таптың өкілі болғандықтан, билік мақсатына жету жолында оның да аянып қалған жері жоқ.

Мұхаммед Шайбани хан 1501 жылы Самарқан қамалын қоршап, халқын ашықтырып, қырғынға ұшыратқанын, ақырында бірнеше қайтара шабуыл жасап Самарқанды бағындырып, 1504 жылы Әндіжанды, кейін Ферғананы басып алып, Бабырды Бадахшан мен Кабулға қуғаны "Бабырнама" арқылы нақты деректермен жетіп отыр. Бабырдың Темір әулетінің иеліктерін қайтарып алмақ ниетпен жасаған жорықтары (1505-15) сәтсіздікке ұшырап, ақыры туған жерден күдер үзіп, жат елге бет бұрады, ендігі мақсаты Үндістанға орын тебу болады. Осы оқиғаның бәрі күнімен, айымен, жылымен әңгімеленіп естеліктің үшінші тарауына түзілген, бұл 1483-1504 жылдардағы оқиғаны қамтиды. Бабырдың дерегінің нақтылығын сол заманның тарихшылары: Хондемір, Мұхаммед Хайдар Дулати, Мұхаммед Салық, Ғенаи т.б. шығармаларынан байқаймыз.

Бабыр Кабулда тұрған кезінде ұлан-ғайыр жерді мекендеген отырықшы, жартылай көшпелі, әр түрлі тілде сөйлейтін тайпалар мен халықтардың әдет-ғұрпын, салт-санасымен жіті танысады. Ол бұл елдің ірілі-ұсақты қалаларын жалғастырып жатқан керуен жолдарымен жүріп өтеді, оның жыл мезгілдеріне қарай қандай жағдайда болатынын кітаптың екінші бөлімінде баяндайды.

"Бабырнаманың" үшінші бөлімінде 1525-1530 жылдардағы оқиғалар баяндалады. Алғашқы Ферғана мен Кабул туралы бөліміне қарағанда бұл беттер толық, егжей-тегжейлі жазылған. Ол мұнда өзін сол замандағы Үндістанның тарихшысы сияқты бейнелейді, өйткені Үндістан халықтарының тарихы, экономикасы мен мәдениетінің тарихынан білімдарлығы сол тұстағы үнді-мұсылман тарихшыларынан көш ілгері еді.

"Бабырнама" жоғарыда аталаған елдердің XV-XVI ғасыр аралығындағы саяси тарихына арналғанмен, ол халықтардың саяси-экономикалық өмірінен баға жетпес мол

деректер берумен қатар, ақындардың, жыршылардың бейнесі суреттеліп, шығармаларына да баға беріледі. Осы деректерге сүйене отырып, заманында Орталық Азияда, Ауғанстанда, Үндістанда өмір сүрген, бірақ бұған дейін белгісіз болып келген ақындардың, мемлекет қайраткерлерінің, әскери қолбасшылардың, әнші-жыршылардың беймәлім болмысын ашады.

Бабырдың жазбасында Әлішер Науаи талантты ақын, ғалым ғана емес, өз заманының озық ойлы шешені, дүлдүлі ретінде көрінеді. Сонымен қатар "Бабырнамада" XV-XVI ғасыр аралығындағы жалпы Хорасан, Мауараннахр, Иран, Ауғанстан, Үндістанның мәдени тіршілігінен мол да нақты дерек берілген. Бұрын-соңды ғалымдардың жазбаларында дәл мұндағыдай нақтылық ұшыраса қоймайды.

Сол заманда өмір кешіп, тіршілік еткен дәуірін жазып қалдырған Шығыстың бірсыпыра тарихшыларының деректерімен салыстырғанда, Бабыр біреуден естігенін, яки болжағанын емес, өзі көзімен көріп, анық-қанығына жеткен жайттарды ғана баяндайды. Жазу мәнері де, тілі де ерекше. Тілі қарапайым, сөйлемді нақты, қысқа құрады, әрі ұғымды, халықтың сөйлеу тіліне бейімделген, замандастары сияқты қызыл сөз, жөнсіз шешендікке салыну деген мүлдем ұшыраспайды.

Адамдардың ата-жөні мен жер-су аттарының әрі оқиғалардың орасан көптігіне қарамастан, "Бабырнама" жеңіл, әрі қызықты оқылады. Мұнда Орталық Азияның, Хорасанның, Иранның, Ауғанстанның, Үндістанның ірі қалалары суреттеледі. Ферғана, Әндіжан, Самарқан, Бұхара, Кабул, Ғазни, Балқы, Бадахшан, Дели, Девалпур, Лахор қалалары туралы деректері де өте құнды. Мұнда бұл қалалардың географиялық жағдайы, сол замандағы феодалдық шаруашылықтағы сауда-экономикалық ахуалы мол мағлұмат беріледі. Бабырдың деректерін орта ғасырдағы тарихшылардың деректерімен салыстыра отырып, бұл қалалардың кейінгі кезеңдерде қалай өркендегенін немесе құрып кеткенін байқауға болады. Орталық Азия қалаларының ішінде, Бабыр, әсіресе, өзі туып-өскен Ферғана аймағының: Әндіжан, Ақсикент, Қасан, Қош, Қанди-бадам, Исфара, Маргилан, Ходжент, Үзкент қалаларын сипаттауға айрықша тоқталады.

Бабырдың Орталық Азия, Ауғанстан, Үндістан қалаларындағы қазбалы кен байлықтары жайындағы деректері аса құнды. Бұлар туралы жекелесген дерек келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар елдің шаруашылығына қалай қолданылатыны да айтылады. Бабыр Самарқан мен

оның аймақтары жайында аса зейінділікпен, ілтипатпен жазады. Оның естелігіне қарағанда "... жер бетінің адам мекен ететін аймағында Самарқан сияқты қала некен-саяқ". Самарқанның ірі құрылыстары, бақтары мен моншалары, жасалу тарихы баяндалып, тұрғызған сәулетшінің аты-жөні де аталады.

Бабырдың назарынан Ұлықбектің обсерваториясы да тыс қалмайды, ол мұны ғажайып құбылыс, заманының озық ойлы адамы тұрғызған аса бағалы ғимарат, әрі ғылымның жетістігі екеніне тоқталады. "Обсерватория Құқақ жотасының етегіне салынған, мұнда әлемнің жарық жұлдыздарын бақылайтын арнаулы құрал-жабдықтар орнатылған. Ұлықбек бұл обсерваторияда "Гурган кестесін" жасады, мұны қазірде дүние жүзі пайдаланады" деп жазды Бабыр.

"Бабырнаманың" бірнеше беті Ауғанстанның ірі қалалары Кабул мен Ғазниді сыпаттауға арналған. Бабырдың Ауғанстан жайындағы деректерін Шығыстың өзге де жазбаларымен, яғни XVI-XVII ғасырлардағы географиялық еңбектермен салыстырғанда, "Бабырнамадағы" Кабул, Ғазни, Кандағар, Бадахшан, Балқы, Герат, тағы басқа да қалалар туралы географиялық деректер негізінен сол қалпында пайдаланылғаны байқалады.

Мұнда автор елдің ішкі жағдайына, Кабулдың әрбір әкімшілік тұманының экономикалық мүмкіндігіне тоқталып жатпағанмен заманында Кабул иелігі он төрт әкімшілік округке бөлінгенін жазған, әрі бұларға сипаттама да беріп отырады. Бұл деректер Ауғанстан халқының XVI ғасырдағы әлеуметтік өмірінің кейбір мәселелерін анықтайтын маңызды тарихи материал болып табылады.

XVI ғасырда Кабул ірі сауда орталығы болды. Кабул мен Кандағар Үндістанға баратын сауда жолының торабында екенін айта келіп, Бабыр былай дейді: "Ферғана, Түркістан, Самарқан, Бұхара, Балқы, Хисар, Бадахшаннан шыққан керуен Кабулға, ал Хорасаннан шыққаны Кандағарға келетін болды. Кабул аймағы Үндістан мен Хорасанның аралығында жатыр, бұл бір керемет сауда базары. Егер саудагер Қытай мен Рүмге барса да, мұнан артық пайдаға кенелмейді. Кабулға жыл сайын жеті-сегіз, немесе он мыңға дейін жылқы айдап келеді. Үндістанның түстігінен он, он бес, немесе жиырма мың саудагердің керуені шеру тартады. Үндістаннан құл, мата, қант, шекер, дәрілік шөп алып келеді. Көптеген саудагерлер оннан отыз, оннан қырық есе пайда келтіргеніне ризашылық білдірмейді. Кабулдан Хорасан, Ирак, Рүм, Чин тауарларын табуға болады" (139, 140 б).

Бабырдың Кабулдан Үндістанға баратын керуен жолы мен Орталық Азияға тартылған жолға берген сипаттамасы, биік асулар мен таудан өтетін жалғыз аяқ жолдар жөніндегі дерегі XIX ғасырдағы топографиялық анықтамалармен айна-қатесіз ұқсас. 1882 жылы Кабулға барған А.Бернас¹ Бабырдың мазарына бас иіп, оның қызықты жазбасын (яғни "Бабырнаманы") оқығаннан кейін бұрынғыдан да артық құрмет тұтатынын жазған.

"Бабырнамада" Орталық Азия, Ауғанстан мен Үндістанның өсімдіктері және хайуанаттары соншалық білімдарлық, зеректілікпен сипатталған. Соған қарағанда табиғаттың құбылысын ерекше зейінмен қадағалаған адам болса керек.

Кітаптың үшінші бөлімінде, негізінен Үндістандағы саяси жағдайға, Бабырдың алғашқы жорығынан дүниеден қайтқанына (1525-30) дейінгі оқиғалар, оған дейінгі саяси-экономикалық жағдай, Үндістан халқының мәдени өмірі жайында мол мағлұмат беріледі. Автор онда былай деп жазған: "Бұл — бір ғажайып өлке; біздің жермен салыстырғанда мүлдем басқа дүние. Оның тауы, өзені, орманы, даласы, қаласы, аймағы, жан-жануары, хайуанаты, өсімдігі, адамы мен тілі, жаңбыры мен желі, бәрі-бәрі де біздің жерге, біздің елге ұқсамайды. Кабулға шектесіп жатқан ыстық аймақтардың кейбір табиғат көрінісі Үндістанмен ұқсас болғанмен, басқа жағдайы жер мен көктей; Синд өзеніне өтсең болды жері мен суы да, ағашы мен тасы да, адамы да, әдет-ғұрпы да айна-қатесіз Үндістандағыдай" (294-б).

Үндістан жұртшылығы "Бабырнамаға" зор ілтипатпен қарады; бұл кітапты Бабырдың үрім-бұтағы қолдан түсірмей оқыды әрі түрлі-түсті бояулы суреттермен әшекейлеп көшіріп отырды. Бабырдың немересі Ақбар шаһтың (1556-1609) тұсында "Бабырнама" көне түрік тілінен парсы тіліне тәржімеленіп "Ваquita-и Бабури" аталды. "Бабырнаманы" алғаш рет XVI ғасырда Әбдірахман хан парсы тіліне аударды². Бұл аударма заманында ең сапалы аударма санатында жұртқа таралып, күні бүгінге дейін құнын жойған жоқ.

Тарихшы қауым "Бабырнаманың" ең тәуір көшірмесі Хайдарабад қолжазбасы деп атайды. Аурангзеб тұсында

¹ Б е р н а с, А., "Путешествие в Бухару", М., 1849, IV тарау

² Әбдірахман хан бұл аудармасын Ақбар Кабулдағы атасы Бабырдың мазарына келіп қайтқан кезінде аяқтаған (қ. А б д у л Ф а з ы л, "Ақбарнама", Өзбекстан ҒА-сының Шығыстану институтының қолжазба қоры, тіркеме 6, 62 парақ).

көшірілген. Бұған қарағанда "Бабырнама" Үндістанда тарихи еңбектің жинағы ретінде танылса керек.

Үндістан мен Орталық Азияда "Бабырнама" құнды тарихи еңбек болып саналады. Шығыс жылнамашыларының Бабырдың деректерін ауызға алмағаны некен-саяқ. "Бабырнамада" келтірілген деректер Үндістанның көптеген тарихшыларының (Гүлбадан бегім, Абдул Фазыл, Феритта, Низамуддин Херави, Бадауни, Хинди Мирхи т.б.) негізгі деректемесі.

Бүгінгі таңда "Бабырнамаға" дүние жүзінің әр түрлі елдерінің зерттеушілері назар аударып отыр. "Бабырнамада" келтірілген деректердің құндылығы, автордың адалдығы, әр түрлі деректерге өзіндік көзқарасы, деректің нақтылығы ғалымдарды тәнті етті. Бұл орайда, мәселен, В.В.Бартольд, А.М.Беланецкий, А.А.Семенов, А.Ю.Якубовский, Я.Г.Гулямова, Р.Н.Набаева, А.Мұхтаров, С.А.Әзімжанов және тіл мамандары: А.К.Баровское, А.Н.Кононов, Х.Назарова, тағы басқалардың еңбектерін ерекше атау орынды. Сондай-ақ "Бабырнаманы" зерттеуге шет елдің ғалымдары да, атап айтқанда: Голландия (1705 ж. — Витсен), Англия (1826 ж. — У.Эрскин мен Ж.Лейден; 1844 ж. — Р.Колденот; 1905 ж. — А.Беверидж; 1909 ж. — Талбот), Германия (1810 ж. — Ю.Клапрат, 1828 ж. — А.Кайзер), Франция (1871 ж. — Павле де Куртейл, 1980 — Бакке Грамон), Ауғанстан (Абдул Хай Хабиби), Пакистан (Камид Ахтар Надви, шаһ Алам Мавлиат), Үндістан (1924 ж. — Мырза Насриддин Хайдар, Разви), Түркия (1943-1946 ж. — Р.Р.Арат пен И.Н.Баюр) ғалымдары едәуір үлес қосты.

Өзбекстанда "Бабырнаманың" алғашқы қолжазба көшірмесін 1714 жылы Темір Пулатов қолға түсіріп, оны Санкт-Петербургте Георгий Джекат Кер зерттеген, сол көшірменің негізінде 1857 ж. Н.Ильминский "Бабырнаманың" Россиядағы алғашқы басылымын ұсынды¹. Келесі бір данасын 1709 ж. Гунджувандағы мұғалім Әбу әл-Вахаб көшірді де, бұл Кердің қолжазбасынан жүз жылдан кейін барып Петербургке жетіп, одан Сенковский 1824 ж. жеке көшірме дана жасады. Келтірілген осы деректерге қарағанда "Бабырнаманың" алғаш таратылуы XVIII ғасырдың басында Орталық Азиядан басталған, кейін осы көшірменің негізінде орыс тіліне аударылды.

"Бабырнаманы" зерттеуге, сол сияқты Бабырдың поэзиялық мұрасын жинақтап шығаруға Өзбекстан ғалымдары үлкен үлес қосты. 1948 жылы "Бабырнаманың" өзбек

тілінде жарық көрген екі томдығын П.Шамсаев пен С.Мирзаев дайындады. Олардың қатысуымен "Бабырнама" бір том болып та басылды. Соңғы нұсқасы 1905 жылы Лондонда жарық көрген Хайдарабад қолжазбасы бойынша А.Беверидж басылымынан орыс тіліне аударылды. Өзбек тіліндегі нұсқа да М.Сальенің осы аудармасы негізінде шықты. Қазақ тілінде "Жалын" баспасы шығарған "Бабырнама" (1990 ж.) да осы М.Сальенің және өзбек тіліндегі басылымды тең пайдаланып, салыстырылып тәржімеленді, көп қысқарып басылған. Жазбаның толық нұсқасын "Ататек" 1993 ж. шығарды, бірақ қағаз тапшылығына байланысты Есімнама, Географиялық көрсеткіштерді ұсына алмады.

Бабырдың шоқтықты мұрасы — "Бабырнама" тағлымды тарихымызды ертенгі болашаққа да ұластыратын дүние. Оның Шығыс зерттеушілерінің назарынан тыс қалмауының шын сыры да сонда жатыр. Мұның жарқын айғағы ретінде — ЮНЕСКО-ның тарапынан 1980 жылы француз тіліндегі жаңа аудармасына және оның басылымына халықаралық конкурс жариялағанын тілге тиек етсек жарар. ЮНЕСКО бұған ынталы елдердің (Орталық Азия, Ауғанстан, Үндістан) ғалымдарының қатысуымен арнаулы комиссия құрды. "Бабырнаманы" француз тіліне тәржімелеген француз-түрік ғылымын зерттеуші ғалым Луи Бакке Громонның еңбегі жоғары бағаланып, халықаралық ЮНЕСКО ұйымының бірінші сыйлығы берілді. Соның нәтижесінде "Бабырнаманың" француз тіліндегі толымды тәржімесі Парижде 1985 жылы екінші рет басылды. Сондықтан "еуроцентризмнен" көріп, өзеуреуіміздің орны жоқ. Керісінше, көп ретте жоғымызды түгендеп, барымызды қадір тұтатын өркениетті жұртпен терезесі тең кезеңде отырмыз. "Ұлыны ұлы тұтса — құт" деп данышпан бабамыз Махмұд Қашқари көрегендікпен айтқан ғой.

¹ Бабур-наме, изд. А. Ильминского, Казань, 1857.

¹ Бабур-наме, Таш., 1948, 1958; Бобирнамо, Таш., 1960, 1989

МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ ҺӘМ ОНЫҢ "ТАРИХ-И РАШИДИ"

Орта ғасыр рухани жәдігерліктерінің арасында аз зерттеліп, қазақ ғылымының нысанасына айнала қоймаған шығарманың бірі — "Тарих-и Рашиди". Мұның авторы — тарихшы, ақын, әскери қолбасшы, мемлекет қайраткері Мұхаммед Хайдар мырза Дулати. Дулати мұрасына Батыс ғалымдары қызыққанымен, өз ұрпағы ұзақ уақыт бойы назар аудармай келді. Біз бүгінде дерекнама ретінде сол Батыс ғалымдарының еңбегіне ғана сүйене аламыз. Тарихшы-қайраткердің ертерек зерттелінуі қазақ мектебін бітірген сан мыңдаған шәкірттердің тарихи танымына нұқсан келтірді. Бірақ, қазір зерттеліп-зерделеніп жатқанына шүкіршілік айтайық.

"Тарих-и Рашиди" жазған Мұхаммед Хайдар Дулати 1499 жылы Ташкент қаласында, Моғолстанның билеушісі Жүніс ханның күйеу баласы, ата-бабасы шонжар тұқымынан шыққан Құсайынның шаңырағында дүниеге келді. Оның атасының есімі де Мұхаммед Хайдар мырза Дулати. Сондықтан тарихшының есімі тарихи әдебиеттерде Мырза Хайдар аталады. Тахаллусы (бүркеншік есімі) — Аяз. Бұл жайында тарихшының қолжазбасында былай деп жазылған: "Алланың рақымы түскен пендесі, әлейім жұртқа Мұхаммед Хайдар есімімен танымал болған Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Құсайын көрегенмін (гурекен). Мен алланың әмірімен, аса бір қабілетім тасып, іскерлігім асып-тасып бара жатпағанмен, ата-бабамның тарихын жазып қалдыруды парызым деп ұғып, алаға мінәжат етіп, қолыма қалам алдым. (Қолжазба, бірінші дәптер, 3-б).

Шығарманың қазақ тарихына байланысты беттерің әңгімелемес бұрын оның есіміне жалғанған бабалық атауы

Дулаттар жайында бірер сөз қозғайық. Қазақ шежіресінде Дулат — Үйсіннен тарайтын тайпа ел. Олай болса біздің заманымыздың жыл санауынан бұрын ғұмыр кешкен Үйсін мемлекеттік бірлестігінің құрамындағы тайпа. Ал біздің заманымыздың бірінші ғасырында Үйсін мемлекетінің 120 мың түгінде 630 мың жан, 188 мың 800 атты әскер болғаны Қытай жазбаларынан белгілі¹. Таяу арада бұл көне деректі қытай жылнамаларынан толықтырып, Шыңжаң қазақтарына "Ханьнама", "Батыс өңір шежіресі" секілді соны еңбектер ұсынылды.

Хайдар мырзаның Дулат тегі сол Үйсін заманынан басталады. Үйсін Күнбиінің бір ұлы Далудаға еншілікке Іле бойын береді. Бұл ел Далу (Дулу, Дұғлат, Доғлат) аталады.

С.Е.Маловтың зерттеуі бойынша Күлтегін тас жазуындағы Бұмын қаған, оның інісі Естемес қаған да Дулу болған. Дулулардың бір бөлігі Һұндармен, Моншак ханның баласы Атыл (Махмұд ибн Уәлидің "Бахр әл-Асрар фи Манақиб әл-Ахйарда" еңбегінде Атил — Еділдің ежелгі атауы² әскерімен Европа жорығына қатысты. Көптеген түркі тайпаларымен Басымыл (арғын), найман, қоңырат, үйсін тайпаларымен одақтасып дулаттар 515 жылы жүжандарға бағынышты болуын тоқтатып, Юебан (Үрбі) одағын құрды. Оларға Бұмын қаған, Естемес (Естеми, Иштеми) қаған қолбасшы болады.

"Дулу қағаны Естеместің ордасы, — деп жазады Қазақ энциклопедиясында, — көне Құяс (қазіргі Алматы облысы, Кеген ауданы маңында, Жалаңаш бөктерінде болған"³.

Наршаһидың, Л.Гумилевтың жазбасына қарағанда Естеми өзінің бар ғұмырын жорықта өткізген, қырық бес жыл аттан түспей Орал тауы мен Еділ бойлап, Каспи теңізің жағалап, Памирді бөктерлеп, Хантәңірді айналып түрік елінің шекарасын белгілеген. Бұл деректі алты жүз жыл өткеннен кейін де Құсайынның ұлы Махмұд Қашғари "Диуани лұғат ат-түрки" шығармасында: "Қазіргі бүкіл түрік елінің шекарасы Абискүн (Каспи) теңізінен айналып Рұм елінен, Өзкенттен Шығысқа дейін созылады. Ұзындығы сегіз мың парсақ", — деп жазады. Соған қарағанда

¹ Бичурин Н.Я., Собрание сведений о народах... сонда, 1950. М.Л. 1 т. 190-6)

² Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков, А., 1969, 320 б.

³ КСЭ, Дулат, 4 т

Естемес қағанның кейінгі ұрпағы ел шекарасын бұрынғыдан да кеңейткен болды ғой!

Бұл кітаптағы дерекке қарағанда 14-16-ғасырларда Моғолстанға, Моғол мемлекетіне қараған Жетісу, Қашқар аймағы — кезіндегі Үйсін мемлекеттік бірлестігінің иелігі еді. Дулат — Үйсіннен тараған тайпа. Мұхаммед Хайдар Дулатидың бабасы Ұртубуға моғол хандары Қашқардағы Манғылай-Сүмбені тегіннен иелікке бермегені осы жерде мәлім бола түседі.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың Моғолстан кезінде билік жүргізген ата-бабалары былай таратылады: Бобдахан — Ұртубу — Болатшы — Құдайдат — Сейіт Ахмет — Сейітәлі — Мұхаммед Хайдар. "Тарих-и Рашиди" еңбегіне сүйенсек, бұлардың билікке бәрінің қолы жеткенімен атакты қолбасшы болғандары — Ұртубу, Болатшы, Құдайдат.

Осылардың ішінде тарихта ерекше аталатыны — Болатшы. 1360-62 жылдар шамасында қайтыс болады. 1359 жылы ол Құндызда Тұғылық Темір ханнан моғол тілінде, моғол әрпімен жазылған мадақтама (грамота) алады. Ол бойынша хан Дулат тайпасының әмірлеріне тоғыз түрлі артықшылық береді. Болатшының бауыры Түлек те, Кәмеладдин де ұлыс бектері хәм әскери қолбасшы болған. Соңғысы Тұғылық Темірдің баласы Илияс Қожаны өлтіріп, Моғолстанда өкімет билігін қолына алады. Ал Сейітәлі әмір Уәйіс ханның (1428) әскери қолбасшысын, Қашқардағы Ұлысбектің нәменгерін қуып шығып, Қашқарда ұзақ жыл билік жүргізді. Мұхаммед Хайдар Дулатидың атасы — Мұхаммед Хайдар Қашқарды билеген. 1480 жылы оны өзінің жиені Әбубәкір Ташкентке қуып жіберген (Бұл дерек "Тарих-и Рашидиде" жазылады).

"Тарих-и Рашидиде" Хайдар мырзаның қолында билік болған бабаларының бәрінің есіміне Дулат жалғанып отырған. Солардың мықтылары ұлыс бегі Құдайдат Дулати мен Кәмеладдин Дулати. Құдайдат моғолдың алты ханын таққа отырғызып билік етсе, ал Кәмеладдин Моғолстандағы билік үшін өмірбақи Ақсақ Темірдің тұқымымен жауласып өткен.

Сонымен жоғарыда келтірілген деректерге қарап, Хайдар мырзаның есіміне, оның бабаларының аты-жөніне Дулат тайпасының атауы бекер қосарланбағанын байқаймыз. Оған тағы бір тиек — оның ата-бабасының Қашғария мен Жетісуға билік жүргізгендігі. Әрі ол елдің Моғолстан, Моғол мемлекеті аталуының себебі де бұл аймақтардың ықылым заманнан өз жері, өз қонысы, иелігі екенінің бір дәлелі.

Солай дегенмен де, көне тарихтың қоржынын ақтарсаңыз бүгінгі Орталық Азияны мекендейтін түрік халықтарының тарихи, мәдени мұрасы, қаласы мен даласы да ортақ. Сондықтан қандай да болмасын ғалымдардың, жыраулардың мұрасын сирағынан тартып, қызғаныш туғызып, алақозденіп бөлшектеу — ортаға шок тастау, арандату, жауластырудан өзге ешқандай да пайдасы жоқ. Бұл ой көптен бері айтылып келеді, бірақ ұрпақ алмасады, өмірге жаңа перзенттер келеді, оның әрбір кезеңінде қайталап айтып, жазып отырмаса ұмыт болатының куәсі болып отырмыз.

Орайы келгенде айта кетейін, 60-жылдардың ақырында барлық Одақтас Республикалар ұлттық энциклопедия шығаруға кірісіп, "Анау ғалым біздікі, мынау ғалым сіздікі" деген күңкіл әңгіме баспасөз бетінде де ара-тұра жарияланып, тіпті энциклопедиялық басылымның алғашқы томдарында да жарияланып қалды. Соған байланысты Ташкентте Орта Азия мен Қазақстан энциклопедистерінің бас қосқан құрылтайы өтті. Сонда мынадай бір ойымды ортаға салып едім: "Біздің бабаларымыз өте көреген, кеменгер адамдар болыпты, кейінгі ұрпақтарымыз жекедара ел атанып, отау тігіп, ватанға (отанға) айналғанда құлағымызды шуылдатып жүрмесін деп, отырықшылары ныспысына кешенінің, шаһарының атын жалғап: Бируни, Самарқанди, Қашқари, Ақсикети, Фараби, ал көшпенділері: Дулати, Жалайри, Қыпшахи деп тайпалық, елдік атауын жалғапты. Сондықтан, сол елді-мекенді, кешенді, шаһарды бүгінгі ұрпақтары иемденіп, тайпа есімдерін солардың ұрпағы өз санатына қосқаны жөн болар" деген едім. Одан бері не оқиғалар бастан өтпеді. Қалай дегенмен де түрік жұртының қайсысына болса да сол атаулар жат емес, тіпті Әбунасыр әл-Фараби, Әбуәли ибн Сина адамзатқа ортақ тұлғалар емес пе! Солардың қатарына Хайдар Дулати да жатады.

"Тарих-и Рашидидің" өзге тарихи шығармалардан ерекшелігі — ондағы тарихи атау, жағрафиялық атауларға ғылыми түсінік беріп отырмаса, бүгінгі оқырманға ұғымсыз жері мол. Сондықтан да еңбекте жиі айтылатын Моғол, Моғолстан, Моғол мемлекеті, Ұлы Моғол мемлекетіндегі "моғолды" моңғолдармен шатыстыруға болмайды. Бұл атау тарихи әдебиетте дәлелденген. Ш.Уәлиханов, В.Григорьев, Г.Левшин сияқты ғалымдардың түйінді пікірлері бар. Моғол — жете — чете — жалайыр жұртының орта ғасырдағы атауы. Егер четенің шығу тегін қарастыра берсеңіз тым алысқа, көнеге сапар шегесіз. Мәселен, дүние жүзінің екінші ұстазы аталған данышпан ғалымымыз

Әбунасыр әл-Фараби өзінің музыкалық трактатында: "Менің шыққан тегім четеде музыкалық оқулық болмағандықтан араб әдебиетін пайдаландым",- дейді. Ал Алтын Орданың бегі Чете мырза 1330 жылы ұлы кінәз Иван Даниловичке келіп сіңген. Четеден тараған бүгінгі орыс халқының құрамындағы көп кездесетін тұқым Сабуров, Годунов, Вельяминов-Зерновтар-түбі бір туыстар. Вельяминов-Зернов Ораз Мұхаммед пен Қасым хандығы жайында зерттеу жүргізіп, біз әңгімелеп отырған "Тарих-и Рашидиден" алғаш рет орыс тіліне үзінді аударған.

Моғол атауының шығу тарихы қысқаша осындай. Содан өрбіп шығарманың өн-бойында әңгіме болатын Моғолстан, Моғол мемлекетінің атаулары туындайды. "Тарих-и Рашиди" екі дәптерден, яғни екі бөлімнен құралады.

Көлемі елу баспа табақ. Алдымен екінші дәптері (1541-42) жазылады. Екінші дәптерін ол 1546 жылы наурыздың 3-жұлдызында Кашмирде аяқтайды. Кітаптың "Рашидтің тарихы" аталуының үш түрлі себебі бар екені еңбекте ескертіледі: "Әуелі, Тұғылық Темірді ислам дініне құлшылық еткізген шейх Аршад ад-динге бағыштадым; халқын рушт ("ақиқат" дегені — Б.К.) жолына бастаған Тұғылық Темірге бағыштадым; осы заманда Қашқарды билеп отырған Әбумұстафа Әбдірашид ханға бағыштадым". ("Каталог Восточных рукописей Академии наук Таджикской ССР", т. 1, 1960).

Шығарманың атауы, бағышталуы ел аузындағы аңызға сүйеніп жазылғанмен, тарихшы бірінші дәптерін де Моғолстанға, Жетісу өлкесіне, оны билеген хандар Тұғылық Темір, Уәйіс хан, Жүніс хандардың саяси қатысына, елдің ахуалына, олардың бүгінгі Жетісу мәдениетіне, Қазақ хандығына тоқталады.

Ал екінші дәптер — негізінен Қашқар мен Кашмир естелігі, сол сияқты Мұхаммед Шайбани ханның (Шахибек хан) қазақтарға қарсы жорығы, оның тізе бүгуі, Моғолстанның аймағы, оның шекарасы, қазақ хандарының жорығы сөз болады. Кітаптың Рашид патшаның тарихы аталуы оның бір дәлелінде: "Руштақиқат жолына түскен Тұғылық Темірге арнадым",-дейді. Оның билеушісі Тұғылық Темірдің ислам дінін қабылдауы жайында кітапта былай делінген: "Тұғылық Темір ханның ислам дінін қабылдауының себебі болған жағдай мынадай еді: Тұғылық Темірге Жамал ад-дин шейхты ертіп келгенде ол итіп

шошқа етімен азықтандырып жатыпты. Хан шейхтен сұрапты: "Мына ет адал ма, сен адалсың ба?"-деп. Сонда шейх: "Егер менің дінім болса мен адалмын, егер сенер дінім болмаса, онда менен иттің өлігі артық",-депті. Бұл сөз ханды қатты толғандырып, жанын күйзелтіп, исламға ден қойыпты. Егер алла тағаланың рахымы түссе, оны мен сіздерге баяндап беремін" (қолжазба, 5-б.).

"Тарих-и Рашидиде" Әбілхайыр ханның билігі қысқа да, нақты дәлелдермен сөз болады. Шығарманың "Қазақтардың жағдайының ерекшелігі, олардың хандары, оларға мұндай ат берілуінің себептері, олардың құлдырауы" деген тарауға сүйенсек, мұнда Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақты толық қаратқаннан кейін, одан сескенген Керей хан мен Жәнібек сұлтан, тағы басқа да ханзадалар Әбілхайырдан қашып, Моғолстанға келгені баяндалады.

Әбілхайыр қаза тапқаннан кейін Өзбек ұлысында таққа таласқан айқастар басталады, осындай кезде көп халық Керей мен Жәнібекті паналап, қоныс аудара бастайды. Ол екі хан дүниеден қайтқаннан кейін билік Керей ханның баласы Бұрындық хан мен Жәнібек ханның баласы Қасым ханға көшеді. Қасым хан Әдік Сұлтанның жесірі, Жүнісханның қызына үйленіп, жергілікті хан тұқымына иек сүйеп, бұрынғыдан да нығаяды. Бүкіл Дешті Қыпшақты өзіне қаратады. Мұхаммед Хайдар Дулатидың жазуынша: "Жошы ханнан кейін мұндай қуатты, данқты адам болған емес".

1462 жылы Моғолстанның ханы Есенбұға дүниеден қайтқаннан кейін билікті Жүніс хан (1462-1487) алды. Темір әулетінің ұрпағы, әрі құдасы Әбусейіт мырзаның қолдауымен бұрын қолынан шығарып алған Батыс бөлікті қаратты, ал Қашқарды Есенбұғаның баласы Досмұхаммед хан 1468 жылға дейін билеп, ол өлген соң Жүніс хан Аксуды басып алды, дәл осы кезде Керей мен Жәнібек қазақ хандығын құрып жатқан. 1472 жылға қарай Батысты Ташкентке, Ферғана уәлаятына, оңтүстігі Қашқарға дейінгі Жетісу, Хан тауының етегі Жүніс ханның қарамағына көшті. Жүніс хан 1482 жылы Сайрамды, 1485 жылы Ташкентті жаулап алғанымен, бұлар баянды болмады. Мұхаммед Шайбанидың толық жеңісіне дейін Ташкентті Жүніс ханның үлкен ұлы Сұлтан Мұхаммед хан билеп (1487-1508) отырды. Оның інісі Сұлтан Ахмед хан әкесінен бөлініп, Ыстықкөлдің айналасына орналасып, Жетісу мен Сырдария қазақтарына, қалмақтарға қарсы соғысты, бірақ оның иелікті қайтару әрекетінен ештеңе шықпайды. 16-ғасырдың бас кезінде Моғолстан хандары Жетісудағы билігінен айрылды.

Вельяминов-Зернов В.В., Исследование о касымовских царях... сонда

Бұл кітапта Орта Азиядағы Темір әулеті мен Шағатай әулетінің, оларға бүйірден қосылған Мұхаммед Шайбани әулетінің билік жолындағы ұзақ жылға созылған шайқастары һәм Хайдар мырза тағдырының да қилы-қилы кезендері, соқпақтары көрініс табады. Хайдар мырза Шайбани тұқымымен де қандас туыс-ты. Оның шешесі — Шағатайдың туажаты Жүніс ханның кенже қызы Хуб Нигер ханым болса, ал Жүніс ханның үлкен қызы Құтлық Нигер ханымнан Темірдің туажаты Мұхаммед Бабыр туады. Сөйтіп, Хайдар мырза билік үшін таласушы екі әулеттің арасында ғұмыр кешіп, көп қиыншылықты да, билікті де бастан кешірді.

Шағатай әулеті билік құрып отырған Моғолстандағы қақтығыста оның әкесі Құсайын мырза да қудаланып, Бабырдың әкесі Омар шейх мырзаның, Жүніс ханның ұлы, Ташкент уәлаятының билеушісі Сұлтан Махмұдтың қарауында қызмет атқарып, Ұрантөбеде оның нәменгері де болды. Ол қазаға ұшырағанда жалғыз ұлы Хайдар мырза бөлесі Бабырдың тәрбиесінде қалды. Ол да билікке ерте араласқаны болмаса, әлі де буыны қатпаған ұлан-ды. Соған қарамастан Бабыр Ферғана, Ташкент, Самарқан аймағында Мұхаммед Шайбанимен кескілескен ұрыс жүргізген тұста бөлесі Хайдар мырза да бірер жорыққа қатысты. Ақыры күйеу баласы Сұлтан Сейіт ханның жасағына қосылып, бүгінгі Қашқар жеріндегі Моғол мемлекетінің құрылуына қатысып, 1513-1533 жылдары Сейіт ханның әскерінде қолбасшылық етіп, әрі жиені Әбдірашит падишахты тәрбиеледі.

1533 жылы Хайдар мырза Тибет жорығына қатысады. Сол жорықта Сейіт хан қаза табады. Үзеңгілес күйеу баласынан айырылған Хайдар мырзаны жиені Әбдірашид хан сыйлай қоймады.

"Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпастың" кері келіп кеше ғана ақылшы, ұстаздық етіп, қасына ертіп, баулып жүрген жиені Әбдірашит әкесі Сейіт дүние салғаннан кейін, таққа отырысымен, оның бұрынғы ақыл-көненшісі уәзірлерінің көзін жойып, ал нағашысы Мұхаммед Хайдар Дулатиді қуып жібереді. Ол әкесінің сарбаздарынан, үзеңгілес жолдастарынан қол үзеді. Жиенінен жапа шеккен Хайдар мырза Үндістандағы бөлесі Бабырдың әулетіне қарай ойысады. Бұдан басқа амалы жоқ еді: "Туған өлкесі, ата-бабасының қонысы Жетісудан да айрылды, нағашы атасы Есенбұға Ақ Ордадан ойысқан Керей мен Жәнібектің жасағына жер бөліп беріп, қоныстандырамын деп пәлеге қалды. Олар біртіндеп Шағатай тұқымын ығыстырды. Мауараннахрды Шайбани

тұқымы билеп алды, Темір тұқымын биліктен айырды. "Өзге пана болар жер қалмағандықтан Үндістанға беттедім"-дейді Хайдар мырза.

"Тарих-и Рашидидің" екінші дәптері көбіне осы Кашмирде кешкен өміріне арналған. Мұхаммед Хайдар Дулатидің мұнда өз жеріндегі бауыр басып қалғанының тағы бір себебі, Кашмир — атам заманнан түрік шекарасындағы қала, оның бабалары одан жүздеген жылдар бұрын, дәлірек айтқанда, біздің заманымыздың 4-5 ғасырлар аралығында билік құрған. Мұнда тіпті XII ғасырда түрік халықтарының тілі мемлекеттік тілдердің біріне айналған-ды. Оған бір нақты дәлел — Ә.Н.Нәжіптің зерттеуінде көрсетілген¹. Дели сұлтанатындағы Бадыр ад-дин Ыбырайымның "Ауызекі лұғат, зерттелетін дүние" атты шығармасы. Мұнда Үнді жеріндегі өзге халықтың тілдерімен қатар түрік тілінің сөздігі берілген. Онда бүгінгі қазақ тілінің қорындағы іні, келін, ене, балдыз тәрізді сөздердің молынан ұшырасуы жоғарыда айтқан ойымызды нақтылай түседі. Бұл тіл Мұхаммед Хайдар Дулати Кашмирде билік жүргізген кезде қатынас тілі болғаны оның тарихи шығармасында да жазылған. Соған байланысты бұл мәселенің төркінін арыдан қарастырған жөн.

Теріскей Алатаудың Сапы асуының етегінде болған Барсыған қаласының ежелгі тұрғыны Құсайынның ұлы Махмұд Қашғаридің "Диуани лұғат ат-түрік" хамсалық шағармасында да Кашмир қаласы туралы: "Кашмир — түрік елінің шетіне орналасқан шаһар. Бұл шаһарды тәңір жарылқағыр Сүлеймен пайғамбар салдырған. "Ал Қаз атауында: "Қаз — Афрасиаптың қызының есімі. Ол Қазойын шаһарын түрік елінің шекарасы деп атайды. Құм шаһары да шекара болып есептеледі. Себебі құм — түрік сөзі. Кейбіреулер Мауараннахрды да түрік елі деп есептейді. Ол Янкенттен басталады. Оның тағы бір аты Диаройынмыс шаһары, беріктігіне байланысты солай аталған. Бұл Бұхараға жақын. Бүкіл Мауараннахр мен Янкенттен Шығысқа қарай түрік шаһарлары деп аталатындары сондықтан, Самарканд-Семізкент, Шаш-Ташкент деп аталатыны сияқты".

"Тарих-и Рашидидің" бетінде бұл қалалардың XVI ғасырда да аталуы, әрі осы уақытқа дейін түрік халықтарының мекені саналуы тарихи тамырластықты, әрі ол халықтар өзге жаққа қоныс аудармағанының дәлелі бола алады.

¹Наджиб Э.Н., Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв., М., 1989.

"Тарих-и Рашидиде" жазылған ежелгі қалалар Шыңғысханның жорығынан, оның әулетерінің өзара қақтығысынан қирап біткен. Бұл жағдай "Бабырнамада": "Ферғананың солтүстігінде Алмалық, Алматы (Алматы-Б.К.), сондай-ақ кітаптарда Отырар аталып жүрген Яғни секілді қалалар болғанымен, моғол мең өзбектің шапқыншылығынан кейін бұл қалалар жермен жексен болып, тіпті жұртында елді мекен де қалмады" ("Бабырнама", Алматы, 1990 13-б).

Сол Бабырдың бабасы Ақсақ Темір он бір рет шабуыл жасап, енді ғана жауқазындай қылтиған қаланы қиратып кетіп отырса, қала қайдан қалсын?!

Алматыны Мұхаммед Хайдар "Моғолстандағы ең жұмақ жер" деп жазғанмен, "елді-мекен" деп қана өте шығарды.

"Моғолстанда одан басқа да тамаша салынған әсем қалалар болған,-деп жазады М.Хайдар Дулати, — бірақ бүгінде оның қираған орны ғана жатыр... Мұндай қираған жұртты Моғолстанның кез-келген жерінен ұшыратамыз. Бірақ жұрт оның атын да ұмытқан... әуелі Баласағұн деп айтатын жер де белгісіз, қираған орны да ұмыт болған. О, жаратқан, тып-типыл болды деген осы. Бір кезде Гобалық аталатын жердің аты да өшкен". (Қолжазба, 124-б). Мұхаммед Хайдар Дулати осы қаладан Мұхаммед Факих Баласағұни деген иманның шыққанын, оның ойшыл ғұлама һәм ақын болғанын, 1312 жылы дүниеден қайтқанын жазуына қарағанда, қала 14-ғасырда ғұмыр кешкенін анықтай түседі.

"...Моғолдарда Жаңа Тараз деп аталатын қала да бар. Бұл қаланың тұрғындары да йангиликтер аталады... Қырда бұл аттас бірнеше қала болған, бірақ оның қираған орнына, мұнарасына, ханахасына қарап, қайсысы Яғни екенін, өзге қалалар не деп аталатынын ажырату қиын" ("Тарих-и Рашиди", Қолжазба, 124-б).

Шығармада тек қалалар жайында емес, өзге де тарихи жер атаулары, жайлаулар қисапсыз мол аталады. Мәселен, көктем-жаз айларында моғолдарды іздеп жорыққа шыққан Темір әулетінің билеушілері Текес пен Күнгес жазығындағы жайлауға аттанған екен. "Тарих-и Рашидиде": "Ұлық жұлдыз, Кіші жұлдыз — бұл елдің атақты хан жайлауы... Есенбұға хан сол уақытта Шығыс шекарадағы (Моғолстанның — Б.К.) Жұлдызына көшіп еді" (сонда 48-б) деп жазады. Енді бір оқиғаға байланысты: "Әбіш жазығы, Шарын мен Шелек өзенінің аралығы баяғыдан Жете хандарының мекені, жайлауы, жасақтың тынығатын жері болған" дейді.

Моғолдар ата-бабаларының салтымен саумалтой өткізген. 1405 жылы Қызырқожа хан "Моғолстандағы белгілі жер-Көктөбеде (сонда, 33-б) саумалтой жасайды".

Жоғарыдағы деректерге байланысты бұл шығарманы энциклопедиялық туынды деп айтуымызға құқымыз бар. Бұл да "Бабырнама" сияқты елдің саяси өмірін, хандардың билік үшін таластарын, түрлі ұрыс тәсілдерін, елдік қатыстарын, халық арасындағы бітімді, сауда-саттықты әңгіме етеді. Этнографиялық тәлім, салт-сана, әдет-ғұрып қолөнерлері де баяндалады.

Шығармада осы жағдайлар жақсы жазылғандықтан, кенес заманынан бұрынғы археологтар да, тарихшылар да, "Тарих-и Рашидиге" соқпай кетпеді. Археолог К.М.Байпақовтың зерттеуінде¹ Талас пен Шудың бойында ғана екі жүзге жуық елді мекеннің қираған жұрты қалып, XIII-XIV ғасырдың аралығында жиырмаға жуық қираған қалада ғана түтін түтетіліп жатқаны айтылады. Хайдар мырзаның жазуынша, XIV ғасырдың басында Қашғар, Самарқанд аймағына қарап кеткен дулаттардың Шудың басы мен Ыстықкөлдің айналасындағы елді-мекендері өзара қырқыстың салдарынан қирап қалған.

Қазақ хандығы құрылғанға дейін де қалмақпен жауласып келген моғолдықтар енді қазақ қауымын да соғысқа тартады, яғни ойраттар мен қалмақтарға қарсы айқастарына серік етеді. "Тарих-и Рашидиде" сол кезеңде Қасым ханның әскері бір миллионнан астам болды делінуі шындыққа жанаспайды. Өйткені хандықтың бар жұрты екі миллионның шамасындай-ды.

Демографиялық деректерді де ұшыратасыз. Мәселен, 15-ғасырдың ақыры мен 16-ғасырдың басында әрбір қазақ ұлысында отыз-қырық мың жасақ болған. Сонда бір түтінде 4-5 жан бар десек, бір ұлыста 120-200 мыңдай адам болмай ма. Яғни 16-ғасырдың басындағы Қазақ хандығының он ұлысында екі миллион шамасындай халық мекендеген. Олай болса Хайдар мырза қазақ пен моғол жасақтарын қосып есептеген болуы керек. Ол заманда әр хандықтың қоластында болғанмен Қазақ пен Моғолстан хандығының халқы біртекті халықтан құралған-ды. Бірақ майданға әр елдің, әр хандықтың өз қолбасшысы бастаған. Мұның тарихи бір дәлелі — Моғолстан ханы Ахмет — Алаша ханның майдандағы әрекеті. Ол қалмақтарды

¹ Байпаков К.М., Древние города Казахстана, А., 1971, По следам древних городов Казахстана, А., 1990.

талай рет жеңіп, көп адамды қырғынға ұшыратқан, сондықтан да ол Алаш аталып, келе-келе Алаша есіміне айналған".

Ал жоғарыдағы "қазақ хандығының жасағы бір миллионға жуық болды" деген деректің жаңсақтығын Бабырдың жазбасында кездесетін ақпармен дәлелдеуге болады. Онда былай жазылған: "Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде үш жүз мыңға жуық адам бар еді".

Моғолстанның ханы Есенбұғаның Ақ Ордадан қашып келген Керей мен Жәнібекке Шу алқабынан жер бөліп беріп, хандық құруына жағдай жасаудағы түп мақсаты Ақ Орда ханзадларының шабуылына тосқауыл жасау, сонан соң қалмақ шапқыншылығына қарсы одақ құру еді. Екінші мақсаты түбегейлі жүзеге аспағанымен, бірінші ойына жетті де, өздері торға түсті. Алдымен алақандай қоныс сұрап, паналап келген Барақ тұқымдары отыз-қырық жылдың ішінде Моғолстан хандарын ежелгі атамекені — Жетісудан айырып, Шығыс Түркістанға қарай ығысуға мәжбүр етті. Бұл деректер "Тарих-и Рашидидің" беттерінен жүйелі орын алған. Шығарманың құндылығы да осында.

Жоғарыдағы: "Қазақ хандығы құрылғанға дейін де қалмақпен жауласып келген моғолдар енді қазақ қауымын да соғысқа тартты" деген ойымызды дәлелдей түсейік. Неге қазақ хандығы? Моғолстан бөлек пе еді? Неге қалмақтармен соғысады? Біз тарихта ойраттармен, жоңғарлармен соғысты деп жазып келеді емеспіз бе? Бұл жайында "Тарих-и Рашиди" не дейді? Енді осы бағытта әңгіме қозғап көрейік. Ең әуелі ойымыз жүйелі түсу үшін "Тарих-и Рашидиде" Қазақ хандығын құрған хандар кімнің тұқымы екендігіне, олардың Моғолстанмен туыстық қарым-қатынасына тоқталайық.

XIII ғасырдың басынан бастап бүгінге дейін Орталық Азия, Орта Азия, Шығыс Европа Шыңғысхан әулетінің хандары құрған ордалар, ұлыстар Кеңес заманында республика, облыстар мен аймақтар атауына ие болып, қазір дербестік жолында кейбірінің бұлқынып жатқан жайы да бар. Қазақстандық белгілі тарихшы марқұм В.П.Юдин осы ордалар жөніндегі ғылыми еңбегінде: "Алтын Ордадан өзге Ақ Орда, Көк Орда, Боз Орда, Ала, Мамай, Мұрат, Ахмат, Еділ, Жайық сырты, Қырым, Белогород, Зеленск, Городец, Үлкен, Кіші жүз Ордалары, Ноғай, Қазақ, Қарақалпақ, Қалмақ т.б. Ордалар болған",¹ — дейді.

Мұның ішінде тарихта елеулі орын алғандары Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Ноғай Орда, Қарақалпақ Ордасы, Қалмақ Ордасы, Жүздік Ордасы, Қазақ Ордасы. "Шыңғыснамада" Дешті Қыпшақтың билігін Батыйға беру жөнінде айтылғанда, Ақ Орда мен Көк Орда жайында дерек келтірілген. Жошы қаза тапқаннан кейін үлкен баласы Орда Ежен мен оның інісі Батыйдың арасында: "Жошы ұлысының билеушісі кім болады?" деген әңгіме туады. Ағайынды екеуі жолды біріне бірі ұсынады. Ақырында ұлы ханның төрелігіне жүгіну үшін бәйбішеден туған екі ұлы, тоқалдарынан туған он жеті ұлы жолға шығады. Олар атасына сәлем бере барғанда үш орда (монғолша-өргә): Алтын босағалы Ақ Орда Сайын ханға (Батый), Күміс босағалы Көк Орда Әдженге (Орда Ежен), болат босағалы Боз Орда Шайбанға (Жошының бесінші ұлы) тігіледі.

Өтеміс хажының "Шыңғыснамасында" Шайбан тұқымдары Тоқтамыс хан, Темір Құтылық пен Орыс ханның тұқымдарына: "Сендерден біздің жолымыз үлкен. Мына Орда шаңырағына, босағасына қарамайсыңдар ма? Біздің бабамыз Жошы хан дүние салғаннан кейін әкелеріміз, ұлы бабамыз сайыпқыран Шыңғысханға барып бата сұраған. Сонда ол Ежен мен Сайыннан кейінгі отау-орданы біздің әкеміз Шайбан ханға тіккен. Ал сендердің әкелеріңе отау тігу былай тұрсын, жаппа да құрмапты. (Өтеміс хажы ибн Маулана Мұхаммед Досты, "Шыңғыснама", Өзбек Республикасы ҒА Шығыстану институтының қолжазба қоры, №1552, 38-б).

Мұнан туындайтын сауал — "Тарих-и Рашидиде" жазылғандай Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек қай Ордадан тарайды? Әрине, бұлар Орыс ханның тұқымы, Орда тігілген атаның баласы емес, бірақ Жошы тұқымы болған соң жеке ұлысқа, билікке ие болып, біздің байтақ жерімізге үстемдік құрып, өзара билікке таласып қырқысып өткен. "Тарих-и Рашидидің" дерегіне қарағанда Бердібек хан (1357-1359 жыл) таққа отырғаннан кейін Алтын Орданың біраз жұртын Қият Мамай Қырымға көшіріп, Қият Теңіз Бұға Сырдың төменгі ағысына тартты. Мамай туралы дерек мол, ал Теңіз Бұға ше? Теңіз Бұға дерекнамаларға көп түсе қоймаған Орданың иесі. Оның әкесі Иса көрегенге Алтын Орданың ханы Өзбек Шайбан тұқымынан өзге Жошы кіндігінен тарағандардың бәрін де соның қосшылығына берген. Сол атадан қалған билік Теңіз Бұғаға да жетті. Ол Сырдың бойында билік құрып жайбарақат жатқанда Бердібек хан дүние салды деп аламан келеді. Ол нөкерлерімен, билерімен кеңесіп, егер

¹ Қазақстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв., А., 1983, 106 б.

Жошының бар үрім-бұтағын қырып тастауға келіссе, Қара Ноғайды хан сайлайық деген уәжімге келеді. Бұл ойларын Қара Ноғайға айтып көндіреді. Бірақ кесепат іс жата ма, сыбыс Жошының өзге балаларына да жетіп, олар Қара Ноғайға шындықты айтқызып, Теңіз Бұғаны өлтіреді. Таққа Қара Ноғай отырып, ол Сыр бойына үш жыл билік жүргізіп, дүние салады да, орнына інісі Тұғлық Темір отырады. Ол өлгеннен кейін Бодық оғланның ұлы Орыс хан тақты алады. Қазақ хандарының әулетін қалаушы осы Орыс хан. Сонымен қазақ хандығы жарияланбас бұрын да қазақ хандығының негізін Сыр бойында Орыс хан қалағаны жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулатидың Рашид-ад-диннің "Жами ат-тауарихынан" да алуы мүмкін. Онда Жошының отау тіккен үш ұлынан өзге балалары Жүз Орда аталып, Ұлыстар құра берген. XIII-XV ғасырлар аралығындағы Дешті қыпшақ даласында билік құрған ұлыстар толық зерттелген емес, өйткені заманында жазылып қалдырылған тарихи жазбалар қазақ тіліне аударылмай отыр. Сол жазбалардың алғашқы аудармасы "Бабырнама" ғана.

Жоғарыда аталған Орыс ханның ұрпағы Керей мен Жәнібек XV ғасырда Қазақ хандығын құрғаннан кейін Шағатай ұрпағы билік жүргізіп отырған Моғолстанмен бірігіп түстігінде қалмақтармен, шығысында ойраттармен соғысады. Ойраттар — торғауыт, дербет, баяат, әлейт, хошут, захчи т.б. тайпалар бірлестігі. Бұлар XV ғасырдың екінші жартысында, Есен тайшы кезінде мемлекет құрды. Ал қалмақтың арғы тегі Бәндиден тарайды, олар Жонғар мемлекетінің құрамында болып, кейін Еділ бойындағы туыстарына ығысады, көп бөлігі бүгінде Шыңжаң өлкесін мекен етеді. Ұлы жүз қазақтарының XVI-XVIII ғасырларда жаулаққан қалмақтары — солардың арғы аталары.

Сонымен Хайдар мырзаның тарихи жазбасында Моғолстанның аумағы туралы мынадай дерек келтірілді: "...Маған дейін жазылған тауарихтарда Моғолстанның шекарасы белгіленбейді, сондықтан да жұрттың есіне кіріп те шықпайды. "Көзден кетсе ұмыт болады, көңілден кетеді" деген осы емес пе. Бірақ Моғолстан атап жүрген еліміздің аумағы жеті-сегіз айлық жол. Оның Шығыстағы қалмақтар жайлап отырған Барыскөл, Еміл мен Ертіске дейін; терістігі — Көкшетеңізбен (Балқаш — Б.Қ.) Бұм, Қаратал; Батысында — Түркістанмен, Ташкентпен; түстігінде — Ферғана уәлаятымен Қашқар, Ақсу, Чалыш, Тұрфанмен шекаралас" ("Тарих-и Рашиди", қолжазбаның 237-б.).

"Тарих-и Рашидиде" "Қазақ жағдайының ерекшелігі,

олардың хандары, оларға мұндай ат берілуінің себептері, олардың құлдырауы" деген тарау да бар. Тараудың аталуынан-ақ қандай деректер айтылатынын аңғарасыз. Бұл — тарихи-энциклопедиялық шығарма. Онда бүгінде қираған жұрты ғана қалған, заманында гүлденген қалалар қатарында айтылып, Шағатай тұсында астана болған, қазіргі Жаркент (Панфилов) қаласынан өтетін Құлжа жолдың Қорғас тұсында, Іленің бойында жатқан Алматық туралы: "Тағы бір қала — Алмалық, оның орналасқан жері қазір де белгілі, онда Тұғлық Темір ханның құлпытасы, ғажайып қаланың орны сақталған" делінеді. ("Тарих-и Рашиди, қолжазба, 121-б.). Одан бері бес жүз жылға таяу уақыт өтті, бірақ әлі күнге дейін іздеу салған ұрпағы жоқ.

Автордың тарихшы аталуы, шығармасының естелік қана емес, тарихи жазба аталуының негізгі себебі — оның өз заманынан бұрынғы түрік халқының өмірінен, жалпы Азия тарихынан, Тұран елінен мағлұмат беретін тарихшы, этнограф, саяхатшы, географтардың шығармаларынан деректер пайдаланып, көптеген жұмбақ деректердің сырын аша білуінде болу керек. Ойымыздың тірегін "Тарих-и Рашидидің" беттерінен қарастыру керек. Онда тарихшы моғолдардың атадан балаға қалып, желісі үзілмей келе жатқан аңыз-әңгімелерімен қатар Мір Қияс ад-дин Мансұрдың "Жами-и-гити-нумасын", Йақұттың "Мүджам әл-бүлданын", Жамал ад-дин Қаршидің "Мүлхакат ас-саурахын", Фазылаллақ Рашид ад-диннің "Маджма ат-тауарихын" ("Жами ат-тауарих"). Хамдаллах-Мустауф Қазунидің "Сувар-и ақалим", "Тарих-и гузиди", Әбдіразақ Самарқандидың "Тарих-и манзумын", Ұлықбектің "Ұлыс арбасын", Хазрат Маулан Мұхаммед Қазының "Силсиат әл-арифинін", Заһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың "Бабырнамасын" пайдаланған.

Ендігі туындайтын сауал: "Тарих-и Рашидиді" кейінгі замандағы тарихшылар дерекнама ретінде пайдаланды ма?". Әрине, 16-19-ғасырлар аралығындағы көптеген тарихшылар, әдебиетшілер, жыршылар (Әмин Ахмет Рази, Махмұд бен-Ули, Мұхаммет Азам, т.б.) одан өз туындыларына дерек алған.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың ақындық мұрасынан қалған бірден-бір шығарма — ертегі үлгісімен құрылып, түрік тілінде жазылған — "Жаһаннама" дастаны. Шығарма Берлин қалалық кітапханасында сақтаулы. Мұны башқұрт ғалымы Ахмет Заки Уәли ұшыратқан. Қолжазбаны 1814 жылы Молда Омар ибн-Қашы көшірген. Көлемі 125 бет. Оқырмандарымыздың қолына әлі тиген жоқ.

"Тарих-и Рашидиден" алғаш орыс тілінде үзінді аударған — В.Вельяминов-Зернов. Қазақстан тарихшыларынан "Тарих-и Рашидиді" парсы тілінен тәржімелеуді алғаш қолға алған Қазақ ССР ҒА Тарих, археология және этнография институтының қызметкерлері — К.Пишулина-Жандосова мен Н.Меңгүлов. Бұлар тек аудармашы ғана емес, осы еңбекті зерттеп, тарихи басылымдарға, "Қазақ совет энциклопедиясына" мақала жазушы ғалымдар.

"Тарих-и Рашиди" орыс, өзбек, қазақ тіліне де толық аударылып жарық көрмей отыр. Көлемі 50 баспа табаққа жуық, қазақ тарихы үшін аса құнды шығарманы Ташкенттегі Шығыстану институтының ғалымдары орыс тіліне аударуды аяқтап келеді. Бұл еңбек өзбек, қазақ тіліне аударылып жатыр. 450 жылдан бері жерлестерінің қолына тимей, өз отанында жарияланбай келе жатқан ғылыми қазына, 1999 жылы, яғни, Мұхаммед Хайдар Дулатидың дүниеге келуінің 500 жылдығы қарсаңына дейін, кім білсін, жарық көріп те қалар?..


ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАР¹



¹ Бұл мақалалар Қазақ Совет энциклопедиясының 12 томдық әмбебап басылымында 1972-82 және Қазақ ССР-інің қысқаша энциклопедиясында 1984-88 жылдары жарияланған.



А Л Б А Н

Албан — Ұлы жүз құрамына жататын тайпа. 5-7 ғ-да Жетісу өңіріндегі ежелгі Дулу (Дулат) тайпасы билеген "Юебань" одағына кірген. Бұрынғы орыс ғалымдарының жазба еңбектерінде Албан, Адбан, Адман деп кездеседі. Қазақстанның кей жерлерінде Абдан деп те айтады. Ұлы жүздің өзге тайпаларымен бірге 14-15 ғ-да А. қазақ халқының құрамына енді. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басында А. тайпасының рулары Жаркент, Верный уездерін мекендеді. 1889 жылғы дерек бойынша 15 426 түгін. Қазір де сол жерлерде: негізінен Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Кеген, Нарынқол, Ұйғыр, Шелек ауд-дарын мекендейді. Қазақ шежіресі бойынша Бәйдібектің тоқалы — Домалақ енеден (Нұрила) жалғыз ұл — Жарықшак. Одан үш ұл — Албан, Дулат, Суан. А. Сары және Шыбыл деген екі тармаққа бөлінеді. Сарыдан — Сүйерқұл, Сүйменді. Сүйерқұлдан — Сегізсары, Сүймендіден — Айт, Бозым, Қыстық. Шыбылдан — Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Құртқа, Мамай. Қызылбөріктен — Молболды, Жолболды, Қоңырбөріктен — Өтей, Бойдак. Орыстың этнограф-зерттеушілері А. тайпасының шежіресін көбінесе Ботбай руынан шыққан Діқанбай батырдың (1876 ж.ө), Мұса Шорманұлының (1818-84, Баянауылдан) жазбаларынан алған. Аның ұраны — Райымбек, таңбасы . Өзбек, қырғыз, қарақалпақ құрамында да А. деп аталатын рулар бар.

Әдеб. Аристов Н., Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности, СПб, 1897; Потанин Г. Н., Очерки северо-западной Монголии, в. 4, СПб, 1883, с. 14; Гродеков Н. И., Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области, Таш., 1889; Валиханов Ч. Ч., Собр. соч., т. 1, А. — А., 1961; Географический и статистический словарь Российской империи, Т. 1, СПб, 1863.

АЛАТАУ ОКРУГИ

Алатау округі — патша үкіметінің шешімі бойынша 1856 ж. құрылған әкімш-территориялық бөлік. Оған Семей облысының Қапал округының оңт. бөлігі, Жетісудың Қаратал ө-нен Іле ө-не дейінгі аралығы, Іле Алатауынан Тянь-Шаньның етегіне дейінгі және Күнгеі, Теріскей Алатаулардың алқабы түгел қарады. Жерінің жалпы ауд. 162 мың км (2), халқы 160 мың, оның ішінде: қазақтар 100 мың, қырғыздар 50 мың, орыстар 6 мың 900, өзге халықтар 3 мың 100 болды. Округтың әскери және азаматтық істерін арнаулы бастық биледі, сонымен бірге ол Үлкен Орданың (Ұлы жүздің) пристава қызметін де атқарды. А. о. Семей обл-ның әскери губернаторлығына, 1865 ж. Түркістан обл-на қарады, 1867 ж. жаңадан құрылған Түркістан ген.-губернаторлығының Жетісу облысының құрамына қосылды.

А Л М А Л Ы

Алмалы, А л м а л ы қ — ежелгі қала орны, Іле ө-нің бойында, Талқы тауының етегінде, Қорғастан 13 км. жерде. Ерте кезде Орта Азиядан Шығ. Түркістанға баратын керуен жолындағы ірі сауда орталығы болған. Монғол шапқыншылығының қарсаңындағы Жетісу тарихында Баласағұн, Тараз, Талғар, Алматы, Қойлық, Ілебалық, Екіөгіз қ-ларымен қатар А. да аталады. Шағатай әулеті тұсында /13 ғ./ А. осы ұлыстың саяси-экономика және мәдени орталығына айналды. Тарихтан белгілі Темірдің Моғолстанға жасаған жорықтарының салдарынан А. 14 ғ-да өмір сүруін тоқтатқан. Мұхаммед Хайдар Дулатидің жазбасы "Тарих-и Рашидиде", Заһир ад-дин Бабырдың "Бабырнамасында" А. орта ғасырдағы Моғолстанның гүлденген қаласы екені, бірақ Темір жорықтарынан күйрегені айтылған.

Археол. қазба жұмыстарын жүргізгенде А-дан темір мен мыстан соғылған қару-жарақ /балта, қанжар, пышақ/ алтын және күміс теңгелер, қыштан жасалған әшекейлі ыдыс-аяқ табылған. Бұған қарағанда қалада металл өңдеу және колөнер де өркендеген.

А Н Д Р О Н О В М Ә Д Е Н И Е Т І

Андронов мәдениеті — б.з.б. 2-мың жылдықтың соңғы жартысы мен 1-мың жылдықтың басында, Бат. Сібір, Орал маны, Қазақстан және Орта Азияның кең алқабын

мекендеген тайпалардың қола дәуіріндегі мәдениеті. Бұл аймақты тарихи тағдыры, шыққан тегі бір, мәдениеті ортақ бауырлас елдер мекендеген. Бұған тән археол. мұралар алғаш 1914 ж. Ачинск қ. маңындағы Андронов дер-ның қасынан табылған, сондықтан да А. мәдениеті аталған. Мұның негізгі бір орталығы Қазақстан жерінде, Археол. қазба деректерге қарағанда андроновтық тұрғындардың басым көпшілігі отырықшы ел болған. Мекен-жайды өзен жағасындағы ойпатты, шалғын жерге салған. Патриархалдық семьялардың баспанасы үлкен жеркепеден тұрғызылып, оның қатарына әр түрлі шаруашылыққа қора-қопсы салған. Мұндай мекен-жайларға қарағанда, тайпалар мал мен егін шаруашылығын қатар жүргізгенге ұқсайды. А. мәдениетіне тән нәрсе — металдан жасалған еңбек құралы, қару, әшекей заттар. А. мәдениетінің өзге тайпалар мәдениетіне қарағанда этногр. басты айырмашылығы — өлікті жерлеу ерекшелігі. Зираттары қыратқа салынған. Қабірдің іші таспен өрілген, бетіне қақпақ тас жабылған. Өліктің аяқ-қолын бауырына жиып, қырынан жатқызып қою әдеті басым. Қыш құмыраларға геом. ою-өрнектер салынған. Алтын, қоладан түрлі әшекей, сәнді заттар жасау өнері өте ерекше. А. мәдениеті Орт. Қазақстанда — Атасу, Бұғылы, Нұртай, Беласардан, Шығ. Қазақстанда — Кіші Қойтас, Қанай, Трушниководан, Солт. Қазақстан, Көкшетау обл-тарында — Шағалалы, Степняк, Бурабайдан, Бат. Қазақстанда Ұралысай т.б. жерлерден табылды. А. мәдениетін зерттеген алғаш ғалымдар А.Я.Тугаринов, С.А.Теплоухов, М.П.Грязнов, К.В.Сальников, қазақстандық ғалымдар Ә.Х.Марғұлан, К.А.Ақышев, А.Г.Максимова, С.С.Черников, А.М.Оразбаев. Қола дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың кәсібі, колөнері 17-19 ғ-дағы қазақ даласының тіршілігіне, зергерлік, ою-өрнек үлгілеріне ұқсас.

Б А Б А А Т А

Бабаата, Б а л а д ж — Орта ғасырдағы кент (9-12 ғ.). Шолаққорған с-ның шығысына қарай 26 км жерде, Қаратаудың Қапшағай сайында орналасқан. Қала Ахмед Яссауидің әкесі Ибрагимнің інісі Ысқақ бабтың есімімен байланысты аталған. Б. кенті орта ғасыр әдебиеттерінде оқта-текте кездесіп қалады. Орыс ғалымдарынан бірінші рет келіп көруші — Г.И.Спасский. Совет дәуірінде Б. толық зерттеліп, оның кенттік құрылысы, мәдениеті, архитектурасы жайлы біраз деректер жарық көрді. Сол

зерттеулерге караганда, жүздеген жылға жуык жер астында жаткан қала ескі замандағы бекініс сарайлар үлгісімен салынған. Қаланың бекіністі қорғаны, шаһристаны, рабады бар. Қазу жұмыстарының нәтижесіне караганда 11-12 ғ-ларда қамалда жаңа құрылыс жүргізілген: сегіз бұрышты орт. залы бар ғимарат тұрғызылған. Оның төңірегіне тұрғын үйлер салынып, орт. залмен жалғастырылған. Қалаға су құбыры тартылған, көше мен жиек жолдар арасы бөлінген. Б. рабады 25 га алаңға орналасқан. Тұрғын үйлер қорғаныс дуалдардың бойына салынған. Археолог Е.И.Агееваның зерттеуінде Б. тұрғындары Каратаудың бұлақтарынан тас жарнауымен су жеткізіп, оны шегенді құдықтарға жинап, содан құбырлар арқылы рабадқа тартқан. Қаладан аршылып алынған құмыра тәрізді ыдыс ішінен қарбыздың дәні табылған. Соған караганда қала тұрғындары жер өңдеумен де кәсіп еткені анықталды.

Б. — Қазақстандағы феодализм дәуіріндегі қала мәдениетінің бір айғағы. Октябрь соц. революциясына дейін медресе, мешіті бар үлкен қыстақ болған. Оның қасында Ахмед Яссауи мешітінің үлгісімен салынған Б-ның сәулетті күмбезі т. б. құрылыстар бар.

Б А Б Ы Р

Бабыр (Б а б у р) Захир ад-дин Мұхаммед (14.2.1483-26.12.1530) — бұрынғы Ферғана эмірі, Үндістан билеушісі, қолбасшы, Үндістанда Моғол империясының (1526-1858) негізін құрушы әрі ақын, жазушы. Темір әулетінен шыққан. Руы — Барлас. Б-дың шешесі Құтлық Нигар ханым Шағатай әулетінен шыққан Жүніс ханның (Юнус хан) үлкен қызы. Әкесі Омар-Шейх (1456-95) Әмір Темірге туажат. Әкесі қайтыс болғаннан кейін, 12 жасар Б.Ферғананың эмірі болып тағайындалды. Аз уақыт ішінде ол Исфара, Ходжент т.б. қалаларды өзіне бағындырды. Амудария мен Сырдарияның аралығында — Мауараннахрда бір орталыққа бағынған мемл. құрмақ болып көп жыл суыт жорықтарға аттанды. 1501 ж. Б. әскері Самарқанды басып алды. Бірақ Мұхаммед Шайбани бастаған Дешті Қыпшақ тайпаларының тегеурініне төтеп бере алмай, 1501 жылдың 2-жартысында Самарқанды тастап шықты. 1504 ж. көктемде Шайбани Ферғанаға басып кірді. Шайбаниден жеңілген, Темір әулеті эмірлерінің арасындағы қырқыс соғыстан әлсіреген Б. сол жылы Орта Азиядан кетіп, сан жүз қолды бастап, Мұқима (Зу-н Нун-бек Аргунның

баласы) билеп отырған Кабулды жаулап алды да, Бадахшанға орнықты. 1506 ж. падишаһ атанды. Б. ата мекенін қайтаруға талай рет әрекет жасады. Шайбани өлген соң 1512 ж. жорыққа да шықты. Самарқанды да алды. 1513 жылдың басында Шайбани сұлтандарының әскеріне төтеп бере алмай кері қайтты. Б. ортаазиялықтардан (Шағатай, Барлас, Жалайыр, Дұлдай т.б.), ауған руларынан құралған әскермен 1518-19, 1524-25 ж. Үндістан жеріне 5 рет жорық жасады. Тек 1526 ж. Лахорды алды, Пенджабқа орнықты. Сонан соң Панипат түбінде Ибраһим Лодидің әскерін талқандап, Дели мен Ағраны бағындырды. Бара-бара Үндістанның солт. бөлігін [Инд (Үнді) өзенінен Бенгалияға дейін] қаратты да, Бабыр әулетінің (тарихқа Ұлы Моғолдар әулеті деген атпен кірген) негізін қалады. Делиді мемл. астанасына айналдырды, елдің экономикасын күшейтіп, сауданы өрістетуге көңіл бөлді. Шайбани әулетімен қаншама жауласса да, Орта Азия елдерімен сауда және елшілік қатынас орнатуға ұмтылды. 1529 ж. оған Көшкінші ханнан (Кучкунчихан) елші келді. Орыс жылнамашыларының деректеріне караганда, Б.Россияға, Василий Ш Ивановичке достық, туыскандық, сауда қатынастарын орнату жөнінде хат жолдап, елші жібереді. Елшілік 1532 ж. барып жетеді. Б. — өмірбаяндық атақты "Бабырнама" кітабының, өлеңмен жазылған "Мубаин" (Темір әулеті ұрпақтарының ел басқару ісіне де қатысы бар) атты шығарманың, "Хатти Бабури" деп аталатын ерекше алфавит кітабының авторы. Оның басқа еңбектері бізге толық жетпеген. Б-дың қызы Гүлбаданның "Құмайыннама" кітабында Б., оның ұлы Құмайынның өмірі, елдің тарихы жайында деректер берілген. Б. Агра қ-сында қайтыс болды; сүйегі Кабул қ-сына әкелініп, Шердарваза тауының етегіне жерленді. Бұл жер "Баг-и Бабыр" деп аталады.

Шығ.: Бабур-наме. Записки Бабура, пер. М. Салье, Таш., 1958; Лирика, (М., 1957). "Бабырнама". А., 1990, 1993.

Әдеб.: Кор-Оглы Х.Г., Узбекская литература, М., 1968; Полн. собр. русских летописей, в 30-ти т., т. 13. СПб.-Л.-М., 1841-1963; История Индии в средние века, М., 1968; История Афганистана, т. 2, М., 1965

Б А Б Ы Р Н А М А

"Бабырнама", "Бабур-наме", "Бобирнома" — тарихи-әдеби естелік шығарма, Орта Азия халықтарының тарихи ескерткіш мұрасы. Авторы — Ұлы Моғол империясының (1526-1858) негізін қалаған Темір әулетінің ұрпағы Захир

ад-дин Мұхаммед Бабыр. "Б" түркі (шағатай) тілінде 1526-30 ж. жазылған. Кітап Темір әулеті құрған феод. мемлекеттің қоғамдық құрылысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын және топонимикасын зерттейтін тарихшы, этнограф, географтар үшін және орта ғасырда түркі тілінде жазылған әдеби, әрі ғылыми шығармаларды зерттеумен айналысатын әдебиетшілер мен тіл зерттеу мамандарына қажетті құнды еңбек. "Б"-ның материалдарының байлығы, әркілілігі, тілі жағынан сол замандағы тарихи шығармалардан әлдеқайда жоғары. Шығармада Темір әулетінің билік құрған ұрпақтарына тарихи мінездеме беріліп, негізгі екі тараудан құрылған — Ферғана, Хиндустан. Бұған бүгінгі Орта Азия, Ауғанстан, Үндістан аймағы жатады. Мұнда 15-16 ғасырдағы бұл елдер халықтарының тарихы, Темір әулеті мен Мұхаммед Шайбани арасындағы, Моғолстандағы тақ таласы, билік және жер үшін жүргізілген соғыстар егжей-тегжейлі айтылады: Бабыр бұл өлкелердің, әсіресе, Ферғана мен Кабул, Солт. Үндістанның шаруашылығына, байлығына, халықтардың әдет-ғұрпына ерекше тоқталады. Үлкенді-кішілі қалалардың (Аксикент, Кабул, Шаш, Бұхара т.б.) салынууы, қирауы, бекінісі, архитектурасы, Сырдария Жетісу бойындағы елді-мекендер жайында жазылады. Мәселен, орта ғасырлық Алмалық (Жаркент түбінде), Алматы (Алматы), Янги (Таразкент) қалаларына тоқталып, бұлар монғолдар мен Шайбани өзбектерінің кесірінен қирағаны айтылады. Бұл қалалар маңындағы бау-бақша, түрлі жемістер, Орта Азия мен Үндістан тауындағы жан-жануардың ондаған түрлері де баяндалады. Бабыр естелігінде белгілі оқиға, адам мінезіне және махаббатқа арналған өлеңдер де келтіріп, кейде дүние танымындағы көзқарастарын да білдіреді. Мұнда "Тарих-и Рашидидің" авторы жетісулық Мұхаммед Хайдар Дулати туралы да дерек бар. Бабыр дүние салысымен шығарма парсы тіліне (ауд. Абдул-Рахым), одан ағылшын тіліне (ауд. Валдингтон) аударылды. Шығарманың қолжазбасын Н.И.Ильминский орыс тіліне аударып, 1857 ж. Қазан қаласында бастыртты, ал А.С.Беверидже Лондонда 1905 ж. басып шығарды. "Б." 1826 ж. 1921 ж. ағылшын, 1871 ж. Француз, 1948 ж., 1958 ж. орыс ("Бабур-наме", Ташкент), 1960 ж. өзбек тіліне ("Бобирнома", Ташкент), қазақ тіліне (үзінді, "Жалын", N1, 1988), "Жалын" баспасы 1990 ж., "Ататек" жекеменшік баспасы толықтырып 1993 жылы аударып басты. ЮНЕСКО-ның тарапынан 1980 ж. француз тіліндегі жана аудармасына және оның басылуына халықаралық

ЮНЕСКО ынталы елдердің (СССР, Ауғанстан, Үндістан) ғалымдарының қатысуымен арнаулы комиссия құрды. "Б"-ны француз тіліне аударған түркі ғылымын зерттеуші француз ғалымы Жан Луи Бакке Громның еңбегі жоғары бағаланып, халықаралық ЮНЕСКО ұйымының бірінші сыйлығы берілді. Соның нәтижесінде "Б"-ның француз тіліндегі аудармасы Парижде 1985 ж. екінші рет басылды.

"Б"-ның аудармасы туралы "Жұлдыз" журналында (1990, N11) Ә.Дербісалиевтың "Бабырнама" — бағалы мұра", "Қазақ әдебиетінде" С.Омарбековтың "Бабырнама" — ортақ мұра" (10.09.1991) рецензиялары, Б. Қожабекұлының "Бабырнама және қазақ тарихы" ("Ана тілі", N40, 20.02.1990), "Ұлыны ұлы тұтсаң құт" ("Қазақ әдебиеті" 12, 19, 26.02.1993 жылғы) мақаласы жарияланып, соңғы мақаласы үшін "Қазақ әдебиеті" газетінің 1993 жылғы лауреаты атанды. "Ана тілі" газетінде Б.Көккесенеұлы "Б"-ның соңғы басылымына "Ататектің" алғашқы кітабы" деген атпен пікір білдірді.

1990 ж. қазанның 22-26 күндері "Б"-ның жазылуының 460 жылдығы Ташкентте тойланып, "Бабырнама және Шығыс ренессансы" деген тақырыпқа ғылыми-теориялық симпозиум өтті.

БАЛАСАҒҰН

Баласағұн, Балғасун — Шу алқабындағы ертедегі қала. Батыс түрік, Қарлұқ қағандықтарының, Қарахан және Қарақидан мемлекеттерінің астанасы болған. Бұл қаланың орны әлі күнге беймәлім. Шығыс жазбаларында Б. 8 ғ-дан бастап ауызға алынады. Макдиси жазбасында Аспижабқа (Сайрам) бағынышты қалалардың ішінде айтылса, Ибн ал-Асир, Абу-л-Фида жазбаларында Б. Шу ө-нің бойында екені айтылады. 10-11 ғ-да ерекше әйгілі болған бұл қалада Жүсіп Баласағұни 1069-70 ж. "Құтадғу білік" ("Құт негізі — билік") атты дастан жазды. 1130 ж. ш. Б-ды қарақидандар жаулап алды. Олар қаланы 16 күн қоршауға алып қиратады, шамасы 47 мың адам қаза табады. Кейін монғолдардан ығысқан Найман ханы Күшік гурханды тұтқындап, Сырдарияға дейінгі аймақты өзіне қаратады, 1218 жылы Шыңғысхан әскерінің қолбасы Жебеноян қаланы соғыссыз иеленді. Монғолдарға қала қарсылықсыз берілген соң Б-ды олар Гобалық (жақсы қала) деп атаған. Мұхаммед Хайдар Дулатидің жазбасына қарағанда Б-нан көптеген ғалым адамдар шыққан. Сол заманда Шу ө-нің бойынан 1311-12 ж. өлген имам

Мухаммед Факих Баласағұнидің сағанасынан көруге болады екен. Соған қарағанда 14 ғ-да Б-ның тарихи мәні әлі түспеген. Бұдан кейін Темір жорықтары жайындағы жазбаларда Б. аталмайды. Шу, Іле, Талас бойындағы қалалар сияқты Б. да өзара феодалдық соғыстың нәтижесінде қирап қалған.

ВЕЛЬЯМИНОВ - ЗЕРНОВ

Вельяминов-Зернов Владимир Владимирович (31.10.1830, Петербург, — 17.1.1904) — Шығыс зерттеушісі, тарихшы, тіл маманы, нумизмат, археолог; Петербург ҒА-ның құрметті мүшесі (1861). Александр лицейін бітірді (1850). 1851 жылдан Азиялық департаментте қызмет етті. Сол жылы Орынбор өлкесіне түркі тілдерін үйрену үшін жіберілді. Мұнда қазақтар жайындағы және Россияның Орта Азиямен қатысына байланысты деректер жинады. Лицейде еврей, араб, парсы тілдерінен дәріс алған В.-З. түркі тілдерін де жетік білді. Ол Қасым патшалығы мен оның билеушілері жайындағы еңбектерін жазуда араб, парсы, түркі қолжазбаларын мұқият зерттеді, орыс тарихының Алтын Орда, Қырым, Қазан, Астрахань және Орта Азия халықтарына байланысты деректерінен де мағлұмат берді. 1888 ж. Киев оқу округының қамқоршы уәкілі, 1839 ж. Киев, Волыньск, Подольск губ-ларындағы көне актілерді өңдейтін комиссияның председателдігіне тағайындалды. В.-З.-тың еңбектері жылнама-шежірелер мен актілік деректемелер негізінде жазылған және нақты материалдың молдығымен құнды. Ауыр сырқаттылығына байланысты 1871 жылдан бастап ғыл.-зерт. жұмыспен шұғылданбады.

Ш ы ғ: Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времен кончины Абул-Хаирхана (1748-65). Т. 1-2. — Уфа, 1853, 1855; Источники для изучения тарханства, жалованного, башкирами рус. государями. — СПб, 1864; Исследование о касимовских царях и царевичах. Т. 1-3. — СПб, 1863, 1864 (немец тілінде Лейпцигте 1867 ж. бас.); Материалы для истории Крымского ханства. — СПб, 1864 (франц. тілінде Лейпцигте 1864 ж. бас.); Словарь джагатайско-түрецкий. — СПб, 1868.

ЕСІК ЖАЗУЫ

Есік жазуы — Алматы обл-ның Еңбекшіқазақ ауд-ндағы Есік қ-ның іргесіндегі обадан табылған күміс зерендегі жазу. Ол б. з. б. 5-4 ғ-дағы Сақ, Үйсін заманына жатады. Е. ж. күміс зереннің сыртқы бетіне екі қатар етіп жазылған. 1-қатарында 9, 2-сінде 17, барлығы 26

таңба бар. Тіл ғалымдары (Ғ.Мұсабаев т.б.) Е. ж. оңнан солға қарай оқылады, ал таңбалардың көпшілігі көне түркі таңбаларына, кейбір таңбалары арамей жазуларына ұқсас деп жорамалдады. Олардың пікірінше, жазудың мағынасы — өлген адамға арналған ізгі тілектер. Иранистер И.Дьяконов, В.Лившиц және түркологтар А.Щербак, С.Кляшторныйлардың пікірі бойынша, Е. ж. осы уақытқа дейін ғылымда белгісіз жазумен (таңбалармен) жазылған. Е.ж. ерте заманғы Қазақстан тұрғындары бұдан 2300-2500 ж. бұрын жазу таңбаларын жасап, оларды пайдалана білгенін көрсетеді.

ЕСІК КӨМБЕСІ

Есік көмбесі — Есік қ. (Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.) маңындағы төбешік-оба. Б. з. б. 6-4 ғ-ға жатады. Көмбеден ұшы екі жүзді найза [ұз. 34,5 см, жалпақ жүзі 4 см, жүзінің ұшы морт сынған (сақталмаған)] қанжар, ауыздықтар, қос құлақты қазан (ернеуінен төменіректе бедерлі ирек өрнегі бар) табылды. Бұлар — Жетісу сақтарынан қалған мұралар. Қола бұйымдар сақ тайпаларының қола құю өнерін білгенін дәлелдейді.

ЖАЛАЙЫР


Жалайыр — Ұлы жүздегі тоғыз арыс елдің бірі. Окт. революциясына дейінгі қоныстары — Балқаш көлінен Жонғар Алатауына дейін, Іле мен Қаратал өзенінің аралығы. Әкімшілік жағынан Қапал, Жаркент уездеріне қарады. Ақмешіт, Әулисата, Шымкент, Ташкент уездерінде де болды. Бұл аралықтарды Ж. тайпасы ерте заманнан қоныстап, мал өсірумен, егіншілікпен шұғылданған. 1899 жылғы санақ бойынша Ж. 17 мың түтін екен. Діқанбай батырдың айтуымен жазылған (Н.Аристов жазып алған) Ұлы жүз шежіресі бойынша, Үйсіннен Ақсақал (Абақ таңбалы), Жансақал (Тарак таңбалы). Соңғысынан Жалайыр, одан: Сырманақ, Шуманақ; Шуманақтан Андас, Мырза, Қарашапан, Орақты, Ақбұйым (Арықбұйым), Қалпе, Сыпатай; Сырманақтан: Арықтыным, Байшегір, Сиыршы, Балғалы, Қойшылы, Күшік — барлығы 13 ата Ж. болып таратылады. Көне жазбалар бойынша, Жалайырдың арғы атасы Мекре, одан — Шуманақ пен Сырманақ. Бұл ағайынды рудың бірі Сырдың, екіншісі Шу мен Таластың бойын мекендеген. "Манақ" атауы алғаш рет 10 ғ-да "Худуд-эл-Аламда"

кездеседі. Ж. тарихы жайында ғалымдардың негізгі сүйенері — Қадырғали Жалаиридің "Жамиэт тауарих" атты еңбегі. Автордың шыққан тегі Ж. болғандықтан, оны Оғызханныан бастап Шыңғыс дәуіріне дейін жеткізген. Ж. Оғыздың Дулу, Чумугун руларымен бірге түрік қағанатының құрамында болған. Бергі монғол дәуіріндегі Ж. Орта Азияның тарихына келелі үлес қосып, Орта Азияда, Иранда, Ирак жерінде саяси тіршілікке қатысқан. Олардан атақты қолбасшылар, дипломаттар шыққан. Соның бірі — Шағатай ұлысының мыңдаған қолын басқарған Мұқаноян. Сартақ Жалаири мен оның баласы Сба Жалаири Монғол әскерінің сапында хан сарайында бек атанып, Шағатай ұлысына, Моғолстанға, Мауараннахрға билік жүргізуге араласқан. Олардың кейбіреуі жайында Темір тарихында, "Бабырнамада" жазылған. Қадырғали Жалаиридің айтуынша: "Алаш мыңының ішінде тарақ таңбалы жалайырлар басты ұйытқы болған". Бабыр Орта Азияны билеп тұрған кезде Ж. басшылары оған көп көмек көрсеткен. Абу-л-Қасым Жалаири, Сейид Қасым ишик аға Жалайыр, Хасен Әли Туфейли Жалайыр, Хүсейн Әли Жалайырлар Бабырдың әскер басшылары, кеңесшілері, сауыққойлары саналған. Бабырдың айтуынша, бұл кезде Ж-лар Ферғана уалаятынан Жетісуға дейін қанат жайған. Оның кейбір бөлшектері Моғолстандағы, Орта Азиядағы, Үндістандағы Ұлы моғолдар әкімшілігіне қатысқан. Гребенкиннің "Өзбектер" деген мақаласында ("Туркестанские ведомости", 1871, N42) Қаттароган уезінің 24 қыстағында 3500 түтін Ж-лар тұратыны айтылған. Алатау округтық басқармасының 1865 ж. тізімінде Ж-дың Мырза руынан шыққан Қожаназар-майда, Қожаназар-аппак деген аталары жазылған. Бұлар Жүнісхан ұрпағы Шығыс Түркістанды билеп тұрғанда Шағатай хан сарайымен бірге көшіп келген мұсылман дінін уағыздаушылардан қалған ұрпақ та болуы ықтимал деседі. Рашид ад-Диннің жазбасында Ж-дың 10 руы аталады. Бірақ мұның бірі де қазақ шежіресі тарататын Ж. аталарына ұқсас емес. Олар — джаит, кункаут, оймауыт, куркин, токраут; құмсауыт, нилкин, тулапкит, санкут. Бұның не жазылуы қате болуы мүмкін, не қазақ бірлестігіндегі Ж-лар кейінгі ұрпақтарының аттарымен аталуы мүмкін. Ж-дың таңбасы — тарақ таңба, ұраны — Бақтияр.

Әдеб: Джами-ат тауарих, Сборник летописей, К.Жалаири, Б-ка восточных историков, изд. проф. И.Н.Березина, т. 2, ч. 1, Казань, 1851; Рашид-ад-Дин, Сборник летописей, т. 1, кн. 2, М.-Л., 1952; Аристов Н., Опыт выяснения этнического состава киргиз-кайсаков

Большой орд... "Живая старина", СПб, в 3-4, 1894; Валиханов Ч.Ч., Собр. соч., т. 1, А.-А., 1961; Абрамов Н.А. Река Каратал, с ее окрестностями, Записки императорского географического общества, т. 1, СПб, 1867; Сыздыкова Р.Г. Язык Жами ат-тауарих Жалаири, А., 1989; Бабырнама, А., 1990, 1993.

Ж А М Б А Й

Жамбай — Ұлы жүз Дулат тайпасының Жаныс тармағынан тараған ру. Южаковтың шежіресі бойынша, Ж. — Жаныстың бір атасы. Ел арасында Жамбай-Жаныс деп те аталады. Ж. Әтей, Тінсей, Құлтас болып бөлінеді. Окт. революциясына дейін олар Әулиеатаны, Іле Алатауының бөктерін, Жоғ. Шыршық пен Бостандықты, Самарқанды, Бадам өзенінің бойын мекендеген. Ұраны — Жаныс, бәйгеде "Төлс" деп шапқан. Таңбасы — 

"Ж И В А Я С Т А Р И Н А"

"Живая старина" — Орыс геогр. қоғамының этногр. бөлімшесі шығарған журнал. 1890-1916 ж. Санкт-Петербургте жылына 4 рет шығарылып тұрды. "Ж. с-да" Россиядағы және шетелдердегі халықтардың фольклоры мен этнографиясы туралы материалдар, зерттеу еңбектер, этногр. деректерді жинау үлгісі мен экспедициялардың есебі жарияланды. "Ж. с-дағы" мақалаларда көбінесе әдет-ғұрып, киім-кешек, үй жиһаздары туралы жазылып, халықтың әл-ауқаты, күн көріс қабілеті жайында аз қамтылды. "Ж. с-да" түркі халықтарының этнографиясына көп орын берілді. Оған мысал ретінде Ш.Уәлиханов жазбасы бойынша Г.Н.Потанин жариялаған "Едіге туралы жырдан үзіндіні", Бат. Сібір, Монғол, Солт.Қытайға жасаған саяхаты туралы Н.Ф. Катановтың еңбегін, В.В. Бартольдтың "Китаби Қорқыт" жайлы еңбегін, А.А.Диваевтың, С.Смирновтың еңбектері туралы жазылған А.Липовтың "Жиын-терін" атты мақаласын атауға болады. "Ж. с." өз кезінде орыс этнографиясын дамытуда прогрессивті роль атқарған журналдардың бірі болды.

К А В К А З А Л Б А Н И Я С Ы

Кавказ Албаниясы — Шығ. Закавказье жерінде болған ертедегі көне мемлекеттердің бірі. Бұл жерде руларға бөлінген халықтар, негізінен албандар мекендеген. К. А. территориясындағы Чога қ-сы (Дербент маңында) Европа

мен Азия аралығындағы "Кавказ қақпасы" аталған. Көне заман авторлары (Милетский, Геродот, Ксенофонт, Плиний, Страбон, Аппиан, Плутарх) және армян жылнамашылары (Фавст, Хоренаци т.б.) деректеріне, Азербайжан жеріндегі (Мингечаур, Чукуркабала, Софулу, Кабала, Топырақкала, Хыныслах т.б.) археол. қазбаларға қарағанда К. А-ның тұрғындары б. з. б. 1-мың жылдықта жер өңдеп, мал өсіріп, қолөнерін кәсіп еткен. Ертедегі құл иеленушілік жеке меншігі қалыптасып, патша басқарған мемлекет пайда болған. Б. з-дың қарсаңында К. А-н 500-750 мыңдай халық мекендеген. К.А-ндағы тас жазбаларға қарағанда мұнда көне заманда сурет, графика, би, театр, муз. өнері дамығаны байқалады. Сол замандағы тұрғындар Айға табынатын болған. Б. з-дың қарсаңында астанасы Кабала қ-сы (Азерб. ССР-і Куткашен ауд.) болған. К.А. халқы б. з. б. 1 ғ-да Армения, Грузия халықтарымен үзегілесі отырып римдіктердің Закавказьеге жасаған басқыншылықтарына (Лукулл б. з. б. 69-67, Помпей 66-65 ж) қарсы күрес жүргізді. Б. з. 3-5 ғ-нда феод. қатынас орнап, христиандықтың мемл. дін ретінде қалыптасуын жеделдетті. 5 ғ-да К.А.Сасани әулетіне қарсы күреске белсене қатысты. 6 ғ-да Сасани әулеттері Албан патшаларының ұрпағын жойды, бірақ ұзаққа созылған күрестің нәтижесінде К.А. 7 ғ-да өзінің тәуелсіздігін қалпына келтірді. Сол кездегі оның көрнекті билеушісі Джеваншир Гирдыманский (638-670) болды. Оның тұсында албан жазбасы жүйеге келтіріліп, "Ағван тарихы" жазылды (авторы армян тарихшысы Мовсеса Каганкатвацци). Бұл еңбек — Албания тарихы жайындағы негізгі еңбектің бірі. Азерб. ССР-інің қазіргі Лекит, Кум с-ларында К. А-ның 5-6 ғ. архит. ескерткіштері сақталған.

Араб халифаты жаулап алғаннан кейін (8 ғ.), К.А. халқының басым көпшілігі мұсылман дінін қабылдаған. 9-10 ғ-да албан князьдары бірнеше рет К.А. патшалығын қалпына келтірді, бірақ ұзақ билік жүргізе алмады. Кейін К.А. жерінің бір бөлігі азерб. феод. мемлекетінің құрамына енді. Қазіргі азербайжандардың бір бөлігі К.А-ның байырғы халқының ұрпақтары болып саналады. К.А-ның тарихына байланысты көп мәселелер әлі де дәйекті шешілмеген, белгілі бір жүйеге келтірілмеген.

Әдеб. История Азербайджана, т. 1. Баку, 1958; Вопросы истории Кавказской Албании. Сб. ст., Баку, 1962.

К Е Г Е Н Ж А З У Ы

Кеген жазуы — ежелгі түркі тайпаларының жазуы. Алматы обл-ның Кеген ауд., "Қарқара" с-зының жерінде. Атақты Қарқара жәрмеңкесінің орнына таяу, Алматы-Пржевальск тас жолынан 7 км. жерде. Жазуды 1964-66 ж. Қаз. ССР ҒА-ның акад. І.Кеңесбаев, корр. мүшесі Ғ.Мұсабаев, филол. ғыл. кандидаты А.Махмұтов зерттеген. Жазу биікт. 180 см, көлденеңі 69 см, қалыңд. 36 см тас мүсіннің жамбасына жазылған. Сынтасқа 13 әріп шекілген. Жазуды зерттеушілер түркі алфавиті бойынша: "оқ ағын алты, бітіг (таш) Алаш арың (ерің)" деп оқыған. Қазақша: "Оқ — дүние, мүлік алды. Ескерткіш Алаш ердікі" деген мағына береді. Ғалымдар жазу туралы бірегей тоқтамға келген жоқ.

К Е Р Е Қ Ұ Л

Кереқұл — Ұлы жүз Албанның Қызылбөрік бірлестігінен тарайтын ру. Қазақтың шежіре деректеріне қарағанда, бұл рудың шын есімі Ағай екен. Қызылбөріктің екі баласы — Қойкелді мен Ағай әкесінен жетім қалып, нағашы жұрты керейлерге барғанда, бірін — Сақау, екіншісін — Керейқұл атапты, содан бұл ру осы есіммен аталып кеткен. К-дан Өтеп, Тілек, Тілеуберді, Жанұзақ деген аталар тарайды. Діқанбай батырдың 19 ғ-дағы шежіресі және сол кезде Н.Аристов жинаған мәлімет бойынша 450 түтін болған. Революцияға дейін Қытайдың Шыңжаң өлкесінің Текес, Іле бойын, Қырғызстанның Түп маңын, Алматы обл-ның Кеген, Шелек, Қаскелең аудандарындағы Суықтоғай, Торыайғыр, Шамалған деген жерлерін мекендеген. Ұраны — Райымбек, Әжібай, таңбасы — ☉

Қ А Д Ы Р Ғ А Л И Ж А Л А И Р И ¹

Қадырғали Жалаири, Қадырғали Қосынұлы Жалаири, Қадырғалибек Қосынұлы Жалаири Қадырғали ибн Хосумбек (1530 ж. ш.-1605) — орта ғасырдағы қазақ ғалымы, белгілі би, жалайыр тайпасынан шыққан. Жалаири атануы осыдан. Қ. Ж. хан ордасында жас бекзадалардың ақылгөйі — тәрбиешісі, ханның қарашасы (ақылшы, кеңесші) болды. Өзінің "Жылнамалар жинағында": "Менің аталарым

¹ Н. Мингуловпен бірге жазылған.

Оразмұхаммед сұлтанның аталарына қызмет етті. Өзім Оразмұхаммедтің қасында болдым" деп жазды. Қ. Ж. ана тілімен қатар араб, парсы тілдерін жете игеріп, Шығыстың классикалық әдебиеті мен мәдениетін ғыл. терең білген. Сібір воеводасы Д. Чулков 1588 ж. "Ертіс ө-нің жағасында қаршыға салып, көңіл көтеріп жүрген кезде Қ. Ж-ды Оразмұхаммед және Сейдекпен бірге алдап тұтқынға түсірді де, үй-іші, жақын туыстарымен бірге "аманат" ретінде Москваға жөнелтті. Қ. Ж. 1598 жылға дейін Москвада, патша сарайында тұрды. Ол 1600 ж. өзінің "Жами ат-тауарих" ("Жылнамалар жинағы" деп те аталады) атты шежіре кітабын жазуға кірісіп, оны 1602 ж. аяқтады. Шежіре 157 бет, қытай қағазына аса ұқыптылықпен жазылған. Қ. Ж. осы шығармасын Шығыс ғұламаларының дәстүрі бойынша орыс патшасы Борис Годуновқа арнаған.

Қ. Ж. бұл арнауының тағы бір себебі, Оразмұхаммед Сұлтан 1590-91 ж. Шведтерге, Қырым хандығына қарсы соғыстарға қатысып, ерлік көрсеткені үшін оған орыс патшасы Федор Иванович 1592 ж. Ока бойындағы бұрынғы Қасымов хандығынан жер бөліп берген. 1600 ж. орыс патшасы Борис Годунов Оразмұхаммедті Қасымов ханы (Қасым патшалығы) етіп тағайындады. Сол кезде Қ. Ж-ға да билік тиіп, 4 уәзірдің бірі болды. Елдің тарихын тереңірек зерттеуіне билігі де ықпал етті. Ол жырақта жүрсе де қазақ хандарының саяси-әлеуметтік жағдайларын, Қазақстанда рулық, патриархалдық-феод. қатынастардың қалыптасуы, хан төңірегіндегі сұлтандар мен қарашалар, бектер мен хафиздер т.б. жайында деректі мәліметтер жазып қалдырды. Автор жылнамада Шығыс елдеріне, оның шаһарларына шолу жасап, қазақ сахарасын мекендеген жалайыр, арғын, қыпшақ, қаңлы, найман, қоңырат, керейіт, алшын т.б. түркі ру-тайпаларына тарихи анықтама берді. Ол Рашид ад-диннің парсы тіліндегі "Жами ат-тауарих" шежіре кітабына сүйене отырып, Шыңғысхан әулеті және оның өзі жайында аса мол деректер келтіреді, қазақ хандарының өмірбаянына тоқталады. Онда қазақ жері, оның қалалары, 13-16 ғ. аралығындағы қазақ жеріндегі оқиғалар, қазақ хандықтарының ішкі-сыртқы жағдайлары, әлеуметтік топтар және қазақ жерін мекендеген ежелгі рулар бірлестігі жайында деректер бар.

Қ. Ж-дың шежіресі — ертедегі қазақ тілінде жазылған тұңғыш тарихи шығарма. Ш. Уәлиханов бұл кітаптың аңыздан гөрі ақиқаты молырақ деп жазған. Тарихнамада

оның есімі Әбілғазы, Бабыр, Бенаи сияқты ғұлама тарихшылармен қатар аталды. Орыс ғалымдары Н.И. Ильминский, И.Н. Березин, В.В. Вельяминов-Зернов оның еңбегін жоғары бағалады.

КАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖОҢҒАР
ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ
АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ¹

(17-18 ғ.)

17 ғ-дың басында-ақ қазақ-жоңғар қарым-қатынастары өте шиеленіскен жағдайда болған. Бұл кезде (1607-08) жоңғар феодалдары екі майданда: Халха өлкесінің билеушісі Алтын хан мен Қазақ хандығына қарсы күресті. Ойрат билеушісі Батур тұсында жоңғарлар едәуір күшейіп, Жетісудың біраз бөлігін басып алып, мұндағы қырғыздар мен қазақтарды өздеріне қаратты. Бірақ көп ұзамай Есім хан (1598-1628) жоңғарларға тегеурінді соққы берді. 1620 ж. жоңғар тайпалары қазақ хандары Есім және Тұрсынмен соғысты тоқтатуға мәжбүр болды. Бірақ жоңғар хандығының құрылуы (1635) бұл мемлекеттің агрессиялық шабуылын күшейтті.

1639 ж. жоңғар қонтайшасы Батур мен қазақ сұлтаны Жәңгірдің арасында қиян-кескі соғыс басталып, Жәңгір қолға түсті. Осы кезден бастап жоңғар феодалдары қазақ жеріне агрессиялық шабуылды жиілетті. 1643 жылдың қысында Батур қазақ жеріне қайта шабуыл жасады. Жетісудың едәуір бөлігі мен Алатау қырғыздарының он мыңдай адамын жоңғарлардың тұтқынға алғанын естіген Жәңгір хан Батурға қарсы аттанды. Жоңғар жағынан 10 мыңдай адам қаза тапты. Ұрыс бітуге таянғанда Самарқан билеушісі Жалаңтөс батыр 20 мың әскерімен келіп қосылды. Батур шегінуге мәжбүр болды. Қазақ пен жоңғар билеушілері арасындағы күрес жүз жылдан астам уақытқа созылды. Жоңғар агрессорларының Қазақстан жеріне басып кірген ірі шабуылдары 1710-11 жылдары болды. Жоңғар жорығына қарсы күресті ұйымдастыру мақсатымен 1710 ж. Тәуке хан Қарақұм маңында үш жүздің өкілдерін жинады. Осы жиында қазақ жасақтарының қолбасшылығына Бөгенбай батыр сайланды. Қазақ жүздерінің біріккен ынтымағы Тәуке әскеріне аз уақыт болса да дем берді. Халық жасақтары басқыншылардан жайылымдық жерін қайтарып алумен қатар жоңғар

¹ В.Я. Басинмен бірге жазылған.

иеліктеріне дейін өтіп, көп адамды тұтқынға алды. Дегенмен, бұл уақытша жеңіс еді. 1713-16 ж. жоңғар әскері қайта шабуыл бастады. 1717 ж. Қайып пен Әбілқайыр 30 мың әскермен Жоңғар хандығына қарсы аттанды. Бірақ Аякөз ө. бойында жеңіліске ұшырады.

1718 ж. жоңғар әскері Түркістан маңындағы Бөген, Шаян, Арыс ө-дерінің бойында тағы да қазақ жасақтарын жеңіліске ұшыратты. 18 ғ-дың бас кезінде жоңғар билеушілерінің қазақ жүздеріне қарсы ақтық шайқасқа шығуына Цинь империясының шабуыл қаупі әсер етті. Бірақ Қытай императоры Канси 1722 ж. қаза тапқаннан кейін қытай қаупі сейіліп, 1723 ж. жоңғар-қытай келісімі жасалды. Қазақ жүздерінің алауыздығын пайдаланып, әрі Қытай қаупінен арылған жоңғар қонтайшалары 1723 ж. Қазақстанға агрессиялық, алапат соғыс бастады. Бұл кезең тарихта "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" аталады. Қазақ халқы жоңғар феодалдарының тонаушылық шапқыншылығына қарсы табан тірескен күрес жүргізді. 1726 жылдан бастап үш жүз жасақтары күш біріктірді. Халық құрылтайында (дәл мерзімі белгісіз) жасақтың қолбасшылығына Кіші жүз ханы Әбілқайыр сайланды. А.И.Левшиннің жорамалдауы бойынша Әбілқайырды қолбасшылыққа сайлаған жер Шымкенттің бат. жағындағы Орда басы тауында болса керек. Қазақ жасақтарының осында бас біріктіргенін Боралдай мен Қошқарата ө-дерінің жоғарғы бастауындағы "Үлкен Орда қонған", "Кіші Орда қонған", "Әбілқайыр сайы" аталған жер атауларынан аңғаруға болады.

1728-29 жылы қазақ жасақтарының Торғай даласының оңтүстік-шығыс жағындағы Бұланты мен Бөленті ө-дерінің жағасындағы Қарасиыр (Қалмақ қырылған), Іле Алатауының Көкпек (Ойран төбе) деген жерлерінде қол жеткен жеңістері нәтижесінде қазақ жерінің едәуір бөлігі басқыншылардан азат етілді. Қазақ халқының жоңғарға қарсы азаттық күресінің "Ақтабан шұбырындыға..." байланысты жазба деректері жоқ. Бірақ халық аузындағы аңыз-жырларда Балқаш к-нің оңт.-шығ. жағындағы Итішпес к-нің маңындағы Аңырақай деген жерде шешуші айқас болғаны айтылады. Аңырақайдағы жеңіс үш жүздің біріккен қолының жеңісі еді. Жоңғарлар күйрей жеңіліп, өз хандығының жеріне ойысты. Аңырақай шайқасынан кейін қазақ билеушілерінің арасында жік пайда болды. Әбілмәмбет қазақ хандарының астанасы — Түркістанға көшті, Әбілқайыр орыс шекарасына қарай ығысты. Оның себебі билікке, хандық таққа талас еді. Тәукенің баласы Болат хан (бас хан) қайтыс болған соң оның тағына Орта

жүзден — Сәмеке, Кіші жүзден — Әбілқайыр көз тікті. Бірақ көпшілік болып Әбілмәмбетті сайлады. Жоңғар шапқыншылығы қазақ жүздері арасындағы саяси-шаруашылық байланысқа кері әсер етіп, Кіші жүз бен Орта жүздің Ұлы жүзбен қатынасын нашарлатты. Ұлы жүз ордасы олардан жырақта, Бұхара жағын жайлады, Кіші және Орта Ордамен араласпады, олардың ханы да бөлек болды. (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв., А.-А., 1961, с. 62; қ. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз). Сөйтіп қазақ жүздерінің арасында орнықты саяси-экономик. байланыстың қалыптаспауы, Орта Азия хандықтары мен Цинь билеушілерінің басқыншылық әрекеті, Еділ қалмақтары, башқұрттардың жер дауы, барымта шабуылы, жоңғар басқыншылығы қоса-қабат келіп, қазақ халқына құрып кету қаупі туды. Осындай ауыр жағдайдан шығудың дұрыс жолы Россияның қолдауына өту болды. 18 ғ-дың 30-40 ж. олар Россия қарамағына өтті. Алайда жоңғар феодалдарының агрессиялық шабуылы тоқтамады. П.И.Рычковтың дерегінде Қалдан-Черін 1740 ж. өзінің кыруар әскерімен Орта жүз бен Кіші жүздің жеріне қайтадан басып кірді. Есіл, Ырғыз, Елек ө-дерінің бойын, 1742 ж. Сырдарияның орта саласындағы жерлерді басып алды. Орта жүз сұлтандары Әбілмәмбет, Барақ Қалдан-Черінге аманат беріп, алым-салық төлеп тұруға уәде етті. Бұл кезеңде қазақ хандары Орта Азия хандықтарымен де қырғи-қабақ еді. Қазақ хандарының Еділ қалмақтарымен және башқұрттармен қатынастары нашар болды. Әбілқайырдың башқұрт старшындарымен де келіссөзі нәтижесіз аяқталды. Осының бәрі негізгі жау — жоңғар феодалдарының шапқыншылығына үзілді-кесілді соққы беруге қолбайлау еді. Жоңғарлардың қазақ жеріне одан әрі басып кіруіне Россия үкіметінің жоңғар қонтайшасына жасаған ескертпелері кедергі жасады. 1742 ж. Жоңғарияға майор Миллердің елшілігі жіберіліп, бұдан былай қазақ жеріне шапқыншылық жасауын тоқтатсын деп мәлімдеді. Патшаның әкім. орындары Сібір шебін нығайту, жаңа бекіністер мен қамалдар салу жөнінде нұсқаулар берді. Сөйтіп Қазақстанның Россия қолдауына алынуы нәтижесінде Жоңғар феодалдарының агрессиялық шабуылы тоқталды.

Қ А Й Б А Л Ы

Қайбалы, Қ о й б а л ы — түрік тайпасы, 18 ғ-да Енисей губ-сының Минусинск округын мекендеген көне халық. Қ-лар Енисей өлкесінің жоғарғы ойпаты мен

Қайбалы даласын жайлап, өздерін Қайба немесе Қойба деп атады. 1858 ж. Қ. 7 руға бөлінді. Олар: Таража, Қойыл, Бұйғажы (Абугаша), Ар (Аршы), Бол, Мал (Байгүт-Байкат), Хайдыпар (Қандык). Хайдыпарлар өткен ғасырда Салбы Қайбалы руы аталып, Качин татарларының әкімшілігіне, ал қалған рулар Үлкен Қайбалы руы аталып, Сағай әкімшілігіне қарады. 1858 ж. Қ. 672 түтін болды. Қ-лар аң аулап, егін егіп, мал өсіруді (әсіресе жылқы мен сиырды) кәсіп етті. Салт-санасы, әдет-ғұрып, тұрмысы көршілес Минусин татарларына ұқсас болған.

Қ А Й Ш Ы Л Ы

Қайшылы — Ұлы жүз Жалайыр тайпасының Сыр-нағынан тараған алты рудың бірі. Жалайырдың өзге руларына қарағанда, Қ-ның Балғалы руымен қонысы бірге болған. Орыс геогр. қоғамының дересіне қарағанда, 1860 ж. Қаратал, Қамау, Іле мен Балқаш бойын Қ. руынан 200 түтін мекендеген. 19 ғ-дың 70 жылдары Заратшан ойпатындағы Қаттақорған уезінің 24 қыстағын Балғалы мен Қ. руларынан 3 мың 500 түтін қоныстанған. Бұлар егіншілікпен шұғылданған.

Қ А Л А У С А Л А Р

Қалауса-жембулықтар, немесе Қалауса-дембулықтар — ноғай тайпасы. 19 ғ-да Ставрополь губ-сының Пятигорск уезінде, Қалаус пен Күгілтай өзендерінің аралығында көшіп жүрген. Қ.-Ж. Мисит, Қарұм, Қанды атты үш руға бөлінеді. Бұл тайпаның ішіндегі Қаңлының қазақ құрамындағы қаңлылармен туыстық қатысы зерттелмеген. Қ.-Ж-дың жалпы саны 1850 ж. 13,6 мың адам болған. Бұлар 88,7 мың десятинаға дейін жер иемденген. Қ.-Ж. мұсылман дінін ұстаған. Негізгі кәсібі мал өсіру болған.

Қалауса-сабыл — Бестөбекүм ноғайлары. 19 ғ-да Ставрополь губ-сының Ставрополь, Пятигорск уездеріндегі Сабыл, Янкулям, Күм өзендерінің бойын, Қалаус өзенінің жоғарғы саласын мекендеген. Олардың 376,3 мың десятина жері болған. 1850 ж. халқы — 12,302 адам. негізгі кәсібі — мал өсіру, отырықшылары егіншілікті кәсіп еткен.

Қ А М А С Т А Р

Қамастар, қ а м и с и н д е р — түрік тайпасы, 19 ғ-да Енисей губ-сының Кан уезін, Енисейдің оң саласын мекендеді. Түрік пен Самоед тайпаларынан пайда болған көшпелі халық Қ. үш ұлысқа бөлінеді. 1) Ұғымақ — негізінен Ман, Кан өзендерінің салаларын мекендеген Комчин татарларының ұрпағы. Орыстар оларды далалық Қ., көрші рулар Ну, қамастық татарлар Жазы — зон (далалық адамдар) деп атады, ал өздері Қамбыз деді. 1847 ж. 9 ауылда 173 түтін болды; 2) Абалак, өздері Қамғашпыз деді, ал орыстар орман камсиндері деп атады. Бұлар: Нег, Модор, Бегежай, Байға, Сала деген бес руға бөлінді. Жалпы саны — 172 түтін. Самоедтер аралас татар тілінде сөйледі, бұғыны көлік орнына пайдаланды; 3) Агүлдер 9 ауыл, 92 түтін болды. Олар екі руға бөлінді: Тантық, Шалақшын. Алғашқылары Агүл өзенінің, ал Шалақшындар Қанғұс өзенінің бойын мекендеді. Агүлдер өздерін Кот деп те атады. Соған қарағанда ертедегі қоттардың тұқымы болуы да ықтимал. 1847 ж. ана тілінде сөйлейтін адамдар санаулы-ақ болды. Агүлдердің тілі бір кезде Енисейді жайлаған түрік тайпасы, қазірде Кавказды мекендейтін Агүлдердің тіліне ұқсас болуы мүмкін. Бірақ бұл көне тайпалардың тілі терең зерттелмеген.

Қ А М Ш А Д А Л Ы

Қамшадалы — Камчатка түбегін мекендеген тайпа. Өткен ғасырдағы ғалымдар Қ-ны монғол тектес, енді бірі түрік тектес, эскимостар сияқты Солт. Американың тұрғындарына ұқсас полярлік жұрт деп ұйғарған. 19 ғ-дың орта шенінде орыс ғалымдарының зерттеулері бойынша Қ. тіл ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөлінеді: 1) Қ а м ш а д а л ы л а р Камчатка өзенінің бойындағы Ганальск, Машурск, Талбочинск деревняларын, 2) Ү л к е н Р и ц с к немесе Куриль Қ-лары Куриль аралының оңтүстігіндегі Явин, Голигин, Уткин, Кичгин, т.б. деревняларды, 3) П е н ж и н Қ-лары Куриль аралының бат. бөлігіндегі Ича, Морощечный, Белоголовый т. б. деревняларды мекендеген. Бұлар өткен ғасырдың орта шеніне дейін ана тілінде сөйлеген. Кейіннен коряктармен, орыстармен араласып, тілдері өзгеріске түскен. 1850 ж. Қ. саны 4365 адам болды. Орыс халқымен 17 ғ-дың ақырында араласа бастады.

Қ А Р А К Е М Е Р

Қаракемер — ежелгі замандағы қорған, обалар. Алматы обл.-ның Еңбекшіқазақ ауд.-ндағы Түрген өзенінің оң жағасында. 1939 ж. А. Н. Бернштам, 1956 ж. Е. И. Агеева бастаған Жетісу археол. экспедициясы зерттеген. Мұнда 22 қорған болған. Диаметрі 12-60 м, биікт. 0,5-12 м. 19-20 ғ.-лардағы археологтардың зерттеуіне қарағанда Түрген өзенінің екі жағында да ежелгі заманда ірі мекен орталықтары болған. 1935 ж. Түрген археол. экспедициясы өзеннің сол жағынан (Түрген пос.-нің қасы) мекен орнын тапты. Ол жерден жиегі өрнектелген қыш ыдыстар, құмыралар алынды, ал 1897 ж. Н. Н. Паустов орта ғасырлық қола теңге тапқан. 1869 ж. В. В. Радлов Түрген өзенінің сол жағындағы (Түрген пос.-на жақын) 10 қорғанды қазып, темір қылыштың, қыш құмыралардың сынықтарын жинап алды. Осы жерге таяу 32 қорғанды 1956 ж. Е. И. Агеева басқарған экспедиция зерттеген. Мұның диаметрі 12-70 м, биікт. 0,3-7 м. Қ. қорғанды обаларын А. Н. Бернштам б. з. б. 3-7, б. з. 2 ғ.-дың аралығындағы ескерткіш деген байлам жасады.

Қаракемер 1-11 — орта ғ.-лардағы шағын қала орны. Жамбыл обл., Қаракемер с.-сының оңт.-бат. жағында 2 км жерде. Қала орны төрт бұрышты, екі қабатты алаңнан тұрады. Үстінгі алаңның көлемі: биікт. 7 м, оңт.-батыстан солт.-шығысқа қарай 100x130 м. Оңтүстіктегі бұрышында балшық дуалмен қоршалған орталық қамалы (цитаделі) болған. Астыңғы алаңның көлемі: биікт. 3 м, оңт.-батыстан солт.-шығысқа қарай 60x160 м. 1938 ж. Жетісу археол. экспедициясы зерттеді. А. Н. Бернштам Қ. 1-11-ні 7-12 ғ.-лардағы Адаккес қ.-сы болуы керек, оның тұрғындары егін шаруашылығымен шұғылданған тайпалардың бірі деп қорытады.

Қ А Р А Қ А С Т А Р

Қарақастар — түркі тайпасы. 19 ғ.-да Енисей бойын, Иркутск губ.-н, Удой, Каном өзендерінің тасты шатқалдарын, Ұрды, Бириюссы, Каном өзендерінің ойпатын мекендеген. Жаз айларында Саян тауын жайлаған. Өздерін тофамыз деп атаған. Қ. бес ұлысқа бөлінген: 1) Сарықас (Кана бойында), 2) Ақдияуда (Ұрды бойында), 3) Қаштары (Кангат, Енисейдің жоғарғы тармағында), 4) Қарадияуда (Ұрдының жоғарғы сағасында), 5) Дөптейлер (Оканың жоғарғы тармағында). Қ. 1858 ж. 416 түтін

болған. Орыстың алтын зерттеушілері Қ.-ды 17 ғ.-да кездестірген. Олар Хорму, Үнгірбай өзендерінің маңынан жол көрсетіп берген, кейіннен бұл жерлерден Бириюссин кені табылды. Орыс антропологтары мен этнографтарының зерттеулерінде Қ.-тар Орта жүз қазақтарының түр-сипатына ұқсас делінген. Шашы қара, көздері қысыңқы, сақал-мұрттары сирек, түркі тілінде сөйлеген, бурят, орыс тілдерін де жақсы білген. Олардың негізгі кәсібі: аңшылық, әсіресе құндыз, ақтиін, аю, балық аулайтын болған.

Қ А Р А Қ О Й Л Ы

Қарақойлы, Қ а р а - к о ю н л у 1) — Бахарлу тайпасы бастаған Орта Азиядағы көшпелі түрік-оғыз тайпаларының тобы және солар құрған мемлекет. Қ. тайпасы 13 ғ.-дан бастап Диярбекірде, Азербайжанда, кейбір топтары Иракта көшіп-қонып жүрген. Қ. әулеті Байрам Қожадан басталады. Ол Жалайыр әулетінен шыққан Уәйіс сұлтанның әмірі болды, Тебризде тұрды. 1380 ж. Байрам Қожа өлгеннен кейін, оның баласы Қара Мұхаммед Ван қ.-сын астана етіп, Қ. феодалының негізін қалады. 1408 ж. сәуірде Қара Жүсіп Мираншаһ пен Шахрух әскерлерін талқандады. Сонан соң олардың одақтастары Жалайыр әулетіне қауіп төндіре бастады. Қара Жүсіп 1410 ж. августа Тебриз маңында Жалайыр әулеті әскерлерін күйрете жеңіп, Азербайжанды, Иракты, Арменияны басып алды. Сөйтіп құрамына Кура өзенінің оңт. жағындағы Азербайжан жерлері, Армения, Курдстан және Араб Ирағы кіретін Қ. мемлекеті құрылды. Астанасы Тебриз қ.-сы болды. Мемлекет 1468 жылға дейін өмір сүрді. Оның билеушілері Қара Жүсіп (1410-20) пен Ескендір (1420-36) Темір әулеті мен Ширваншаһты біржолата бағындыру үшін соғыс жүргізді. Ескендір әкесі өлгеннен кейін қайта бас көтере бастаған Ширванға қарсы үш рет (1427, 1430, 1434) жорыққа шықты, бірақ үшеуі де сәтсіз аяқталды. 1435 ж. Темір әулетінен шыққан Шахрух сұлтан Ширваншаһпен бірігіп, Ескендір әскерлерін жеңді. 1437 ж. таққа отырған Жаханшаһ Ширванмен достық қатынаста болуға ұмтылды. Бірақ 1447 ж. Шахрух өлгеннен кейін, өз тәуелсіздігін жариялады. Қ. мемлекетіндегі таптық қайшылықтар мен өкімет билігіне таласқан феодал алауыздықты пайдаланған Аққойлы билеушісі Ұзын Хасан (1453-78) 1467 ж. Жаханшаһ әскерлерін ойсырата жеңді де, 1468 ж. Қ. мемлекетінің территориясы жаңадан құрылған Аққойлы

мемлекетінің құрамына енгізілді. 2) Ұлы жүз құрамындағы Дулат тайпасының Сиқым рулар бірлестігінен тараған ру. Шежіре бойынша Қ-дан Тоғатай, Борас, Қораз, Рүстем, Наурызбай, Әжі. Алатау округының 1865 ж. тізімінде Қ. 150 түтін. Окт. революциясынан бұрын Қ. қазіргі Қызылорда обл., Теренөзек ауд.-ның, Шымкент, Жамбыл обл.-ның, Тәжікстан, Өзбекстан жерлерін мекендеген. Ұраны — соғыста Бақтияр, бәйгеде — Сиқым, Рысбек.

Қ А Р А Н О Ғ А Й

Қараноғай — Солт. Кавказды мекендеген ноғай халқының бір бөлігі. Ноғайлар — Ноғай Ордасының құрамына кірген түркі және монғол тайпаларының ұрпағы. Қ-лар Жембулық, Жетісан және Жетіқұл болып үшке бөлінеді. Олар өз кезегінде құптарға (рулар бірлестігі), ал құптар руға (урув) тарайды. Мыс., Жембулық: Қалы, Месит, Қараұйырым, Жетіқұл, Қоңыр, Сарай, Мың, Терік, Найман, Қыпшақ, Алаш; ал Жетісан: Тувилға (Тобылғы), Бүркіт, Кенегес деген құптарға бөлінеді. 16 ғ-дың 2-жартысында Орыс мемлекеті Қазан мен Астрахань хандықтарын жаулап алғаннан кейін, Ноғай Ордасы ыдырап, ноғайлардың біразы Қырым татарларының жеріне көшті, ал ноғай руларының қалған бөлігі Қазан татарларының, қарақалпақтардың, қазақтар мен өзбектердің құрамына енді. Ноғайлардың Солт. Кавказды мекендеген тек аздаған тайпалары ғана ноғай деген өз атын сақтап қалды. Кейінірек бұлар Қ. және Ақноғай болып аталып кетті. Ноғайлардың бұлайша аталуы жөнінде деректер белгісіз. Қ-лардың Окт. революциясына дейінгі негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды.

Қ А Р А Н О Ғ А Й Л Ы

Қараноғайлы — тайпа, 19 ғ-да Кизляр уезінде, Ставрополь губ.-нда Ачикулак — жембулықтармен қатар көшіп-қонып жүрген. Қ. әкімшілік жағынан: Найман, Қыпшақ, Минов, Терек болып төртке бөлінген. Бұлар орыс жазбаларында 1722 жылдан бастап белгілі болды. 1862 жылғы санақ бойынша 34120 адам, 3250 түтін болған. Көшпелі тайпа Қ. туралы орыс зерттеушілерінің жазбаларында: Қ-ның негізгі тамағы — кірпіш шай, қуырған бидай, ет, ішімдігі: боза, арақ, қымыз. Жыл сайын 80 мың сомға 40 т кірпіш шай сатып алған. Негізгі кәсібі — мал өсіру. 1862 ж. 14 мың жылқы, 39 мың ірі қара,

130 мың қой ұстаған. Қ. 1862 жылдан қыстау сала бастады. Кедейлерін байғұс (байгуши) деп атайды. 18 ғ-дың аяғында Қ. жартылай отырықшылыққа айналып, егіншілікті, сауда-саттықты кәсіп еткен. 1862 ж. қараноғайлы 39 505 адам, 1896 ж. 33 296, 1903 ж. 29 069. Халқының азая бастауына қарағанда Қырымға, Қазанға ауысқан болса керек. 19 ғ-дағы антропологтардың зерттеуіне қарағанда тұрпаты — татар-монғол тектес: аласа бойлы, жүзі дөңгелек, қараторы, сарғыш тапты. Қ. ауылдары бұрынғы Терек өзенінің жағалауын жайлап, көшіп-қонып тіршілік еткен. Қараноғай даласының ені — 100 шақырым, ұзындығы — 120 шақырым шамасында. Сол заманда Қараноғай даласын бөкен жайлаған. 1888 ж. Терек облысына қараған.

Әдеб.: Энциклопедический словарь, баспагерлері — Ф. А. Брокгауз бен И. А. Ефрон, Қараноғайское приставство, Қараноғайцы, косымша, 1 т, СПб, 1905, 875 б.

Қ А Р А У Ы Л О В Т А Р

Қарауыловтар — дворян әулеттерінің бірі. Бұлардың арғы атасы Алтын Орданың елшісі Жаңбыршы-Қарауыл 1480 ж. Москвада қалып қойып, христиан дінін қабылдады. Оның баласы Иван К. Слободскіде әмірші (1529) болған. Ал шебересі Матвей, Петр, Семен Қарауыловтар дворяндар мен боярлардың Мындық кітабына жазылған (1550). Степан Оселович (1624-27) Каман приказында сот, оның ұлы Григорий думаның дьягі (1667), дума дворяны (1677), Семен Юрьевич Қ. әскери кеңестің мүшесі (1760), ал Петр Александрович адмиралтейство кеңесінің мүшесі болған. Қ. ұрпағы Новгород, Тверь, Нижегород, Орлов, Пенза, Ярослав губ. үрім-бұтақ кітабының ҮІ, 1 бөлімдерінде жазылған. Қ-дың кейін тараған бес ұрпағы болған.

Қ А Р Ғ А Л Ы

Қарғалы — орта ғасырдағы шағын қаланың орны (10-12 ғ.), Жетісудың орта ғасырлық мәдени ескерткіші. Алматы обл., Жамбыл ауд., Фабричный пос-нің орнында, Қарғалы ө-нің оң жағасында. Қ. "төрткіл" сыпатты қалалар санатына жатады, түгел дерлік қираған. Қала төрт бұрышты алаңнан тұрады. Көл. 2 га. Ертеде қаланы айнала қоршаған дуалдың қалдығы сақталған. Дуалдың биікт. 2-3 м. Қ-ны зерттеу жұмыстары кезінде астық сақтайтын

құмыралар, қыш ыдыстар табылды. Осыған карағанда Қ. халқы орта ғасырда қолөнерімен, егіншілікпен, мал ш-мен шұғылданған.

Қ А Р Ғ А Л Ы К Е Н І Ш І

Қарғалы кеніші — б. з. б. 2 ғ. мен б. з. 2 ғ-нда Жетісуды мекендеген Үйсін тайпасы өнерінің үлгісі кездескен қазына. 1939 ж. Алматы обл., Қаскелең ауд., Қарғалы сайының бойындағы Мыңошақтыда жүргізілген жер қазу жұмыстары кезінде табылған. Кеніштен 300-ге тарта алтыннан қақтап жасалған бұйымдар, айыр өркешті түйенің мүсіні салынған екі жүзік, таутекенің он мүсіні, адамды кеміріп жатқан тышқан бейнеленген сырға шықты. Бұл заттар алтыннан жасалып, перузадан оймыштап өрнек салынған. Мұның ішіндегі ең ерекшесі — алтын тәті. Оның ұз. 35 см, ені 4,7 см, ішкі беті толған күрделі өсімдік тектес өрнектің ортасында адам, аң, құс, адам мінген қанатты жолбарыс, қанатты ат; екінші бөлегінде жалмауызды мүйізінен ұстаған адам, ұшқан қаз-үйрек, арқар мінген адам. Тәті ежелгі заман қолөнерінің тамаша ескерткіші.

Қ А Р Қ А Р А Е С К Е Р Т К І Ш Т Е Р І

Қарқара ескерткіштері — ежелгі заманнан қалған таңбалы тас, оба, қорған, бал-бал мүсіні. Алматы обл., Кеген ауд-ның жерінде. Шырғанақ сайында орта ғасырда елді мекен орны болған. 1892 ж. мұнан қыш ыдыстар, тастан жасалған құралдар аршып алынған. Шырғанақтағы Иірсудан 1895 ж. Ларионов бал-бал мүсіні, тасқа жазылған таңба — жазу тапқан. Кеген с-сынан 7 км, Қарқара жолының қасында ауд. 30x40 м төрт бұрышты мекен орны бар. 1898 ж. В.Д. Городецкий 2 кірпіш қорған, бір тас қорған, 13 қорғанды обаны белгілеп, зерттеу жүргізді. 1963 ж. Қаз.ССР ҒА Тіл білімі ин-тының Ғ. Мұсабаев басқарған экспедициясы Қарқарадан биікт. 1,5 м, жазуы бар мүсіні тапты. Жауынгер киімімен бейнеленген мүсіні әлі сол жерде.

ҚАРҚАРА ЖӘРМЕҢКЕСІ

Қарқара жәрмеңкесі — 19 ғ-дың 2-жартысы мен 20 ғ-дың басында Жаркент және Пржевальск у-дерінің аралығындағы сауда-саттық орталығы. Жәрмеңке қазіргі

Алматы обл-ның Кеген ауд., Қарқара жайлауында, Қарқара ө-нің бойында болған. Кеген, Құрқарқара, Желқарқара, Иірсу, Жырғалаң, Кенсу бойын жайлаған ел. Қ. ж-не малын өткізіп, азық-түлік, киім-кешек алған. Жәрмеңкеге Самарқан, Бұхара, Ташкент, Ош, Құлжа қ-ларынан саудагерлер келген. Европа мен Россиядан келген товарлар Верный, Пішпек, Қарақол арқылы Жетісудағы 4 жәрмеңкеге жеткізілген.

1896 ж. 382 мың сомның товары сатылған. Жәрмеңке июнь, июль, авг. айларында жұмыс істеген. М. Әуезовтың "Қилы заман" повесінде мұнда болған 1916 жылғы көтеріліс, жәрмеңкенің жай-жапсары суреттеледі.

Қ У Ы Қ К Е С К Е Н Қ А Л А

Қуықкескен қала — Сырдың төменгі бойындағы ежелгі қала. Қ. қ. Қызылорданың батысында 115 км, Жанадарияның оң жағында. 6-8 ғ-ларда қытай, византия жазбаларына, Орхон өзенінің бойындағы жазуларға карағанда, оғыздар Түрік қағандығымен қатар тұрып та, одақ құрып та отасқан. 10 ғ-дың 1-жартысында әл-Идриси: "Оғыздардың қаласында сан жок, солтүстік пен шығысқа созылып жатады" — деген. Қ. қ. — солардың бірі. С. П. Толстов бастаған Хорезм археол. экспедициясы 1946 ж. Сырдың төменгі ағысынан Жент, Янгикент, аты белгісіз Қ. қ-ның — Қуық қаланың орнын тапты. Қала толық зерттелмеген, бірақ б. з. басынан бері өмір сүргенін дәлелдейтін заттардың қалдықтары: ою-өрнекті, жапырақ таңбалы, сүйек, ағаш, металл заттары табылған.

Қ Ұ Л Ж А Ж О Л

Құлжа жолы — ежелгі заманнан белгілі керуен жолы. Ғалымдар бұл жолды қазіргі: Ташкент, Жамбыл, Мерке, Фрунзе, Токмақ, Ұзынағаш, Алматы, Жаркент, Құлжа жолы деп қарайды. Орта ғасырда Токмаққа келген соң жол екі тармаққа бөлінген. Бірі — Токмақ, Суяб, Баласағұн, Баршынкент, Қарақол (Пржевальск) қ-ларын басып, Ыстықкөлдің оңт.-бат. жағын жиектеп, Ыстықкөлдің оңт.-шығ. жағындағы Шығу, Құмтекей, Ақбейіт, Сарыжаз елді мекендерімен Текес, Сүмбе арқылы Құлжаға жеткен, екінші тармақ — Токмақ, Пішпек (Фрунзе), Қарғалы, Талғар, Жаркент, Алмалы, Қорғас арқылы Құлжаға, бұдан бір бөлігі Талғардан — Түрген, Қаракемер, Шелек елді мекендерімен Торайғыр, Қулық

тауларын асып, Кегеннен (қыстак) Құмтекей қ. арқылы бірінші жолға қосылады. 19-20 ғ-да бұл "К. ж." аталды. 1940 жылдары Ташкент — Алматы — Жаркент жолына тас төселіп, машина жүруге ыңғайланды. Алматы — Нарынқол жолы 1939-41 ж. салынды. 1973 ж. Қ. ж. түгелдей асфальттанды.

Қ Ұ М Т Е К Е Й

Құмтекей — ежелгі қаланың орны. Алматы обл., Кеген с-сынан оңт.-шығысқа қарай 8 км, Кеген өңірінің сол жағасында (2 км). Қ. шығыстан батысқа қарай 2 км, оңтүстіктен солтүстікке қарай 1 км. 1895 ж. Ларионов, 1898 ж. В. Д. Городецкий, кейіннен Л. Ф. Семенов, 1956 ж. Е. И. Агеева бастаған Жетісу археол. экспедициясы, 1957 ж. археолог К. А. Ақышев, Г. А. Қушаев Қ. айналасында зерттеу жүргізіп, Темірлік, Кенбұлақ, Ұзынбұлақтан мыс қорытылған кен орындарын, көптеген қорған, обаларды тапты. Соған қарап ғалымдар бұл өңірде ежелгі заманда ірі мәдениет орталығы болған деген қорытындыға келді. Жазба деректерден белгілі 630 мың халқы болған Үйсін мемлекетінің астанасы Шығу қ-сы Ыстықкөлдің оңт.-шығысында, яғни қазіргі Қарқара, Құмтекей маңында болуы керек. Қ. орнынан күйген қыш, кірпіш, құмыра ыдыстар табылған.

Қ ы з а й

Қызай — Орта жүз Найман тайпасынан тараған ру. Қазақ шежіресі бойынша, Төлекытайдан Қаракерей, Садыр, Матай, Аталық деген төрт рулар бірлестігі қалыптасқан. Шежіреде Аталық батыр Ұлы жүз Бәйдібектің тоқалы Домалақ сненен туған Ейқызға құда түсіп, үлкен ұлы Шағырға алып береді. Бұдан тараған тұқым шеше есімімен Қ. аталып кеткен. Шағырдан Дербіс, Бегімбет, Ителмен, Меңіс; Дербістен Дәуіш, Алпысбай; Бегімбеттен Сасан, Хасен, Шатан, Қастей; Меңістен Алты. Қ-дан тараған үрім-бұтақтың ата мекені — Қытай Халық республикасының Шыңжаң өлкесі. 1950 жылдары Шыңжаңның Мылқы, Күнес, Моңғол Күре, Қызыл Күре, Шапшал аудандарын, Қас, Күнес, Текес өзендерінің бойын мекендеген. Ителмен бір, Меңіс 14, Дербіс, Бегімбет 4 болыс ел болған. Ұраны — Қызай, Қабанбай, Бегімбет, Тақай.

Қ ы с т ы қ

Қыстық — Ұлы жүз Албан тайпасының Сүйменді тармағынан тараған рулар бірлестігі. Қ-тың шын аты — Жиенқұл. Шежіре бойынша Қ. Аққыстық (Ақназар), Қарақыстық (Тоқтамыс) болып екі тармаққа бөлінеді. Аққыстықтан: Құлақай, Тілеміс; Қарақыстықтың бәйбішесінен — Әлі, Байтоқ, тоқалынан — Елтоқты, Бөже. Бұл екі тармақтан ру болып қалыптасқандары Аққыстықтан: Құлақай, Шойқара, Жайын, Онтоғар, Майасар; Қарақыстықтан: Қаракүс, Аманкелді, Момын, Бектемір, Сақау, Ескене, Мәліке рулары тараған. Қ. бірлестігі Алатау округінің 1865 ж. тізімінде Айтпен қоса есептегенде 1070 түтін болған. Бұлар Окт. революциясына дейін бүгінгі Алматы обл., Шелек, Кеген, Нарынқол, Ұйғыр ауд.-дарын, Қырғызстанның Ыстықкөл айналасын мекен еткен. Жайлауы: Қарқара, Асы, Сартау; қыстауы: Сөгеті, Сарыбұлақ, Торыайғыр. Қ. рулары ертеден егін егіп, жеміс-жидек, бау-бақша өсірген. Ұраны — Райымбек, Малайсары, таңбасы — О (дөңгелек).

М о ғ о л

Моғол, мугул (мағұл, жете, чете, чат) — 1) Жетісу мен Шығ. Түркістан жеріндегі көне түрік тайпаларының одағы. М. тарихта Орта ғасырдан белгілі. Шағатай ұлысы ыдырағаннан кейін, Жетісу мен Шығ. Түркістанда осы одақтың атымен Моғолстан, Үндістанда Бабыр құрған Ұлы моғол мемлекеті пайда болды. Көптеген тарихи деректерде М. монғол тектес деп жазылған. Бірақ Қадырғали Қосынұлы Жалаири, Мұхаммед Хайдар Дулати жазбаларына сүйеніп, Ш. Уәлиханов — "моғол-четені монғолдармен шатастыруға болмайды, олар мұсылман дініндегі түрік тілдес тайпалар", проф. В. В. Григорьев "моғол-четені нағыз монғолдар деуге болмайды" деп жазады. Осыған қарағанда М. Орта ғасырда Чете деп аталған. Г. Левшиннің зерттеуінде 16 ғ-да Қыпшақ пен Чете даласын Дадан хан билеген моғол ұлысы және қазақтар мекендеді, сол кезде Алтын Орда құрамындағы әр түрлі тайпалардан бөлінген халықтар қазақтарға еріксіз немесе өз еркімен келіп қосылды дейді. Ал Рашид ад-диннің жазбасындағы Жалайыр тайпасының бір атасы Жайт-Чат Четеге ұқсас. Бұлар көне заманда Сыр мен Шу, Талас бойын мекендеген Сырманақтан, Шуманақтан

тараған. Жамал Қарши М-ды Жете деп жазады. Тегінде бұл тайпаның ертедегі атауы осындай болуы ықтимал, өйткені Жай-Чат өзгеріске түсіп, Жете-Чете аталып кеткен.

2) Ауғанстанды мекендейтін аз халық. Саны 2 мыңға жуық (1970). Біразы көне монғол диалектісінде, аздаған топтары дари тілінде сөйлейді. Діні мұсылман-сунниттер. Негізінен а. ш-мен айналысады.

3) Орта ғасырдағы Моғолстанның әскерімен келген түрік тайпалары (мухгал, мугул). Үндістандағы ақсүйектер қауымы — шарифзатқа жататын сайид, шейх, патанның қатарына М. да енген.

Әдеб.: История Индии в средние века, М., 1968; В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр. соч., Т. 1, А.-А., 1961, с.403.

М О Г О Л М Е К Т Е Б І

Моғол мектебі — Ұлы моғолдар сарайында өркендеген үндінің орта ғасырдағы миниатюра мектептерінің бірі. Жергілікті дәстүр мен Иран және Орта Азия өнері негізінде қалыптасқан М. м. миниатюрасында Европа графикасы мен кескіндемесінің де ықпалы болды. М. м-нің бастапқы даму кезеңі тебриздік Мир Сейд Али мен шираздық Абд ас-Самадтың творчествосымен тікелей байланысты. Бұлардың басшылығымен жұмыс істеген 50 суретші "Әмір Хамза" поэмасына 1400 миниатюра жасады. Ақбар әкімшілігі тұсындағы миниатюралардың ең көрнектісі — "Бабырнамаға" ("Бабур-наме", 16 ғ-дың аяғы, Москва, Шығыс халықтарының өнер музейі) жасалған суреттер. Жаһангер мен Жаһаншаһ билеген кезеңдерде де моғол миниатюрасы өркендеді. М. м. Иран, Раджпутан миниатюра мектептеріне қарағанда нақты көріністерді шынайы әрі қияли таныммен астастыра бейнелеумен ерекшеленеді. 17 ғ-дың 1-ширегінде портрет жанры дамып, кейіпкердің мінез-құлқы мен психологиясын ашуға күш салды. 17 ғ-дың 2-ширегінде анималистік жанр (жан-жануарларды, гүлді, құсты бейнелеу) өркендеді. 18 ғ-да реалистік белгілері көмескіленіп, жасандылыққа бой ұрды.

Әдеб.: Миниатюры рукописи "Бабур-наме". [Автор.-сост. С. Тюляев], М., 1960; [Грек Т. В.]. Индийские миниатюры XVI-XVIII вв. [Альбом] М., 1971

М О Н Г О Л Ш А П Қ Ы Н Ш Ы Л Ы Ы

Монғол шапқыншылығы — 13 ғ-дың басында Шыңғысхан бастаған татар-монғол тайпалары Қазақстан жерін басып алды. Монғол феодалдарының мақсаты — соғыстан олжа түсіру және Азия мен Шығ. Европа халықтарын тонап, үстемдік жүргізу еді. Татар-монғол тайпалары Азияның кең-байтақ ішкі өлкесін алып жатты. Мұнда 12-13 ғ-ларда феодал қатынастың қалыптасу процесі жүрді. Монғол мемлекеті 13 ғ-дың басында құрылып, татар-монғол тайпаларының саяси бірлестігі қалыптасып, қанаушы тап — нояндар мен қаналушы тап — араттарға бөлінді. Бұл мемлекет негізін қалаушы Темучин (Темірші Шыңғысхан) Егусей баһадурдың отбасында туды. Тайпалар арасында қақтығыста шыныққан нөкерлерден жасақ құрып, көрші тайпаларға жиі-жиі шабуыл жасады. Өзінің негізгі жауларын жеңгеннен кейін бүкіл монғол тайпаларына түгел дерлік үстемдік жүргізді. Қалың қолдың негізгі күші атты әскерлер болды. Олардың басым көпшілігі араттар еді. Монғолияны мекендейтін тайпалар негізінен өздерін татармыз деп атаса, енді мемлекеттің нығайуына байланысты тайпалар монғол аталып, монғол саяси-этникалық терминге айналды. Монғол феодалдары жорықта өздері жаулап алған елдердің әскери күштерін, олардың тех. жетістіктерін пайдаланды. Әскері бір орталыққа бағынды, берік тәртіп ұстады, жақсы қаруландырылды. М. ш-ғы 1206 ж. Онон өңірінің жоғ. сағасында Теміршіні жақтайтын монғол манаптарының құрылтайында оны монғолдың қолбасшылығына сайлаған кезден басталды. М. ш. 13 ғ-дың аяғына дейін созылды, арада аздаған ғана үзілістер болды. Әскери ұйымға негізделген Шыңғысхан мемлекеті оң қанат (барунғар), сол қанат (жонғар), орталық (гол) болып үш аймаққа бөлінді. Әрбір аймақ 10 мың адамнан құралған "тымығқа" (түмен), "мындық" — он "жүздікке", ал "жүздік" — он "ондыққа", бүкіл монғол әскері 95 "мындыққа" бөлінді. 1207-11 ж. Сібір мен Шығ. Түркістан халықтары — бурят, якут, ойрат, қырғыз, ұйғыр халықтарын бағындырды. танғұттың Си-Ся мемлекетіне қарсы жорық жүргізді. 1211 ж. Шыңғысхан жасағы Солт. Қытайға жылжып, ондағы Цзинь мемлекетінің 90-ға жуық қаласын қиратып, 1215 ж. оның астанасы Чжунду (Пекин) қ-н басып алды. 1227 ж. Цзинь империясы Хуанхэ ө-нің солтүстігіндегі жерінен түгел айрылды. Шыңғысхан басқыншыларының негізгі жорығы

Шығ. Европа мен Алдыңғы Азияға жол ашатын Қазақстан мен Орта Азияны жаулау болды. Бұл жорыққа ол ұзақ дайындық жасады. Монғолдарға қызмет еткен жансыздар мен мұсылман саудагерлерінің кидандар Хорезм шаһарының ішкі жағдайы, әскері, күші жайында мәлімет алып отырды. Шыңғысхан алдымен гүлденген өлке Жетісуға келді. қарлұқ билеушісі Арсланхан Қаялықтағы (Қоялық) кидандар нәменгерін өлтіріп, өзі Шыңғысханға қарайтынын мәлімдеді. Монғолдардың батысқа жорығы 1218 ж. қайта басталды. Найманның ханы Кучлуктың мұсылман дініндегі халыққа қысым көрсетуі Жетісу алабындағы мұсылмандардың наразылығын тудырды, монғолдардың жаулап алуын жеңілдетті. Шыңғысхан Жетісуға Жебе ноян бастаған қалың қолды жіберді. Монғолдардың дінге қарсы тұрмау саясаты елді жаулап алу айласы еді. Осындай жағдайда Баласағұн қ-сы ұрыссыз берілді. Оған монғолдар "Гобалық" ("Жақсы қала") атағын берді. Монғолдар Кучлукті Бадахшанда (Рашид ад-диннің жазбасында Шығ. Түркістандағы Сарыкөл) қолға түсірді. Шығ. Түркістан мен Жетісуды басып алған соң, Оңт. Қазақстан мен Орта Азияға жол ашылды. Жетісуды жаулап алуы Хорезм шаһын үрейлендірді. Ол Шыңғысханға іле-шала екі елші жөнелтті. Шыңғысхан да оған Хорезмнің тұрғыны, Орта Азияның саудагерлері Махмуд Хорезми, Әлиқожа Бұхари және Жүсіп Отырари бастаған елшілігін жіберді. 1218 жылдың көктемінде Хорезм шаһы Мұхаммед елшілікті қабылдап, Шыңғысханның бағалы сыйлықтары мен екі елдің арасында сауда жолдарының қауіпсіздігіне кепілдеме беретін бейбітшілік шартын ұсынған хатын алып, шартқа қол қойды. Содан кейін Шыңғысхан Орта Азияға Омар-Ходжа Отырари, Жамал Мараги және т. б. саудагерлер бастаған керуенін жөнелтті, оның құрамында монғол жансыздары да болады. Соған күдіктенген Отырар әкімі Гаирхан Иналчик 1218 жылдың жазында саудагерлер мен тыңшыларын өлтіріп, керуенді тонайды. Осыны желеу еткен Шыңғысхан өзінің басқыншылық әрекетін жүзеге асыру үшін 1219 ж. сентябрьде 120-150 мың жасақпен шабуылды Ертістің жағасынан бастады. Бұл кезде Шыңғысхан жағына көптеген жергілікті феодалдар (Бесбалық қ-ның билеушісі әскерімен, Алмалықтың бір феодалы Суғнақ-тегін, Қойлық қ-ның әкімі т. б.) болды. Жергілікті халық басқыншыға қарсы ерлікпен күресті. Парсы тарихшысы Жувейнидің айтуынша, бес ай қоршауда тұрып, қалың жаумен айқасқан Отырар жұртында аштық

басталады. Осыған шыдамаған қолбасшылардың бірі — Қараджа хаджиб түн ішінде қаланың "Суфихана" қақпасын ашып беріп, жау қолына қосылады. Соған қарамастан Отырар әкімі Найирхан бастаған қала халқы тағы да бір ай ерлікпен шайқасады. Нисавидің жазбасында Гайирханның қарауында 20 мың әскер, ал Жувейни жазбасында Хорезм шаһы оған 50 мың әскер, Отырар қоршауда қалар алдында тағы да Қаражақан бастаған 10 мың әскер жіберген.

1220 ж. ақпанда монғолдар жойқын күшпен Отырарды әзер алып, халқын қырғынға ұшыратты. Отырарды жермен жексен еткен Шағатай мен Үгедейдің жасағы Бұхара мен Самарқан аралығында Шыңғысхан әскеріне қосылды. Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы бастаған қол Сауран, Жент, Баршылықкент, Үзкент қ-н алды. Сығанаққа монғолдар 7 күн шабуыл жасап, ақыры бүкіл қала халқын жойып жіберді. Әбілғазы баһадур ханның айтуынша Ашнасү қ-ның қарапайым халқы ерлікпен қарсыласып, ақыры қатты қырғынға ұшыраған. Жошы әскері қаланы бірнеше күн тонаған. Жент қ-н Хорезм шаһының әскерлері қалдырып кеткен еді. 1220 жылдың сәуірінде Жошы қаланы қоршап, онғұттық Чин-Темір дегенді келісімге жіберді, бірақ тұрғындар өліспей-беріспейтінін айтып, қақпаны жабады. Жошы әскері қаланы атқылап басып алады. Шыңғысхан бастаған монғол армиясының бас легі 1220 жылдың майында Орта Азия аймағын Амударияға дейін қаратты. 1220-21 жылдың қысында Хорезмді басып алумен олардың Орта Азияға шабуылы аяқталды. Орта Азия билеушісі Хорезм шаһы Мұхаммед күресті дұрыс ұйымдастыра алмады. Қарамағындағы феодалдардың күш біріктіруінен қауіптеніп, әскери күштерін қалаларға, қамалдарға бөлек-бөлек топтастырды. Бұл монғолдың жаулап алуын жеңілдетті. Бұхара, Самарқан сияқты қ-лар жауға қарсылық көрсете алмай, ұрыссыз берілді. Мұхаммед шаһ Каспий теңізінің бір аралына қашып барып, сонда өлді. 1221 жылдың көктемінде жойқын соғыс Қорасан, Ауғанстан, Солт. Үндістанға ауысты. Ауғанстан жерінде Хорезм шаһының баласы Жалел ад-динді Шыңғысхан Инд ө-не дейін ығыстырып барып, ақырында 1221 жылдың 24 ноябрінде талқандады. Жебе ноян мен Сүбедей ноян басқарған 30 мың қол Солт. Иранға, содан Кавказ тауларына келді. Мұнда Грузия мен Азербайжан-ның бір бөлігін ойрандап, Каспий жағалауымен жүріп отырып Аландардың жеріне шықты (1222). Монғолдың екі түмені Қыпшақ даласына да қилікті. Қыпшақ ханы Қотан

(Катин, Котян) орыс князьдарына елші жіберіп, көмекке шақырды. Оның: "Көмектеспесендер бүгін біз қырыламыз, ертең сендер қырыласыңдар" деген сөзі Лаврентий жылнамасында сақталған. Мстислав Галицкийдің бастауымен орыстың 5 князы әскер бастап, көмекке келді. 1223 ж. 31 майда Қалқа ө-нде Жебе ноян мен Сүбедейдің қолына қарсы ұрыста алдыңғы сапта қыпшақтар, 2 қатарда орыстар тұрды. Бұл соғыста монғолдар жеңіп, оларды Днепр ө-не дейін қуып, өздері Еділдің орта ағысына қарай шегінді. Бұл жақта Еділ-Кама Бұлғариясынан жеңіліп, қазіргі Қазақстан даласымен (Шығ. Дешті Қыпшақ) 1224 ж. Ертіс бойындағы Шыңғысханның ордасына оралды. Шыңғысхан 1225 ж. Монғолияға оралды. Сөйтіп, 1219-24 ж. Қазақстан мен Орта Азия Шыңғысхан империясына қарады. 1227 ж. Шыңғысхан өлгеннен кейін 1235 ж. Қаракорымда өткен монғол билеушілерінің құрылтайында Шығ. Европаға жорыққа шығуға шешім қабылданды.

Шыңғысханның кіші ұлы Ұлы хан сайланғаннан кейін М. ш. екі бағытта жүргізілді. Шығыста Солт. Қытайды жаулап алу соғысын аяқтады (1231-34), сөйтіп Кореяға қарсы соғыс басталып (1231-34), оның көптеген бөлігі 1273 ж. қарсаңында алынды. Ал батысқа Сүбедейдің 30 мың адамдық қолы жорыққа аттанып, 1229 ж. Жайыққа жетті. Ол Жошының ұлы Батыймен бірлесіп, Каспий даласынан қыпшақтарды ығыстырды. Бірақ монғол әскері Еділ-Кама Бұлғариясынан 2-рет жеңіліп, Жошы ұлысымен ғана батысқа жасаған монғол шабуылы сәтсіздікке ұшырады. 1235 жылғы жорыққа Шыңғысхан әулетінің 14 ханы 150 мың адаммен аттанып, 1236 жылдың күзінде Еділ Бұлғариясын талқандады. 1237 ж. Еділ бойындағы қыпшақтармен өзге де халықтарды қиратып, сол жылдың күзінде Воронеж маңына топтасты. 1237 ж. Батый әскері 6 күн шабуыл жасап, 21 желтоқсанда Рязаньды, 1238 жылдың ақпанында орыстың 14 қаласын (Ростов, Углич, Ярославль, Кострома, Кашин, Кснятин, Городец, Галич-Мерский, Переяславль — Залесский, Юрьев, Дмитров, Волок-Ламский, Тверь, Торжок) басып алды. 4 наурызда монғолдың қолбасшысы Бурундайдың әскері Владимирдің ұлы князының жасағын Сить ө-нде қоршауға алып, жойып жіберді. Ока мен Еділ аралығындағы даланы мекендеген халықтар түгелдей талқандалды. Монғол әскері Новгородқа 100 км жетпей кері қайтты. 1238 жылдың жазынан 1240 жылдың күзіне дейін Қыпшақтар мен Аландарды күйретті. Монғол агрессорлары Батыста, Кіші Азияда және Таяу Шығыста шапқыншылықты едәуір уақыт жүргізді. Кавказ

сыртын (1236) жаулап, рум сұлтандығын талқандады, 1241 ж. Монғол әскері Венгрияға топтастырылып, Австрияны, Хорватияны басып, Адриатика т-зіне қарай беттеді. Батый 1241 жылдың күзінде Сербия, Болгарияны басып кейін қайтты. 1256 ж. Хулағу Иран мен Қосөзен жерін, 1258 ж. Араб халифатының астанасы Бағдад қ-н алды. 1260 ж. Египет сұлтанынан жеңіліп, монғолдардың батысқа жасаған шабуылы аяқталды. Батый Еділдің төменгі саласына оралып, Алтын Орда мемлекетін құрды. Шыңғысхан 4 ұлына иелік бөлді. Кенжесі Төлө Монғолияда қалдырылып, оған монғолдың саптағы 129 мың адамнан құрылған армиясынан 101 мың жауынгер бөлді. Монғол агрессорларының Монғолиядан батысқа қарай жаулап алған ұланғайыр жерді үлкен ұлдарына бөліп, оларға саптағы армиясынан 4 мыңнан жауынгер бөлді. 3-ұлы Үгедейге Бат. Монғолия, Ертістің жоғ. ағысы мен Тарбағатай тиді. 2-ұлы Шағатайға Оңт. Алтайдан Амударияға дейін, Жувейнидің дерегіне қарағанда "ұйғыр аймағының шекарасынан Самарқан, Бұхараға дейін", яғни Шығ. Түркістан мен Жетісудың біраз бөлігі, Мауараннахр қараған. Оның астанасы Алмалық, ал жазғы мекені Іле бойындағы Құяш қ. болды. Үлкен ұлы Жошыға Ертістен батысқа қарай "Қаялық пен Хорезмнен Саксин, бұлғар жеріне, ат тұяғы жеткен жерге дейін созылған" (Жувейни), яғни Солт. Жетісу, бүкіл шығ. Дешті Қыпшақтан төм. Еділ бойына дейінгі жер тиген.

Қазақстан жерінде Жошы ұлысы (Ақ Орда), Шағатай ұлысы, Үгедей ұлысы орнады. М. ш. Қазақстанның қоғамдық дамуына ауыр зардабын тигізді. Елдің саяси, мәдени байланыстары үзіліп, шаруашылығы күйреді. Отырар, Сауран, Сығанақ, Жент т. б. қалалары күйреп, Жетісу бойындағы қалалар құрып кетті. Егістік алқаптар тапталып, халық талан-таражға ұшырады. Егіс даласы мал жайылымға айналды, өйткені монғол басқыншыларының қоғамдық даму дәрежесі Қазақстанның отырықшы аудандарына қарағанда әлдеқайда төмен еді. М. ш. қазақ халқының қалыптасуын кешеуілдетті. Ұлысқа бөлініп кеткен түркі тайпаларының басының қосылуы ұзақ жылдарға созылды. Бірақ байырғы тұрғындар [қ. Үйсін (тайпалық бірлестігі), Сактар (тайпалық одақ), Қаңлы (тайпалық бірлестігі), Хунндар (тайпалық бірлестік)] тілін сақтап қалғанмен, экономикасы, мәдени процесі ұзақ уақытқа тоқырады. Ұланғайыр өлкенің экономикасы құлдырады. Монғолдар басып алған жеріндегі тұрғындарды жаппай қырып, қалаларды қиратып жіберді. Материалдық,

мәдени байлық жойылып, ондаған шеберлер, колөнершілер құлдыққа айдалды. Шапқыншылыққа душар болған ел жаппай індетке шалдығып, халық тақыр кедейленді. Күйік ханға жіберілген Иннокентий ІУ елшісі Плато Карпинидің 1245-47 жылдар жазбасына қарағанда, Сырдария бойында қираған қалаларды, қорғандарды, қаңырап қалған қыстақтарды, тұрғын ел емес көшпелілердің де төбе-төбе сүйегін көрген. Тірі қалғандардың құлға айналғанын жазады. М. ш-нан 30 жыл кейін қазақстан жері арқылы монғолдың ханы Мөнкеге барған француз королі Людовик ІХ елшісі Рубрук 1253-55 ж. Жетісудың егістік мәдениетінің бүлініп, Жетісу қалаларының, әсіресе Іле бойындағы қалалардың жойылып кеткенін жазады (Вильгельм де Рубрук, Путешествие в восточные страны, СПб, 1911, с. 105).

Монғолдың үш ұлысының шекарасы да Жетісумен шектесіп жатты, сондықтан ондаған жылдар бойы монғолдың көшпенді халқы лек-легімен келіп жатты. 14 ғ-дың орта шенінде Оңт.-Шығыс Қазақстанның отырықшы, жер өңдеу мәдениетін игерген халқы көшпенді, жартылай көшпенді аймаққа айналды. Кейінірек Мұхаммед Хайдар Дулатидің айтуынша, Монғолстанның кең-байтақ даласында бірде-бір іліп алар қала немесе қыстақ қалмаған. Бұлар туралы деректі жазба кітаптардан оқып, ауызша аңыздардан ғана естуге болады деген. М. ш-на дейінгі Іле бассейніндегі едәуір елеулі қаланың бірі Алматы (Алматы), қазіргі Алматының оңт. жағына, Іле Алатауының баурайына орналасқан, Алматы, Алмалық, Янги қ-лары жайында Захир ад-дин Бабырдың "Бабырнама" кітабында да жазылған. М. ш-на дейін Жетісуда 200-ге жуық елді мекен болса, 13-14 ғ-да 20-дан астам ғана шағын қыстақтар қалған. Шу ойпатындағы 7 елді мекеннен 14 ғ-да Аспара сақталған М. ш. сол замандағы монғолдың феод. империясының қоластына қараған елдердің әлеуметтік, экономик. және мәдени даму процесін ұзақ уақыт бөгеді.¹

М У Х А М М Е Д Х А Й Д А Р Д У Л А Т И

Мұхаммед Хайдар Дулати, Мырза Мұхаммед Хайдар бен Мұхаммед Хусайн Курекандуглат, әдебиетте Хайдар мырза, Мырза Хайдар деген атпен де белгілі. (Ташкент, 1551, Кашмир уәлаяты, Үндістан) — тарихшы, әдебиетші, Моғолстан мен оған іргелес аймақтар халқының тарихы

жазылған "Тарих-и Рашидидің" және "Джаханнама" дас-танының авторы. Оның ата-бабалары Моғолстан мемлекетіне қараған Оңт.-Шығ. Қазақстанның, Қырғызстан мен Шығ. Түркістанның саяси өмірінде белгілі адамдар болған. Олар ұлысбегі, тархан қызметтерін атқарды, өздерінің мұралық иеліктері — Манғлай-Сүбені дербес басқарды. Әмір Полатшаны (Пуладчи) Дулат Шағатай мемлекеті ыдырай бастаған кезде (14 ғ-дың орта шені) (Тоғалық Темірді осы мемлекеттің шығ. бөлігінің ханы етті. М. Х. Д-дың тағы бір атасы — Әмір Худайдат дулат ұлысбегі болды. Ал ұлы атасы Мұхаммед хайдар мырза 1480 жылға дейін Қашғарияны биледі. Әкесі Мұхаммед Құсайын 15 ғ-дың ақыры мен 16 ғ-дың басында Моғолстанның бат. бөлігін билеген Сұлтан Махмұд ханның жақын адамдарының бірі болды. Оның анасы Хұб Нигар ханым — Жүніс ханның қызы, ал М. Х. Д. сұлтан Са'ид хан мен Үндістандағы Ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалаған Захир ад-дин Мұхаммед Бабырмен бөле.

1508 ж. М. Х. Д-дың әкесі қаза болып, туыстары оны Кабулдағы Бабырға жіберді. Ол Бабырдың Мауараннахрдағы жорығына қатысты. 1512 жылдан Сұлтан Са'ид ханның Қашғардағы сарайында тұрып, көрнекті әскери және сарай қызметін атқарды. Оның Қашғар мен Жаркент үшін Әбу Бакрмен 1514 жылғы соғысына, Қырғызстанға, Оңт.-Шығ. Қазақстанға және Тибетке жасаған әскери жорықтарына қатысты. 1533 ж. хан тағына отырған Әбу ар-Рашид Дулат тайпасының басшыларынан қауіптеніп, оларды қатты қуғынға ұшыратты. М. Х. Д-дың немере ағасы Саид Мұхаммед мырза Дулатты өлтірді. М. Х. Д. Үндістанға қашып кетті. Ол мұнда Ұлы моғолдар сарайында әскер басы болды. Кашмирді жаулап алып, оны Ұлы Моғолдар атынан билеп тұрды. Ол жергілікті халықтың көтерілісі кезінде қаза тапты. 1541-46 ж. Кашмирде "Тарих-и Рашидиді" жазды. Бұл тарихи еңбекте Дулаттардың өткені жайлы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен әңгімелер, моғолдардың аңыздары, моғол хандары сарайында сақталған ресми құжаттарға сүйеніп әрі өзі көрген оқиғаларды парсы тілінде жазды. Автор өзінен бұрынғы ғалымдар Жувейнидің, Жамал Қаршидың, Рашид ад-диннің, Хамдолла Казвинидің, Шараф ад-дин Әли Иезидидің, Әбдіразак Самаркандидің т. б. тарихи шығармаларын пайдаланды. Ол орта ғасырдағы қазақтар тарихына байланысты өте құнды мәліметтер қалдырды "Тарих-и Рашидиде" қазақ хандығы құрылғанға және одан кейінгі Жетісу мен Шығ. Дешті Қыпшақтағы оқиғалар, Моғолстанның құлауы, феод.

¹ В. Я. Басинмен бірігіп жазылған.

соғыстар, сыртқы жауға қарсы қазақтардың қырғыздар және өзбектермен достық одағының қалыптасуы т. б. жайлы көптеген мағлұмат беріледі.

"Тарихи Рашидиді" 16-19-ғ-дағы көптеген авторлар (Амин Ахмад Рази, Махмуд бен Вали, Мұхаммед Азам т. б.) өз шығармаларында пайдаланды. Бұл шығарма түрік тіліне аударылды. Орта Азияда, Үндістан мен Персияда бірнеше рет қолмен көшірілді.

М Ы Р З А

Мырза — Ұлы жүз Жалайырдың Шуманағынан тарайтын ру. Шежіре бойынша М. Әліке, Бәйбіше, Аман деген атаға бөлінеді. 1865 жылғы санақта М. 1310 түтін болған. Окт. революциясына дейін қазіргі Талдықорған обл-ның Қарақой, Бурақой, Дауылбай, Қайрақты, Қусақты таулы үстірттерін, Сарыкөл, Қызыл мен Тамшыбұлақ ө-дері, Шарбақты сайының сол жағындағы Дастар, Жосалы, Шөладыр деген жерлерді мекендеген. М. негізінен мал өсіріп, көшпелі тіршілік еткен. Ұраны — Бақтияр, таңбасы $\text{J}\overline{\text{J}}$ (тарак).

Н О Ғ А Й

Ноғай (13 ғ-дың 1-жартысы — 1300 ж.) — Алтын Орда әскерінің қолбасшысы, Жошы ханның шөбересі. Ол жорықты Батыймен бірге бастап, Алтын Орданың 5 ханы тұсында қолбасшы болды. Н. 1252-69 ж. Батыйдың, кейіннен Беркенің тапсыруымен Парсыда, Кавказ сыртында басқыншылық соғыс жүргізді. Беркенің Египет сұлтаны Байбарыспен дипломатиялық байланыс орнатып, Хулагуге қарсы одақ құруына зор ықпал етті. Берке ханның әскерін бастап, Хулагуге және оның мирасқорларына қарсы талай рет жорық жасады. Берке өлгеннен кейін, Доннан Дунайға дейінгі ұлан-байтақ жер Н-дың бақылауында болды. Н. 1273 ж. Византия императоры Михаил Палеологтың өгей қызы — Евфросияға үйленді. Польша, Венгрия, Болгария, Сербияға және кейбір орыс князьдықтарына жиі-жиі шабуыл жасады. Бұл елдер Н-мен одақ құруға тырысты. Орыстың 1276 жылғы жазбаларына қарағанда В. В. Волинскийге, А. Д. Галицкийге, Мстиславка елші жіберіп қоластындағы ел ретінде литвандарға қарсы ұрысқа шақырған. 1288-91 ж. орыс князьдықтары Мстислав пен Данилович Н-дың Польшаға жасаған жорығына қатысты. Болгар князьдарын сайлауға да басшылық жасады. Н. хан

аталмағанмен, Батый жаулап алған Доннан Днепрге дейінгі аймақты уысынан шығармай, Алтын Орданың Беркеден кейінгі хандары — Мөңкетемир, Тудамөңке, Төлебұғаға да ықпал жасады. Оның көмегімен Төлебұға тақтан тайдырылып, орнына Тоқта отырғызылды. Беделі артып тұрған Н-дан құтылу үшін Тоқта оған қарсы соғыс бастады. 1300 ж. Бұғаның жағасында әскері жеңіліп, Н. қолға түсті де өлтірілді. Орыс жазбаларындағы деректерге қарағанда, оның қоластындағы Н-лардың көпшілігі Каспий маңына қоныс аударды.

Әдеб. Веселовский Н. И., Хан из темников Золотой Орды Ногай и его время, "Зап. Российской АН", 1922, сер. 8, т. 13, №6; Закиров С., Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом, М., 1966; Греков Б. Д., Якубовский А. Ю., Золотая Орда и ее падение, М. — Л., 1950.

Н О Ғ А Й

Ноғай — халық. Негізінен Ставрополь өлкесі мен Дағ. АССР-нде және Чечен-Ингуш АССР-нде, Қарашай-Черкес АО-нда тұрады. Жалпы саны 52 мың адам (1970). Ноғай тілінде сөйлейді. Әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты жағынан қазақ пен қарақалпаққа жақын. Дінге сенетіндері — мұсылман-сунниттер. Н. — Алтын Орда әскерінің қолбасшысы Ноғай батыр ұлысының құрамына кірген түрік тілдес қыпшақтармен араласып, олардың тілін қабылдаған түрлі түрік және монғол тайпаларының ұрпағы. Н-лар Едігенің ұлы Нұраддин (1426-40) билік еткен мемлекетке бірікті. 16 ғ-дың 2-жартысында Үлкен Н. және Кіші Н. болып екіге бөлінді. Кіші Н. Еділдің батысын, Үлкен Н. Еділдің шығысын мекендеді. Қырым ханына, Түрік сұлтандығына, орыс патшасына тәуелді Н. халықтары 400 жыл бойы Қырым мен Еділ арасында көшпелі өмір сүрді. 1769 ж. Едиссан, Буржақ ұлыстарындағы Н-лар (11 мың 794 түтін) өз еркімен орыс азаматтығын қабылдады. 1790 ж. Потемкин тұсында Н. Берді, Токмак ө-нің бойына топталды. 19 ғ-дың басында Едиссан ордасында 4655 адам (26 ауыл), Ембұлақта 1922 адам (11 ауыл), Едішкөлде 1118 адам (6 вуыл) болды. Ал 1807 ж. Днестрден Новороссийск жағына, Таврия губ-на 6 мың 404 түтін өтті. 1801 ж. император Павел I Н-ға атты әскерде қызмет етуге рұқсат берді. Бұл жағдай 1804 жылға дейін созылды. 19 ғ-дың басында Н-лар отырықшылдыққа айнала бастады. 1821 ж. Қара теңізден 3 км жерден Ноғай к., 1830 ж. Берді ө-ні бойына Бердиян к-ның іргесі қаланды. Бірақ Қырым соғысынан кейін Бессарабиядан ауып келген

татарлармен бірге Н-лар Түркияға қоныс аударды. 1866 ж. шамамен 180 мың түтін Түркияға өткен. 1863 ж. Ставрополь губ-нда 87 мың адам тұрған. Н. 19 ғ-да Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтардың арасында болған. Бұлардың халық жырларында, тілінде ұқсастық мол Ұлы Окт. революциясына дейін Кубань Н-ынан өзгелері көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Совет дәуірінде түгелдей отырықшы халыққа айналып, мал шаруашылығымен қатар а. ш. да дамыды. Н-лар өнеркәсіпте де істейді, ұлттық интеллигенциясы да қалыптасты.

Әдеб.: Народы Кавказа, ч. 1, М., 1960.

НОГАЙЛЫ

Ногайлы, Үлкен Ногайлы, Кіші Ногайлы — Алтын Орда құлағаннан кейін ногайлар құрған феодал мемлекеттер. Орыстың жазба деректерінде 16 ғ-дың 2-жартысында Еділдің шығысын Үлкен Ногайлы, батысын Кіші Ногайлы ұлысы деп атаған. Үлкен Ногайлы — түркі халықтарымен араласып кеткен татар-монғол ұрпақтары. Кіші Ногайлы елін казак-орыстар Азов аймағынан батысқа қарай ығыстырған. Сөйтіп, кейін Н. бірнеше ұлысқа бөлініп, қырым хандығына, олар арқылы түрік сұлтандығына бағынды. Н. көшпелі ел болғандықтан қонысты жиі-жиі ауыстырып тұрады. Сондықтан Үлкен Н. Каспий жағалауын, Еділдің төм. бойынан оның сол жағын жағалап Оралға дейін жайлады. Үлкен Ногайлы князьдары Москваға вассалдық тәуелділікті бірнеше рет (1555-63, 1564, 1567) мойындамай бөлініп кете берген. Борис Годунов тұсында ғана 1600 ж. олар біржолата бағынды да, Иштерек мырза князь аталды. 1634 ж. қалмақтың шабуылынан кейін Үлкен Н. Еділдің батысына ауып, Кіші Н. онымен бірге көшіп-қонып жүрді. Кіші Ногайлы (немесе Қазы мырзаның есімімен "Қазы ұлысы" деп те аталған) 16 ғ. ортасында жылжып, Еділдің оң жағасына, Азов маңына, Кубань даласы мен Донның аралығына орналасқан ұлыстардан құралған. Кіші Н. 18 ғ-дың орта шеніне дейін Қырым мен Түркияға тәуелді болды. 17 ғ-дың 1-жартысында Кара теңіздің солт. жағалауындағы даладан Донға дейін қоныстанып, Буржак, Едишкөл, Ембұлак, Едиссан ұлыстарына бөлінді. Ал кейбір ұлыстар Үлкен Н. елімен қоныстасып (17 ғ.), Каспий маңында, Еділден Терекке дейінгі алқапты жайлады. 1770 ж. Едиссан мен Буржак ұлыстары орыстарға қарады. 18 ғ-дың ақыры 19

ғ-дың басында Кіші Н-ның біразы бұрынғы қонысы — Азов маңына (Доннан Кубаньға дейін) ірге аударды, біразы Бухарест бітім шарты (1812) бойынша Түркияға көшті. 1860 жылғы дерек бойынша Түркияға 180 мың адам қоныс аударды. Бұларды Түркия үкіметі Кіші Азияға қоныстандырды. Қазақ фольклорындағы ногайлы жырлары да осы мемл. байланысты болуы ықтимал, бірақ бұл мәселе жете зерттелмеген.

Әдеб.: Фарфоровский С. В., Ногайцы Ставропольской губернии. Историко-этнографический очерк, Тифлис, 1909; Фелицын Е., Западно-Кавказские горцы и ногайцы в XVIII ст., "Кубанский сборник", 1891, т. 2; Новосельский А. А., Борьба Московского государства с татарами в первой половине XVIII в., М. — Л., 1948; Кушбаба Е. Н., Народы Северного Кавказа и их связи с Россией. Вторая половина XVI — 30-е годы XVIII в., М., 1963.

ӨЗБЕК

Өзбек, Сұлтан Мұхаммед (т. ж. белгісіз — 1342 ж. ө.) Алтын Орда ханы (1312-42), Тоғлықтың ұлы, Меңгу-Темір ханның шөбересі. Ибн Дукмақтың айтуынша, Тоқты ханнан мирасқор қалмаған. Сондықтан Алтын Орданың ең беделді мемл. қайраткері Құтлұғ Темір және Байалун қатынның ықпалымен Тоқтының ағасы Тоғлықтың баласы Ө. 1313 ж. қаңтарда таққа отырған. Ө. ислам дінін мемл. дінге айналдырып, өзге нанымдағы адамдарды қуғынға ұшыратты. Сөйтіп, Алтын Орданың әмірлерін өзіне қарсы қойды, бірақ Ө. қарсылық көрсеткендерді жойып отырды. Оның билік жүргізген кезеңінде Алтын Орданың ықпалы күшейіп, мемлекет нығайды. Египетпен арадағы дипломатиялық қатынас дамыды. Әл-Малик ан-Насирдің Тоқтыға жіберген елшісі Ала ад-дин Қайдоғды әл-Бабаоғлы мен Ала ад-дин Тайбұғы әл Карамунидарды қайыра жөнелткенде, Мингуш деген елшісін қоса жіберген. Египет сұлтанының өмірбаянын жазушының дерегінде хижраның 713 ж., мамырдың 26 жұлдызы, сенбіде (12.04.1314) құрамында 174 адам бар. Ө. елшісі Египетке барған. Бұдан кейін де елшілер алмасып тұрған. Ол орыстардың күшейіп кетуінен қаймығып, орыс князьдарын бір-біріне айдап салу саясатын жүргізді. Москва князы Юрий Даниловичті ұлы князь деп жариялады, оған қарындасы Кончакені әйелдікке берді де, оны орыс жерін біріктіріп, монғол-татар езгісінен азаттық алуға ұмтылған Тверь князы Михаил Ярославичке қарсы қойды. Ө. татар жасақтарын Юрийге қосты, бірақ кейінгі бір соғыста Михаил Юрийдің әскерін күйрете жеңді. Ө. Михаилды Ордаға сотқа шақырып, өлтіріп тастады. 1327 ж. Ө. Москва князы Иван I Данилович

Калитаның көмегімен Тверьдегі халық көтерілісін қаталдықпен басып, Тверь княздығын таратты, Солт.-Шығ. Русь аймағын Москва мен Суздаль князьдықтарының иелігіне бөліп берді. Ө. 1339 ж. Иван Калитаның шағыстыруымен Тверьдің ұлы князы Александр Михайловичті ұлы Федормен қоса өлтірді. Оңтүстіктегі көршілермен де қақтығысты. 1319 және 1335 жылдары қазіргі Азербайжан жеріндегі Хулағуға қараған Арронға қарсы жорық жасады. Ө. тұсында Алтын Ордада Фед. қатынастар дами түсті. Ол өлгеннен кейін Алтын Ордада орталық билік әлсіреп, ұлыстар бөліне бастады.

Әдеб.: Тизенгаузен В., Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. 1-2, СПб, М. — Л., 1884, 1941; Насонов А. Н., Монголы и Русь, М. — Л., 1940; Закиров С., Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом, М., 1956, с. 73-89.

Ө З Б Е К

Өзбек — ұлт, Өзб. ССР-інің негізгі халқы. СССР-дегі жалпы саны 9195 мың адам (1970), оның ішінде Өзбекстанда 7734 мың (респ. халқының 64,7%), Тәжікстанда 666 мың, Қазақстанда 208 мың, Қырғызстанда 333 мың, Түрікменстанда 179 мың адам тұрады. 1 млн-нан астам Ө. шетелдерді мекендейді. Олар негізінен Ауғанстанның солтүстігін, 14 мыңға жуығы Қытай Халық Республикасы бат. аудандарының кейбір қалаларын қоныстанған. Ө-тің әдеби тілі түркі тілдерінің тобына жатады (қ. Өзбек тілі), ал жалпы сөйлеу тілінде көп диалектілік ерекшелік тән.

Қоңе жазба деректерге қарағанда, Ө. Орта Азияны мекендеген ежелгі соғдалық, хорезмдік, бактриялық, ферғаналық тайпалар мен Сақ, Массaget тайпаларынан тарайды. Бұл халықтардың бәрі иран тілдес еді және европоидтік нәсілге жатты. Б. з. б. 1-мың жылдықтың ортасынан бастап Орта Азиядағы Қосөзен аралығына — Сыр мен Амудария алқабына Орт. Азиядан монғол нәсілді аздаған этникалық топтар ауып келді. Б. з. б. ғ-ның 2-жартысынан, Орта Азия Түрік қағандығының құрамына енген кезден бастап бұл топтар көптеп қоныс аударды. Мұнан кейінгі ғасырларда отырықшы, негізінен иран тілдес халықтар мен көшпелі, негізінен түркі тілдес халықтар бір-біріне өзара әсер етіп, жақындасып, ішінара бірігіп, сіңісіп кетті. Бұл тұста иран тілдес халықтар көбіне-көп түріктенді, сонымен қатар түркі тілдес халықтар тәжік тілінде сөйлейтін болды. Түрік қағандығы кезеңінде, әсіресе Қарахан әулеті билеген кезеңде Сыр мен Амудария

аралығына қоныстанған түркі тайпалары мен халықтары бірге-бірге отырықшылдыққа ауысып, иран тідес халықтармен сіңісіп, ассимиляцияланды; кейбір түрік тайпалары көшпелі тірлігінен ажырамай, көшіп-қонып, ру-тайпалық дәстүрін сақтап қалды. Сырдария мен Амудария аралығындағы бұл түркі тілдес халықтар 11-12 ғ-да қалыптасып, Ө. халқының негізін құрады. 13 ғ-дағы монғол шапқыншылығы кезінде, мұнда тағы да түркі-монғол халықтарының жаңа тобы келіп қосылды. Бұл аймақ халқының құрамына қосылған көшпелі түркі тілдес тайпалардың соңғы тобы 15 ғ-да Шайбани хан қолымен келген Дешті Қыпшақ Ө-тері еді. "Бабырнамада" бұған дейін, яғни Дешті Қыпшақтың көшпелі өзбектері келгенге дейін Ферғана, Самарқан аймағын түріктер ғана мекен етті делінеді. Бұлардың бір бөлігі отырықшылдану нәтижесінде жергілікті отырықшы халықтармен араласып кетті, ал олардың көпшілігі көшпелі тұрмыс салты мен ру-тайпалық дәстүрлерді және өз говорларының ерекшелігін сақтап қалды.

Ө. ұлтының бірігуі 20 ғ-дың басына дейін созылды, оның құрамында үлкен үш топ болды. бірінші топ — көгалды алаптардағы отырықшы халықтар арасындағы Ө-тер. Бұлардың басты белгілері — ру мен тайпаға бөлінбеді, суармалы егіншілікпен, көлөнерімен, саудамен шұғылданды, қалалар мен ірі қыстақтарда тұрды. Ө-тің бұл тобы Ташкенттің көгалды алқабы мен Ферғана алқабын, Хорезмді мекендеген. Олар Ө. халқының қалыптасуына, көшпелі Ө. пен өзге де көшпелі түрік тайпаларының отырықшылдыққа айналуына едәуір ықпал жасады. Екінші топ — Орта Азиялық Қосөзен аралығындағы монғол дәуіріне дейінгі түркі тайпалары мен Шыңғысхан заманындағы түркі-монғол тайпаларының ұрпақтары (Қарлұқ, Барлас, Қалтатай, Моғол т. б.), бұлар отырықшы халыққа сіңіскен жоқ, жартылай көшпелі өмір сүріп, ру-тайпалық дәстүрлерін сақтап қалды. Олардың көпшілігі бұрын өздерін "түрікпіз" деп атады. Үшінші топ — Дешті Қыпшақтағы өзбек тайпаларының ұрпағы. "Өзбек" атауы тайпалық атпен қатар олардың өз атауы да болды. Тайпалардың бәрі бірдей жете зерттелмеген. Шежіре деректерінде 92 баулы өзбек деп аталады. Бұлардың көпшілігі орта ғасырларда-ақ әбден белгілі болған Қыпшақ, Найман, Жалайыр, Қанлы, Қытай (Хитай), Қоңырат, Манғыт, Дүрмен, Катаған, Қырық, Сарай, Кенегес, Қият, Құтты, Ұйғыр т.б. тайпалар мен халықтар. Бұлар кейіннен бірқатар түркі тілдес ха-

лықтардың құрамына кірді. Өзбек тайпалары 16-17 ғ-ларда отырықшылыққа көше бастап, бұл процесс негізінен 20 ғ-дың басы қарсаңында аяқталды. Олар егіншілікпен, ал тау баурайы мен далалық аймақтарда негізінен тебіндегі мал шаруашылығымен шұғылданады. Олардың тұрмысында көшпелілік дәстүрі әлі де болса байқалатын еді. Аталған топтардың әрқайсысының өз ерекшеліктері болды, соған қарамастан олардың тілінде, материалдық және рухани мәдениетінде жалпы ортақ дәстүр болды. Осы халықтардан бір тұтас Ө. халқы қалыптасты. Ө-тің этногр. қалыптасуына (әсіресе Хорезмдегі Ө-тердің байырғы отырықшы бөлігінің тілінде) оғыздар да қатысты.

19 ғ-дың орта шенінде Ө-тер патриархалдық қатынастардың қалдықтары едәуір сақталған феод. құрылыста өмір сүрді. Сунниттік бағыттағы ресми ислам дінімен қатар (түрік тайпалары 9-10 ғ-ларда қабылдады) ислам дініне дейінгі наным (тәңірге табыну) көріністері де байқалды. 19 ғ-дың 2-жартысынан, яғни Өзбекстанның Россияға қосылуына байланысты, онда капит. қатынастар дами бастады.

Лениндік ұлт саясатының жүзеге асырылуы нәтижесінде соц. құрылыс дамып, Ө-тер өздерінің ұлттық мемлекеті — Өзб. ССР-н құрды. Тарихи қысқа мерзім ішінде Ө-тер экономик. және мәдени артта қалуды жойып, қазіргі заманғы индустриялы, а. ш. өркендеген, мәдени революцияны жүзеге асыруда зор табысқа жеткен соц. елге айналды. Соц. құрылыс процесінде Ө-тер соц. ұлт болып қалыптасты.

Әдеб.: Народы Средней Азии и Казахстана, т. 1, М., 1962 (библ.), История Узб. ССР, т. 1 — 4, Таш., 1967-68 (библ.); В а х а б о в М. Г., Формирование узбекской социалистической нации, Таш., 1961

Ө Т Е Г Е Н Б А Т Ы Р

Өтеген Батыр Өтеғұлұлы (1699-1773) — 18 ғ-дың 1-жартысында жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақ батыры. Ұлы жүздің Дулат тайпасынан шыққан. Бабасы Сырымбет 1635 ж. Ойрат ханы Батырдың 50 мың әскеріне соққы берген Салқам Жәңгірдің сапында ұрысқа қатысқан. Ө. б. 15 жасынан жоңғарларға қарсы соғысқа араласқан. 1723 ж. Тауасар, Райымбек, Ханкелді батырлармен тізе қосып, жоңғарлармен айқасады. 1740 ж. Іле бойында қалмаққа қарсы жасақ жинаған Төле би әскеріне қосылып, елін жаудан азат етеседі. 1756 ж. шамасында Абылайдың Қытаймен бейбітшілікте болу саясатына қарсы шығып, Жиделібайсында 17 жыл жүріп қайтыпты деген

аныз да бар. Ө. б. — ел арасында аңызға айналған адам. Оны алғаш жырлаған Сүйімбайдың бабасы, Күсен ақын. Ө. б. жайында тарихи дерек жинаған тарихшы Делебаевтың материалына қарағанда, Тілеміс, Майкөт ақындар да батырды дастан етіп жырлаған екен. Бұлардың ішінде бізге жеткені — Жамбылдың "Өтеген батыр" дастаны. Кенен Әзірбаев пен Делебаев дерегіне қарағанда, Ө. б-дан: Тарпан, одан Бименбет — Толымбек — Жолдасбай. Соңғы ұрпағы Жолдасбай 1956 ж. Жамбыл обл., Красногор ауд., "Кеңес" к-зында тұрған. Ө. б. туралы дерек-аңыздар жинауға әдебиетшілер Е. Ысмайылов, Қ. Тұрғанбаев, Н. С. Смирнова, С. Бегалиндер қатысқан. Алматы обл-ның Бозой мен Қарой аралығында Ө. б. есімімен аталатын жерлер бар. Сүйегі Жамбыл облысының Қордай ауданындағы Келес аулы іргесіндегі зиратта. Сол жерде Ө. б-ға ескерткіш орнатылған.

Әдеб.: Ж а б а е в Ж., Шығ., А., 1950; Ысмайылов Е., Ақындар, А., 1956; Вопросы истории Казахстана и Восточного Туркестана, А. — А., 1952.

П О Л О В Ш Ы Л А Р

Половшылар (орысша: поль — дала, жазық, половец — далалықтар), қыпшақтар, құмандар — 11 ғ. Волга (Еділ) бойынан Қара теңіз жағалауына орын тепкен түркі тілдес халықтардың орысша атауы. П. негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. 12 ғ. қолөнершілік дамыған. Өзен жағалауына қыстау жасаған. Бейіт басына балбал тас ескерткіш орнатқан. П. таптық (феодалдық) қоғам құрған. Жеке-жеке ауылдарды — би, руды — бек, оны біріктірген орданы — сұлтан, бірнеше тайпаны — хан билеген. П-дың жауынгерлік жорықтарына әйелдер де қатысқан. Олар орыстармен алғаш рет 1054 ж. қақтығысты. Орыс жеріне жиі шабуыл жасап, Киев князьдықтарының әскеріне ауыр соққы берді (1068, 1092, 1093, 1096 ж.), сондай-ақ Венгрияға (1070, 1091, 1094) және Византияға (1087, 1095) жорыққа аттанды. 1091 ж. Византия императоры Алексей Комнинге Гебр ө. бойында печенегтерді жеңуге жәрдемдесті. П-дың бұл соғыстағы қолбасшылары Туграхан мен Боняк болды. 12 ғ. басында Киев князьдарынан бірнеше рет жеңіліске ұшыраған П. қоныс аударған. Дон бойында Сартак ханның ордасы көшіп-қонып, оның бауыры Артық 45 мың П-мен грузин патшасы Давид ІҮ-ге жәрдемге барған. Давид ІҮ, Артықтың Тұрантоқты деген қызына үйленген. П. грузин-

дердің салжұқтарға қарсы соғыстарына қатысты. Владимир Мономах өлгеннен кейін (1125) П. Дон бойына жиылады. Орыс князьдарының бірсыпырасы П-дың қыздарына үйленіп, қайын-жұрттарын (Торк-төркін) орыс жеріне орналастырып, оларға қала бөліп беріп, әскери күшін пайдаланады. 1223 ж. П. Солт. Кавказда және Қалқа ө-нде екі рет монғол шапқыншылығына ұшырады. Соның салдарынан негізгі бөлегі Алтын Орда құрамына енді, біразы Венгрияға өтті.

Әдеб.: Плетнева С. А., Печенеги, торки и половцы в южнорусских степях, в сб.: Материалы и исследования по археологии СССР, №62, М., 1958; Пашуто В. Т., Внешняя политика Древней Руси, М., 1968; Федоров-Давыдов Г. А., Курганы, идолы, монеты, М., 1968; Котлярь Н. Ф., Половцы в Грузии и Владимир Мономах, в сб.: Из истории украинско-грузинских связей. Сб. докладов, Тб., 1968; Мургулия Н. П., К вопросу переселения половецкой орды в Грузию, в сб.: Из истории украинско-грузинских связей, К., 1971; Рыбаков Б. А., Первые века русской истории, М., 1964.

ПЫШАҚТЫТӨБЕ

Пышақтытөбе — орта ғасырдың алғашқы кезеңіндегі шағын қаланың орны. Оңт. Қазақстандағы Темір ст-ның оңт.-бат. жағында 11 км жерде. 1947 ж. А. Н. Бернштам басқарған Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы зерттеу жүргізген. Аумағы батыстан шығысқа қарай 138 м, солтүстіктен оңтүстікке 110 м. Басқа жағына қарағанда бат. жағы аласа, тік бұрышты, биікт. 7,5 м.

Шығ. жағының биікт. 11,5 Алаңның төңірегінде топырақ төмпешіктің ізі бар. 1949 ж. экспедиция бат. алаңның шығ. жағының орта шенінің үш кабатын қазды. Екінші кабатынан қабырғаға қаланған шикі кірпіш, қыш ыдыстардың сынықтары табылды. Бұған қарағанда қала 6-10 ғ-да өмір сүрген.

РАШИД АД-ДИН

Рашид ад-дин Фазлаллах ибн Абуль-Хайр Хамадани (лақап аты — ат-Табиб — дәрігер) (1247, Хамадан, — 18.7.1318, Тезбриз) — иран тарихшысы және мемл. қайраткері. Абаға хан тұсында (1265-82) қызметке араласқан. 1292-1317 ж. Иранды билеген монғол ильхандары Газан хан мен Ұлжайту ханның уәзірі болды. Көшпелі монғол-түрік ақсүйектерінің бір орталыққа топтасу ниетіне, тым еркінсуіне қарсы күрес жүргізді, уәзір болған кезінде әрі жер иеленушіге айналды. Оның он ұлы жер-жерде өз алдына билік құрды.

Ол — ғұлама ғалым, энциклопедист; дәрігер, ботаник, табиғаттану, агро және құрылыс техникасы жөніндегі

энциклопедия "Китаб-уль-ахи-уа-л-асар" мен мұсылман (суннит) теологиясы 4 трактатының авторы. Оның еңбектерінің ең бағалысы — екі бөлімді (3-бөлімі бізге жеткен жоқ) "Жами ат-тауарих" (Жылнамалар жинағы", парсы тілінде). Еңбектің 1-бөлімі — "Тарихе Газани" ("Газан тарихы") — 13-14 ғ-дағы саяси, әлеуметтік-экономик. тарихтың негізгі деректерін қамтыды. Газан ханның құнды құжаттары, жарлықтары бар. Онда монғолдардың, Шыңғысханның және монғолдар құрған мемлекеттердің, әсіресе 1304 жылға дейін Иранда болған Хұлағу әулеттері мемлекеттерінің тарихы баяндалады. Еңбектің 2-бөлімі — "Жами ат-тауарихте" монғолдар жаулап алғанға дейінгі мұсылман мемлекеттерінің тарихы, ежелгі иуда мен "Франктер" (Бат. Европа халықтары), Рим императорлары мен папалары, Үндістан мен Қытай, Шығ. Европа халықтары туралы деректер бар. Бұл бөлім көптеген елдер ғалымдарының (парсы, монғол, қытай, үнді және француз) қатысуымен жазылған. Ол "Жалпы тарих" — араб және парсы мұсылман тарихшыларының еңбектерінде орын алған мұсылмандардың тарихын ғана емес, барлық халықтардың тарихын қамтуға тиіс, олардың түпнұсқа мен тарихи дәстүр негізінде ешбір діни және саяси мүдделерден тыс жазылғаны жөн деп тұжырымдады. Оның "Жами ат-тауарихында" қазақтың шежіресі, тарихы жазылады. Бұл еңбектің деректері Қадырғали Қосынұлы Жалаиридың "Жами ат-тауарих" шығармасының да арқауы болған.

Шығ.: Сборник летописей. История монголов, пер. с перс. и прим. И. Н. Березина. — Тр. ВОРАО, ч. 5, 7, 13, 15 — СПб., 1858-88; Джамии ат-таварих. т. 3 (перс. текст и рус. пер.). — Баку, 1957; Сборник летописей. т. 1. Кн. 1-2. Т. 2-3. — М.; Л., 1946-60; Джамии ат-таварих. т. 1. Ч. А. А. Хетагурова, А. А. Али-Заде. — М., 1965; Переписка (перс. текст и рус. пер.) — М., 1971

РУ

Ру — алғашқы қауымның экономик., әлеуметтік негізгі ұясы; аргы тегі бір әкеден немесе бір шешеден тараған туыстардың тобы. Этногр. әдебиетте бұл әлеуметтік институттың клан, генс деген де атаулары бар, бірақ мұның бәрі бірдей Р. деген ұғымның мәнін толықтыра бермейді. Ғылымда қазіргі тұрпатты адам (Homo Sapiens) пайда болған кезден, яғни алғашқы адам тобынан Р. құрылды деген пікір бар. Сонда бұл төм. және жоғ. палеолит аралығы болса керек. Экзогама заңдылығына қарағанда Р. томаға-тұйық жағдайда болмаған, керісінше алғашқы кезден-ақ тайпаларға бірлескен, алғашқы адам

тобынан басталып, кейінгі рулық құрылысқа ауысты. Рулық ұйымның кейінгі құрамын ғана зерттеуге мүмкіндік болғандықтан, рудың даму тарихын зерттеу мәселесінде ғалымдар арасында әр түрлі көзқарастар бар. Көптеген совет ғалымдары (Ю. П. Аверкиев, А. М. Золотарев, М. О. Косвен, С. П. Толстов, Ю. И. Семенов т. б.) рулық қауым екі кезеңді — матриархат пен (аналық ру) патриархатты (аталық ру) бастан өткерді деп тұжырымдайды. Матриархат кезінде адамдардың өндірістік қатынастары қандас туыстардың қатынастарына сай келді, яғни Р. алғашқы қауымның экономик. әлеуметтік негізгі ұясы болды. Өндіргіш күштердің дамуы нәтижесінде рулық қауым, рулық құрылыстың екінші кезеңі — патриархатқа көшті. Халықтардың көпшілігінде бұл жағдай көшпелі мал шаруашылығының, ағаш соқамен жер жыртудың, металл өңдеудің дамуына байланысты еді. Бұл кезеңде өндірістік қатынас қандас туыстыққа сай келе бермейді. Р-да келіп пен діни әдет-ғұрыптың ықпалы басымрақ келеді. Қатар қоныстанған әр түрлі рулық патриархалдық семья көршілес қауым құрды. Осыдан барып әлеуметтік бөлініс басталып жеке меншік дамиды да, біртіндеп рулық қатынастар ыдырап, таптық қатынастар қалыптаса бастады. Таптық қоғам кезінде де әр түрлі рулық қауымның әдет-ғұрпы сақталды. Бұл жағдай, әсіресе тау халықтарына, көшпелі елге тән. Мәселен, оларға бадеуилер, албандар, курдтар, туарегтер, каракалпак, түрікмен, қырғыз, қазақ т. б. халықтардың әлеуметтік тірлігі дәлел бола алады.

Ежелгі семиттік халықтардың рулары туралы нақтылы деректер інжілде, гректердің, римдіктердің, галдардың, германдықтардың Р. туралы көне әдебиеттерінде (Аристотель, Т. Ливий, Ю. Цезарь, К. Тацит т. б.) сақталған. Азияның кейбір халықтарының бөліністері жайындағы деректі Масуди жазып қалдырды. Көне замандағы түрік тайпалары туралы Геродот, К. Багрянородный, Ибн Хаукал, Жубейни, Мұхаммед Хайдар Дулати, Рашид ад-дин, Рузбехан, Қадырғали Қосыңұлы Жалаири т. б. дүние жүзіне әйгілі тарихшылардың жазбаларында айтылады.

Орта Азия мен Қазақстанның көшпелі халықтарында Р. 20 ғ-дың басына дейін сақталған. Р-лар ішінде аталар қыз алыспады. Р-дың өз алдына таңбасы да (к. Таңба), ұраны да болды. Кейбір жағдайда, қазақ құрамындағы Р-ларда аналық Р. белгісі де сақталған. мыс., Найманның Қызай деген Р-ы ананың есімімен аталса, Қаракесек Р-ы Болатқожаның шешесі Қарқабат ананың есімін ұран

тұтқан. Р. туралы ілім дамуының жаңа кезеңі Л. Г. Морганның "Көне қоғам" кітабының шығуынан басталды. Рулық құрылыс жалғасқан екі кезеңді — матриархат пен патриархат даму кезеңін бастан кешірді деген марксистік теорияны Ф. Энгельс Морганның зерттеуінің негізінде шығарған.

Әдеб.: Маркс К., Конспект книги Л. Г. Моргана "Древнее общество", в кн.: Архив Маркса и Энгельса, т. 9, [М.], 1941; Энгельс Ф., Семьянин, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы, А., 1967; Морган Л. Г., Древнее общество... пер. с англ., 2 изд., Л., 1933; Першиц А. И., Проблемы истории первобытного общества в советской этнографии, М., 1956; Массон В. М., Средняя Азия и Древний Восток, М. — Л., 1964; Абулгази Бахадур Хан, Родословное древо тюрков, Казань, 1906; Книга большого чертежа, о киргизских степях и Туркестанском крае, "Зап. Императорского географического общества", СПб, 1880; Бичурин Н. Я., Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, т. 1 — 3, М., 1950-53; Востров В. В., Муканов М. С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А. — А., 1968; Аристов Н. А., Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности, "Живая старина", СПб, 1896; его же, Опыт выяснения этнического состава киргиз-кайсаков Большой Орды..., там же, в. 3-4, 1894.

САДЫР

Садыр — Найман тайпасынан тараған ру. Шежіре жинаушы Қ. Омарбековтың, Орысбай шежіресін жазып алған Базарқұл Көккөзұлының таратуына Найманның Білгебай тармағынан: Сүгірші — Құрманай, Төлектай — С., Қытайби, Төртуыл. С-дан — Тоң, одан: Шүйе, Саржетім, Есенқұл, Түгелбай, Қытайбиден: Қаракерей, Матай. Енді бір деректерде бұлардың кенжесі — Аталық. Бұдан тараған ұрпақ — Қызай. 19 ғ-дың 2-жартысында Лепсі у-нің оңт.-бат. шекарасын, Балқаштың оңт. жиегінен Жоңғар тауының етегіне дейін Басқан, Лепсі бойын, Керейқұмды, Мысықжол, Басқопа, Үшжол құмын, Талдықары, Қарабөгет аңғарын мекендеген. Орта жүздің өзге тайпаларына қарағанда Найманның әрбір руының таңбасы және ұраны бар.

Әдеб.: Востров В. В., Муканов М. С., Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX — начало XX в.), А. — А., 1968; Аристов Н. А., Заметки об этническом составе тюркских племен..., СПб, 1896.

САҚАУ

Сақау, Қонакелді — Албан тайпасының Қызылбөрік тармағынан тараған ру. Ережептің және Диканбай батырдың шежірелеріне қарағанда Қызылбөріктің Жолболды тармағынан С. Кереқұл. С-дан Әзет, Нәзет (Абыз). Әзеттен Бердікей, Тілеу, Дәуестек, Байжан, Жапалак;

Нәзеттен Өтебас, Қожас деген аталар тарап, жеке қонысты ауылдар болған. Окт. революциясына дейін Теріскей Алатаудың бөктерін мекендеген. Қыстауы: Торыйайыр тауының етегіндегі Қарашоқы, Айырлы және Қарабұлақ, Әулие бастау, Жылқырка; жайлауы: Төбешайлау, Сарнауа, Көкжазық, Қарақия, Екіаша, Кенсу, Шырғанақ. Негізгі кәсібі — мал өсіру, дәнді дақыл (тары, бидай, арпа, сұлы) егу. С-дан шыққан данқты адамдар: Албан батыры Түлкібай, Қожбан. Қызылбөрік биі Базарбай (Ш. Уәлиханов жазып кеткен), 1916 жылғы Қарқара көтерілісінің жетекшілерінің бірі Серікбай Қанайұлы т. б. Жауынгерлік ұраны — Райымбек, Әжібай, рулық ұраны — Түлкібай, танбасы — / (көсеу).

Әдеб.: А р и с т о в Н., Опыт выяснения этнического состава киргиз-кайсаков Большой Орды, "Живая старина", в. 3-4, СПб 1894; В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр. соч., т. 1, А. — А., 1961.

САҚПАН

Сақпан — ежелгі замандағы қол қаруы. Ежелгі Египет, Греция, Рим, Орта Азия елдерінде соғыс қаруы ретінде қолданылған. 16-17 ғ-да Бат. Европада гранат лақтыру үшін пайдаланылды. С. түркі халықтарында да жаугершілік және аң аулауға, мал қайыруға пайдаланылды. Бұларда С. жылқының қылынан, жүннен есіліп немесе таспадан өріліп жасалған. Өрімнің тең ортасына жұмыр тас, қорғасын қоюға ыңғайланып алақан жасалған. Соған тас салып үйіріп, жіптің бір ұшын ағытқанда тас алысқа атылған. Қазақстанда С-ның 2 түрі бар: сапты С., түйме С. алғашқысының бір жағына ағаш сап байланады; екіншісі жіптен оралып білекке тағылады, Сапты С. мал қайыруға, күзетуге пайдаланылады. Төл бағушыны кейде "сақпаншы" деп атайтыны да осыдан.

САҚТАР

Сақтар — б. з. б. 1-мың жылдықта Орта Азия мен Қазақстан, Шығ. Түркістан жерін мекен еткен ежелгі тайпа. Бұларды грек тарихшысы Страбон "азиялық скифтер" деп жазды. Рим жазушысы үлкен Плиний де осылай деген. Оның жазуынша скифтерді парсылар "саға" ("сака", "сак" аты осыдан шыққан) дейді. Ахемендік Иранның сына жазу ескерткіштерінде С. үш топқа бөлінеді. Олар *Хаумаварға* С. (хаому шарабын ішетіндер немесе амюрийліктер); *Тиграхауда* С. (шошақ бөріктілер);

Тьйй-парадарая С. (теңіздің арғы жағындағылар). Бұлар Орта Азияның оңтүстігін, Арал теңізінің төңірегін, Сырдария бойын, Жетісу алқабын мекендеген. С. одақтарына Яксарт, Массагеттер, Исседон, Дайлар, Астак, Камак, Аримаспы сияқты көптеген көне тайпалар біріккен. Бұлар Кавказ тауын "Қаз" тауы деп атаған. Сақ жерінде Яксарт (Сырдария), Оксус (Өкіссу — Амудария) үлкен өзендер болған. Сырдарияны бактиярлар (бактрлар) Яксарт, ал С. Сілес (Сіле, Сілеті) деп атаған. С. б. з. б. мәдениетті ел болғаны туралы дерек мол. Совет археологтары Қазақстанның оңт. ауданы мен Қырғызстан, Тәжікстан және Алтай жерлерінен С. тайпаларының қорғандары мен обаларын тапты. (Есік обасы, Есік жазуы, Пазырық қорғандары). Көне жазбаларға қарағанда Ахемен әулетінің патшалары Кир II, Дарий I С-дың әр түрлі тайпаларымен жауласып, бірде жеңіп, бірде жеңіліп отырған. С. парсы әскерінің құрамында грек-парсы соғыстарына қатысты, Ахемендердің әскери құрамында қызмет атқарды. Александр Македонский, кейіннен Селевкилер де С-ға қарсы соғысты. Б. з. б. 2 ғ-дың орта шенінде көшпелі тайпалардан ығысқан С. соғыса отырып Дрангиан жеріне орын тепті де, бұл араны Сакастан атады (бүгінгі Иран, Ауғанстан жеріндегі Сейстан). Бүгінгі Орта Азияның, Пакистанның, Ауғанстанның, солт. Үндістанның жеріндегі С. б. з. б. I ғ-дың ортасына дейін-ақ жергілікті халықтармен сіңісіп кетті. С. тілі Хотанда 10 ғ-ға дейін сақталды. Бүгінгі түркі халықтарының тілінде "сақ" сөзі жиі ұшырасады. Мәселен, Якуттардың өздерінше атауы сыха, қазақта: сака адам, сақшы, сақ сөздерінің сақталуы да бұлар С-дың ұрпағы екенінің бір дәлелі

Әдеб.: Г р и г о р ь е в В. В., О скифском народе саках, СПб, 1871; Б е р и ш т а м А. Н., Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая, М. — Л., 1952; А к и ш е в К. А. и К у ш а е в Г. А., Древняя культура саков и усуней долины реки Или, А. — А., 1963; А р т а м о н о в М. И., Сокровища саков, М., 1973; Древние авторы о Средней Азии (VI в. до н. э. — III в. н. э.), под ред. Л. В. Баженова, Таш., 1940.

САРТ

Сарт — өзбектердің ежелгі отырықшы бөлігінің ескі атауы. Окт. революциясына дейін отырықшы өзбектер мен ойпатты мекендеген тәжіктерді "С." деп атаған. В. В. Бартольдтың еңбегіне қарағанда, бір кезде түркі халықтары үндінің "саудагер" сөзінің түбірінде "С.", "сартак", "сартауыл" деген атаулар қолданған. "Бабурнамада",

"Исфара каласының барлық тұрғындары сарттар, олар парсы тілінде сөйлейді" деп жазылған. Соған қарағанда 16 ғ-дан бұрын да Орта Азия қалаларының тұрғындары С. аталған. Монгол аңызында Сартақтай батыр бөген жасап, тоған қазып су шығарды. Бұл да С. отырықшы жұртқа берген атау екенін аңғартады. Қазір С. тарихи атау ретінде ғана қолданылады. Оларда руға бөліну болмады, егіншілікті, қолөнерін сауданы кәсіп етті.

Әдеб.: Бартольд В. В., Сарт, Соч., т. 2, М., 1964; Остроумов И. П., Сарты. Этнографические материалы, 2 изд., Таш., 1896; Сазонова М. В., К этнографии узбеков Южного Хорезма, в кн.: Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции 1945-1948, М., 1952 (Пр. ХАЭЭ); Вахабов М., Формирование узбекской социалистической нации, Таш., 1961, с. 24-70; Народы Средней Азии и Казахстана, т. 1, М., 1962; Бабураме, Таш., 1958; Бабураме, А., 1990, 1993.

САРЫ

Сары — 1) Ұлы жүз Албан тайпасының тармағы. Шежіре бойынша Албаннан: Сары, Шыбыл. С-дан: Сүйеркұл, Сүйменді. Сүйеркұдан туған 4 баланы "Төрт шам сегіз сары" деп те атайды. С-дан тараған аталардан Шоган, Қожамбет, Жарты, Досалы, Шажа, Алжан, Құрман, Қыстық, Токан, Баба, Жәнібек, Қара кісі, Сары, Таз деген рулар қалыптасқан. Сүймендіден тараған Бозымның баласы "С." аталады. Одан Шитемір, Мамырбай, Тайлақ деген аталар өрбиді.

С-дан тараған ұрпақ 1889 жылғы санақ бойынша 10 300 түтін. Бұлар революцияға дейін қазіргі Алматы обл-ның Нарынқол, Кеген, Ұйғыр, Шелек ауд., Қырғызстанның Теріскей Алатауын, ҚХР-дің Текес, Іле бойын мекендеген. 2) Орта жүз, Қонырат тайпасының Жетімдер румының бір тармағы. С-дан Құба, Төбей, Қосай, Барак, Ерсімбет, Сұлу, Құл, Бөгембай, Кеңжекара, Қыра, Беген, Қара аталары өсіп-өнген. Революцияға дейін С-лар 3000 түтін болған. Олар қазіргі Оңт. Қазақстан обл-ндағы Түркістан, Қантағы, Сауран, Шәуілдір, Киров, Шоқтасты мекендеген.

3) Кіші жүз, Байұлы тайпасының Алаша руынан тараған ата. С-дан Қожамберді, Қожағұл, Малай ұрпақтары өсіп-өнген. Олар қазіргі Ақтөбе, Қызылорда, Гурьев обл-тарын мекендеген.

Әдеб.: Аристов Н., Заметки об этническом составе персидского племени и народностей и сведения об их численности, СПб, 1897.

САРЫҰЙҒЫРЛАР

Сарыұйғырлар (өздерінше: сарыг югур) — ұлт, ҚХР-дегі халықтардың бірі. Қазір де Ганьсу пров-нда, Чжанье (Ганьчжоу) қ-нан Цзю-Цюань (Сучжоу) қ-на дейінгі Үлкен жолдың оңтүстігіндегі даланы, оның арғы жағындағы тау етегін мекендейді. С. өздерін ойлық (ойлығ), таулық (тағлық) деп екіге бөледі. Халқының жалпы саны 10 мың адамға жуық (1956). Діндар адамдар буддизм мен шаман дінін ұстаған. Түрік халықтарының ішінде С. ғана мұсылман дінін қабылдамаған. С. Е. Малов басқарған орыс экспедициясы (1909-11, 1913-15) олардың әдет-ғұрпын, тілін, аңыз-ертегілерін жинап қайтқан. С. 1-мың жылдыктан бұрын Монғолияның Орхон, Селенгі ө-нен және Шығ. Түркістаннан қоныс аударған.

Әдеб.: Малов С. Е., Отчет о путешествии к уйгурам и саларам. "Изв. Русского комитета для изучения Средней и Восточной Азии", СПб, 1912, №11; Потанин Г. Н., Тангутско-Тибетская окраина Китая и Центральная Монголия, т. 2, СПб, 1893, с. 435-37

САРЫҰЙСІН

Сарыұйсін — Ұлы жүз құрамында болған көне тайпа. Қазақ шежіресі бойынша Абактың немересі Бәйдібектің бәйбішесі — Сарыбәйбішеден өрбіген ұрпақ. Жалайыр Спандияр шежіресінде (жинаған Б. Бактияров) Сарыбәйбішеден Байтоқты — Мырзатаз — Жакыпқалша (Жездем Қалша) — С., ал А. Нұрбеков жинаған шежіреде Сарыбәйбіше қызынан туған жиені Сыйлықсарыны асырап алады, оны ел "С." атап кетеді. Одан Қалша, Жақып; Қалшадан Қайқы, Сопы; Жақыптан: Баба, Жаулантай, Жанай, Солтанқұл. Ежелден жазба деректерде есімі әйгілі Үйсін тайпалар одағы б. з. 3 ғ-да сақтардың тайпа одағына енген. Масудидің "Тарихи Әбілқайыр ханында" Жетісу тұрғыны ретінде үйсіндер де аталады. Орта Азия халықтарының этногенезінде Үйсін елеулі ықпал жасады. Мыс., Қырғыздың Солты тармағында усон, Кесек тобында Сарыұйсін, Бағышында Күтчуі мен Бостанында қазақтың С-дегі Қалша атасы бар. Үйсін Қарақалпақ құрамында да кездеседі. Оның Қытай тайпасында С-дегідей Қырық деген рудың болуы мұны дәлелдей түседі. Ұлы жүздің жалпылама атауының Үйсін болуы да С-нің ежелгі тайпа екенін білдіреді.

1897 ж. санақ бойынша С. 1 700 түтін, екі болыс ел болған. Мекендері: Сарытауқұм, Мойынкұм, Шуға құйылатын Құрақатты ө-нің бойы. С-нен Сарыби шешен, Алтай шешен шыққан. С. туралы революцияға дейінгі

этнографтар — П. И. Рычков, А. Левшин, Ш. Уәлиханов, Н. Абрамов, В. В. Радлов, Н. А. Аристовтың зерттеулерінде айтылады.

Әдеб.: А р и с т о в Н., Опыт выяснения этнического состава..., "Живая старина", СПб, 1894; Левшин А., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, ч. 3, СПб, 1822, с. 9-10.

СӘЛЕМДЕСУ

Сәлемдесу, амандасу — адамның бір-біріне ізет, сый-құрмет көрсетуі. С-дің кейбір халықтарда өздерінше ерекшеліктері бар. Мыс., Орталық және Орта Азия халықтарында (Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстанда) оң қолымсн сол жақ төсін басып, бас иіп С.; Шығыс және Азия халықтарында (Жапония, Үндістан, Бирма т. б.) екі алақанды біріктіріп, маңдайға тигізе бас иіп С.; Европа халықтарында қол алысып, алыстан келсе, ұзақ көрмесе бір-бірін сүйіп С.; Қытайда бас иіп С.; түрік тектес кейбір халықтардың ескі дәстүрінде келіндер жолы үлкен, жасы үлкен қайын жұртына сол тізесін бүгіп, ал қайын аға, қайын атанын үйіне енгенде оң тізесіне екі қолын тигізіп, сол аяғын бүгіп үш рет сәлем жасаған. Әр халықтың тұрмыс салтына, діни нанымына қарай амандасуы да әр түрлі. Мәселен, қытайлар тамақ іштің бе? десе, қазақтар мал-жан, ел-жұрт аман ба? ал арабтар ассалаумағалейкум (Сізге тыныштық болсын), Уағалейкум-муссәлем (Сізге де бейбітшілік болсын), ал европа халықтары денің сау ма, қайырлы таң деп сәлемдеседі. Қазақтарда жасы кіші адам бұрын сәлемдеседі, егер үлкен адам бұрын амандасса, оған жауап беріп қайыра сәлемдеседі.

С И Қ Ы М

Сиқым — Дулат тайпасының бір тармағы, рулар бірлестігі. Шежіре дерегі бойынша дулаттан С., Жаныс, Ботбай, Шымыр. Мұның төртеуі де рулар бірлестігі. С-нан: Аққойлы, Қарақойлы, Қусирақ, Шуылдақ, Әлсейіт, Жансейіт. Енді бір шежіреде С-нан: Мырзасейіт, Байсейіт, Токсейіт, Құлсейіт тарайды да, Мырзасейіттен — Аққойлы, Қарақойлыны өрбітеді. Қалайда сонғы екеуінің орта ғасырдан әйгілі түркі руы екені жазба деректерден белгілі. С. — өте көп тараған ел, "Сиқым көп пе, киқым көп пе" деген мәтел де содан калса керек. С. 19 ғ-дың 2-жартысында Ботбай, Шымырмен араласып, Әулиета у-нің Шу, Аса, Талас ө-нің бойын, Верный у-нің Қаскелең, Қараой өңірін, Кіші Алматы, Қаскелең, қарасу ө.,

Алатаудың Ащыбұлақ қойнауын мекендеген. Н. И. Гродековтың жазбасы бойынша Таңбасы \succ / O (дөңгелек), (бұрыш), (көсеу). Мұның ішінде Дулатқа тән таңба — дөңгелек. Ұлы жүздің ішінде көсеу таңба Қаңлыда, Албанның Сақауында, Ыстыда бар. Бұрыш таңба Найман мен Алшында кездеседі. Бұл — С-ның ежелгі тайпалармен аралас екендігінің бір айғағы.

Әдеб.: Ю д и н В. П., О родоплеменном составе могулов, А. — А., 1967, с. 53-54; А р и с т о в Н. А., Опыт выяснения этнического состава киргиз-кайсаков Большой Орды..., "Живая старина", в. 3-4, СПб, 1894.

С И Ы Р Ш Ы

Сиыршы — Жалайыр тайпасының Сырманақ тармағынан тарайтын ру. Орыс геогр. қоғамының Н. А. Абрамов басқарған зерттеушілері жинаған мәліметінде 1864 ж. С-дан тараған Сырымбет, Бәйімбет аталары 800 түтін. Қыстауы — Жалғызағаш пен Лаба тауы, жайлауы — Ешкіөлместе — Қызылжора сайы, Қараталдың оң жағы, Ықылс. Н. Аристов деректеріне қарағанда Жалайырдың өзге рулары сияқты С-ның қазақ, қырғыз руларымен араласканы байқалады. Мыс., С-ның Сырымбет тармағы Албан тайпасына сіңген. С. негізінен мал бағуды кәсіп еткен, ұраны мен таңбасы Жалайырмен бірдей.

Әдеб.: А б р а м о в Н. А., Река Каратад, с ее окрестностями, "Записки императорского географического общества", т. 1, СПб, 1869.

С У А Н

Суан — Ұлы жүз құрамындағы ежелгі тайпа, 11 арыс елдің бірі. Шежіре деректері бойынша Бәйдібектің екінші әйелі Домалақ ененен Албан, С., Дулат. С-нан Байтүгел, Тоқарыстан. Тоқарыстаннан Мұрат, Орыс, Түрлембет; Байтүгелден Жылкелді, Елтынды. С-дар көне жазба деректерден белгілі. Рашид ад-дин С. 5-6 ғ. Дулу (Дулат) тайпасының одағына кірді десе, А. Н. Бернштам 5 ғ-да Жетісудағы Үрбі (Юебань) тайпасы Чубань аталып Дулат, Албан одағында болды деген тұжырым жасады. Бұл үш тайпа 5 ғ-дан бүгінге дейін Жетісуды мекен етіп келеді. 19 ғ-дың 1-ширегіндегі құжаттарда С. Тоқарыстан, Байтүгел, Бағыз, Жесегір руларына бөлінген. 1867-68 ж. санақта С. 1025 түтін. Сол кездегі Жаркент уезінің солт. жағында Ілеге дейін, оңтүстігінде Көктерек ө-нің бойын жайлаған. Байтүгелдің қыстауы — Бұрхан ө-нің ойпаты, Өсек, Шыбжын, Қорғас ө-дерінің жағасы, Алтынкөл мен Іленің жағасы; Тоқарыстанның қыстауы — Құмның батыс

бөлігі, Іде жағалауы, Өсектің орта ағысы. Таңбасы (дөңгелек), рулық ұраны — Байсуан, тайпалық ұраны — Райымбек.


Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв., А. — А., 1964, с. 223-24; Аристов Н. А., Опыт выяснения этнического состава "Живая старина", СПб, 1894, в. 3-4.

СҮЙЕРКҰЛ

Сүйерқұл, Сүйменді — Албан тайпасының Сары тармағынан тараған рулар атасы. Сүйерқұлдан: Досалы, Шоған, Қожбанбет, Жарты (бұл төртеуі "Сегізсары" деп те аталады); Сүймендіден: Айт, Бозым, Қыстық деген рулар қалыптасады. А. Нұрбековтың шежіресіне қарағанда (Қаз. ССР. ҒА-ның қоры) бұл рулардың көпшілігі 19 ғ-дың ақырында ру бірлестігіне айналып, бұлардан Алжан, Шажа, Сары, Құрман, Баба, Жәнібек, Тоқан рулары бөлінген. Бұл атадан тараған рулар Жаркент, Верный у-н, Қытайдың Шыңжаң өлкесін мекендеген. С-дан Сәмен, Диканбай, Ханкелді, Райымбек, Ұзақ батырлар шыққан.

Әдеб.: Валиханов Ч., ч., Собр. соч., т. 1, А. — А., 1961, Аристов Н. А., Опыт выяснения этнического состава..., "Живая старина", СПб, 1894, в. 3-4.

СЫПАТАЙ

Сыпатай — Ұлы жүз Жалайыр тайпасынан тараған рулар бірлестігі. Диканбай шежіресі бойынша (Н. Аристов жазып алған) Жалайырдың Шуманак тармағынан өрбіген алты бірлестіктің бірі. С. алты атаға бөлінеді: Ақмарка, Қарамарка, Сауық, Шалымбет, Есеней, Күшк. Көне оғыздардың ішінде Аққойлы, Қарақойлы болғаны сияқты С-да Ақмарка, Қарамарка тармағының болуын бұлардың түрік қағандығынан өрбігенін, Шу мен Сырдың тайпаларының ежелгі бірлестігінің құрамында болғанын дәлелдейді. Н. Аристов Алтайдағы Марка көліне байланыстырып сол жерді жайлаған Қарлұқтардың бат. бөлігіне де қатысты деген пікір айтқан. Н. А. Абрамовтың еңбегінде 19 ғ-дың 2-жартысында С. руы 780 түтін. Мекендері бүгінгі Талдықорған обл-ндағы Ешкіөлмес, Лабасы, Мұрын, Алтуайт, Кеден жерлері. Биі — Тоқтамыс Ақынбайұлы, ел басшысы — Камбар Аланұлы. Ұраны — Бақтияр, таңбасы —  (тарақ).

Әдеб.: Абрамов Н. А., Река Каратал с ее окрестностями, "Зап. Императорского географического общества", т. 1, СПб, 1867.

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫ

Сырдария облысы (1867) — Түркістан ген.-губерна-торлығының құрамында болған әкімш.-территориялық бөлік. Облыс патша үкіметінің 1867 ж. 11 июльдегі "Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы ережесіне" байланысты құрылды. С. о. солтүстігінде — Торғай, Ақмола, шығысында — Жетісу, оңтүстігінде — Ферғана, Самарқан обл.-тарымен, Бұқарамен, ал батысында — Арал т-зімен шектесті. 1886 ж. жері 403253 км², яғни бүкіл Түркістан өлкесі жерінің 70%-ін алып жатты. Бұл аймақ көлемі жағынан Испания жеріне тең, ал Франция жерінен аз ғана кем еді. Халқы 1894 ж. 1 479 845 (оның 804 134 еркек, 675 714 әйел) адам болды.

Облыстың негізгі тұрғындары қазақ пен қырғыз (60%), өзбек (25%), қарақалпақ (7%), орыстар (4%), тәжіктер (1%) және татар, еврей, цыган, үнді (3%) т. б. халықтар мекендеді. С. о-ның құрамына Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Ходжент және Жизак у-дері кірді. 1886 ж. Ходжент және Жизак у-дері Самарқан обл-на беріліп, С. о-на Амудария у-зі қарады. Әрбір уезд рулық тұрғыдан емес, жер ыңғайына қарай болысқа, 100-120 түтіннен құралған әкімш. ауылдарға бөлінді. Болыста бір мыңнан 2 мыңға дейін, кейде 3 мыңға дейін түтін болды. С. о-ның қыстақтарында полициялық және жарлық ету билігін ақсақалдар атқарды, оларды әскери губернатор бекітті.

Қоныс аударушы орыс шаруалары 19 ғ-дың 70 жылдарынан бастап негізінен Шымкент, Ташкент, Әулиеата у-деріне орналаса бастады. 1874-82 ж. облыста 6 шаруа кешені құрылса, 1884-90 ж. — 14, 1891-92 ж. барлығы 37 кешен орнады. (к. Қазақстанға шаруалардың қоныстануы), 1903 ж. 10 июньде "Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстарындағы қазыналық жерлерге өз еркімен қоныстану туралы" ереже бекітілді. 1904-05 ж. патша үкіметі Қазақстанға қоныс аударушыларды 5 ауданға бөлді, соның бірі С. о. еді. Столыпиннің агр. реформасының күшейген кезінде С. о-нда қазақтар тұратын аудандарда 500 мың десятинадай жер, соның ішінде Шымкент у-нде 181 793 десятина, Әулиеата у-нде 104 398 десятина жер таратылды.

Қоныс аударудың әлеуметтік-экономик. жағынан алғанда прогрессивті маңызы болды. Облыс халқының жартысына жуығы көшпелі еді. Облыс бойынша 1 км² жерге 3,5 адамнан келсе, суармалы алқапта 1 км² 100

адамнан келді. 526 000 десятина егістік суарылды, оның тең жартысына жуығы Ташкент у-не карады. Мұнда Шыршық, Ангрен, Келес ө-нің алқабы суарылды. 1898 ж. 5 479 мың пұт күріш, 209 мың пұт жүгері, 5 317 мың пұт күздік бидай, 4 826 мың пұт арпа, 3 817 мың пұт тары, 209 мың пұт картоп жиналды. Ташкент, Шымкент у-дерінде, Амудария бөлімшесінде мақта егілді. 1900 ж. мұның көл. 43 000 десятинаға жетіп, 780 мың пұт таза талшық берді. Облыста 1898 ж. 434 мың жылқы, 546 мың сиыр, 4 755 мың қой-ешкі, 395 мың түйе, 121 мың шошқа, 20 мың есек өсірілді. Әулиеата у-нде 2 жылқы заводы болды. 1901-05 жылдары салынған Орынбор — Ташкент т. ж. Ұлы Окт. Революциясына дейінгі Қазақстандағы басты темір жол болды. Орынбордан Қазалыға (790 шақырым) тартылған темір жол С. о-ның территориясы арқылы өтті.

Облыста өнеркәсіп баяу өркендеді. 1897 ж. 200 мың пұт ас тұзы, Ташкент у-нде 62 мың пұт тас көмір өндірілді. Мал терісін, мал өнімдерін, өңдейтін заводтар ғана болды. Май шайқайтын 123 заводтың жылдық өнімі 40 мың сомнан аспады. 1899 ж. мақта тазалайтын, сыра, шарап шығаратын және темекі тазалайтын 46 завод, фабрикалар болды. Совет өкіметі орнағаннан кейін С. о. Түркістан АССР-інің құрамына енді, жаңа әкімш. бөліске байланысты жойылды.

С Ы Р М А Н А Қ

Сырманақ, свинамақ — Жалайыр тайпасының бір тармағы, рулар бірлестігі. Қыдырғали Жалаиридің, Рашид ад-Диннің, Ш. Уәлихановтың жазбаларына қарағанда С. — ежелгі оғыздардан тараған Сырдария тайпасы. Түрік қағандығының басын құрған Сыр мен Шу тайпаларының бірі. Жетісу, Орта Азияда, Иран жерінің әулеттері құрылуына елеулі ықпал еткен. "Манақ" атауы алғаш рет 10 ғ-да "Худуд-әл Алмада" кездеседі. Н. А. Абрамовтың жазбасы және Диканбай шежіресі бойынша, С. бес руга бөлінеді: Арықтыным, Байшегір, Сиыршы, Балғалы, Қайшылы. Бұлардан көп кейін тарихта белгілі болған Күшік руы Балғалымен еншілес саналады. 19 ғ-дың 2-жартысында бұл рулар 2 мың 930 түтін, олар бүгінгі Талдықорған обл-ндағы Қаратал ө. мен Балқаш көлінің жағалауын, Арқарлы, Алтынемел, Шолақтау т. б. жерлерді мекен еткен. С-тың жауға шабатын ортақ ұраны — Бақтияр, таңбасы \mathcal{L} (тарак).

Әдеб.: А р и с т о в Н., Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды..., "Живая старина", СПб, в. 3-4, 1894; А б р а м о в Н. А., Река Каратал с ее окрестностями, "Зап. Императорского географического общества", т. 1, СПб, 1867.

С І Р Г Е Л І







Сіргелі — тайпа, Ұлы жүз құрамындағы 11 арыс елдің бірі. Қазақтың барлық шежіре деректеріне қарағанда Үйсінмен бірге туған. Ақарыс — Кейкі — Төле би — Майқы — Бақтияр, одан Ойсыл, Үйсін. Диканбай шежіресі бойынша С-ден: Байжігіт, Қарабатыр, Батыр, Үштаңбалы, Айт-Бозым, Елубай, Төрттаңбалы, Жаңабай. Ал Б. Бақтияровтың Спандияр шежіресінен жазған талдауында Ойсылдың 30 ұлынан қалған үш ата: Өтеп (Туғанбалы), Байлы, Бораш. Байлыдан Рысби, одан Ақсиық, Қожасиық, Құлыншық, Қарасиық. Бұл төртеуі С. аталады. Бораштан Кеңірдек, Қайшылы, Өтептен Қарабатыр, Батыр, Айт-Бозым рулары тарайды. Бізге жеткен жазба деректерде С. атауы алғаш рет Рузбеханның "Михман наме-и Бухара" шығармасында 15 ғ-дың аяғынан 16 ғ-дың басынан ғана белгілі. Мұнда қазақтар Итилдің (Еділдің) бойында көшіп жүрді дейді. Мұндағы ру-тайпалар негізінен Ноғай ұлысына тән болғаны тарихтан белгілі. Ол тайпалардың көпшілігі қазақ құрамында да бар (Найман, Қыпшақ, Үйсін т. б.).

Ноғайлыда аталатын тайпаның бірі — С. (Серкелі), оның Үштаңбалы руы. Сол кезеңдегі автордың бірі Абдаллах Насураллахидың (Абдолла бн Мухаммед бн Әли Насралла) "Зубдат әл-асар" жазбасында Ноғай ордасы ыдырап, маңғыт (ноғай) жасақтары алғашқы қазақ хандығына қосылып, Қасымханға бірігіп Ташкент пен Түркістанға шабуыл жасаған. Рузбехан жазбасында Еділ бойының қазақтары Сырдың бойын қыстап, Түркістан маңына дейін көшіп, қонған. Керей мен Жәнібек жорықтарына қатысып та, Түркістанды қоныстануы мүмкін. Ал Н. А. Аристовтың шежіре жазбасында С. — Оңт. Қазақстанды мекендеген ежелгі тайпа. Мұның құрамындағы Айт-Бозым руы Албан тайпасында Айт, Бозым делініп екі ру аталады. Шежіре деректеріне қарағанда Албанның Айт, Бозымының біраз аталары Ташкент жақта тұрған. Сондай шежіренің бірі — Қаз. ССР ҒА-ның Тарих, этнография, археол. ин-тына табыс етілген А. Нұрбеков шежіресі. 19 ғ-дың ақырында С. Шымкент, Әулиеата, Ташкент у-дерінің жерін мекендеген. Ежелгі кәсібі — мал бағу, егіншілік. С-нің таңбасы $\mathcal{F} \approx \mathcal{C} \approx \mathcal{X}$

(мұрындык, сірге). Бұдан өзге де таңбалары бар. Бұлар қурай таңба аталады. Екінші таңба (+) Орта жүздің Керей, Кіші жүздің Телеу руларында да кездеседі. Соңғы таңба С-нің Уштанбалы руынікі. Бұл таңба өзбек құрамындағы Локайда, Қарақалпақтың Қият тайпасының құрамындағы Уштанбалы руының таңбасына да сәйкес.

Әдеб.: Ибрагимов С. К., "Михман наме-и-Бухара" Рузбехана как источник по истории Казахстана 15-16 вв., Новые материалы по древней средневековой истории Казахстана, А. — А., 1960, с. 144-45; Аристов Н., Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды..., "Живая старина", в. 3-4, СПб, 1894; Баскаков Н. А., Ногайский язык и его диалекты, М. — Л., 1940, с. 138-40.

ТАБЫН

Табын — Жетіру тайпасының үлкен руы. Т. туралы алғашқы дерек М. Тевкелевтің еңбегінде кездеседі. Монғол шапқыншылығына дейін Бат. Қазақстан даласында Т-дар мекендеген. Олар саяси-экономика жағдайға байланысты ыдырап, біраз бөлігі солтүстікке қоныс аударып башқұрттарға қосылған. Бұл жайында саяхатшы Ибн-Фадлан жазбасында көрсетіледі. С. И. Руденконың зерттеуінде монғол шабуылына дейін башқұрттар он екі арыс ел болған, соның бірі Т. аталған. Т-ның таралуы жайында әр түрлі деректер бар. М. Тынышбаев зерттеуінде Т. Жаманкерей, Бозым, Бегім, Қайырқожа деген төрт атаға бөлінеді. Ал енді бір шежіреде Т-нан: Шөмішті, Тарақты, Көсеп. Окт. революциясына дейін Шөмішті ұрпағының қыстауы Сам құмы мен Үстірт өңірі, жайлауы Жем ө-нің басына дейін баратын. Тарақтының ұрпақтары Орынбор, Ақтөбе, Елек маңында, негізінен Қара Қобда, Кіші Қобда, Үлкен Қобда ө-нің бойларын мекендеген. Көсеп ұрпағының қыстауы Борсық құмдары мен Сырдың төменгі ағысы, жайлауы Торғай, Тобыл ө-нің бойлары. Таңба, ұран деректеріне қарағанда Т. құрамында қазақтың өзге де тайпаларынан қосылған аталар тайпа бөліктері бар. Т-ның жалпы рулық таңбасы —   (тостаған); оған қоса —  (шөміш, Шөмішті Табында); (тарак, Тарақты Табында) және —  (әліп). Бұл таңбаларға қарап этнограф ғалымдар олардың туыстық тамыры Ұлы жүздің Жалайыр, Албан, Дулат тайпаларына туыс деген тұжырымға келеді. Таңбаға қоса Т-да да, Албанда да Бозым деген ру бар. Әліп немесе шылбыр  аталатын таңба Қаңлыда, тарак таңба  Жалайырда кездеседі. Т. шежіресінің бір жазбасы "Қырғыздың жер пайдалануы туралы материалдар" деген жинақта жарияланған. Онда:

Т — Жалайыр, Жаман Керей (Тарақты табын) деп жазылған. Табындардың өзге рулармен араласуын ұрандарынан да байқауға болады. Н. И. Гродековтың дерегі бойынша Сырдария Т-дарының ұраны — Серке, Тостаған. Батыс Т-дарының ұраны — Алаш.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв., А.-А., 1968, с. 406. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией Ф. Шербины. Тургайская область, Актюбинский уезд, т. 7. Воронеж, 1903, с. 1-14.

ТАҒАЙ

Тағай — қырғыз тайпаларының түп атасы. Шежіре деректері бойынша Қырғызбайдан Ақуул, одан Абыл, Қабыл екі бала туады. Т. — Абылдың немересі. Т-дан Богоарыстан, Қойлан, Қилджер, Қылджир. Бұл үш атадан он арыс ел өрбіген. Абыл балалары немесе Он қол Т-дан тараған он тайпаны — сол, ал Қабылдан тараған 4 ру [Сары, Котче, Мұндыз (Мундуз), Қытай] Сол қол деп аталған. Т-дың он тайпасынан көп өскені Бұғы (Бугу), Сарыбағыш, Саяк, Черік. 19 ғ-дың ақырында Бұғының 10 мың түтіні Ыстықкөлдің оңт. жағалауын, Зауке ө-нің бойын, Мұзарт етегін, Сырт жайлауын; Сарыбағыштың 10 мың түтіні Теріскей Алатаудың Күрметісін, Қаскелең ө-нің басын; Саяк Ыстықкөлдің оңтүстігін, қалғандары Шығ. Түркістанның Ақсу, Үш Тұрфанды, Атбашы-Арпа деген жерлерді және Сырдың жоғ. жағын қоныстанған.

Әдеб.: Валиханов Ч. Ч., Записки о киргизах, Собр. соч., т. I, А.-А., 1961; Аристов Н., Опыт выяснения этнического состава..., "Живая старина", СПб, 1894.

ТАЗ

Таз — 1) Кіші жүз Байұлынан тараған ру. Шежіре деректері бойынша Т-дан Абдал, Келдібай, Жастабан, Шарғи аталары өрбіген. Жазба деректерде Т. алғаш рет М. Тевкелев еңбектерінде Тілеумен бірге айтылады. Бұл рулар башқұрт халқының құрамында да болған. А. Ю. Якубовский зерттеуінде Абдал тайпа ретінде 4-5 ғ-дан белгілі екені және ол тайпа рулары түрікменге де, қазаққа да қосылған деген тұжырым жасайды. Түрікмен Абдалдары 18-19 ғ-да Маңғыстауды мекендеген. Т-дарға сол кездерде де араласуы мүмкін. Абдал өзбектің Локайында, қырғыздың Сарыбағыш тайпаларының құрамында да кездеседі.

Т-дың жауынгерлік ұраны Бақай, таңбасы — Σ . 2) Албан тайпасының Бозым тармағынан өрбіген ру. Шежіреші Ережеп пен Алдаберген Нұрбековтың шежіресі бойынша Бозымнан Сары, Т. (Шобал) рулары қалыптасып, олармен бірге туған Жаншық ата дәрежесінде қалған. Сарыдан: Шитемір, Мамырбай, Тайлак; Жаншықтан Әлмерек, Олжай; Т-дан Боздақ, Ноғай. Жаншықтың Әлмерегі өткен ғасырда рулар бірлестігіне айналып, одан Құрман, Тоқан, Баба, Жәнібек, Қаракісі деген рулар бөлінген. Т. ұрпақтары Окт. революциясына дейін Теріскей Алатаудың Тоғызбұлақ, Орта Меркі, Шет Меркі, Торнайғыр, Шырғанақ деген жерлерінде көшіп-қонып көшпелі тіршілік еткен. Біраз бөлегі Шынжаң өлкесінің Текес бойын, Ыстықкөлдің солт. жағасын мекендеген. Ұраны — Боздақ, Әлмерек, Жауынгерлік ұраны — Райымбек. Таңбасы — Ω .

3) Ысты тайпасынан өрбіген ру. Жазба шежіре дерегінде Ойықтан таратылады. Ал А. Нұрбеков шежіресі бойынша Ыстыдан Жауатар, одан Ойық, Тілік, Көкшекөз, Аузыүсіген, Сәйтек. Аузыүсігеннен: Есім, Малай, Т., Құланшы. Бұлардың ішінде ру атанғаны Т. Одан Әлмембет, Сарыкемпір аталары тараған, Т. ұрпақтары Окт. революциясына дейін Шымкент у-нің Қаратау жағын, Верный у-нің Топар болысын, Іле бойын мекендеп мал өсіріп, дәнді дақыл егумен айналысқан. Атақты шешен Белтірік батыр, Бұғыбай батыр Т. руынан шыққан. Ұраны — Жауатар, таңбасы — \equiv . (сірге қурай).

4) Орта жүз Ашамайлы Керейден тараған ру. Т. Айтуар, Хангелді, Шаң, Естай, Достан деген аталарға бөлінеді. Т. Керей Окт. соц. революциясына дейін 180 түтін болған. 17 ғ-да Жоңғар шапқыншыларына қарсы азаттық жолындағы күресте қол бастаған Қара батыр осы Т. Керейден шыққан. Ұраны — Ошыбай, таңбасы \neq (Ашамай).

5) Ұлы жүз Жалайыр тайпасының Күшік руының атасы. Шежіре деректері бойынша, Т-дан Есентүгел (Маңқы, Марқа, Асан, Бекназар), Еспенбет (Досай, Бабы, Бақы, Жаманқара, Көтей, Сирак) аталары тараған. Бұлар Окт. революциясына дейін Балқаш көлінің оңтүстігінде Іле, Қаратал ө-нің төм. ағысында мекендеген. Бұлардың ұраны мен таңбасы жалпы Жалайырдікімен бірдей.

Әдеб.: Аристов Н., Заметки об этническом составе... "Жизнь старина", СПб, 1894; Востров В. В., Муқанов М. С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968.

ТАМА

Тама — Кіші жүз Жетіру тайпасынан тараған ру. Бұл жайында дерек орыс әдебиетінің 1748-65 ж. жазбаларында М. Тевкелев пен П. И. Рычковтың тізімінде келтіріледі. Рашид ад-дин жылнамасында Монғолдың Енисей қырғыздары ішіндегі Барғыбурут тайпасының тармағы тума (туматэ) аталған. Сол тумалардың Т. болуы ықтимал. Мәселе атының ұқсастығында емес, Т. қырғыздарда да, Найманда да бар. Қырғыздың Саруу руында түбі қазақ аталатын Ақынай атасы Т. ішінде де солай аталады. Шежіре дерегінде Т. Есенкелді, Жоғы, Жабал деген үш атаға бөлінеді. Н. И. Гродеков пен Мейер т. б. зерттеу деректерде Т. Қыпшақ таңбалы (\leftarrow , көсеу). Бұған бір айғақ Т-лар негізінен ежелгі Қыпшақ жерін, Оңт. Оралды, Орал мен Тобыл ө-нің сағасын мекендеген. 14-16 ғ. Шұра батыр бастаған Т. Дешті Қыпшақтағы, Қазақ хандығындағы, Ноғай ордасындағы іргелі елдің бірі болды. Окт. революциясына дейін бұлардың көпшілігі Орынбор, Ақтөбе, Троицк маңында, азғана тобы Орт. Қазақстанды, Сарысу ө-нің мекендеді. Ұраны — Қарабура.

Әдеб.: Рашид ад-дин, Сборник летописей, СПб, 1855, с. 130, 167; Востров В. В., Муқанов М. С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968.

ТАРАҚТЫ

Тарақты — Орта жүз құрамындағы тайпа. Т. ежелгі одақтар мен мемлекеттердің құрамына енуі жайында жазба әдебиетте деректер кездеспейді. Оның шығу тегі жөнінде қазақ шежіресінде бірізділік жоқ. Шежіре деректері бойынша, Ақжолдан: Қыпшақ, Арғын, Найман, Қоңырат, Керей, Т., Уақ Т-дан: Апай, Тоқтауыл, Қыдыр, Жәші (Жасши), Әлі, Сары, Әйтей, Қосанақ, Алакөз, Шәуке, Әлеуке, Көгедей болып он екі арыс ел тарайды. Т. революцияға дейін Орт. Қазақстанның Ақтау, Қызылтау, Ортау мекендерін, Жоғ. Сарысу, Көктің көлі, Есіл, Нұра ө-дерінің бойын мекендеген. 1897 ж. санақ бойынша Т. 4000 түтін, ал 1829 ж. Қарқаралы округында 9 ауыл, 590 түтін болған. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте Т-ның батырлары Наймантай, Байқозы есімі (к. Байғозы батыр) аңызға айналған. Бетпақдаланың Арқа жақ шетінде, Шажағай ө-нің бойында Т. Алтыбай батырға ескерткіш күмбез соғылған. Ұраны — Жауғашар, Байқозы, таңбасы — (тарак).

Әдеб.: Аристов Н. А., Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности, СПб, 1897; Коншин Н. Я., Заметки о происхождении родов Средней Киргизской Орды, в. 4, Семипалатинск, 1900; Востров В. В., Муканов М. С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968.

ТАТАР

Татар — ұлт, Тат. АССР-інің негізгі халқы (1970 ж. санақ бойынша 1 536 мың); СССР-дің көптеген аудандарын мекендейді, СССР-де 5 931 мың адам (1970) татар тілінде сөйлейді. Дінге сенуші Т-лар — мұсылман-сунниттер. Т. этнонимі Байкалдың оңт.-шығ. жағын мекен еткен көшпелі монғол тайпаларының арасында 5-9 ғ-да белгілі болды. Қытай жазбаларына қарағанда 8-9 ғ-да (Солт. Монғолияда, Амур жағалауында, Маньчжуриядағы көшпелі тайпа) "та-та", "та-тань" аталған. 13 ғ-да монғол шапқыншылығы кезінде Т. Европаға қоныстанып, 13-14 ғ-да Алтын Орданың құрамындағы Евразия халықтарына сіңіседі. 16-19 ғ-да орыс жазбаларында, құжаттарында Орыс мемлекетінің құрамындағы шет аймақтардағы азербайжандар, Солт. Кавказ және Орта Азияның, Еділ бойының т. б. жерлердегі біраз түрік халықтары да Т. аталды. Бұлардың кейбіріне Т. атауы этнонимге айналды.

Орал өңірі мен Еділ бойына түрік тілдес тайпалар б. з. 3-4 ғ., ғұндар мен өзге де көшпелі тайпалардың Шығ. Европаға жасаған шапқыншылығы кезінде келе бастаған. Олар бұл жердің тұрғындары фин-угор халықтарының мәдениетін де қабылдап, сүйек-шатыс болды. 5-7 ғ-да Түрік қағандығының шапқыншылығы кезінде бұл өлкеге тағы да түрік тілдес тайпалардың легі ағылды. 7-8 ғ-да Азов жағалауынан бұлғар тайпасы да (бұл да түрік тілдес халық) қоныс аударып келді. Олар бұрын түрік және фин-угор халықтарымен бірігіп, 10 ғ-да Еділ-Кама Бұлғариясы аталған мемлекет құрды. 13-15 ғ-да түрік тілдес халықтардың көпшілігі Алтын Орданың құрамына енгенде Т. тілі мен мәдениетіне біраз өзгеріс енді. 15-16 ғ. феодалдық жеке мемлекеттер (Казан, Астрахань, Қырым, Сібір т. б. хандықтар) құрылғанда Т.: еділдік-оралдықтар (Казан Т-лары, мишарлар), астраханьдық, сібірлік, қырымдық Т-лар аталды. Еділдің орта ағысы мен Орал маңындағы Т-дың мәдениеті дамыған ел еді. 19 ғ-дың ақырында Т. бурж. ұлт болып қалыптасты. 1863 жылғы санақ бойынша Қазан Т-лары (Қыпшақ ордасының тұқымы) 1040 мың адам, Қырым Т-лары (Қырым Ордасының Т-лары Қыпшақ ордасынан бөлінген) 100 мың,

Астрахань Т-лары 10 мың, Сібір Т-лары (Көшім ордасынан) 62 мың болды. Т. Қазақстанның Семей, Верный, Қапал қ-ларын, Жетісу, Семей обл-тарының ауылдарын мекендеді. Олардың жалпы саны 4700 адам еді. Кавказдық немесе тау Т-ларының өзге Т-лардан тілінің, әдет-ғұрпының айырмашылығы болды. 1863 ж. бұлардың саны 780 мың адам. Россияның Европа бөлігінде — Каспий мен Қара теңіз аралығындағы кең далада көшіп-қонып жүрген ноғайлар да Т-лар деп аталды. Бұдан өзге де Сағай Т-лары, Качин Т-лары т. б. атаулары кең тарады. 1863 ж. санақта Россия империясындағы Т-лар 2140 мың, осының 126 мыңы көшпелі тіршілік етті.

Ұлы Окт. революциясына дейін Т-дың негізгі бөлігі егін шаруашылығымен айналысты; Астрахань Т-ларының басты шаруашылығы мал өсіру мен балық аулау болды. Т-лардың басым көпшілігі қолөнер кәсібімен айналысты. Материалдық мәдениеті ұзақ дәуір бойы бірнеше түрік және тұрғын халықтарының, Орта Азия елдерінің мәдениетімен біте қайнасты. 18 ғ-дың соңынан, әсіресе капитализм кезеңінде орыс мәдениетіне жақындай түсті. Еділдің орта ағысы мен Орал маңындағы Т. үйлерін бөренеден қиып салып, ауласын қоршап, сыртын көп түсті бояулармен әшекейледі, ал Астрахань Т-лары көшпелілердің дәстүрін сақтап, жаз бойы киіз үй тігіп отырды.


Т-лардың еркектері де, әйелдері де балағы кең шалбар; жейде (әйелдер омырауына кестелеген алқа салған), оның сыртынан жеңсіз қамзол, қыста сырыған, кейде терімен астарланған бешпет киген. Ерлер көбінесе тақия, қыста тері тымақ киіп, әйелдері орамал тартқан.

Т-дың көптеген тобы Окт. революциясынан кейін автономия алып социалистік ұлт құрған Еділдің орта ағысы мен Орал маңындағы Т-ларға етене араласты.

Совет өкіметі жылдарында Т-лардың экономикасында, мәдениеті мен тұрмысында түбегейлі өзгеріс болды. Олардың 57%-і (1970) қалада тұрады, өнеркәсіптің, ғылымның, мәдениеттің түрлі саласында қызмет етеді. Қазіргі заманғы Т. мәдениеті ұлттық мәдениетінің өнегелі дәстүрлерін сақтай отырып, өзге де халықтардың мәдениетімен тығыз байланыста өсіп келеді. Ғылым, әдебиеті мен мәдениетінің әр түрі гүлденген елге айналды.

Әдеб.: Происхождение казанских татар, Казань, 1948; Татары Среднего Поволжья и Приуралья, М., 1967; Мухамедова Р. Г., Татары-мишары, М., 1972; История Татарской АССР, Казань, 1973; Халиков А. Х., Татар халқының қилепчығышы, Казань, 1974; Вопросы этногенеза тюркоязычных народов Среднего Поволжья, Сб. ст., Казань, 1971; Географическо-статистический словарь Российской империи, СПб, 1865, т. 5.

ТАУБАСАР

Таубасар, Таубазар, Сүйменді — Албан тайпасының тармағы, рулар бірлестіктерінің атасы Н. Аристов жазбасында Албанның Сары тармағынан Сүйеркүл, Сүйменді, ал В. В. Востров пен М. С. Мұқанов жазбасында, Ережелі шежіресінде Сүймендіні "Таубасар" деп атайды. Сары, соңғы атау лақап аты болса керек. Өйткені барлық шежірелерде Сарыдан — Сүйеркүл, Сүйменді деп жазылған. Т-дан Айт, Бозым, Қыстық рулар бірлестігі өрбіген. Айттан — Таңатар, Уанашы, Мамадайыр, Абыты. Бұлардың ішінде рулық дәрежеге жеткені — Танатарлар. Т-дың Айт, Бозымының бір тармағы Ұлы Окт. революциясына дейін Ташкент у-н мекендеген. Т-дан тараған ұрпақ 19 ғ-да Верный, Жаркент, Қарақол у-дерін, Іле Алатауының, Теріскей Алатаудың, Кетпен, Қулық, Торыайғыр тауларының бөктерін, Шыңжаңның Текес бойын мекен еткен. 1889 жылғы деректе Айт, Бозым 3 000 түтін, 1865 жылғы деректе Қыстық 1070 түтін. Ұраны — Райымбек, таңбасы —  дөңгелек.

ТАШКЕНТ УЕЗІ

Ташкент уезі — 19 ғ-дағы әкімш. аймақ. Сырдария обл-ның оңт.-шығ. жағын, оңтүстігінде Самарқан, Ферғана обл-тарымен шектескен. Жер көл. 43,348 км², халқы 447 724 адам (1897), оның ішінде қала тұрғындары 156414. Жері құнарлы, халқы негізінен егіншілікті кәсіп еткен. Егісін Шыршық ө-нен тоғандар тартып суландырған. Бұлар — Қарасу, Боссу, Заһ, Ескендір аталған. Алғашқы 3 тоған ежелден белгілі болған. Ал соңғысы 1887 ж. қазылған. Негізгі халқы көшпелі, отырықшы деп бөлінген. Көшпелілері 250 000, екіншісі 50 000 түтін, Т. у-нің суармалы егіншілігі 282 205 десятина. Мұнда негізінен бау-бақша күріш, ал осы егістіктің 100 000 десятина алқабына бидай егілген. Астық көбінесе Шыршық ө-нің сол жағасына, Ангрен ө. ойпатына себілді. 1900 ж. 32 000 десятина жерге мақта егіліп, 1 766 000 пұт шитті мақта өндірілді. Т. у-нде 1900 ж. 58 120 жылқы, 9 860 түйе, 129 710 ірі қара, 253 170 қой, 86 600 ешкі, 5 120 есек, 200 шошқа болды. Завод-фабрикалар Ташкент пен оның төңірегінде орналасты. Мұнда мақта өңдейтін 16 кәсіпорын болды. Тұрғын халықтың қажетін өтейтін коләнер кәсіпшілігі едәуір дамыған-ды.

ТЕЗЕК ТӨРЕ

Тезек төре (т.-ө. ж. белгісіз) — Ұлы жүздің аға сұлтаны (19 ғ.), ақын. "Арғы атам Әділ төре Абылайдан" дегеніне қарағанда, Абылай ханның шөбересі. Ш. Уәлихановтың деректері бойынша, Т. т. 1850 жылға дейін Ұлы жүздің Албан тайпасының сұлтаны болған. 19 ғ-да Албанның біраз бөлігі Іленің оң жағында Суан, Жалайырлармен қатар қоныстанса, негізгі бөлігі Іленің сол жағын мекендеген. Ш. Уәлиханов жазбасына қарағанда, Т. т. Іленің сол жағындағы елге бірегей билік жүргізе алмаған. Ұлы жүздің Россияға қосылуына жәрдемдескені үшін оған патша үкіметі полковник шенін беріп, 1850 ж. Ұлы жүздің аға сұлтаны етіп тағайындады. Дүлдүл ақын Сүйінбаймен Т. т-нің айтысы қазақ-қырғыз арасына кең тарап, "айтыс өнерінің алтын дінгегі" (М. Әуезов) болған Сүйінбай: "Хан Тезек, байлығына бас ұрмаймын, мен бірақ көргенімді жасырмаймын" деп төренің озбырлығын, әділетсіздігін бетіне басқан. Т. т-нің өлеңдері толық жиналмаған, ел басқару кезіндегі тарихи деректер де толық зерттелмеген.

Әдеб.: В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр. соч., т. 3, А.-А., 1964, с. 593; С ү й і н б а й А р о н ұ л ы, Ақиық, А., 1975.

ТЕМІР

Темір — Ұлы жүз, Дулат тайпасының Шымырынан тараған ру. Шежіре деректеріне қарағанда, Шымырдан: Шынқожа, Бекболат және Т. рулары тараған. Т.: Исақ, Төленді, Айнабек, Мырзақұл деген аталарға бөлінген. Т-дің ұрпақтары Ұлы Окт. революциясына дейін Талас, Ангрен, Шыршық ө-дері аралығын мекендеген. Ұраны — Қойкелді, таңбасы Р (жай таңба немесе айбалта).

ТЕМІР ӘУЛЕТІ

Темір әулеті — Орта Азиядағы билеушілер әулеті. 1370-1507 ж. Мауараннахрда, Хорезмде, Хорасанда билік жүргізген. Әулет негізін Темір қалады. 1409-47 ж. Темір мемлекетінің басшысы (Гераттың билеушісі) Шаһрух деп есептелді. Ол үлкен баласы Ұлықбекті Самарқанның әкімі жасады. Шаһрух пен Ұлықбек мемлекетінің әрқайсысы жеке уәлаятқа бөлініп, оған Т. ә-нің үрім-бұтақтары билік жүргізді. Шаһрух пен Ұлықбек өлгеннен кейін 1457 немесе 1458 ж. Абусаит аз уақыт болса да Мауараннахр мен Хорасанды біріктірді. Хұсейн сұлтан билік жүргізген

кезенде (1469-1509) герат мәдениетінің гүлденген дәуірі еді. Феод. соғыстардан, өзара қақтығыстан қалжыраған Т. ә-нің мемлекеті Хүсейн сұлтан билігінің ақырында қатты әлсіреді. Оның балалары Бади-аз замана мен Мұзафар Хүсейн тұсында Мауараннахрды Мұхаммед Шайбани бастаған көшпелі өзбектер жаулап алды да, Орта Азиядағы Т. ә. жойылды. Бірақ Т. ә-нен тараған, Темірдің 5-ұрпағы, Шайбани бастаған көшпелі өзбектер елінен қуған Ферғана билеушісі Бабыр 1526 ж. Үндістанда 1858 жылға дейін билік құрған ұлы моғол әулетінің негізін қалады. Т. ә. жайында Низами ад-Дин Шаһи "Зафарнама", Гийас ад-Дин Әли Йезди "Темірдің Үндістанға жасаған жорығының күнделігін", Мұхаммед бин Фазлаллах Мусви "Тарихи Хайрати (Темір тарихы)", Шараф ад-Дин Әли Йезди "Зафарнама-ий Тимури" жазбаларында деректер мол. Сонымен қатар Бабыр жазған "Бабырнамада" оның қызы Гүлбадан жазған "Құмайыннамада" да Т. ә-нің тарихы баяндалады.

Әдеб.: Бартольд В., Улугбек и его время, Соч., т. 2, ч. 2, М., 1964; История Узбекской ССР, т. 1, Таш., 1967; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков, А.-А., 1969; Тизенгаузен В. Г., Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, М. — Л., 1941

ТЕМІРҚҰТЛЫҚ

Темірқұтлық (т. ж. белгісіз — 1400 ж. ө.) — Алтын Орданың ханы (1395-1400). Орысханның немересі. 1395 жылға дейін Ақ Орданың есімі мәлім болмаған ханзадасы. Атасы Орысханның қас дұшпаны Темірмен сыбайласып даңқы шықты. 1395 ж. Тоқтамысты жеңгеннен кейін Темір оны Дешті Қыпшақтың ханы тағына отырғызады. Бірақ хан аталғаны болмаса билікті ағасы Едіге жүргізді. Қырымдағы Судак маңындағы иеліктің намангері, Хаджи-Байрамның баласы Мұхамедке Тархан жарлығы Т. есімімен берілген. Бүкіл Алтын Орда аймағында: әл-Жадид, әл-Жалид Ордасында, Сарай, Хаджи-Тарханда Т. есімімен соғылған теңгелер де бізге келіп жетті.

Әдеб.: Березин И. Н. Внутреннее устройство Золотой Орды (с ханским ярлыком), СПб., 1850; Радлов В. В., Ярлыки Тохтамыша и Темир Кутлуга, М., 1954, с. 1-40; Греков Б. Д. и Якубовский А. Ю., Золотая Орда и ее падение, М.-Л., 1950.

ТЕМІРМӘЛІК


Темірмәлік (13 ғ-дың I-жартысы) — Ходженттің әкімі. Монғол әскерлері Орта Азияға енгенде Т. қаланы тастауға мәжбүр болды. Бірақ 1220 ж. апрельде Сырдарияның бір

аралына бекініп монғолдарға қарсы шабуылға шықты. Содан кейін оның жасақтары Хорезмге (Үргеніш) жетіп, оны жаудан қорғауда асқан батылдық көрсетті. Жошы жасағын күйрете жеңіп, Т. Янгикентке оралды да, Хорезмнің соңғы шаһы Жалел ад-Динмен бірігіп монғолдарға Хорасанда, Ауғанстанда қарсылық көрсетті. Т. монғолдардың қолынан қаза тапты.

Әдеб.: История Узбекской ССР, т. 1., Таш., 1967.

ТЕРІСТАҢБАЛЫ

Терістаңбалы — Найман тайпасының бірлестігі. Шежіре деректерінде Найманнан Т. (кейде Елата), Сарыжомарт (Ергенекті Найман), Төлөгетай. Этнограф Ә. Марғұланның жазбасында Найманнан — Тоқпан, Елата, Өкіреш. Екінші ұлынан — Келбұға, Кетбұға (Кетбұқа), үшіншісінен Төлөгетай. Т. адам есімі емес, лақап аты болуы да мүмкін. Бұл жайында бір ізділік жоқ. Көптеген шежірелерде Т-дан (Елата) тараған Келбұғадан — Балталы, Кетбұғадан-Бағаналы ру болып қалыптасқан. Кетбұғаның таңбасында Бағаналымен бірдей. Халық скеуін қатар атайды. Енді бір шежіреде Т-дан-Мәмбет, Рысқұл, сірә бұл екі ата Бағаналы, Балталыдан ілгері атауы болса керек.

Т. Наймандар 19 ғ-да Ертіс бойын, Көкшетау аймағын мекендеген. 1839 ж. дерек бойынша Т. 557 түтін. Таңбасы —  (терістаңбалы).

Әдеб.: Марғұланов А., Найманы, в сб.: Казаки, Л., 1930, с. 330; Востров В. В., Муканов М. С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968, с. 62-67.

ТИЗЕНГАУЗЕН

Тизенгаузен Владимир Густавович (1825-2.11.1902) — орыс шығыс зерттеушісі, тарихшы, археолог, нумизмат. Петербург ун-тінің Шығыс тану бөлімін бітірген (1848). 1861 жылдан Археол. комиссияда жұмыс істеді. 1893 жылдан Россия ҒА-ның корр. мүшесі. 1875-78 ж. Таманьдағы "Ағайынды жетеудін" (б. з. б. 5-4 ғ.) қорғандарына қазба жұмыстарын жүргізді. Оның құжатты деректерінде арабтың жиһанкездері Абу-л-Фида, Ибн ал-Асирдың еңбектеріне сүйеніп Еділ бойын жайлаған қыпшақтардың, қаңлылардың т. б. түрік тайпаларының әдет-ғұрпы, діни наным, табиғат құбылысына наным, Алтын Орда

құрамына енуі, олардың монғол шапқыншылығына дейінгі тіршілігі де сөз болады.

Шығ.: Монеты Восточного халифата. — СПб, 1873; Обзор совершенных в России трудов по восточной нумизматике. — В кн.: Труды 3 международного съезда ориенталистов. Т. 1. — СПб, 1879-80; В защиту Ибн Фадлана. — СПб, 1900; Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. 1, Извлечения из перс. соч., собр. В. Г. Тизенгаузеном и обработ. А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным. — М., Л., 1941; Мат-лы для библиографии мусульм. археологии. — "ЗВРАО". — СПб, 1904, Т. 16. В.1.

Т О Қ М А Қ У Е З І

Тоқмақ уезі, (Тоқпак, 1867) — 19 ғ-да Жетісу обл-на қараған әкімш. бөлік. Облыстың оңт.-бат. бөлігіне орналасқан. Уездің негізгі халқы — қырғыздар мен қазақтар. Олардың жалпы саны 1870 ж. 126 632 адам, уезде 1870 ж. 19 болыс, 128 ауылда 24 070 түтін болған. Бұлар негізінен егіншілікті кәсіп еткен. 1869 ж. мұнда 94 699 жылқы, 282 мың ірі қара, 556 656 қой, 13 971 түйе өсірілген. 1891 ж. далалық әкімшіліктің жағдайына байланысты уездер қайта құрылып, Т. у. Пішпек у. деп аталды.

Әдеб.: Географо-статистический словарь Российской Империи, т. 5, СПб, 1871; Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона, т. 33, СПб, 1901, с. 423.

Т О Й

Той — әдет-ғұрып дәстүрі. Дүние жүзінің барлық халықтарында Т-дың өз атауы бар. Қазақ халқының мәдени өмірінде Т. ежелгі заманнан үлкен орын алады. Кейде Той-тамаша деп те аталады. Үндістанның солтүстігінің тұрғындары тойды Тамаша дейді. Әсіресе адамның дүниеге келуі, үй болуы, не түрлі қуанышты кезеңдерін атап өтетін дәстүр Т. аталып келеді. Мыс., қыз ұзату, үйлену, шілдехана, наурыз, ұрын бару Т-лары. Бұл Т-дың бүгінде мүлдем дерлік ұмыт болған түрі — ұрын Т-ы. Күйеудің алғаш рет ресми түрде қалыңдықты көру мақсатымен қайын-жұртына баруын "ұрын бару" қайын жұрты оның бұл сапарын "ұрын келу", осыған байланысты ұйымдастырылған той-думанды — ұрын Т. деп атады. Қыз ұзату, үйлену, сүндет Т-ларында: ат шаптыру (бәйге) балуан күрес, сайыс, көкпар, жамбы ату, қыз қуу, қыз ойнақ, қыз кәде, айгөлек, қора құлақ, ақсүйек, монданақ, ұшты-ұшты т. б. көптеген ұлттық ойындар өткізіледі. Т-дың жақсы дәстүрлері бүгін де сақталған. Мыс., үйлену

тойында жар-жар айтқызылады, түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылады.

Әдеб.: Қазақ ССР тарихы, 1-т., А., 1957, 200-б.; Арғынбаев Х. А., Қазақ халқындағы семья мен неке, А., 1973, 189-270-б.

Т О Р Ғ А Й О Б Л Ы С Ы

Торғай облысы (1868) — Орынбор генерал губернаторлығының құрамындағы әкімш. аймақ. Солтүстігінде Орынбор губ-мен, батысында Орал обл-мен, оңтүстігінде Сырдария, шығысында Ақмола обл-тарымен шектесті. Облыс бұдан бұрынғы Орынбор казактары облысының шығ. және орт. бөлігінің жерінен 1868 ж. құрылды, Т. о. 4 уезге бөлінді (Торғай, Ырғыз, Илецк, Николаевск). Облыстың Бас басқармасы Орынбор қ-на орналасты. Торғай у-нің орталығы — Торғайда, Ырғыз у-нің орталығы — Ырғызда, Илецк у-нің орталығы — Илецкая Защита, Николаевск у-нің орталығы — Троицкіде орналасты. Жер ауданы уездер бойынша Илецкіде 50 790 км², Николаевскіде 73 760 км², Торғайда 148 340 км², Ырғызда 117 646 км². 1879 жылғы санақ бойынша облыста 63 559 түтін, 317 795 адам тұрды. 1878 ж. облыс бойынша 790 мың жылқы, 335 мың сиыр, 2 146 мың қой, 191 мың түйе болды. Бұған қарағанда облыс тұрғындары, әсіресе оңт. жағы қойды көбірек өсірген, Торғай мен Ырғыздың жер жағдайы түйе өсіруге өте қолайлы болған. 1879 жылғы жұт облыстың көшпелі халқын қатты күйзелтті. Мал негізінен тебіндеп жайылды, 1878 ж. үш уезде не бары 1 145 мың пұт шөп дайындалды, сондықтан малды жұттан сақтай алмады. Оның үстіне егіншілік те нашар өркендеді. Егін шаруашылығы едәуір дамыған Илецк у-нде бір адамға жылына 2 пұттан ғана астық келді. Облыс тұрғындары Россияның Европ. бөлігін Түркістан өлкесімен, Хиуа, Бұхара т. б. Орта Азия аймақтарымен жалғастыратын керуен жолында болғандықтан түзбен т. б. заттармен сауда-саттық жасады. Мыс., Орқаш, Әбелей, Мыдтым, Тұздықұдық көлдерінен 1878 ж. 921 092 пұт тұз алынған. 1871 ж. облыста Ырғыз, Ақтөбе жәрменкесі ашылды, бірақ Ырғыз жәрменкесі шалғайда болғандықтан, сауда жөнді жүрмеді. 1874 ж. орыс товарларынан 14 мың сомдық, жергілікті товардан 50 мың сомдық зат сатылды. 1878 ж. облыста 3 мектеп (Торғайда, Ырғызда, Троицкіде) болды, мұнда 96 бала оқыды. 1879 ж. Ырғыз к-нда екі кластық халық уч-щесі ашылды.

Әдеб.: Географическо-статистический словарь Российской Империи, т. 5, СПб, 1901.

Тохарлар, т о к а р л а р (грек. және араб жазбаларында — тохар, үндіше — тукхара, қытайда — ту-ху-ло, тибет жазбаларында — тхогар) — 1) б. з. б. 2 ғ., б. з. 1-мың жылдықтағы Орта Азиядағы Ежелгі Бактрияның тұрғын халқы. Бұлардың есімімен 1-мың жылдықта Бактрия Тохарстан аталған (13 ғ-ға дейін). Т. Орта Азияға кейбір Шығ. Иран тайпаларымен бірге б. з. б. 140-129 ж. келіп, 130 ж. Грек-Бактрия патшалығын құлатты. Т. б. з. б. 2-1 ғ-да бес аймаққа (тайпаға немесе иеліктерге) бөлініп тұрған. Б. з. б. 1 ғ-дың соңында, б. з. 1 ғ-нда Т. сол аймақтың бірінің көсемі Кушанның басшылығымен Кушан патшалығын құрды. Сол кезден бастап Т. Кушан атала бастады. Бұл патшалықтың кейбір билеушілерінің есімі де мәлім. Мәселен, Кафиз I, оның баласы Кафиз II, Канишка. Т. иран тобы тілінде (Шығ. ирандық) сөйлеп, грек алфавитін пайдаланған, Т. тілі 1-мың жылдыққа дейін сақталған.

Кейбір ғалымдардың зерттеуінде Т-ды Орта Азия халықтарының түп атасы Солт.-Шығ. Орта Азиядан Бактрияға қоныс аударған. Бірақ көптеген ғалымдар Т. мен юсжаларды бір тайпа санап, оларды ғұндар, Шығ. Түркістаннан Орта Азияға (б. з. б. 165-140 ж. ш.) ығыстырған деген пікірде. Кейде ғалымдар юсчжаларды Т-дың тегі санап, олар Орта Азияға келген соң иран тілін үйренді деп те тұжырым жасады. Т. — юсчжалар масагеттердің тармағы болуы да мүмкін.

2) "Тохар" тілінде сөйлеген халықтың түспал атауы. Бұл халықтың өмір сүруі жайлы дерек Шығ. Түркістаннан 19 ғ-дың соңы, 20 ғ-дың басында табылған б. з. б. 6-7 ғ-нда будда жазбасындағы деректен анықталып отыр. Т. ең әуелде (б. з. б. 3-2 ж.) Шығ. Европада Қара теңіз жағалауында өмір сүрген болу керек. Б. з. б. 1-мың жылдықта Орталық Азияға қоныстанған. Алайда, бұл қоныс аударудың дәл мерзімі анықталған жоқ.

Әдеб.: Умняков И. И., Тохарская проблема, "Вестник древней истории", 1940, №3-4 (библи.); Тохарские языки. Сб. ст., М., 1959; Массон В. М., Ромодин В. А., История Афганистана, т. 1, М., 1964; Гафуров Б. Г., Таджики, М., 1972, с. 128-34, 225-47; Гумилев Л. Н., Хунны, Древние тюрки, М., 1967, Бернштам А. Н., К вопросу об усунь, куман и тоарах. (Из истории Центральной Азии), "Советская этнография", 1947, №3.

Төбе — (археологияда) ежелгі қоныс орны. Бұл атау Қазақстан археологиясында ерекше орын алады. Ежелгі және көне замандардағы Үйсін, Сак, Қаңлы, Түрік тайпаларының мекендері, Орта ғасырдағы қалалардың орны да жүздеген жылдар өткеннен кейін төбеге айналған. Археологияда Т. бекініс, қоныс, қорған орны және де ескерткіш ретінде үйілген тас үйінділері де кездеседі. Биікт. 1-16 м Т-лер тізбегі сактар дәуіріне, биікт. 1-3 м Т-лер Түрік дәуіріне жатады. Қазақстанның археол. картасында да бұл дәуірлерге жататын 17 Ақтөбе, 7 Қаратөбе, Тастөбе, Қостөбе, көптеген Жуантөбелер белгіленген. Бұл Т-лер археол. ескерткіш ретінде сақталып, әлі де қазба жұмысы жүргізілмеген төбелерді тегістеуге, оның үстінен жол жасауға мемл. тарапынан тыйым салынған.

Т Ө Р Т У Ы Л

Төртуыл, Төртұл — Найманнан тараған ру. Шежіре деректеріне қарағанда Төлегетай (Төлетай) бірлестігінен Қаракерей, Мұрын, Матай, Т. тарайды. Т. — Тоқан, Тоғыз болып екі атаға бөлінеді. Окт. революциясына дейін Т. ұрпағы Қара Ертістің екі жағасын мекендеген бір болыс ел болған. Мұның бір старшыны Ертістің оң жағын, қалған 8 старшыны сол жағын, оңтүстігі Зайсан бекінісіне дейін қыстаған. Т-да 1373 түтін, 7761 адам болған. Т-дар Қаратал, Сарыбұлақ, Қарабұлақ, Ақарал, Қарған ө-дерінің бойын; Жеменей, Көкжота, Маңырақтау аңғарларын, Бозайғыр, Құмтөбе құмдарын қыстап, Ақжайлау, Соналы т. б. таулы жерлерді жайлаған.

Әдеб.: Востров В. В., Муканов М. С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968; Муканов М. С., Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза, А.-А., 1974.

Т Ү Л К І Б А С

Түлкібас — орта ғасырдағы елді мекен. Шымкент обл., Түлкібас ст-ның маңында. 1940 ж. Г. И. Пацевич зерттеп, сегіз жерден тұрақты мекен жайлардың орнын тапқан. Оның көрінісі: биікт. 3 м-ден 10-15 м-ге дейін, аум. 45x36 м, 56x56 м, 103x177 м т. б. мөлшердегі әр түрлі төбешіктер. Мекен-жайларға арнаулы қазба жұмыстары жүргізілмеген. Зерттеу кезінде мекен үстінен көптеген көзе

сынықтары табылған, сондай-ақ кейбір қорғаныс жүйелері, гранит тастардан қашалған ірге тастар сақталған. Құрылыс жүйелеріне, зат қалдықтарына қарағанда, Т. 8-12 ғ-ларда өмір сүрген. Тұрғындары жартылай егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан.

Әдеб.: Агеева Е. И., Пацевич Г. И., Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. Тр. Ин-та истории, археологии и этнографии АН Каз. ССР, 1958, т. 5, с.18.

ТҮЛКІБАС ОБАЛАРЫ

Түлкібас обалары — әр түрлі кезеңнен қалған обалар тобы. Шымкент обл., Түлкібас ст-ның жанында. 1940 ж. Жамбыл к-ндағы көне ескерткіштерді зерттеу бөлімінің менгерушісі Г. И. Пацевич тексерген. Он екі жерден жүзге жуық обалар картаға түсіріліп, тұрғындардың өмір сүрген мезгілі шамамен анықталған. Т. о-ның ауд. 15x20 м-ден 30x56 м-ге дейін жетеді; биікт. 0,5 м, 1,5-2 м, 5-16 м. Обалар әр жерде топ-топ болып тізбектеле орналасқан. Бұлардың биіктігі мен аумағының әр түрлі болуы әр мезгілде өмір сүргенін дәлелдейді. Мәселен, биікт. 1-16 м-ге дейінгі тізбек обалар — б. з. б. 6-5 ғ-дағы сақ тайпаларының болса, биікт. 1-3 м-ге дейінгілері түркі дәуіріне жатады деп тұжырымдауға болады.

ТҮРГЕН

Түрген — орта ғасырдағы бекіністі елді мекен. Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд-ндағы Түрген с-нан 2 км жерде, Түрген ө-нің оң жақ жағасына орналасқан. Т-ді 1935 ж. Қазактың ұлттық мәдени ескерткіштерін зерттеу ин-тының Түрген археол. экспедициясы зерттеген. Мекенге арнаулы қазба жұмысы жүргізілмеген. Үстінен теріп алынған көзелердің үлгі-өрнектеріне, жасалу тәсілдеріне қарағанда мекен 10-12 ғ-ларда өмір сүрген. Тұрғындары жартылай егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан.

ТҮРКЕШ

Түркеш, Түргеш — Бат. Жоңғария мен Жетісуды мекендеген түрік халқы. Қытай, араб, парсы жылнамаларына қарағанда 6 ғ-да Абар, Муари тайпаларының біріккен одағы. Бұлар 7 ғ-да Батыс Түрік қағандығының құрамына енді. 7 ғ-дың ақырында жергілікті халықтардың арабтар шапқыншылығына қарсы көтерілісін басқарды. 711 ж.

Шығыс Түрік қағандығының қолбасшысы Күлтегіннен жеңілді де, Т. одағы ыдырайды. В. В. Бартольдтың пікірінше, Т. тохси, азилер деп екі тармаққа бөлінген, аз атауы Орхон ескерткіштерідегі аз тайпасынан тарауы да мүмкін. 8 ғ-дың ортасында Жоңғар Т-терін ұйғырлар, Жетісу Т-терін қарлұқтар жаулап алды.

Әдеб.: Грум-Гржимайло Г. Е., Западная Монголия и Урянхайский край, т. 2, Л., 1926; Бартольд В. В., Очерки истории Семиречья, Соч., т. 2, ч. 1, М., 1963, с.36; Гумилев Л. Н., Древние турки, М., 1967.

ТҮРКОЛОГИЯ

Түркология — түрік тілінде сөйлейтін халықтардың тілін, тарихын, әдебиетін, мәдениетін зерттейтін ғылымдар жиынтығы. Т. атауының шығуы "түрік" сөзіне байланысты. 19 ғ-дың 2-жартысынан бастап орыс жазбаларында "түрік" сөзі Түрік империясының атауы ретінде алынды да, өзге түрік халықтары "түркі" деп аталды.

Т-ның ең құнды дерекнамасы түрік тайпаларының тарихы жазылған Орхон-Енисей (7-11 ғ.) (қ. Құтлұғ қаған жазуы, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері), көне ұйғыр жазбалары, орта ғасырдағы түрік, араб, парсы тілінде жазылған тарихи жылнамалар, геогр. шығармалар болды. Әсіресе түрік тайпаларының лингвистикалық, тарихи, этнографиялық, фольклорлық мәліметтері белгілі жүйеге келтіріліп жазылған алғашқы ғылыми еңбек — Махмұд Қашғаридің "Диуани лұғат ат-түрк" атты сөздігі. Бұдан кейінгі жылдары түркі халықтарының тарихынан, шығу тегінен мәліметтер берген Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Тарих-и Рашиди", Қадырғали Жалаиридың "Жылнамалар жинағы", Рашид ад-диннің "Жами ат-тауарих" т. б. шығармалары болды.

Еуропа тұрғындары түріктерді 4 ғ-дың ақырындағы ғұндардың, 11-12 ғ-дағы салжұқтардың жорығынан кейін біле бастады. 15-16 ғ-ларда түрік тұтқындарынан қайтқан жауынгерлер және Шығысқа сапар шеккен жиһангездер (В. Рубрук, Марко Поло) түрік тайпалары, олардың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, тілі жайында жазбалар жариялады. Түркияда Т-ға арқау болатын көптеген жылнамалар (Ибн Биби, Ақсары, Ашик-паша-заде, Нешри, Лютфи-паша, Солак-заде, Эвлия Челеби, Кятиб Челеби, Найма, Печеви, Джевдет, Вефик-паша т. б.) жарияланды. Т-ны ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмысы Түркияда 20 ғ-дың басында Стамбул ун-тінде, 1910 ж. негізі қаланған "Осман тарихының қоғамында" жүргізілді.

Бүгінгі Түркияда Т-ны зерттейтін ғылыми орталық 1931 ж. құрылған Түрік тарих қоғамы, 1932 ж. құрылған түрік тіл қоғамы (О. А. Аксой, А. С. Левенд, Х. Эрен, З. Көркмаз, В. Хатибоғлу, А. Дилачар).

Түрік тілдерін зерттеу жұмысы 19 ғ-дың бас кезінен қолға алынды. Россияда түрік халықтары мен тілдері шамамен 10 ғ-дан белгілі бола бастады. "Повести временных лет" жылнамасының мәліметтері бойынша Киев тұрғындарының ішінде печенег тілін білетіндер болған. Кейбір жылнамаларға қарағанда, князь Владимир Мономах бес тіл білген, соның бірі — половец тілі. Орыс шығыс тану ғылымының қалыптасуы Петр I тұсынан басталды. Шығыс тану ғылымы Россияда Ғылым академиясының ұйымдастырылуымен бірге одан әрі дамып, соның бір саласы ретінде түрік тілдері мен әдебиетін, тарихын зерттеу қолға алынды. Россияда Т-ның жеке ғылым ретінде дамуы Азия музейінің ұйымдастырылуымен (1818) байланысты болды. Түрік тілдері мен тарихы гимназияларда (Астрахань, Қазан), университеттерде (Харьков, Қазан, Петербург), Шығыс тілдерінің Лазарев ин-тында оқытыла бастады. Россияда түркі тілдерінің оқулықтары 18 ғ-дың 2-жартысында шыға бастады ("Чуваш тілінің грамматикасы", 1769 ж., "Қазан татарлары тілінің грамматикасы", 1778 ж., авторы С. Халфин). Түрік тілдерінің граммат. құрылысын зерттеуде. И. Гигановтың орыс оқушыларына арналған "Татар тілінің грамматикасының" (1801) мәні зор болды. Т. ғылымы дамуының жаңа кезеңі Н. И. Ильминскийдің, В. В. Радловтың, В. В. Бартольдтің, Н. А. Аристов, В. В. Тизенгаузен, И. Н. Березин, П. М. Мелиоранскийдің зерттеу еңбектерінен басталды. 19 ғ-дың 2-жартысы мен 20 ғ-дың басында Ш. Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. К. Насыри, М. Ф. Ахундов, М. А. Казем-бек, Н. Катанов сияқты түрік халықтарынан шыққан ғалымдар да Т-ға көп үлес қосты. Советтік Т. Окт. революциясына дейінгі Т-дан өзінің жаңа методол. негізімен, жаңа күрделі міндеттер қоюымен ерекшеленеді. Өздерінің зерттеу еңбектерін Окт. революциясынан бастаған — В. А. Богородицкий, А. Н. Самойлович, С. Е. Малов, Н. И. Ашмарин, А. Е. Крымский, П. А. Фалев советтік Т-ға зор еңбек етті. Бұл дәстүрлік жолды Н. К. Дмитриев, К. К. Юдахин, А. Н. Кононов, К. К. Жұбанов, Н. Т. Сауранбаев, І. К. Кеңесбаев, С. А. Аманжолов, В. Г. Егоров, Б. М. Юнусалиев, Л. Н. Харитонов, А. К. Боровков, Ж. Г. Киекбаев т. б. жалғастырды. Советтік Т-да әдебиеттану (Е. Э. Бертельс, В. А. Гордлевский, М.

О. Әуезов, В. М. Жирмунский, М. Рафли, Г. Арасли т. б.) тарих, этнография, археология (А. Ю. Якубовский, С. И. Руденко, А. Н. Бернштам, С. П. Толстов, А. П. Окладников, Ә. Х. Марғұлан, Я. Г. Ғұламов, Л. Н. Гумилев т. б.) салалары бойынша құнды еңбектер жарық көрді. Совет мемлекетінің алғашқы күндерінен-ақ СССР ҒА-ның Шығыстану ин-тында және оның Ленинградтағы бөлімшесінде, тіл білімі, археология, этногр. ин-тында, М. Горький атынд. дүн. жүз. әдебиеті ин-тында, сондай-ақ респ. ғылым академиялары мен жоғары оқу орындарында Т. бойынша зерттеулер жүргізумен қатар сол сала бойынша кадр даярлау ісі жолға қойылды. Ғылыми зерттеулерді бір жүйеге түсіру және шетел түркологтарымен байланысты күшейту мақсатымен Түркологтардың советтік комитеті құрылды (1973). Т. бойынша зерттеулер Болгария, Венгрия, Румыния, Югославия, ГДР, Польша сияқты елдерде өрістеп келеді. Түркияда түркол. зерттеулер "Түрік тарих қоғамы" мен "Түрік тіл қоғамы" ұйымдары мен Стамбул, Анкара, Эрзрум ун-ттерінде топтастырылған. Австрия мен Англияда, Дания мен Италия, Финляндияда, Франция, ГФР, Швейцарияда Т-мен жеке ғалымдар ғана айналысады. АҚШ-та Т-мен шұғылдану 20 ғ-дың 2-жартысында басталды. Колумбия, Гарвард, Лос-Анджелес т. б. ун-ттерде түркі тілдері оқытылып зерттеледі. Жапонияда Т-мен шұғылдану бұрыннан қолға алынса да, біраз үзілістен соң 2-дүн. жүз. соғыстан кейін жалғастырылды.

Түркологияның Бүкіл Одақтық I-съезі Баку к-нда 1926 ж. өткізілді. Бұл съездің 50 жылдығы қарсаңында, 1976 ж. Алматыда Бүкіл одақтық түркология конференциясы өтті. Конференцияда түркі тілін, әдебиет тану ғылымын, тарихын, археологиясын, этнографиясын зерттеуге байланысты советтік Т-ны өрістетудің жобалары белгіленді (к. Түркі тілдері) Т-ны дамыту мақсатында 1970 жылдан бастап Бакуде "Советская тюркология" журналы шығады.

Әд.б.: "Советская этнография" (1931 жылдан); Бартольд В. В., История изучения Востока в Европе и России, 2 изд., Л., 1925; Кляшторный С. Г., Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии, М., 1964; Еремеев Д. Е., Этногенез тюрков, М., 1971; Акишев А. А., Кушаев Г. А., Древняя культура саков и уйсуней долины реки Или, А.-А., 1963; Бернштам А. Н., Очерки истории тюркских племен и народностей, Н. А., Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности, "Живая старина", 1896, в. 3-4; Гумилев Л. Н., Древние тюрки, М., 1967; Массон В. М., Средняя Азия и Древний Восток, М.-Л., 1964; Крымский А. Е., Тюрки, их язык и литература, ч. I. Тюркские языки, К., 1930 (на укр. яз.); Баскаков Н. А., Введение в изучение тюркских языков, М., 1969; Кононов

А.Н., История изучения тюркских языков в России. Л., 1972; его же. Тюркская филология в СССР, 1917-1967, М.-Л., 1972; его же, Некоторые итоги развития советской тюркологии и задачи советского комитета тюркологов, "Советская тюркология", 1974, №2.

Т У Р К І С Т А Н

Түркістан — тарихи-геогр. атау. Ол ұзақ уақыт бойы Орта және Орталық Азияның негізінен түрік халықтары мекендеген аймақтарды анықтау үшін қолданылды. Т. өлкесінің атауы ғасырлар бойы түрік тайпалары мен халықтарының көшпелі өмір кешуіне ғана емес, көбіне-көп саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырды. 6-8 ғ-дағы армян және парсы деректері мен Табарі еңбектерінде Т. Амудариядан солтүстікке, Каспий теңізі мен Оралдан, Алтай мен Қытайға дейінгі аралықты алып жатқандығы айтылады. Ал 9-10 ғ-дағы араб географтарының еңбектерінде Т. деп Мауараннахрдың солт. және шығ. жақтары немесе Сырдариядан арғы жерлер аталған. 10-14 ғ-да әр түрлі түрік тайпалары мен халықтары мекендеген жерлер бірыңғай тарихи геогр. және мемл.-әкімш. атауларға ие болды. Олар: Дешті Қыпшақ, Ұйғырстан, Моғолстан, Өзбекстан (Шығыс Дешті Қыпшақ) т. б.

14-16 ғ-дың деректерінде Т. аймағына Мауараннахр мен Дешті Қыпшақтың аралығындағы Сырдарияның орта сағасы жататындығы жазылды. Рузбехан Аркукты — Самарқан мен Бұхардан Дешті Қыпшаққа қарай шығатын жолдың бойындағы "Түркістанның алғашқы қамалы", ал Сығанақты — Солтүстіктегі "Түркістанның шеткі қаласы" деп пайымдайды. Демек, 14-16 ғ-да Т-ға Оңт. Қазақстан қалалары: Отырар, Сауран, Сығанақ, Ясы, Сайрам, Аркук, Үзгент т. б. қалалардың жерлері қараған. 16 ғ-дың аяғында Темір әулеті, Шайбани әулеті және Қазақ хандары кезінде Түркістан обл-ның орталығы Ясы қ. болып қалды.

Т. (жері 3 млн. км²-ден астам) Оралдан Алтайға, Каспийден Қытайға дейін, оңтүстікте Иран мен Ауғанстаннан Томск мен Тобылға дейінгі аралықты алып жатты. Ол Батыс (немесе орыс) және Шығыс (немесе Қытай) бөліктерге бөлінді. Батыс бөлікке Россияның Орта Азиядағы иеліктері мен Қазақстанның оңтүстігі, Шығыс бөлікке — Қытайдың Шынжаң провинциясы және Ауғанстанның солт. аймағы қарады. 1865 ж. орыс Түркістаны жерінде Түркістан обл., 1867 ж. құрамында Жетісу (1882 жылға дейін) және Сырдария обл-тары бар Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. 1886 ж. ген.-губернаторлық ресми түрде Түркістан өлкесі аталып,

1898 жылдан оның құрамына Закаспий, Самарқан, Жетісу, Сырдария және Ферғана обл-тары қарады. Орыс Түркістанының территориясында патшалық Россияның вассалдары — Хиуа хандығы мен Бұхар хандығы болды. Ұлы Окт. соц. революциясынан кейін орыс Түркістанының территориясында Түркістан Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы (1918), Бұхар Халықтық Совет Республикасы мен Хорезм Халықтық Совет Республикасы (1920) құрылды. 1924-25 ж. Орта Азия советтік республикаларының ұлттық-мемл. жағынан межеленіп бөлінуі нәтижесінде Өзб. ССР-і, Түрікм. ССР-і, Тәж. АССР-і (1929 жылдан Тәж. ССР-і), Қара қырғыз АО (1925 жылдан Қырғ. ССР-і) Қарақалпақ АО (1932 жылдан Қарақалпақ АССР-і) құрылды. Т-ның солт. бөлігі Қаз. ССР-інің құрамына кірді. Осы кезде Т-ның орнына Орта Азия атауы пайда болды.

Әдеб.: Бартольд В.В., Туркестан, Соч., т. 3, М., 1965; его же История культурной жизни Туркестана, Соч., т. 2, ч. 1, М., 1963; Географическо-статистический словарь Российской империи, т. 5, СПб, 1885; История Туркменской ССР, т. 1, кн. 2, Аш., 1957; История Узбекской ССР, кн. 2, Таш., 1968; Масальский В.И., Туркестанский край, СПб, 1876; (Россия, Полное географическое описание нашего отечества, т. 19).

Т У Р К І С Т А Н Г Е Н Е Р А Л - Г У Б Е Р Н А Т О Р Л Ы Г Ы

Түркістан генерал-губернаторлығы (1867) — Россия құрамындағы әкімш. аймақ, өлке. 1867 ж. Жетісу, Сырдария обл-тарынан құралды. Солтүстігінде — Торғай, Ақмола, Семей обл-тарымен; шығысында — Шығ. Түркістанның Жоңғар, Үрімші аймағымен; оңтүстігінде — Қашқариямен, Памир, Бұхар жері, Хиуа хандығымен, батысында Арал теңізімен шектесті. Жері 952 609 км². Т. г.-г. Жетісу обл. мен Сырдария обл-нан құралды. 1868 ж. бұларға жанадан жаулап алынған Зеравшан округы, 1871 ж. Құлжа аймағы, 1873 ж. Амудария аймағы, 1876 ж. бұрынғы Қокан хандығының орнына Ферғана обл. құрылды. Сөйтіп бұл аймақта 3 038 119 адам мекен етті. 1 миль² жерге 156 адамнан келді. Халық санының көптігінен Сырдария (1 094 557 адам), Жетісу (758 250) обл-тары, ал халқының тығыздығынан Зеравшан (1 миль²-ка 735 адам), Ферғана (1 миль²-ка 552 адам) обл-тары ерекшеленді. Т. г.-г-ның этногр. құрамы әр түрлі болды. Мыс., қазақ — 1 532 790, өзбек — 1 970 420, құрама — 77 300, карақалпақ — 58 770, орыс — 59 280, тәжік — 137 280, бұдан өзге түрікмен, ұйғыр, дүнген, қалмақ,

маньчжур, парсы, үнді халықтарының азғана топтары да мекен еткен. Қазақтар негізінен Сырдария (709 000), Жетісу (595 000), Ферғана (126 000) обл-тарында, Амудария (31 000) бөлігін мекендеді. Халқының жартысына жуығы көшпелі, яғни 1877 жылғы санақ бойынша 1000 адамнан 467 адам көшпелі тіршілік етті. Жерінің жартысынан астамы егістікке жарамсыз тау-тасты болды. Егістік жерге көбінесе тары, күріш, бидай, ал Қазалы, Қапал, Сергиополь у-деріне арпа, сұлы мол егілді. Оңт. тұрғындары, бұған қоса, мақта, жоңышқа, аздаған темекі, жүгері, бұршақ егумен де айналысты. Бұл алқапта мақта өнімін жақсарту ниетімен Россия үкіметі 1871 ж. Самарқан тәжірибе плантациясын құрды. 19 ғ-да бұл аймақта тұт ағашын өсіріп, жібек талшықтарын өндіру едәуір арттырылды. Ферғана, Шатқал, Құрама, Ташкент, Шымкент, Түркістан қыраттарын тұт ағашы алып жатты. Ферғана обл-нда 50 мың, Зеравшанда 10 мың, Ташкентте 3 мың, Шымкент пен Түркістаннан 2 мың пұт жібек пілләсы алынды. 1871 ж. Ташкентте жібек өндірушілердің арнаулы мектебі ашылды.

Т. ғ.-ғ-нда мал шаруашылығы басым болды, өйткені шөл-шөлейт далалар мал өсіруге қолайлы еді. Мұнда 389 мың түйе, 1 603 мың жылқы, 1160 мың сиыр, 11 352 мың қой-ешкі өсірілді. Сонымен әрбір көшпелі түтінге (320 000) 0,6 түйе, 2,5 жылқы, 1,8 ірі қара, 17,6 қой-ешкіден келген. Жылқының бұл өлкеге тән тұқымы — қазақтың, өзбектің қарабайыр дала жылқысы мен араб жылқысынан туған арғымағы, түрікмен арғымағы болды. Жылқы тұқымын жақсарту мақсатымен 1871 ж. Ташкенттен 20 км жердегі Қапланбекте жылқы з-ды құрылды. 1879 ж. Арал теңізі мен Амудариядан балықпен сауда жасайтын орындар ұйымдастырылып, Балқаш көлі мен Ыстықкөлден, Сырдария, Шу, Іледен балық ауланды. Өлкенің қазбалы кен байлығы мол болды, бірақ игеруге мүмкіндік болмады. 19 ғ-дың аяғында алтын көздері Шыршық, Талас, Кеген, Іле, Зеравшан, Баратола ө-дерінің, мыс кендері Құмыр (Кегеннің саласы), Жейсу (Текес саласы) ө-дерінің алқабынан, Алтынемел тауынан табылды. 1876-77 ж. Сырдария мен Жетісу обл-тарында шарап шығаратын 5 заводта 29 600 шелек спирт сүзілді. Мұнда 7 сыра з-ды, 15 арақ з-ды жұмыс істеді.

Өлкенің әкімшілігі Ташкент қ-на орналасты. Сонымен қатар мұнда әскери губернаторлықтың, округ әскерінің қолбасшысы, Сырдария обл-ның у-нің, Құрама у-нің әкімшілігі орналасты. Жетісудың орталығы — Верный,

Ферғананікі — Маргилан, Зеравшан округінікі — Самарқан, Құлжа ауд-ның орталығы — Құлжа, Амудария бөлімшесінің орталығы — Петро-Александровск қ-лары болды.

Әдеб.: Ханьков Я. В., Описание Бухарского ханства с картою и планами, СПб, 1843; Романовский Д. И., Заметки по среднеазиатскому вопросу, с прил. и картами Туркестанского ген.-губерн., СПб, 1868; его же. Материалы для геологии Туркестана, СПб, 1878; Петровский Н. Ф., Шелководство и шелкомотание в Средней Азии, СПб, 1874; Географическо-статистический словарь Российской империи, т. 5, СПб, 1885; История Туркестанской ССР, т. 1, кн. 2, Аш., 1957; История Узбекской ССР, кн. 2-3, Таш., 1968; Қазақ ССР тарихы, 2-т., А., 1963; Макшеев А. И., Исторический обзор Туркестана и наступательного движения на него русских, СПб, 1890; его же, Географические сведения книги Большого чертежа о киргизских степях и Туркестанском крае, в кн.: Зап. Имп. Русского геогр. общества по отделению этнографии, т. 6, СПб, 1880.

ТҮРКІСТАН УЕЗІ

Түркістан уезі (1867) — Түркістан генерал-губернаторлығына қараған әкімш. аймақ. Перовск мен Шымкент у-нің аралығына орналасқан. Жер көл. 632 км2, халқы 48 мың адам. Негізгі халқы — қазақтар, өзбектер. Т. у. жайындағы деректер толық зерттелмеген.

Әдеб.: Географическо-статистический словарь Российской империи, т. 5, СПб, 1885.

ТҮРІК

Түрік — ұлт, Түркияның негізгі халқы. Түркияда тұратындарының саны 55 млн (1991). Сонымен қатар Болгарияда (700 мың адамнан астам), Югославияда (100 мыңға жуық адам), Румынияда, Иракта, бұрынғы СССР-ді мекендейді. Түрік тілінде сөйлейді. Т-тің көпшілігі мұсылман-суннит дінін ұстайды. Т-тің этникалық құрамы, негізінен екі топтап: салжұқтар шапқыншылығының кезінде, 11-13 ғ. аралығында Орта Азия мен Ираннан Кіші Азияға қоныс аударған түріктің көшпелі тайпаларынан (негізінен оғыздар мен түрікпендер) және Кіші Азияның тұрғын халқынан құралған. Т-тің біраз бөлігі Кіші Азияға Балқан арқылы (уздар, печенегтер) өтті. Т-тің тарихы жайында ежелгі жазба деректердің ең құндысы армян деректері. Мовсес Хоренацидің (5 ғ.) "Армян тарихы", 7 тайпаларының Кавказ сырты мен Кіші Азияның шығ. аймағына қоныс аударуы жазылады. Мовсес Каганкатвацтың "Агван тарихында" сувар мен хазарлардың Кавказ сырты мен Кіші Азия халықтарымен қатысы баяндалған. 11-13 ғ. армян жазбаларында оғыздар мен түрікпендердің салжұқ шапқыншылығы кезінде Кіші

Азияға өткені жазылған. Сонымен қатар Т. жайында араб, иран, грузин, түрік тілінде жазылған шығармалар өте көп. Әсіресе салжұқ мемлекетінің тарихы жайындағы Ибн-Биби еңбегін, монгол шапқыншылығынан кейінгі кезеңді көрсететін Ақсарай жылнамасы — Т. ұлтының қалыптасуын айқын көрсететін еңбектер. Бұған қоса осман тарихнамасының алғашқы шығармаларының бірі — Языджиоглу Әли жазған "оғызнама" немесе "салжұқнама". Бұл шығармада Рашид ад-диннің еңбегі пайдаланылған. Т. тайпаларының құрамы, орналасуы жайында түрік тарихшысы А. Р. Алтынайдың Осман империясының архив құжаттарын пайдаланып жазған еңбегінде құнды деректер бар. Т. құрамы жайында (Европа саяхатшысы Г. Рубруктің, Марко Поло жазбаларында) құнды дерек бар. Ф. Демирташ Осман империясының 15-18 ғ. архив құжаттарынан Кіші Азиядағы түрікмен тайпалары туралы мол дерек тапқан. Мұнда Махмұд Қашғари, Рашид ад-дин, Әбілғазы жазбаларындағы тайпа атауларының бәрі дерлік кездеседі. Оғыз-түрікмен тайпасынан өзге, Карлұқ, Қыпшақ, Чигиль (Жікіл), Ұйғыр, Аққойлы, Агачері, Құман, Хазар т. б. тайпалар да аталады. Т. этногенезінің қалыптасуына әр кезеңдерде Араб, Күрт, Рум т. б. халықтардың да қатысы болды. 14-16 ғ. Т. шапқыншылығына байланысты олар Балқан, Кипрге енді. Т. халықтардың қалыптасуы шамамен 15 ғ-да аяқталды.

Бүгінгі Т-тің көпшілігі (70%-ке жуығы) а. ш-мен айналысады. Теңіз жағалауында балық аулау ісі дамыған. Өнеркәсіп жұмысшысының саны 2 млн. адамға жуық. Т-дің құрамында түркі, түрікмен, тахтадж, абдалдар, зейбек т. б. этногр. топтар бар. Бұлардың біраз бөлігі — көшпелі, жартылай көшпелі тіршілік етеді, басым көпшілігі малшы. Өзгелері отырықшылыққа айналды.

Әдеб.: Народы Передней Азии, М., 1957; Еремеев Д. Е., Этногенез тюрков, М., 1971.

ТҮРІКМЕН

Түрікмен — Түрікменстанның негізгі тұрғын халқы, жалпы саны 4,7 млн. (1991). Сондай-ақ Өзбекстанда, Тәжікстанда, Солт. Кавказда, Астрахань обл-нда, РСФСР-дің бірнеше қалаларында да тұрады. Т-дер шетелдерге де орналасқан. Ауғанстанда 300 мыңға жуық, Иранда 350 мыңға жуық, алдыңғы Азияның араб елдерінде 150 мыңнан астам, Түркияда 80 мыңға жуық Т. мекен етеді.

Т. түркі тілінің оғыз тобына жататын түрікмен тілінде

сөйлейді. Т-дердің дінге сенушілері — мұсылман-сунниттер.

Т-нің ежелгі құрамының қалыптасуына Сак, Дай, Массaget, Сармат, Алан тайпаларының және ежелгі Маргиан, Парфия тұрғындарының да ықпалы болды. 1-мың жылдықтың орта шенінде Каспий жағалауы аймақтарын қоныстанған ежелгі түріктер 9 ғ-да келген оғыздар Т. халқының негізін қалыптастыруда үлкен роль атқарды. Оғыздардың негізгі тобы Солт.-Шығыстан 11 ғ-да келіп, жергілікті халықпен араласып кетті. Т. халқының қалыптасу процесі 15 ғ-да аяқталды. 20 ғ-ға дейін Т. Теке, Жаумұт, Ерсары, Салыр, Сарык, Гоклен, Чоудор аталатын ірі-ірі тайпаларға бөлініп келді. 19 ғ-дың 2-жартысында Т-де таптық жіктелу пайда бола бастады. 19 ғ-дың 80 жылдары Түрікмения Россияға қосылды.

Ұлы Окт. революциясына дейін Т-дер егін және мал шаруашылығымен қатар айналысты, сондықтан да халқы жартылай көшпелі болды. Малшы — чарва, отырықшы диқандар — чомрлар аталды. Бұлар негізінен дөңді дақылдан бидай және бау-бақша, шитті мақта өсірумен айналысты. Окт. революциясынан кейін Т. халқы Түркістан Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының, Хорезм Халықтық Советтік Республикасының, Бұхар Халықтық Советтік республикасының құрамында болды. 1924 жылдан Түрікм. ССР-і құрылып, Т. соц. ұлт болып қалыптасты.

Әдеб.: История Туркменской ССР, т. 1-2, Аш., 1957; Бартольд В. В., Очерк истории туркменского народа, Соч., т. 2, ч. 1, М., 1963; Народы Средней Азии и Казахстана, т. 2, М., 1963; Росляков А. А., Туркмены и огузы, "Уч. зап. ТГУ", в. 73, Аш., 1955; Кононов А. Н., Родославная туркмен, Соч. Абу-л-Газы, хана Хивинского, М.-Л., 1958; Агаджанов С. Г., Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв., Аш., 1969.

УНГУМИ

Унгуми (Б. з. б. 90 ж. ш. - б. з. б. 30 ж. ш) — Үйсін бірлестігінің Ұлыбегі. Б. з. б. 105 ж. ш. бірлік құрған Үйсін Ұлыбегі (Қытай жылнамасында гуньмо аталады) Гюньцюими дүние салғаннан кейін, оның мұрагер баласы Ними жас болғандықтан, немере ағасы Ұ. билік құрады. Оның тұсында бірліктің қуаты артты. Ұ. Қытаймен келісім жасасып, б. з. б. 70 ж. ғұндарға (хүн) шабуыл жасаған. Ол. Шығ. Түркістан істеріне де араласты. Ұ-дің екінші баласы Яркенттің (Шынжаңда) билеушісі болды. Ұ-ден кейін оның балалары арасында өкімет билігіне талас басталды да Үйсін бірлестігі екіге бөлінеді.

Әдеб.: Бартольд В. А., Усуни, Соч., т. П. ч. 1., М., 1963, с. 28; Бичурин Н. Я., Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, т. 1-3, М.-Л., 1950-53; Қазақ ССР тарихы, т. 1., А., 1957; с. 46-60.

ҰЗАҚ САУРЫҚОВ

Ұзақ Саурықов (1876, қазіргі Алматы обл., Нарынқол ауд., Сарыбастау с., тамыз, 1916, Қарақол, қазіргі Пржевальск) — патша өкіметіне қарсы Қарқара көтерілісі (1916) басшыларының бірі. Жас кезінен-ақ байлардың озбырлығына қарсы болды. Беріректе патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы болғаны үшін азаматтық правосынан айрылған. 1916 ж. июльдің бас кезінде майданның қара жұмысына кісі алу жөніндегі патша үкіметінің жарлығына қарсы үгіт жұмыстарын жүргізеді. Ұ. мен Жәменке Мәмбетов басқарған Жаркент уезінің Нарынқол — Шарын учаскесінің 1000-нан астам тұрғыны 1916 ж. 11 июльде Қарқара жайлауында (әрі жәрменке) бас қосып майданның қара жұмысына кісі бермеуге келіседі. Егер патша үкіметі өз жарлығын күшпен жүзеге асырмақ болса, оған қарулы көтеріліспен жауап беру туралы байлам жасалды. Осыдан бастап Ұ. төңірегіне көп адам топтасады. Толқудың қарулы көтеріліске ұласып кетуінен қорыққан патша үкіметінің жергілікті органдары 1916 ж. 20 июльде (кейбір мәліметтер бойынша, 22-июльде) Ұ-ты және оның бірнеше серігін тұтқынға алады. Көп кешікпей ол Пржевальск түрмесіне ауыстырылады. Мұнда оны патша үкіметінің жәндеттері у беріп өлтіреді. Ұ-тың алғаш рет көтерілісшілердің басын қосқан жерін халық "Ереуілтөбе" атап кетті. Ол — М. Әуезовтың "Қилы заман" атты повесінің басты кейіпкерлерінің бірі.

Әдеб.: Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов, М., 1960, с. 329, 354-55.

ҰЛЫ ҚБЕК

Ұлықбек Мұхаммед Тарағай [23.3.1394-27.10.1449] — Орта Азияның ұлы астрономы және математигі. Султания к. маңында туған. Ақсақ Темірдің немересі, 40 жылдан астам уақыт Орта Азия мен Қазақстанның көп өлкесіне, әмірлік еткен. Ол — әйгілі астроном мектепті ұйымдастырушы, заманында теңдесі жоқ обсерваторияның негізін қалаушы. Ұ-тің еркін ойы керітартпа дін иелері ниетіне қарағар келді. Сөйтіп, ол зұлымдықтың құрбаны болды. Ұ-тің маңына Руми Қазы Заде, Кәши, Құшшы т.

б. ірі ғалымдар топтасқан. Ұ. обсерваториясының ең басты еңбегі — "Зидж-и Жәдид-и Гургани" ("Ұлықбек Зиджі"). Бұл — Ұ-тің басшылығымен жүргізілген ғалымдардың коллективтік еңбегі. Ол төрт бөлімнен тұрады: календарьлар туралы; уақыт өлшеу жөнінде; планеталардың қозғалысы; астроном. басқа мағлұматтар. Мұнда астрономияның теориялық негіздерімен қатар 1018 жұлдыздың орны көрсетілген каталог жасалған. Ұ-тің астроном. еңбектері 18 ғ-дан бастап Еуропа елдерінде кеңінен мәлім болған. Жұлдыздар каталогы 1665 ж. Оксфордта басылып шықты.

Әдеб.: Көбесов А., Сөнбес жұлдыздар, А., 1973; Карм-Ниязов Т. Н., Астрономическая школа Улугбека, М., 1950.

ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ РОССИЯҒА ҚОСЫЛУЫ

Ұлы жүздің Россияға қосылуы — Ұлы жүз ру-тайпаларының өз еркімен Россия қол астына қарауы. Жетісудың Ілеге дейінгі бөлігі 18 ғ-да Жоңғар феодалдарының билігінде болды. Ол кезде Ұлы жүз ханы Жолбарыстың қол астында Ташкент төңірегіндегі шағын ғана аймақ бар еді. Жолбарыс хан орыс елшісі М. Тевкелевтің Кіші жүзге келгенін біліп, оған Россияның қол астына кірудің шартын анықтау үшін үш старшын жіберді. Осы кезде Ұлы жүздің атақты билері — Төле би, Қодар би және Сатай, Бөлек, Ханкелді батырлар өздерін Россия азаматтығына қабылдау жөнінде император Анна Ивановнаға жолдама хат жөнелтті. Олар Әбілқайыр хан мойындаған шарттар негізінде Россия мемлекетінің құрамына кіруге тілек білдірді. 1734 ж. 20 апрельде император Анна Ивановна оларды Россияның қол астына қабылдау жөніндегі грамотаға қол қойды. 1742 ж. Ұлы жүз руларының төрт старшыны Россияның қол астына қарау жөнінде ант берді. Бұл кезде Жетісудың көптеген бөлігінің Жоңғарлар билігінде болуы әрі олардың өзара қырқысулары Россияға қосылуға бөгет жасады. Сонымен қатар Қоқан ханы мен Хиуа билеушілері едәуір қарсылық көрсетті. 1848 ж. сұлтан Сүйік Абылайханов бастаған Ұлы жүз қазақтары өздерін Россия қол астына алу туралы тілек білдірді. Бір жыл өткен соң патша үкіметі Ұлы жүз қазақтарын Россия азаматы деп жариялады. Бірақ бұл азаматтыққа Іленің шығ. жағын мекендеген тайпалар ғана өтті. 1856 ж. Ұлы Жүздің Жалайыр, Албан, Дулат, Шапырашты, Ысты тайпалары Россия азаматтығын қабылдады.

19 ғ-дың 50 жылдарында Ұлы Жүздің Оңт. Қазақстандағы бөлігі Қоқан хандығының қол астында еді. Бұл аймақтарды өзіне қаратып әрі Орта Азиядағы хандықтарды бағындыру мақсатымен патша үкіметі Ұлы жүздің Оңт. Қазақстандағы аймағына екі жақтан — Перовск мен Верный қ-нан жорық бастады. 1864 ж. көктемде орыс әскерлері Әулиеатаны, 1865 ж. Ташкентті, Перовскіден шабуылға шыққан орыс әскері Шымқорған, Жөлек бекіністерін алып, Сырдария мен Жетісудағы Ұлы жүз қазақтары түгелдей дерлік Россия қол астына көшті.

Ұлы жүздің тұрғындары әкімш. жағынан Түркістан генерал-губернаторлығына қарайтын Сырдария мен Жетісу обл-тарын мекендеді. Барлық жер мемел. меншігі деп жарияланды. Ұ. ж. Р. к. прогрессивті роль атқарды. Қазақстанның оңт. бөлігінің Россияға қосылуы оны Жоңғар, Хиуа, Қоқан, Бұхар секілді хандықтар тарапынан жаулап алу қаупін жойды. Ұлы жүзге Россияның алдыңғы қатарлы экономикасы мен мәдениетінің енуіне мүмкіндік туды. Жетісу өңірінде Қапал, Жаркент, Верный, Әулиеата, Шымкент т. б. қалалар, көптеген станицаларда экономик. сауда қатынастары жанданып, жаңа кәсіп түрлері шыға бастады.

Әдеб.: Қазақ ССР тарихы, 1-т., А., 1957; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. А.-А., 1961; Аполлова Н.Г., Присоединение Казахстана к России, А.-А., 1948; Бекмаханов Е., Присоединение Казахстана к России, М., 1957; Сабырханов А., Казахско-русские отношения в 50-90-х годах XVIII в., А.-А., 1965; Казахстан в XV-XVIII веках, А.-А., 1969.

Ұ Л Ы Ж І Б Е К Ж О Л Ы

Ұлы жібек жолы — сауда, керуен жолдарының жалпы атауы, б. з. б. 2 ғ-дан 16 ғ-ға дейін Орта Азия арқылы Қытайды Алдыңғы Азиямен байланыстырды. Чжан Цяньның жасаған саяхаты нәтижесінде б. з. б. 2 ғ-да ашылды. "Ұ. ж. ж." Сианьнан Ланьчжоу арқылы Дуньхуанға апарды, бұл жерден жол екі торапқа бөлінеді: солтүстік жол Тұрфан, Қашғар, Самарқан, Мервті, Ферғана алабын, ал оңтүстік жол Хотан, Жаркент, Балх және Мервті басып өтіп, Памирдің тау жоталары арқылы Үндістанға, сондай-ақ Таяу Шығысқа апарды. Мервте оңтүстік және солтүстік жолдар қосылып, одан әрі батыстағы "Ұ. ж. ж." Ниса, Гекатомпил, Экбатана, Бағдад арқылы Жерорта теңізінің шығыс жағасындағы порттарға, Тир мен Антиохияға дейін созылып жатыр. Экспорт үшін арнаулы

дайындалған және Батыста жоғары бағаланатын қытай жібегі негізгі сауда товары болды. "Ұ. ж. ж." арқылы сауда-дипломатиялық байланыс әсіресе 1-2 ғ-лар аралығында мейлінше дамыды. Қытаймен негізінен ортаазиялық делдал саудагерлер сауда жүргізді. 97 ж. қытай саяхатшысы Гань Ин Парсы шығанағына дейін, ал македониялық Май Тициан 100 ж. Ланьчжоуға дейін жеткенімен жол қатынасының қиындығы Қытай мен Рим арасында тікелей байланыс жасауға мүмкіндік бермеді. 3-6 ғ-ларда "Ұ. ж. ж." көбінесе "қажылар жолы" ретінде пайдаланылды, бұл жол арқылы будда монахтары Қытайдан Үндістанға, Үндістаннан Қытайға сапар шекті. 7-10 ғ-ларда "Ұ. ж. ж.-ның" халықар. маңызы арта түсті — Қытай Византиямен және арабтармен байланыс орнатты. 15 ғ-дан теңіз байланысының дамуына байланысты "Ұ. ж. ж." маңызын жоя бастады. Алдыңғы Азия мен Орта Азия және Қытай халықтары арасында экономик. және мәдени байланысты дамытуда. "Ұ. ж. ж.-ның" ролі зор болды. "Ұ. ж. ж.-ның" ұз. 7 мың км-ден асты.

Әдеб.: Васильев Л.С., Культурные и торговые связи ханьского Китая с народами Центральной и Средней Азии. "Вестник истории мировой культуры", 1958, №15.

Ү Й С І Н

Үйсін, У с у н — ежелгі түркі тайпасы. Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалардың бірі. Оңт. революциясына дейін Жетісу, Оңт. Қазақстанды мекендеген Ұлы жүз құрамындағы тайпалардың атауы ретінде халық арасында да, жазба әдебиетте де қолданылды. Ал шежіре деректері бойынша Ү-ді Шыңғысхан заманындағы Майқы биден таратады. Батырдың шежіресінде (Н. Аристов жазбасында) Майқы биден: Қаңлы, Бақтияр, Қырықжүз, Мыңжүз, Бақтиярдан: Үйсін, Ойсыл, Ү-нен Ақсақал (Абақ), Жансақал (Тарак). Абақтан — Қараша, одан Бәйдібек, Байтулы. Ұлы жүздің негізін құраған тайпалар Бәйдібектің балалары болып саналады. Олар: Албан, Дулат, Суан, Шапырашты, Сарыүйсін, Ошақты, Ысты. Ш. Уәлихановтың жазбаларында Ү. — бұл тайпалардың ғана емес, Ұлы жүздің барлық тайпасының түп атасы. Онда Төбейден — Ү., одан: Қойылдыр (Қатаған, Шанышқылы), Мекрейіл (Жалайыр), Майқы (Абақ), Қоғам (Қаңлы). Бұл шежірелердің қайсысы болмасын тайпалар туыстығын көрсетеді. Алайда көне жазба деректерге қайшы келіп жатады. Қытай жазбаларында Ү. атауы б. з. б. 2

ғ-дың акырында аталады. Ғұндардың күшеюінен қорыққан Қытай үкіметі өзіне одақтас іздеп, батыс елдеріне елшілік жіберді. Ғұндардың шапқыншылығына ұшыраған халықтың бірі Ү-дер еді. Қытай елшісі келген кезде Ү. ұлысбегі Лецзяомидің лауазымы гуньмо аталған. Оның заманында ғұндармен терезесі тең қуатты Үйсін бірлестігін құрған. Қытай патшасы Ү. гуньмолары ұлыбек Гюньцюими, Ними, Куан — вандарға қыз берген.

Ежелгі Ү-нің шығу тегі, тілі жайында бізге келіп жеткен жазба дерек жоқ. Біздің білетініміз адамдардың есімі, лауазымы, онда да Қытай транскрипциясы бойынша жазылған. Ү. тарихын зерттеушілердің назар аударатыны есім соңындағы "ми" жалғауы. Ү. тұрпаты жағынан көне жазбалардан білетініміз б. з. б. 7 ғ. Қытай жазушысы Чин-гу, Батыс өлкенің өзге шетелдіктерінен Ү-дердің едәуір айырмашылығы бар, олардың көзі көк, жирен сақалды... деп жазады. Ү-дердің шаруашылық жағдайы, мәдениеті жайындағы деректер археол. қазбалардан анықталып отыр. Көшпелі Ү-дер өнерінің алғашқы даму кезеңі б. з. б. 4 ғ-да биік сатыға көтерілген. Б. з. б. 105 жылдарда Ү. гуньмосына ұзатылған Қытай патшасының қызы киізбен ораған дөңгелек үйде тұратынын, ет, сүтпен қоректенетінін айтып, өлеңмен зарлы хат жазған. Соған қарап, Ү-нің б. з. б. киіз үйде тұрып, көшіп-қонып жүргенін байқаймыз. Жазба деректерде б. з. б. 1 ғ-да Ү. халқының жалпы саны 630 мың адам (120 мың түгін) болған. Олар 188 мың 800 адамнан жасақ құрған. Ү. тайпасы б. з. б. 3 ғ-да Бұлыңғыр ө-нің бойындағы Дун-хуан, Ун-лянь-шань (қытай атауы) деген жерде болған. Әрине, бұл жер аттары қытай жазуының ерекшелігіне қарай бұрмаланып та жазылуы мүмкін. Б. з. б. 2 ғ-дың орта шенінде Ү-дер Жетісуға, Іле бойына қоныс аударған. Бұл жердегі юсчжа (юе-да) халқын ығыстырған, бірақ олардың бәрі бірдей батысқа кетпеген болар деген ғылыми жорамал да бар. Ал Ү. Шығыстан көтеріле көшпегенін С. Е. Малов Тоникук ескерткіштеріндегі Ү. есімінің жазылуымен дәлелдейді. Жетісу Ү-дерінің шығу тегін анықтау жолында А. Н. Бернштам, К. А. Ақышев, Г. А. Кушаевтар археол. қазба жұмыстарын жүргізді. Шығыстағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі дерек бұлғартпақ қорытынды жасауға мүмкіндік туғызды. Бұл деректерге сүйенген орыс ғалымдары Ү-нің исседондармен туыс екенін дәлелдеп, оларды Тянь-Шань және Шығ. Түркістан тармағы деп бөледі.

Б. з. б. 6 ғ-нда Ү. этнонимі тарихи әдебиетте

кездеспейді. Бірақ одан тараған рулар Дулат, Албан, Чигіл (Жікіл) Түрік қағандығы кезінде тайпалық одақтарды құруға қатысады. В. В. Бартольд зерттеуіне қарағанда Шаболо Хилиши (634-38) қаған кезінде Батыс түрік халқы он тайпа ел болған. Бұлар Шудың екі жағасына тең жарылып мекендеді. Батыс жағалаулары Нушеби, Шығыс жағалаулары Дулу (Дулат) аталған. Дулатпен қатар чубань (Суан) халқы да мекендеген. Содан кейінгі 5 ғасыр бойы (700-1200) Ү. жазба деректерде аталмайды да, 13 ғ-да Рашид ад-дин шығармасында Шағатай қол астындағы Ү. халқы туралы жазылады. Акад. В. В. Бартольдтың "Жетісу тарихы очерктерінде" Дулат тайпасынан шыққан Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасына сүйенсе отырып, орта ғасырдағы Моғолстан иелігінде дулаттар басты тұлға болғанын жазды. Моғолдың ұлысбегі Булатшы, оның баласы Хұдайдат, немересі Мир-Мұхаммед ұлысбегі атанды. Темірмен жауласқан Камариддин, Хұдайдаттың немересі Сейд Әли (1440) Жетісуда, Ыстықкөл маңындағы Шығ. Түркістанда, Қашғарияда билік құрды. Ү. қырғыз халқының құрамында да бар. Солты тайпасының бір тармағы Усон, Қаракесек тармағы Сарыүйсін, Бағышындағы Қалша аталары Ү. деп аталады. Сол сияқты Ү. қарақалпақтардың құрамына да енген.

Ү-нің шығу тегі, таралуы, халықтардың тарихындағы ролі жайында тарихи-генеалогиялық зерттеулерінде талас пікірлер көп.

Әдеб.: Казак ССР тарихы, 1-т., А., 1957; Бернштам А., Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрок, Л., 1946, с. 81; Бартольд В. В., Очерки истории Семиречья, Усуни, Соч., т. 2, ч. 1, М., 1963; Акишев К. А., Кушаев Г. А., Древняя культура саков и усуней долины реки Или, А.-А., 1963; Зуев Ю. А., К этнической истории усуней, Тр. Ин-та истории, археологии и этнографии АН КазССР, т. 8, 1960, с. 9-10; Аристов Н. А., Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой орды и кара-киргизов..., "Живая старина", в. 3-4, СПб., 1894; Грумм-Гржимайло Г. Е., Западная Монголия и Урянхайский край, т. 2, Л., 1926; Востров В. В., Муканов М. С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968.

Ү Н Д І С Т Е Р

Үндістер — Американың байырғы тұрғындарының (эскимостар мен алеуттерді қоспағанда) жалпы атауы. Европаның алғашқы теңіз жиһанкездері (Христофор Колумб т. б., 15 ғ-дың соңы) Атлант мұхитының арғы жағындағы жағадан тапты-мыс деген жерлерін Үнді деп жаңсақ атады. Ү. де соған байланысты алынды. Антропол.

типі жағынан Ү. американдық нәсілге жатады. Америкадағы Ү-дің жалпы саны шамамен 30 млн. адамнан астам (1960 жылдардың орта шеніндегі есеп бойынша). Бұлардың тілі әр түрлі және жете зерттелмеген. Ү-дің діни сенімі — шаманизм, құдіретке сиыну, тотемизм саласында болды. Қазіргі Ү-де құдіретке, ата-бабаның аруағына табынушылық Американың шалғайдағы, жұрт бара бермейтін аймақтарында (Амазонка ө-нің алабы т. б.) ғана сақталып отыр.

Ғалымдардың бағдарлауынша Ү. және эскимостар бұдан 30-20 мың жыл бұрын Америкаға Беринг теңізі және бұғазы арқылы Солт.-Шығ. Азиядан қоныс аударған. Олардың қоныстануына, жаңа жерді игеруіне мыңдаған жыл кеткен.

Европа отаршылдары келгенге дейін (16 ғ-да басталған) Солт. және Оңт. Американың тұрғындары рулық-қауымдық құрылыстың әр түрлі сатысын бастан өткерді. Халықтардың біраз бөлігі рулық қоғамнан таптық қоғамға өтудің әр түрлі дәрежесінде болды. Орт. және Оңт. Америка Ү-і (ацтек, майя, инк) таптық қоғамда тіршілік құрды.

Европа отаршылдығының қарсаңында Америкада бірнеше тарихи-мәдени облыстар қалыптасты: 1) теңіз аңшыларының Арктикалық облысы (эскимостар, алеуттер). 2) Солт. Американың солт.-бат. жағалауы — маманданған балық кәсіпшілігі мен теңіз аңшылығының облысы (хайда, тлинкиттер, вакаштар, селистер т. б.). 3) Калифорнияда — аңшы-балықшылар облысы. 4) Канаданың солтүстігі және Алясканың ішкі бөлігі — Алгонкин мен Атапаск тайпалары орналасқан облыс. 5) Қазіргі АҚШ территориясының шығ. бөлігінде жер кәсібімен айналысқан отырқышы тайпалар мекендеген (шығ. алгонкиндер, ирокездер, мускогтар) облыс. 6) Американы ашқаннан кейін далалық зонада бизон аулайтын аттылы аңшылар (сиу, дакота, оседжер, мандандар, арапахо, чейендер, паундар, кэддо, вичита) облысы. 7) Солт. Американың оңт. батысы (қазіргі Нью-Мексико, Аризона-Юта, Колорадо штаттары) — суармалы егін шаруашылығы дамыған облыс (Пуэбло, Пима). 8) Европалықтар келгенге дейін Орт. Америка мен Андыдағы Ү-дің мәдениеті едәуір өркендеген ел еді. Бұл аймақтың тұрғындары егін шаруашылығының күрделі суландыру жүйесін игеріп, маис, бұршақ, асқабақ, күнбағыс, какао, агава, темекі, мақта, картоп екті. Сонымен қатар мал шаруашылығы, металлургия кәсібі де дами бастаған-ды. Жоғары мәдениет

ошағы қалыптасып, балық аулауды кәсіп еткен қала-мемлекеттер пайда болды. 9) Оңт. Американың тропикалық бөлігінде (Амазонка мен Ориноко алқаптары және Бразилия таулы үстірті) жерді кетпенмен өндеген тайпалар мекендеді. 10) Аргентина Пампасымен Патагон таулы үстіртін мекендейтін Ү. мен Солт. Американың далалық аймағындағы тұрғындардың тіршілігінде, мәдениетінде ұқсастық мол. 11) Оңт. Американың қиыр түстігі мен Отты жер аралының байырғы Ү-і (она, ямана, алакалуфтар) аңшылықпен айналысып жартылай көшпелі тіршілік еткен.

Европа отаршылдары Ү-дің табиғи өсу жолын тоқтатты. Олар Солт. Америка Ү-інің көпшілігін қырып жіберді, қалғандарын АҚШ пен Канаданың резервацияларына жер аударды. Материктің қиыр солтүстігінде ғана байырғы тұрғындары жартылай көшпелі тіршілік етіп, аң аулаумен айналысуда. Ү-дің едәуір бөлігі американдықтармен араласып, Американың қалалық және селолық пролетариаты мен кедей фермерлердің санын көбейтуде. Сондай-ақ Лат. Америкасындағы Ү-дің көптеген тайпалары да (Вест Үндіде, Уругвайда, Аргентинада) қырылып кетті. Амазонка алабының шалғай аймақтарындағы аздаған Ү-дің бөлігі көне мәдени-тұрмыс салтын сақтаған. Лат. Америкасының қазіргі бірнеше ұлттарының (мексикалықтар, гватемалалықтар, парагвайлықтар, перуандықтар т. б.) қалыптасуындағы басты компоненттердің бірі болды. Кейбір елдерде Ү-дің тілі күнделікті тұрмыста испан тілімен (Перу, Боливия, Экуадорда — кечуа тілі, Парагвайда — гуарани тілі 2-ресми тіл) қатар қолданылады. Үндіс халқы өзіндік мәдениетін дамыту правосын талап етіп, Американың өзге халықтарымен бірге теңдік үшін күресіп отыр.

Ү-дің дүн. жүз. мәдениетке қосқан үлесі едәуір. Дүние жүзінің халықтары олардан маис, картоп, күнбағыс, маниока, какао, мақта, темекі т. б. өсімдіктерді егуді үйренді. Ү. архитектураның, бейнелеу өнерінің, ұлттық поэзиялық творчествоның тамаша үлгілерін жасады.

Европа отаршылдары жаулап алар қарсаңында Американың орталығында және Анд аймағында жоғары өркендеген көркемөнер мәдениеті бар еді (к. Мексика, Гватемала, Гондурас, Панама, Колумбия, Перу, Боливия, Ацтек, Инк, Майя...). Ү-дің рулық, тайпалық бірлестіктері жер өңдейтін, аң аулайтын құралдардың неше түрлерін жасаған. Қолөнері де, архитектуралық өзіндік сипаттағы құрылыстары да дамыған. Ү-дің өзіндік ерекшелігі бар

өнері — АҚШ, Канада, Уругвай, Аргентина т. б. елдерде жойылып немесе соған таяу халде болса, Мексика, Боливия, Гватемала, Перу, Эквадор т. б. елдерде отаршылық кезеңінде де, жаңа кезеңде де халық өнерінің негізі болып отыр.

Әдеб.: Народы Америки, т. 1-2, М., 1959-60 (библи.); Индейцы Америки, М., 1965 (Тр. Ин-та этнографии АН СССР, Новая серия, т. 25); Американский этнографический сборник, М., 1960 (Тр. Ин-та этнографии АН СССР, Новая серия, т. 58); Морган Л. Г. Дома и домашняя жизнь американских туземцев, пер. с англ., Л., 1934; Фостер У., Очерк политической истории Америки, пер. с англ., М., 1953; С т и н г л М., Индейцы без томагавков, М., 1984.

Ү Ш Т А Ң Б А Л Ы

Үштаңбалы — Сіргелі тайпасының құрамындағы көне ру. Ү жазба деректерде 15-16 ғ. Сіргелімен қатар айтылады. Рузбехан жазбасындағы дерекке қарағанда, бұрын Ноғай ордасының құрамында болып, кейін Солт. Кавказға қоныс аударған Найман, Қыпшақ, Үйсінмен қатар Сіргелі, оның руы Ү да болған. Сондай-ақ Қарақалпақтың Қият тайпасында да Ү руы бар және өзбектің Локай руының таңбасымен Ү-ның таңбасы ұқсас. Бұған қарағанда Ү — Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі көне рулардың бірі. Таңбасы — ↖ (үш таңба), ұраны — Бақтияр.

Әдеб.: Ибрагимов С. К., "Михман наме-и Бухара" Рузбехан как источник по истории Казахстана XV-XVI вв., А.-А., 1960, с. 144; Аристов Н. И., Опыт выяснения..., "Живая старина", в. 3-4, СПб, 1894.

Ш А Н Ы Ш Қ Ы Л Ы

Шанышқылы — Ұлы жүз құрамындағы көне тайпа. Ш-ның шығу тегі жайында шежіре деректерінде бір ізділік жоқ. Діқанбай шежіресінде: Ақарыс-Жұмабай-Жұмабай-Киікбай-Төбеби. Одан: Майқы, Қоғам, Қойылдыр, Мекрейіл, Қоғамнан Ш. Жазба деректерде 17-18 ғ-да белгілі бола бастаған. П. И. Рычковтың, М. Тевкелевтің, А. Левшиннің еңбектерінде 18 ғ-дың орта кезінде, ал Ш. Уәлиханов жазбасында Есімхан өлгеннен кейін (1630 ж. ш.) Ш. керейіттермен бірге ордадан бөлініп, қоңыраттармен Қаратау, Талас ө-нің бойын мекендеген. Н. Аристов Ш-ны жер, адам атауларына қарап Алтайдан тараған көне тайпа десе, А. Левшин Ұлы жүздің өзге тайпаларымен қатар ежелгі Үйсін, Дулат, Қаңлы, Сіргелі тайпаларымен туыстығын дәлелдейді. Ш. жер ыңғайына

әрі туыстығына қарағанда Қаңлы, Қатаған тайпаларына етене жақын. Өзге халықтардың құрамында да Ш. атауы кездеседі. Мыс., қырғыздың Чекир, Саяқ, карақалпақтың Қандақты, өзбектің локайлықтарының құрамында да ұшырасады. Окт. революциясына дейін Ш-лар Сырдария облысын, Ташкент уезін мекендеген. 1889 жылғы санақ бойынша Қаңлымен қоса есептегенде бұл жерлерде 10 мың түтін тұрған. Ұраны — Айырылмас, Бәйтерек, Бақтияр, таңбасы — ↖ ↙ қолтаңба.

Әдеб.: Аристов Н. А., сонда... Востров В. В., Муканов М. С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968.

Ш А П Ы Р А Ш Т Ы

Шапырашты — Ұлы жүз құрамындағы көне тайпа. Шежіре деректеріне қарағанда Абақтан тарайтын Бәйдібектің екінші әйелі Зеріптен Жалмамбет, одан: Ш., Ысты, Ошақты. Діқанбай батырдың шежіресінде Ш-дан Асыл, Шыбыл, Екей, Еміл-Ескожа, Айқым. Бұларды "бесшам Ш." деп те атайды. Онда Еміл мен Ескожа қосарланып айтылады. 19 ғ-дағы орыс архив құжаттарында бесшамға Теке, Төлеміс, Әжіке, Кеней деген төменгі рулар қосылып жазылып, жаңсақ кеткен. 1889 жылғы санақ бойынша Ш-лар 7000 түтін. Ертедегі жазба деректерде тікелей Ш. деген атау ұшыраспайды, алайда Ш-дан тарайтын Шыбыл руы Махмұд Қашғаридың жазбасында Чигил (Жікіл), Чумул деген есіммен аталады. Этнографтар бұл екі руды Шыбыл мен Еміл, кейде Екей емес пе екен деген пікір айтады. Бірақ бұл түбегейлі дәлелденген пікір емес. Н. А. Аристовтың жазбаларына қарағанда Ш-да ай таңбамен қатар тұмар таңба да бар. Таңбасына қарай Н. А. Аристов Ш. мен Ошақтыны туыстық жағынан жақын тайпа деп санайды. Олай болса Ошақты жайындағы дерек Масудидің шығармасында кездеседі. Қалайда Дулат, Суан, Албан, Жалайырмен туыстас, Ш. Жетісуды ежелден мекендеп келе жатқан тайпа.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде Ш. есімі тарихи шығармаларда жиі кездеседі. Одан тараған рулар — Іле Алатауының бөктеріндегі Түрген, Талғар, Алматы, Ақсай, Қаскелең, Қарғалы, Жаманты ө-дерінің бойын жайлап, Іле бойын қыстаған. Жетісу тарихында із қалдырған тайпа. Жоңғар басқыншыларына, Қокан билеушілеріне қарсы ерлік күрес жүргізген. Ш-дан Карасай, Кәшке, Бөлек, Жапек, Байторы, Байқұлақ, Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Караш, Қаумен, Қасқары, Қазбек, Қастек, Наурызбай,

Сатай сияқты даңқты батырлар, Жамбыл, Сүйімбай, Үмбетәлі сияқты ақындар шыққан. Ұраны — Бақтияр, Қарасай, таңбасы ∪ (ай), △ (тұмар).

Әдеб.: Аристов Н.А., сонда..., Востров В.В., Муканов М.С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968.

Ш Е Г І Р

Шегір — Дулат тайпасынан тараған ру. Шегіре деректері бойынша, Дулаттан өрбіген рулар бірлестігі Жаныстан тараған алты рудың (Жанту, Жантаң, Жарылқамыс, Оймауыт, Бөгел, Қапал, Ш.) бірі. Н. Аристовтың жазбаларында Ш-ден тараған ұрпақ 19 ғ-дың 2-жартысында Шымкент у-нің Ленгер, Сарыағаш, Түркістан елді мекендерін, Ташкент у-нің Бостандық, Шыршық деген жерлерінде жартылай отырықшы болып, бау-бақша егу мен мал өсіруді кәсіп еткен. Жауынгерлік ұраны — Бақтияр, рулық ұраны — Төле.

Әдеб.: Аристов Н.А., сонда...

Ш Е Ж І Р Е

Шегіре, қазақ шегіресі (араб. шаджарат — бұтақ, тармақ) — халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Ру, тайпалардың өрбiн ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми шегіре мәдениетті елдердің бәрінде де кездеседі. Шегіренің көп томдық жинағын Россия, Германия, Англия, Франция және көптеген шығыс елдері баспадан шығарған. Қазақ шегіресі де — Европа елдерінің шегіресі сияқты ең толық жинақтың бірі. Мұндай шегірелер Башқұрстанда, Өзбекстанда, Түркменстанда, Қырғызстанда, Сібір халықтарында да кездеседі. Қазақ шегіресінің қайнар көзі — көп заман бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалып отырған жинақтар. Ол белгілі бір тарихи шығарма іспетті атадан балаға ауызша, жазбаша жеткізіліп отырған. Көп заманнан бергі жазба түрге түсірілген шегірелерден қазақ ойшылдарының жақсы білгендері Рашид ад-диннің түрік-монғол шегіресі, Жамал Қаршидың Оғыз-Қыпшақ, Қарахан шегіресі, Ұлыбектің "Шаджарат әл-атрақ", "Муииз әл-ансаб фи шаджарат және салатин моғол", "Сұлтандар шегіресі" (15 ғ.), Мұхаммед Али Шабангарайдың "Маджма әл-апсаб" ("Шегіре жинағы"), Молла Мырза Рахым Ташкендидің "Ансаб ассала-

тин" ("Сұлтандар шегіресі"), Әбілғазының "Шегіре-и түрік", "Шегіре-и тарахиме" ("Шегіре жазбасы"). Қазақ хандығының тұсында көп қолданған шегірелердің бір тобы "Насабнаме Шыңғыс", "Насабнаме қазақ", "Махмұд Сұбыктегін шегіресін", "Тахаши Салатын" ("Оғыз-салжұқ шегіресі"), Байбарыс пен ибн Халдун жазған "Қыпшақ шегіресі", "Жаһаннаме" ("Оғыз-қарахан шегіресі") т. б. Бұл шегірелерді топтап жиып отыру орта ғасырдағы атақты адамдардың дәстүріне айналған. Ш. Уәлихановтың айтуынша ескі шегірелер: Есімханның, Тәукенің, Сәмекенің, Әбілмәмбеттің ұрпақтарында сақталып келген. Ондай шегірелер Абылайда, оның балалары Уәлиде, Сұйық төреде, Әбілхайырда, оның балалары Нұралыда, Айшуақта, ұрпақтары Жәңгірханда, Дәулеткерейде болған. Абылайдың шегіресі оның ұрпақтары арқылы кейін капитан Андреевке, Н. И. Гродековтың қолына тесіді. Оның толық түрін сақтаған Ш. Уәлиханов. Әбілхайырдың шегіресі толығымен М. Тевкелевтің, П. Н. Рычковтың қолына түседі. Ондай шегірелерді орыс әрпіне түсіріп жинаған кісілер: А. И. Левшин, Г. С. Саблуков, Н. Аристов, А. Ягмин, Б. С. Броневский, Ф. Г. Старкин, А. С. Андре, К. Б. Красовский, Л. Мейер, В. В. Григорьев, Н. Н. Веселовский тағы басқалар. Ондай тарихи шегірелерге патша үкіметі саяси мән беріп, жергілікті орындардан жинатып отырған. Мұндай шегірелер архивте өте көп. 19 ғ-дағы шегірелерді көп жинаған ғалымдар: М. Ладыженский, Ш. Уәлиханов, Г. Н. Потанин, А. А. Диваев, Н. И. Гродеков, И. Шангин. Олардың топтаған шегірелері осы күнге дейін архивте сақтаулы.

Қазақ ойшылдары топтаған шегірелердің ең қымбаттысы — Мұхаммед Хайдар Дулатидің, Қадырғали Қосынұлы Жалаиридін және "Көшен-Қарауыл шегіресі" (18 ғ.), "Жәңгірхан шегіресі" (1835), Ш. Уәлиханов жазып алған "Ұлы жүз шегіресі", Абдолла Ниязовтың "Үш жүз шегіресі", Ахмет Жантөриннің шегіресі, Г. Н. Потанин жазып алған Мұса Шорманұлының шегіресі, Өтеу Бөжейұлының "Қазақ жұртының шегіресі", Қорғанбек Бірімжанұлының бастауымен жинақталған "Орта жүз және кіші жүздің шегіресі" (1894). Бұл шегірені көп білетін ғалым, ақын кісілердің (Ақмолда) Торғай к-нда бір жыл отырып жасаған жинағы "Ғажайып шегіре", "Шыңғыснама", "Насаб Шыңғыс" ("Шыңғыс шегіресі") өте сирек кездесетін араб тілінде жазылған "Тальфик әл-аф-қар" (Орта Азияда жасаған хандар шегіресі), Қазақты "Аққашадан" тарату үшін "Офиат әл-ислам", "Халифат

тарихы", "Тафсир фи халиф", "Қарахан уа салжұқ" деген жазбаларды пайдаланған. Бұл жинаққа бірталай жазба мәліметтер, мәселен, Әбілғазы шежіресі, Ибрагим Халфиннің "Ахуал Шыңғыстан вә Ақсақтемір", Маржанидің "Мустфад әл-ахбар" т. б. еңбектері пайдаланылған.

Шежірені топтаудағы дерегі мол еңбектер: Ш. Құдайбердіұлының "Қазақ шежіресі" (Орынбор, 1911), Халиди Құрбанғалидың "Қазақ шежіресі", Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының "Қазақ шежіресі", "Бұл қазақ қай кезде" Үш жүз" аталған, Нұржан Наушабайұлының "Қазақ пен түрікмен шежіресі", Сыр бойында Торғай би жинаған "Үш жүздің шежіресі" (Н. И. Гродеков жазбасында) Диханбай бидің "Ұлы жүз шежіресі" (Н. А. Аристов жазбасында).

"Насапнама Қазаққа" ескі шежіре жазбаларындағы деректер толық енген. Мұнда тарихи оқиғалар 13 ғ-дан басталып, 18 ғ-дың 1-ширегіне дейін баяндалады. "Көшпен-Қарауыл" шежіресін білетін кісілердің қолынан шыққан жазбада Абылай заманы негізгі ескі жазудан көшірілген.

Қазақ шежіресінде тайпа, ру, аталардың таралуымен қатар, оларға байланысты тарихи уақиғалар, елдің қоныс аударуы, бір ел мен екінші елдің қарым-қатысы, ол елдерден үздік шыққан шешендер, батырлар жайындағы ел арасына жыр болып таралған әңгімелер қоса жазылады. Қазақ шежіресі жинақталып бір ізге түскен жоқ.¹

Әдеб.: Материалы по истории Казахской ССР (1785-1825), т. 4, М.-Л., 1940; Аристов Н.А., Заметки об этническом составе... Опыт выяснения этнического состава... сонда...; Валиханов Ч.Ч., Соч., т. 1, А.-А., 1961; Рашид ад-Дин, Джами ат-таварих, т. 3, (пер. текст и рус. пер.), Баку, 1957; Марғұлланов А., Найман, в сб.: Казахи, Л., 1930; Наушабаев Н., "Манзуман казахия", Казан, 1903; Құдайбергенұлы Ш., Түрік — қазақ раш ханлар шежіресі, Казан, 1911; Березин И.Н., Библиотека восточных историков, т. 2, ч. 1, Казань, 1854; Бичурин Н.Я., Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, т. 1-2, М.-Л., 1950; Абулгази Бахадурхан, Родословное древо тюрков, Казань, 1906; Востров В.В., Муканов М.С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968.

Ш Е К Т І

Шекті — Кіші жүздің Әлімұлы бірлестігіндегі ру. Ш. атауының қай кезден белгілі бола бастағаны жайында тарихшы-этнограф зерттеушілердің пікірлері әр түрлі. "Құтадғу білігпен" (1069) бір мезгілде жазылған "Диуани лұғат-ат-түрк" шығармасында Чу ө-нің бойында Чекл

¹ Ә. Марғұлланмен бірге жазылған.

тайпасы аталады. Ал Әлімұлы бірлестігіндегі Шөмекей, Қаракесек, Кетелерде Батыс Түрік қағандығының құрамында болғаны белгілі. Алтайдағы Чу, Чуя ө-дерінің бойында Чу даласы атауы осы күнге дейін сақталған. Ш. атауы орыс жазбаларында 18 ғ-дан белгілі болды. П. И. Рычковтың, А. Левшиннің деректерінде Ш. руы 8 атаға бөлінеді. Олар: Айт, Бұжыр, Орманбай, Жақайым, Ожырбай, Байкөбек, Жанқылыш, Орыс. Ал М. Тынышбаевтың шығармасында Ш. 3 ата: Арас, Баубек, Жақайым. "Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдар" атты кітапта Ш-нің 12 таңбасы бар $\text{ㄣ} \text{ㄤ} \text{ㄨ} \text{ㄩ} \text{ㄗ} \text{ㄘ} \text{ㄙ} \text{ㄚ} \text{ㄛ} \text{ㄜ} \text{ㄝ} \text{ㄞ} \text{ㄟ}$

Таңбаның молдығына қарағанда Ш-ні рулар бірлестігі десе де болады. С. Аманжолов, М. Тынышбаевтардың зерттеулерінде қарағанда, Ш. құрамына Найманның, Қаракесектің (Арғындағы) руларынан да аталар қосылғаны байқалады. "Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдары" жинақтай келіп үш таңбаға тоқтайды: $\text{ㄣ} \text{ㄤ} \text{ㄨ}$. Ал архив деректерінде төрт таңба $\text{ㄣ} \text{ㄤ} \text{ㄨ} \text{ㄩ}$. М. Тынышбаев дерегі де осыған сәйкес. Алғашқы таңбасы

Албан, Дулат таңбасына ұқсас. Мұның себебін этнографтар, Ш-де Албанның Айт, Алашта Албанның Қоңырбөрік тармағының болуынан деп дәлелдейді. Таңбасына қарағанда Ш. қазақ халқының негізін құрайтын бірнеше тайпалардың тармақтарынан құралған. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басында Ш. руы Орал, Торғай обл-тарың, Сырдария обл-ның Қазалы, Перовск уездерін, Арал теңізінің батысында Хиуа хандығына дейінгі аралықты мекендеген.

Әдеб.: Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828), т. 4, М.-Л., 1940; Востров В.В., Муканов М.С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968, с. 104-107.

Ш Е Р К Е Ш

Шеркеш, Серкеш, Черкес — Кіші жүз Байұлы құрамындағы тайпа. Шежіре бойынша 8 атаға бөлінеді: Құлақасқа, Қояс, Шумақ, Жауқашты, Қылыш, Кескен, Жетей, Қосым. Ш-ке еншілес ру бірлестіктері: Есентемір, Ысық. Бұлардың қыстауы мен жайлауы жапсарлас болған. Оңтүстікті мекендеген Ш-тер Қоңырат, Ұлы жүз тайпаларымен көршілес отырған. 20 ғ-дың бастапқы кезіндегі санақ бойынша Шымкент уезінде Ш-тен 158 түтін мекендеген. Қалың Ш. Каспий жағалауын, Жайық пен Еділ аралығын, Мынтеке, Нарын құмын жайлады. Таңбасы — Ү.

Әдеб.: Ханықов Я., Очерк состояния Внутренней Киргизской орды в 1841 году. "Зап. Русского географического общества", 1847, кн. 2, с. 28; Материалы по киргизскому землепользованию района Чу и низовьев реки Талас, Чернышевский и Аулиеатинский уезд Сыр-Дарьинской области, Таш., 1915, с. 38.

Ш О Ф А Н

Шоған — Албанның Сүйерқұлынан тараған ру бірлестігі. Шежіре дерегі бойынша Ш-нан Тұрымжан, Дәулен, Алжан, Шажа. Ру болып қалыптасқаны Алжан мен Шажа. Шежіреде Алжанды Мәмбет, Шажаны Үмбет деп те атайды. Ш-нан тараған ұрпақтар Окт. революциясына дейін қазіргі Кеген, Нарынқол, Ұйғыр, Шелек аудандарының және ҚХР-дің Шынжаң өлкесінің Текес, Іле бойын мекендеген.


Әдеб.: Аристов Н. А., Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды..., "Живая старина", в. 3-4, 1894.

Ш Ө М Е К Е Й

Шөмекей — көне түркі тайпасы. Қазақ шежіресі бойынша, Әлімұлы бірлестігіне жатады. Одан Көнек, Тока, Асбан, Бозғыл аталары өрбіген. Жазба деректерге қарағанда, қазақ халқының негізін қалыптастыруға қатысқан ежелгі тайпалардың бірі. Н. А. Аристов, Г. Грумм-Гржимайло шығ. жазбаларына сүйеніп, 6 ғ-да Барлық пен Тянь-Шань аралығын мекен еткен Шу тайпаларының құрамындағы Чумугунь деген байламға келген. Қытай жылнамасындағы дерек бойынша, 654 ж. қытайлар Шу бойындағы Чумугунь, Чумынь тайпасына шабуыл жасап, 30 мың адамын өлтірген. Бұл тайпалар Батыс Түрік қағандығының құрамында еді. Ал 6-7 ғ-да Чумугунь Дулат тайпалар бірлестігі Үрбінің (Юебань) құрамындағы ел болғаны белгілі. Т. А. Жданконың зерттеуінде Ш-дің Тәнке тармағы Қарақалпақтың құрамында бар. Бұдан Анна, Құйын, Айтеке, Шеруші рулары тараған. Ш. Ұлы Окт. революциясына дейін Қазалы у-індегі Сырдың төменгі сағасын 5.646 түтін, Перовск у-нің солт.-шығ. жағын 610 түтін, Бірғыз у-нің шығ. жағындағы Кенжеқара, Тәуіп, Аманкөл болысын, Ақтөбе у-нің шығ. жағын мекен еткен. Ұраны — Дойт.

Әдеб.: Аристов Н. А., Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды..., "Живая старина", в. 3-4, 1894.

Ш У М А Н А Қ

Шуманақ — Ұлы жүз Жалайыр тайпасының бір тармағы. Шежіре деректері бойынша, Ш-тан Андас, Мырза, Қарашапан, Орақты, Ақбұйым (Арықбұйым), Қалпе, Сыпатай рулары өрбіген. Жалайыр тайпасын егжей-тегжейлі жазып қалдырған Қадырғали Жалаиридің "Жами ат-тауарихында" Ш. ру бірлестігі Оғыз ханнан тараса, "Құтадғу білікте" б. з. бастапқы жылдарында Шу бойында өмір сүрген ежелгі тайпалармен туыстасады. Ш-тан тараған ұрпақтар: Дулат, Суан, Ягма т. б. өзге тайпалармен қатар, Батыс Түрік қағандығының ұйтқысы болғаны мәлім. 19 ғ-дағы орыс зерттеушілері Н. А. Абрамов, Н. А. Аристов жазбаларына қарағанда, Ш-тан тараған жеті ру Жоңғар бөктерінен Балқашқа, батыста Іледен Қараталға дейінгі аймақты мекендеген. Негізінен мал өсіріп, егіншілікпен айналысқан. Бұл рулардың жеке-жеке ұрандары болған. Ақбұйым, Сыпатай, Қалпеде — Бекбау, Андаста — Балпық, Мырза мен Арықтынымда — Әліке. Бұлар — бәйге ұраны. Жауынгерлік ұраны — Бақтияр. Таңбасы —  (тарак).

Әдеб.: Джамит-ат таварих, Сб. летописей К. Жалаири, Б-ка восточных источников, изд. И. Н. Березина, т. 2, ч. 1, Казань, 1851; Аристов Н. А., Опыт выяснения... сонда...; Абрамов Н. А., Река Каратал с ее окрестностями, "Зап. Императорского географического общества", т. 1, 1867.

Ш У Ы Л Д А Қ

Шуылдақ — Дулаттың Сиқым тармағынан тараған ру. Диканбай дерегіне қарағанда, Дулаттың өте көп өрбіген руларының бірі. 19 ғ-дың 2-жартысында Әулиеата у-нің, Шу, Аса, Талас бойын, Верный у-нің Караой өңірін мекендеді. Негізінен мал шаруашылығын кәсіп еткен, біраз бөлігі Шу, Талас бойына егін еккен.

Әдеб.: Аристов Н. А., Опыт выяснения... сонда;

Ш Ы Б Ы Л

Шыбыл — 1) Шапырашты тайпасынан тарайтын рулар бірлестігі. Ш-дан Ораз, Байыс, Жәдік, Ибак, Сары тарайды. Ш-дың ерте кездегі мекені Шу, Талас ө-дерінің бойы болған. Әулиеата, Сайрам төңірегінде де кездесетін. 18 ғ-дың 80 жылдарында Ш. руының көпшілігі қазіргі Алматы обл-ның Көкалашар, Қарашенгел, Ақши, Түрген

маңына келіп қоныстанған. Ш. көбінесе, жігін жазбай, бірге көшіп-қонып жүрген. Сондықтан күн көрісі, тіршілігі, кәсібі біркелкі. Негізінен мал өсіру, бау-бақша егумен шұғылданған. 2) Албан тайпасының бір тармағы. Одан: Қызылбөрік (Бөде), Қоңырбөрік (Өтей), Құртқамамай (Боти), Мамай (Бойдак) өрбіген. Ш. атауы орта ғасырдан белгілі. Махмұд Қашғари лұғатында Чигил (Жікіл) деген көне тайпа (7-12 ғ.) атауы кездеседі. Бұл тайпаның орталығы — Шапыраштылар мекендеген Тараз қ-на жақын болса, ал рудың өзге тобы Албан рулары мекендеген — Ыстықкөлдің солт.-шығ. жағында болған. Ш. жайында Жүсіп Баласағұнидің, Макдиси ас-Самани, Әбу-л-Фида Вассаф, Шихаб ад-дин шығармаларында да жазылған.

Әдеб.: Волин С., Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах, "Тр. Ин-та истории, археологии и этнографии АН Каз ССР", т.8, 1960, с. 72-92.

Ш ы ғ у

Шығу, ч и г у, ч и г у - ч э н (Қызыл Аңғар қаласы) — ежелгі қала. Жетісуды мекендеген Үйсін тайпалық бірлестігінің астанасы. Б. з. б. 136 ж. Үйсін еліне келіп қайтқан қытай саяхатшысы Чжан Цянь жазбаларында айтылады. Шығыс зерттеушісі Н. Я. Бичуриннің қытай жазбаларының түпнұсқасынан жасаған аудармасында Іле бойындағы Үйсін иелігінің астанасы делінген, ал саяхатшы Чжан Цянь жазбасында (б. з. б. 2 ғ.) Қызыл Аңғар қаласы аталады. Ол Ыстықкөлдің солт.-шығысындағы ойпатқа орналасқан.

Ш. б. з. бастапқы жылдарында Үйсін бірлестігінің орталығы, әрі Ұлы жібек жолындағы маңызды сауда торабы болды. Соған байланысты жылнамашы былай деп жазған: "Солтүстік жолмен жүріп отырып (Іледен) Қызыл Аңғарға (Чигуге) кіріп үйсіннен өтіп: князью (князьдық) шекарасына өтіп, батыста Толған көлден (Ыстықкөлден) шықтық" (Зув Ю. А., "Изв. АН КазССР. сер. обществ. наук", 1957. в.2). Ежелгі үйсін тайпасының жермен кәсіп етуі, отырықшылығы деректерде көрсетілген.

19 ғ-дағы тарихшы Хэ Цю-тао ежелгі нұсқауларға сүйене отырып, үйсіндер жер өндемесе де, ағаш отырғызады десе, тарихшы Суй Сун: "Өзен жағалап, шалғын шолып (көшіп) жүрсе де, қалалары, қыстақтары болды," — дейді. Қытай жазба деректеріне қарағанда Ш. кезінде сәулетті қалалардың бірі болған.

Ш ы м ы р

Шымыр — Ұлы жүз Дулат тайпасынан тараған ру. Шежіре деректері бойынша, Ш-дан Шынқожа, Бекболат өрбіген. Окт. революциясына дейін Ш. Верный у-нің Қараой, Қызылеспе, Ақжар, Жалғызғаш өңірін, Алатау етегіндегі Ақсай аңғарын, Шымкент у-нің Арыс, Иірсу, Сайрамды, Әулиеата у-інде Шудың төм. бойын, Талас, Қорағатының екі жақ алқабын мекендеген.

Әдеб.: Аристов Н. А., Опыт выяснения... с о н д а.

Ш ы н қ о ж а

Шынқожа — Ұлы жүз Дулат тайпасы, Шымыр руының бір тармағы. Шежіре деректеріне қарағанда, Ш-дан Бозқозы, Бозым, Байтана, Марсым, Боқай, Темір аталары өрбіген. Революциядан бұрын Ш. ұрпақтары Әулиеата, Шымкент, Ташкент у-дерін мекендеді. Негізінен отырықшы ел болып, диканшылықты, мал бағуды кәсіп етті. Атақты Балуан Шолақ Ш-ның Бозым тармағының Күнту атасынан шыққан.

Әдеб.: Аристов Н. А., Опыт выяснения... с о н д а.

Ы с т ы

Ысты — Ұлы жүз құрамындағы 12 тайпаның бірі. Шежіре деректері бойынша, Бәйдібектің баласы Жәлменбеттен тарайды. Сыланды анадан Ысты, Ошақты. Ы-дан Жауатар, одан Ойық, Тілік, Көкшекөз, Ауызүсіген, Сәтек. Бұлардың ішінде ру болғандары — Ойық, Тілік, Ауызүсігеннен тараған Таз. Ы. жайында орыс ғалымдары П. Рычков, А. Левшин, Н. Абрамов, В. Радлов, Н. Аристов, М. Тевкелев, сол сияқты Ш. Уәлиханов, С. Аманжоловтар зерттеген. Бұлардың еңбектерінде Ы. тайпасы орта ғасырда ғана қалыптасқаны анықталды. Алғашқы жазба дерек Ы-ның Тілік тармағы жайында Фахретдин Мұбаракшақтың "Тарихында" айтылады. Бұл дерекке қарағанда, Ы. өзге тайпалармен қатар 13 ғ-да қазақ жерінде Шу мен Талас бойын мекендеп, 15 ғ-да Қазақ хандығының құрамына енген, содан кейін өзге тайпалармен араласып, біраз бөлігі Іленің сол жағалауын қоныстанды. Бұдан кейінгі мәлімет 1748 ж. М. Тевкелевтің Ұлы жүз құрамындағы тайпалардың тізімін алған деректемесінде кездеседі.

Ұлы Окт. соц. революциясына дейін Ы. Әулиеата,

Шымкент, Верный у-дерін мекендеген. Шудың сол жақ жағасын, Қаратаудың оңтүстігіне дейін, қыста Шалдыөзек, Бестоғай, Арыстанды, Шаян ө-дерінің бойын қоныстанды. Верный у-ндегі Ы. Іле мен Балқаш бойын, Қараойды, Алатау қойнауын жайлады, 3 болыс ел болды. 1868 жылғы санақ бойынша, бұл жерлерде 7314 түтін болған. Аты аңызға айналған шешен әрі батыр Бөлтірік Әлменұлы, Жоңғарға қарсы күрескен Бөрібай батыр Ы-дан шыққан. Орыс зерттеушілері таңбасына қарай Ы-ны Ұлы жүз құрамындағы тайпалардан туысқандық алшақтығы бар ма деген жаңсақ пікір де болды. Жалпы Ы-ның таңбасы — (көсеу). Мұндай таңба Ұлы жүз құрамындағы Қызылбөрік, Қандыда да бар. Ал Ойықтың 00 таңбасы жалпы Дулатқа тән дөңгелек таңбасының қосарлануы. Соған қарағанда Ы-ның туыстық жағынан алшақтығы болмаса керек. Ұраны — Жауатар, таңбасы — / (көсеу).


Әдеб.: Аристов Н.А., Опыт выяснения... сон да.

Ж А Ң Ғ Ы Р Ы Қ

Тарихи эсселер

Өмір жайлы не түсінем мен деген...
Өмір жайлы сұрай берме сен менен.
Өмір жайлы білгің келсе картка бар,
Өміріне кегі кеткен, өлмеген...
Содан сұра өмірді, содан сұра өмірді,
Нені көрді, нені сезді, не білді,
Неге ақылды ақымақтан жеңілді?

М ұ қ а е а л и



ҚАЗАҚТЫҢ АСТАНАСЫ

Мен қазақтың. Қазақстан астанасында тұрамын. Көп күннен бері ұйқыма қашып, елегізе беремін. Ауа жетпейді десем сергек, ширақпын. Бойыма әлде қандай қуат енгендей ширғып, жеңілденіп, бір орында байыз таппадым. Түн жарымда зәулім мейманхананың қасына бардым. Оның шатыры — Европа патшаларының тәжін кезіме елестетті. Өткен түні ғана орыстың көсемі болғысы келген, жүнді балақ Жириновскийдің: "Орта Азия мен Қазақстан Россияның губерниялары емес пе! Менің қолыма билік тисе империяны қалпына келтіремін! СССР шекарасын сақтаймын! — деп, қан иіскеген өгіздей өкіргені есіме түсті. Осы күні Россияға кім президент болғысы келмейді. "Ит жоқта шошқа үреді қораға" дегеннің кері келіп, айрандай ұйыған елі тоз-тоз болды. Сол дәмегөйдің бірі мына тәжді көрсе екіленіп: "Айтпадым ба?! Біздер салған калаларда белгі де, қрес те сақталған, деп казак-орыстарын қоқандатып, әлек салуы мүмкін-ау!" — деген ойға келдім. Осы сәт те ұйғыр ағайындардың: "қоқма, мән бамын!" деген әзіл әңгімесі есіме түскені. Екі ұйғыр көлге шомылыпты. Біреуі малтыу білмейді екен. Суга батып бара жатқанда былай тіл қатысыпты:

- Ой-ай, адаш, мән кәтгум!
- Ой, қойың, адаш, мән бамын!
- Тағы да жалыншыты үні естіледі.
- Кәтгум! кә-т-т-ум...
- Қоқма, адаш, мән бамын...
- Әлден уақытта қараса, адашның қарасы жоқ.

Сол айтпақшы, "Қоқма, мән бамын!" дейтін Жириновскийді орыстар "су түбіне жібермей", құтқарып, парламентке сайлап алды. Енді президенттің орнын алып бермесіне кім кепіл? "Қоқманың" көкесін орыстар сонда көреді! "Жаман айтпай жақсы жоқ" деген. Әскерден қашып жүрген "желаяқтарды" тәртіпке шақыру керек болар". Осылайша іштей күбірлеп, өзіммен-өзім сөйлесіп, мейманхананың тәжіне қайта қарадым. Тәждің әр жапырағына сәуле түсіп, ғажайып құбылысқа енді. Сол сәтте Көктебе жаққа көзім түсті. Оның басында жарқыраған жұлдыз нұр шашып, ғажайып сиқырлы шар көрінгендей болды. "Апырау, телемұра қайда кеткен?!" дегенімше болмады, әлгі жұлдыздан ерен биік бойлы адам шықты. Үстіне шапанды желбегей жамылған. Аппақ қудай сақалы желбіреп, ай маңдайы жарқырап көрінді. Көзі неткен өткір еді! Қалықтап ұшып сол періште адамның алдына қалай барып қалғанымды білмеймін. Андасам, бөдені кәдімгі Сүйінбай бабамнан аумайды...

— Сүйінбай ата, ассаллаумағаләйкум! — деп сәлем бердім.

— Әлейкумссәлем! Менен қорықпайсың ба, балам?

— Жо, жо, ата! Шынымды айтсам, сізді бұлай көремін деген ой келмеген еді.

— Балам, ес тоқтат, мен Қызылжұлдыз планетасынан келіп тұрмын. Одан саған бұрын да аян бергенбіз.

— Иә ата, сөзіңізге құлдық.

— Олай болса уақыт қымбат. Қызылжұлдызбен таныстырайын. Жер бетіндегі тіршілікті, оның ішінде адамды да жаратқан әлемде жеті планета бар. Соның бірі — Қызылжұлдыз. Ол жерге үш мың бес жүз жылда бір рет көрінеді. Себебі жермен көлбей қиылысады. Тым жырақта. Жермен тілдесу үшін сені әдейі қалап алдым. Қиялшыл болуың да сондықтан. Жүр, балам...

Сүйінбай бабам мені дөңгелек ұшақтың ішіне алып кірді. Не деген ғажап! Сан мың аспан жұлдызының картасы. Спинарда тапқан ең жырақтағы екі галлактика қайда екен? Оған "З-С-427-1" және "З-С-13" деп ат қойған еді ғой. Олар бізден он миллиард жарық жыл қашықтықта. Ал сәуле шашқанына он алты миллиард жыл. Ғажап, мына бір көрініс сол галлактика болмаса нетті...

— Балам, сенің ойыңды ұғып тұрмын. Ол галлактика бізден де алыста. Адам баласына оны түсінудің заманы туған жоқ, әлі жетілген жоқсындар. Адам бірін бірі ұға алмай, тамағын тауып жей алмай жүргенде аспан сырын ұғудың ауылы жырақта. Одан да сауалды мен қояйын.

— Құп болад, ата.

— Сен қорықпасың деп әдейі Сүйінбай атаңның бейнесінде көрініп тұрмын. Қаласаң, өзге бейнеге де ауыса аламын...

— Айта көрменіз, Сүйінбай ата піріміз ғой! Атадан тірідей айырылып қалатындай сезіндім. Сірә, менің бар билігім осы жұмбақ адамның қолында сияқты көрінді.

— Балам, мынау сұлу қаланың аты не?

— Алматы, қазақтың астанасы.

— Астана... Мемлекет... Әлемнің өзге планеталарында ондай атау ұшыраспайды. Бұл қаланың тарихын сенің ой таспаңнан оқып тұрмын. Сіздің елде жасы үлкен адам кішісіне сен деп сөйлейді ғой. Олай болса айыпқа бұйырма, сен деп сөйлесі берейін. Қалай?

— Келістік.

Кәдуелгі өзіміздегідей экранға менің ой-бейнем сәуленгенді.

— Тарихты көп оқыған адам екенсің. Үш мың жылдың оқиғаларын шолыпсың. Осы сәтте экранға Мұқағали Мақатаев шыға келді. Зор тұлғалы, кең маңдайлы, қыр мұрынды Мұқашым сәл жымып:

"Алматы — қазақтың астанасы,

Алматы — орыстың баспанасы,

Алматы — ұйғырдың асханасы..."

— деп гүрілдеген зор дауысымен тау жаңғыртып өлеңін оқыды. "Құдай-ау, мынау Мұқағалидің өзі ғой. Адамның жаны өлмейді деген рас екен-ау! Осы өлеңін Қазақ теледидарына келіп оқып беріп еді-ау". Мен жат қонақтың алдында шешенсіп кеттім. Ой таспаға менің миымнан жазылып жатқанын да бір сәт ұмыттым.

— Мұқағалидың сөзінің жаны бар, Сүйінбай баба! Алматыны бір жарым миллион халық мекендейді. Соның екі жүз елу мыңдайы ғана қазақ. Ұйғыр бауырларымыздың асхананы көп ұстайтыны да шындық. Орыс та бар, осы қаланы олармен бірігіп салғанбыз, енді оларды көшіріп жіберуіміз керек пе! Мұнда тұруға олардың да құқы бар!

— Әлінде айтқанымыздай біздің Қызылжұлдыз планетамызда "астана", "халық", "мемлекет" деген ұғым айтылмайды. Әр адам әлемді тануға өзінше үлес қосады. Біздерде адамдар бір-бірінен жүздеген шақырым жырақта тұрады. Теледидар арқылы жүздеседі. Мына қалаға қарашы? Таудан аққан өзен суын, жер астындағы көл суын, әлгі өзің айтқан бір жарым миллион адам жұтып, бойындағы сұйықты шығарады екен. Ол су Қапшағайдағы

жасанды көлге құйылып іркілдеп жатыр. Көрдің бе? Энеки...

Экранда көлбеңдеген көріксіз көл.

— Сөзіңіздің жаны бар. Көлді Сарбұлақ деп атаймыз. Халық Сасық-көл дейді. Өткен жылы соның суы жарып шығып, Ілеге құйылып, елді қатты абыржытты, — деймін шындықты жасыра алмай.

— Ей, адамдар, сендерде: "асыраса мал болмайды" деген мәтел бар екен. Оны ой таспаңнан да оқып тұрмын. Ішіннен шыққан затқа ие болмаған соң, не үміт, не қайыр. Сөйте тұра планета сырын білгілерің келеді-ау...

— Сүйінбай ата, "үмітсіз шайтан жоқ" деген. Біреу біледі, біреу білмейді. Адам баласы әр текті ғой. Дегенмен адамның арманы — сол әлем кеңістігінің жұмбақ сырын білу.

— Оны білу адам баласына әлі ертерек. Жетілген жоксындар. Осыдан бір миллион жыл санатында жеті планета жұрты мақұлдасып, мына жер планетасына жан бітіріп, әр планета өзінің молекуласын, яғни ұрығын тастаған. Содан барып жер бетінде ақ, қара, сары, көкшіл түсті адам пайда болды. Бірақ олар біз ойлағандай болмады, жауыздық жолға түсті. Он мың жылдан бері қанды соғыс тыйылған емес. Жерге үш мәрте өркениетті қоғам құруға қол ұшын бердік, бірақ оны адамдардың өздері қиратты. Жиырмасыншы ғасырда жерге келуді жиілеттік, теледидар, атом сырларын ашуға жәрдемдестік. Ал сендер болсаңдар, онымен адамды жоюдың амалын қарастырдыңдар. Сірә, осының бәрі адам генинің бір — тектілік қасиетінің болмауынан шығар. Біздің әлемдегі алты планетада алты текті адамдар тіршілік етеді, яғни әр планета адамдарының тегі бір-біріне ауыспайды.

— Сонда олардың ой өрісі қандай?

— Өте жоғары, саналы. Тек бойлары, түстері ғана әр түрлі. Ол планеталарда елу сүйемнен бес қариге жетерлік бойы бар адамдар тіршілік етеді... Балам, рұқсат етсең енді ой-өрісіндегі Алматы тарихын қызықтасақ қайтеді?..

— Қызықтайық, ата, — дедім жұмбақ адаммен Сүйінбай атадай-ақ сөйлесіп жатқаным енді ғана мән беріп.

Алдымыздағы экраннан енді өзім көріндім де Алматының тарихын айта бастадым:

— Жұртым, Алматы қаласы мың жасқа толды. Бұл жер — біздің жыл санауымыздан бұрынғы жетінші-үшінші ғасырларда Сақтың қонысы. Сіздер тарихтан білетін массагет сақтар, хаумаварға, яқсарт, исседон, дайлар бар емес пе?! Соның тиграхауда, яғни ұзынбөрік сақтары

Жетісуды мекендеген. Алматыдан алпыс шақырым жердегі Есік қаласының жанынан табылған сақ падишанының алтын киімі — соның куәсі... Қазақ археологтары оның үлгі-бейнесін жасап, дүние жүзінің ірі қалаларында көрме ұйымдастырып жүр... Алтын киім — қазіргі қазақтың бетке ұстар мәдениетінің озық үлгісі сияқты. Мен "Ататек" атты баспа құрып, соның ен-таңбасына Алтын адамның бейнесін алдым. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасында сақ падишанының ұзын бөркінің жақтауындағы мүйізді жылқының бас сүйегі бейнеленді.

Экранда "Алтын адамның" бейнесі менің ой-жазбам бойынша көрсетілді. Қызылжұлдыз планетасынан келген мейман:

— Ренжімесең, "Алтын адамыңды" біраз қарайын, — деп бейнені экранда ұзақ ұстатты. — Сақ мәдениетінің жоғары дәрежеде болғаны ғой. Бұдан екі жарым жыл бұрын Қызылжұлдыз планетасы жерге көрінер деңгейге жақындағанда біздің адамдар жер адамымен жиі араласқан. Мынау, "Сен Алтын адам" деп отырған — падишаһ. Бөркіндегі жебе. Бұл — магнит антенасы...

Ойымның таспасы қайыра тізбектеле бастады...

— "Алтын адам" жалғыз ба? Есік қорғанынан сексен шақырым жерден табылған Қарғалы тәтісі — бұғы, марал, қабан, қабылан, тұлпар бейнеленген алтын кісе, шөккен түйе бейнесіндегі алтын сақина шы? Алтайдағы Пазырық қорғанынан табылған, бұдан екі мың жыл бұрын көмілген қалы кілем бетіндегі салт атты сақтың бейнелері біздің аталарымыздың ежелгі мәдениетін танытпай ма?..

— Жер адамы, — деді Сүйінбай баба бейнесіндегі мейман, — қызық мақұлық. "Тарихта былай болдык", "анау бар еді", "мынау бар еді" деп қазымырлап мақтана бересіңдер. Қазіргі адам баласының біздің жәрдемсізбен жүзеге асырып жатқан ғылыми жаңалықтары, теледидар, космос қораблі, сәуле зерттеулері аз ба?..

— Әрине, әрине, — деп кібірттей бердім, — оның мәнісі — жұмыр жер бетінде адам баласының әр текті жандары ірлі-ұсақты қалалар тұрғызып, мәдениетін шарықтатты. Ал қазақтар көшпелі тірлік қылды. Біз де еш халықтан кем қалмай қала да тұрғызған, жер мәдениетіне үлес қосқан ел едік. Соны дәлелдеп күйіп-пісетініміз — шындық.

— Балам, — деді мейман, сөзі жаңғырып шыққан сияқты. — Сүйінбай атаң о дүниеге аттанғанда Алматы қыстақ еді. Қазір аспан жұлдызы сияқты жарқырап, самаладай үй салыныпты. Кәне, сол қалаңмен таныстыршы...

Қолымнан ұстап жетелеп әкеліп ұшаққа мінгізді.

Көктөбенің үстінде тұрмыз. Алдымен атамыз тауға қарады. Жастық шағын өткізген Алатауын сағынғандай, көзі сәл жасаурап:

— Анау Көкжайлау, мынау Үлкен Алматының аңғары шымылдықтанып тұр ғой? Ну қарағай сыңсып, арасынан қасқа бұлақ суы сарқырап ағушы еді...

— Ата, Алматыны сел алып кетпесін деп, екі төбені қосып, бөгет жасағанбыз...

— О, Жасаған, табиғат жаратылысына қиянат жасауға бола ма екен? Ойлап көрші, адам көзін желкесіне бітіріп, ауызын қарнының үстінен шығарып қойса не болар еді? Миллиондаған адамның жаратылысы өзгермей-ақ жер басып жүр ғой, Су да, ағаш та сол сияқты, табиғаттың заңына қарай тамырланып немесе құрып кетіп, орнына басқадай тіршілік пайда болады. Мынау Алатау өзендері де сондай: мың бұлақтан жиналып арналы өзенге айналып Іле-дарияға құятын, Іле Балқаш көлін толтыратын...

— Ата, Алатау аңғары — Медеу аталады.

— Медеу?.. Оның кім еді?

— Болай, ата...

— А... Болай-Моржа де. Білемін, білемін. "Қазақ болсаң-Болай бол" деген мәтел солардың тұқымына айтылатын.

Сүйекеннің қабағы түйіліп ойпаңға қарады. Қырағы бүркіт сияқты бір шолып өткендей болды.

— Балам, Іле-дарияға құятын Үш Алматы, Талғар, Түрген, Қаскелең өзендері қайда?

— Ата, ол өзеннің суын қала халқы ішеді.

— Сонда сендердің қалаларыңның халқы қит пе?

— Одан да жаман, ата. Қит ішкен суын қайыра шығарып мұхитына құйып, қайыра іше бермей ме? Ал біздің халық ішкен суын қайта ішпейтіні былай тұрсын, әуелі ол улы затқа айналып, мақұлық біткенге зиян келтіреді, адамның өзін де зақымдайды.

— Солай де, мынау көлденең өзен қайдан келіп жатыр?..

— Ата, Таушелектің өзені ғой. Бартоғайдан бері тоған қазып, бөктерлете Қаскелеңге қарай алып келгенбіз.

— Су аяғы құрдым десеңші. Бұл өзендер тартылады, онда Балқаш та тартылады.

— Ата, Қапшағай көлін жасадық...

— Көріп тұрмын. Балық өрге тартып, Шелек, Бартоғай, Суықтоғай, Ақтоғай, Шетмеркі, Ортамеркі, Қарқара, Кеген, Иірсуға дейін уылдырық шашып, көлге қайтушы еді. Балықты құртқан екенсіңдер-ау, балам. Мына қала өртеніп жатыр ма?

— Жо, жо, ата, ГРЭС қой, қаланың зауыттары мен Фабрикалары да оған қосымша түтіндетіп жатыр емес пе...

— Пай, пай, мөлдір бұлақ, көкөрай шалғын, самал желді жер бетін жынның ойнағына айналдырыпсыңдар ғой, балам.

Жерге кіріп кете жаздадым: мандайымды тер басып, бетегеден аласарып, пұшайман болып қалдым. Бабаның алдында ақталғым келді ме, қайдам:

— Ата, қала орталығындағы жарқыраған жолды көрдіңіз бе? Жағалай жиегіне шам жағылған жол ұшақ алаңына алып барады. Сол жол сіздің есіміңізбен аталады. Қызылжұлдыздан келген қонақты Сүйінбай ата бейнесінде көргендіктен басқаша айтуға аузым бармады ма, әлде ол адам менің ойымды сөйлетті ме, ол жағы белгісіз бір сыр болып қала берді...

Сүйекен қабағын түйіп:

— Бұрын біздің заманымызда Қапалжол деуші едік... Алматыдан шыққан Қапалжолмен Іледен өтіп Қапалға, Алтын Емелді асып Жаркентпен Құлжаға қарай керуен тартатынбыз. Іленің астында, су бетінен бір қадам төменде аспалы көпір болушы еді, бар ма?

— Ата-ау, Ілемен кеме жүргізгенбіз.

— Е, бұздық десеңші. Жүз жылда қазан...

— Ата, біз жаңа теңге шығардық, үш теңгелікке сіздің бейнеңізді бастық.

— Білемін балам, саған сол бейнеде көрініп тұр емеспін бе? Қараның тұқымын ханның қасына қойып, сол санатқа қосқандарың есейгендікті көрсетеді. Адам санасы сапаланып келе жатқаны. "Ес кірмей-ел болмайсын" деп аталарың айтпаушы ма еді.

Сол сәтте Көктөбенің үстінде күн нұры төгілгендей күйге енді. Сүйінбай атаның бейнесі сағымдай алыстады. Сонда қалай болғаны, Эйнштейн қателескен бе? Ол тартылыс теориясында: "Затқа түскен салмақ тартылыс күшіне байланысты" демей ме? Олай болса қысымның өзгеруі әлем кеңістігінің ұлғаю жылдамдығын өзгерпей ме? Жердің тартылыс күші әлсіреген бе? — деп дел-сал болдым.

Енді бір сәт экранға қарасам Көктөбенің төңірегінде құжынаған жұрт. Біріне-бірі жармасып орта беліне көтеріліп қалыпты. Мен де бардым, сөйтсем ергежейлі елінен келгендер сияқты. "Апыр-ау, мыналар қай планетаның адамдары екен?", — деймін. Шашы жалбыраған біреуін шашынан ұстап алып:

— Не істеп жатырсыңдар? Кімсіңдер? — дедім.

— Мұнараны құлатамыз!
— Ей, ақымақ! Мұнараның ұшындағы Қазақстанның туын көрдің бе?!

— Мұны сендер орнатқан ба едіңдер?

— Енді кім орнатты? Сандалма, әкеннің... деп шашынан ұстап көтеріп алсам, Сәмен деген сүмелек. — Құлататың сен бе? — Сендей ергежейлінің мыны да құлата алмайды, сандалыпсың! — деп шалшыққа лақтырып жібердім. Шошып оянайын. Көргенімнің бәрі түс пе? Әлде аян ба? Сенерімді, сенбесімді білмеймін. Апыл-құпыл киініп, қаламымды алып, жазуға кірістім...

Оқырман қауым, жиырма бірінші ғасырға аяқ басқалы отырған жас буын жеткіншектер, астанамыз Алматыны тастап, үкімет Ақмолаға көшіп кетпей тұрғанда сіздерге бұл қаланың өткенін, бүгінін айтып берейін, болашағын кейінгі ұрпаққа тапсырдық.

А л м а т ы — біздің жыл санауымыздан бұрын 7-3-ғасырларда сақтардың қонысы болғандығын менің ой-таспамнан ұқтыңыздыр. Соның қалдығы бар ма? Қонысы қайда? Орнында белгі, зат қалды ма? Әрине бар. Бұрынғы Кіші Алматының бойында, Басарықтың түстігінде, Есентай өзенінің оң жағында, Медеу сайынан Үйсіннің байырғы қонысы табылды. Ал түрік қағандығы (6-8 ғ.) дәуірінде мұнда тұрақты мекендер көбейіп, олардың біразы әр түрлі қолөнер кәсібі дамыған саудалы қалаға айналған. Белгілі тарихшы Рашид ад-диннің жазбасында Алмалық аймағы, Аталақ тауы айтылады. Бұл қай Алмалық? Жаркентке таяу, Қорғастан тоғыз шақырым, Іле бойындағы Алмалық қаласы ма? Әлде Мауараннахрдағы Алмалық па? Бұл деректі Рашид ад-диннен гөрі Заһир ад-дин Бабырдан анығырақ аңғарамыз.

— Ферғана-бесінші ықылымдағы уәлаяат, — деп жазған "Бабырнамада" — егіншілікпен айналысатын өлкелермен шекаралас жатыр. Шығысында Қашқар, батысында Самарқан, түстігінде Бадахшан шекарасындағы таулармен шектеледі. Ал оның терістігін Алмалық, Алматы, сондай-ақ кітаптарда Отырар деп аталып жүрген Янги секілді қалалар болғанымен, моғол мен өзбектің шапқыншылығынан кейін бұл қалалар жермен-жерсен болып, жұртында елді мекен де қалмаған¹.

Осындағы Алматы-Алматы екенінде дау жоқ. Осы қала Бабырдың замандасы әрі бөлесі Мұхаммед Хайдар Дула-

тидың "Тарих-и Рашиди" жазбасында не дейді? Хайдар мырзаның жазбасында да Жетісуда Алматы ғана емес, барлық ірі қалалар қирап, орнында елді мекендер ғана қалғаны айтылады. Сол елді мекеннің бірі — Кіші Алматы, Үлкен Алматы. Үлкен Алматы бойын адам баласы атам заманнан бері игеріп келген, ал кейінгі қола дәуірінде (б.з.б. 10-9 ғ.) мұнда отырықшы елді мекен болып оның тұрғындары жер игеріп, мал баққан. Алдымен сақтардың, кейін оның тармағы Үйсін тайпасының мекені болды¹. Оларда қолөнерінің дамығаны, әсіресе, әшекейлі заттар жасайтын шеберлер болғаны Қарғалы қазынасы мен Есік қорғанынан табылған заттардан анық байқалады. Оған қоса Алматыдан, оның төңірегінен табылған қола, темір қазандар. Соның бірі "Жетісудың пұтқазаны" аталады. Оның аласа төрт сирағына қанатты жиырма бес жолбарыс бейнеленген. Алматының түстік жағынан археолог М.К.Қадырбаев аумағы 130 шаршы метр дөңгелек алаңқай тапқан. Мұнда үй жануарларының сүйегі, тастан, қыштан жасалған қалып, қола қазан сақталған. Оның ернеуінде он бес қодас бұқа бейнеленіп, орта шенінде шырағдан, салт атты адам көрініс тапқан. Мұны шамамен б.з.б. 3-2 ғасыр дүниесі деп тануға болады.

Алматыдағы көне қаланың орнына археологтар "Алматы-1" — деп атаған қалашық бұрынғы "Горный гигант" колхозының түстігін ала, жотаның етегіне жайғасқан. Ол бірнеше биік төбе, ауданы 140х150 м., терістік-батыс жағында. Сыртына дуал соғылған. 85х40 м. тік бұрышты алаң. Дуалдың бұрышында дөңгелек мұнара болған. Қалаға түстік жақтағы қақпадан енген. Қазу жұмысы жүргізілгенде қыш құмыралар, темір пышақ, темір шеге, тандырдың орны, жылтыр тастан жасалған қызыл-күрең моншақ табылған. Бұл — қалашық 8-13 ғасыр мекені.

Алматы — 2. Шекарашылар училищесі салынуына байланысты, таяу жылдары ғана қираған. Кіші Алматының бойындағы мың жылдық қаланың орнын сақтай алмауымыз — хат тарихына қиянат жасағанымызды білдірсе керек. "Қаланың орны да ескерткіш саналады", — деп мемлекет иелігіне алынып отырғанда жойылып кеткені өкінішті-ақ. Машина апатынан мерт болғандарға да ескерткіш орнатамыз ғой! Сол шекарашылар оқу орнының ауласына, немесе Ленин даңғылының бойына бір ескерткіш орнатыла ма деген үміттеміз. Бәлкім, сол жерге: "Алматы

¹ Копылов И.И., Сакские племена Сырдарьи и Семиречья по археологическим данным, Л., 1953; Акишев К.А., Кушаев Г.А., Древняя культура саков и усуней долины реки Или, А., 1963, 16-17 б.

¹ Заһир ад-дин Мұхаммед Бабыр, Бабырнама, А., 1993, 20 б.

қаласының ежелгі орнының бірі" деп жазылған белгі қойылар әлі...

Құрылыс жұмысы кезінде мұнан ортағасырдың көрігі, оның төңірегінен жиналған темір қорытпалары, дайын темір бұйымдары: темір балта, кетпен, аңшылық қарудың ұштығы, темір қазанның жақтауы табылған. Мұнда темір суаратын, металл құятын, су құятын астаушалар да болған.

Екі Алматы қалашығын жазғанда Асанқайғы бабамыздың желмаяға мініп, желе жортып Алатауға да келгені еске түседі. Бабамыз: "Үш Алматыны да қимай кетіп барамын. Алмасы-жүректей, сарымсағы-білектей" демеп пе еді?! Бәлкім, Асанқайғы бабамыз осы екі Алматының біріне қонақ та болған шығар...

Үшінші Алматы — Есентай қалашығы. Мұны археологтар "Весновка қалашығы" атайды. Бұл Ұлттық ғылым академиясының Ботаника бағы. Мұнда да құрылыс жұмысы жүргенде 1,3 м шұңқырдан қыш қоймасы табылған. Одан құмған, екі құлақты табақ алынды. Бұған арабша: "лям", "әліп" әріптері жазылыпты. Қоңырқай, қызылқұрең түспен боялыпты. Сол замандағы Шу мен Талас бойынан табылған ыдыстардың өрнегіне ұқсас. Соған қарап "Жетісу өңірі мәдениетінің өзіндік үлгісі" деуге қақымыз бар.

Төртінші қалашық — Төртқара. Бұл бүгінгі Алматының терістік шетінде, "Заря Востока" кешенінің жерінде, Төртқара өзенінің оң жағындағы қорғанның ені 12 м, биіктігі 1,7-2,5 м. Терістік жағалауының ортасында мұнаралы қақпа орны сақталған. Қала орнынан табылған тиін жазуына қарағанда қала 13-ғасырдың ақырына дейін өмір сүрген.

"Алматы қай мезгілде жер астына кетті"? деген сауалға археологтар да, тарихшылар да жауап бере алмайды. Оған тікелей жауап жоқ, бірақ арғы-бергі жазбаларға, саяхатшылардың көрген мерзіміне, табылған заттардың сақталуына, жасалған уақытына қарап болжам жасауға болады. Мәселен, Алматының орнынан табылған бұйымдар қаланың қай заманда болғанын, оның атауынан дерек келтіреді. Енді тайға таңба басқандай анық, бұлжытпайтын деректерге көз салайық. Орыс отаршыларының "бұл қаланың іргесін біздер салдық" деп көкігенін естіп келеміз, талай кітаптарға да жазылып кетті. Бірақ, дәлелсіз сөзге шамданғанмен, ондай адамдардың тарих бетін ашпаған көрсоқырлығын, немесе біле тұра қаскүнемдікпен айтатынын дер кезінде әшкерелеп, кейінгі ұрпаққа ата-баба мұрасын айтып өткен жөн емес пе?! Сондай ескерткіш дәлелдің бірі — Алматының күре тамыры саналатын Ташкент күре жолының қасында жатқан ұлы бабамыз

Райымбек батырдың зираты. Ол жайында үш дерек бар. Бірінші дерек — Райымбек Кетпен тауының етегінде құла қалмақпен соғысып жүргенде ауыр жарақаттанады. Дүниеден күдер үзген батыр: "Мен көзімді жұмсам, атан түйеге артыңдар да Алатауға апарып, атан шөккен жерге жерлендер" деп өсиет қалдырыпты. Сол атан түйе шөккен жер — бүгінгі Алматы қаласының Райымбек даңғылының бойында. Ұрпақтары ел болып батырдың басына ескерткіш орнатты, күмбез соқты.

Екінші дерек — елге аңыз болып тараған әңгіме. Қазақтың атақты батыры Мүйізді Өтеген Райымбекпен құрдас екен. Өтеген Райымбекке: "Батыр, сенің сүйегің шудың астына қалады" дегенде Райымбек: "Сенің сүйегің судың астында қалады" депті. Бабалардың айтқаны келіп, Райымбектің сүйегі тоғыз жолдың торабы, миллионнан астам халқы бар Алматының орталық көшесінің бойында жатса, Өтеген бейіті Қапшағай су қоймасының астында қалып бара жатқанда тумалары Жамбыл облысына апарып, қайта жерледі. Оқиға кездейсоқ айтылмаған. Бұл — бабаларымыздың бір мекені Алматы мен Қапшағай, Іле бойы екенінің дәлелі. Бабаларымыз өлкенің болашағын да болжаған, әрі өздерінің жер жағдайын жақсы білген. Алматының ежелден қаланың орны, сол заманда қыстақ қана болып қалғанын дәлелдейді.

Үшінші дерек — Райымбектен ел аузында қалған сөз:

Елім — Албан,
жерім — Қарқара.
Жайлауым — Асы,
Мекенім Алматының басы.

Мұнда айтылған ел де, жер де, жайлау да бүгінде дәл осы атаумен айтылады. Жетісу аймағы Ресейге қосылған кезде мұнда дулаттардың Алматы атты қыстағы болды.

1853 жылы Кіші Алматы өзенінің сол жағасына орналасқан "Зайлийское", кейіннен Верный аталған. Сібірден 200 казак-орыс пен 200 шаруа отбасы көшіріліп әкелінді. Олар қаланың терістік шығысынан Үлкен Алматы станциясын салды. 1857 жылы Батыс Сібірден татар саудагерлері қоныс аударылып, қамалдың шығыс жағынан, Кіші Алматының бойынан селенін құрды. 1863 жылы бекіністе сегіз жүзге жуық үй салынып, онда 6 200 адам тұрды. 1867 жылы қала дәрежесіне жетті. Жетісу әкімшілік орталығына айнала бастады. 1867 жылдан Қазан төңкерісіне дейін Түркістан ген.-губернаторлығына қарасты

Алматы, энциклопедиялық анықтама, А., 1983, 22-33 б.

Алатау округінің орталығы-Верный қаласы аталды. Облыс орталығы болуына байланысты 1868 жылы камал мен казак-орыс станциясының түстік-батыс жағынан жаңа қаланың іргесі қаланды. Қалаға алты мың гектар жер бөлінді. Бұл Кіші Алматы мен Есентай өзендерінің арасы, тау етегінен Құлжа жолға дейінгі аймақ еді. Негізгі халқы — қазақтар, орыстар, татарлар. Семейге, Ташкентке, Құлжаға баратын керуен жолының торабында болғандықтан 19-ғасырдың ақырында Алматы Жетісу, Орта Азия, Құлжа өлкесі мен Батыс Сібірдің сауда орталығының күре тамырына айналды. Бірақ темір жолдан, өнеркәсіп орталығынан шалғай жатқандықтан экономикалық байланыс нашар болды. Ең жақын темір жол станциясы Қабылсай — бір мың, Омбы — бір мың сегіз жүз шақырым қашықтықта еді. 1896 жылы қалада жүзге жуық жұмысшысы бар төрт өнеркәсіп орыны — спирт, арақ, сыра заводтары, темекі фабрикасы, көптеген ұсақ колөнер шеберханалары жұмыс істеді. 1913 жылы қаладағы жұмысшылар саны бес жүзге жетті. Облыстық қала болғаннан кейін Верныйдың экономикалық маңызы артып, мәдени орталыққа айналды. Орыс-казак мектебі, ерлер мен әйелдер гимназиялары ашылды. Азияны зерттеуде дүние жүзілік ғылымға зор үлес қосқан Шоқан Уәлихановтың экспедициялары да осы қаладан басталды. 1856-64 жылдар аралығында ол бірінші рет Верныйға келіп жұмыс істеді. 1875 жылы геолог И.В.Мушкетов, кейінірек зоолог Н.А.Севенцев, ботаник А.Н.Краснов, тарихшы В.В. Бартольд т.б. болды.

19-ғасырдың тоқсаныншы жылдарының аяғында Верныйда "Ағартуға ынтықтар" қоғамы ашылды. Патша үкіметі Верныйды саяси сенімсіздерді аударатын мекенге айналдырды. Жер аударылған А.С.Кочаровская сияқты адамдар арқылы Верный жастары Ресейдегі революциялық идеялармен әрі революциялық оқиғалармен танысты. М.В.Фрунзе де оқуы мен революциялық қызметін осы қалада бастады (1894-1904). Социал-демократтардың революциялық насихатының әсерімен Верный еңбекшілерінің таптық сана-сезімі өсті. 1905-07 жылғы революциялық оқиғаларға қала еңбекшілері де үн қосты. Орыс, казак еңбекшілері бірлесіп саяси дүмпүлер мен ереуілдер жасады. Полицияның қуғыны мен террорына қарамастан социал-демократ топтар мерзімді баспасөзді де күшейтті.

Алматы қаласындағы патша отаршылдығына, оның еңбекші халықты езуіне қарсы күштердің әсері мен Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа Жетісу аймағының еңбекшілері де тікелей қатысты. Оның

айғағы бүгінге дейін мәнін күшейтпесе жоймай отырған Қарқара, Асы қазақтарының көтерілісі. Алматы түбіндегі Токаш Бокин бастаған Әшекеевтың ісі қазақ тарихында өшпейтін із қалдырды. Әрине осындай наразылықтың, патша отаршылдығына қарсы күресетін ақыры казан революциясына алып келді. Мұны айтпау тарих алдында күнә болар еді. Оның теріс-бұрыс жағын талдау болашақ тарихшылардың үлесі.

1918 жылы наурыздың 2-сінен 3-іне қараған түні большевиктердің басшылығымен Верныйдың жұмысшы-кедейлері қарулы көтеріліске шығып, Верныйда Совет үкіметін орнатты. Қалада әскери — революциялық комитет құрылып, оның құрамында П.М.Виноградов, Т.Бокин, С.М.Журавлев, С.П.Емелев, Т.Өтепов және 2-Жетісу казак-орыс полкінің бірнеше солдаттары сайланды. 1918 жылы наурыздың 10-да қалалық партия ұйымы құрылды, қалалық партия комитеті сайланды.

1921 жылы ақпанның 5-де кәсіподақтар мен еңбекшілері қатысқан облыстық, қалалық ұйымдардың мәжілісінде Верный қаласы ежелгі атымен Алматы болып аталды. 1924 жылдан бастап Түркістан АССР-інің, Орта Азия Советтік Республикалары ұлттық мемлекет жағынан межеленіп бөлінгеннен кейін Жетісу облысының әкімшілік орталығы ретінде ҚАССР-інің құрамына енді. 1929 жылдың мамырында ҚАССР үкіметі Қызылордадан Алматыға көшті. 1936 жылдың желтоқсанынан Қазақ Республикасының астанасы.

Алғашқы поезд Алматыға 1929 жылы келді. Сол кезден бастап өнеркәсіп орындары, мәдени ағарту орындары көптеп салынды. Алғашқы үш бесжылдық ішінде Алматы ірі өнеркәсібі бар, саяси әкімшілік әрі мәдени орталыққа айналды. 1931 жылы Алматының №1 аяқ-киім фабрикасы, Мемлекеттік көпшілік кітапханасы, Қазақтың мемлекеттік медицина институты, 1932 жылдың мартында СССР ҒА-ның Қазақстандық базасы: бесжылдық жылдарында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театры, орыс драма театры құрылып, Қазақтың мемлекеттік университеті т.б. оқу-ағарту орындары ашылды. 1941 жылдың қарсаңында Алматыда өндіріс орындары жетпістен асты. Мұндағы жұмысшылардың саны жиырма жылдың ішінде жиырма бес есе артты.

Ұлы Отан соғысына дейінгі бесжылдықтар кезінде Алматыдағы құрылыс және қаланы көркейту ісіне жұмсалған қаржының жалпы мөлшері 800 млн. сомға жетті. Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматы маңызды роль атқарды. Ол республиканың барлық қорын Отан қорғауға жұмыл-

дырушы штабка айналды. Соғыс жылдары эвакуацияланған ірі-ірі заводтар мен фабрикалар қалаға орналасып, қару-жарақ т.б. өнімдер шығарылды. Москва, Ленинград, Киевтен оннан астам ғылыми-зерттеу институттары келіп орналасты. Қаланың өзінде ғана бірнеше әскер құрама, оның ішінде В.И.Панфилов басқарған 316 атқыштар (кейіннен 8-гвардиялық) дивизиясы жасақталды. Мыңдаған алматылықтар Отан соғысына қатысып, ерлікпен күресті, оның ішінде 54 жауынгерге Совет Одағының Батыры атағы берілді.

80-жылдардан кейін қала құрылысы бұрынғыдан да жедел қарқын алды. 1982 жылы 300-ден астам өнеркәсіп орындарында 240 мыңдай жұмысшы еңбек етті. Әсіресе құрылыс орындарына қазақ жастары ағылып келіп жатты. Кейінгі үйсіздер де солар. Өнеркәсіптің жетекші саласы машина жасау мен металл өңдеу, ауыр машина жасау заводтары. Алматының сол жылдары мақтан ететін құрылыс орындары — Республика алаңы, Президент ғимараты, "Медеу" спорт кешені, "Арасан" кешенді моншасы, 26 қабатты "Қазақстан" және "Достық", "Отырар" қонақ үйлері. Сол жылдары төрт "Орбита" мен "Қазақфильм", "Тастак", "Дария" шағын аудандары тұрғызылса, соңғы он жылда: "Ақсай-1", "Ақсай-2", "Ақсай-3", "Ақсай-4", "Самал-1", "Самал-2", "Самал-3", "Таугүл", "Мамыр-2", "Мамыр-6", "Шаңырақ" т.б. шағын аудандар салынып жатыр.

Оқырман қауым, бұл эсседегі нақты деректер энциклопедиялық мақала үлгісімен 1983 жылы шыққан "Алматы" — энциклопедиялық анықтама үшін редакция тапсырмасымен жазылған еді. Енді "Алматы — қазақтың астанасы" эссесінің бір дерегі іспетті қала тарихының кірпішіне қаланы деп сіздерге ұсынып отырмын. Дүниеде әр нәрсенің басталуы мен жалғасы бар. Ұлы бабамыз Әбунасыр әл-Фарабидің "Саналылық пен ғылым" трактатына түсінік берген мысырлық Осман Амин¹ "атраф" — сөздің басында да, соңында да өзгеріске түсетін ұғым десе, біздің Алматыны-атыраф, басында да гүлденіп, ортасында құрып, соңында қайта гүлденіп тұрған мың жасаған қаламыз — қазақтың астанасы, Жетісу атырабындағы гүлденген қала.

Бұрынғы Совет Одағы таратылып, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін де Алматы қаласы Қазақстан Республикасының астанасы. Мұндағы мыңнан астам көшенің біразына қойылған кездейсоқ атаулардың орнына — Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би,

Абылайхан, Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Райымбек, Сүйінбай т.б. халық кастерлейтін ұлы перзенттердің есімі берілді. Жер-жаһанның ондаған елінің елшіліктері орналасып, жаңа сауда орындары орнап, қалаға дүние жүзілік санат беріліп, ұлттық туы желбіреп, құжаттарға ел таңбасы басылды.

Оқырман қауым, эссені бастағандағы Қызылжұлдыз планетасынан келген мейман туралы аян шындыққа айналып, Сүйінбай бабаның айтқандары орындалып, Алматыны ұжмақ қала жасау — кейінгі ұрпақ ісі ғой деймін.

¹ Осман Амин, *Китаб ихса ал-улум*, Каир, 1931 ж.

ЖЕТІСУ БАҒАДҰРЛАРЫ

Батырлар, батырлар!

— Ай, батыр, бері бұрылшы?

Жалт қарасам қарт кісі. Сәлемдестім.

— Жөн сұрайын деп ем, батыр! Мынау қай көше?

— Наурызбай көшесі.

— Қай Наурызбай? Кенесарының Наурызбайы ма?

— Жо, Жетісудың Наурызбайы, Шапырашты Наурызбай батыр.

— Е, аруағыңнан айналайын Наукем жарықтық бір аунап түскен екен-ау, — деді қарт.

Маған бір белгілі ғалым "Қазақта қанша батыр бар екен, білесіз бе?" деп сауал қойды. Қалжыңға сүйеп: "Мыңдаған!" деп айтып қалдым. Шынында қанша батыр екен? Оны қай қазақ санапты. 1941-45 жылдардағы соғыста батыр атағы берілген қазақтың ұзын саны жүзден асады. Ал атақ берілмегені, елеусіз қалғаны қаншама! Сол батырлардың есімін кез келген қазақтан сұрай қалсаңыз: "Бауыржан, Мәлік, Мәншүк пен Әлия..." деп күмілжіп қалмай ма, басқасын қапелімде түгендей бермейді. Сол сияқты қазақта қанша батыр бар десеңіз: "Қобыланды, Махамбет, Исатай, Қабанбай мен Бөгенбай, Райымбек, Шапырашты Наурызбай" деп мүдірмей айтады да, тағы өзіне қарайды. Өйткені бұл бабаларымыздың есімі жырларда, баспасөз бетінде, радио мен теледидардан жиі айтылып жатпанды болып қалған, әйтпесе, олар жайында да білеріміз шамалы.

Шынында да батырларымызды саусак бүгіп санап, атап шығудың өзі оңай емес. Өйткені бәрі бірдей тарихи құжаттарға түспеген, немесе әлі іріктеліп жазылмаған,

көбіне ел аузындағы шежірелерде айтылады, оның да хатталғаны некен-саяқ. Олардың бірі асыра дәріптеп, енді бірі шала-пұла естігенін айтып, мән-жайына түсінбей де әңгімелеуі мүмкін.

Осы арада басын ашып алатын бір мәселе бар. Ол жаугершілікті көп көрген Жетісу жерінде қандай батырлар болды, олар жайындағы жазба деректер неге аз деген тұрғыдағы әңгіме. Бәлкім, "аздан" гөрі "бізге әлі белгісіз" деген де дұрысырақ болар. Ендеше шамамыз жеткенше, осыған жауап тауып көрейік. Жетісуда есімді елдік ұранға айналған Бақтияр, Абақ, Тарак, Қатаған, Бәйдібек Қарасай, Райымбек сияқты батырлар болған. Ал Жетісудың көне тайпалары, ру бірлестіктері Жалайыр, Қаңлы, Албан, Дулат, Суан, Шапырашты, Шанышқылы, Сіргелі, Қатаған, Сарыүйсін, Ошақты, Ысты елдерінің тайпалық, рулық ұрандары батыр бабаларының есімімен аталады.

Жетісу қазақтарының түп атасы Үйсін мен Қаңлы Қытай жазбаларында б.з.б. II ғасырдың ақырынан белгілі. Хунндардың күшеюінен қорыққан қытайлар одақ іздеп Батыс өңірге елші жіберіп, қатыс жасаған. Сонда Үйсін мемлекетінің ұлыс бегі Күнби болған. Оның ұлдары Ними мен Қуан батырлар үйсіннің 188 мың 800 адамнан құралған әскерін басқарған. Бүгінде мың адамнан ұлан құра алмай отырған дербес республикамыз ерте заманда аталарымен сол тұстағы халқы 15 миллион Қытай елі санасып отырғанын ескергені жөн болар. Қытайдың ұлы қорғаны (ұзындығы бір деректе 4 мың шақырым, екінші деректе 5 мың шақырымнан астам) б.з.б. 221 жылдан бастап, Қытайдың бірігуінен кейін, Цинь-Ши-хуанди императордың тұсынан, солтүстік-батыс жақтағы көшпелі халықтардың, яғни Үйсін, Қаңлы елдерінің батырларынан қорғанып салған қамалы емес пе! Жетісу екі мың жыл жойқын соғыстардың алаңына айналған тарихи өлке. Өткен заманды былай қойғанда біздің жыл санауымыздан бері Үйсін, Қаңлы мемлекеттерінің, Хунндардың жорығы, 603 жылы құрылған Батыс түрік қағандығы, 706-766 ж. Түркеш қағандығы, 766-940 ж. Қарлұқ қағандығы, 940-1212 жылдардағы Қарахан мемлекеті, Тараз бен Исфиджаптағы соғыстар, XIII ғасырдағы Шыңғысхан жорығының салдарынан орнаған Шағатай мемлекеті, XV-XVI ғасырдағы Моғолстан мемлекеті (оның астанасы Жаркент қаласының қасындағы Қорғастан алты шақырым Іле бойындағы Алмалық қаласы), XV ғасырдағы Қазақ хандығының құрылуы, қалмақтардың Жетісуға жасаған екі жүз жылға созылған дүркін-дүркін жорығы, ақыры

1916 жылы Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісі — ұмытуға болмайтын тарих. Осы кезеңдерге байланысты ел аузындағы аңыз-жырларда, жазба деректерде жүздеген батырлардың есімі аталады. Бұлар дербестік алған елдің жаңадан толықтырылып, заманына сай жазылмақ тарихы үшін көп жыл зерттеуді керек ететін келелі іс.

Оқырман құлағдар болу үшін осы кезеңдердегі бірер батырлардың есімін атауға болады. Мәселен, Батыс-түрік қағандығын құрған Естеми (Естемес, славяндарда — Иштеми, Қытай жазбаларында — Ши-де-ми, грек жазбаларында — Стенвис; Византия жылнамасында — Сильзибул, араб жазбаларында — Санджибу) қаған баһадүр еді, оны сол заманда қаншама ел танығаны есімінің аталуынан да белгілі. 100 мың қол бастаған жетісулық Естеми Баһадүр қырық бес жыл аттан түспей бүгінгі Қазақстанның батыс аймағын Еділге дейін қаратып, одан Атырау жағалап, Памир тауының етегін бөктерлеп Хантәңірге, Іле Алатауына оралған. Ол заманында Дулу (Дулат) ханы аталған.

Естеми қағанның бір ордасы — көне Құяс (қазіргі Алматы облысы, Кеген ауданының, немесе Шелектің Ілеге құяр сағасы) маңында, ал бас ордасы Шу бойындағы Сұяб қаласында (қазіргі Токпақ маңы), жазғы ордасы — Түркістан қаласына таяу Мыңбұлақ деген жерде болды. Естеми қаған дүние салған соң оның үлкен ұлы Қара Жұрын хан Жетісуға билік жүргізген. Жетісуға Жегу қаған (610-618), Тон яғбу қаған (618-630) билік құрған кезде бұл батырлар Тоқарыстан мен Қансуға (қазіргі Ауғанстан) жасаған жорықтарында ел шекарасын Үндістанға дейін созды.

Сұябтың шығысын дулаттар, батысын наушабилер қоныстанды. Дулаттар күні бүгінге дейін сол жерлерді мекендейді. Содан кейінгі кезде жетісулық Сүліктің арабтарға тойтарыс берген әскери қолбасшысы Құлшор батырының Елтеріс, Құлтүк, Білгі қаған, Тенгірі Ілміс, Ата Бұйлы қаған батырлардың ұрпағы бүгінде Іле, Шу, Сыр бойын мекендеп отыр. Араб географы ибн-Хаукалдың деректерінде бұл әскери қолбасшылардың ғұмыры жайында дерек баршылық.

Жетісуда Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі батыр бабаларымыздың есімі, олардың жорықтары Заһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың "Бабырнамасында" (А., 1990, 1993), Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Тарих-и Рашиди" жазбасында жүздеп тізілген. Мұның бір ғана мысалы, жетісулық Исабұғы хан, Жүніс хан, оның балалары Алаша хан (Ахмет хан), Махмұд сұлтан, Жетісудың жолбарысы

аталған, Ақсақ Темірдің тұқымымен өмірбаки Жетісу үшін айқасқан Камаладдин баһадүр Орта Азия тарихынан үлкен орын алады. Сонымен қатар Моғолстан кезінде Шағатай ұлысында билік жүргізген, әскери қолбасшы болған Болатшы, Хұдайдат, Әмірдіәуіт, Әбубәкір де батыр аталған бабалар!

Қалмақтармен айқас туралы "Абылай" дастанында былай делінген:

"Ежелден қазақ, қалмақ жерге талас,
Ел шауып, кісі өлтіріп жасаған қас.
Жеңіліп кейде олар, кейде бұлар,
Егескен ел ортасы таппай толас".

Қалмақ, ойрат, торғауыттар Қытайдан ойсырай жеңіліп, Жоңғар мемлекеті күйрегеннен кейін ғана бұл соғыс тынышталған. Оған дейін 200 жыл шамасындағы айқаста жүздеген батырлардың есімі аталмай ма! Солардың ішінде есімі ерекше аңызға айналған Қарасай, Шапырашты Наурызбай, Райымбек, Ханкелді, Мүйізді Өтеген, Сатай, Бөлек, Малайсары (Бәсентиін Малайсары емес, жалайырдың батыры. Жоңғар Алатауының бір сілеміндегі жота соның есімімен аталады. Алматы-Бақанас жолының бойындағы бейітінің басына туыстары ескерткіш орнатқан) Малай, Есен, Байсейіт, Әжібай, Атамқұл т.б. әлі жете зерттелмеген батырлар көптеп саналады.

Жетісу қазақтары Ресеймен шекаралас болмаған соң, әрі жиі қатыс жасамағандықтан XVIII-XIX ғасырлардағы батырлар орыс жылнамаларында сирек ұшырасады. Керісінше Кіші жүздегі Сырым Датов, Орта жүздегі Кенесары мен Наурызбай көтерілісіне байланысты батырлар туралы дерек орыс жылнамаларында өте мол. Мәселен, "Материалы по истории Казахской ССР (1785-1825)" деп аталатын жинақтың төртінші томында ғана Кіші жүз бен Орта жүздің көптеген батырлары туралы дерек бар. Керісінше, Жетісу батырлары туралы дерек Орта Азия мен Қытай жазбаларында сақталған. Бұл еңбектер әлі толық зерттеле қойған жоқ. XIX ғасырдағы Қоқан иелігіне байланысты Шапырашты Саурық (1814-54), Сұраншы (1815-1864) батырлар, Дулат Байұзақ Датқаның ұлы Ақмолда батырбасы (1824-1873), т.б. батырлар шығады.

Жетісу батырлары 1916 жылғы патшаның июнь жарлығына байланысты Жетісу, Қарқара көтерілістерінде де көрінді. Алматы маңындағы көтерілісті Бекболат Әшекеев, Қарқара көтерілісін Ұзақ Саурықұлы, Жәменке Аманқұлұлы, Әбубәкір Сұлтанбекұлы, Серікбай Қанайұлы басқарды.

Байырғы батырларын халық ерекше құрмет тұтып, таулары: Малайсары, Бақлай, Қараш атаса, шапырашты есі Қарасайлап, Албан, Дулат, Суан елі Райымбек деп жауға шапқан. Жауынгерлік кезде емес, жайшылықта да батырын киіс тұтып, әулие санаған. Астананың күре қолына есімі берілген, берілген емес-ау, сол жолдың бойында аруағы қаланы күзетіп жатқан Райымбек батырдың бейіті — екі жүз жылдан астам Жетісуды мекендеген халықтардың қиналса, тарықса басына келіп сыйынатын киелі жеріне айналған.

Райымбек ісі қазаққа ғана емес, түрік нәсіліне ортақ, аруақты батыр. Аруақты батыр деген сөзіме бір ғана мысал келтірейін. Алматы қаласының екінші емханасында сырқат адамды қытай инесімен емдейтін, Ханбалық (Пекин) қаласында дәрігерлік институтты тәмемдеген Сұлтан Қасым-оғлы деген азамат бар. Оның атасы осы ғасырдың басында Райымбек батырдың бейітін күзетіп, құран оқып отырады екен. Сол қарттың баласы Сұлтанның дадасы (әжесі, тарихи шығармалардағы Дадам қазақ, Дадам Қорқыт деген атаудың да түбірі ежелгі түрік сөзінен) жүзге келіп, өткен жазда дүние салды. Сол қарт Қытайдан елуінші жылдары өтерде баласына: "Оғлым, мені Райымбек бабаның басына алып бар. Дадам марқұмға берген уәдем бар еді. Басына барып құран оқып, мал шалайын" депті. Айтқанын орындапты. Сол қарт Пішпекте тұрғанда, кейінгі кезге дейін, жасының ұлайғанына қарамай, Райымбек бабаның басына келіп, құран оқып қайтады екен. Тарихшы, зейнеткер, Алматы тұрғыны Хафиза Бәкір келіні де отызыншы жылдары, соғыстың алды-артында да Қаскелеңнен арбалы-жанулы келіп Райымбек бабаның бейітіне құран оқытып, сыйынып қайтатынбыз деп отырады.

Батырлықтың белгісі —
Оққа қарсы шабады.
Ақыл күйдің белгісі
Ойласа ақыл табады",

деп Сүйінбай айтқандай, жауға да шапқан, ақыл да тапқан батыр бабаларын дербестік алған ел-жұрт ұмытпаса керек.

"ХАНЬНАМА" — ҚАЗАҚ ТЕГІНІҢ ДЕ ШЕЖІРЕСІ

Екі мың үш жүз жыл бұрынғы бабаларымыздың тарихын, олардың құрған мемлекетін, тұрған жеріні жағдайын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, қыз ұзатып, құдандалы ел болып отырғанын жазып қалтырған қытай тарихшыларының еңбегіне қалай жайбарақат қарай аласыз?.. Ол — біздің бір жарым миллион бауырларымыз тіршілік етіп жатқан Қытайдың Шыңжаң өлкесінде қытай тарихының қолжазбасынан Байдәулет пен Гу Уинчин аударып, Ақия Раданұлы өңдеген "Батыс өңір және Үйсін мемлекеті" деген атпен 1987 жылы жарық көрген Бань-Гу-дің жазып қалдырған тарихы.

"Ханьнаманы" қолымызға алардан бұрын: "Хань деген кім? Мұны жазған адам кім? Қай заманда жазылған? Бізге бұрын қалай жетпеген? Енді мұны толық оқи аламыз ба?" — деген сауалдарға қадемімізше жауап қайырып көрейік.

Қандай да тарихи шығарма болмасын заман озған сайын түсініктерді керек етеді. Оның дәлелін өздеріміз тарихи кітаптардан ұшыратып жүрсіздер. Мәселен, өткен жылы орыс тарихшысы Қарамырзаның (Карамзин) көп томдық тарихының бірінші томын алдыңыздар, оның жазбасынан түсінігі үш есе мол, немесе өз тарихи шығармамыз Заһир-ад-дин Бабырдың "Бабырнамасының" жазылғанына 460 жыл өтсе де қаншама атауларға, жер-су, адам атауларына түсінік берілді. Ал бұдан екі мың жыл бұрынғы, әрі қытай тілінде жазылған шығармаға қаншама түсінік керек екені, оны қазақ тіліне аудару аса зиялы адамдардың ғана қолынан келетіні түсінікті.

Сонымен ханьға түсінік берейік. Аударманың

кіріспесінде: "Хань хандығы "хандық" дегеннен гөрі "патшалық" деген жөн, өйткені, хандық тек түрік тұқымына ғана тән ұғым. (Б.Қ.) б.з.б. 206 жылы Любан жағынан құрылып, б.з. 220 жылға дейін өмір сүрген. Ілгері-кейінді таққа отырған 24 патша 406 жыл үстемдік жүргізген. Жунго (Қытай) тарихындағы ең күшті феодалдық мемлекет". Расында да қытайлар бүгінге дейін ханның тұқымымыз деп, ұлтын хань атаса, әрине, ұлы мемлекет болғаны.

Бұған дәлел мынада: Т ұ р а н (Орта Азия) мен Жетісудың, жалпы түрік елінің тарихы қытай жазбасында сегіз әулеттік кезеңнен тұрады: 1. Б.з.д. (Христос туғанға дейінгі, бүгінгі біздің жыл санауымыз) 98 жылға дейінгі ежелгі жазбалар; 2. Ханьның үлкен Ордасының тарихы; (б.з.д. 202 жылдан б.з. 25 жылы); 3. Ханьның отау Ордасының тарихы (б.з. 25-215 ж.); 4. Цзинь Ордасының тарихы (215-420); 5. Солтүстік тарихы; 6. Вэй Ордасының тарихы (386-584); 7. Суй Ордасының тарихы (581-618); 8. Тхан Ордасының тарихы (618-907).

Біз әңгімедеп отырған, бұл аударма екінші кезеңдегі Ханьның Үлкен Ордасының тарихы, Қытай тарихы: "т а р и х" және "ж ы л н а м а" деп екіге бөлінеді. Тарих қоғамның ресми өмірінің шежіресі де, жылнама жеке адамдардың немесе саяхатшылардың жазбасы, бірақ тарих жазған адамдар жылнаманы да пайдаланып отырған. "Батыс және үйсін мемлекетінің" авторы Бань Гудің шығармасы жүз бөлімнен, 230 тараудан тұрады. Кітаптың қытайша атауы — Цянь-Хань-Шу. Тарихты жазған Бань Гу, лақап есімі — Мын-гянь. Ол Ханьның отау Ордасының ғұлама адамдарының бірі. Оның әкесі Бань-Бэу өзінен бұрын өткен заманның тарихнамаларында белгісіз болған елді-мекендер мен жер-су атауларын, халықтардың есімін зерттеумен айналысқан. "Атадан ұл тумас па, әке жолын кумас па" дегендей ұлы Бань Гу әке жолын қуып, тарихтың ізіне түседі, оның қаға берістері мен бұге-шігесіне өз қадерінше пікірін айтып, адамзаттың тарихына үлесін қосады. Ол заманда тарих жазуды әулет билеушісі тағайындаған қалам иелері атқарған. Сондықтан Бань Гу өз бетімен мемлекеттің тарихын жазып жатыр деген жансыздардың сыбысымен патша оны зынданға отырғызады. Оның інісі Бань Чао патшаға әкеден балаға жалғасып жазылып келе жатқан жылнаманың мазмұнын түсіндіреді, ал патша уәзірлері жылнаманың қолжазбасын патшаға ұсынады. Патша ағзамның жылнамаға қайран қалғаны соншалық, Бань Гуды патшаның тарих зерттеушісі етіп тағайындап, оған жылнамасын аяқтауға

мүмкіндік туғызады. Патша сарайының манабы саналғанмен шені өсе қоймайды. Сондықтан болу керек, қуатты уәзір Дэу Хяньның қоластында мейман-серік, жорықта үзенгі жолдас болады. Сол кезде Дэу Хянь терістіктегі ата жауы хұндарға қарсы жорыққа аттанған әскердің қолбасшылығына тағайындаған. Ол Бань Гуды әскери кеңестің мүшелігіне қосады. Көп кешікпей Дэу Хань жеңіліске ұшырап, өлім жазасына кесілгенде Бань Гу жолсерік болғаннан кейін зынданға түсіріледі. Сонымен б.з. 92 жылы дүниеден қайтады да, Үлкен Орданың тарихы аяқталмай қалады. Сондықтан тарихты аяқтау күйеу баласына тапсырылады (Кімнің күйеу баласы? Патшаның ба, әлде Бань Гудің бе? Бұл жағы мен оқыған әдебиеттерде белгісіз). Жетінші ғасырдың орта шенінде ғұмыр кешкен Янь Шы-гу бұл тарихқа түсінік жазып, басып шығарған. Бұл тарихты зерттеп біздің халыққа жеткізген түбі шұбаш Жақыптың ұлы Никита Бичурин (Иакинф, 1777-1853).

Орыс ғылымында Қытай зерттеушісі ретінде дүние жүзілік деңгейде теңдесі жоқ ғылыми жұмыс атқарған Н.Бичурин заманында А.С.Пушкинмен қатысып, орыстың озық ойлы азаматтары Н.А.Бестужев, А.А.Краевский, И.А.Крыловтармен пікірлес болған адам. Бичуриннің өмірбаянын зерттеген, жүзбе-жүз кездескен Н.Щукин былай деп жазған: "Иакинф орта бойлыдан сәл биік, тарамыс денелі, жүзінде азиялық кейіп білінуші еді: сирек сақалды, қоңырқай шашты, қоңыр жүзді, қоңыр көзді, сопақ бетті болғанымен жақ сүйектері шығынқы адам болатын. Қазандықтардың мәнерімен "а-ның орнына "О"-мен сөйлейтін. Мінезі қызбалау, тұйық-ты. Ғылыммен шұғылданып отырғанда келім-кетімдерді жақтырмайтын, мұндай кезде жолыққан адамның жолы болмайтын. Еңбек сүйгіштігі соншалық, қысыр әңгімені зая кеткен уақытым деп күйінетін. Алпыс жасында түрік тілін үйренуге құлшынғанмен, алдымен сөйлесуді үйреніп, содан кейін жазуға көшу керек болғандықтан істі аяқсыз қалдырған." (А.Н.Бернштам, Н.Я.Бичурин и его труд..., Н.Я.Бичурин, Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена", М.-Л., 1950, 5-6.)

Осы еңбектің авторы Н.Бичурин Қытайда 29 жыл діни ағзамдық міндет атқарып, қытай тілін ана тіліндей меңгереді, әуелі достары оны түсінде де қытайша сөйлейтін еді дейді, ал өзінің айтуынша кейде іштей қытайша сөйлеп, қытайша ойланатын көрінеді. Тілді осындай меңгерумен қатар, өзінің ғұмырын ғылым жолына бағыштап, тақуалық кешкен, кешіл өткен адам. Оның қабіріндегі бөтелке тәрізді мәрмар ескерткішке: "Есімін мәңгілікке қалдырған

тарихи шығармада жалықпай-талмай, мұқият еңбек еткен жан" — деп жазылған.

Н.Бичуриннің "Орта Азияны ежелгі заманда мекен еткен халықтар туралы жинақ, дерекнама "аталатын үш томдық тауарихи еңбегі, әлі де толық басылмаған зерттеулері" — оның дүние жүзінің тарихына қосқан ғылыми жұмысы болып табылады. Жүздеген жер-су атауларына, ұмыт болған есімдерге, ел-жұрт атауларына түсінік беріліп, ретке келтірілген теңдесі жоқ туынды.

Н.Бичуриннен бұрын Европа ғалымдары түрік халықтарын б.з.б., ежелгі дәуірінен бері де зерттеп келеді, бірақ Қытай деректерінен айырмашылығы баршылық еді. Олар алдымен грек тарихшылары мен географтарының жазбаларына сүйенсе, кейін қытай жазбаларымен таныса бастаған соң беттерін солай бұрды. Грек деректері саяхатшы, жиһанкөздердің дерегіне сүйенгендіктен көбіне аңыз ертегілерді шындыққа балап, ел, жер-су аттарын да естілуі бойынша жазған. Алғашқы, әсіресе сақ кезіндегі дерек бір қыдыру шындыққа сыйса, кейінгі кезде қырғын соғыстарда халықтардың шым-шытырақ араласуы, тіліне өзгеріс енуі олардың да дерегін шатастырған. Түрік халықтарының ірі бірлестіктері ұсақ иеліктерге бөлініп, бірде ыдырап, бірде қайта бірігіп, мемлекет құрап отырды. Сондықтан да Қытайдың солтүстік батысын мекендеген елдің саны бір деректе елу, енді бір айғақта жетпіс беске дейін бөлінгендігі айтылады.

Қытай жазбаларында Хүнн, Үйсін, Қаңлы, басқа да ондаған Орданың он ғасырлық тарихы негізінен б.з.б. екінші ғасырдан басталады. Қытайдың терістік-батысындағы тегі бөтен халықтар туралы Н.Бичурин мынадай тұжырымға келеді: "...на всей полосе Средней Азии от Восточного океана на Запад до Каспийского моря искони обитали те же самые народы, которые и ныне населяют сию страну (1820 жылы осылай жазылып отыр, Б.К.) вели тот же самый образ жизни, какой ведут потомки их по прошествии 2000 лет, находились в тех же пределах, в которых последние и ныне живут с небольшим изменением в пространстве. Здесь важно заметить, что Китай со времен открытия монголов, тунгусов и тюрков, донныне всегда находился в политических связях с помянутыми народами, и всегда отличал один народ от другого (с о н д а, I т, 12-6).

Көптеген аз ұлттар өз тәуелсіздігін алып, енді-енді еңсе көтергенде Солженицын сияқты елге іріткі салушы сойқаншыл қызылқөздер казак-орыстың делебесін қоздыру арқылы Қазақстанның терістік аймағына көз тігушілерге

бұл кітап мірдің оғындай қадалатын шығар, егер адамзаттық әділет атаулыны ойлар болса. Осындай аласапыран кезде өз ішімізден шыққан зерттеушісімақтар да іштен шалып, Қытай жазбасындағы үйсін-қаңлыны бүгінгі халықтың тегі екеніне күмән туғызып жүргенін қайтерсіз.

"Ханьнама" сол Бичурин аударған Қытайдың терістігі мен батысындағы шекаралас Орта Азия мен Шығыс Түркістан, Жетісу халықтары жайындағы жылнаманың үшінші бөліміндегі "Батыс өлке жылнамасының" — бір тарауының екі бөлігі. Қытайда тарих пен жылнама бөлек атау. Тарих — Шу, яғни әулет жазбасы. Осындай тарихты әрбір әулет жазып қалдырған. Мұны кейде әулеттік — Гошу, ал жылнаманы — Ган-му атайды. Қытай тарихы арқылы бабаларымыздың өмір жолын білгісі келген адам, алдымен атауларды, оның мәнін, қалай оқылатынын зерттеп, не болмаса оны зерттеген еңбектермен танысуы қажет. "Ханьнамада" атау түсінігі шығарманың соңғы беттерінде беріледі.

Қытай тарихын құрастырудың өзіндік тәсілі, мәні бар. Бірінші тарауда Орта Азия халықтарының тарихына жататын әулеттер мен иеліктердің тізімі, оқиғаның қайда болғанының анықтамасы, оқиғаны баяндаудағы тарихи оқиғаның маңызы, болған жері, буағы, яғни тармағы, адамдардың дәрежесі, жыл қайырымы. Қытай тарихында европалықтар құсап халықтың жалпы тарихын, жеке тарихын жазбайды, әулет тарихына жанап, өздері қатынас жасап отырған көрші елдің тарихын қоса жазатын болған. Мұнда тарауға бөлінген тарих-б.з.б. соңғы жүз жылдықта жазылған Сы-ма Цянь тарихы. Оның еңбегі жоғары бағаланып, тарихтың атасы — Тхай-шы-Гун атанды. Әулеттік тарихтың жиынтығы 23 тарих, немесе нянь, сань-шы аталады.

Қытай жылнамасын оқу барысында ескеріп отыратын жағдай-лауазым, бұл өзге елдердің адамдары үшін түсініксіз атау. Айталық, алғашқы үш әулеттің лауазымы-Хя, Шан және чжеу, ал империя билеушісі Ван, Ұлы князь-манап аталды. Иелік нәменгерлері жоғары дәрежедегі Гун, қалғандары Ху аталады. Б.з.б. 221 жылы империяға үстемдік жүргізген Цинь Шы-хуан (ди) Хуанди император аталғандықтан билік жүргізуші Орданың манаптары Ван аталды. Бұл сіздерге ұсынылып отырған "Батыс өңір шежіресіндегі" жиі ұшырасатын атаулар.

Бичуриннің айтуынша, қытай тілінен сірестіріп, сөзбесіз аудару орынсыз екен, өйткені бір сөздің бірнеше атауы болады. Мысалы, фу — аймақ, облыстық қала, лауазым,

дәреже, мәнсап атауы. Атақ, дәреже, лауазымды қытай тілінен аудару оңайға түспейді. Бұл тараптан Байдулет пен Гу-Уынчиннің қытай тілін білетіні, әрі сол елде туғанының бірізділік таппай атаусөз (термин) қалыптаспай келеді. "Қазақ Совет энциклопедиясының" 12 томдық басылымында қытай деректеріне сүйене жазылған Үйсін, Қаңлы, Дулат мемлекеті деген мақалаларда Үйсіннің мемлекет басшысы-патшасы Гуньмо болып, кейін шыққан анықтамалық томда (орыс тілінде) қытайша болып кетті деген желеумен Бек болып жазылды, бұл мүлдем қисынсыз еді, ал осы кітапта, әрі мерзімді баспасөзде Күнби аталып жүр. "Ми" қазақша — "би" деген сөз екенің қытай тілінің көне жазбасын оқитын мамандар дәлелдеп отыр. Олай болса Үйсіннің патшасы Нимиді-Ниби деп атаған орынды.

Тағы бір ескеретін нәрсе, қытайлықтар көрші елдерге лақап ат қойып, біздің: Ұзынтұра, Сарауыз, Қисықмойын сияқты мазақтап, келемеждеп немесе құрдастардың қалжыңдап қойған аттарын халық атауына да айналдырып жіберетін болған. Мәселен, Геродот мысықты қытайлар Миям дейтінін, сондағы бір халық та Миям аталатынын, бірақ оны айтылу үніне қарап өздері ажырататынын білмеген. Біреуден есту бар да, өзі көзбен көріп, құлақпен естіп, анық-қанығына жетіп жазудың жөні бөлек. Сондай бақытқа жеткен адам — Н.Бичурин. Ол түрік елдерінің тарихына байланысты Қытай жазбаларын аударуға, зерттеуге бүкіл өмірін бағыштады. Ол қытайдың тілін ғана біліп қоймады, сол тілде ойлап, сол тілде түсінде де сөйледі. Дальдың: "Кім де кім қай тілде ойлайтын болса, оның ана тілі де сол тіл" деген пікіріне жүгінсек, Бичуриннің екінші ана тілі — қытай тілі екені даусыз. Бұған дейін қазақ тарихын зерттеген, Қазақ энциклопедиясына анықтамалық мақала жазған тарихшылар, түрік халықтарының тарихын зерттеген ғалымдардың Бичурин аудармасына, зерттеу мақалаларына жүгінбегені жок десе де болады. Бүгінгі Қытай мемлекетінің жер жағдайымен қарағанда — Терістік, ал б.з.б. замандағы Ханбалық (Пекин) қаласының орналасуынан қарағанда Батыс болып саналатын, әрі бүгінгі Қытайдың Шыңжаң — Іле, Қашқар өлкесін Үйсін мемлекеті жайлап жатқан. Сондықтан да қытай әулеттерінің тарихының аудармасы, әсіресе "Батыс өңір тарихы" Бичуриннің екінші томының тең жарымын алады. Атап айтқанда, үшінші кітаптың жеті тарауы-Цяньханьшудағы 50 ел, Хоуханьшудағы 23 ел, Бэйши-73 ел, Суши-18 ел, Тан-шу-20 ел мемлекет аталғанмен, бұлар

аймақтық одақтар. Бичурин басылымында бұл әулеттердің тарихының кейбір тараулары ғана аударылған. Сонда толық аударылса том-том дүние болар еді. Шыңжандық тумаларымыз шығарып отырған "Батыс өңір мен Үйсін мемлекеті" атты кітап Бичуриннің бізге белгілі 2- томының 169-бетіндегі: "Повествования о Западном крае" аталатын екінші бөлігіндегі "Ханьның Ұлы Ордасының тарихынан (из истории старшего Дома Хань) бір мысал келтірейік: "Вообще почти во всех государствах Западного края ведут оседлую жизнь, имеют города, земледелие, скотоводство и в обыкновениях не сходствуют ни с хуннами ни с усуньцами. Прежде все владения находились под зависимостью хуннов" (с о н д а, 170-б); Қазақшасы: "Батыс өңірдегі елдердің басым көпшілігі отырықтанған. Қала қорғаны, егістік жері, әр түлік малы бар. Салт-санасы жағынан һундар мен үйсіндерге ұқсамайды. Бұрын олар һундарға бағынған". Осы жолдан кейінгі орысшасы: "... Жичжо, князь хуннской западной границы, определял для управления Западным краем пристава, который обыкновенно жил между Х а р а ш а р о м, Чагань-тунгие и Халга-аманию, и собирал с владений значительные податы. (Сонда); қазақшасы: "Хұнның батыс жақ Режу ханы Түңпу тұтық қарауыл мекемесін құрып, батыс өңірді басқарып келген. Олар ұзақ уақыт Қарашары, Көрна, Уыйли (Лобнор, Қарақұм маңы) елдерінде тұрып, мұндағы елдерден бажы (салық, ред.) алып, мал-мүлік жинап, өзін қамсыздандырып отырған".

Осы жолдардағы Бичурин аудармасы: Жичжо-Режу, князь-хан, Харашар-Қарашары, чагань-тунгие-Керна деп алынған. Соған қарағанда жер-су, ел, елді-мекен атаулары үлкен өзгеріске ұшыраған. Келесі тараудағы, орысша аудармасындағы: Шаньшань- Пышаншан аталады да, алғашқы жолындағы: "Владение Шаньшань собственно называлось Ляулань. Место пребывания владителя в городе Юни, от Ян-гуань в 1600, от чан-ань в 6.100 ли; Қазақшасында: "Әсілі аты Роран (орысшасы-Ляулань) Ханьдық орны Миран қаласы (орысшасы-Юни), Янгуаннан 1.600 шақырым". Бұдан әрі түтін санында 70 түтін артық, қалған деректер орнында.

Кейінгі тараудағы: "Кангюй-қаңлы, Большой Юечжы-Ұлы Яушы мемлекеті" деп аударылады.

Осындай барынша түркіленген, немесе байырғы атауын дұрыс түсінгендіктеріне қарағанда аудармашылар Бичурин тәржімесін де пайдаланғанға ұқсайды. Бұл шығарманы қазақша басып шығара қалсақ, онда Қазақ ССР-інің бес томдық тарихының бірінші томындағы Үйсін мен Қаңлы

мемлекеттік бірлестіктері туралы мақалалар және он екі томдық "Қазақ Совет энциклопедиясындағы" жер-су, ел атауларына жігі назар аударылғаны дұрыс. Мысалы, Бичуринде: "Правление Усунского Большого Гуньмо в городе Чигу, от чан-ань 8.900 ли", қазақшасы: Ұлы Күнбидің астанасы Қызыл қорған қаласы Чан-аннан 8.900 шақырым". Сондағы Чигу ҚСЭ-де: "Шығу, бүгінгі Кеген ауданындағы Құмтекей деп танылуда, бірақ археологиялық қазу жұмысы жүргізілген жоқ", оның түбіндегі Қызыл қорған емес пе, ал қаланың аты Чигу-Шығу. Қазіргі Құмтекей атаулы қаланың орны да қызыл топырақты, құмдауыт, оңтүстігі Түзкөлге тіреледі, қызыл жарқабақ. Мұндай айырмашылық бір ізге түспей жатыр. Қазіргі қазақ тіліне тұңғыш аударылып отырған үлкен тарихнаманың тараулары болашаққа жол тартты. Бұл Шыңжанды мекендеп отырған тумаларымыздың тарихымызды тануға қосқан қомақты үлесі деп бағалаймыз.

КИЕЛІ КІТАП, АРУАҚТЫ БАТЫР¹

"Алматы ақшамын" шығарушы қаламдас бауырларым, таулы жердің адамы орнынан тұрған соң тауға қарайтын әдеті бар. Оның сыйқырлы сыры мол: ауа райын болжай ма, әлде ғарыштан қуат ала ма, кім білсін, бір жұмбақ құбылыс. Жазушы Тұрлыбек Мәмесейітовтың "Түсіме тау кіреді" деуі тегін емес. Түрік халықтарындағы сондай қасиетті мезгілдің бірі — намаздігер, намазшам. Соңғы кезде көп жұрттан естимін, "Ақшамды" елегізіп күтеді, намаздігерде оқысам деп ынтығатын болса керек. Соның бір күдіреті көшелердің аруақты бабаларымыздың есімімен аталуы болса керек. Әсіресе, Төле би мен Абылайханның, Әйтеке мен Қаз дауысты Қазыбек билердің, Қабанбай мен Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай мен Райымбек батырлардың, ұлы ақындар Сүйінбай мен Мұқағалидың есімдерімен көше аталғаннан бері қаланың байырғы тұрғындарының еңсесі көтеріліп қалды. Өйтпейші, олар көне Алматудың (Алматы, Б.К.) ұрпағы емес пе! Сол замандағы бабамыздың есімі де жаңғырар!

Қаламдастарым, оқырмандардың елегізіп күтері — сол аруақты бабаларының ғұмырнамалары, оны баяндайтын киелі кітап жайында дерек болса керек. Сол мақсатпен сіздердің газетіңізде биыл маусымда жарияланған Төлен Қауынбаевтың "Райымбек батыр" мақаласы жайында оқырмандардан пікір сұрапсыздар, батырдың ғұмыры жайында дерек болса, жазып беруді өтініпсіздер. Соған орай осы хатты жолдап отырмын.

Астананың күре жолына есімі берілген, берілген

¹"Алматы ақшамы", 21.06.1991 ж.

емес-ау, сол жолдың бойында аруағы қаланы күзетіп жатқан Райымбек батырдың бейіті сан жылдар Жетісуды мекендейтін халықтың басына ауыр іс түссе, тарыкса, бала көрмесе малын шалып, бейіттің басына түнейтін киелі жерге айналған.

Бірде бабамның аруағына тағзым еткелі бейіттің басына барсам, қазақтың жас жігіті ескерткіш шарбақтарын сырлап жатыр. Батырдың ұрпағы болар деп сәлемдестім:

— Бауырым, Алжанбысың? — дедім.

— Жо, ағай, Алжан деген адамды естіген емеспін, — дегені, — Бірақ Райымбек батырдың ұрпағымын. Кіші жүз Жаншора тұқымымын. Райымбек бабамыз аруақты батыр екен. Жанымның жарақатын жазу үшін, жаратқан иеме жалбарыну үшін осында келемін. Мешітке барып көрген емеспін. Арал тартылып, Қарақалпақты тұз басып, Ала-тауды паналап келген, үйсіз, панасыз жүрген қазақпын. "Путь Ильича" кешенінде тұрамын, жұмыс қалада. Күнде осы жолмен өтемін, сыйынып өтемін. Шарбағының сыры оңып кеткен екен, соны сырлап жатқаным. Қазақ мазарды жаңартпайды ғой, оның үстіне тумалары да тоз-тоз болып кеткен шығар, не заман өтпеді.

Райымбек батырдың руы Алжанды айтқанымға қысылып:

— Бауырым, Райымбек бабаң исі қазаққа ғана емес, түрік нәсіліне ортақ, аруақты батыр. Алжанды сұрағанымға айыпқа бұйырма. Мен шежіре жинап жүрген адаммын, Алжан-бабамыздың руы ғой, — дедім.

Батырдың аруағына ұрпағы осылай сыйынады, бауырлар! Ал сіздер газеттеріңізге жариялаған Т.Қаупынбаев "Райымбек батыр" мақаласында: "Тарихымызды таразылайық!" деп жалаулатыпты. Тарихты қалай таразылайсыз-дар?

Автор өз мақаласын: "Үш Қарқара, Көктөбе, енді бізге жоқ төбе. Бұрын Бұрқан жақсы еді, қалайша болды өкпелі" деген қалмақ жоқтауымен бастағанынан көңілге күдік алып қалған едік. Оның негізгі берер мағлұматы да оқырманды шатастыратын болып шықты. Жарайды, білгені сол болар, қатені өзге оқырмандар да көрсе, пікір айтар деп қойып едім, олай болмады. Қаупынбаевтың мақаласы қарапайым оқырманды ғана емес, белгілі жазушы, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қабдеш Жұмаділовті де шатастырды. Қабдеш "Қазақ әдебиетінің" былтырғы қарашаның біріндегі санында "Алыптар оянған жыл" деген толғанысында: "... әркім өз лағын текешік қойғысы келетін бүгінгі мінезіміз тарихқа деген көзқарасымыздан да байқалып қалады. Біреулерді тыңдап

отырсаң бүкіл жоңғарды соның ғана ата-бабасы-женген болып шығады...", — деп бір түйеді. Содан кейін Қабдеш қаламдасы жазушы Жолдасбай Тұрлыбаевтың "Наурызбай батыр" ("Қазақ батырлары", 1991 ж., 10- мамыр) мақаласына тоқтай өтіп: "Ол Райымбек батырды, Ақтабан шұбырынды оқиғасына да, кейінгі Аңырақай шайқасына да қатыстыра береді. Райымбекті, Қабанбай, Бөгенбай батырлармен тұрғылас, үзенгілес етіп көрсетеді. Ал шын мәнінде бұл батырдың Ақтабаннан кейін туғанын... автор ескеріп жатпайды", — деп Тұрлыбаевты кателескен етіп көрсетеді.

К.Жұмаділовтің бұлай пайымдауына не себеп болды? Райымбекті Ақтабан шұбырынды...айқасына араласпайды, кейін туды деуі Т.Қаупынбаевтың "Алматы ақшамында" жарияланған "Райымбек батыр" мақаласына сүйенгенінен туып отыр. Сондықтан ендігі жерде біздің де қолға қалам алмауымызға мүмкін болмай қалды. Өйткені, Райымбек батыр туралы дерек берілген КСЭ-ыны шығаруға біздің де біраз қатысымыз болған-ды. Ал, жауап мақаланы кешірек ұсынуымыздың себебі — көптеген жазба деректерді қайта қарастыруға тура келді.

Ең әуелі, қазақ батырлары жайында, жалпы қазақ тарихы жайында анықтамалық дерек, баслым бар ма, қайдан оқуға болады, бұл орайда ұстар бағытымыз қандай деген сауалдың басын ашып алайық. Қазақ топырағындағы тұңғыш анықтамалық баслым, дүниежүзілік ғылым деңгейінде алғанда қай елмен болса да тең тұра алатын баслым — әмбебап "Қазақ Совет энциклопедиясы". Бұл қазақтың жүздеген ғалымдары жылдап мәжіліс құрып, тірнектеп жинап шығарған анықтамалық баслым. Мұнда көне заманнан бергі ел бірлігі, ел құрамы үшін айқасқан, дерегі анықталған батырлардың бәрі жөнінде энциклопедиялық нақты сауалға жауап беретін деректі, анықтамалық мақалалар басылған. Әңгімеге жол табу үшін алдымен энциклопедияға басылған екі мақаланы ұсынайын.

Райымбек батыр, (1705 ж.т. — ө.ж. белгісіз) — жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен қазақ батыры. Ұлы жүздің Албан тайпасы, Алжан руының Сырымбет деген атасынан тарайды. Атасы Ханкелді батыр 1733 ж. Ұлы жүздің атақты адамдары Қодар би, Төле би, Сатай батыр, Бөлек батырлармен бірге орыс патшасы Анна Иоанновнаға (1730-40) елші жіберіп, Россияның қоластына алуды өтінген. (к. Ұлы жүздің Россияға қосылуы). Р. 6. 17 жасында жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерен ерлік көрсетіп, батыр атанды. Торғайғыр мен Сөгеті

тауының аралығындағы кең жазықта (Алматы — Нарынкол жолы, 167 км) жоңғарлармен соғысқан жері Ойрантобе аталады. Тормайғыр тауының Айырлы асуынан 6 км жерде Райымбек бастауы бар. Р. б.-мен бірге жоңғар басқыншыларына қарсы Сатай, Бөлек, Қызылбөрік Қойкелді, Қонакелді, Қыстық Малай, Есен, Байсейіт, т.б. батырлар нық тіресіп күрескен.

Р. б.: "Елім — Албан, жерім — Қарқара, жайлауым — Асы, мекенім — Алматының басы" деп айтыпты деген сөз қалған. Бұл ел бүгінде солай аталады. Р. б.-дың есімі Албанның ұранына айналған. Оның бейіті Алматы қаласында.

Әйб.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках., А.-А., 1961, с. 161, 163, 118; Басин В.Я., Россия и казахские ханства в XVI-XVIII веках, А.-А., 1971. КСЭ, 9 т. А., 1976 ж.

Ханкелді (т. — ө.ж. белгісіз) — Жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен қазақ батыры. Албан тайпасы, Алжан руының Сырымбет тармағынан. 1723 ж. Жоңғар қалмақтарының қазақ жеріне жасаған жойқын шабуылына қарсы Үйсін тайпаларының басын қосып, ұзақ жыл бойы азаттық күрес жүргізген батырлардың бірі (қ. Жоңғар мемлекеті, Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама (1723-29). Ұлы жүздің Россияға қосылуына атсалысты. Ол Қодар би, Төле би, Сатай, Бөлек батырлармен бірге орыс мемлекетінің қоластына қарауға тілек білдіріп, орыс патшасы Анна Иоанновнаға хат жолдаған (1723). Х.-нің жауынгерлік жорығын немересі Райымбек батыр жалғастырды.

Әйб.: Казахстан в XV-XVIII веках, А.-А., 1969, с. 99. КСЭ, II т. 610 б.

Мақала шағын болғанымен әрбір дерегі ізденуді, аумаша әңгіме емес, тарихи құжаттарға үңілуді қажет етеді. Энциклопедиялық мақалаға мерзімді баспасөзде жарияланған мақалалар, аңыз-ертегілер дерек бола алмайды, дерек жазба әдебиеттен, архив қолжазбаларынан алынады. Жоғарыдағы мақалаларды оқып, талқылап, алынады. Жоғарыдағы мақалаларды оқып, талқылап, алынады. Жоғарыдағы мақалаларды оқып, талқылап, алынады. Жоғарыдағы мақалаларды оқып, талқылап, алынады.

Э т н о г р а ф и я : Ә.Х.Марғұлан — филол. ғыл. докторы, тарихшы, Қазақ ССР ҒА-ның академигі (президенті), Х.Аргынбаев — тарих ғыл. докторы, Ж.Қ.Қармышева — тарихшы, А.Сабырханов — тарих ғыл. кандидаты, М.Тұрсынова — тарих ғыл. кандидаты (КСЭ, II т. 628 б.).

Бұған қосымша Бас редакцияның мүшелері: тарихшы

академиктер: А.Н.Нүсіпбеков, Б.С.Сүлейменов, С.Б.Бейсембаев, т.б. пікір алысып, оқып отырған. Қазақтың осыншама ғалымдары "білмепті" де, Т.Қауынбаев "зерттеп" жіберіп, өзінше "жаналық" ашыпты. Жарайды, ойымды дерекпен дәлелдейін.

Алдымен жоғарыдағы екі мақаладан толық мәлімет алу үшін мақала ішінде қиғаштап жазылған (курсив) мақалаларды оқып шығу керек. Мәселен, Райымбек батыр мақаласында: *Албан, Ханкелді, Төле би, Ұлы жүздің Россияға қосылуы, Қызылбөрік; Ханкелдідегі Албан, Жоңғар мемлекеті, Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама (1723-29), Райымбек батыр.* Енді осы мақаланың соңындағы әдебиеттер де қосымша толықтырушы дерек болып табылады. Газеттегі мақаланың авторы Қауынбаев бұларға мән бермей желіп өте шығады. Автор тарихи хәм географиялық атаулардан бимәлім немесе зер салмағаны аңғарылады. Бұған дәлел ретінде алғашқы жолды ғана оқып көрейік: "...данагөй Қабылбек Сауранбаев қария тарих тереңіне сүңгіп, қалың ойдың жетегіне еретін. Бұдан кейін ежелгі заман оқиғаларына төтенше сүңғыла қария Райымбек батырдың бабалары XVII-XVIII ғасырларда қазақ жерін жаулап алған жоңғарларға... Сыпыра жырауша толғар еді... кара тілдің жүйрігі..."

Тарихқа төрелік айтып, энциклопедия басылымындағы деректің дұрыстығына күмән келтірген автордың асты сызылған сөздеріне көңіл бөліңіздерші! Данагөй деп кімді айтамыз? Қабекен марқұм төрт кластық білім алып (Өз қолымен жазған өмірбаяны, облыстық архивтегі Р.Қилыбаев құжаты, ф. 684, ө1, д. 104), қалай "тарихтың тереңіне сүңгіп", "ежелгі заман оқиғаларына төтенше сүңғыла" бола алады! Тарихи әдебиетте ежелгі заман — античный мир. Оның энциклопедиялық анықтамасы: "Ежелгі дүние — Ежелгі шығыста, Греция мен Римде болған ертедегі таптық қоғам кезеңдерін белгілеу үшін тарихнамада қабылданған термин". (КСЭ, 4 т. 106-б).

Қабылбек Сауранбайұлы 1922-25 жылдары Жетісудың 76-115 жас аралығындағы 30 адамымен әңгімелесіп, Райымбек батырдың жорығын, ерлігін баяндайтын 92 бет-дерек жазып қалдырыпты (сонда о 1, п. 108). Бұған кейінірек тоқталалық. Қазірге Қауынбаевтың бір сөз тіркесін оқып көріңіздер: "... Іленің шығыс беткейіндегі жоңғарлардың... Іленің оңтүстігіне дін аман өткізіп алған... түмен басы (мың басы) етіп сайланғанға ұқсайды". Біздіңше өзеннің оң жағалауы, сол жағалауы, басы, аяғы болады. География ғылымында өзеннің батысы, шығысы, солтүстігі, оңтүстігі деп айтпайды. Белгілі бір жерде

солтүстікке беттеді немесе оңтүстікке қарай ағады деп айтады. Түмен басы — мың басы емес, түмен — он мың! "Елдің арғы бетіне де, бергі бетіне де сабылып көшуі". "Сонда автор қай бетінен қарап тұр? Әлде орыстардың — Закавказье немесе Іленің оң жағасынан келгендіктен Іле Алатауын — Заилийский деп атағанына ұқсағысы келді ме? Жарайды, жаңылысқан шығар. Ал Райымбек батырды былайша "мадақтапты": "Ауыл ақсақалдарымен күніне қырық қырқыспапа таңы атып, күні шықпайтын, жанары жау тіреген ауыл ерлерінің көзіне ерте түскен?" Ауыл ақсақалын сыйламайтын ерлері болды деу — ұлттық намысымызға тиеді. Жалпы түрік нәсілінің әдет-ғұрпында ақсақал алдынан қия өту — айып, жүгенсіздік саналынған.

Бұл -бұл ма, Т.Қауынбаев тарихи географиялық ұғымдарды шатастырғанымен тұрмай, тарихтың жоқтаушысы болғысы да келеді. Ол: "Бір өкініштісі, Райымбектің осындай жұрт таныған ерліктері ел аузында, халық жадында сақталғаны болмаса, жазба деректерден әзірге азырақ ұшырастырып жүрміз. Оның себебін өткен дәуір ақтаңдақтарын зерттейтін тарихшылардың салғырттығынан, халық тарихына деген теріс түсініктің тоңы көпке дейін жібімей келгендігінен іздемеске шара жоқ" деп өзі "жоқтаушы" болып, тарихшы ғалымдарды "салғырт", "теріс түсінікте" етіп көрсетеді.

Бұл жайында оқырман қауымның ойын сейілту үшін жоңғар — қазақ қарым-қатынасына байланысты әдебиеттерді ұсынған жөн болар: Казахстан в XV-VIII веках, А.-А., 1969; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв., Б а с и н В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII веках, А.-А., 1971; А п о л о в а И.Г., Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII в. А.-А., 1948; Б е к м а х а н о в Е.Б., Присоединение Казахстана к России, М., 1957; С а б ы р к а н о в А., Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынасы, А., 1970; Қазақ ССР тарихы, бес томдық, 3 т., А., 1980; Қазақ ССР-і, энциклопедиялық анықтама, А., 1980; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков, А.-А., 1969; М о и с е е в Г.А., К вопросу об ойратско-казахских отношениях в 30-40-х гг. XVIII в., А.-А., 1980; З л а т к и н И.Я., История Джунгарского ханства; Б а р т о л ь д В.В., Очерки истории Семиречья соч. т. 2, ч 1, М., 1963.

Бұл дерекнамалардың барлығын бірдей тізіп шығу мүмкін емес, қажет деген оқырман энциклопедиялық мақалаларды, толығырақ білмек болса "Библиография истории Казахстана" деген тарихнаманы қарап шығар. Осы

енбектерге көз жүгіртсеңіз Жоңғар мемлекеті түрік тайпаларымен екі жүз жылға жуық соғысқанына, жер үшін, билік үшін алма-кезек жеміске жетіп, итжығыс тартыс екі елді де титықтатқанына қанығасыз.

Тарихқа ғылым ретінде қарасақ мерзімді баспасөз бетінде ("Жерұйық", "Жас алаш", т.б.), жарияланған деректер бірден-бір ғылыми негіз бола алмайтынын ескерген жөн. Сонда, дерек қайда дейсіз ғой? Ондай деректі — Қазақстан ҒА-сының Тарих, археология, этнография институты ғалымдарының тарихи басылымдарға арнап жүргізген зерттеу жұмыстарынан іздеген жөн. Мәселен, осы институттың 1950-80-жылдар аралығында директоры болған академик А.Н.Нүсіпбековтың Алматы қалалық Советінің председателі Е.Д.Дүйсеновтің 14.10.1963 жылғы N С-1825 санды хатына берген жауабында мынадай деректер келтірілген: "Заслуга Райымбека Хангелдина состоит еще в том, что он был сторонником добровольного присоединения казахов Старшего жуза к России. Об этом свидетельствует переписка его отца Ханкелды с двором русской императрицы Анны Ивановны 1733-34 гг. отправленного в посольство России... О личности Р.Хангелдина институт располагает следующими документами и материалами:

1. Копия архивных документов из архива внешней политики России (АВПР) ф 12, д. 5. 1733-35 гг. Москва;

2. Архивные документы из Центрального Государственного архива Казах. ССР ЦГА. ф. 7374, д. 1616 г. Алма-Ата;

3. Рукопись "Походы Райымбека", архив института Истории, археологии и этнографии АН Каз ССР, инв. N 1670.

Бұл хаттардың жазылу себебі, 60-жылдары Алматы қаласының құрылыс жұмысы батыс жағына қарай ойысты, сонда Ташкент көшесінің бойында жатқан Райымбек батыр бейітінің төңірегіне үй салына бастады. Сондықтан батырдың Нарынқол ауданындағы туыстары қаражат жинап, бейіт басына ескерткіш-мазар орнатуға тырысты, өкімет орындарына хат түсірді. Сол кезде батырдың етене туыстары Рахымжан Қилыбаев (азамат соғысының ардагері, мемлекет қайраткері), Болат Дүкенбаев (1926 жылғы қызыл офицер, журналист, "Қазақ елі" журналының хатшысы болған), Нұрылда Әлімов (заң қызметкері, Қазақстан Жоғары сотының мүшесі болған), Әбсейіт Жансеркеев (халық ағарту ісінің үздігі), Қабылбек Сауранбайұлы (Райымбек батыр туралы дерек жинаған

шежіреші), Мекен Болысов, Әбдірахман Наурызбаев (Нарынқол ауданының тұрғындары) Райымбек туралы ел аузынан дерек жинап, совет органдарынан көмек сұраған. Бұлардың жинаған дерегі Рахымжан Қилыбаевтың Алматы облыстық архивіне тапсырған құжаттарында сақтаулы.

Осы деректерде сақталғаны Райымбек ауданы Шәлкеде селолық Советінің төрағасы Ә.Наурызбаевтың 1963 жылы қарашаның 11-і күні Алматы қалалық Советіне жазған катын оқып көрейік: "Райымбек Ханкелдин родился в тогдешней местности Алмалы 14 марта (наурыз) 1705 года, а умер 15 мая (мамыр) 1780 года..." (сонда, 8-б).

Рахымжан Қилыбаев марқұмның архивіндегі Қабылбек Сауранбайұлы Жақай немересінің "Ханкелді батырдың ұлы Райымбек батырдың сапарлары" атты 92-бет жазбасы сақталған (сонда, ф. 684, о 1, п. 108). Бұл дерекпен Т.Қауынбаев та танысыпты, "Ақшамда" басылған мақаласында да айтады. Қазақта тұңғыш немересін атасы бауырына салып алу ертеден бар салт, мәселен мен де ата есімінде атаның баласымын, Қауынбаевтың да әкесі Байтелі екен (к. "Өркен", "Айналсам алтын қазығым"...). Сондықтан да болар Қабылбек ақсақал: "Айтушы қарттар Ханкелдіұлы Райымбек үш жаста ат басын алып, бес жасында өзі ат ұстап мінген... Райымбектің нағашы атасы Жалайыр Орақ батырдың тұқымынан" (сонда, 7-бет); "Мен Ұлы жүздің Албан, оның ішінде руым Алжан, Ханкелді батырдың баласы, атым Райымбек" дейді (сонда, 13-б).

Райымбектің жоғарыда аталған үрім-бұтағы оның басына ескерткіш орнатқанда, көзі тірі жұрағаттары атадан қалған әңгімелерін жинастырып, сұрастырып, атамыз 1705 жылы туған деп жазыпты. Қазақ энциклопедиясы да осы деректі пайдаланды, бірақ өлген жылы белгісіз (ө.ж. белгісіз) деп жазған. Ал Қауынбаев "Ел қариялары мен біздің қолымыздағы деректер бойынша Райымбек Түкәулы 1730 жылы туған" депті. Қария дегені өзі данагөй санап, жазбасын оңды, солды пайдаланып, жорықтарын жорамалдап отырған Қабылбек ақсақал емес пе! Ал ол "қолындағы дерегі" неге жасырады. Қауынбаев маған да келіп жолығып, шежіре сұрап, жарты күн әңгімелесті, сонда мақала жазбақпын деп неге айтпаған?

Тарихи тұлғалардың туған жылы — тарихи оқиғаларға қатысын анықтайды, сондықтан Райымбек батырды 1730 жылы туды деп бұрмаласак, оның жоңғар шапқыншылығына қатысуы да неғайбыл, атасы Ханкелді орыс патшасына хат жазса, баласы Қожағұл 1742 жылы Ұлы жүз руларының төрт старшыны Россияның қоластына қарау жөніндегі шартқа қол қойып, қалай ант берген?

Онда Қожағұл тумаған болып шығады. Осындайда тарихқа "депті-міс" емес, тарихи жазба, дерек керек екендігін еске салу артық емес.

"Бар қазақтан — бір қазақ, табар ма екен әулие" деп Мұқағали ақын айтқандай, қазақем Райымбек батырын әулие тұтып, сыйынып жүрсе, оның нендей өрескелдігі бар. Қайта кейінгі ұрпағы әулие атасының аруағына сыйынып, қайырымды да, мейірімді де бола түспей ме. Сондықтан болар, Мұқағали "Райымбек! Райымбек!" поэмасында атасын "Ақтабан шұбырындыға..." аттандырса, Жолдасбай Тұрлыбаев "Тамыз таңы" (бірінші кітап), "Райымбек" (екінші кітап, 1991 ж.) романын жазса, Мекен Болысов "Райымбек" атты толғау жазса, белгілі тарихшы Қадырбек Жүнісбаев Райымбек өмірінен мақала жазса, бұларды Қауынбаев қалай жоққа шығармақ?!

Райымбек батыр жайындағы айғақтар аңыз-жырларда, халық дастандарында болмаса, тарихи жазбаларда көтерілісті толық баяндайтын дерек ұшыраспайды. Мұның көзін қайдан қарастыру керек? Тарихшыларды көптен толғандырып жүрген сауал Орта Азияның Самарқанд, Бұхара, Ферғана аймағынан, Қытайдың жоңғарлар арқылы жүргізген қатынас жазбаларынан табылып қалуы мүмкін. Оған дейін барымызбен базар болып, ел аузындағы жыр-дастандардан, тумаларының естеліктеріне сүйенеміз де, соның ішінде құжат ретінде сақталып отырғаны Рахымжан Қилыбаевтың архиві.

Т.Қауынбаев мақаласында Райымбек батырға байланысты материалда КСЭ-ында аталған Қодар бидің есіміне де күдік келтіріп, оның дұрысы Үйсіннің Қойайдар биі еді дейді. Бұл жөнінде оған тарихшы Қадырбек Жүнісбеков (дұрысы — Жүнісбаев — Б.К.) айтып берген көрінеді. Мұның да дәлелі шамалы екенін түсіндіру үшін бізге тағы бір көлемді мақала жазу керек болады. Сондықтан Райымбектің туған жылы төңірегіндегі пайымдаулармен шектелгім келеді. Бәлкім, Қадырбек — тарихшы адам ғой, тарихшыларға баспасөз бетінде дәлелдерін айтып, бидің есімін түзете жатар. Әрине, дәлелі жеткілікті болса...

Қысқасы, Райымбектің туған жылын түзеймін деп оның 286 жылда төрт ұрпақты дүниеге келтіргеніне сөз таба алмай отырмын. Демограф-ғалымдар әр ұрпақты 25-35 жыл аралығында есептейді. Оның үстіне, он үш жасында отау тігетін қазақ 286 жылда 9-11 ұрпақ таратады. Елу жылдағы тумаларын тарата алмай жүргендерге Райымбек — Қожағұл — Тілеукабыл — Ақбиді таратып, 99, 77, 93, 75 жас жасатқанын қалай түсінеміз? Бәрі де мосқал тартқанда үйленген бе?

Бұған жауапты Мұқағалидың "Райымбек, Райымбек!" поэмасынан оқып көрейік:

"Ханкелдіден тараған бір тұғырдың ұлымын,
Мал соңына сап қойды, ұстатты да құрығын.
Жылқы жанды әкеме жақпай қалып қылығым,
Жылым Барыс, мінеки асып барамын он үштен,
Қатын алып беремін деп әке-шешем келіскен.

Ол заманда он үште отау иесі емес пе? Мұқағали бабасының аузына бұл сөзді бекер салмаған болар. Ол ел аузындағы аңызға жетік жан еді, әрі Райымбек батырдың тұқымынан тараған ұрпақ. Сондықтан мұны автор Қауыпбаевтың зерттеуіне қалдырайық.

"Мын адам салған көпірді бір адам бұзады" деген мақал осындайда айтылса керек. "Оймақ пішсең де ойланyp піш" дейді қазақ. Бұл оймақ емес, аруакты батырдың ғұмырнамасы, сынамақ кітабы — мыңның еңбегі, энциклопедия.

Енді Қауыпбаевты былай қойып, батыр бабамыз жайында бірер дерекке назарыңызды аударайық. Жамбыл "Өтеген батыр" дастанында:

"Райымбек, Шинет, Тауасар,
Жасөспірім Малдыбай,
Бір жағынан килікті.
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақ ұлы Жәнібек..." — деген.

Ал Үрімшідегі Шыңжаң баспасынан шыққан "Қамбар батыр" деген екі дастан жинағында:

"Келіпті Қаз дауысты ер Қазыбек,
Үйсіннен іздеп кепті Райымбек".

деген ауыз әдебиетінің деректерінде халық жыршылары батыр бабамызды заманындағы ұлы тұлғалардың қатарында айтқанын ешкім жоққа шығара алмас!

Аңыз әңгімелерде Мүйізді Өтеген батыр мен Райымбек батырдың жастары қарайлас екен деседі. Сонда Райымбек Өтеген батырға: "Сенің сүйегің судың астында қалады" десе, Өтеген: "Сенің сүйегің шудың астында қалады" депті-міс. Бұл әулиелік не заманнан кейін шыныққа айналып отыр. Өтеген батыр Іле бойын қыстаған, Райымбек Алматының қойнауын қыстаған. Райымбектің сүйегі Үлкен Алматының бойында жатыр. Ал Өтеген батыр қыстаған Қапшағайда сол заманда да Іле аунап, арнасын өзгертіп тұрса керек. Қапшағай су қоймасын жасағанда

Өтеген батырдың бейіті су астында қалып бара жатқан соң, оның сүйегін ұрпақтары Жамбыл облысының Красного ауданына апарып жерлеп, басына күмбез тұрғызыпты. Ал Райымбек бабамыз әлі күнге "құлағы шулап" керуен жолында жатыр.

Осында жерленуінде де аңыз бар. Іле алқабының Текес, Күре жерінде қалмақпен айқаста қарт батыр жараланып, көз жұмарында сарбаздарымен тілдесіп: "Менің дүниеден қайтар кезім тақалды. Шыбын жаным ұшқаннан кейін, өзімнің жүк артатын атан түйеме теңдеп, Алматыға алып барыңдар. Сүйегім кіндік кескен жеріме жетсін. Атан түйе шөккен жерге жерлендер", — депті жарықтық. Сол заманда Құлжа жолдың Алматы өзендерімен тоғысқан тарамдары саздауыт екен. Мұны осыдан 40-50 жыл бұрын да өз көзіммен көргемін. Ойдым-ойдым саздауыт еді. Осы жерде түйе сүйсініп жейтін түйетабан өседі екен. Аруана сол жайылымына келіп шөгіпті. Аңызда да шындық бар, қисынды. Оған қоса Райымбек бабаның: "Елім — Албан, жерім — Қарқара, жайлауым — Асы, мекенім — Алматының басы" деуі де тегін емес.

Өтеген батырдың Райымбекке: "Сенің сүйегің шудың астында қалады" деуі қандай көргендік. Сүйінбай дүлдiлдің "Өтеген батыр" дастанындағы мына жолдарға назар аударыңыздаршы:

"Қасқараудан шыққан Өтеген,
Бұғыдай мүйіз көтерген.
Туа салып талпынып,
Дүниенің төрт бұрышын,
Аралап қоныс қалдырған..."

Сүйінбайдың дастанында Өтеген батыр да Райымбек батыр сияқты ел қамын ойлап, жерді жаудан азат ету жолында талай жорыққа қатысады. Ел қамын ойлап, Асанқайғы сияқты жерұйық іздеген батыр жерімен былай деп қоштасады:

"Күн болады алдында естен танған,
Біреудің дүниесін біреу алған.
Мал-басына билік жоқ заман болар,
Дүние сүйтіп жүріп тамам болар.
Мен көрмеспін,
Кейінгілер көрерсін,
Қайран жер-суым болғай аман!..."

Батырдың айтқаны келіп, ел билігінен айрылып, жерімізді келімсектер таптап, жер атауын да өзгертіп, мәңгірттеніп кеткен едік. Енді заман өзгерді. Соғыссыз

тәуелсіздік алдық, бұл — тарихта бұрын-соңды болмаған жақсылық. Ендігі әңгіме — халқымыздың оянуы, озық елдердің қатарынан орын алуы. Осы мақсатқа бөгет болар мінезді Сүйінбай баба мінеді:

"Дау бақанның тұқымы,
Болмашы істі даулайды.
Туысканын жат көріп,
Жаудан жаман қармайды.
Жамандардың тұқымы,
Әр сөзді айтып шатады,
Мейрімсіздің тұқымы,
Туысканын жатқа сатады..."

Бабамыз осындай көргендік сөз қалдырмады ма! Ол кейінгі ұрпақтардың бірлігін, асыл азаматтарын ардақтауды, "ұлыны ұлы тұтса құт" болатынын өсиет еткен. "Адам аласынан сөз аласы жаман, ой шаласынан сөз шаласы жаман" деп халқымыз бекер айтпаған. Көп дүниені бұзық сөз бүлдіріп жатқанының куәсі де болып отырмыз. Бұл хатты ізгі ниетпен жазды деп ұғарсыздар, қаламдас-тарым.

*Тілектес ағаларың,
Байұзақ Қожабекұлы*

ЖАН ЖАРАҚАТЫ

"Тәнді емдейтін "дәрігер", жанды емдейтін "билеуші" аталатын мемлекет қайраткерлері".

Әбунасыр әл-Фараби.

Биыл бес жыл болды. Желтоқсан оқиғасы есіме түссе, әлі күнге дейін шеке тамырым шыңылдап, қарақұсым құрысады. Сірә, бұл сырқат өзіммен бірге о дүниеге кететін шығар?.. Бұл — жеке адамның қасіреті емес, көпке келген қасірет. "Көппен көрген ұлы той" деген мәтел бұл қасіретке жатпайды, ағайындар! Ұл-қызынан айрылған сорлылардың күнін басқа бермесін! Осыған орай жаны жаралы "Жас қазақпен" ойымды бөлісер алдында өзім куә болған оқиғаларды әңгіме етпекшімін.

Желтоқсаннан кейін Жамалхан деген бөлем балашағасын қыстауға қалдырып Алматыға келіпті.

— Үй-ішіңіз аман ба?

— Оны өзім де білмеймін, сіздерден сұрамасам. Балалар хабарласпады ма?

— Жо-жоқ, өзіңіз қайдан жолаушылап келесіз?

— Қиыр Шығыстан. Ұлым әскерде еді, қайтуына екі ай қалғанда командирі хат жолдап: "Іс насырға шауып тұр, тез келіп қайтыңыз", — депті. Он мың шақырым екен, — жердің түбі деген сол шығар.

Командиріне жолықтым:

— Балаңыз бір жолдасымен қарауылда жанжалдасып, қол жұмсады. Бірақ ол кінәлі емес екен. Ақылыңызды айтып кетіңіз, әлгі Алматыдағы жастардың ереуілі оларға әсер етті, — деп мыңқылдайды.

Күйіп кеттім:

— Он мың шақырымнан ақыл сұрау үшін шақырдың ба? Әдіре қалғыр! Ақылды сен айт, мен қой бағамын — сен бала бағып отырсың, тәрбиеле! Ақ қар, көк мұзда, боранда күні-түні қой соғындамыз. Балам интернатта

тәрбиеленді. Алматыда Колбин деген қыздарымызды шашынан сүйретіп, ұлдарымызды таяқтатты. Сіз болсаңыз үйге қайтуға екі ай калғанда он мың шақырым жерге шақырып, балаңды тәрбиеле дейсіз. Сізге үкімет солдат тәрбиелетіп, маған қой баққызып отыр, — дедім. "Сасқан үйрек артымен жүзеді" дегендей, әлгі командир:

— Қазақстандық жастар жиналып әңгімелеседі, соны тоқтатыңыз, — дейді.

— Неге әңгімелеспейді?.. Біздің халық бауырмал, алыста жүргенде ана тілінде сөйлесіп, көңілін жұбатар. Қарақтарым-ай, елін, ата-анасын сағынып жүр-ау, — деп жылап та алдым.

— Балалармен әңгімелестіңіз бе?

— Мені лектор дейсіз бе?! Бастығының ит терісін басына қаптадым. Балаларға елдің дәмін таттырып, беттерінен сүйдім. Қоштасарда: "Қарақтарым, елдің намысын сақтаңдар", — дедім.

Бұл — ел адамының, қарапайым қойшы әйелдің толғанысы. Жан жаракаты мұнымен жазылмаса керек. Енді, Желтоқсан оқиғасы күндері өзім көрген, естіген үш көріністі айтып, ойымды білдіруді парызым деп санаймын.

Желтоқсанның он алтысы күні кешке қарай Қазақстан Ғылым Академиясының емханасына қаралып, трамваймен Шевченко көшесін бойлап келе жатыр едім, Фурманов көшесіне жете бере кілт тоқтап қалдық. Жұрт: "Алаңда студенттер жиын өткізіп жатыр екен", — десті. Ондай сұмдықты естімеген екенбіз ғой, құлаққа оғаш естілді. "Мұхит" дүкеніне соғып, жиынды көре кетейін деп, Фурманов пен Сәтбаев көшесінің қиылысынан бір-ақ шықтым. Халық толы. Мұндай көріністі кинодан-ақ көерсіз.

Сәтбаев бойын милиция қоршапты, алаңға халық симай кеткен. Фурманов бойында су шашатын өрт сөндіргіш машина тұр. Орталық алаң — айғай-шу. Бір мезетте жүз қаралы жастар, алдарында спорт киімін, кеудеше киген, дембелше, бес-алты жігіт бастаған топ ілгері ұмтылғанда милиция дүр етіп, көзді ашып-жұмғанша машиналарына мініп, кейін шегінді. Олар жаны жаралы жастарды осылай делебесін қоздырып, арандатып алып соққы беретін тәсілді қолданғысы келді ме екен? Бұған бусанған жастар орнында қалып кеткен "жигулиді" өртеді. Қаруы да жоқ, кейбірінде таяқ қана бар жастардан милицияның қашуында бір гәп болғаны рас.

Айрандай ұйып отырған ел едік қой, бұл не сұмдық? Алпысқа келгенше мұндайды көрмеген сырқат адамға бұл

қатты батты. Екі көше жерде тұратынмын, аяғымды сүйретіп соңынан үйіме қайттым. Іңір қаранғысындағы, көз байланғандағы бұл көріністі досың емес, дұшпаныңның басына бермесін.

Он жетісі күні тағы да түске қарай дәрігерден келе жатып, Киров көшесі (қазіргі Бөгенбай батыр көшесі) мен Ленин проспектісінің бұрышындағы аялдамада көлік күтіп біраз тұрып қалдым. Күткен адам көп, автобус келер емес. Әлден уақытта жұрт дабырласып қалды. Қарасам — тау жақтан қара құрым сел сияқты жұрт қаптап келеді. Мұндайда түсті ажырата алмай қалады екенсіз, маған қап-қара боп көрінді. Сөйтсем, қазақ жастары. Алдында екі қыз ерекше жұлқынып, ұран тастап қояды. Қолдарындағы қызыл матаға жазылған "Лениннің ұлт саясаты жасасын!" деген ұранды анық оқыдым, қалғанын оқуға да шамам келмеді. Өздері "Елім-айды" айтып барады. Іштерінде бір ересек адам жоқ. Соңын ала мектеп оқушылары да ілесіп алыпты, бізге "Жүріңіздер!" деп айқайлап та қояды.

Олар ұзаған соң жан-жағымна қарасам, менің қасымда әскери лейтенант тұр. Сөйтсем, әлгі қаптаған жолаушылар жастардан жасқанып, үйдің артына тығылыпты, окоптан шыққандай біртіндеп жинала бастады. Сонда бұл қалай болғаны? Бұрын шеру көрмегендіктен бе? Басқа жұрттың өкілдері неге сескенді? Бұл сұраққа жауапты сіздер де ойланып көріңіздер, ағайындар.

Сойқанды соңынан білдік. Қалалық партия ұйымының әлде, одан да жоғары Орталық Комитеттің бе, тапсыруымен аудандық партия ұйымы Ауыл шаруашылық саймандарын жасайтын, Ауыр машина жасайтын және Киров атындағы заводқа бұйрық беріп, өз балаларын соққыға жығу үшін бұрмалы темірден таяқ кестіріпті. Бұл таяқты коммунистерден ұйымдастырылған жасақшылардың қолына ұстатқан. Мұндай сорақылық адамзат тарихында бұрын-соңды болған емес-ті.

Сол түні Мырқасымбай деген құдамыз Ауыл шаруашылығы институтында оқитын жиенін сұрап: "Садаған кетейін, көршісің ғой, ауырып жатыр едім, институттың алтыншы жатақханасында тұрады, біліп берші? Мына топалаңда не күйге ұшырады, жетім бала ғой, әскерден биыл келген еді", — деп өтініш жасады.

Ертесінде сағат он бір шамасында жатақханасынан таптым, ауланың ортасында көлденең салынған үш қабат үй екен. Есігі сынған, алқа-салқа, терезесі қираған. Інім жатқан бөлмеде екі бала отыр: басы-көзі — күп, бірінің қолы сынған.

— Балаларым, Дэурен қайда? — деуге ғана шама келді.

— Дэурен де, біз де алаңға барған жоқпыз, бірақ бір топ жасақшыға еріп Сәтбаев көшесіне шыққан едік, милиция жүк машинасына тиіп алып кетті. Содан бүгін шығарды. Дэурен нағашысының үйіне кетті, — деді бір жігіт. Көңілім орнына түскендей, "Е-е" дегенім болмаса, мыналардың аянышты халі қатты күйзелтті. Қылмысты мен жасағандай, өзімді айыптыдай сезініп, "Еш жаққа бармасандар, қалай жараландындар?" — дедім.

Қолы сынған жігіт тіл қатты:

— Кеше ауруымыз бар, сауымыз бар, қырық шақты бала жатақта қалған едік. Біздерді мұғалім күзетіп тысқа шығармай қойды. Түс қайта шекарашылар училищесінің екі машина курсанттары келіп, бәрімізді сабап кетті. Бір жігітті балконнан лақтырды, мұғалімнің басы жарылды.

Осы оқиға бір-ақ рет баспасөзде айтылды. Ал әскери адамдарға шара қолданылмайды, өйткені олар да Колбиннің бұйрығымен келген болуы керек. Мұның атын жан жарақағы демей не дейсіз?

Жатақханадан шығып алаңға бардым: әлем-тапырақ жыртылған киім қалдығы, орамал, бас киімдер. Қолдарына темір таяқ ұстаған жасақшылар екіден-үштен қыдырып жүр, әлде не күткендей... Фрунзе ауданының коммунистеріне жолықтым, түстері солғын. "Таяқпен ұра алдыңдар ма?" — деп едім, үн жоқ.

"Біз — партияның солдаттарымыз", — дейді бірі. Бұйрықты берген партия емес, сол ұйымды басқарып отырған адам емес пе? "Таяқты кімге жұмсаймыз дедіңдер ме?". Үн жоқ. "Біздің түбімізге жеткен осы үнсіздік емес пе?! Сендерді де ұлы халық дедік-ау! Сол ұлылығыңызды көрсетіп: "Жолдас хатшы, темір таяқпен кімді ұрамыз, олар социализм құрушы жеткіншектер емес пе?" — деп сұрамадыңыздар ма? Соңғы сұрақтарымызды іштей айтып бара жаттым, бақсам орысша айтып барады екенмін. Біз сорлы орысша ойлауға үйренгенбіз ғой. Баяғыда ауылда тіл білмей, қалаға келгенде орыс тілінің ұстазы: "Іштей орысша ойламасандар, тілді тез үйрене алмайсыңдар", — дегенін әлі ұмытпаған екенмін.

Қайран момын халқым қоныс аударып келгендерді алғашында "тамыр", совет үкіметі жылында "жолдас" демеді ме. Сол жолдастарымызға — ұлы халықтың өкілдеріне темір таяқ ұстатқан қай онбағандар? Олар әлі күнге дейін жазаланған жоқ. Аттары ғана айтылды, лағынет айтылған жоқ. Халықтың үнсіз күткені де сол болар, сонда ғана жан жарасы айығар ма еді?!

"Жақсының бір аты бар — залым деген, жаманның бір аты бар — момын деген". Сол момындық, сенгіштік, кісі көңілін жықпайтын бауырмалдыққа әбден бауыр басқан келімсектерге әдет-ғұрпымызды, тілімізді сыйлауды үйретпедік. Оған кім кінәлі? Өзіміз, он шақты адамның ішінде бір орыс болса, жалпылдап орысша сөйлеуге намыстанбаймыз, керісінше білімпаздығымызды, ұлтшыл еместігімізді көрсеткен боламыз.

Европаның бір елінде сол елдің тілін білмей, сөйлемей тіршілік ете аласыз ба? Ол ол ма, — алпысыншы жылдары шопандардың республикалық жиналысында, бірер орыс тілінде сөйлейтін бастықтарға бола, баяндама орыс тілінде жасалған. Біздің тіліміздің аяққа басылғандығының шарықтау шегі осы болар. Елді басқаруға қай халықтың өкілі келмеді? Армян да, еврей де, украиндық та, орыс та келді, бірін жатсынған емеспіз, қайта солардан әділдік күтіп, біріміздің үстімізден біріміз арыз жаздық емес пе? Бірақ еш пенде халықпен ақылдасып, санасқан емес. Жауапты қызметке партия тағайындап, партия алып тастап жатты. Бұл қалай? Әділеттілік, демократия деген осы ма? Аяқ астынан халықпен тағы да санаспай Орталықтан Колбинді қоңқайтып алып келе қалғанда төбемізден жай түскендей сезінбедік пе? Оған алдымен қарсылық көрсеткен, теңсіздіктің тауқыметін көп тартып жүрген ауылдан келген жастарымыз болды ғой! Ал қала жастарының көбісінің еті өліп, тілін де, дінін де ұмытуға айналған жоқ па? Бұл жағдай жанды жарақаттамай қоя ма! Ұлы бабамыз Әбунасыр әл-Фараби: "Тән сияқты жан да сырқатқа, жарақатқа ұшырайды. Жан жарақаттан зақымдалмаған жағдайда оның бар бітімі, тіпті сәулесі түскен адамзат қайырымдылық, жанашырлық, қамқорлық, шипалық істер тындырады" — дейді "Мемлекеттік қайраткерлер" атты трактатында.

Қаланың ересек адамдары алаңға шыққан жастарға басу айтудың орнына омалып үйімізде отырып алдық-ау. Ақыры қырғынға ұшырайды деген ой ұйықтасақ түсімізге кірмеді. Біз қоғамды берік орнаттық деген ұғымнан ажырай алмай қалдық емес пе! Осыдан кейін жастардың бетіне қарауға, ақыл айтуға құқымыз жоқ. Бірақ ар-ұятты шүберекке түйіп, тағы да ақыл айтысып, неден болды десеміз де...

Осы жағдайды ойланғанда ұлтымыздың он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтерілісі еске түседі. Былтыр 75 жылдығы аталып өткен Қарқара көтерілісіне қатысқан қазақ жұрты "қара жұмысқа бала бермейміз" демеді ме! Сол кезде Серікбай болысты ауыл ақсақалдары шақырып

алып ақылдасқанда Базарбай бидің тұқымы Итжан деген ақсақал:

— Серікбай қарағым, сен ақ патшаның шенін киген қызметшісің, сөзінді бер: қорғаныш бола аласың ба, патшаның сойылын соғып, балаларымызды қара жұмысқа айдатасың ба? Қыршындарды қырғанша, кәрі қақпас біздің басымыз кесілсін! Ақсақалдар солай шешіп отырмыз. Ұзақ батырдың да ойы сол көрінеді, — деп ақсақалдар тұжырымын айтып тастайды.

— Көпке топырақ шашамын ба, ақсақалдар бұйырса солай болады да. Бірақ, ағайын, қамшылы, шокпарлы қазақты мылтықты, найзалы, зеңбіректі патша әскері шегірткедей көре ме, қойша қырыламыз ғой.

— Терең батырады, көп қорқытады.

— Көптігің олар үшін шөп емес пе? Шалғымен жайпап тастайды.

Серікбай болыс асқан ақылды, ержүрек адам болатын, халық атынан приставпен сөйлесем деп, өзін құрбан етеді, айдауда атылып кетеді. Қарқараның халқы қойша қырылады. Жәрмеңкедегі қалың Албанды зеңбірекпен атқылайды. Қарқара қан сасыды, ел Қытайға үрікті. ("Қилы заманды" оқыңыз). Солай, оқырман, қазақтың ақсақалдары перзенттеріне қарусыз қорған боламын деп қырылып қалған. Осы орайда өзіміздің ұлттық гвардиямызды тезірек құруымыз керек деп ойлаймын.

Біз жаппай орыс тілін білеміз, тіпті бүгінгі шопан атаулының алды жиырмасыншы жылы туған, совет мектебінде оқып, жоқ дегенде жеті кластық білім алғандар. Ал орыстың үш-төрт қызы ән айтады екен — соған ду қол шапалақтап, газет-журналдарымыз жазып, жапырылып қаламыз. Орыс баласы қазақ бала бақшасына барыпты, орыс баласы қазақ мектебінде оқып жүр екен дегенді естідіңіз бе? Ел емес пе — бірлі-жарымды ұшырасуы да мүмкін, бірақ американдық қыздың Алматының бір мектебінің бірінші класында қазақша оқитынын білеміз, газетке де жарияланды. "Досынды өзіңнен кем санасаң, оны қорлайсың, артық санасаң, өзіңді қорлайсың" деген мәтел бар. Келімсектер тіліңді менсінбей, қазақша сөйлесең мұрнын шүйірсе, оған қалай қарайсың?

Солай бауырлар, біздің қоғамды теріс жолға бастап кеткен партияның әкімшіл-әміршіл басшылары "шаш ал" десе бас алып, тілімізді қорлады. Әйтпесе "қазақ тілін орыстарға оқытпа, іс қағаздары ана тілінде жүрмесін" деген заң қабылданған жоқ-ты.

Өткен жылдың желтоқсан айында Алматының жоғарғы партия мектебінде "Желтоқсан" партиясының қос төр-

ағасының бірі Х.Кожаметовпен кездесу өтті. Сонда бір тыңдаушы — партия қызметкері ұстазынан сұранбай-ақ семинар сабағынан шығып кетті, өйткені әңгімелесу қазақ тілінде өткен еді. Болашақ партия қызметкерінің көргенсіздігі, өзі тіршілік етіп, өз жерінде отырған халық тілін сыйламауы былай тұрсын, зиялы қауымын да менсінбеді. Сондайлардың кесірі партияға да тиді, ақыры партия жойылды. Ағайындар, жан жаракаты осындай ұсақ-түйектерден басталады.

Сіз аты-жөні қазақшаға көшкен орысты, не басқа халықты естідіңіз бе? Ал бүкіл қазақтың әкесінің, бабасының есіміне: "ов", "ев", "ин", "ич" жалғанғанына жүз елу жылдан асып барады. Бұл не, орыстану ма? Соның бірі осы жолды жазып отырған адам. Куәлігіміз солай. Енді оны кім өзгерте алады? Кімнің жарлығын күтеміз? Аты-жөніміз, тегіміз жарлықпен жөнделе ме?

Айтпаймыз, үндемейміз, іштен тынамыз, жанымыздың бір жаракаты осы деп білемін.

Сұлтанмахмұт Торайғыров: "Анау қырда татар тұр, басқалармен қатар тұр, мынау қырда қазақ тұр — қастарында азап тұр" деген еді ғой. Міржақып атамыз: "Оян, қазақ!" деп ұран тастады. Ояндық, тәуелсіздік алдық, құдая тәубе, енді ойланатын да, әділдік, теңдік жолында күресетін де кезең туды. Дүние жүзінің үлкенді-кішілі елдерімен тереземіз тең болмай, ел қатарына қосылу екі талай. Соны жүзеге асырғанда ғана жан жаракатынан айығамыз, ағайын!

ТҰРАН ТҰРПАТТЫ ҰЛ

Жұмыр жерді мекендейтін адамзат ұрпақтарының арасында түрік халқы ұлды ерекше қасиеттейді. Ата жолын қуар — ұл; шаңырақ иесі — ұл; намысты жоқтар — ұл; кегінді қайырап — ұл; елдік намысыңды сақтар — ұл; ұл — артта қалар із! Бірақ барлық ұл осы ойдан шыға ма? Әке жолын қуа ма? Ұлға бергісіз қыз бар емес пе? Түрік халқының ежелден қалыптасқан осы ұғымын кешегі желтоқсандағы жастар қозғалысына қатысқан қазақ қыздарының тосын мінезі өзгертпеді ме? Олар ғажайып ерлік, өжеттік көрсетіп, бәрімізді таңқалдырды емес пе?!

Десек те қазақтар арқа тұтар, намысқой ұлдар баршылық, құдайға шүкір. Әсіресе, мынау дүрбелең заманда ерекше көзге түсіп, жүректілік көрсетіп, ел қорғаны болып, ел намысын жыртып жандардың есімі аузына бұрын ілінеді. Солардың бірі — Сейдахмет Бердіқұлов.

Сейдахметтің ерлігін айтпас бұрын, соған барар бірер қақтығыстарды еске түсірейін. Жетпісінші жылдардың басында бір демалысты Сейдахметпен бірге өткіздік. Екеуіміз жүз таныспыз, аралас, пікірлес емеспіз. Күләтай келін екеуі қатар столда тамақтанады. Сол замандағы жігіттердің серісі, шет елдік сәнмен киінеді, былғары кеудеше, саусағында мөрлі жүзік. Сырт бейнесі жалпы қазақ тұрпатынан ерекше қыр мұрынды, атжақты, көзі үшқын шашып, тау қыранындай тәкаппарлана қарайды екен. Үш антропологиялық тұрпатта ерекшеленсе де, жалпы бір бейнеге ие болған қазақ тұрпатынан өзгеше, бөлектеніп көрінеді. Қазақстаннан өзге аймақта жолықтырсаңыз мысырлық немесе ирандық деп қаласыз.

Сол жылдары "Қазақ Совет энциклопедиясы" жаңа

құрылып, соған этнографиялық мақалалар жазуға білекті сыбана кіріскенмін. Ғалымдар ру-тайпаларды жазудан тайсалады. Рушылдық-ұлтшылдық танытып қаламыз ба деп жалтақтайтын заман еді ғой. "Нартәуекел, жығылған күреске тоймайды, "ұлтшыл" атым бұрын да бар", — деп, ататекті зерттеуге кіріскемін. Сондықтан сырласа қалған адамнан руын сұрауды әдетке айналдырып алыппын. Сейдахметтің жасы кіші, әрі жастарға тәрбие беретін газеттің редакторы, сондықтан оның руын қалай сұрарсың Осылай кібірткітеп тұрғанымда жәрдемге өзі келді.

— Бәке, бильярдқа қалайсыз?

— Елтеп, таяқ ұстаған ауылдың баласымыз ғой.

— Онда менен ұпай жинаңыз.

Тельман Жанұзақов екеуі сол жердің чемпионы болып шықты. Мені ұтып, ұпайы түгенделген соң: "Енді сізден бір қолқам бар. Шырақбек (Қабылбаев) ағамыз сізден бір шежіре кітап алып оқыпты, соны бізге де оқуға бермейсіз бе?" — деді.

Сонымен бізді кітап таныстырды да, араздастырды Сейдахметтің руы — Болай екен. Қырғыздар: "Қазақ болсаң болай бол. Болай болмасаң, қалай болсаң солай бол" деп айтады деп ем, "Шыққан тегіміз мықты, өзіміздің осалдығымыз болмаса. Атамыз — Медеу шал", — деп қалды.

— Сейдахмет-ау, онда жиен болдың. Медекеннің бәйбішесі біздің Ерсары атамыздың кіндігінен тараған. Мен Ерсарының ағасы Назарбайдың туажатымын. Сейдахмет, тағы бір атақты жисіңді айтып берейін, — дедім.

Жазушы Медеу Сәрсекеевпен Сарыағаш арасанында таныстым. Ол қара мұртты, ұзын бойлы жігіт екен. Тұрпаты семейліктерге ұқсамайды: атжақты, нағыз тұран тұрпаты. Ташкентте оны өзбек деп те қаласыз. Сарыағаштан Ташкент таяқ тастам жер ғой. Ол маңғазданып:

— Медеу, — деп қолын созды.

— Медеу деп Алматыдағы атаңыздың атын қойыпты ғой, — дедім. Сол шақта Медеу мұз айдынының есімі әлемге жайылып жатқан кезі.

— Оның өзін мінген үйсіннің шалы ғой, — демесі бар ма! Мәссаған безгелдек! Қазақтың жазушысының аузынан іріген сөз шыққанын маскара санадым. Аяқастынан ауырма сөз түспей. "Сен сарт екенсің ғой" дедім. Екеуіміз аталарымыздың құлағын шулаттық. Сол "өзі мінген үйсін шалының" Байсеркедегі Шалақазаққа ұзатылған қызынан Мұхтар Әуезовтің анасы туғанын, одан Абайды қозғадық...

Сейдахмет інім, атаң Қарасай батырдың қызыл жолбарысы болған деген аңыз бар. Қарасай батыр қаза тапқаннан кейін қызыл жолбарыс Сұраншы батырға, одан Сарыбайға ілесіп, Сарекөң Екейдің есін жиғызып, ойдағы, қырдағысын жинап, мал-жану өсіпті деседі. Одан Жамбыл атамыз Қарасай ауылына келіп үш күн, үш түн жыр жырылап, ел көңілін көтеріп қайтқанда қызыл жолбарыс Жәкене ілесіп кетіпті. Ал Жәкене қандай бақ қонғаны жұртқа аян. Жәкене дүние салғаннан кейін қызыл жолбарыс Қарасай ауылына қайта оралыпты. Мұндай аңыз жұмбақ дүниеде көп айтылады. Аңыз ба, әлде адам баласына жұмбақ әлем кеңістігінің құбылысы ма, эфирлік дене ме, ол жағын кесіп-пішіп айта алмаймын...

Ататегің мақтағанды кім жек көрсін, Сейдахметпен осыдан кейін сөзім жарасып қалып еді, өзіме де сол керек, Шапырашты шежіресін таратамын деп тағы да келісе алмай қалдық. Мен жазба шежіреге сүйеніп:" Аталарың Бесшам шапырашты аталады. Олар: Айқым, Екей, Еміл, Асыл, Шыбыл, — дедім.

— Сіздің дерек қате, — деді Сейдахмет,-Шапырашты: Екей-Еміл, Айқым, Асыл, Шыбыл, Есқожа болып бөлінеді. Екей-Еміл бір ата.

— Сейдахмет-ау, екі ата бір ата бола ма? Есқожаның тегі бөлек...

— Оны айтқан адамның әкесін... сандалыпты!, — деді ол зілдене қарап.

Кітап бойынша шежіре деректерін көрсетіп, дәлелдеген болдым, бірақ сөйлесуден қалдық. Бір апта өткенде, күлімсіреп амандасып:

— Бәке, сіздің де түбіңіз шикі-ау? — деді.

— Кімнің атасының қайдан шыққанын бір алла білсін, бауырым. Сөзіңнің жаны бар. Түпатамның есімі-Құл. Біреулер, қолға түскен батыр екен, енді біреулер, шешеміз жат елдік екен дейді. Әйтеуір шикілік бар. Сен де сол Құлдың жиенісің, Тұран елінің ұрпағына ұқсап тұрғаның содан! — дедім. Сонымен ұпайымыз түгенделді.

Екі жүз баулы ру-тайпалардан құралған қазақта қай елдің қаны жоқ дейсіз, бірақ соған қарамай, өз тұрпаты, өз мінез-құлқы, тілі бар ұлт емес пе! Сондай ұлттың намысын жырталың Медеу шалдың тұқымы, жазушы, журналист Сейдахмет Бердіқұлов — ерте ат жалын тартып ұлттық мәдениетімізді, әдебиетімізді, спорт өнерімізді көркейтуге белсене араласып, ұлттық намысымыздың жоқтаушысы болып жастарды өркениетті елдің қатарына жеткізуге үлес қосып келе жатқан азамат.

Со тұран тұрпаты Сейдахмет әйгілі желтоқсан

шырғалаңында ерен ерлік көрсетті. Ол қару жұмсаған жоқ, зеңбірек атқан жоқ, бірақ ұлттық тілімен империяның итаршыларының терісін басына қаптады. "Таяқ — еттен, сөз — сүйектен өтеді". Мәскеуден ұшып келген КПСС Орталық Комитетінің бюро мүшесі С.М.Соломенцев Қазақстан Комсомолының Орталық Комитетінде шұғыл мәжіліс өткізді. "Мына баланы кім тапты" деп жастардың бастықтарының екі аяғын бір етікке тығады. "Адам жылқы мінезді" деген осындайда адыра қалады екен. Не иттік, не пасықтық, сатқындық осындайда көрінеді. Бірін-бірі даттап, комсомолдың шолақ белсенді қызы: "Алаңға шыққан қыздар қолыма түссе қылқындырып өлтірер едім", — деп жер тепкіледі. Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мендібаев: "Ұлтшылдық, бұзақылық деп осыны айтсақ керек. Мұны ұйымдастырып отырған жершілдер, бұрынғы партия басшыларының қылығы", — деп бөсті. Жұрт жым-жырт. Алматы қаласының барлық оқу орындарының басшыларын Соломенцев қуырып барды. Алаңға шыққандар ұлтшылдар, алаяқ нашақорлар. Бұзақылар көрінеді. Осы сәтте қырық жыл ұлттар достығын уағыздап, жастар газетінің редакторы болып келе жатқан Сейдахмет қабыландай ширеңгіп, түсі тотығып, қолын көтеріп Соломенцевтен сөз алды.

— Жолдастар, қазақта бір жақсы мәтел бар, "мына баланы кім тапты" деген. Қазір соның кейпі келіп отыр. Бұл демонстрацияға шыққан бәрімізге ортақ балалар. Олардың бәрі Советтік балалар. Олар балабақшасынан бастап бірдей тәрбиеленіп, Ильич пионерінің қатарына өтіп, одан Ленин комсомолының қатарында тәрбиеленген. Олай емес деп айта аламыз ба? Жоқ, жолдастар. Осында біреулер соғып қалды, ауылдан келген, тәрбиесіз деп. Біздің ауылда басқаша тәрбие бар ма? Қайта, малшы балалары негізінен мектеп-интернатта тәрбиеленбей ме? Олардың тәрбиесіне мына отырған партия хатшылары: Камалиденов те, Мендібаев та қатысқан. Сондықтан тәрбиеге бәріміздің де қатысымыз бар. Ендеше оларды ұлтшыл, бұзақы деп айтуға қалай аузымыз барады? Тағы бір мәтел бар: "Балық басынан шіриді" деген. Ендеше, сол ұлтшылдықты, шовинистікті, жүгенсіздікті өзімізден де іздейік. — Осы кезде Соломенцевтың түсі бұзылып кетті. Сірә Қазақстанда қызмет етіп жүрген кездердегі ел білетін қылықтары есіне түсіп кетсе керек, оның үстіне Сейдахметтің де көзі өңменінен өтіп барады. — Көңілге келсе де айтайын, ұлтшылдық пен ұлтжандылықты ажырата білу керек. "Басшымыз қазақстандық болсын! Лениннің идеясы жасасын! Әр халықтың өз көсемі болсын!" деп транспортант

ұстап шыққан жастарымызды басшыларымыз бұйрық беріп, "Құйын" атты арнаулы жоспар жасап, итке талатып, таяқпен ұрып, өздері бауырымыз деп жүрген өзге халықтардан, көбіне орыстардан жасақ құрып, партия ұйымдарының бұйрығымен олардың қолына арматура таяқ ұстатып қойған. Осыдан өткен сорақылық, осыдан өткен қылмыс бола ма? Енді келіп: "Мына баланы кім тапты" деп көз алартамыз.

— Жастардың идеологі осындай болса, басқаларымыз қалай оңамыз!?— деді Меңдібаев жұрттың назарын аударып, партияның көптен бергі халықты тұқырайтудағы тәсіліне басып. Істі насырға шапқызып, түймедейді түйедей етіп көрсетіп, кінәні біріне жауып, айыптаған болып, жаратпаған адамдарын ауыстырып жіберіп, құрбан етіп, қайта топ құрып орындарында қала беретін.

— Жолдас Меңдібаев, "тойдың көкесін түйе сойғанда көресің" деген, — деді Сейдахмет. — Кешеден бері кешедегі "ұлы" халықтың аузынан "калбит" деген кемсіту сөзді жиі естиміз. Бұл отаршылдық саясат кезінде патша жендеттерінің халықты араздастыру үшін ойлап тапқан зәрлі сөзі. Бұл — сізге де, маған да айтылған сөз. Бейбіт шеруді ұлт араздығына соқтырған кім? Сол "Метельді" ұйымдастырып отырған адамдардың пиғылы не?

— Жала, жалған айтасыз! — деді қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Шулико сұқ саусағын шошайтып, — Бізге ондай мәлімет түскен жоқ.

— Гриша, саусағыңды шошайтпа! Сендер жалған мәлімет жинап, халықты ұмытқалы қашан. Қарын тоқ, киім бүтін, астыңда "Волга". Сен қазақ жігіттерінің қалада үйсіз, күйсіз, келімсектердің үйінен бұрыш сұрап, тентіреп жүргенін көрдің бе? Олармен сөйлестің бе? Жоқ! Сен "Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш боламын деп ойламайды" деп кім айтқанын да білмейсің ғой. Біздің сорлылығымыз да сонда, білсең! Сені халықтан қол үздірген — тіл мен сұқ саусақ!

Сейдахметтің аузына қақпақ болып, белсенділер орындарынан атып тұрды. Оның сөзі міндетті оғындай нысанға дәл тиді.

— Мәймөңкелейтін ештеңе жоқ, — деді Сейдахмет, — байыбына барып қарасақ, бұл — жастардың бейбіт шеруі. Мұнда ұлтшылдық та, ұйымдастыру да жоқ. Мен өз сөзіме жауап беремін.

Жұрт жым-жырт. Кейбіреулер әлден-ақ тон пішіп, "бүгін-ақ жабылады" дегендей ойға келіп те қалды. Ондайлардың ойын Соломенцев сейілтті. Ол ұлтшылдықтың уыты жайылды дей келіп, Бердіқұлов

жолдас дұрыс айтады, бізді құртып келе жатқан сұқ саусақ. Халықтан қол үзіп алдық...

Осылай, оқырман. Сейдахмет топ жарып халқының намысын жұртты. "Еркек тоқты — құрбандық" десе де, ет пен теріден жаралған адам ғой, үйге келгенде қабағы түсіп, түнеріп жатып қалды. Кешкі ас та батпады. Күләтей келін ерінің қабағына қарап өскен адам, қатты секем алды. Морт мінезді Сейдахметтің ашуы тез қайтар деді. Олай болмады. Кешқұрым тыным бермейтін телефон да жым. "Сымы жұлынды ма?" деп тексеріп еді, бәрі орнында. Ақыры келінмен де ой бөлісті. Ол басын шайқай берді. Бұл мақұлдағаны емес еді. Әне-міне алып кетедімен таң да атты, тыныштық. Демократия болғанымен, бастық біткен әлі де ақырын күтіп отыр.

Бұдан кейінгі әңгімеге оқырман қанық қой, дегенмен Қазақ ССР Жоғарғы Советі құрған комиссияның қорытындысынан бірер мысал келтіре кетейін. Демонстрациядан Ішкі Істер министрлігі — 2236. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті 2212, прокуратура — 2401 адам ұстаған. Алты мыңға жуық жазаланған адам есепке алынбаған. Комиссияның қорытындысы бойынша 8500 адам ұсталған, 99 адам сотталған. Осылай ел басына қатерлі күн туғанда, бүкіл халық ұлтшыл, бұзақы атанғанда Сейдахметтің айбаты "айға шапқан" батырлық емей, немене!

Қазақ топырағында спорт туралы әдеби шығарма жазған адам алпысыншы жылдары бірен-саран болатын. Оның жазу мәнері де батыс елдерінің журналистеріне ұқсайды. Маған "Егеулі найза" хикаясын ұсынып, "Ініздің ілтпаты деп қабыл алыңыз" деп жазып берген еді.

— Қай батыр туралы жазғансың? — деп сұрап қалып, ініммен тағы да араздасқанмын.

Ол түсіні суытып: "Мына қысқа түйінін оқысаңыз болды. Сіздің тарихтан басқаны оқымайтыныңызды білемін", — деді. "Егеулі найза" — жазушы С.Бердіқұловтың жаңа повесі. Қолына қамшы ұстаған қазақ сонау бір дүрбелен күнде ажал себетін автоматты да, зеңбіректі де, пулемет гашетқасын да мығым ұстады. Батырлықтың сан үлгісін көрсетті. Оны жаужүрек еткен күш — қасиетті жерді сүю, халықты сүю, іргелі елін сүю. Бүгін қолына кітап қысқан студент, кірпіш қалаған құрылысшы, момын шаруа ел басына күн туса "егеулі найза қолға алады, еңку-еңку жер шалады". Оны бастайтын күш қандай? Тағы да қасиетті жерді сүю, халықты сүю, іргелі елін сүю, әкелердің даңқты жолын шынайы қастерлеу. Повестің

негізгі өзегі — екі ұрпақтың мейірбан сырласуы, бір-біріне тілеуестік қатал талабы" ("Егеулі найза". "Жазушы". А., 1969, 2-6).

Желтоқсан қозғалысындағы Сейдахмет айтқан ойы осы "Егеулі найзасындағы" баспаның жазған түйін сөзімен үйлесіп жатыр. Сейдахметтің "Тарихты оқудан қолыңыз тимесе түйінін оқысаңыз жетеді", — деп мысқылдауы Бекең (Бердібек Соқпақбаев) марқұмның бір әңгімесін есіме түсіріп, менде мырс еттім.

— Бір кездесуге барғанымызда, — дейді Бекең ағамыз, — колхоздың бастығы бөсіп кетті-ай дейсің: "Кеше Ұлы Отан соғысында мұз жастанып, қар жамылып, жүргенімізде Бердібек жолдастың кітабын қойынымызға тығып оқитынбыз" демесі бар ма!.. Ол кезде мен ФЗО-дан қашып, түрмеде битке жем болып жатқанмын.

Сол айтпақшы, Сейдахмет кітабын оқыған да бар, оқымай-ақ бөсетіндер де кездеседі, ел емеспіз бе! Бірақ жастардан оны оқымаған некен-саяқ сияқты. "Орамалын жоғалтпай", "Жүрегін ұйықтатпай", "Нартәуекел" деп, "Егеулі найзасын" қолына алып, "Аспаннан шұға жауған күні", "Жұмыр жерде теңбіл допты қуып", "Мені арбаған бір сиқыры" бар Сейдахмет алпыс жасқа толды. Оның қоржыны толы, бірақ көңілі тоқ деп айта алмаймыз. Ұшарын жел, қонарын сай біліп отырған мына аласапыран, аумалы-төкпелі кезеңде, алпысқа келдім деп жамбастап жататын Сейдахмет емес! Жуырда бір жолыққанымда: — Бәке, ауылға барып тұрасыз ба? — деп сұрады.

— Үш-төрт жыл қарасында ауылға бармадым. Баяғы мені білетін, әке-шешемді көргендер, тең құрбы азайды. Алдымыз қараң-құраң тартты емес пе.

— Бізде де солай. Ауыл — төбесі көрініп тұрған Қаракәстек қой. Бұрын келініңіз екеуміз апта құрғатпай ауылға барып, үлкендерге сәлем беріп қайтушы едік. Бірде ұлым Заңғар екеуміз Пішпекке, Шыңғыс Айтматовқа қонаққа бара жаттық, ұлым: "Ауылға соғамыз ба?" деді. "Орталық көшемен өт, егер туыс кездесе үйіне түсеміз" дедім. Таныс бір туысты ұшырастырсақшы! Қайтарда бауырымның үйіне түсіп, өзен жағалап қыдырып келе жатсам, топ жас жігіттер көгалда дастархан жайып, демалып отыр екен. Біреуі алдымнан шығып: "О, ағай келіп қапты ғой" деп сәлем берді. Ішім жылып қалды. "Қалқам, мені қайдан танысың, кімнің баласысың?" — деп сұрадым. Ол күліп: "Мұғалім ағайдың иті соңыңыздан ілесіп келеді екен, содан кейін Сейдахмет ағай болар деп жорамалдап тұрмын" демесі бар ма!

Жазушыны халықпен табыстыратын шығармасы ғой.

Бірақ, теледидардың атқаратын міндеті зор екеніне күмән болмаса керек. Сол Сейдахмет ағасын "Теледидардан көріп жүрміз ғой" десе қандай ғанибет. Оның үстіне біздің социализммен жабысқан дертіміз тағы бар. Жазушы жұртты тізіммен реттеп классик жасамадық па?! Алпыс бесінші жылы Қазақ теледидарында қызмет атқарып жүрген кезде Қазақтелерадиосы мен комитетінің төрағасы шақырыпты. Қабағын қарс жауып, тұғырынан қомданған бүркіттей көрінді. "Саяси қате жіберіп алдық па?" — деп мен де абыржыдым.

— Мына хабарды оқыдыңыз ба? — деді төраға.

— Оқыдық. Француз жазушысынан ҚазТАГ тілшісі алған сұхбат болатын. "Қазақтың ұлы жазушылары, классиктері Мұхтар Әуезов пен Бердібек Соқпақбаев, Ғабит Мүсіреповтердің шығармаларын француз тіліне аудардық" деп айтыпты. Тілші сұхбаты ертең-ақ газеттерге басылып, радиодан оқылуы қақ.

— Соқпақбаев жолдас классик жазушы ма? — деді бастығым.

— Оны француздардан сұрау керек, — дедім мен де оның кекесінді сөзіне қыңырайып, — баға беріп жатқан солар ғой.

— Соқпақбаевты сызыңыз!

— Сызуға қақым жоқ. Шетелдіктен сұхбат, ресми хабар. Сіздің құқыңыз бар, бістықсыз. Сызып, қол қойып беріңіз.

Біраздан кейін қайыра шақырды. Сабасына түсіпті. "Адам — жылқы мінезді" деген осы ғой, тарпуын қойып, жуасып қалыпты.

— Ресми хабарды өзгертуге болмайды екен ғой, — деді ол. — Сіздердің істі түсініп болмайды. Ретін ауыстырып, Бердібекті соңынан айтсын.

— Күп болады! — дедім, жауынгерше жауап бергенім қай сасқаным, әлде Бердібектің ұлы жазушы аталуына қуанғаным ба. — Орнын ауыстыруда не тұр, ойы бұзылмаса болды.

Сонымен француз жазушысының дуалы аузымен "Қазақтың классик ұлы жазушылары Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын біздің француздар ана тілінде оқи бастады" деп Қазақ теледидарының соңғы жаңалықтарынан оқылды.

Сексенінші жылдары марқұм Сейітжан Омаров Қазақстан Жазушылар одағының бір съезінде балалар әдебиетінен баяндама жасап, Бердібек Соқпақбаевты "балалар әдебиетінің классигі" деп атады. Ал Сейдахметтің дос-ағасы Бекең болса "Өлгендер қайтып келмейді" деп

роман жазып қалдырды да, былтыр о дүниеге аттанды, Бекенді ұлы де, классик де, халық жазушысы де, оған бәрібір. Бұл атақ оның халқының мерейін көтеру үшін қажет. Ұлт тәуелсіздік алып, дербес ел болған соң ұлы перзенттері болса керек. Әрине, сол дәрежеге жеткендерін айтамыз да. Оларға көзі тірісінде атақ-даңқын қимай жататын да жағдайымыз бар, пендешілік деген сол.

Сейдахмет те өмірден түйгені көп, жастарға ақылшы болып келе жатқан азаматымыз. Ол бір жолыққанда, шашымның ағарғанына қарады ма, әлде түсім ұқсай ма, әлде сонау бір жылғы "тұран тұрпаттысың" деген сөзім есіне түсіп кетті ме, әйтеуір інілік жолмен әзілдеп: "Бәке, осы жасыңызда Ахмет Файз Ахметтен аумай қалыпсыз. Көзі тірісінде сол ұлы адаммен сізді жолықтырмағаным өкініштімін. Бізде де үндінің тұқымы бар деп айтып кететін еді", — деді. Мен де әзілдеп: "Әлі кеш қалған жоқсың. Құрдастарым "Шеварнадзеге ұқсап барасың" дейді. Сол тірі құрдасыммен жолықтыр, қолыңнан келсе. Грузин де ұлы халық қой, бір грузин Қазақстанда да бар деп айтып жүрсін", — дедім. Ол: "Расында да ұқсайды екенсіз-ау", — деп таңқалды.

Соңғы үш жылда дүниенің жеті елінің тіліне кітабы аударылған жазушымыз көп пе?!

А Т А Т Е К

— Саналы адамның өмір көшіне ілескендегі бірінші сауалы: "Кіммін? Кімбіз? Ататегіміз кім?", — деген сауал болса керек. Сан ғасыр атадан балаға қалып келе жатқан тарихымыз — ататек тарихы. Біз ататегімізді білеміз бе? Оны білмесе, мәңгүрттік дегеніміз сол емес пе?! Ал ататегімізді байыптамасақ, оны тану жолы қайсы?

Өткен жылы күз айында Алматының күншығысындағы Албан сайдағы (бүгінгі жұрттың атауынша — Кеңсай, Микоян көшесі) саяжайыма барғанымда, жетпістен асқан қартпен жөн сұрасып қалдым. Сәлемнен соң:

— Қай туғансыз, ақсақал? — дедім.

— Тәуке ханның тұқымымын.

— О, о, о! Текті жердің тұқымы екенсіз, — кейінгі тармағын білмек ниетпен тіл қаттым, — оның қай атасынан тарайсыз?

— Абылай тұқымымыз.

— Қай Абылай?..

Осы жерге келгенде қартпен келісе алмай, "иә, иә" деп бас шұлғи бердім. Қарт адамның көңіліне ақау салуға болмайды ғой. Олар "базардан қайтып" барады, көңілі жарым, өздерінше бәрін білеміз дейді. Әттең, осындайда анықтама орталығы болса ғой, сұрастыра салатын. Әрине, энциклопедиялық анықтама да бар, бірақ оған ру-аталарды толық жаза алмай қалдық емес пе!..

...Енді, қадірлі ағайын, "ататек" сөзінің төркініне көз жіберелік. Оны қай мағынада қолданып жүрміз? Сөздің тегі белгілі, өзі-ақ мұңдалап тұр; бірақ біз оған айдар тағып, ғылыми атау ретінде қолдансақ демекпіз. Көп

жылдан бері ататекті орыс ғылымындағы родословие (древо) атауының орнына қолданып, Қазақ энциклопедиясындағы тарихи мақалаларды жазып келдік. Шежіреде ата ұғымы: ата, аталас, екі ата, үш ата, төрт ата, бес ата, алты ата деп бөлінеді де, осыдан кейінгі тармаққа жетіата деген ұғым қалыптасып, одан ары шейге тармағына ата сөзі қосылмайды. Ру. рулар бірлестігі тайпа, жұрт, ел, халық деп атала береді. Жетіатаға толған соң қазақ қыз алысып, руға бөлінеді.

Ататек ұғымының шылбырын ғылыми жүйеге қарай тартсақ, этнографияға, оның генеалогия саласына алып барады. Ал біздің бұл салада кенжелеп қалғандығымыз кейінгі кезде ашық айтылып жатқаны белгілі.

Ататекті мектеп қабырғасынан оқыту былай тұрсын, ол ғылыми жүйеге де маңайлаған жоқ. Жаңа қоғамның насихатына бейімделген жұртшылық тегін сұрасқанды рушылдық нышаны деп, жас ұрпаққа жетіатасын айтып отыруды да ұмыт қалдырды. Бұдан қырық-елу жылдар бұрын үйге келген қонақ та: "Балам, атаңның аты кім, оның әкесі кім? Жетіатаңа дейін айтып шық" — деп қолқалап, "балаң ер жетіпті, жақсы жігіт болады". Немесе "Жетіатасын білмеген жетесіз", — деп отырар еді. Қазір жетіатасын білмейтін қазақ — екінің бірі. Осы тарапта азын-аулақ зерттеп жүргендіктен, ел аралағанда, сұрастырғанда байқайтыным: елудің үстіндегі адамдар болмаса, одан бергілер руын білмейді, жетіатасына дейін айтып бере алмайды. Руын сұрасаң рушыл екен деп те күнкілдейтіндер, құдайға шүкір, баршылық. Жуырда "Жазушы" баспасынан ескі көз досыма кездесіп, жігіттерге онымен жерлес екенімді, бірақ оның атасы Сыбаннан тарайтынын, шешесі Жармадағы Қаракерейдің қызы, менің бәйбішеме туыс екенін, ал өзінің әйелі менің руыма жиеншар болып келетінін, ұлы менің немере қарында-сымның қызын алып отырғанын айтқанымда, достым күмән келтіріп: "Руым — Сыбан емес, Тобықты, шешем — Керей", — деді. Мен оған деректі өз туысы білгір Әбен ақсақалдан алғанымды, шешесінің Қаракерей екенін немере бауырынан жазып алғанымды естігенде қызарақтап күле берді. Қарға тамырлы қазақ осылай туыс бола береді, құсқа ұқсап топталып ұшады.

Ал Отанымыз Қазақияны (Қазақстан) өзге ұлт өкілдері де мекендеп отыр; олар ауылымызға емес, қойнымызға кіріп кетіп отырған жағдайда ататегімізді, ең болмаса жетіатамызды білу — әрбір отағасының ұрпағы алдындағы қасиетті борышы. Бұл мәселе бір жағынан генаның — ата

тұқымының тазалығына, яғни қазақта бір рулас адамдардың қыз алыспайтын салтына да келіп тіреледі. Әрі бұл жағдай басқа халықтарды да алаңдатуда. Өткен жылы "Аргументы и факты" газетінде Қарағандының орыс тұрғыны Л. деген хат жазып: "Ұлым немере қарындасына ғашық болып, үйленетін ойы бар. Туысқан адамдар некелессе, денсаулығы кеміс бала туады дейді, не істейміз?", — деп хат жазыпты. ("А и Ф", №37, 1991). Бұған емдік генетика институтының директоры Е.Гинтер: "Қандас бауырларға төрт атаға дейін некелесуге болмайды, өйтсе тұқым қуалайтын ауруға шалдығады", — деп жауап қайырыпты. Байқап отырсыздар, қазақтың ертеден ұстап келе жатқан салтын ғылым да дәлелдеп отыр.

Мұндай жағдай Еуропа елдерін де ойландыра бастады. Эстондық Карл Контус деген қарапайым жұмысшы адам Вяндер деген шалғай мекенде тұрады екен. Ол Тарту қаласының архивіне келіп, сарылып отырып, өзінің ататегінің 300 жылдық құжатын дәптеріне түсіріп, содан кейін 700 туысын тауыпты. Олар шежірелерінде қыздан, ұлдан туғандарды қосып таратады. Сонда 700 адам шежіреге үніліп, тегі бір қандас жандар екенін біліп қайран қалысқан. Олардың ішінен небір ақылды жандар, ғалым, жазушы шыққан; бірақ әуелгі тегі шаруа екенін ескеріп, шежіреге үнілсе, бір аналары текті жерден болып шығыпты, аса талантты тұқым содан тараған екен.

Кеңестік заманда тұқым қуалаушылықты, генаның құдыретін адамға жуытпадық, жылқының ақалтекесін, Донның арғымағын, арабтың таза қанды ақбоздарын, Дегерестің сәйгүлік тұлпарларын, жібек жүнді мериносты, Алатаудың ақбас сиырларын дәріптейміз. Ал адамның тегін айтқанда ұлтшыл, рушыл, нәсілшіл саналдық.

Қамшы үйіріп, қой құсатып қайырып колхоздастырып, коллективтендіріп, топырлатып жұмысқа салып, соғысқа тоғытқанды білдік. "Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама", — деген халқымыз. Ал қырық жыл ашыққаннан қанша жыл ақыл сұрамау керек?

Сондықтан да ел болып етегімізді табар кез келді. Алдымен кім екенімізді, ататегімізді біліп алмаймыз ба? Бізде пәлен жыл ататегін зерттеп отырған жұмысшы түгіл, ғалым да аз, бірақ ататегіміз әр ауылда, әр ауылдың көнекөз қартының ойында жаттаулы, қаттаулы. Бұл — біздің халықтың өзіне тән ерекшелігі.

Осы жағдай болашақта қалай болар екен? Осылай өз тегімізді танудан тосырқаған күйі кете береміз бе? Соңғы кезде біздің баспасөзде, Шыңжаң баспасөзінде, әсіресе "Ана

тілі" мен "Шалқар" газеттерінің беттерінде жарияланған мақалаларға қарағанда, шет жүрген тумаларымыз ататек шежіресін жетік біледі екен, бірақ соңғы 3-4 ұрпақтан көз жазып қалғаны байқалады. Олар хат жолдап, Алтайдан, Алатаудан, Атыраудан ауып едік, сонда аталарымыздың ұл-қыздары қалып еді деп сұрастырып жатады. Оларға жауапты кім қайырады? Бізде ондай мекеме немесе ғылыми орталық, қоғам, архив бар ма? Әрине, жоқ!

Өз еліміздің жағдайы қалай? Журналистік сапармен Қазақстанның көптеген елді-мекендерін аралағанмын. Сондағы жиған-терген деректерге қарағанда Солтүстік аймақтан Оңтүстік аймаққа қоныс аударған жұрт молшылық, тіпті ашаршылық жылдары ауыл болып көшкендерін де ұшыраттық. Дегенмен, халықтың басым көпшілігі де ұшыраттық. Дегенмен, колхоздасқан, мойынсеріктесіп кешен ауыл-ауыл боп, колхоздасқан, мойынсеріктесіп кешен (село) тұрғызған. Сондықтан да, негізінен, ру-туыстық қонысын сақтап қалған. Қоғамның дамуына байланысты өндіріс орындарына, қалалы жерлерге ауысу елуінші жылдардан кейін етек алды. Бұл тараптан арнаулы зерттеулер молшылық. Біздің айтпағымыз — ататегі бір қауымның түгелдей ыдырай қоймағаны. Мұны түбегейлі зерттеу болашақ этнографтардың, демографтардың ісі. Осындай қоныс аударуға байланысты бірен-саран аталардың қыз алысып жатқаны да сезіліп қалады. Мұндайда олардың туыстары қатты ренжісіп, ажырасып немесе тұрған жерінен қоныс та аудартады.

Мұндай жағдайды болдырмау, тектің тазалығын, қандас туыстық тамырын сақтаудың жолдары қайсы, соған тоқталайық. Оны әңгімелемес бұрын дүние жүзі халықтарының тірлігіне көз салайық. Құранды халықтардан құралған Америкада бұл жағдай қалай реттелген? АҚШ-та дүниенің барлық құрлығынан келген адамдар ататегін білгісі келсе, жекеменшік архивке жүгінеді. Біздегі архив мемлекет қарауында болып келді. Оған кез келген адам есігін ашып кіре бермейді. Ал оларда архив ұлттық қазына саналады екен. Онда ататегінің шежіресін білгісі келген адамдарға жәрдем жасайтын журналдар шығарылады, семинар сабақтары өткізіледі. Архивтерде генеалогия пәні ретінде генетикамен, әрі демографиямен, саясатпен, заң тарихымен үйлестіре зерттеледі. Бұл — біздер үшін қиял. 19-ғасырда патша үкіметінің ұйымдастыруымен әкімдер жинаған шежіре Ресейдің түрлі қалаларының архивтерінде қатталып жатыр, оны зерттеген ғалым жоқтың қасы. Олардың бір жарнамасында: "Егер сіз король немесе президент немесе элемге әйгілі адам болмасаңыз, онда

өзіңіз ататегіңіздің шежіресін (родословное древо) жинаңыз", — деген кеңес беріліпті. Орыстың шет елге кеткен ақсүйектерінің жұрағаттары осы тектес архивтерден, алым-салық төлеуді тіркеген құжаттардан, дворяндық атақ берілгенде тіркелген кітаптардан ататек шежірелерін жинауда. Бұл генеалогия ғылымы үшін теңдесі жоқ мұра. Бізде де архив аздап баршылық, әсіресе кеңес заманындағы архивтерде ол тарапқа қол тиген де жоқ десе болады. Түрлі салық құжаттары, колхозшылардың тізімі, туған-өлген адамдардың тізімі, соғысқа қатысқандар, қаза тапқандардың тізімі, басқа да деректер молшылық; бірақ мұны зерттеу ұзақ жылдарға созылатын іс, әйтпесе олардың жойылып кетуі де мүмкін.

Түрік халықтарының, оның ішінде қазақ халқының шежіресі (қараңыз: "Қазақ шежіресі", "Ана тілі", №29, 18.07.91) біршама жинақталған, оның көпшілік үлгілері сақталған. Әсіресе Шыңғысхан ұрпақтары Жошының, Батыйдың, Шағатайдың, Шайбанның, Орысханның ататек шежірелері жап-жақсы қатталған. Қара халық ататегі де таратылады; бірақ бірізділік жоқ, жүйеге келтірілмеген, тарихи жазбалар бойынша нақтыланбаған, тарихи сипат алмаған. Ал бүгінгі қыз ұзату кәдемізде жетіатаны сақтап, ататек шежіресін тарата білуіміз қажет емес пе?!

Ұзын сөздің қысқасы, тобықтай түйіні демекші, қызы — Қырымға, ұлы — Үрімге қоныс аударып жатқан қазақемнің жетіатасын таратуына қолқабыс беру үшін "Ататек" атты фирма құрып отырмыз. Мұндағы мақсат — әр кешеннің, қыстақтың, ауылдың тобын жазбай отырған тұғындарының жетіатасын, яғни атасынан бастап (әрине, баласы мен немересінің аты-жөні міндетті түрде қосымша жазылады) жетінші атасына дейінгі шежірені жүйелеп, топтастыру болмақ.

Осыған байланысты бір мысал келтірейін. Қазақстанның белгілі мемлекет қайраткері, бүгінде халық депутаты һәм зейнеткер Мақтай Сағдиев — оншақты немеренің атасы, ал өзі — Рамазан ақсақалдың ұлы. Сонда жетіата былай таратылады: Мақтай — Рамазан — Сағды — Тілеужан — Сандыбай — Жылқара — Шопан. Осыдан аргы атамен қыз алысуға болады. Бұл атаның тегін жазғанда Шопан аргынның Атығай тармағынан тарайтынын да көрсете кету өте қажет, өйткені әр ататектің жетіатаның түп атасынан хабардар болсаңыз, ол қазақ шежіресіне тартар жол емес пе!

Қазақ еліне қожа, төре, төлеңгіт, қырғыз, қалмақ

аталары да сіңісіп кеткен. Олардың қызынан тараған жұрт қаншама! Мәселен, атақты тарихшымыз, академик Әлекеңнің (Әлкей Марғұлан) нағашы жұрты — монғол нәсілінен. Оның түпатасы Олжабай батыр Сіргелінің Қарабатыр деген атақты адамының қызынан туады. Ал Олжекеннің бір бәйбішесі жоңғар ханы Халдан Сереннің қызы. Одан: Марғұлан — Хакан — Әлкей.

Қазақ ішіне 18-19-ғасырларда ерікті де еріксіз сіңген қырғыздар баршылық. Олар, негізінен, Ақмола, Көкшетау, Торғай аймағын мекендейді. Мәселен, 1963 жылы дүние салған Жұматай Смайылұлы марқұм бүгінде ата. Сонда оның жетіатасы былай таратылады: Жұматай — Смайыл — Етекбай — Нәрім — Бекбауыл — Сарқалдақ — Жырғал — Байқырғыз. Жырғал тұқымдары, Жырғалдың атасы Ақылбай, інісі Құнан тұқымымен қыз алысып кеткен. Байқырғыз есім бе, әлде лақап есім бе? Жырғал мен Байқырғыз арасында басқа да ата бар ма? Олардың қырғыздың қай тармағынан немесе руынан тарайтынын білген адам жазып жіберсе, бұл ғылымға қосылған үлес болады. Тарих ғылымының докторы, профессор, марқұм Ғазиз Әбішұлы (1916 ж. туған) қайтыс болар алдында Қазақ энциклопедиясының редакциялық бір мәжілісінде: "Мен сол Байқырғыздан тараймын, Торғай облысының Аманкелді ауданында туғанмын", — деген-ді. Ғазекеннің бәйбішесі — орыстың белгілі ақыны Твардовскийдің қарындасы; енді одан туған жиендері өз аталарын тарата біле ме екен? Елдегі ескі көз тумалары оның ататегін таратып жазып жіберсе, шежіре толығы түспек.

Тағы бір ескеретін жағдай: қазақ аталатын түрік тамырлы халықтың ішінде өзге түрік халықтарынан немесе олардың түп атасынан, өзге де Азия халықтарынан келіп сіңген аталар баршылық; мұны да атай кеткен орынды. Мәселен, орыс оқымыстылары сіңбе аксүйек тұқымдары: Борис Годунов, Иван Грозный, ұлы жазушылар — Пушкин, Лермонтов, Тургенев, Салтыков-Щедрин, атақты тарихшылар — Карамзин, Татищев, ұлы ғалым Менделеевтен бас тартып, олардың тегін жасырып отырған жоқ; қайта ұлағатты кітаптарында жазып, ол тұқымдардың орыс тарихына қосқан үлесін мақтан етеді. Тегінде асқан ақыл-ой иелері осындай аралас қандылардан көп шыққанын тарих жасыра алмайды, әрі оны айтудың азаматқа қандай зияны бар? Сондықтан сіздер ататекті таратқанда өзге тайпалардан, халықтардан ауысқан аталарды, соңғы кезде шешелері орыс, неміс, кәріс, ұйғыр, балқар, қарашай, т.б. халықтармен аралас қанды адам-

дарды, олардың немерелерін жазуды ұмытпаңыздар. Ол халықтың ұрпағы жиендеріне іздеу салмай ма!

Ататекті білу — бөліну, жіктелу емес, керісінше халықтарды жақындастырады, құданды, қандас, тумалас, ынтымақтас ел болуға жол ашады. Сондықтан біреу жазар деп енжарлыққа бой ұрмай, әр ауылдың ақсакалы бас болып жеті атасына дейін жазып жіберсе, біз оны компьютердің таспасына түсіріп, арнайы картотекаға тіркеп қоямыз. Содан сіздің кейінгі ұрпағыңыз, бөтен жерге қоныс аударған, шет елге орын тепкен тумаларыңыздың ұрпағы "Ататек" фирмасына хат жолдап, жетіатасын, олардың тұқымы қай жерді мекендейтінін білудің мүмкіндік тумай ма? Әрбір дерек 30-50 жылға дейін ескірмейді; өйткені сіздер немере-шөберелеріңіздің есімін де жазып жібересіздер ғой. Сонымен, жарты ғасырға аталарымыз белгілі болып шығады. Ал "Ататекті" жалғастырушы ұрпақ тағы да бір оңай тәсілін таба жатар, қолайлы деп тапса жұрттан тағы да хат-дерек жинап толықтырмай ма?!

Ататек шежіресін жасайтын фирма-баспа мемлекеттік ұйым емес — жекеменшілік ұйым; өз қаражатымен, табысымен күнелтеді. Оған табыстың өзі қайдан келеді? Бұл ретте "Ататек" шежіре жинап, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізумен қатар, баспагерлікпен айналысып, "Бабырама", "Тарихи таным", "Тарих-и-Рашиди", "Қазақия" тәрізді төл шығармалар мен аудармаларды басып шығарып, одан түскен қаражатпен, жұртшылықтың көрсеткен жәрдемімен компьютерлер сатып алып, оны орналастыратын үй жалдап, бірді-екілі қызметкер ұстауға банктен несие қаржы алады. "Мынау игі бастама екен, ұлттың қамы, болшақты ойлаған іс екен" деп демеушілікке ниеті ауған ағайындар мемлекет, кооператив, шағын кәсіпорын атынан, түрлі ассоциацияның тарапынан жәрдем көрсетіп жатса, мың да бір ризашылық білдіреміз.

"Ататекке" жетіаталарын жазып жіберетін жамағат кәсіпорынға бірден ақша аудармайды, ақы-пұлсыз жазады. Ашығын айтқан дұрыс: "сыбырлағанды құдай естімей ме" дегендей, пайдасын ойламаған іс-іс емес. "Ататек" қорының жұмысы жолға қойылса, жетіата шежіресі толық жиналса, жетіатасын білгісі келетін, немесе тумаларын іздеген жамағат "Ататекке" хат жолдап, әрі ақысын поштамен жөнелтіп, дерегін алады. Ең әуелі, "асатпай жатып құлдық деме" дегендей, сан ғасыр жүйеге түспеген істі атқару оны орындайтын адамдардың іскерлігіне, әрі сіздердің белсенділіктеріңізге байланысты болмақ. Келіп түсер де-

ректің көлемі, шамамен, әрбір он адамның бірі ата десек, он миллион қазақта бір миллионға жуық ата бар болып шығады екен. Олардың бәрі бірдей тірі болмаса да, орнын басар ұрпағы, немесе оның тумалары да жазып жіберер деп үміттеніп отырмыз. Сондықтан жүз мыңдаған деректі компьютерге жүйелеп жазу үшін оның жеті атадан ілгерідегі тайпа, немесе елдермен жалғасатын тармағын да жіктеу керек. Мәселен, дербестенген ру-тайпалар компьютерге жазылады да, кейін жетіата соларға тіркеліп тарамдалады.

Сонымен, қадірлі қауым, "Ататек" сіздерден хат күтеді:

Ескерту: мекен-жайымыз кітаптың соңғы бетіндегі жарнамада көрсетілді.



ҰЛТТЫҢ БАС КІТАБЫ ҚАЛАЙ ТҰСАУ КЕСТІ?

(1994 жылы қаңтардың 30-жұлдызында

"Ана тілі" газетінде басылған сұхбат)

Қазақ энциклопедиясының құрылғанына 25 жыл! Біз бүгін оның іргетасын қаласқандардың бірі, 21 жыл Ғылыми-бақылау, Қазақ КСР тарихы, этнография, археология редакцияларының меңгерушісі міндетін атқарған, әрі сол жылдары ҚЭ жанынан құрылған терминкомнның хатшысы, қазір зейнеткер Байұзақ ҚОЖАБЕКҰЛЫМЕН тілшіміздің сұхбатын ұсынамыз.

— Бәке, Қазақ энциклопедиясының қалай дүниеге келгені жөнінде сөз етсеңіз?

— Сол жылдары Қазақстан Ғылым академиясының вице-президенті, академик Ақай Нүсіпбеков мақала оқыған сайын: "Ғылым — мақтау емес, мақтау енген соң, одан шындық кетеді. Жалған көбейеді. Энциклопедия — құрмет тақтасы емес, ғылыми анықтамалық", — дейтін. Алғаш жазылған "Абылай хан" мақаласына: "Нақты дерегін мақала үлгісіне сай беріңіздер. Дүние жүзінің атақты патшалары қалай берілсе, сол үлгіде болсын. Суретін шығаруға қарсы емеспін," — деген. Өзінің өмірбаяндық мақаласын да солай қысқартқан. Сөзді Ақаннан бастап отырғаным, реті келіп қалды, әрі он екі том шығып болғанша Ғылым академиясының атынан тікелей басшымыз болды.

Энциклопедия (грекше епкүлопаидея — білім бұлағы) — ғылымдар жиынтығы. Қазақ халқын танытқан, оны өркениетті елдердің қатарына қосқан хамсаның (Энциклопедия) дүниеге келуі бір ғана қазақстандық ғалымдардың, авторлардың еңбегі десек жаңылысамыз. Бұл — Үлкен Кеңес энциклопедиясының жәрдемімен, ықпалымен шыққан күрделі ғылыми басылым.

— Он екі томдықтың соңғы томдары рецензияға беріле бастаған кезде Бас редакция Ғылым академиясының қоластынан Баспасөз жөніндегі Мемлекеттік комитеттің қарауына ауыстырылды. Енді біздің егеміз — Партияның Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімі болды да, біз оған тікелей тәуелді жолға түстік, әрине, бұрын да ұзын тұсаумен жүргенбіз. 12 том рецензияға ұсынылды, қандай адам болмасын өз ойын айтады ғой. Сол дүрбелеңмен табақтай рецензия алдық. Олар Қазақ энциклопедиясы хандар мен билерді, ру-тайпаларды дәріптеген басылым деген қорытындыға келіпті. Сонда өзім жауап жазған тарих саласы бойынша мынадай кінә да тағылғанын еске сала кеткім келеді: "Біздің заманымыздан бұрынғы тарихи жазбаларға, қытай деректеріне сүйенеді. Орыс дерегі қайда? Біз білетін Бөкей Кіші жүзде еді. Орта жүзде қайдан жүр?"

Тарих саласына жазылған сынға жауап жазып, бас редакторым Мұхамеджан Қаратаевқа көрсеттім:

— Сыншы жолдас, біздің заманымыздан бұрын тарихи әдебиеттерде орыс деректері болды ма? Мұныыз жаңалық екен. Орыстың ғұлама ғалымы Л. Гумилев: "...у истоков всех эпох есть стремление начать описание с даты, определяющей возникновение народа. Так, русские летописцы выбрали 862 г. и приурочили к нему "начало" русской истории..." деп жазбады ма? Сыншы жаңа жылнама тапса қосайық.

— Сіз білмейтін Бөкей (1819 ж. ө.) — Орта жүздің беделді сұлтаны, Ораз Мұхаммед-Ондан сұлтанның ұрпағы. Уәли хан Россияға бағынбаған кезде Александр І Уәлиді кемсіту мақсатымен Бөкейді Орта жүзге хан етіп сайлаттырды.

Мұқаң қабағын түйіп тұнжырап отырды да, маған күлімсірей қарап:

— Балам, сыншы партияның тапсырмасын орындады. Бұл — партия сөзі деп біл. Оны мысқылдауға құқымыз жоқ! — деді.

Сол сыннан кейін ісіміз оңға баспады, сенімсіздік туды. Қытайдан келген бір ұйғыр азаматы: "Өкіметтің құрығы ұзын болады", — деп дадам айтушы еді. Сәл секем алса шалманы мойныға салып жібереді. Соны сүйретіп жүре бересің, жүре бересің... Шалыс басқан күні арқанды тартып қалады, қалай топ ете түскенінді сезбейсің," — деп еді.

Мен де солай шалманы сүйретіп жүргенімді сездім, бірақ қылмыскер емеспін! Бастықтарым оқта-текте "ұлтшылсыз", "ұлтжаңдысыз" деп қалады. Бүгін де бұл

жақсы сөз болып тұр ғой, ол заманда ұлтшылдықтың айдарын тағу ит жеккенге айдаумен бірдей болатын. Сондай шақта әжептеуір ойланып, тіпті қайғырып та қалатынмын. "Қандай ұлтшылдығым бар?" — деп істеп жүрген қарекетімді қарастырамын. Елдің тарихи дерегін іздегеннен өзге иненің жасуындай қаскөйлігім жоқ. Жанымға сол мият болды.

1979 жылы "Қазақ ССР-і, анықтамалық томымыз" бітісімен, орысша басылымы дайындалып жатқанда бас редакторымыз Мұхамеджан Қаратаев орнынан алынып, партия тарихын зерттеуші, партияның кемелденген кезеңнің маманы, оның сара жолын зерттеуші ғалым бас редакторлыққа тағайындалды. Ол ғалым энциклопедиядан ұлтшылдық іздеп, орыс тілінде шығып жатқан энциклопедиялық басылымдағы (Казахской ССР, энциклопедический справочник. А., 1980) "басы артық ойларды" қиғызып, әсіресе қытай атауларына қатты шүйілді, сол шақта Қытай Халық Республикасымен Одақтың қырықбақтанған кезі. Содан кейін қаламын қойқандатып, сөзсізбесі дайындалған бес томдық ұлттық энциклопедиядағы бір мыңға жуық тарихи атаулар: хандар, билер, ежелгі ру-тайпалар, олар туралы дерек қалдырған қытай, араб, парсы тарихшыларының өмірбаяндық мақалалары сызылып, көлемді үш мақалаға: "Араб тіліндегі Қазақстан тарихы туралы деректемелер" (Қазақ ССР, қысқаша энциклопедия, 3 т. 1988, 79-82б.), "Қытай тіліндегі Қазақстан тарихы туралы деректемелер" (сонда, 337 б.), "Парсы тіліндегі Қазақстан тарихы туралы деректемелер" (сонда, 427-429 б.) топталды. Ондағы тарихшы-жылнамашыларды, олардың шығармаларын жинақтап басу-энциклопедиялық, анықтамалық әдебиеттің тәсілі емес, ұғым, атау жеке-жеке беріледі, сонда ғана оқырманның кәдесіне жарайды.

"Халқының кемеңгер ел басшыларын — хандар мен билерді, қолбасшыларды, батырларды, ұлтынды құраған ежелгі ру-тайпаларды, халықтарды жазба", — деп Мәскеу тиым салды ма? Жо-жок! Керісінше, СИЭ (Советская историческая энциклопедия) сол ру-тайпаларды, ежелгі халықтарды, олардың тарихын жазған жылнамашылардың өмірбаянын, шығармаларын жеке-жеке жариялап, қайда сақтаулы жатқанын нұсқап отырды. Қазақ энциклопедистері, авторлары мындаған жылдардағы тарихи деректерін өздері аз жылда жинай қойды дейсіз бе? Сол басылымдар пайдаланылды, үлгі де солардан алынды.

Ұлттық тарихымызға қиянат жасаған сондағы жаңа келген бас редакторды он жыл өткен соң кінәлаудан

аулақпын. Өйткені ол партияның солдаты ғой, өзі де солай айтатын, бәріміз де солай болатынбыз. Нұсқауды партияның насихатшы белсенділері сілтемеді ме?! Олар өз бетімен ойлаудан ада қалған адамдар болатын. Мансап не дегізбейді, не жегізбейді! "Шаш ал десе, бас алатын" сөз соларға да қатысты. Кейін сондағы бас редактор — қып-қызыл коммунист, бүгінде ұлттың намысын қорғап жүрген қып-қызыл ұлтшыл, ұлт жанды азамат болып шықты.

— Бәке, сіз айтып отырған мұндай деректер архивте сақталған болар?

— Сол кездегі Қазақстан Компартиясының нұсқаулары, түрлі хаттар, нұсқаулар, әрине, архивте сақтаулы болар. Ал, ҚЭ-ның архиві — авторлардың қолжазбалары, редакторлардың аудармасы, қолжазбасы арнаулы архивариус алынып, қалың 500 томға топталып түптелген еді. Сол кездегі басшыларымыз архив қабылдамады деген сылтаумен ескі-құсқы қағаз (макулатура) ретінде тапсыру үшін мектеп оқушыларының қолтығына қыстырып жібергенді мақұл көрді. Мен қолмен жазылған дүниені көзім қимай, бірер деректерді жыртып алғансыдым. Ол неге жарасын? Біздің мемлекеттік архивімізде не жоқ десейші. Әуелі бір жазушысымақ тентек баласының хатын да тіктіріп қойыпты.

— Бәке, сіздің өз архивіңіз бар ма?

— Мол болмағаным баршылық: хаттар, жеке адамдардың қолжазбалары, шежіре, Рахманкүл Бердібаев екеуміз жазған "Жадынама" (мақала жазудың үлгісі) т. б. сақтаулы. ҚЭ тарихы демекші, онда зейнеткерлікке шыққанға дейінгі жауапты хатшы болған білгір азамат, журналист, аудармашы Қабдолла Сәтбекұлы Әбілханов кітап жазып қалдырды (К. Ә б і л х а н о в., "Тұңғыш қазақ энциклопедиясы", А., 1978, 151-бет.)

— Қазақтың 12 томдық энциклопедиясын Қытай Халық Республикасында басып жатыр екен. Олар өзгеріссіз сол күйі басар?

— Әрине! Ал, біз мүлде жаңғыртып басуымыз керек-ақ. Ғылымда, дүние тарихында жиырма бес жылда қаншама жаңалық бар? КСРО кезінде Мәскеуде БСЭ үнемі жылнама шығарып отыратын. Енді тәуелсіз ел сондай жылнаманы, хамса кітабын дүние жүзі бойынша өзі шығаруы керек. Мұның мына қиын заманда орындалуы күрделі шаруа ғой деймін. Қазір жүзеге аса қоюы неғайбыл-ау. Ал жиырма бірінші ғасырда жүзеге асар деп үміттенемін.



ЕСІМНЕН ЕЛ ТАНИДЫ

Қазақ аталып, дербес мемлекет құрып, әлемге таныла бастаған жұрт бұрын да қандай ұлы тұлғалармен, елдік атаумен адамзат қауымына белгілі болды? Тарих бетін ашқан саналы адам ең алдымен Сақ, Ділдин, Үйсін, Қаңлы, Хұнн, Албан, Түрік, Оғыз, Қыпшақ-Құман, Ноғай, Моғол, содан кейін барып қазақ атауын ауызға алады. Ұлы тұлғалар: Атыл (Atilla), Естеми, Шыңғысхан, Батый, Жошы, Темір, Байбарыс (Бейбарыс емес), Шайбани, Тоқтамыс, Бабыр, Хайдар Дулати. Бұлар жиһангерлер, қолбасшылар. Ғылым дүниесінде: Әбунасыр Фараби, Әбуали ибн Сина, Райхан Бируни, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қаныш Сәтбаев, Бауыржан Момышұлы, Олжас Сүлейменов, Әбдіжәміл Нұрпейісов; мемлекет қайраткерлерінен: Дінмұхамед Қонаев, Нұрсұлтан Назарбаев ең алдымен аталады. Қалайсыз ба, қаламайсыз ба, бұлардың қатарына өзге адамдарды қосқыңыз келе ме, өз еркіңіз, бірақ адамзаттың бірегей таныған тұлғалары осылар. Бұлардың өмір жолдары хатталып, барлық озық елдердің энциклопедиялық басылымына жазылып, құжатталған, өшпес есімге айналған.

Мұны тәптіштеп отырғаным, маусым айының (1994 ж.) ішінде төлқұжатымыз хатталмақ көрінеді. Соған орай академик Әбдуәли Қайдари мен профессор Телқожа Жанұзақовтың тұжырымдама жобасы ұсынылды ("Ана тілі", 10.02.94), орыстың "ов", "ова", "вич", "ібінасынан" қалай құтылудың жолы айтылды. Соған орай, есім жөніндегі ойымды айтып, сіздердің төреліктеріңізге жүгінсем деймін. Жұмыр жерде дүниеге келіп, дүниеден

аттанып, "эфир жандары" космосқа ұшып, тозақ пен жұмаққа кетіп жатқан ұлты, нәсілі, тегі бір-біріне ұқсамайтын адамдар ішінен қазақты аты-жөні арқылы тани аласыз ба? "Швили", "заде", — грузиндер, "яндар" — армяндар, "оғылдар — түрікпендер", "овтар" — орыстар. Ал өзге халықшы? А, айтпақшы, еврейлер мен немістердің көпшілігі "ман"-ды жалғап, Фридман, Гофман, Гудман, Шварцман аталады. Ежелгі түріктің Найман атауындағы "ман"-ды қосып алған ба, әлде кездейсоқ ұқсастық па? Ман — адам, най — деп сұрадым. Біздің Найман атауы қалыптасқан. "Ман" демекші, өткен жылдың (1993) күзінде Үндістанның Қазақстандағы елшісі үнділер жайында қалам тартып жүрген Тахауи Ахтанов, Әнуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменов, Өтеген Күмісбаев, Аманжол Шамкеновтермен бірге мені де шақырыпты. Әңгіме жүйесінде мен елшіден: "Ғафу етіңіз, сіздің фамилияңыз Шарма ма, әлде Шорман ба?" — деп сұрадым. Біздің ағайындар оқыс қарап қалды. Елші күлімсіреп, "Шарма деп те, Шорман деп те айтылады. Әкем марқұм айтушы еді, таудың басына шығып тас лақтырсаң Шармаға тиеді деп..."

Мен елшіден кешірім сұрай отырып, біздің халықта да Шорман есімі бар, "а" мен "о"-сы болмаса айырмасы жоқ оншама, "мань" бір екен. Көне түрік сөзі "ман" — адам деген ұғымды білдіреді, — дедім. Елші қайран қалды.

Осыған орай марқұм Қоңыр Мандокидың (MANDOKY KONCIR ISTVAN) әңгімесі де өзі сұранып тіл ұшына оралып отыр. Жетпісінші жылдардың басында венгер профессоры Қоңыр Мандоки Қазақ энциклопедиясына келді. Европалық азаматтың қазақ тілін судай білетініне таңқалып сұрақты жаудырып жатырмыз. Қоңыр түріктің сөз ырғағымен әңгіме бастап кетті: "Біздің ел Мажарстан аталды. Қаламыз — Қарсақ. Қарсақ-қасқыр бола алмай қалған қырдың түлкісі. Қарсақты Қыпшақ, Үйсін, Жалайырлар мекендейді. Шешем — Жалайыр қызы. Әкем — Тоқсаба Қыпшақ. Бұрын да Наурызбай деген бабамыздың есімімен жазылушы еді. Атам марқұм балаларын жинап, Европада фамилия деген алынып жатыр. Біздің бабаларымыз мына таудың атын Мондақ қойыпты. Қыпшақ тауы ғой, содан айырылмайық, — депті.

Содан бері Мажарстандағы Тоқсаба Қыпшақтың Наурызбай тұқымы Мандоки фамилиясын алыпты. Осы сөздің төркініне жүгінейікші. Мандок! Қазақта мондақ деген ойын бар. Жастар қотандана отырып, сирақтарының арасынан ширатылған орамал жүгіртіп, "анда кетті монданақ, мұнда

кетті монданақ" деп, жүгіртілген орамалды іздейді. Орамалмен ұсталған адамды іздеуші қотанды айналдыра қуып, жетсе ұрады, орнына қайта отырған соң монданақты іздеу оның кезегіне көшеді, осылайша жалғана береді. Әлде бұл сөздің төркіні мондақ емес, ман-адам сөзіне байланысты туындап, мондақ болды ма? Қалай дегенмен де сөздің төркіні түрікте жатқанын байқап отырсыздар.

Тұжырымдама жобасында да, "... қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилиялары жайлы..." деп жазылыпты. Соған қарағанда "фамилияға" ғалымдарымыз балама таба алмады ма, әлде азаматтық атау ретінде алмақ па? Осыдан келіп, "фамилия" қандай ұғымды білдіреді, адам баласы бұл атауды қашаннан бері пайдаланып келеді? Қазақтың түп аталарында фамилия болған ба?, — деген сауалдар өзінен-өзі туындап отыр емес пе.

Фамилия, фамилия... Адамзат мұрасынан орын алған сексен томдық Ф. А. Брокгауз бен И. А. Ефронның "Энциклопедиялық лұғатын" ("Энциклопедический словарь") ашып көрейік. Ондай мақала жоқ! Фамилия атау ретінде алынып, есімге сілтеме жасалған. Қайран қаласыз. Сонда 19-ғасырда орыста фамилия болмаған ба? Мүмкін емес. Күмәнденсеңіз М. Фасмердің "Энциклопедический словарь русского языка" атты төрт томдық лұғатына жүгінейік.

"Фамилия, стар. также "семья", уже у Ф. Прокоповича, Шафирова, 1703 г; см. Смирнов 303. через польск. familia "род", "семейства" или нем. Familie "семья" из лат. familia "домочадцы"; см. Христиани 47/0 знач. "жена" и возможных тур. влияниях. см. Кипорский, Omaciv Iui F. Iondan, 1958, стр. 475-476)".

Жұмбақтың шешімі осындай. Сөздің төркіні: "отбасы", "ру" деген мағынаны білдіреді. Онда жобадағы: "Қазақтың ірі тайпаларының, руларының және олардың тармақ-тараларының атауларын фамилия етіп алуға болмайды", — деген сөйлемге ой жүгіртіп көрейікші, ойлы оқырман. Мәселен, Малқар, Сәрсенбай, Бейсен, Жұма т. б. жүздеген ныспылар ру аты ма, ата аты ма, оны кім зерттеп, кім анықтайды?

"Ата-бабаларының есімін фамилия етіп алуға болмайды" деген жоба иелері мынандай дәлел келтіреді: "Жұртшылық арасында ру-тайпаға жіктеушілік әлі де ішінара орын алып отырған бүгінгі жағдайда фамилия сайлаудың бұл тәсілін ресми түрде қолдау, оған заңды түрде рұқсат берумен бара-бар..." Ағайындар, "қазақта руға бөлінушілік етек алып кетті," — деп байбалам салу

— шолақ белсенділік. Руға бөліну білінсе ол атқамінерлер мен бақталастар әрекетінің көрінісі. Қазақ ру емес, тілінен де айрылу қатеріне жеткен жоқ па? Қала тұрғындары, біздің бала-шағамыз ана тілінде сөйлей ме?

Осы мәселемен арнайы шұғылданып "Ататек" фирмасын құрған едім. Баспасөзде, радио мен теледидарда бағдарламамды жариялағанмын (қараңыз, Ататек, "Ана тілі", 14.05.92; Қазақ шежіресі, сонда, 18.08. 91; Ататегінді білесің бе? "Оңтүстік Қазақстан", 1992; Жетіата білмеу — жетесіздік, "Ауыл", 25.03.93; Ататек, "Бабырнама" "Ататек" баспасы шығарған, 1993 т. б.). Жұрттан жетіата шежіресін жинап, компьютерге түсіріп отырмын. Мұндағы мақсат — жетіатаға толмай қыз алысып кетуден сақтандыру. Бұл іс өте баяу жүзеге асырылуда. Себебі, көп адам жетіатасын білмейді, немесе мән бермейді. Ал мына нарық заманында жетіатасын емес, туған бауырын да білмей кете ме деп қорқамын. "Қызың — Қырымға, ұлың — Үрімге кеткеннің" көкесін сонда білерміз. Әлде жетіатаны білгеніміз теріс пе? Жо, ағайын, мұны жоққа шығарып отырған қазақты естіген де жоқпын. Бұл істі ғылым да құптап отыр. "Төрт атаға дейін қыз алысқан ел азады", — деп Генетика институты ғылыми кітаптарға жариялап отыр. Америкада ататекті зерттеу жүйелі қолға алынған, арнаулы журналдар шығарылып, анықтамалық бюролар ашылған. Ал орыстың жетіатасы емес, жетпіс атасының тізімі шіркеуде сақталып, есімі шіркеуде берілуде, бірақ төрт атаны сақтаған орыс жоқ, сондықтан болар, бұзықтар, сумилар, маскүнемдер Ресейді жайлап кетпеді ме!

Сонымен фамилия — отбасы, ру мағынасын беретінін анықтадық. Олай болса, Европа, оның қатарында біз табынып "овын" алып отырған орыс жалпы Европа халқы фамилия алуға қашан көшті?

Алғашқы толық заңды фамилия Францияда аксүйектерге 1555 жылы берілді. Олар аксүйектігін білдіру мақсатымен, біздің "бек" (Қазбек бек) дегеніміздей "де"-ні жалғайды, ал 17-ғасырда аксүйектік жойылуына байланысты азаматтық фамилия заңға (27. 09. 1791) айналған. Сонымен христиан мәдениетіндегі мемлекеттің азаматтары шіркеу берген есімді өзгертпеген, өзгере қалған күнде баспасөзде жариялап, әкімшіліктен рұқсат алған. Ал Ресейде 1893 жылғы заңмен еврейлерге есімін өзгертуге тиым салынған. Ресейде фамилия тек дворян тұқымдарына, көпестерге ғана берілген, шаруа-мұжықтарда фамилия болмаған. Орыс құжаттарында

"овқа" көшкен қазақтардың алғашқыларының бірі Шоқан аталуының да себебі сол.

Ақтап келгенде қазақ қалай жығылады? Европаға ма, әлде одан екі мың жыл бұрын қытай, араб, парсы, арысы Бабыл сына жазуына немесе Орхон-Енисей, Талас таңбалы жазуына түскен есімдерімізге жүгінеміз бе? Есімнен ел танысын десек: Естеми, Бұмын, Елсау, Дулат, Найман, Керей, Абак, Тарак, Албан, Байыс, Жиренше, Баян, Қобыланды, Қара, Ақ, Қас, Тама, Таз, Беріш, Адай, Шеркеш, Балғалы, Садыр, Матай, Андас, Арыс, Майкы, Бақтияр, Асыл, Шыбыл, Айқым, Қарасай, Еміл, Сикым, Ботбай, Шымыр, Төртқара, Жалантөс, Қаңлы, Алшын, Жаппас, Шекті, Абылай, Кенесары, Асан, Сары, Жалайыр, Шоға, Аламан, Алжан, Дай, Сак т. б. есімдерді; жер-су, елді-мекен атауларынан: Талһир, Құлан, Алмалы, Атырау, Мойын, Шор, Барысхан, Баласағұн, Баршын, Шиелі, Арыс, Қас, Қараша, Талас, Асы, Алашан, Атлах, Байқал, Балхаш, Қарашар т. б. атауларды фамилия (ныспы) орнына пайдалануға болар еді, әрине бұл жұртшылықтың ырықандағы, ұжданындағы іс.

Қалай десек те жоғарыда аталған ата-баба, жер-су атаулары күні бүгінге дейін аталып келеді. Мысалы, Кереев, Дулатов, Қыпшақов, Албанов, Арғынбаев, Найманбаев, Шорманов, Ақбасов, Қараманов, Баянбаев, Жиреншин, Адаев, Шеркешов, Асыллов, Шыбылов, Айқым-баев, Андасов, Арысов, Майкыбаев, Бақтияров, Қарасаев, Сикымбаев, Үйсінбаев, Алшынбаев, Шектібаев, Қаңлыбаев-ев. Есімдердегі "бек" пен "байды" жалғағаны "аруақты адамдардың есімін тура атауға болмайды, қасиеті ұрып кетеді" деген салтты ұстанғандық.

Сонымен жоба ұсынушы ғалымдар рушыл болып кетеміз деді екен деп жүздеген фамилияны өзгертіп, Дүйсенбі, Сейсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбінің тізгінінен ұстап қаламыз ба?

Жобада: "абстракты атаулардың, сондай-ақ адам ой-қиялында пір тұтатын, айрықша бейне түрінде елестететін жануарлардың, құстардың, тұрмыстық бұйым заттардың аттарын фамилия етіп алуға болады" деп ұсыныс жасалды. Сонда менің ататегім жануардың, құстың, бұйым заттың атынан күнсіз болғаны ма? Әрине Қасқырбай, Қаршыға, Бөкен, Бұғыбай, Текебай сияқты да аталарымыз бар. Мен де жөнді-жөңсіз атаның атын байлана берейік деген ойдан аулақпын. Оның ішінде әлейім ел таныған, есімі әулетке айналған немесе өзінің даналығымен аңызға айналған қасиетті ата-бабалар жеткілікті емес пе? Бұл

ретте бабамыз ғой деп, Итсары, Бұзаубас, Сақау, Шокай, Таз, Торпақ есімді фамилияға жұрттың өзі де ала қоймас деймін.

Жобада: "Кейбір азаматтардың Албани, Аргынтегі, Тарақты, Адайы, Тіней т. б. ру-тайпа атауларын фамилия дәрежесіне көтеруге талпынуын көпшілік құптап жүрген жоқ". Қай көпшілік? Мұндай есімді тахалус — бүркеншік есім ретінде қолданып жүрген азаматтар жай қазақтар емес, тарихты, арғы-бергі атаудан хабары бар адамдар. Албан, Аргын, Тарақты, Адай ежелгі халықтардың, жер-судың, қалалардың, атақты қолбасшылардың есімдері. Кавказдағы шынды жергілікті халық Адай-хох атайды, Жалайыр — бүгінгі Азербайжан жерінде құрылған мемлекет атауы, Жетісуда, Үндістанда құрылған моғол мемлекеттерінің түп атауы, Адай сақтың дай тайпасынан өрбиді. Бұл есімдер тарихымыздың куәсі емес пе! (Албан атауы жайында осы жинақтағы "Албандар һәм Албания" деген мақалаға көңіл бөліңіздер).

Оқырман қауым, Албани аталуымының сырын сіздермен бөлісейін. 1957 жылы мен Қазақ радиосының Әдебиет және драматургия редакциясының бас редакторы қызметін атқарып жүргенімде Сібірден Алдан-Семенов деген жазушы келді. Одан: Алдан — сіздің фамилияңыз ба? — деп сұрағанымда, "Алданда түрмеде отырғанмын" деді. Жан-жарақатының белгісі сияқты екен. Маған бір ой келді: "Семенов Алдан болғанда мен де дүниеге әйгілі, Кавказды мекендеген, бүгінде атауы өшкен, албандардың есімін неге тахалус етіп алмаймын?" Келесі жылы СССР Журналистер одағының Қазақстан бөлімшесі құрылды. Алғашқылардың бірі болып мүшелікке қабылдандым да, тахалусімді Албани атадым. Содан бері 36 жыл Албанымын. Бұл есімнен көрген жәбірімді айтпаңыз. Кейінгі жылдары ғана Қазақ энциклопедиясының бір бас редакторының үстіне сол кездегі Министрлер Кеңесінің төрағасы Н. Назарбаевқа шағым жазылыпты. Белгісіз адамның арызын талқылау барысында бір ағамыз беті былш етпей, "мұны жазған Назарбаевтың жерлесі, әйтпесе неге оның атына жазады", — деп соқты. Бастығымыз: "Қожабеков рушыл, ұлтшыл адам. Мәселен, Байұзақ Рахимович Албани деп руын фамилия жасап алған", — демесі бар ма! "Байтұрсыновтың есімін энциклопедияда атадыңыз, Тынышбаевты мақтайсыз, ұлтшылсыз" деген сөзді сізден жиі естимін. Ұлттық энциклопедия шығарып отырған жоқсыз ба? Ал, Албан, жолдас бастық, менің псевдонимім — тахалус, бүркеншік есімім" — деп журналистік

құжатымды көрсеттім. Тез қайтатын адам еді, табан астында кешірім сұрады.

Енді бірде, құжатымды көрсетіп бір бастықтың қабылдауында болғанымда, "рудың атын айтып қайтесіз, онсыз да білеміз ғой", — дегені. — "Албани руым емес, бауырым, хатшы қыз құжаттан оқыған ғой, Албани — менің тахалусім" — деп түсіндірдім. Бірақ ол кешірім сұрамады. Барған ісімді орындамай, "жоқ" — пен шығарып салды. Солай ағайын! Бұған қарап, ататегімізден бас тартамыз ба?

Жобада: "Қазақтың салтына сіңген шығыс антропони-микалық дәстүрді ескере отырып, азаматтардың өз қалауы бойынша фамилияларын араб-парсы үлгісімен -и- дауыссыз дыбыстарға аяқталатын атаулар үшін және -уй- дауысты дыбыстарға аяқталатын атаулар үшін қабылдануына рұқсат етіледі. "Хош, көңіл жай тапты, Әбунасыр Әл-Фараби, Махмуд Қашқари, Райхан Бируни, Жауһари, Қадырғали Жалаирилерден көз жазып қалмайтын болдық", — деп куандым. Бірақ іле-шала "Ана тілінде" (24.09.94) Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғайдың "Мкртчян" қысқа ма, "Карагөтемдковаталугама — Мипротеле" ұзақ па? атты ойлы мақаласы жарияланды. Сондағы бір ой: "Орыстың "ов"-нан қашып, араб пен парсының "и"-іне барып тығылғанда біздің аты-жөніміз қазақша бола ма? — деп сауал қойыпты. Бұған жауап: "Неге қазақша болмайды!" қазақша дегеніміз шартты ұғым емес пе, шындық деген сияқты. Фәлсафада: шындық — шартты ұғым. Ол кімнің көзімен қарауға байланысты. Сіз: "қазақтың — лық", "-лік", "-тық", "-тік", "-дық", "-дік" секілді жұрнақтары тұрғанда араб-парсының "и"-не жүгіне-міз бе", дейсіз. Бауырым Байбота, сол "и"-ді қосқан: тарихи, әдеби, Фараби, Дулати, Жалайри қазақша болмай тұр ма?

Мәселен, сіз *әдебиетші, қаламгер адамсыз*, яғни *әлеуметке, Мұхаммедтің үмбетіне ықпал ететін ұстаз һәм дәмлесіз*. Сіз, *бала-шағаға табиғи тәрбие* берер, *рухани да риясыз саясат* жүргізіп, сақтап қалуға, *дәуірден-дәуірге нысымызды* жеткізу барысында *нәсілімізді, әулетімізді* сақтап, *халықтық әдет-ғұрпымызды, тарихымызды* мұқият жария етіп отырған газетте істейсіз.

Байбота, осындағы қисайтып терілген сөздің бәрі араб сөзі. Сонда сіз "и"-ден қашып, өзіңіз айтқан "тік", "тық", "дік", "дық" пен фамилия жасағанда не ұтамыз? Көмекейімізден "тік"-ілдеп, "тық"-ылдап, "дік"-ілдеп, "дық"-ылдап жүруіміз орынды бола қояр ма екен?

"Араптың "и"-іне барып тығылдық дейсіз. Бір қазақ

емес, бүкіл мұсылман елі араб-парсының *мәжбүр, мәжіліс, лұғат, халық, қабыл* т. б. жүздеген сөзін етене сіңіріп өздерінің сөздік қорына қосып алмады ма. Тек мұсылман жұрты ма, әлем халқы да арабтың алгебрасынан бастап, ғылыми сөздігін араб-парсы сөзімен толықтырған.

Арысын айтсақ, біздің жыл санауымыздан бұрынғы екі мың жылдық, үш мың жылдықтағы Қосөзен жағасын мекендеген Шумер мен Аккад есімдеріміздің қалуы, ата сөздеріміздің ұқсастығы — түрік халықтарының да адамзат тарихына қосқан үлесі емес пе! Оны былай қойғанда, бұдан он мың жыл бұрын Америка құрлығына өткен ділдіндердің: Өлмек, Тотанақ, Төлтек, Чичимек, Қапак, Мама, Кечуа, Араухан, Текумес, Кечу атаулары мен есімдерінің біздің тілмен үндесуінде негіз жоқ деп айта аламыз ба? Бұл жайында профессор Әділ Ахметовтың "Колумбтан бұрын түркілер ашқан Америка" ("Жас алаш", 17. 03. 94) зерттеу мақаласы есімнен ел танитынын білдірсе керек.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні — ел танытатын, адамзат тарихынан орын алар есімдерге ие болуымыз керек! "Итемген, Итжан, Тыңжан, Шұлғаубай, Бөкбай, Шалабай, Көтібар есімдерінен арылып, тілге жеңіл, мәнді, мағыналы, әрі түп ататегімізді танытатын байсалды ныспыны заңдастыруды зиялы қауымнан күтіп отырымыз.

ҚОСЫМША





ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР ЖЫЛНАМАСЫ

Біздің заманымыздан бұрынғы IV мың жылдықтың ақырында, III мың жылдықтың басында Солтүстік, Орталық Қазақстан жерінде мал шаруашылығы мен егіншілікке көшу басталды (Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций, А., 1987, 63 б.)

Б.з.б. III мың жылдықта, II мың жылдықтың басында Амудария мен Сырдария бойында аншы, балықшылар тірлік етті. Ал б.з.б. II-мың жылдықта қола дәуірінің малшылары мен егінші жұрты ғұмыр кешті.

Б.з.б. II-мың жылдықтың соңы мен I-мың жылдықтың басында қазақ жерін мекендеген тайпалардың мәдениеті — жергілікті кешеннің атынан Андрон мәдениеті аталды. 1914 ж. Ащы қаласының түбінен табылған мәдени мұра. Мұның заттары Орталық Қазақстанның — Атасу, Бұғылы, Нұртай, Беласар; Шығыс Қазақстанның—Кішіконыс, Қанай; Көкшетау облысының—Шағалы, Бурабай; Батыс Қазақстанның—Ұралысай, Тастыбұлағынан табылған. Андрон мәдениетін академик Әлкей Марғұлан зерттеген.

Б.з.б. XV-XI ғасырда Ангардың сол жақ тармағы Унг өзенінің бойынан табылған бұйымдар Орта Азияның X-XI ғ. қала мәдениетіне ұқсас. А.П.Окладников мұны Соғды мәдениетіне жатқызады. (А.П.Окладников, Из истории Прибайкалья в тюркское время. Тюркологические исследования, М.-Л., 1963, 273-281 б.)

Б.з.б. VII-VI ғасырлар — қазақ жеріндегі тайпалық одақтардың құрылуы.

Б.з.б. V ғ. — Есік қорғанынан табылған (Алматы қаласынан 50 шақырым. Есік өзенінің сол жағасында. Есік кешенінің қасында. 1969-70 ж. қазылған) "Алтын адам"

аталатын сақ шаһзадасының бейітінен табылған жазба ескерткіштің мезгілі. Соған қарап ғалымдарымыз б.з.б. VI-V ғ. Қазақстан сақтарының жазуы болғанын, мұнан табылған таңбалы жазу бойынша дәлелдеп отыр, бірақ ол әріп ғылымға белгісіз деген тұжырымға келді (И.М.Дьяконов, В.А.Левшиц, С.Г.Кляшторный). Бұл кезеңдегі сақ халықтарының дерегі Иран патшасы Дарий І-дің Накши Рустем және Бехистун аңғарының жартасына қашалған көне парсы тіліндегі құжатты жазбалары мен грек, Рим тарихшылары: Геродот (б.з.б. V ғ.), Ксенофонт (б.з.б. V-IV ғ.), Полибий (б.з.б. 2 ғ.), Страбон (б.з. I ғ.), Птолемейдің (б.з. 2 ғ.) тарихтарында жазылған. Сол деректерге сүйеніп ескерткіштерді Қазақстан тарихшылары Жетісу мен Ташкент ойпатын, Сыр бойын мекен еткен тиграхауда (ұзынбөрік) сақтардың мәдени мұрасы деген тұжырым жасады.

Б.з.б. IV-III ғ. — Хунндардың тайпалық бірлестігінің құрылуы.

Б.з.б. II-I ғ. — Үйсін және Қаңлы мемлекеттік бірлестіктерінің құрылуы.

Үйсіндер — Қазақстан жеріндегі алғашқы тайпалық бірлестік. Шығыс шекарасы-Бесбалық өңірінде, батысында Шу мен Талас өзендерінің бойымен өтіп, Қаратаудың шығыс бөктеріне дейін, терістігінде Балқаш көліне дейін, түстігінде — Хантәңір тау жүйесінің қойнауын, терістік, түстік бетін, Ыстықкөл жағалауын мекендеген. Орталығы Іле алабы, ордасы — Қызыл алқап қаласы-Чигу-чэн (Шығу), Үйсін халқының саны-630 мың, 120 мың түтін. 188.800 адамнан жасақ ұстаған.

Қаңлылар — Қазақстан жеріндегі ежелгі тайпалық бірлестік. Б.з.б. 2-мың жылдықтың ортасында жазылған Қытай деректерінде аталады. Сырдарияның орта ағысына орналасқан, кейбір деректерде Талас пен Шудың төменгі ағысының түстігінде, Ташкент ойпатында, Сырдың төменгі ағысына орналасқан. Кейде бірлестік иелігі Каспийдің терістік жағалауына дейін жеткен. Оған Орта Азияда: Сусе, Фуму, Юени, Ги, Юечянь (Қытайша жазылуы. Б.Қ.) иеліктері де бағынған.

Сырдария аймағындағы қаңлының материалдық мәдениеті тарихи әдебиетте Қауыншы, Жетісай, Отырар-Қаратау мәдениеті деп аталады. Қытайдың "Батыс өлке жазбасында" (саяхатшы-тарихшы Шы-гу қаңлылардың халқын 120 мың түтін, адам саны 600 мың, әскері 120 мың адамнан құралады деп жазған, (Бичурин Н.Я., Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии и древние времена, М.-Л., 1950, т. 2, 184 б.).

542 ж. — Түрік атауының сына жазба ескерткіштерінде көрсетілуі.

545-581 ж. — Көне түріктің Ашин әулетінің ұлы мемлекетінің құрылуы.

VI ғ. — Түрік тайпаларының соғды жазуын пайдалану кезені.

552 ж. — Түрік қағандығының құрылуы. Орталық Азияда, Қытайдың терістігінде, едәуір бөлігі Орта Азиядан Амурға дейінгі жерде түрік тайпалары құрған мемлекет (552-745). Жетінші ғасырдың басында Батыс түрік қағандығы (Қазақстан мен Орта Азия жерінде, 740- жылға дейін), Шығыс түрік қағандығы (Орталық Азияда, 745 жылға дейін) болып екіге бөлінді.

552 ж. — Бұмын қаған дүние салды.

554 ж. — Естеми қаған Батысқа жорыққа аттанды.

560 ж. — Естеми (Естемес, Европада-Иштеми, Қытай жазбаларында- Ши-де-ми, грек жазбасында-Стемвис, Византия жылнамасында- Сильзибул, араб жазбаларында-Санджибу) қағанның Орта Азияда Акхунндерді күйретті.

562-566 ж. — Арал бойынан Донайдың орта ағысында Авар қағанатын құрған көшпелі түріктер Батыс Европаға шабуыл жасады. Бұл қағандықтың құрамында түріктерден басқа да гепидтер, лангобардтар, славяндар да болды. Қағандық Балтық жағалауымен Жерорта теңізін жалғап, ақық жолын қалпына келтірді. Соның нәтижесінде Мазур мәдениетінің негізін қалады. Мазурдың әскери қолбасшысы Чинбек пен Андислав еді. Самбия кешеніндегі обадан табылған ер-сайман түрік халқының бұйымы (Взаимодействие кочевых цивилизаций, А., 1987, 173 б.).

567 ж. — Түріктер Сырдария мен Амудария арасында толық билік жүргізді.

572 ж. — Мүген хан өлді, таққа Тоба хан отырды.

576 ж. — Естеми қағанның ұлы Түріксанф Керчті басып алып, Қырымға шабуыл жасады. Естеми қаған дүниеден қайтты.

603 ж. — Түрік қағандығының Батыс және Шығыс қағандық болып екіге бөлінуі.

628 ж. — Батыс түріктер мен хазарлар Тбилисиді, Авганияны (Кавказ Албаниясы) басып алды.

631 ж. — Сібір хан қаза тапты. Таққа Сыжабғу хан отырды. Чоба хан Алтайға өтті.

638 ж. — Батыс түрік-Дулаттар (Дулу) Үкік Ірбіс Дулуды хан көтерді.

640 ж. — Елқүйлік шат Ірбіс хан дүние салды.

653 ж. — Үкік Ірбіс Дулу хан дүние салды.

714-715 ж. — Білгі қаған мен Күлтегін қаған "Киселі тамақ шыңында" қарлұқтарды жеңді.

VIII ғ-дың 30-жылдарында Отырар (Фараб) қаласы жайында алғашқы дерек жазба әдебиетте кездеседі.

731 ж. — Күлтегін дүниеден қайтты.

734 ж. — Білгі қаған дүниеден қайтты.

738 ж. — Сүлік қаған қаза тапты.

742 ж. — Шығыс түрік қағандығындағы билік қарлұқ, ұйғыр, басымыл тайпаларының одағына көшті.

745-845 ж. — Түрік тілдес халықтардың жаңа мемлекеті-Ұйғыр қағандығы өмір сүрді.

751 ж. — Арабтардың Құланға жорығы, Талас шайқасы. Талас өзенінің сол жағасына Бағдат халифатының, оң жағасына Тан империясының әскері келіп иық тіресті. Талас өзені шекараға айналды. Тараздың қасындағы Атлах қаласында сол жылы арабтың қолбасшысы Зияд ибн-Салих пен Қытай қолбасшысы Гао Сяньчждың арасындағы қиян кесті соқтығыс бес күнге созылды. Сол кезде Қытай жағында қалған қарлұқтар көтеріліп, қытайлықтарды талқандап, арабтармен одақтасы. 766 ж. қарлұқтың жабғуы бастаған түріктер араб басқыншыларын Жетісудан, Оңтүстік Қазақстаннан ығыстырды.

766-940 ж. — Қарлұқ мемлекеті. Жетісуда құрылып, Қашқар, Ферғана мен Сырдарияның орта ағысына дейінгі аймақта билік құрды. Араб географы Ибн Хаукалдың дерегінде, қарлұқтардың жерінен өту үшін батысынан шығысына қарай 30 күн сапар шегу керек болған.

840 ж. — Қырғыздардың Ұйғыр қағандығын қиратуы.

870-950 ж. — Әбунасыр әл-Фараби (толық аты-жөні: Әбунасыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Тархан ибн Ұзлақ әл-Фараби ат-түркі), Шығыстың ұлы ғалымы, философ. Қазақстанның Отырар қаласында Чигил (жете, моғол) тайпасының ұрпағы Мұхаммедтің шаңырағында дүниеге келген.

947-1369 ж. — Тұрфан мемлекеті.

IX-X ғ. — Қазақстан тұрғындары ислам дінін қабылдай бастады.

IX ғ. ақыры — XI ғ. басы — Қимақ мемлекеті. IX ғасырдың екінші жартысында Шығысында Ертістің орта ағысынан Жоңғар қақпасына, батысында Ембі, Орал өзендеріне, оңтүстігінде Бетпақ далаға дейін орын тепті (к. Бартольд В.В., Кимаки, соч. в 9 т. М., 1968, т. 5. с. 549; Кумеков Б. Е., Государство кимаков IX-XI вв., араб жазбалары бойынша, А., 1972).

IX-XI ғ. — Оғыз мемлекеті. Сырдарияның орта және төменгі ағысында, оған таяу Батыс Қазақстан жерінде

оғыз тайпаларынан құралған. Оғыз тайпаларының түп атасы VII ғ-дың ортасында Жетісудан кете бастаған. Олар башқұрттардың, Кавказ халықтарының құрамына енді, ал II-V ғ-да Кавказ бен Кіші Азияға кеткен оғыздардың оңтүстік тобы Әзербайжан мен Түркия халықтарының қалыптасуына үлес қосты.

X ғ. — (Янгикент — оғыз мемлекетінің астанасы).

940-1212 ж. — Қарахан мемлекеті. Түрік мұсылмандарының алғашқы феодалдық мемлекеті. Астанасы — Баласағұн. Бұған Қашқар, Жетісу өлкесі қарады. Негізгі тайпалары: қанлы, қарлұқ, шігіл (чигил, шығыл, жікіл), жомға (яғма). Бұл мемлекет дәуір кешкен кезде Жүсіп Баласағұндың "Құтадғу білігі" (1069), Махмұд Қаш-қаридың "Диуани лұғат ат-түрік" атты шығармалары жазылды.

965 ж. — Оғыз жабғуының Киев князы Святославпен одағы; Хазар қағандығының талқандалуы.

973 ж.-1050 ж. — Бируни Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмет, ортазиялық ұлы энциклопедист, ғалым, ақын.

985 ж. — Князь Владимирдің оғыздармен одақтасып Еділ бұлғарларына жасаған жорығы.

990 ж. — Қараханға Тараз бен Исфиджап қалаларының қосылуы.

1020-жыл шамасы — Баласағұни Жүсіп Хас Хажиптің дүниеге келуі. Ол ғалым, ақын, "Құтадғу біліктің" (1069 ж. жазған) авторы.

XI ғ. — Махмұд Қашқари (толық аты-жөні — Махмұд ибн әл-Құсайын ибн Мұхаммед). Түрік ғалымы. "Диуани лұғат ат-түрік" (1072-74) хамсаның авторы. Әкесі Құсайын ибн Мұхаммед Іле Алатауының Сапы асуының етегіндегі Барысхан қаласының тұрғыны, қаланың әкімі. Кейін Қарахан әулеті билеген мемлекетінің мәдени-саяси орталықтарының бірі Қашқарға ауысқан.

XI ғ. — Айшабиби мавзолейінің салынуы.

1200-20 ж. — Хорезм шаһы ибн Текеш билігі.

1210 ж. — Найманның Күшік ханының Жетісуға қоныс аударуы.

1218 ж. — Шыңғысхан әскері Жетісуды қиратты.

1219-21 ж. — Монғолдардың Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуы.

1223 ж. 31 мамыр — Қалқа өзенінде қыпшақтар мен орыстардың монғол әскерімен шайқасы.

1230-1315 ж. — Жамал Қарши (шын есімі — Абдулфазыл ибн Мұхаммед) Жетісу топырағында туып өскен ғалым, тарихшы, жазушы. Жаркенттің маңындағы Қорғас елді-мекенінен 6 шақырым жерде, Іле бойындағы Алмалық қаласында туған. Әкесі Мұхаммед Баласағұн

қаласында туған. Жамал Қарши жасында қаңлы тайпасының ортасында өсіп, олардың тарихи шежіресін, аңыздарын көп тыңдаған. Үш тілде өлең жазған. Оның араб тілінде жазған хамсасы "Мұхаммед ас-Сурах".

1238-40 ж. — Қыпшақ даласында ұзаққа созылған қиянкесті соғыс жүргізілді.

XIII-XIV ғ. аралығы — Жамал Түркістани (шын есімі — Саид Мұхаммед ибн Моссадых әл-Соғди) — Қазақстан мен Орта Азия өлкесінен шыққан математик. Бізге оның "Алайия" (жоғары трактат) деп аталатын математикалық трактаты келіп жетті.

XIII-XV ғ. — Алтын Орда мемлекеті. Оның орталық аймағы — Еділ бойы (қазіргі Саратовтан Астраханға дейін). Астанасы Берке сарайы немесе Сарай әл-Жамид.

XIII-XV — Ақ Орда мемлекеті. Осы күнгі Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс Қазақстанды мекендеген тайпалар одағы. Негізін салған — Шыңғысханның немересі Орда Ежен. Хан ордасы алғашқыда Алакөл маңында болғанмен, кейін Алтын Орда ыдырағанда Орталық Қазақстанға да билік жүргізіп, астанасы Сығанақ қаласы болды.

1227-55 ж. — Алтын Орда ханы Батыйдың үстемдігі.

1253-55 ж. — Франция королі Людовик IX-дың елшісі Виллем Рубруктің Қазақстан жері арқылы Монғолияға сапары.

1257-66 ж. — Алтын Орда ханы Беркенің билігі.

1266-80 ж. — Алтын Орданың ханы Мөңке Темір.

1280-87 ж. — Алтын Орданың ханы Туда Мөңке.

1287-91 ж. — Алтын Орданың ханы Төле Бұқа.

1291-1312 ж. — Алтын Орданың ханы Тоқты.

1312-42 ж. — Алтын Орданың ханы Өзбек.

1342-57 ж. — Алтын Орданың ханы Жәнібек. Бұл хандар билік жүргізген кезде Алтын Орданың қуаты кемеліне келіп, билігі күшейді. Батыс Европамен, Мысырмен, Кіші Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен сауда-саттығы өркендеді, әрі түрлі кәсіпшілік пен қолөнері дамыды.

1348 ж. — Шағатай әулетінен шыққан Тоғылқ Темірдің Моғолстанға хан сайлануы. Моғолстан — XV ғ-дың орта, XVI ғ. бас кезінде Оңтүстік Шығыс Қазақстан мен Қырғызстан жерінде құрылған феодалдық мемлекет. Мұхаммед Хайдар Дулатидың жазбасында: "...Шығыс шеті (Моғолстанның Б.Қ.) қалмақтар жерімен шектесіп, Барыскөл, Еміл, Ертісті қамтыды. Солтүстікте оның жеріне Көкше теңіз (Балқаш) және Қаратал кіреді, батыста Моғолстан Түркістанмен және Ташкентпен, Оңтүстікте Ферғана уәлаятымен, Қашқариямен, Ақсу, Шалышпен және Турфанмен шектеседі" деп жазды.

1361-80 ж. — Ақ Орданы Орысханның билеуі.

1370-1405 ж. — Ақсақ Темірдің үстемдігі.

1380-95 ж. — Алтын Орда хандығындағы Тоқтамыстың билігі.

1391-99 ж. — Ақсақ Темірдің Алтын Орданы күйретуі.

1395 ж. — Ақ Орданы Ақсақ Темірдің жаулап алуы.

XIV-XVI ғ. — Моғолстан мемлекеті.

XIV ғ. ақыры-XV ғ. басы — Ноғай Ордасы.

1423-28 ж. — Барак ханның Ақ Ордаға билік жүргізуі. Шыңғыс хан әулетінен шыққан. Құйыршық ханның баласы. Орыс ханның немересі, қазақ хандарының түп атасы. Сығанақ қаласын салдырушылардың бірі.

1428-68 ж. — Әбілхайыр ханның Ақ Орда билігі.

1452-55 ж. — Ойраттардың Моғолстан мен Дешті қыпшаққа шабуылы.

1464-80 ж. — Моғолстанды Мұхаммед Хайдардың билеуі (Мұхаммед Хайдар Дулатидің бабасы).

1480 ж. — Орыс князьдықтарының монғолдардан толық тәуелсіздік алуы.

1480-1541 ж. — Мұрындық ханның билігі.

1499-1557 ж. — Мұхаммед Хайдар Дулати (толық есімі — Мырза Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Құсайын Курехан дуғлат) — әдебиетте Мырза Хайдар, Хайдар Мырза, Хайдар деген атпен белгілі. Тахалусі (бүркеншік есімі) — Аяз. Ташкентте туып, Үндістанның Кашмир уәлаятында дүние салған. Тарихшы, әдебиетші. Жетісудағы Моғолстан мемлекетімен оған іргелес елдердің тарихы жөніндегі аса құнды түп нұсқа саналатын — "Тарих-и Рашиди" және "Жаһаннама" дастанының авторы.

XV ғ. — Қазақ хандығының құрылуы.

XV ғ-дың бірінші жартысы — Алтын Ордадан Қазан, Қырымның бөлініп, жеке хандықтар болып (1438 ж. Қазан хандығы, 1443 ж. Қырым хандығы) құрылуы.

XV ғ-дың ортасы — Астрахан хандығының құрылуы.

1500-07 ж. — Өзбектердің Орта Азияны жаулап алуы, Мұхаммед Шайбани ханның Темір әулетін құлатуы.

1510 ж. — Шайбани әулетінің негізін салушы Мұхаммед Шайбани ханның дүние салуы.

1511-1518 ж. — Қасым ханның билігі.

1523-33 ж. — Таһир ханның билігі.

1538-80 ж. — Ақназар ханның билігі.

1573 ж. 30 мамыр — Орыс елшісі Третьяк Чебуковтың қазақ хандығына келуі.

1574 ж. — Иван IV-інің қазақтармен алым-салықсыз сауда жүргізу жөніндегі жарлығы.

1582 (6)-98 ж. — Тәуекел ханның билігі.

- 1594 ж. — Орыс мемлекетінің қол астына өту тілегін білдіріп Тәуекел ханның елшілігінің Мәскеуге баруы.
 1598-1628 ж. — Есім ханның билігі.
 XV-XVI ғ. — Қазақтың үш жүзінің (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) құрылуы.
 1620 ж. — Жайық қалашығының орнауы.
 1635-1758 ж. — Жоңғар хандығы.
 1645 ж. — Гурьев қаласының орнауы.
 1680-1718 ж. — Тәуке ханның билігі.
 1681-88 ж. — Жоңғарлардың Қазақстанға шабуылы.
 1687 ж. — Тәуке ханның Ресейге елші жіберуі.
 1668-1789 ж. — Бұхар жырау ғұмыры.
 1694 ж. — Орыс елшісі Ф.Скибин мен М.Трошиннің Тәуке ханға келуі.
 1710 ж. — Жоңғар феодалдарына қарсы күрес ұйымдастыруға арналған қазақ жүздері уәкілдерінің құрылтайы. Жасақтың бас батырлығына Бөгенбай сайланды.
 1715 ж. — И.Бухгольц экспедициясының Шығыс Қазақстан мен Алтайға сапары.
 1715 ж. — Тайқоңыр бастаған қазақ елшілерінің Ресейге баруы.
 1716 ж. — Н.Белоусов бастаған орыс елшілерінің Тәуке ханға келуі.
 1716-17 ж. — Тәуке ханның Ресейден Жоңғарияға қарсы әскери жәрдем сұрауы.
 1718 ж. — Орыс елшісі Б.Брянцев пен Я.Тарыштиннің Қазақстанға келуі.
 1718 ж. — Семей қаласының орнауы.
 1720 ж. — Өскемен қаласының орнауы.
 1723 ж. — Жоңғарлардың қазақ даласына басып кіруі.
 1723-29 ж. — "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама".
 1728 ж. — Қазақтардың Боланты өзенінің жағасында жоңғарлармен шайқасы.
 1735 ж. — Ор өзенінің сағасында Орынбор қаласының іргесі қаланды.
 1748-86 ж. — Нұралы ханның Кіші жүзде билік құруы.
 1753 ж. — Петропавл қаласының салынуы.
 1771-81 ж. — Абылай ханның билігі.
 1781-1819 ж. — Уәли ханның Орта жүздегі билігі.
 1783-97 ж. — Сырым Датұлы бастаған қазақ шаруаларының көтерілісі.
 1789 ж. — Омбыда қазақ балаларына арналған мектеп ашылды.
 1791-94 ж. — Ералы ханның Кіші жүздегі билігі.
 1796-97 ж. — Есім ханның Кіші жүздегі билігі.
 1797 ж. тамыз — Кіші жүзде хан кеңесінің құрылуы.

- 1797-1805 ж. — Айшуақ ханның Кіші жүздегі билігі.
 1797-1814 ж. — Қаратай сұлтан бастаған қозғалыс.
 1801 ж. — Бөкей хандығының (Ішкі Орда) құрылуы.
 1803-46 ж. — Махамбет Өтемісов, Кіші жүздегі ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі, ақын.
 1816 ж. — Қазақ әнінің ноталық тұңғыш жазбасының "Азияның музыкалық журналында" тұңғыш жариялануы.
 1821 ж. — Оңтүстік Қазақстан қазақтарының Қоқан феодалдарының қанауына қарсы көтерілісі.
 1822 ж. — "Сібір қазақтары туралы ереженің" жүзеге асып, Орта жүзде хан билігінің жойылуы.
 1822-44 ж. — Қазақстанда округтардың құрылуы.
 1823-45 ж. — Бөкей хандығындағы Жәңгір ханның билігі.
 1824 ж. — Ақмола қаласының орнауы.
 1824 ж. — Азия комитетінің "Орынбор қазақтары туралы" ереженің қабылдануы.
 1824 ж. — Кіші жүзде хандық биліктің жойылуы.
 1824-44 ж. — Орта жүзде сыртқы округтардың құрылуы.
 1828-29 ж. — Бөкей хандығындағы ереуіл және қазақтардың жаппай Оралға көшуі.
 1831 ж. — Аякөздің (Сергиополь) іргесі қаланған.
 1833 ж. — А.Байжановтың Қарағанды көмір кенін табуы.
 1836-37 ж. — Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісі.
 1837-46 ж. — Кенесары Қасымовтың Ресей отарлығына қарсы азаттық қозғалысы.
 1841 ж. — Хан Ордасында (Ордада) қазақ балаларына арналған орыс мектебінің ашылуы.
 1842 ж. — Бөкей хандығындағы шаруалар көтерілісі.
 1845 ж. — Ырғыздың (Орал бекінісі) салынуы.
 1845 ж. — Торғайдың (Орынбор бекінісі) салынуы.
 1847 ж. — Райым бекінісінің салынуы. (1851 ж. Арал бекінісі аталды).
 1847 ж. — Қапал бекінісінің салынуы.
 1848 ж. 10 қаңтар — Ұлы жүз әкімшілігінің құрылуы.
 1848 ж. — Арал теңізінің жағасында Қосарал портының салынуы.
 1848 ж. — Атбасар қаласының салынуы.
 1854 ж. — Верный (қазіргі Алматы, орта ғасырда Алматы) бекінісінің іргесі қаланды. Бұрынғы Алматы қаласының орны Есентай (Орта Алматы, қазіргі Весновка) өзенінің бойында болған.
 1854 ж. — Семей облысының құрылуы.

1855-58 ж. — Арал қазақтарының Ресейдің отаршылдық қанауына қарсы көтерілісі.

1856 ж. қыркүйек-1857 ж. — қаңтар, Сырдария ойпатындағы қазақтардың көтерілісі.

1858 ж. наурыз-шілде — Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда қырғыз бен қазақтардың Қоқан билеушілеріне қарсы көтерілісі.

1860 ж. қазан — Ұзынағашта (Жетісу) Қоқан әскерінің күйрей жеңілуі.

1864 ж. — Патша әскерінің Меркі, Түркістан, Әулиеата, Шымкентті алуы.

1867 ж. — Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды.

1868 ж. — Зайсан бекінісі орнады.

1869 ж. — Орал, Торғай облыстарындағы көтеріліс.

1869 ж. — Ақтөбе қаласының орнауы.

1872 ж. — Бөкей хандығы жерінің Астрахан губерниясының жеріне қосылуы.

1873 ж. — Орыс әскерінің Хиуаға жорығы.

1879 ж. — Қостанай қаласының салынуы.

1880-88 ж. — Каспийдің шығыс жағына темір жол салынуы.

1881-84 ж. — Ұйғыр мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы.

1887 ж. — Ырғызда қазақ әйелдеріне арналып тұңғыш училище ашылуы.

1889-1905 ж. — Орынбор-Ташкент темір жолының салынуы.

1901 ж. — Успен руднигіндегі ереуіл.

1911 ж. — Доссорда мұнай кәсіпшілігінің ашылуы.

1913 ж. 29 көкек — Торғай облысының Айдарлы кеніндегі жұмысшы ереуілі.

1914 ж. қаңтар — Доссор мұнай кәсіпшілігіндегі жұмысшы ереуілі.

1916 ж. маусым — Қазақстанда ұлт-азаттық қозғалысының басталуы.

ТҮРІКТЕРДІҢ АТАТЕГІ

Орталық Азияны мекендейтін халықтардың көне тарихына көз жүгіртсек, монғол, тұңғыс, түріктердің түбі бір екенін, біздің жыл санауымыздан жиырма бес ғасыр бұрын-ақ қытай жазбаларында монғол мен тұңғысты екі бөлек халық деп жазған. Олай болса түрік қай кезеңде қосылды? Бұл сұрағымызға жауапты қытай жазбасын аударып, зерттеу жүргізген Н. Бичурин¹ еңбегінен табамыз. Онда түріктер хұндардың бір тармағы делінген. IV ғасырда Қытайдың солтүстік аймағында хұнның Мұған ханының қол астындағы әртүрлі тайпалардан құралған бес жүз үйлі Ашина әулеті жужандарды паналап, Алтайдың түстік бөктеріне қоныс аударады.² Қытайлар Ашина хандарын Ту-кю атаған. Бұл сөзді П. Пельо зерттеп, "түрік үйі, түрік жұрты" атады.

Солтүстік Алтайға қоныс аударған түріктер (Ту-кю) Ашина әулетін (545-581) құрады. Біз бүкіл түрік әлеміндегі түрік халықтарының тегін б. з. б. дәуірден бастап жазып жатырмыз, бірақ іргелі халықтар белгілі бір кезеңдегі әулеттен немесе діни қауымдастықтан бастайды. Мәселен, арабтар дүниедегі ежелгі заман ұрпағы бола тұра, Мұхаммед пайғамбардың Меккеден Мадинаға қашқан кезінен, ал орыс жылнамашылары 862 жылды қалады. Түрік халықтарының мемлекеттік құрлымы осы Ашина әулетінің қағаны Бұмынға 545 жылы Қытай елшілігінің келіп, қағандық екенін таныған кезден баста-


¹ Бичурин Н. Я., Собр. сведений... сонда, 1 т., 221 б.

² Гумилев Л. Н., Древние тюрки, М., 1967, 460 б.


лады. Сонымен Ашин әулетінің тұңғыш қағаны Бұмын 545 жылы Түрік қағандығын құрды. Бұмынның інісі Естеми қаған 603 жылы Жетісуда, Шығыс Түркістанда, Тянь-Шаньның батысында, Орта Азияда Батыс Түрік қағандығының негізін қалады. Естеми қаған қырық бес жыл аттан түспей, Батыста Еділ-Жайық бойын, оңтүстікте Памир тауының бөктеріне дейін түрікке қаратты. Фирдаусидың айтуынша, Естемидің иелігі: Чиннен (Қытай) Жейхунның (Амудария) жағасына дейін, одан Чачаның (Шаш, Ташкент) арғы жағындағы Гулзарунға (Сырдария) дейін созылған. Сонымен бір жарым жылда бүкіл Орталық Қазақстанды, Жетісуды, Хорезмді қаратты.

558 жылы аварларды Батысқа ығыстырып, Еділ-Жайық бойындағы бұлғарларды түрік тайпасына қосады. 561-563 жылы Иранның шаһы Хұсрауға қызын ұзатып, туыстық қатынас орнатады. Қытайлар — Шидеми, гректер — Стемвис, Византия — Сильзивул, арабтар — Санджибу атаған ұлы қолбасшы Естеми (Иштеми, Естемес) осылайша бүгінгі Қазақстанда толық мәнді мемлекет құрған адам. Сондықтан сіздерге осы кітаптағы түрік тарихының кілті іспетті Ашина (қасқыр деген сөз) әулетінің қос қағаны Бұмын мен Естеми құрған Батыс түрік, Шығыс түрік мемлекеттері қағандарының шежіре кестесін ұсынамыз.


ШЫҒЫС ҚАҒАНДЫҚ ХАҒДАРЫ (550-640ж)



БАТЫС ҚАҒАНДЫҚ ХАНДАРЫ (550-660 ж)



ЕКІНШІ ҚАҒАНДЫҚ ХАНДАРЫ



ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕСТЕ¹

Қытайша оқылуы	грекше арабша парсыша соғдаша	түрікше оқылуы	түсініктеме
2	3	4	5
1 Тумын или-кэхань	—	Бұмын Лхан	552 ж. жужандарды жеңгеннен кейінгі лауазым, бұған дейін яғбу аталған
2 Шидяньми, Шади-ми, Сэдими, Мохеду шеху	гр.-Стемвис хаган Сильзивул, Дизивул; ар.-Синджибу; пар.-Хахан-ичин	Естеми, Иштеми, Багадул жабғу	угорша "Истэн", -бабалар рухы. Он сан тайпа ханы
3 КОЛО Истиги кэхань	Аскель /гр./	Қара Ысық хан	—
4 Мугань /Муюй/ — кэхань Сыгинь//кигинь цзушу // кушу Яньду	— — — —	Муген Мойыл хан Кушу Янды	немере — лауазым "күс" есім —
5 Тобо-кэхань	— Арсила	Тоба хан, Тапу хан Арслан, Арыстан	"Патра" — /садака жинайтын будда тос-тақаны/ — лақап есім "Арыстан" — есім
6 Жутань Були-кэхань	— Бо-хан /гр./	Өліхан Бөрі хан	"Қаза тапқан, көз жұмған. "Бөрі" /балкім, әкелі-балалы адамдар болған шығар/
7 Дяньгу // Дяньго Дату-кэхань Бугя-кэхань Симянь-кэхань	Қара Джурын Түрік /пар./ Тарду /гр./ Биягу /пар./ —	Қара чурын Түрік, Қара Жұрын Түрік Тардуш хан Бөке хан —	"Алапес, аласталған түрік" Батыс қағандықтың ханы "Қаһарлы батыр" Батыс аймақ ханы
8 Таньхань-кэхань	Т у р к с а н ф /гр./	Танған лан Түріксан	Есімінің төркіні дүдемел

1	2	3	4
9 Шегу / ниету, Дитоу / Етоу . Эрфу-хан/шад Или-голу ше Мохэ Шаболо-кэхань Шаболои	— — — —	Ербек шау Лл күйлік шад Баға ышбара хан —	"Қаһарман" "Даңқты шад, құдай қолдаған хан" "Барымташы" — лақап есім
10 Чулохоу Шаху-кэхань Мохэ-кэхань	— — —	Чулу /Чоллиг Жабғу хан Баға хан	"Тастақ дала" Қытай лауазымы Мәні белгісіз
11 Далобинь Або-кэхань	Турум (гр.) Абруй (пар.)	Тореман Апа хан	"Оның айтқанына" тоқтаймын Бас хан емес, ақсақал хан
12 Яньло // аньло Диэр-кэхань	— —	Амрақ —	"Байсалды, басалқы" "дайашы қаған"
13 Дилгча /Дегинша	—	Тегін шау	Лауазым
14 Моходу-хэу Кюли Сыбикэхань	Органа /гр./ —	Ұраған неме-се Орақ Койлүк Сібір хан	Баһадүр "Бура" немесе қайын жұрттың ақсақалы "Даңқты Сібір ханы"
15 Янсо-дэлэ /Тегтн Дулу хэхань	Соух /сойа/ Савэ /пар./ Шаба /ар./ Шири-кишвар	Янгі Соух-тегін Дулу хан (Дулат хан) Лл Арслан, Ел Арыстан	Суық-тегін Ел Арыстаны — С.П. Толстовтың топшылауы; Ел Арысы (Б.К.)
16 Юн-Юйлой Дудань-хан	Хормизбен туыстығы жоқ хан	Юн ұлығ Дудан хан	"Әуелеген тағдыр" — лақап есім
17 Дусилу/Дусулу	—	Түзәлік	"Арадыр" — лақап есім; өз есімі бимәлім
18 Жаньгань Тулу-кэхань Киминь-кэхань Кижинь-кэхань немесе Милоу...	— — — —	Жанғар Толыс хан — — Елберді	"Жеңімпаз" — күрметті лауазым Шығыс қағандықтың хан — — "Ел берді..."
19 Шаболо Сунишише	—	Ышбара Суниши шағ	Қуатты әкім Шуниши

¹ Гумилев Л. Н., Древние тюрки, м., 1967, 463 б.

1	2	3	4
20 Нили-кэхань	Йаль-тигин /ар./ Пармуда /парс./	Елтегин бұйрық	"Мұрагер", әскери лауазым. Әскер басы. Әкесі қаза тапқаннан, сонда тақ атасына қалған
21 Поши-дэле	—	Басыл-тегин	"Құрбандыққа ұшыраған мұрагер"
22 Шегу-кэхань	—	Шегуй хан	Сяньби сөзі, аударылмайды
23 Тун-шеху-кэхань Баси юй	Терістік патшасы	Тонг-жабгу хан	"Ұлы жабгу" — лауазым. Батыс өлке әкімі
24 Мохэ-ше	— Зингвил	Баға шад Елтебер	"Құдіретті манап" "нәменгер"
25 Шиби-кэхань Дуги /Токи-ше	—	Сібір хан Түрік шад	"Сібір ханы" Өз ұлысындағы түрік князі
26 Чуло-кэхань	—	Чулу /чоллиг хан	Лауазым, (к. №10)
Чжиги-ше сылифо-ше	—	Жігіт шад	Сымбатты бек-лауазым
27 Хели /Сели-кэхань Дуби Мохэдү-ше	—	Қат Ілхан	Қатал хан
	—	Тушы	Ту беруші?
	—	Баһадүр шад	Баһадүр шад
28 Дамань Нигю-Чуло-хан Гэсана	—	Таман / Тамған? Арслан (?)	? ? Арыстан
29 Киу Датү-ше	—	Күл Тардуш шад	Лауазым (к. №7)
Ту-У Гоба кюс-кэхань	—		
30 Датү-ше	—	Тардуш шад	Лауазым (к. №7)
31 Шили-дэле //Тели-дэле Иби Боллоной (шэ) Болосы Шеху-кэхань	—	Толыс тегін	"Шығыс қаған мұрагері"
	—	Ілбіс ышбара	"Қуатты Ілбіс"
	—	Сы-жабгу хан	Білектің күшімен,
	—	Сы-жабгу хан	өжеттілікпен Жабгу хан лауазымына қол жеткізген
32 Дулу-кэхань	—	Дулат хан (Дулу)	Хан лауазымы
Нишу Гяна-ше	— Кьана /пар./	—	Манаптық лауазым

1	2	3	4
Туналэу Балиби //сылыби Дулу хан	—	Танг алып силиг бір	"Ұлы батыр, сымбатты Дулу-хан, хан лауазымы"
33 Тунво //Тонга-шэ	—	Танг шад	Ұлы әкім, лауазым
Шаболо Хилиши Телиши-кэхань	—	Ышбара Толыс шад хан	Лауазым
34 Були-ше И-були-ше Шегуй-Тэгин кюс	— Шад /арм./	Бөрі шад Іл бөрі шад Шегуй-тегин Койыл	"Бөрік" "Ұлы бөрісті"
35 Шиботи Нибу-Шад Тули-кэхань	— —	— — Толыс хан	? ? "Шығыс қағандық ханы"
36 Юйше-ше	—	—	
37 Шэни //Шор	—	Шона (монғ)	"Бөрі"
38 Юйгу-ше Иби Дулу-кэхань	—	Үкі шад Ілбіс Дулат хан	"үкі" "Ілбіс"
39 Чженчу шеху Инань	—	Женчу Ынан	"Чнжу" Лауазым; "Т жауыз күйеу (қыт.) "сенімді адам" - ындан (түрікше)
40 Ими Нишу Сылиби Ли Сьмо Шуай	—	Алып	? Батыр қытайша аты-жөні, колбашы
41 Бихэдү (тегіс); дұрысы (нуши) би (мо) хэдү шеху Иби Шаболо	—	Баһадүр жабгу	"Нушиби баһадүр" лақап есім
Шеху-кэхань	—	Ілбіс, Ышбара жабгу хан	лауазым (к. №3)
42 Икюйлиши	—	Илькюлог	қағанның даңқты әкімі — лауазым
Иби-кэхань Мохэдү Иби-кэхань	—	Ілбіс хан Баһадүр Ілбіс хан	—
43 Хэдү	—	Халлыг (?)	"Қалқыған" (?) —
Шаболо-шеху	—	Ышбара жабгу	лақап, есімі белгісіз

1	2	3	4
Шаболо-кэхань	Бижан /пар./ далелсіз 10р. дерекнамасы	Ышбара хан	Лауазым — "қаһарлы хан"
44 Мише	—	Мыс	Жалғау ғана сақталған
Килиба/Сылиби Дулу-кэхань Хинсиван кэхань	— — —	Алып Дулу хан	Батыр (лауазым) Хан
45 Бучжень	—	—	—
Дулу=шеху Гиванпое-кэхань	— —	Дулу-жабғу	Ақиқатқа ұмтылушы, жансыз (қыт.) Лауазым — Қыт, лақап есім
46 Ибн Шегу=кэхань	—	Ілбіс Шегуй хан	—
47 Деюнь /хиюнь Мохэду шеху	—	Боташ Б а н а д ұ р жабғу	"Боташ" Лауазым
48 Юанькин	—	—	"Қайта бақ конған"
49 Хянь	—	—	?
50 Хушэло Були=ше	— —	Кушрақ Бөри шад	"Күс" "Бөрі әкім"
51 Хуай=дао	—	—	?
52 Хинь (Синь)	—	—	—
53 Хубо Ичжу Чеби-хан	—	Елшор Көбе хан	Алтай тармағы
54 Нишуфу	—	Нишубек	—
55 Фунянь	—	—	?
56 Гудулу	—	Құтлұқ Ел- теріс хан	"Ақжолтай"
57 Мачжо	Мочур	Қапаған хан	"Қорқау хан"
58 Фугуй Кюси хан	—	Бұғы	— Дұрысы: "Тас"-Батыс аймақтың биле- ушісінің лақап есімі (қыт.) "Жасауыл"
59 Яньвочжи	—	Ягычи	—
60 Иние-хан	—	Ініл хан	—
61 Мо-тегги	—	Бек тегін	—

1	2	3	4
62 Дусифу	—	Түзелбек	"Бек, ағайын ара- сында төрелік жүргізуші
63 Могилянъ Бигя-хан Могюй	— Білгі хан бұғы	Білікті хан, батыр"	"Данышпан хан; ба- тыр"
64 Кюе дәле (гюй дәле)	К у р - т е г и н (ар.)	Күлтегін	—
65 Ижань-хан	—	Йоллық тегін	—
66 Бигя (Буга) Гудулу=хан	—	Білгі Құтлұқ хан	"Дана, бақытты хан"
67 Панькюэ-дәле	—	Пан Күл тегін	—
68 Усу Миши	—	Озмыш тегін Озмыш хан	—
69 Баймэй-хан Хулифу	—	Құлын бек	Құлын бек

*Қысқарған сөздер: ар-араб; арм-армян; гр-грек; ор-орхон жазбасы; пар-парсы; қыт-қытай; (?)—дүдәмал сөздер, зерттеуді қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Абдурахман-и Тали, История Абулфейз-хана, Таш., 1959.
- Абусейтова М.Х., Казахское ханство во второй половине XVI века, А., 1985.
- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б., Древний Отрар, А., 1972.
- Алекторов А.Е., "Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах". Казань, 1900.
- Алматы, энциклопедиялық анықтама, 1983.
- Аполлова Н.Г., Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII-начале XIX в., М., 1960.
- Аристов Н.А., Заметки об этническом составе тюркских племен и народности, "Живая старина" вып. III-IV, СПб, 1896.
- Аристов Н.А., Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды и Кара киргизов..., "Живая старина", вып. 3-4, СПб, 1894.
- Артамонов М.И., История хазар, Л., 1962.
- Артамонов М.И., Древний Дербент, -СА, VIII, 1946.
- Асфендияров С.Д., "Прошлое Казахстана в источниках и материалах, М., 1936.
- Акинжанов С.М., Кипчаки в истории средневекового Казахстана, А., 1989.
- Ахмедов Б.А., Государство кочевых узбеков, М., 1965.
- Әбдірахманов А., Тапонимика және этимология, А., 1975.

- Бабыр, Заһир ад-дин Мұхаммед, Бабырнама, А., 1990, 1993.
- Байпаков К.М., По следам древних городов Казахстана, А., 1990.
- Байпаков К.М., История древнего Казахстана, А., 1994.
- Байпаков К.М., и др. По великому шелковому пути, А., 1991.
- Байпаков К.М., Средневековая городская культура южного Казахстана и Семиречья VI-начала XIII вв., А., 1986.
- Бартольд В.В., Туркестан в эпоху Монгольского нашествия, Соч., т. 1, М., 1963.
- Бартольд В.В., Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии, Соч., т. V, М., 1968.
- Бартольд В.В., История Туркестана, Соч., т. 2, ч. 1, М., 1963.
- Бартольд В.В., Работы по истории Средней Азии, очерк истории Семиречья, Соч., т. 2, ч. 1., М., 1963.
- Баскаков Н.А., Русские фамилии тюркского происхождения, М., 1979.
- Баскаков Н.А., Тюркские языки., М., 1960.
- Бекмаханов Е.Б., Присоединение Казахстана к России, М., 1957.
- Березин И.Н., История Абульгазы, ч. 1, Казань, 1854.
- Бернштам А.Н., Археологический очерк Северной Киргизии, Фрунзе, 1941.
- Бернштам А.Н., Родовая структура ту-го VIII в. (к исследованию памятника Кюль-Тегина), -"Известия ГАИМК", вып. 103, 1934.
- Библиография по истории Казахстана, вып. 1, А., 1964.
- Бичурин Н.Я., Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, 1-3, М.-Л., 1950.
- Валиханов Ч.Ч., Собрание сочинений в пяти томах, А., 1984-1985.
- Вельяминов-Зернов В.В., Исследование о Касымовских царях и царевнах, т. 1-3, СПб, 1863, 1864.
- Военно-статическое обозрение Россиской империи, т. XIV, ч. 3, СПб, 1848.
- Вопросы истории Кавказской Албани, Баку, 1962.
- Восточный Туркестан и Средняя Азия, М., 1984.
- Вяткин М.П., Очерки по истории Каз. ССР, М., 1941.

Г а л у з о П.Г., Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг., А., 1965.

Г а ф у р о в Б.Г., Таджики, древнейшая, древняя и средневековая история, М., 1972.

Географическо-статистический словарь Российской империи, т. 1, СПб, 1863.

Г е р о д о т, История в девяти книгах, Л., 1972.

Г р е к о в Б.Д. и Я к у б о в с к и й А.Ю., Золотая Орда и ее падение, М-Л., 1950.

Г р у м м - Г р ж и м а й л о Г. Е., Рост, пустынь и гибель пастбищных угодий и культурных земель в Центральной Азии за исторический период, - Известия Государственного географического общества, т. 65, 1933, вып. 5.

Г у к а с я н В., О новонайденном списке албанского алфавита, "Советская тюркология", Б., 1971, №2.

Г у к а с я н В., Опыт дешифровки албанских надписей Азербайджана, Изв. АН Азерб. ССР, (Серия литературы, языка и искусства), 1969, №2.

Г у м и л е в Л.Н., Хунны в Китае, М., 1974.

Г у м и л е в Л.Н., Киял патшалыгын іздеу, А., 1992.

Г у м и л е в Л.Н., Древние тюрки, М., 1967.

Г у м и л е в Л.Н., Динлинская проблема, "Известия ВГО", т. 91, 1959, №1.

Д ж а в а х а р л а л Н е р у, Взгляд на всемирную историю, Бабур, Акбар, упадок и гибель империи моголов в Индии, т. 2, М., 1977.

Д ж а в а х а р л а л Н е р у, Взгляд на всемирную историю, Харшавард-хана и Сюань Цзан, т. 1, М., 1977.

Документы на половецком языке XVI в., М., 1967.

Ескі жазба ескерткіштер туралы зерттеулер, А., 1983.

Древние авторы о Средней Азии (VI в. до н.э.-III в. н.э.) под. ред. Л.В.Баженова, Таш., 1940.

Записки Семипалатинского отдела общества изучения Казахстана, т. 1, вып. XVIII. Семип., 1920.

Ж и р м у н с к и й В.М., Следы огузов в низовьях Сыр-Дарьи (тюркологический сборник), М., 1947.

Ж о л д а с б е к о в М., Асыл арналар, А., 1986.

И в а н о в П.П., Казахи и коканское ханство, Таш., 1941.

И в а н о в П.П., Очерки по истории Средней Азии в XVI-XIX вв., Л., 1958.

История народов Узбекистана, т. 2, Таш., 1947.

И с л а м К а б ы ш ұ л ы, Керейлер керуені, Өлгий, 1978.

И о г а н н е с Ф р и д р и х, История письма, М., 1979.

"История агван Моисея Каганкатваци, писателя X века", армян тілінен аударган К.Патканов, СПб, 1861.

И с м а г у л о в О., Этническая геногеография Казахстана, А., 1977.

К а д ы р б а е в А.Ш., Очерки и истории средневековых уйгуров, джалаилов, найманов и керейтов, А., 1993.

Казахстан в XV-XVIII веках (Вопросы социально-политической истории), А., 1969.

Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв., А., 1983.

К а р а м з и н Н.М., История государства Российского, 1-3., М., 1989, 1991.

К а с о в с к и й М., Материалы по географии и статистики России, область сибирских киргизов, СПб, 1868.

К а с т а н ь е И, Древности киргизской степи и Оренбург. края, Оренбург 1911.

К л ы ш т о р н ы й С.Г., С у л т а н о в Т.И., Казахстан, летопись трех тысячелетий, А., 1992.

Книга Марко Поло, М., 1955.

К о н с т а н т и н Б а г р ы н о р о д н ы й, "О фемах" и "О народах", М., 1899.

К о с т е н к о Л., Очерки Семиречинского края. Военный сборник, 1872.

К о б е с о в А., Эл-Фараби, А., 1971.

Қазақ ССР тарихы, көне заманнан бүгінге дейін, 1-2 том, А., 1980, 1981.

Қазақ ССР, қысқаша энциклопедия, 1,3 т. А., 1984, 1988.

Қазақ Совет энциклопедиясы, 12 том, А., 1972-78.

Қазақ Совет энциклопедиясы, энциклопедиялық анықтама, А., 1980.

Л е в ш и н А.Н., Описание киргиз-кайсацких орд и степей., СПб.1832.

М а л о в С.Е., Памятники древне-тюркской письменности, М., 1951.

Материалы к историко-этнографическому атласу Средней Азии и Казахстана, М-Л., 1961.

Материалы по истории Казахской ССР (1785-1829 гг.) Политический кризис и хозяйственный упадок в Малой Орде в конце XVIII-нач.XIX в.), М.-Л., 1940.

Материалы по обследованию Семиреченской обл. т. 1. Лепсинский уезд, вып.1. Киргиз. х-во, СПб, 1911.

Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (извлечение из персидских и тюркских сочинений), А., 1969.

Махмуд Кашкари, Диуани лугат-ат турк., Таш., 1956.

Мэшһур Жүсіп Кебейұлы, Казак шежіресі, А., 1993.

Межов В.И., Русская историческая библиография, 6 т., СПб, 1882.

Мелиоранский П.М., Памятник в честь Кюль-тегина, СПб, 1899.

Мирослав Стингл., Индейцы без томагавков, М., 1984.

Молнар Э., Проблемы этногенеза и древней истории венгерского народа, Будапешт, 1955.

Монғолдың құпия шежіресі, Өлгий, 1979.

Муканов М.С., Этнический состав и расселение казахов среднего жуза, А., 1974.

Мюллер А., История ислама со основания до новейших времен, т. I-V, СПб, 1895.

Наджип Э.Н., Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв., М., 1989.

Палладий Карпини, История монголов, СПб, 1911.

Пантусов Н., Город Алмалык, (Где бойында Б.К.), М., 1910, 162, 172 б.

Пантусов Н., О гробнице Токлук-Тимура, город Алмалык и мазарь Туглук-Тимур-хана, (Кауфанский сборник, М., 1910).

Пищулина К.А., Юго-Восточный Казахстан в середине XIV-начале XVI веков, А., 1977.

"Путешествие в Восточные страны Плано Карпини и Вильгельма Рубрука", М., 1957.

Радлов В.В., Ярлыки Токтамыша и Темир-Кутлуга, ЗВОРАО, т. III, 1889, стр. 1-40.

Радлов В.В., К вопросу об уйгурах, СПб, 1893.

Рашид ад-дин, Сборник летописей, т.1, М.-Л., 1952.

Рашид Эддин, Сборник летописей, пер. И.Н.Березина, Введение, СПб, 1858.

Роборовский В.И., Путешествие В Восточный Тянь-Шань и в Кань-Шань, М., 1949.

Рубрук Г., Путешествия В Восточные страны, М., 1957.

Русско-Китайские отношения в XVIII веке, т. 1, М., 1978.

Руденко С.И., Культура населения Центрального Алтая в скифские время, М.-Л., 1960.

Салих Закиров, Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом, М., 1966.

Семенова Л.А., Салах ад-дин и мамлюки в Египте, М., 1966.

Семенов П., Географическо-статистический словарь Российской империи, СПб, 1865.

Собрание Восточных рукописей, т.1, Таш., 1952.

Страбон, география в 17 книгах, М., 1964.

Ставиский Б.Я., О культурных связях древней Азии с до мусульманским Египтом, в кн., Древний Восток, т.1, М., 1975, 299 б.

Султанов Т.И., — Письмо золото ордынского хана Улуг-Мухаммеда турецкому султану Мураду II.-Тюркологический сборник, 1973, М., 1975.

Султанов Т.И., Кочевые племена приаралья в XV-XVII вв, М., 1982.

Сыздыкова Р.Г., Язык "Жами ат-тауарих" Жалаири, А., 1989.

Толстов С.П., По древним дельтам Окса и Яксарта, М., 1962.

Толстов С.П., Древний Хорезм, М., 1949.

Тизенгаузен В., Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т.1, Извлечения из сочинений арабских, СПб, 1884.

Тревер К.В., Очерки по истории и культуре Кавказской Албании, М.-Л., 1959.

Тынышбаев М., "Материалы к истории киргиз-казахского народа", Таш., 1925.

Утемиш-хаджи, Чингиз-наме, А., 1992.

Фазлаллах ибн рузбихан Исфакхани, Михман-наме-ий Бухара (Записки Бухарского гостя), М., 1976.

Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков., А., 1980.

Ч в ы р ь Л.А., Уйгуры Восточного Туркестана и соседние народы в конце XIX-начале XX в., М., 1990.

Ш а н и д з е А., Новооткрытый алфавит кавказских албанцев и его значение для науки, Изв. ИЯИМ Груз ФАН СССР, т.4, в.1, 1938.

Ш е р А.Я., Памятники Алтайско-Орхонских тюрок на Тянь-Шане, — СА, 1963, N 4.

Щ е р б а к А.М., Надпись на древне-уйгурском языке из Монголии, — "Эпиграфика Востока" т. XIV, 1961.

Щ е р б а к А.М., Огуз-наме, мухаббат-наме., М., 1959.

Энциклопедический словарь, Ф.Брокгауза и И.Ефрона, Восточный Туркестан, т.1,3, СПб, 1892.

Э р е н ж е н Х а р а - Д а в а н, Чингис-хан как полководец и его наследие, А., 1992.

Я м п о л ь с к и й З.И., "Древняя Албания III-I вв. до н.э. Баку, 1961.

ҚЫСҚАРТЫЛЫП ЖАЗЫЛҒАН СӨЗДЕР

азерб. — азербайжан	ж.ш. — жыл шамасы
акад. — академик (i)	ж.ш.ө. — жыл шамасында өлген
араб. — арабша	ж.ш.т. — жыл шамасында туған
атынд. — атындағы	Қ. — қаласы, қала
ауғ. — ауғанша	қ. — қар
ауд. — аудан (ы), аудандық	қыт. — қытайша
бат. — батыс	лат. — латынша
б.з. — біздің заманымыз (дын)	мемл. — мемлекет (тік)
б.з.б. — біздің заманымыздан бұрынғы	мыс. — мысалы
ген. — генерал	обл. — облыс (ы), облыстық
грек. — грекше	окр. — округ (ы), округтық
губ. — губерния (сы), губерниялық	оңт. — оңтүстік
ғ. — ғасыр	оңт.-бат. — оңтүстік-батыс
ҒА. — Ғылым академиясы	оңт.-шығ. — оңтүстік-шығыс
ғал. — ғалым (ы)	орт. — орталық
ғ.ш. — ғасыр шамасы	ө. — өзен (i)
Ғыл.-зерт. — ғылыми-зерттеу	ө. — өлген
дер. — деревня	ө.ж. белгісіз — өлген жылы белгісіз
дүн. жүз. — дүние жүзілік	парс. — парсыша
европ. — европалық	рев. — революциялық
ж. — жылы	с. — село (сы)
ж.б. — және басқа	солт. — солтүстік
ж.ө. — жылы өлген	солт.-бат. — солтүстік-батыс
ж.т. — жылы туған	

солт.-шығ. — солтүстік-шығыс
 т. — туған
 т.б. — тағы басқа
 т.ж. — темір жол (ы)

т.ж. — туған жылы белгісіз
 у. — уезд (і)
 фео. — феодалдық
 шығ. — шығыс

БИБЛИОГРАФИЯ ҚЫСҚАРТУЛАРЫ
 (қазақшасы мен орысшасы аралас берілді)

авт. — автор	Изв. — Известия
АН. — Академия наук	Источн. — Источники
ауд. — аударма, аударған, аударылған	кіт. — кітап
әдеб. — әдебиет	ред. — редактор
б. — бет	с. — страница
б.г. — без года	сб. — сборник
библ. — библиография (лық)	собр. — собрание
в. — выпуск	Соч. — сочинения
ғыл. жазб. — ғылыми жазба	т. — том
жазб. — жазбалар	таңд. — таңдамалы
Зап. — Записки	Тр. — Труды
	ч. — часть
	Шығ. — шығармалар

БИБЛИОГРАФИЯДАҒЫ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАЛА АТТАРЫ

А. — Алматы	М.-Л. — Москва-Ленинград
А.-А. — Алма-Ата	Новосиб. — Новосибирск
Ақм. — Ақмола	П. — Петроград
Аш. — Ашхабад	Сем. — Семей
Г. — Горький	СПБ. — Санкт-Петербург
Душ. — Душанбе	Таш. — Ташкент
Ер. — Ереван	Тб. — Тбилиси
К. — Киев	Фр. — Фрунзе
Киш. — Кишинев	(қалған қала аттары қысқартылмай беріледі)
Л. — Ленинград	
М. — Москва	



М А З М Ұ Н Ы

Алғы сөз 5

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ЕЛ ЕДІК

Қазақ шежіресі һәм қазақ энциклопедиясы	9
Қазақтар	35
Қасоқтар һәм Қазақия	49
Албандар һәм Албания	63
Ұлы жүз	79
Кіші жүз	101
Таңба	113
Ұйғырлар	125
Бабыр һәм оның "Бабырнамаһы"	147
Мұхаммед Хайдар Дулати һәм оның "Тарих-и Рашиди"	164

"ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАР"

Албан	181
Алатау округі	182
Алмалы	182
Андронов мәдениеті	182
Бабаата	183
Бабыр	184
"Бабырнама"	185
Баласағұн	187
Вельяминов-Зернов	188
Есік жазуы	188
Есік көмбесі	189
Жалайыр	189

Жамбай	191
"Живая старина"	191
Кавказ Албаниясы	191
Кеген жазуы	193
Керекүл	193
Қадырғали Жалаири	193
Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі	195
Қайбалы	197
Қайшылы	198
Қалаусалар	198
Қамастар	199
Қамшадалы	199
Қаракемер	200
Қаракастар	200
Қарақойлы	201
Қараноғай	202
Қараноғайлы	202
Қарауыловтар	203
Қарғалы	203
Қарғалы кеніші	204
Қарқара ескерткіштері	204
Қарқара жәрменкесі	204
Қуықкескен қала	205
Құлжа жол	205
Құмтекей	206
Қызай	206
Қыстық	207
Моғол	207
Моғол мектебі	208
Монғол шапқыншылығы	209
Мұхаммед Хайдар Дулати	214
Мырза	216
Ноғай /батыр/	216
Ноғай	217
Ноғайлы	218
Өзбек хан	219
Өзбек	220
Өтеген батыр	222
Половшылар	223
Пышақты төбе	224
Рашид ад-дин	224
Ру	225
Садыр	227
Сақау	227
Сақпан	228
Сақтар	228

Сарт	229
Сары	230
Сарыүйғырлар	231
Сарыүйсін	231
Сәлемдесу	232
Сиқым	232
Сиыршы	233
Суан	233
Сүйеркүл	234
Сыпатай	234
Сырдария облысы	235
Сырманак	236
Сіргелі	237
Табын	238
Тағай	239
Таз	239
Тама	241
Тарақты	241
Татар	242
Таубасар	244
Ташкент уезі	244
Тезек төре	245
Темір	245
Темір әулеті	245
Темірқұтлық	246
Темірмәлік	246
Терістанбалы	247
Тизенгаузен	247
Тоқмақ уезі	248
Той	248
Торғай облысы	249
Тохарлар	250
Төбе	251
Төртуыл	251
Түлкібас	251
Түлкібас обалары	252
Түрген	252
Түркеш	252
Түркология	253
Түркістан	256
Түркістан ген.-губернаторлығы	257
Түркістан уезі	259
Түрік	259
Түрікмен	260
Унгуми	261
Ұзақ Саурықов	262
Ұлықбек	262

Ұлы жүздің Россияға қосылуы	263
Ұлы жібек жолы	264
Үйсін	267
Үндістер	270
Үштанбалы	270
Шанышқылы	271
Шапырашты	272
Шегір	272
Шежіре	274
Шекті	275
Шеркеш	276
Шоған	276
Шөмекей	277
Шуманақ	277
Шуылдақ	277
Шыбыл	278
Шығу	279
Шымыр	279
Шынқожа	279
Ысты	279

ЖАҢҒЫРЫҚ
тарихи эсселер

Қазақтың астанасы	283
Жетісу баһадүрлары	298
"Ханьнама" — қазақ тегінің де шежіресі	303
Киелі кітап, аруақты батыр	311
Жан жарақаты	323
Жан жарақаты	330
Тұран тұрпатты ұл	339
Ататек	347
Ұлттың бас кітабы қалай тұсау кесті	353
Есімнен ел таниды	353

ҚОСЫМША

Тарихи оқиғалар жылнамасы	363
Түріктердің ататегі	373
Моғолстан хандарының ататек кестесі	378
Ономастикалық кесте	380
Пайдаланылған әдебиеттер	386
Қысқартылып жазылған сөздер	393

А Т А Т Е К

Қадірменді қауым, миллиондаған сом қаржы жұмсап "Бабырнаманы", "Тарихи танымды" сіздерге ұсынып отырған "Ататек" — жекеменшік баспа. Мұның негізгі мақсаты-халқымыздың ықылым заманнан бергі тарихын, оның адамзат мәдениетіне қосқан үлесін жазумен қатар, бүгінгі, әрі болашақ тірлікке тәлім болар лұғатты ой қалдырған ұлы перзенттердің еңбегімен жұртшылықты таныстыру.

Осы тарапта іс екі жүйеде атқарылады. Біріншіден, қазақ халқының жетіата шежіресін халықтың өзінен хат арқылы жинап, компьютерге түсіру. Мұның қажеттілігі — жеті атаға толмай қыз алысып кетуден сақтандыру; бытырап кеткен халықтың тамырын үздірмеу; аса дарынды, ел басқаратын текті тұқымдарды біліп отыру, халықтың санын, өсуін зерттеу. Екіншіден, шығыстанушы ғалымдардың түркі халқының тарихынан жазған еңбектерін, ана тілімізде басып шығару. Мұның алғашқы нұсқасы — "Бабырнама" мен "Тарихи таным".

Оқырман қауым, жетіата шежіресін, өз аталарыңыз бен қабырға ағайындардың да шежіресін жазып жіберіңіздер. Төменде шығатын кітаптардың тізімі көрсетіліп отыр. Осы басылымдарды қауымдасып, ауыл болып аламыз, мектепке, кітапханаға қажет деген адамдар хат жолдаңыздар.

Мекен-жайымыз: Алматы, 480021, 8-Март көшесі, 103/22, "Ататек", Байұзақ Қожабекұлына.

Есеп-шотымыз: Алматы, Казкредсоцбанк, "Ататек", коды-501, шот — 4468569

"Ататек" баспасынан
1995-96 жылдары шығатын кітаптар

Мұхаммед Хайдар Дулати, Тарих-и Рашиди. Қазақ халқының XV-XVI ғасырлардағы тарихы. Парсы тілінен тұңғыш рет тәржімеленді. Бірінші дәптер. Көлемі 20 б.т. Байпақов Карл Молдахметұлы, Жібек жолы. Орыс тілінде. Көлемі 15 б.т.
Байұзақ Қожабекұлы, Қазақия, роман-эссе. Көлемі 20 б.т.
Байпақов К., Қожабекұлы Б., Қазақстанның көне қалалары. Көлемі 15 б.т. Қазақ тілінде.
Уильям Теккерей, Күйкі тірліктің жәрменкесі. Роман, аударма. Көлемі 50 б.т.

Байұзақ Қожабекұлы АЛБАНИ

ТАРИХИ ТАНЫМ
/Познание истории/

Редакторлары — Сағатбек Медеубекұлы,
Әбді Омарұлы Шымбатыртегі
Суретшісі — Ерлан Қожабайұлы
Корректоры — Рәзия Мәдиқызы

ИБ № 03

Теруге 15.03.94 жіберілді. Басуға 10.05.94 қол қойылды. Пішімі 84X108
1/32. Офсеттік басылым. №2 баспа-журнал қағазы. Әріп түрі "Тип таймс".
Шартты баспа табағы 21,0. Есептік баспа табағы 23,32. Таралымы 20 000
дана. Тапсырыс №378. Бағасы — келісім бойынша.

Баспагер — "А т а т е к" фирмасы.
Алматы, 480021, 8-Март көшесі, 103/22 үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің полиграфкомбинаты. 480002, Алматы, Мақатаев көшесі, 41 үй.

Кітапты компьютермен терген "Тамыр" жекеменшік шағын кәсіпорны.